


Баянғали
Әлімжанов

ЖЫНДЫ
Қаратайдың
қасіреті



Баянғали Әлімжанов

ЖЫНДЫ Қаратайдың қасіреті

Кітапты шығаруға қаржы бөлген

Хасен Қабдолұлы Әбсәләмовқа

Рахмет!



Омбы кітап баспасы

2000

ББК 84(Каз)

Ә 462

Баянғали Әлімжанов 1954 жылы 16 қазанда Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласында туған. "Қиқыматтың хикаялары", "Ұя" атты проза кітаптары, "Қиқыматтың қиссасы" атты сатиралық повесі жарық көрген. Ол "Құдалық", "Қожанасыр" атты пьесалардың, "Жыраулар", "Палуан", "Асылдың сынығы" атты деректі фильмдердің сценарий авторы. Жыршы, манасшы, Қырғызстан Композиторлар одағы мен Мәдениет министрлігі тағайындаған Абдылас Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты. Айтыс ақыны. 1984-1999 жылдар аралығында 164 рет айтысқан. Халықаралық, республикалық, аймақтық дәрежеде өткізілген айтыстарда он сегіз рет бас жүлдеге ие болып, талай мәрте жүлдегер атанған. Көкшетаудағы "Васильковка тау-кен байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамының демеушілігімен жарық көріп отырған бұл кітап Баянғалидың кейінгі он бес жыл ішіндегі сан қырлы творчестволық еңбегінің жемісі.

А 4702250000
М 163(03)-00

Без объявления

ISBN 5-85540-418-8

© Әлімжанов Б. 2000

© Омское книжное издательство 2000



* * *

*Аңсаған адамдардың жарасымын,
Арнаған туған елге бар асылын,
Қиялы көп болғанмен, зияны жоқ
Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын.*

*Кейде тоқ, кейде болдым жүдеу-жадау,
Керек пе, сөз көбейтін, бәрін санау?
Шіркін-ай, мен де осындай болсам дейтін,
Тұлға көп адамзатта қадау-қадау,
Ешкімнің биігіне таласпаймын
Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау!*

*Адамды сыйлап адамша,
Ізгілік дәнін мол тердім,
Күңіренген көп ойды
Әзілменен әдіптеп,
Күлкіменен көмкердім!*

*Жалғанда жаманшылық қуыспаған,
Адамдар ақ пейілді туыс маған,
Алла деп ақ сөйлегем домбыра алсам,
Жалтақтап және ешкімнен ығыспағам,
Түсіме кіріп ұлы бабаларым,
Жолбарыс жон арқамнан уыстаған!*

*Су кетпесін мөп-мөлдір бұлақтардан,
От кетпесін тұтанған шырақтардан,
Белдерің бүгілмесін, еңсең түсіп
Арқаңа тірлік артқан сұрақтардан,
Ұзақ та мәнді болсын ғұмырларың
Қазақтың өлеңіндей шумақталған.
Жатсам тұрсам тілеймін бір құдайдан
Елімді аман-есен сақтай көр деп
Небитый врагтар мен набитый
дурақтардан!*

*Мәңгілік жырлай берсін дала тынбай,
Жырларын өсе берсін бала тыңдай,*

*Көргенде жарқын жүзді адамдарды
Аппақ нұр жүрегіме толатындай,
Сол нұрды көбейсін деп дүниеге
Себемін қарлығаштың қанатындай!!!*

Шашу

*Баянғалидың айтыстарда, жиын-тойларда
айтқан кейбір сөздері*

* * *

Ия, алла, аузыма сөз сала көр
Мүдіртпей топ алдында тез сала көр,
Барлығы алтын болса артық болар
Ішіне жылтыратып жез сала көр,
Жолының оң-терісін айыратын
Халқымның көңіліне көз сала көр!

* * *

Біздің ел Біржан елі аталады
Біржанның атынан ел от алады,
Бізді ешкім жеңе алмайды, ұмытпасақ
Бір алла, пайғамбар мен аталарды!

ту: Қаржы мен қағаз тапшылығына байланысты айтыстарды, арнау өлеңдерді толық жариялауға мүмкіндік болмай отыр. Сондықтан үзінділер ғана ұсынып отырмыз. Кезінде қағазға немесе магнитофонға түспей қалған өлеңдерде кейбір техникалық өзгешеліктер болуы мүмкін, бірақ, мағнасы, негізі дәл сақталған.

Тіл туралы толғаныс

*Көкшетау облыстық қазақ тілі қоғамы
ашылғанда айтылған арнау өлеңнен
("Оқжетпес" газеті, 1991ж)*

Тілімнен артық бізде бар ма мұра?!
Ойласам көңілге мұң толмады ма?
Сүйеге, құрметтеуге өз тіліңді
Арнайы қоғам керек болғаны ма?
Сөнбесін енді жанған алдан үміт.
Жүруші ек көптен бері арман қылып
Мәз болдық өткен жылы қазақ тілін
Алғанға әупірімдеп заңдандырып!
Ана тілі өмірімнің мәні емес пе?
Қазақтың ары емес пе, бары емес пе?
Сөйлеуі әр халықтың өз тілінде
Алланың өзі жазған заңы емес пе?!
Тең болса қазақ егер өңгелермен
Дүние, сен басқаша дөңгелер ме ең?
Еркіндік, теңдікті біз сұрамайық
Алланың заңын бұзған пенделерден!
Күтсек те ақыры бір қайырын да
Батамыз ауық-ауық қайғы мұңға,
Бір кезде өз тілінен үріккен қазақ
Оралсын деп тілеймін айдынына.
Әлі де талай қазақ мәңгіріп жүр
Елігіп, әр нәрсені сән қылып жүр,
Кіре алмай өз үйіне қазақ тілі
Далада жаутаң қағып қаңғырып жүр,
Аяққа ана тілі тапталған соң
Болмақшы бізде қандай мәнді ғұмыр?!
Ұлдары біздің елдің арыстандай
Бір өзі мыңмен жалғыз алысқандай,
"Қазақша оқып, жаза білмеймін,"- деп
Шіркіндер мәз болады-ау намыстанбай!
Олардан ертең қандай ат қалады,

Білмеймін, және не деп ақталады?
Аяққа ана тілін таптап тұрып,
"Ананы сыйлаймыз," - деп мақтанады.
Қазбалап кетсем егер қате істі көп,
Ойлама мына бала шатасты деп,
Аталар ақсақалды тік тұрады
Алдында келіндердің "аташкі" боп.
Аталар немереге "деда" болды,
Ағасы інісіне "дәдә" болды,
Әжелер, әулиедей, о, дариға,
Аузымен балалардың "баба" болды,
Шүлдірлеп, шұбар сөйлеп үлкен-кіші
Қазағым өзгелерге таба болды!
Бауырлар, ойласандар уайым қайда?
Әлдиі ауыстырдық "баю-байға",
Аяулы ана әлдиі ұмытылса
Халқымның болашағы жойылмай ма?!
Ойласам мұның бәрін күйеді ішім
Бұл ұрпақ қайдан таппақ сүйенішін,
Орыстың "баю-байы" өзіне ыстық
Әлдиім – қазағымның киелісі!
Әу бастан әлдилендер сәбиінді,
Жалғайтын болашаққа ән-күйінді,
Қазақтың табиғатын танытатын
Ұмытпа, айналайын, әлдиінді!
Жастары жүргеннен соң жатқа елігіп
Бір қазақ бір қазаққа жат көрініп,
Қорқамын ішімізден басқа ұлт шығып,
Қазағым кете ме деп қақ бөлініп?!
Тамырын қазағымның жұлған-дағы
Өз көрін өзі қазар ұл қамдады.
Озбырлық құрбандығы деп ойлаймын
Бір ұрпақ – тыңнан кейін туғандарды.
Тапталып ата-баба салты қалып,
Танымай өзі туған халқын да анық,
Алданып, арман-мұрат адыра қап

Ескексіз қайықтай боп қалтылдады.
Ортақ боп бұл ұрпақтың күйігіне
Жіберме сора тартқан иірімге,
Саяқтай сыртқа теппей, сырын ұғып,
Аялап, қосу керек үйіріне!
Жөн болар, сөз түйіндеп бітіргенім
Әрдайым түзу ұшсын түтіндерің,
Қазақ тілі мәңгілік жасай берсін
Қабырғаң сөгілмесін бүтін елім!

Көкшетау картасына көз салсақ...

Айтатын шындықты ашып шақ келгендей,
Жеріме хақы бар ма ат бергендей?
Заураловка деген де ат қойыпты
Көтеріп Орал таудан ап келгендей,
Донской, Невскийге совхоз бердік
Ел қорғап олар біздің жақта өлгендей.
Байлайтын есіміне елді мекен
Қазаққа Киров қорған болды ма екен,
Чапаев Көксеңгірдің кегін қуып
Гагарин осында кеп қонды ма екен,
Даланың ыстығына күйіп Щорс
Буденный суығына тонды ма екен,
Антонов, Алексеев, Николаев
Қазаққа көңілін көп бөлді ме екен,
Чехов пен Максим Горький Көкшетауды
Мағжаннан артық жырлап берді ме екен,
Мағнасыз Еңбекшілдер орынына
Біржан сал заңға томпақ келді ме екен?!
Бергендей бір ауылды Ждановқа
Ізгілік жолында одан із қалып па,
Ленинград, Ленин, Ильич, Коммунизм,
Комсомол атын әбден тұздадық па,

Разгульное, Раздольное, Привольное,
Озерное мекен бопты жүз халыққа,
Нагорное, Совхозноеға берген атты
Восходское, Западноедан қызғанып па,
Приречное, Заречное, Подлесное
Деп жердің сәнін әбден бұзбадық па,
Басқасы аз болғандай ауыл атын
Бердік қой Карась деген бір балыққа,
Қырымбет ауылына қырын кетіп
Ұялмай Баррикада құрмадық па?!
Мәні жоқ жер аттарын түзетуді
Ойлайық, салынбай құр қызбалыққа!
Жүрмейік бірақ ұзақ ырғалып та,
Келдік қой ырғалғаннан құр қалып та,
Жерімді орап әкеп түсірді ғой
Целиное, Дружба деп бұғалыққа.
Көптігін, күштілігін міндет қылып
Бір халық би болмасын бір халыққа,
Тек қана тең халықтар арасында
Сыйластық болатынын ұғалық та,
Ақыл-ой, ар-ұятқа жүгініп біз
Жолына азаттықтың шығалық та,
Әркімге білгенінше ат қойғызбай
Кез келді түсіретін бір қалыпқа!
Ат қою жоғарыдан нұсқалыпты
Нұсқауға қарсы шыққан "қысқарыпты"
Өшіріп ел тарихын санасынан,
Мәңгүрт қып билеу жолы ұсталыпты,
Сол оймен ұмыттырып бабаларды
Көтерген Келлер менен Чкаловты,
Ардақты Смағұлдай есімдерге
Кісен ғып салып қойған үш қаріпті!
Жер алса Балкашин мен Ломоносов
Ойынды отты қамшы алады осып,
Куйбышев, Котовский, Рузаевтар
Аталып, ұмыт қалды ағам Досов.

Жиналып қырдан келген, ойдан келген
Даланы ат ойнатар майдан көрген,
Теңіз, мұхит түгілі, көлшігі жоқ
Далаға Краснофлот қайдан келген?
Красноармейск, Краснодарское, Красный Яр,
Краснокиевка, Краснокаменка, Поляны бар,
Көгілдір Көкшетауды жан-жағынан
Құрсаулап тастапты ғой "красныйлар"!
Чаглинка деп аталып Шағалалы,
Көкшетау Синюха бөп саналады,
Синюха-минюхадан келер ұрпақ
Көкшені қалай іздеп таба алады?
Степняк, Станционныйдың мағынасы
Әйтеуір бірдеме ғой даладағы!
Шынымен қазақ аты жоғалар ма,
Жоқ әлде жағдайымыз оңалар ма?
Атамнан Айыртау боп қалған жерім,
Айналды-ау бір-ақ күнде Володарға,
Торы атты тағы өлтіріп, Придорожный,
Дегенің сия ма жол, жобаларға?
Щучье, Боровое, Чистополье,
Қазақтың жерінің аты бола ала ма,
Далаға азаттықтың ақ туы боп
Ақиқат, әділеттік оралар ма?!
Ел үшін Абылайлар атқа қонған,
Кенесары, Наурызбай отқа барған,
Би Қанай, Аңғал батыр, Науан хазірет
Кем бе еді қос-қос жұлдыз таққандардан?
Орынбай, Шөже, Арыстан, Балуан Шолақ,
Жырлары жатта қалған, хатта қалған,
Жақан, Еркеш, Мұса, Шахмет, Мусин, Саин,
Басқа да тұлғалар көп соқталанған,
Атында сол ерлердің бір белгі жоқ,
Аршылмай шындық жатыр оппа қардан,
Далада аяқ алып жүре алмайсың,
"Ский" мен "ое", "евка", "овкалардан"!

"Овкасы" бітсе тағы "овосы" бар,
Өзгертпек болсаң оны "но-носы" бар.
Дауысқа салып дұрыс шешпек болсаң
Үнінді өшіретін "го-госы" бар.
Теріске көп екен деп көнбеу керек,
Тізгінді бетсіздікке бермеу керек,
Бір кезде бір указбен бүлдіргенді,
Бүгінде бір жарлықпен жөндеу керек!
Қазақтың жүрегінде мұңы көп қой,
Әлемге әйгілейтін жыры көп қой,
Жерімнің атына да, затына да,
Басқаның таласатын жөні жоқ қой,
Өзінің білгенінше билеп-төстер,
Арқалап алып келген жері жоқ қой,
Бабамның қаны сінген даламызда
Ешкімнің әкесінің құны жоқ қой!

("Оқжетпес" газеті, 1991 жыл)

* * *

*Ұлы жеңістің 40 жылдығына арналған Алматы
облыстық айтысында Ерік Асқаровпен айтысқанда
айтылған бір сөз. (мамыр, 1985 ж.)*

Дей көрме, беу, ағайын, неге келдің,
Желкілдеп сахнаға келе бердің?!
Ағайын, елі-жұртым қолдамасаң
Мен шіркін жанбай жатып сөнер ме едім?

Басқалардың беделін
Басайын деп келгем жоқ,
Өзгелерден абыройым
Асайын деп келгем жоқ,

Өздеріңе жыр-шашу
Шашайын деп келгенмін,
Меніменен айтысып
Нағыз ақын осында
Жүлде алсын деп келгенмін,
Мені көріп кейінгі
Жасөспірім жас бала
Үлгі алсын деп келгенмін!
Тоған болған ойларды
Бұздырғалы келгенмін,
Суып қалған қандарды
Қыздырғалы келгенмін!
Кеудемдегі жалыным
Сөнбесін деп келгенмін,
Қазағымның киелі
Айтыс дейтін өнері
Өлмесін деп келгенмін!

* * *

*Қазақстанның 70 жылдығына арналған III республикалық айтыста айтылған кейбір сөздер.
(Алматы, тамыз, 1990 ж.)*

Павлодарлық Сабыржан Ахметовпен айтысқанда:

Бөлек қой бұл айтыстың ырғақтары
Ерекше ашылатын сыр қатпары,
Ассаламуғаләйкүм, амансыз ба,
Өртенген ну орманның жұрнақтары!
Ей, әлем, мен халықпын қазақ деген
Дүниеде қазақ болу ғажап дер ем,
Тағдырдың жазуы ма, мазағы ма,
Ұйқасам өленде де азаппенен!

*Қырғыз ақыны Болот Тоқтомәмбетовпен ай-
тысқанда: (магнитофоннан)*

Ағайын, бәрің тыңдадың
Болот деген бауырым
Ырды айтады шалқайып,
Келе сала мені мақтады
Мен де бір қалдым қалпайып!
Ойласаңыз, бауырым,
Айкөл Манас жырларын
Шоқан атам кемеңгер
Жазып алып кезінде
Орысшаға қотарып
Ай-әлемге жолдаған,
Ер Манастың жырларын
Жамбыл менен Кенен де
Өз кезінде жырлаған,
Одан кейін кемеңгер
Мұхтар атам Манасты
Жауларынан қорғаған,
Марғұландай бабамыз
Зерттеп оны талдаған,
Осылардың ұрпағы
Дәстүрлерін солардың
Мен боламын жалғаған!

Аузыма алдым жаңа Жамбылымды
Өлеңге дария шіркін даңғылымды.
Біреулер даттап атам Жамбылымды
Бүгінде, Болат, мені зарлы қылды.
Біреулер Жәкең жайлы кеп айтады
Қайталап бірін-бірі көп айтады,
Қазақтың өлең қуған қара шалын
Мақтапты Сталинді деп айтады,
Ойласа халықтардың шын достығын
Осындай бұзық сөзді неге айтады?!

Айтқанның өздері де аласарды,
Жамбылға қайбір есті таласады?
Саясат қитұрқысын қайдан білсін
Қазақтың өлең қуған қара шалы?!
Бұл сөзге қазақтың келіседі қай баласы,
Оны да, Болат батыр, ойға аласы,
Бірдеңе айтса айтқан шығар Жәкең
Ұлы деп жатқаннан соң айналасы.
Бұлдыр ғой өткен күннің деректері
Деректі екшеп алу керек тегі.
Барғанда Кремльге ұлы Жамбыл
Көрмегенді көргізген,
Демегенді дегізген,
Жемегенді жегізген,
Қызынды ұрайын Сталин демеп пе еді!
Осы сөз түсінікті зерегіңе
Үңіліп түсінерсіз тереңіне.
Жәкеңнің жан шындығы жатқан шығар
Жаңағы қатты айтқан сөздің тереңінде!
Тазартып бүгін біздер санамызды
Жазып та жатырмыз ғой жарамызды,
Бауырым, қазақ пенен қырғыз болып
Қорлатпайық ешкімге бабамызды!

*Жезқазғандық Мұқаш Сейітқазыновпен
айтысқанда:*

Жүрсем де қиырында кең даланың
Ағайын, әрқашанда елге алаңмын,
Ішінде финалдағы ақындардың
Ақын емес, жазушы мен ғанамын!
Мен ұксап Көкшетаудың жартасына
Отырмын ақындардаң ортасында.
Жарқырап финалға да шыға келдім
Еншалла, қазақ-қырғыз арқасында!

Айтыстың, ағайындар, өткелі көп,
Ақынның арманда боп кеткені көп,
Айтайық оларға біз мың сан алғыс
Бүгіннен жақсы болсын ертең деп!
Бәйгені біздің қазақ ұлы іс көрген.
Аяғын кейде дау мен ұрыс көрген,
Қазағым бәйге бөліп жүрген кезде
Құр қалып қоймас па екен ұлы істерден?
Егер де ел арасын алыстатса
Дұрысы- айтыспай-ақ тыныш жүрген!
Ойласам ел жағдайын аһ ұрамын
Елімнің найзасы боп атыламын.
Отырған жюридегі қазыларды
Тауына Ордабасы шақырамын!
Уа, халқым, қыран болып самғаңыздар,
Алдында талай-талай арман-із бар.
Барғанда әдейі іздеп Ордабасын
Бір күні орнын сипап қалмаңыздар!
Ағайын, айдың-күннің аманында,
Бүгінгі әділеттің заманында,
Белгісін бірлігіңнің жарып жатыр
Тастарын салмақ болып табанына!
Ағайын, мен жырлаймын Ордабасын,
Ешкім де киемізді қорламасын,
Көп сәлем Нүрекеңдей ағамызға
Елімнің берекесін сақтар болса
Алдымен Ордабасын қорғап алсын!

* * *

*Қаракерей Қабанбайдың 300 жылдығына арналған
айтыста павлодарлық Серік Құсанбаевпен айтыс-
қанда: (Талдықорған, қаңтар, 1991 ж. магнитофоннан.)*

Ия, алла, тақылдатып таңдайымды
Аша көр жарқыратып маңдайымды.

Бере көр адамзатқа бейбітшілік
Тоқтатып көтерілген қан дауылды!..
...Ақ жүзін талай жаспен жуған елім,
Жұбаныш тапқан өлең-жырдан елім,
Елдігін, ерлігі мен енді есіне ап
Босаған белін қайта бұған елім,
Ойланып албастыдан құтылуды
Алланың жолына бет бұрған елім,
Қадамың хақ жолында құтты болсын
Ассаламуғаләйкүм, туған елім!
Тойында Қабанбайдың ұлым, енді
Жырла деп атам Біржан жырын берді,
Көкшенің тау-даласы дүр сілкініп
Сексен көл тереңінен тебіренді,
Оқжетпес, Жұмбақтастар қолын бұлғап
Қарағай, қызыл қайың бүрін берді,
Бурасы Абылайдың буырқанып
Үңгірі Кенесары күңіренді,
Еске алып аруақты аталарды
Қазағым, елдік сәнің бүгін келді!
Біз бірақ бұны кештеу ұғыппыз ғой
Өзіміз өзімізге қылыпмыз ғой,
Ұмытып батыр өткен аталарды
Ұялмай адамбыз деп жүріппіз ғой!
Парыз көп өтелмеген әлі бізде
Қарызбыз елге жас пен кәріміз де
Басқаның князьдарын хан көтеріп
Адасып келіппіз ғой бәріміз де!
Сенгені адастырды сүйікті елді
Тұндырып жүрегіне күйік-шерді,
Ел үшін қанын төккен батырлардан
Сорғандар елдің қанын биік болды!
Жақсылық көп қой дәстүр-салтымызда
Кім еңбек етсе туған халқымызға,
Соларды қадір тұтып, хан көтеріп —
Оралдық енді ~~Адамбағалымызға.~~
М. Әлімбаев

Қазақтың еске аламыз заңғарларын
Осы ғой арнар әнім, жалғар әнім.
Тілеймін ендігі жас ұрпақтардың
Батырдың жолын алға жалғағанын!
Ер жігіт қызмет қылып ұлы елінде
Арнасын адамзатқа тілегін де.
Қолынан Қабанбайлық келмегенмен
Қабанбайы болсын де жүрегінде!

*Абылай ханның 280 жылдығына арналған айтыста
Ерік Асқаровпен айтысқанда: (Көкшетау, қаңтар,
1991 ж. магнитофоннан)*

Бисмиллә, сөз бастайын а, құдайлап,
Жақсының арғы-бергі бәрін ойлап.
Ассаламуғаләйкүм, туған елім,
Атойлап шыққан бүгін Абылайлап!
...Күн шығып Көкшетаудың аспанына
Ту алып шықты бүгін жастарың да.
Әлгінде мен бастадым бұл айтысты
Сүйеніп Мағжан атам дастанына!
Нышаны жақсылықтың білінгендей,
Құлагер ойға-қырға жүгіргендей,
Қазақтың қайғысы боп қатып қалған
Бурасы Абылайдың тірілгендей!
Қиындық, құрсау күндер болмағандай
Үзілген ел үміті жалғанғандай.
Қөкшетау аталарды есіне алса
Көшкен бақ қайта келіп орнағандай!
Еске алып бұрынғы өткен бабаларды
Ту алды Көкшетаудың балалары.
"Жарайсың, па, шіркінім жастарым!" - деп,
Қол соғып, қолдап отыр ағалары.
Бастады бір жұмысты Құдайберлі,
Жұмысы ел-жұртына ұнайды енді.
Жарқ етіп "Темірқазық" жанды-дағы,

Көкшетау аспанына шырай берді,
Құдашым алты алашқа сауын айтып
Бұл тойға өңшең ығай-сығай келді!
Өлеңім менің де енді жорғалады,
Жастарың қыран құстай сорғалады.
Жұмысы жастарының мұндай болса
Үлкендері қозғалса не болады?
Бір тойды Көкшетауым бергенінде
Айналсын игі дәстүр өрнегіне,
Қайтеміз келмей қалған ақындарды,
Шүкірлік дейік біздер келгеніне.
Оларды жан салмаушы ек мақтағанда,
Санаушы ек ерен жүйрік ақтабанға,
Кім біледі, мақтағанды көтере алмай,
Олардың көңіліне жақпаған ба?
Басында атасының шаба ма екен
Асында Абылайдың шаппағанда?!
Па, шіркін, Көкшетауым зерек екен,
Қолпаштап, қолдау бізді керек екен,
Талай жер мына бізге қол соғып ед,
Туған ел, ықыласың бөлек екен!
Жалғайын сөзді тағы, жалғаған соң,
Айтайын мен дұрыстап толғаған соң,
Кім біледі, Абылайға шенді ақындар
Ойлаймын, бәлкім әлде, келмей қалды
Абылайдың документі болмаған соң?!
Отырмын, өлеңді енді өргендей боп,
Бір өзім топқа төтеп бергендей боп.
Айтыстың ақтаңгері Ерік келсе
Көңілі Көкшетаудың толып отыр
Түрік пен моңғол түгел келгендей боп!

Осы айтыста бір орайы келгенде:

Көкшетау қанат жайған еліміз бар
Ішінде елді ойлаған еріміз бар.

Төкең* де әлгінде айтып кеткен жоқ па,
Құдаштай жастарыма пана болған
Серікжан Қасымовтай мәріміз бар.
Бұл неге мақтап отыр деп жүрмендер
Демеймін қалтаңызда мөріңіз бар.
Қызмет қып жүргеннен соң ұлы еліңе
Жастарым жетсінші деп тілегіне.
Айтамын мен алғысты мөріңе емес
Оу, Сәке, ел деп соққан жүрегіңе!

Бір сөзім бір сөзіме ұласуда
Ағаңның сенесің ғой құлашына
Жастарға қамқор болған Серікжандай
Ағаны мен санаймын шын асылға,
Мөрі де, ерлігі де, мәрлігі де
Жарасып, үйлесіпті бір басына!

Сонда сөздің бір ыңғайы келгенде Ерік: "Серікжан ағамызды мақтап-мақтап, аюдың қызметін қылмайық, ертең Чапай ағам қылышын суырмасын"- деді. Соған орай Баянғали:

Ақындар азаматты мақтасын де
Азамат ел сенімін ақтасын де,
Чапайдың** ұрысқаны дәнеңе емес
Дүниеде Петкілерден сақтасын де!- деген екен

* Төлеген Қажыбаев

** Чапай Әбутәліпов – сол кездегі обкомның бірінші хатшысы

*Қанжығалы Бөгенбайдың 300 жылдық тойында
торғайлық Қонысбай Әбіловпен айтысқанда: (Ереймен,
шілде, 1991 ж.)*

Ассаламуғаләйкум, заңғар елім,
Жүрегі толған үміт, арман елім,
Өзінің байлығы мен сұлулығы,
Өзінің қалың соры болған елім,
Өзгені шығарып ап өз төріне
Мекен ғып босағаны алған елім,
Басынан сан қиындық өтсе дағы,
Әйтеуір өлмей тірі қалған елім,
Намысын жігеріне жанымын деп
Бөгенбай бабаны еске алған елім!
Халқымның қошеметі білетінім
Қол соқсаң мен дуылдап жүретінмін,
Басына хан көтеріп сыйлап жатыр
Ұл-қызы Ерейменнің білетұғын!
("Сарыарқа" журналы, № 2, 1994 ж.)

*Нұралы Нысанбайұлының 135, Қосжан
Мүсіреповтың 60 жылдығы құрметіне Қ.Мүсірепов
атындағы Әдебиет - өнер бірлестігі ұйымдастырған
мемлекет аралық айтыста жамбылдық Шорабек
Айдаровпен айтысқанда: (Оңтүстік Қазақстан обл.
Темірлан селосы, 9 мамыр, 1992 ж. аудандық "Ордабасы
оттары" газетінен)*

Жалғансын бүгін тағы тойдағы өлең,
Ағылсын ағыл-тегіл бойдағы өлең.
Ағылып біз сөйлейік Жеңіс күні

Ақ шашты жолыққанда майдангермен.
Ағайын, дұғаларың тие берсін,
Кешегі аруақтарға майданда өлген.
Осындай жоқшылықта ақындарды
Мінеки, той тойлатып қойған Бөген,
Еске алып Қосжан менен Нұралыны
Қанатын еркін керіп жайған Бөген,
Бас иіп, сәлем бердім, армысыңдар
Киелі, қасиетті қайран Бөген?!
Сәлемді өздеріңе арнай келдім.
Десендер бұл айтысқа қалай келдің?
Тып-тыныш ауылымда жатқанымда,
Бөгенге келем деген ой бар ма едің?
Звондап таңғы алтыда Бегәлиев*
Тұра сап қанатымды қомдай бердім.
Мініп ап "Кеңашының" көк жорғасын
Көкшетау қайдасың деп заулай бердім.
Үлгеріп әуірімдеп самолетке,
Шымкентім қайдасың деп самғай бердім.
Ордабасы, Қаратау, Оңтүстікке,
Сәлемін Көкшетаудың жолдай келдім,
Солтүстік оңтүстік пен екі қанат
Ортасын жүрегіммен жалғай келдім!

* * *

*Сол айтыста талдықорғандық Қаныша
Райысовамен айтысқанда: (Аудандық "Ордабасы
оттары" газетінен, 1992 ж.)*

Ей, ағайын-туыс құлақ сал,
Ордабасыны жырласам,
Көңлім менің бөлініп,

* Ақын Нармахан Бегәлиев, "Ордабасы оттары" газетінің редакторы, бірлестік жетекшісі, Ордабасын қорғауға ұятқы болып, бастама көтерген азамат.

Қан жылайды жүрегім,
Қанды жасым төгіліп,
Бер жағынан білдірмей
Ортасынан үңгіп жеп,
Ордабасыны ойрандап
Жатқан да бүгін көрінеді.
Ей, ойлап тұрмын, ағайын,
Жағдай бар ма бүгінде,
Заманды ойға алғандай,
Бұл әрекет қайдан-ды,
Ордабасыны жарғандай?
Қасиетіңнің бірлігі,
Жойылып кетсе бір күнде,
Келер күнің не болмақ?
Ұрпағыңа мұра боп,
Қандай қасиет қалғандай?
Жағдайы бар орыстың
Тасың түгілі басыңды
Табанына салғандай.
Ордабасыны жаратын
Ойлап тұрсам бұл мінез
Кешегі СССР империядан қалғандай!
Ей, ағайын-туыс, ойласаң
Ордабасыны ойрандап,
Жатқан кезде, аруақтар
Күңіреніп жатпай ма,
Бірлігіңнің белгісін,
Жойып алсақ күні ертең,
Құдай, аруақ біздерді,
Оңдырмай жұртым атпай ма?

Бұл жайды Назарбаев білер ме екен,
Жағдайын Ордабасы көрер ме екен,
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би,

Түсіне Нұрсұлтанның кірер ме екен?
"Әй, балам, Ордабасын сақтап қал"- деп
Ескертіп Нұрсұлтанға жүрер ме екен?!
Айтайын бұл сөзімді тереңірек,
Ұғатын ағайынның зерегі көп.
Қазақтың қасиетін сыйламайтын
Үкімет дейтініңнің, беу, ағайын,
Бүгінде қазағыма керегі жоқ!

* * *

*Орбұлақ шайқасының 350 жылдығына арналған
айтыста Жанатбек Бегімбетов пен Қаныша
Райысовамен айтысқанда айтылған бір-екі ауыз
сөз.(Талдықорған облысы, Панфилов ауданы. 2 шілде,
1993 ж.)*

Шіркін-ай, қандай жарқын елдің беті,
Бұрылсын соған қарай сөздің реті.
Көкшетау, Жетісуым ойлағанға
Кең-байтақ даламыздың екі шеті,
Бірі - орыс, бірі - қытай түбінде тұр
Көкшетау, Жетісуым желдің өті.
Жазира, жайсаң Жаркент амансыз ба
Суанның суверенный мемлекеті!

* * *

Шындықты айтсақ, жұртым, қате көрме,
Той қуып, аңғал-саңғал жата берме,
Атаны еске алғанның жөні осы деп
Малыңды оңды-солды шаша берме!

Ілияс Жансүгіровтың жүз жылдығына арналған айтыста алматылық Ораз Досболсыновпен айтысқанда: (Талдықорған обл. Ақсу ауданы, Қоқты. 2 маусым, 1994 ж.)

Біреулер қалың елді алжастырмақ
Құрыққа сырықты әкеп жалғастырмақ,
Сәкен, Ілияс, Бейімбет бар адамды
Болған ғой дос пен бауыр, жолдас қылмақ.
Қойдық та жолдастықты, болдық мырза
Мырза десең мықтының бәрі де ырза.
Халыққа мырзасынам деп жүргенде
Тағы да боп жүрмейік мылжа-мылжа!
Болғанда мықтыларың хан мен сұлтан
(Мен өзім осындайдан жаман қорқам)
Ауылда еңбек еткен қара қазақ
Соларға боп қала ма құл мен құтан?!

Бейімбет Майлиннің жүз жылдығына арналған айтыста ақтөбелік Нұрлыбек Қалауовпен айтысқанда: (Қрстанай обл. Таран ауданы. 6 тамыз, 1994 ж.)

Азамат алдыменен жұртын ойлар,
Өз басын күйттегендер мұртын майлар,
Заманда нарық қысқан не болады,
Елдегі қаратабан Мырқымбайлар?
Жағдайын Мырқымбайдың неғылады
Қолында билігі бар қыртымбайлар!

Туған ел түгі қалмай тоналыпты,
Ар-ұят, әділеттік жоғалыпты.
Кешегі комсомол мен коммунистер,
Тымпиып капиталист боп алыпты!

Сәкен Сейфуллиннің жүз жылдығына арналған айтыста қарағандылық Аманжол Әлтаевпен айтысқанда: (Жезқазған обл. Жаңарқа ауданы. 4 қазан 1994 ж.) Сәкен Сейфуллин НКВД жендеттері терісін тірідей сыпырғанда да туған елін сатпаған дей келіп:

Сәкен қайда, біз қайда?
Ойлап тұрсаң бүгінде
Батырлар да сатылат,
Әкімдер де сатылат,
Ақындар да сатылат,
Қатындар да сатылат,
Бәрі, бәрі сатылат,

Ар-ұятын сатқандардан сақтасын, біреулер туған елімізді сатып жібермесін, - дей келіп:

Мәртебе әпермекші орыс тілге
Орыстан қатын алған ағаларым!
Әділет әрқашанда жеңген жақсы,
Беу, халқым, жақсылыққа сенген жақсы,
Қазақтың тілін жығып бергеннен де
Бастыққа абыроймен өлген жақсы!
Сәкендей қазағымның жайсаңдары
Таймаған тар жолдардан лайсаңдағы
Ел бастамақ түгілі кей жігіттер
Өз басын түзу алып жүре алмайды
Жолына асфальт төсеп қойсаң дағы!

* * *

Ұлытауға барғанда (3 наурыз, 1994 ж.)

Ұлытау — таулардың ең ұлы қарты,
Бөлек қой қазақ үшін оның нарқы.
Ассаламуғаләйкүм, амансыз ба,
Киелі Ұлытаудың ұлы халқы!
Өткен ғой талай-талай кер замандар,
Ел үшін арпалысқан ер бабалар,
Ұлытау — ұлылардың жатқан жері,
Тұруға тиіс мұнда ұлы адамдар!

* * *

Ордабасыда: (1992 ж.)

Ойландыр, Ордабасы, естілерді,
Үш баба — қазағымның үш тірегі,
Түспей ме шаңырағың ортасына
Ырғасаң қайсы екен деп күштірегі!

* * *

Сырым батырдың 250 жылдығына арналған республика аралық айтыста өзбекстандық Темірхан Әлихановпен айтысқанда: (Ташкент, 1992 ж.)

Армысыз, бауырларым, Тәшкендегі,
Тәшкенім, сірә бізге басқа ел ме еді?!
Төле би, Шайхантауыр жатқан жері
Кеуденді талай қанды жас кернеді.
Еске алып Сырым батыр атамызды
Бір-бірін қазақ-өзбек дос көргені,
Ойлаймыз күңіреніп өткен күнді
Бөлініп қала берген бас-кеудені!

Тәшкенім талай ұлтқа мекен бүгін,
Барлық ұлт, жоқ қой маған бөтендігің,
Кигені ала тақия, ала көйлек
Ал, қане, мықты болсаң айырып көр
Қайсы өзбек, қайсы қазақ екендігін!
Ерсілік көрсек тағы кей ісінен
Туыстық үзілмесін ел ішінен.
Қай жерде, қандай күйде жүрсе дағы
Танимын қазағымды иісінен!

* * *

*Қырғызстанның тәуелсіздік күні мен Манастың
мың жылдығына орай өткізілген Қазақстан—
Қырғызстан ақындарының "Ақтаңдай-93" айтысында
қырғыз ақыны Орозбек Құтманәлиевпен айтысқанда:
(Бішкек, тамыз, 1993 ж. магнитофоннан)*

Алла деп, сөз сөйлейін, ал, қырғыздар,
Азаттық, құтты болсын, жол қырғыздар,
Ассаламуғаләйкүм, сәлем бердім,
Манастың тұқымдары — шоң қырғыздар!
Келеді тағы басып айта кеткім
Бұтағы қазақ-қырғыз бәйтеректің
Армысың, қыз-қырқыны қырғыз елдің
Жалғасы Қаныкей мен Айшөректің!
Біз келдік азаттыққа жеткен елге
Басынан талай бейнет өткен елге,
Орыстың ақ патшасы қазақ-қырғыз
Ел-жұртын қамамап па еді өткелдерге?
Кеп тұрмын тебіреніп Көкшетаудан
Күңіреніп Кенекемдер өткен жерге,
Манасты жазып алып Шоқан атам
Достықтың күйін мәңгі шерткен жерге,
Саяқбай, Сағымбай мен Чоюкелер

Көмейден інжу-маржан төккен жерге,
Тоқтағұл, Тоғолоқ молда аталарым
Өлеңнің дәнін терең сепкен жерге,
Достығың берік болсын қазақ-қырғыз
Құдайым иман берсін өткендерге!

* * *

Байтақ әлем бұл күнде
Қырғыз десе, Манас дейт
Манас десе, қырғыз дейт
Дәл Манастай қырғыздың
Қасиетін ешкім де
Бұл жалғанда білгізбейт!

* * *

*Мұхит Мерәліұлының 150 жылдығында оралдық
Шолпан Қыдырниязовамен айтысқанда: (Орал, 1991 ж.
шілде, "Ақындар айтысы" жинағынан, Чапаев селосы)*

Ел десе елжіреген ет жүрегі
Қосылсын бір арнаға дос тілегі,
Қазақтың асқақ әні күмбез болса
Мұхит пен Біржан соның қос тірегі,
Екеуі екі жақтан шырқағанда,
Дауысы бар әлемге естіледі!...

* * *

Орысты біз секілді адам көріп,
Жүрейік, қалмайық біз надан болып.
Мұхтаржан* орыс жайын айтқан кезде
Екі орыс қалып еді жаман болып.
Өршітпей араздықты ойлаңыздар

* Ақын Мұхтар Құралов

Кетеді әлде қандай заман болып,
Аударсаң түсінеді толғауыма,
Сәттілік берсін деймін жолдарыңа,
Орыстың мұжығында өштігім жоқ,
Атаман болмасаңдар болғаны да!

* * *

Қыздары Ақ Жайықтың ақ болындар,
Әрдайым жақсыларға тап болындар.
Жылмаңдап сені алдауға келетұғын
Саудагер, андай-мұндайдан сақ болындар.
Жайықтың сөз айт дедің қыздарына,
Қыз десе, менің енді қызғаным да,
Есіме қазақ қыздар түседі ылғи
Көз салсам желтоқсанның ызғарына.
Оларды отпен, сумен атқылады,
Әскерлер күрек алып шапқылады,
Сонда да қазақ қызын жеңе алмаған,
Саққұлақ, әлдекімнің аққұлағы.
Көңілің жырымменен толсын деймін,
Осындай думан ылғи болсын деймін,
Декабрист ұлдарым мен қыздарыма
Қазағым бір ескерткіш қойсын деймін!

* * *

*Шұбыртпалы Ағыбай батырдың 190 жылдығында
Рамазан Сәттібаев, Қуаныш Мақсұтовпен
айтысқанда: (Ағадыр, шілде, 1992 ж.)*

Замандар алай-дүлей өтпеп пе еді,
Түбіне арыстардың жетпеп пе еді?
Ақжолтай Ағыбайын ұмытқан соң
Қазақтың жолы болмай кетпеп пе еді?!

* * *

Көкшеден тойға шашу шаша келдім
Еншалла, ағын судай таса келдім
Жол тартып Көкшетаудан жалғыз өзім
Жолшыбай Ақмоланы баса келдім,
Аяулы Ақмоланы көрген кезде
Сандығын талай ойдың аша келдім!
Ар жақтан дүлей теңіз шайқалғандай,
Нышаны жақсылықтың байқалғандай
Еншалла, Кенесары, Ағыбайлар
Мінеки, Ақмоласын қайта алғандай!

(магнитофоннан)

* * *

*Қуаныш бір кезекте "тентек сарыларың келді,"-
деген екен. Сонда Баянғали:*

Қалай деп мақтанады мына сары,
Өзіне бұлай деген жарасады,
Бір кезде сары болу моды болған
Ұмтылған сарылыққа жұрттың бәрі,
Мақтанып керегі не сарымын деп
Дариға-ай, болмаған соң Кенесары!- депті.

* * *

*Кенесары ханның 190 жылдығында: (Шортан,
Абылайхан совхозы, Көкшетау қаласы, маусым, 1991 ж.)*

Еліме бір жақсылық келді ақыры
Сүйінші сұрауға оған мен хақылы.
Ауылын қайта рып ап Кенесары
Александр патшаны жеңді ақыры!
Кенесары, Наурызбай есімінен
Тұңғиық сыр ұқпаған несін білген?
Қос қыран қырғыз барып қаза тапса,
О дағы ақ патшаның кесірінен!

Кенекем алты алашты жиып тұр ғой
Алты алаш Кенекеме ұйып тұр ғой
Ақиқат, азаттықтай асқақ ұғым,
Атына Кенекемнің сиып тұр ғой,
Жатса да бас, денесі екі жақта
Даласын тұтастай ол сүйіп тұр ғой,
Шен таққан геройлар мен жауларынан
Мәңгілік найза бойы биік тұр ғой,
Кенекем эрмитажда жатқан басын
Тек қана бір Аллаға иіп тұр ғой!

* * *

*Ілияс Омаровтың 80 жылдығында: (Қостанай обл.
Урицкий ауд. Сарыкөл, қараша, 1992 ж.)*

Ақынның тілін енді алыңыздар,
Қарынның тасасында қалып қоймай
Халықтың жүрегіне қоныңыздар,
Беу, менің қайран бастық ағаларым
Ілияс Омаровтай болыңыздар!

* * *

*Иса Байзақовтың 90 жылдығында семейлік Сембай
Жаңсақовпен айтысқанда: (1990 жылдың жазы,
Павлодар облысы)*

Өр Иса, асқақ Иса, байтақ Иса,
Жырлаған дәйім басын шайқап Иса
Бір Иса шығар ма екен, кім біледі,
Бүгінгі айтыскердің бәрін жинап
Ерітіп, бір адам ғып қайта құйса?!

*Абайдың 150 жылдығына арналған айтыста
оралдық Александр Қауеновпен айтысқанда: (Ақтөбе,
қыркүйек, 1994 ж.)*

Абайдай туған елін сүйіпті кім?
Ойлашы, ақыл-есті жиып бүгін,
Қазақтың арман, ойын, мұң мен зарын
Абайдай жүрегіне жиыпты кім?!
Көрсетіп кемшілігін, жүрер жолын,
Халқының санасына құйыпты кім?!
Абайдың тойын бастап айтыспенен
Ақтөбе бір көрсетті биіктігін!

Қазаққа бөле боп тұр Александр*,
Қатыны күнде үйінде әлек салғыр.
Орыстың парасатты, әділ жұрты
Іргесін о пәледен бөлек салғыр!

*Махамбет жүлдесі үшін айтыста оралдық
Қатимолла Бердіғалиевпен айтысқанда: (Гурьев, қазан,
1990 ж.)*

Кім біледі, ұлы болса ұлы шығар*,
Ұлы ғып тұрған күш пен тілі шығар,
Біреудің жерін бөлу ұлылықтың
Бір жаңа, біз білмейтін түрі шығар?!

* Солженицын туралы

* * *

*Республика күніне арналған айтыста қостанайлық
Әсия Беркеновамен айтысқанда: (Алматы, қазан,
1991 ж. магнитофоннан)*

... Республика күнімен құттықтаймын
Күніміз, қазақ, әлі тумаса да!
Айтайын егеменге өлеңімді
Демендер мынау ұлға не көрінді,
Өз басым, шынымды айтсам, түсінбеймін
Ағайын, егемендік дегенінді.
Егемен деген осы не қылған сөз,
Бұл өзі қайдан, қалай табылған сөз?
Еркіндік, тәуелсіздік тұрған кезде
Халықты алдау үшін қағынған сөз,
Шынжырды мойындағы босатпауға
Қазық боп жерге мықтап қағылған сөз!
Ұмтылды азаттыққа қазақ бүгін
Қазақтың мен білемін ғажаптығын,
Егемен-сегеменді мен білмеймін
Қазақтың беру керек азаттығын!

* * *

Космосқа ұшты кеше Тоқтар ағам
Ресей мен Австрия арасында
Қазақтың жазылмаған жарасы көп,
Алтай мен Атыраудың арасында,
Ғарышқа ұшқан ағам тамшы дәрі
Болар ма қазағымның жарасына!...
Әрине, бір арнаға түсу керек,
Еліме ерлік керек, күшің керек,
Келесі ұшқан кезде ол ғарышқа
Қазағым өз кемесімен ұшу керек!

Сонда: жезқазғандық Әнуар Омаровпен
айтысқанда: (магнитофоннан)

Бауырлар, ақындарды аялайық,
Онсыз да аз емес қой дұшпандары!
...Өткенде бір полковник, ГКЧП
Келгенде көрер ем деп кіжінеді!
Болар ем ақындарға қатаң дейді,
Шетінен тізіп қойып атам дейді,
Атпасам, ақындарды қамап қойып
Үйімде сонда тыныш жатам дейді!
Бұл сөзді ағайындар мақұлдадың
Мен несін бостан-босқа тақылдадым?
Қатандық жолын ұстап жүрген жандар
Бір кезде құртқан қазақ ақындарын,
Ел болып қайран қазақ сақтап қалсын
Ақындай бетке ұстаған батырларын!
Бұл сөзді ойымызға алу керек,
От болып бәрімізге жану керек,
Бюрократ, партократ бәрі құрып
Бар халық демократ болу керек!

* * *

Қазақтың мен мақтайын ауылдарын
Белгілі ауылды енді сағынғаның,
Ауылдың құрметіне қол соғындар
Бәріңнің ауылда ғой тамырларың!
Ауылым қол жетпейтін арман ауыл,
Қазақты сақтап тұрған заңғар ауыл,
Бір кезде саясаттың салқынынан
Тапталып аяқ асты қалған ауыл,
Сонда да есін жиып, бас көтеріп
Ерлігін енді есіне алған ауыл,
Барлығын ауызынан жырып беріп
Сіздерге, астанаға салған ауыл!

Қиындық, көп бейнетті көрген ауыл,
Қайыспай соның бәрін жеңген ауыл,
Қазақты асыраса ештеңе емес
Өсірген астығы мен ет пен майын
Алысқа, Мәскеуге де берген ауыл!
Қалаға бәрін жырып берген ауыл,
Әмірге не десе де көнген ауыл,
Тіреліп тығырыққа осы күні
Жартылай өшіп, сөніп, өлген ауыл,
Сонда да қаладағы ұлдарына
Әлі де сенім артып келген ауыл!
Бәріңді сүйеді ауыл құлыным деп,
Аман-сау, үзілмесін жұлының деп,
Сонда да ауылдарға қоқаңдайтын
Білесіз, әлі бізде ұлығың көп.
Басқасын айтпағанда, кей ауылдың
Әлі де мойша менен құлыбы жоқ,
Ауылға қамқорлықты жасамаған
Адамның құдай сүйер қылығы жоқ!
Сырымды менің айтқан ұғынындар,
Айтатын сөзді талай құлының бар,
Ғарышқа қол созған да дұрыс шығар,
Десек те қазағымды сақтау үшін
Алдымен ауыл жаққа бұрылындар!
Мәпелеп бәрімізді өсіріңдер,
Қылықты анау-мынау кешіріңдер,
Еңсесін қазағымның тіктесеңдер
Мерейін енді ауылдың өсіріңдер!
Ақындар шындық сөзді жасырмайды
Шындықпен патшаға да бас ұрмайды,
Ауылды көркейтсеңдер. өсірсеңдер,
Ол ауыл жалғыз мынау қалаң емес,
Сонау бір ғарышты да асырайды!..
Ағайын, тоқта десең тоқталайын,
Демеймін жағасынан ап қалайын,
Ал енді ғарыш жаққа інім ұшып,
Мен өзім ауылыма аттанайын!

Ұлы жеңістің 40 жылдығына арналған Алматы облыстық айтысында Қажытай Ілиясовпен айтысқанда: (Алматы, мамыр, 1985 ж. магнитофоннан)

Қалдырмай қас дұшпанның табасына
Қамаған фашизмді моласына,
Туысқандай тұтасып ел қорғаған
Бас ием барлық ұлттың баласына!

Ұкілі Ыбырайдың 130 жылдығында айыртаулық Есенбек Ерденовпен айтысқанда: (Айыртау, маусым, 1990 ж. магнитофоннан)

Ағайын, байқасандар осы тойың,
Кімдердің кім екенін мәлім етті,
Елім деп еңіреген ұл-қыздардың
Жиналып осы тойға бәрі кепті!
Қияда қалықтаған қыран кепті,
Елім деп еңіреген ұлан кепті,
Қасында алты-жеті жігіті бар
Істейтін КГБ-да құдам* кепті!
Сүйемін лықып, тасып сөз келгенін,
Бөгелмей қуып бірін тез келгенін,
Атамды НКВД ұстағанын
Біледі осы елдің кез-келгені,
Тойына келіп отырса КГБ-лар
Заманның бұл дағы ғой өзгергені.
Демеңдер сөзің қисық кетіп жатыр
Шығып ап мына бала нетіп жатыр,
Қазаққа КГБ-ның керегі не?

* Якуда Есжанов.

Айтуға өздері де жетіп жатыр!
Думанның көп болғанын көп тілейік,
Жақсылық бола берсін деп тілейік,
Дұғаға КГБ-ның келгендігін
Кешірім сұрағаны деп білейік!
Сөзімді бауырларым саралағын
Тереңде жатқан сырын бағалағын,
Ыбырай, Молдахмет, Мұсалардың*
Атында ешбір ауыл таба алмадым,
Ағалар, еңбектерің өсер ме екен
Есімін ұмытсақ біз бабалардың?!

* * *

*Көкшетау облыстық айтысында Құдайберлі
Мырзабековпен айтысқанда:(1987 жылдың жазы)*

А десе көмейінен жыр атылған
Көкендей сабақ алған сұрапылдан,
Айтыстың үзілмеген үмітіндей
Қаршадай кара бала мына отырған.
Ал, сайра, айналайын балақаным,
Ізімді басып шыққан балапаным,
Тастүйін жұдырыққа айналдырма,
Ағаңның аялаған алақанын!

* * *

*Металлургтер күнінде Қабдыжәлел Сахариямен
айтысқанда:(Теміртау, шілде, 1992 ж.)*

Күндіз-түні от ішінде бір қалыпты,
Төгілген терден талай із қалыпты,
Өзі өзін өртеп жатқан Теміртаудың

* Молдахмет Тырбиев, Мұса Асайынов – халық ақындары.

Тойына Көкшетау да қозғалыпты,
Светлана, Нұргүл, Мәрзия, бір топ сұлу
Алға салды "Айсары" директоры
Дойман қара Тоқтабай Қозғановты,
Құрметтеп, құттықтаймын металлургті—
Ақ адал еңбек еткен өз халықты!

* * *

*Металлургтер күнінде қарағандылық Қойлыбай
Асановпен айтысқанда:(Жезқазған обл. Жезді ауданы,
шілде, 1994 ж.)*

Бүгінгі ашқан музейің
Он сан ұлттың баласы
Төсін тесіп даланың
Кен алудың тарихы,
Ұлан-байтақ даланың
Асты-үстінен түк қалмай
Тоналудың тарихы,
Қан мен тері төгіліп
Адал еңбек еткендер
Қаналудың тарихы,
Елдігіңе ес жиып
Оралудың тарихы!
Жездідегі бауырлар
Шақырған соң, әдейі
Көкшетаудан тойыңа
Көп-көп сәлем ап келдік,
Көп қызыққа тап болдық,
Қаныш атам қызына
Құрметпенен ат бердік,
Бәріміз оған шат болдық.
Өзге жұрттар алсын деп,
Өкпелемей біздерге

Риза болып қалсын деп
Дөкей бастық Урумов
Темірланға ат бердік,
Бәріміз оған шат болдық,
Өзімізді қойшы деп,
Кәкімбек пен Хамзаға
Міне, осылай мат бердік!

* * *

*Халық батырлары құрметіне өткізілген айтыста
шымкенттік Жәкен Омаровпен айтысқанда: (Павло-
дар, желтоқсан, 1991 ж.)*

...Ақындар жатыр міне жанталасып
Машина тігілгесін бас бәйгеге
Емтихан тапсырғандай шопырлыққа!
Жюрилер мына отырған ГАИ сияқты,
Көңілі кей шопырдың жай сияқты,
Машина тіккеніне қарағанда
Кереку қазақтары бай сияқты,
Отырған ағайынның осындағы
Қос-қостан машинасы бар сияқты!
Беу, халқым, айтылмаған жырымыз бар,
Ашылмай жатқан сыр мен мұңымыз бар,
Бұл бетпен кете берсек бір күндері
Бәйгеге кісі тігер түріміз бар!
Дүниеге таласуды ойламайық,
Ізгілік жыры болып жалғанайық,
Тігілген осы айтысқа машинаны
Халықтық бір ескерткіш қою үшін
Қорына батырлардың аударайық!!!

"Зілзалаға бір жыл" айтысында шығыс қазақстандық Меделхан Хасеновамен айтысқанда: (Шығыс Қазақстан обл. Зайсан, шілде, 1991 ж.)

Беу, Меделхан, бері қара,
Бізден бұрынғы ақындар

Үлестіріп алды балықты,
Он ұпайдың барлығын
Түгел солар алыпты,
Екеуімізге байқаймын
Алты-жеті қалыпты.
Бәйгелері бар болсын
Әзілдесіп екеуіміз
Бейнет көріп жүдеген
Күлдірейік халықты!
Сенен артық бәйгені
Бұл айтыста таппаймын,
Басқаларды қайтемін
Меделханды мақтаймын,
Меделханды мақтасам,
Залда отырған құрдасым
Секретары райкомның
Айгүлсімге жақпаймын,
Айгүлсімді мақтасам,
Меделханға жақпаймын,
Ортасында қыздардың
Қайтіп жаным сақтаймын?!
Замандасым Айгүлсім,
Заманына сай Гүлсім,
Зардап шеккен Зайсанға
Үкімет көмек берсін деп,
Көбірек көңіл бөлсін деп
Ақындардың атынан

Дайындаған үндеуді
Ай, үлсімнің есімін
Әлем білсін, ай білсін!...

* * *

*"Невада-Семей" қозғалысы аясында "Мегаполис" фирмасы өткізген "Халық денсаулығы" атты халықаралық көркем-публицистикалық акцияда шығыс қазақстандық Абаш Кәкеновпен айтысқанда:
(Павлодар, қыркүйек, 1991 ж., магнитофоннан)*

Теперіш көрсе дағы бөтендерден
Сүюмен туған елді өтем деген,
Армысың, менің қайсар бауырларым
Баянтау, Ертіс бойын мекендеген!...
Әскер мен саясатта айлалы көп,
Халқымның тағдырымен ойнады кеп,
Алдады-ау бір кездерде бәрімізді
Бұл бомба зиян емес, пайдалы деп.
Халқымды осылай да алдайды екен,
Ар-ұят күштілерде болмайды екен,
Бұл бомба зиян болмай, пайда болса,
Астында Кремльдің жармай ма екен!
Не дейміз, ағайындар, бетсіздікке?
Билікті бермеу керек епсіздікке,
Бомбалар жарылса егер, білесіздер,
Жер ана кетер сіңіп шексіздікке!
...Бұл бомба адамзаттың тажалы ғой
Ұлтың мен шекараңа қарамайды!
...Баласы адамзаттың бір адамдай,
Тажалға тұтас қарсы тұрсын дедім!

*Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 100 жылдығында
шымкенттік Әбдікәрім Манаповпен айтықанда:
(Павлодар обл. Баянауыл, Мойылды, шілде, 1993 ж.
магнитофоннан)*

Тойында Сұлтанмахмұт ағылайын,
Көңілінен туған елдің табылайын,
Аулына Бұқар менен Мәшһүр Жүсіп
Елінен келіп тұрмын Абылайдың,
Смағұл сәлем айтты Жүсіпбекке
Ағызған қара сөзбен тілдің майын,
Оқжетпес Жасыбайға қолын бұлғап,
Бас иді Баян тауға Бурабайым,
Ассалаумағаләйкүм, қалың қазақ,
Өзіңе жар болсын тек бір құдайым!

Е-е-ей-ей,
Баянауыл, бар қазақ,
Есіне алды бүгінде,
Сұлтанмахмұт заңғарды,
Кіндік қаны заңғардың
Көкшетауға тамған-ды.
Алаламай қазақты
Халықтың ұлы болған-ды,
Кедейдің мұңын көп жазып
"Адасқан өмір" деп жылап,
"Кім жазықты?" деп сұрап,
Елдің жайын зарлады.
Тазартпақ болған өлеңмен
Қарайып кеткен қандарды,
Өлеңменен сынаған
Халықтың малын алғанды,
Қалтасына салғанды,
Ағып өтіп жұлдыздай,

Қалдырған артқа арманды,
Пушкин менен Лермонтов,
Тоқай, Байрон, Шелли мен,
Петефи мен Бернстің
Шоғырына барған-ды,
Жиырма жеті жасында
Мұншама дана болды-ау деп,
Бүкіл әлем таңғалды.
Тарихында қазақтың
Мәңгі бақи қалған-ды!
Е-ей. ағайын-туыс, құлақ сал,
Тіршіліктің қадірін
Білдіріп тұрады өлгендер.
Сұлтанмахмұт өлеңі
Өліп еді-ау демендер,
Сұлтанмахмұтты еске алып,
Тәубасына бір келсін,
Мойындамай алланы
Құдайсынып жүргендер!!!

* * *

*Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығында ақтөбелік
Нұрлыбек Қалауовпен айтысқанда: (Қызылжар, тамыз,
1993 ж. магнитофоннан)*

Алла деп бүлкілдетіп көмей-жағын,
Аңсаған ел қазақтың мерей, бағын,
Мұсылман, түрік сөзін сөйлеп өткен
Тәрк етіп Москваның тәж бен тағын,
Мағжанның өлеңдері мәңгі тірі
Емес ол алыстағы бүлдыр сағым,
Мағжанның өлеңдерін азық қылсаң
Беу, халқым, жарқын болсын болашағың.
Ассалаумағалейкүм, сәлем бердім
Нағашым – Атығай мен Қарауылым,
Өзімнің бауырларым – Керей-Уағым!

* * *

Ұстазым Нұрғалиев Рымғали,
Мағжанды оқы,- деді, Баянғали.
Шынында Мағжандарсыз қазағымның
Өнері секілді екен тоналған үй
Шүкірлік, көкейіңе қонып жатыр,
Күңіреніп өткен күннен оралған күй,
Мағжанның армандарын ұғар ма екен,
Атеист, орысшылдау боп алған ми!...
Ақын ба ел алдында ағылмаған,
Мұндай той күнде бізге табылмаған...
Менің атам Біржан сал, Ақан сері,
Жалтақтап бастықтарға жағынбаған.
Ақ туын ақиқаттың биік ұстап,
Алладан басқа ешкімге бағынбаған!!!

* * *

*Сонда: талдықорғандық Айтақын Бұлғақовпен
айтысқанда:(Булаев ауданы, Сарытомар)*

Әкіміңіз Гартманға,
Дұғай сәлем айтыңыз,
Құрметтеген Мағжанды
Жұмысың елге ұнайт де,
Елге жаққан ісіңді
Ақындар мақтап жырлайт де,
Батыр Баян мен Мағжанның
Ардақтамасаң аттарын,
Баянғали келет те
Түгінді қоймай сынайт де!
Ұқпаймыз деп Булайды,
Бауырларым шулайды.
Менің де қаным тулайды,
Сары менен Баянның
Атын беріп ауданға
Неге құрмет қылмайды?

Ауданға атын қойсаңдар
Көптік қылмас, ағайын,
Мағжандай ұлы ақындар
Екінші рет тумайды!

...Рахмет Сұлушаш пен Розаларға
Бұл тойда қан мен терін төгіп жүрген,
Орыстың қыздарына алғыс айтам
Мағжанға құрметпенен қызмет қылып,
Ақындарға шай құйып беріп жүрген,
Сыйласа берсін ұлттар қиындық пен
Қызықты бірге бөліп, көріп жүрген!

*Сара Тастанбекқызының 115 жылдығында
шымкенттік Әселхан Қалыбековамен айтысқанда:
(Талдықорған обл. Қапал ауд. Ешкіөлмес, Баянжүрек,
маусым, 1993 ж. магнитофоннан)*

Мақтаныш қылған заңды алашымыз
Қазақтың мадақтаймыз Сарасын біз,
Осылай аруақтарды есіңе алып,
Беу, халқым, әруақытта жарасыңыз,
Ізімен атам Біржан келіп қалған
Бұл елдің біз де күйеу баласымыз,
Өнермен осылайша жалғап жүрміз
Көкшетау – Жетісудың арасын біз
Ассаламуғалейкүм, амансыз ба,
Отырған аталар мен анашымыз!
Бармысың сыйлап тойға шақырғандар
Жетісу Көкшетаумен жақын болар,
Және де амансыз ба өңшең дөкей
Астында көк шатырдың отырғандар!
Құрметтеп Сарадайын зор сұлуын,
Арнаймыз Сара апаға ән сұлуын,

Бұл тойы Сара апамның тойы емес пе,
Қазақта ақын туған бар сұлудың?!
Мінеки, сахнаға алып шықтым,
Жетектеп қазағымның нар сұлуын!...

Сара апамның тойы деп,
Апам мында ұшқандай,
Айтатын сөзін ұққандай,
Меніменен айтыста
Барлық сөзін нықтардай,
Жағдайы бар апамның
Жеті жігіт жабылса,
Жалғыз қолмен сыққандай
Жеті кесе жүң-жүнді,
Жеті секунд ішінде
Қылқ еткізіп жұтқандай,
Өлеңіне қарасам,
Ақындығы Әселдің
Сара апамнан жұққандай,
Көлеміне қарасам
Жеті Сара шыққандай!

Өзінді нар түйедей жетеледім,
Таудай ғып мен төбеме көтеремін,
Шошақай бір кішкентай қатын болсаң,
Беу, апа, айтшы мен де нетер едім?
Шошандап, ойға-қырға шапқылап бір,
Сатылып бір қытайға кетер ме едің?!...
Өзінді тойға халық шақырып жүр,
Біреулер ойланбастан шатылып жүр,
Ал, апа, кейбір қазақ қыз-жігіті
Шетелдің байлығына сатылып жүр,
Соларды ойлағанда намыс қайнап,
Аталар, аналармен аһ ұрып жүр,
Сілкініп, жырла қане, Қаратаудай,
Төбеңнен жанартаудай кетсінші атылып жыр!

*Сонда, талдықорғандық Қаныша Райысовамен
айтысқанда:(Ақсу ауданы, Қосағаш)*

Көкшетау - Жетісуға талай дастан
Айтылып келе жатыр әуелбастан,
Жетісу топырағында Шоқан жатыр
Жұлдыздай аспанында Біржан аққан,
Жетісу - Көкшетаудың достығына
Бір қызын алып мен де үлес қосқам,
Тереңнен жалғастырып тамырларын
Жетісу - Көкшетауды құдай қосқан!

*Қожабай ақынның 150 жылдығында талдықор-
ғандық Айтақын Бұлғақовпен айтысқанда: (Жезқаз-
ған рбл. Жезді ауданы, тамыз, 1991 ж. магнито-
фоннан)*

...Ағайын құлақ салсаңыз,
Не деген дархан халықсың,
Шүкіршілік деп айтам,
Бір кезде өзі айтқандай,
Өлеңнің нұрын шалқытқан
Баспалы қара көріктей
Қара тасты жырымен
Қорғасындай балқытқан,
Қожабайдай ақыңды
Есіңе бүгін алыпсың,
Есіңе бүгін алғанда
Қадір тұтып, құрметтеп
Көше беріп атына
Байқап тұрсам керемет
Суретін міне апарып
Тауға да бүгін салыпсың,
Шүкіршілік деп айтам

Өзінді өзің таныпсың,
Өзінді өзің танысаң
Не деген ұлы халықсың,
Танымасаң өзінді
Кішкентайсың, арықсың,
Халқымды жырлап мен отырсам,
Мына жағымнан Айтақын
Жүгіріп жетіп келіп қалыпсың!

* * *

*Қабан жыраудың (Қабылиса) 300 жылдығында
Айтақын Бұлғақовпен айтысқанда: (Талдықорған обл.
Шаған тау, Текше, маусым, 1993 ж. магнитофоннан)*

Бисмиллә, сөз сөйлейін түптен тартып,
Ағайын тыңдай берсін бойы балқып,
Үш баба - үш тамырың Жетісуым
Ескелді, Қабылиса, батыр Балпық,
Көп сәлем Көкшетаудан Жетісуға
Той жасап бабасына жатқан шалқып!
Жатырмыз Қабан жырау тойын бастап,
Ақындар туған елін мойындаспақ,
Тарихтың елесіндей Қабылиса,
Жүреді ұлы жүздің жырын бастап,
Жалғанда қазақ жыры тірі болса
Тұрады Қабан жырау тұлғасы асқақ,
Рахмет, Жетісудың ұл-қызына,
Қабан жырау атамызға ауыл берген
Қойбышты* біржолата пішіп тастап!

Е-е-ей, ағайын, туыс құлақ сал,
Бөлек еді күй неткен,
Айналайын Жетісу,

* Куйбышев

Қабан жырау бабаға
Ас беріп бізді сөйлеткен,
Қылышбаев ағамыз
Екі үйіріп қылышын
Ән салмаған бастықтың
Апарып бәрін бүгінде
Ән салуға үйреткен.
Батыржандай ағаның
Стадионына жинап ап
Құрметіне Қабанның
Көксудың көп сұлуын
Сылқылдатып билеткен,
Көп рахмет, ағалар,
Өгіздей болып елдерін,
Өрге қарай сүйреткен!

* * *

*Біржан салдың 160 жылдығында айтылған өлең-
нен: (Степняк, шілде, 1994 ж. магнитофоннан)*

- Сиынып бір жаратқан алламызға,
Жырлайын Біржан жайлы алдарыңда,
Алдымен туған елге сәлем бердім
Ас берген Біржан атам аруағына,
Және де сәлем бердік Көкшетаудан
Кеп қалған орыс, қазақ шалдарына!
Біржандай ас бергесін бабасына,
Қуаныш келді қазақ даласына...
Бір сәлем біз берейік ел атынан
Кеп отқан Біржан салдың немересі
Мұхаметқали Теміртас баласына!..
Аузына алла десе толатын ән
Біржан сал - сиынатын дара тұлғам,
Атама бір ескерткіш қойып берген

Рахмет, саған Қызыр, ел атынан!
Есіңе ала жүргін алланы да,
Тәуап қып Біржан баба аруағына,
Ауданға Біржан атын беріңіз деп...
Өтініп президенттен алмадың ба?!..
Беу, Біржан, өтіп едің зар заманда,
Тойың да тура кеп тұр тар заманға,
Халайық нарық қысып бүйірінен
Бүгінде түскендей ғой шырғалаңға,
Ағайын, осы тойға шүкір дейік,
Әйтпесе Біржан баба жөні бар еді,
Той жасар сауын айтып бар ғаламға!
Беу, Біржан, қан тамған қылышынан хан емессің,
Байлық пен мансап қуған жан емессің,
Аққу боп қалықтадың көк аспанда
Соңынан ілестің де ән елестің,
Әндерің жұлдыздармен сырласады
Көнбейді ыңғайына әр өңештің,
Сенің орның мәңгілік аспанда тұр
Ешкімнің қаулысына зар емессің!

Е-е-ей, ағайын, туыс құлақ сал,
Менің атам Біржан сал,
Сегіз сері, Ниязбен
Ұстаз тұтып өзіне,
Қазағымның еліне
Көкшетаудың жеріне
Серіліктің негізін
Салып өткен Біржан сал,
Ақан сері, Ыбырай,
Балуан Шолақ, Мәдиге,
Ұстаз болып бір кезде
Танық еткен Біржан сал,
Ұлылығын Біржанның
Абай, Шоқан мойындап
Анық еткен Біржан сал!

Сараменен айтысып
Айдынында қазақтың
Қос аққудай жарасып
Ағып өткен Біржан сал,
Бүркіттің басынан
Кешке таман ән салса
Таң алдында дауысы
Қиыр менен қиянға
Анық жеткен Біржан сал,
Қазағымның ән-жырын
Мәңгі-бақи аспанда
Жарық еткен Біржан сал!

Біржанның әні жеткен атырапқа,
Тойын біз тойлап тұрмыз осы шақта,
Біржан сал — бар қазақтың мақтанышы
Жаралған, шүкіршілік, біздің баққа,
Біздерге күле қарап отыр, бәлкім,
Өнердің төріндегі алтын тақта,
Рахмет, келгендерге басын иіп
Біржан сал туып-өскен топыраққа!

• * * *

*Есет Көтібарұлының 190 жылдығында ақтөбелік
Нұрлыбек Қалауовпен айтықанда:(Ақтөбе, Шалқар,
қыркүйек, 1993 ж. магнитофоннан)*

Алла деп азат болған Қазақстан,
Талай ер азаттыққа ат салысқан,
Еске алып жатыр батыр бабаларды
Елінің азаттығы үшін арпалысқан,
Көп сәлем айтып қалды кең Шалқарға
Көкшетау және дағы Қырғызстан,
Жерің де Шалқар неткен кең еді сенің

Бір жағың Өзбек, Қарақалпақстан,
Ассаламуғалейкүм, Бақтыбайлап
Той жасап шалқып жатқан Шалқарстан!
Әулие, батыр Есет шектідегі
Ел десе елжіреген ет жүрегі,
Қылышын көлденендеп тұра шапқан
Тартқанда айдаһардың отты лебі,
Есімін енді міне, ашық айтып
Мақтанар күнің қазақ, жетті ме енді?!..
Тойларың тойға ұласып, осылайша
Бүлкілдеп қайнай берсін қазандарың,
Он екі батыр ерге бір тұрғызған
Бауырлар, құтты болсын мазарларың!

* * *

Шақырдың осы тойға ақындарды,
Ақындар алдарыңда тақылдады,
Есет пен Дәрібайды мақтау үшін
Алдымен мақтау керек Көтібарды!
Ақындар бөтен сөзді бастап па еді,
Қарсылас тура келсе жасқап па еді?
Білесің, мұғалімім, бір кездерде
Қазақтың зиялы бір оқығаны
Атынан Көтібардың қашпап па еді?!
Ойлаймын, талай сырым ашылар деп,
Ақындар топ алдында тасынар деп,
Мұхаңның өзі дағы қысым көріп
Жазған ғой Көтібарды Басыбар деп!
Ақынның айтқанынан ой аңдандар,
Бауырлар, жамандыққа қия алмандар,
Айқайлап, мақтан етіп айтыңыздар
Атынан Көтібардың ұялмандар!
Көтібар дұшпанына ат ойнатқан,
Ел үшін қайтпаған ғой жанған оттан,
Көтібар батырлардан біз қашпаймыз
Сақтасын тайғақтардан, көті жоқтан!!!

* * *

Исатай Тайманұлының 200, Әбубәкір Кердерінің 130, Әкімәлі Қаржауовтың 100 жылдығына арналған айтыста маңғыстаулық Сабыр Адаевпен айтысқанда: (Ақтөбе, шілде, 1991 ж.)

Кей ақын биік сөйлеп ағылады,
Кей ақын төмен сөйлеп қағынады,
Біреуге айтқан сөзі мен теңеуінен
Адамның өз өресі танылады!

* * *

Тама Есет батырдың 325 жылдығында торғайлық Әлфия Орманшинамен айтысқанда: (Ақтөбе обл. қыркүйек, 1992 ж. магнитофоннан)

Бас иіп бабамыздың есіміне
Еске алды Ақтөбеде елі, міне,
Бабамыз қайта оралып ортамызға
Патша мен партияны жеңді міне!
Бабасын қазақ еске алған жоқ па?!
Өмірде енді міне, арман жоқтай,
Ливенцов, Соломенцев құлап қалып
Есеттер мәңгі-бақи қалған жоқ па!!!

* * *

Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшқанына бір жыл толуына арналған айтыста қарағандылық Дәулет Сатибековпен айтысқанда: (Қарағанды, қазан, 1992 ж.)

Қазаққа құдай өзі берген Тоқтар,
Әкеден он бесінде жетім қалып,
Қайыспай қиындықты женген Тоқтар,

Қырандай шүйіліп кеп самолетпен
Үстіне кемеңің дәл мінген Тоқтар,
Қазақты ұнатпайтын Москвада
Амалсыз алтын жұлдыз берген Тоқтар,
Содан соң батырлықпен ғарышқа ұшып
Күнді де бір айналып келген Тоқтар,
Күн нұрын кеудесіне жиып келіп,
Шашу ғып туған елге берген Тоқтар,
Мынауың қалай-қалай мақтайды деп
Қысылып, қыздай болып күлген Тоқтар!

* * *

Сонда: Қабдыжәлел Сақариямен айтысқанда:

Беу, Тоқа, жақсы болды тап келгенің,
Шүкір де, құдай мұндай бақ бергенін,
Жарқырап жалғыз келмей, неге ағатай,
Аппақ қып жеңгемізді ап келмедің?!
Генерал, космонавт боп алда тұрсың,
Арманың әрқашанда айға атылсын,
Генерал түгілі маршал боп кетсең де
Бәрібір жеңгеміздің солдаттысың!
Сөзімді ойға салып салмақташы,
Құс көңіл қайда, қалай самғатпақшы,
Генерал, маршалдан да жеңгемізге
Көнетін смирноға солдат жақсы!
Ақынның айтқанына нану керек,
Қиялмен әрбір іске бару керек,
Генерал, космонавтың әйелінің
Саны да космический болу керек,
Даланы мекендеген он сан ұлттың
Бәрінен бір-бір қатын алу керек,
Қаптатып космонавт-қазақтарды
Жаңадан Байқоңырды салу керек!

* * *

Қалия Жұбандықовтың 120 жылдығында көкшетаулық Бақытбек Нұралинмен айтысқанда:(Шортан ауданы, Абылайхан совхозы, 12 маусым, 1993 ж.)

Ел болып дұға оқыдық Қалияға
Жыр-мұхитқа күйған бір дарияға.
Көкшенің жоғын жоқтап, барын мақтап
Рахмет, жүрген Естай қарияға!

* * *

*Сәкен Жүнісовтың 60 жылдығында айтылған
'арнау өлеңнен:(Қызылту, 1994 ж.)*

Ұлылар Көкшетауда аз тумады,
Дұрыс қой соған лайық сөз туғаны,
Тойында Сәкен ағаң сөйле деді
Жазушы, ақын Төлеген Қажыбаев
Көкшенің қарға бойлы Қазтуғаны!
Аман ба Қызылтудың заңғар елі,
Сәкеннің кіндік қаны тамған жері,
Ақ шаңын аспанға атып жалаңаяқ
Тасында балаң ізі қалған жері!
Беу, Сәкен, суреттеген кер заманды,
Сері Ақан түскен талай шырғаланды,
Ұшынан қаламының от ұшқындап
Тірілкен бер заман мен ар заманды,
Бұлқынып арыстандай шынжыр үзген
Қайткенде кеңітем деп тар заманды,
Қайда да туған елдің сөзін сөйлеп,
Аузыңа қарата бер бар ғаламды!
Беу, Сәке, сен де тентек, мен де тентек
Атамыз тентек десе көкке телпек,
Әкімі Көкшетаудың Қызыр ағам
Кім сенеді, момын десем, ол да тентек,

Шәй деспей, шүкіршілік, сіз-біз десіп,
Сиысып келеміз ғой өңкей тентек,
Тымпиған қорқақтардан не шығады,
Тентектеу болу керек нағыз еркек!

Осы тойы Сәкеннің
Жинады қанша халықты,
Келем деген жазушы
Пойызға сыймай қалыпты
Басшылардың атынан,
Хатшылардың атынан
Ғаббас* тура келіпті,
Жақсылардың атынан
Рамазан** мен Серіктей***
Екі бура келіпті,
Басқалардың атынан
Қасқалардың атынан
Болат**** ағам келіпті,
Осылайша Сәкеннің
Алпыс жасқа толғаны
Қызылту мен Көкшеде
Бір тамаша болыпты!

* * *

*Сарбас Ақтаевтың алпыс жылдығында айтылған
өлеңнен:(Көкшетау, желтоқсан, 1994 ж.)*

Тарылып кетсе дағы замандарың
Сеземін қайрат барын, амал барын,
Тойларың құтты болсын журналистер,
Түспесін қолдарыңнан қаламдарың!
Қазақтың оймен шолып кең даласын

* Ғаббас Қабышев

** Рамазан Тоқтаров

*** Серік Тұрғынбеков

**** Болат Жанаділов.

Тағдырын туған елдің толғағасын,
Құттықтап отыр бүгін барлық қазақ
Сарбастай Қарауылдың сар баласын!
Белгілі қайыспайтын нарлығың да,
Ақылмен байыптадың барлығың да,
Халқыңның алтыны боп жарқырадың
Жеңгейдің қалып қоймай сандығыңда!

Е-е-ей, ағайын-туыс құлақ сал,
Алпысқа келген Сәкеңнің
Жан-жағында қарашы,
Жақсылар өңшең топталған,
Ақын аға Есләм*,
Жырлары қанша хатталған
Жүректерде жатталған.
Қос ғұлама жазушы
Қойшығара**, Ақселеу***,
Тамырын ұстап тарихтың
Көмбесі мен күмбезін
Тереңінен ақтарған,
Ер парызын атқарған,
Еңбегі талай мақталған,
Мемлекеттік сыйлыққа
Қол ұстасып аттанған,
"СҚ-да" зам. боп Сарбасың
Сықиып тұрған кезінде
Осындай данышпандардың
Мың шақтысын басқарған!
Айналайын Сарбасым,
Аман болсын мал-басың
Мұқалмасын алмасың,
Ғұмырыңыз ұзақ боп
Күресінде өмірдің
Тимесін жерге жамбасың!

* Есләм Зікібаев

** Қойшығара Салғарин

*** Ақселеу Сейдімбеков

* * *

Кәкімбек Салықовтың алпыс жылдығында айтылған өлеңнен:(Айыртау, 1992 ж.)

Ел-жұртың тілегінді тілеуде, аға,
Әніңмен ажарлансын жүдеу дала
Оқжетпес жер бетінде біреу болса,
Кәкімбек Салықов та біреу ғана!

* * *

*Көкен Шөкеевтің 70 жылдығында ақсақалдың иығына қызыл шапан жауып тұрып айтқан өлеңі:
(Красный Яр, 1994 ж.)*

Бейнеттің бәрін жеңіп, аттай заулап,
Жетпіске келдің бойдан өлең саулап,
Жығылып Дәржан апам ыңғайына
Жасай бер, қып-қызыл боп, оттай лаулап!

* * *

Нұрмияш Көбеновтың алпыс жылдығында айтылған өлеңнен: (Шортан, Абылайхан совхозы, 1993 ж.)

Көпшілік ақынды онша ұғынбаған
Дұрысы — оған жасып, бұғынбаған.
Алпысың құтты болсын, беу, Нұреке,
Даланың бозторғайы шырылдаған!

Нұрмияштай ағамыз
Үйде-түзде тұқымын
Мезгілімен сап тұрған,
Тонналап астық бастырған,

Томдап кітап аштырған,
Арасында жеңгейге
Алты бала таптырған!
Е-ей, осы ауданның әкімі
Досанов Мұрат ағамыз
Асқар таудай бойың бар
Одан да биік ойың бар,
Нүрекеңнің жаңа үйін
Бітіріп бер тезірек
Залы болсын ол үйдің
Замглава Болаттай
Дөкей-дөкей ағаның
Жүз шақтысы сыйғандай,
Жетпіске Нүкең келгенде
Ғафу ағамды бас қылып,
Алматы мен Көкшенің
Бар ақынын жиғандай!

* * *

Көкшетау облысының елу жылдығы мен тың игерудің қырық жылдығына арналған салтанатта айтылған өлеңнен:(Көкшетау қ. 1994 ж.)

• Беу, менің Көкшетауым, ән ауылым,
Қазақтың маңдайында сән ауылым,
Тезірек коммунизм құрамыз деп
Әлемнің жинап алған бар ауылын,
Бір сәлем орыс, неміс, белорус пен
Украин, татар, поляк, басқаларға
Көтерген Көкшетаудың жаңа ауылын,
Аман ба ел иесі, жер иесі,
Керей, уақ, атығай мен қарауылым!
Ел мұңы Абылайды күңіреткен,
Кенесары, Наурызбайды еңіреткен,

Көкшеден көкке атылып Шоқан шығып
Тағлымы сан ұрпақты тебіренткен,
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайдың
Аққуға аспандағы үні жеткен,
Хандарды жөнге салып Шөже, Орынбай,
Оязды Балуан Шолақ дірілдеткен,
Беу, шіркін, неткен заңғар, байтақ еді
Ұлдары Көкшетаудың бұрынғы өткен,
Солардың сынықтары амансыз ба,
Той жасап тар заманда дүрілдеткен!
Құрметтеп сыйлаймыз біз аталарды,
Елінің өрендері аталғанды,
Тойына Көкшетаудың қош келдің деп
Қарсы алайық Бәйкең мен Мақандарды*!
Ел жұрты Ерекең деп еркелеткен,
Еңбекпен жүрген жерін көркем еткен,
Қош келдің Еркін аға Әуелбеков,
Көкшені өрге сүйреп өркендеткен!

* * *

*Абайдың 150 жылдығына арналған айтыста
семейлік Дәмеш Омарбаевамен айтысқанда: (Семей,
1995 ж. маусым)*

Ұлы Абайдың жырлары
Адамзатқа тіл қатқан
Ұқпағанды қайтесің
Ұққанның бәрі ұнатқан,
Алты бірдей құрылық,
Дүрілдетіп дулатқан
Төрт мұхитты тулатқан
Ай әлемді шулатқан,

* Бәйкен Әшімов пен Мақтай Сағдиев

Адамзатқа рахмет,
Юнескоға рахмет
Ұлы Абайдың тойына
Бір кісідей үн қатқан.
Семейіме рахмет,
Мына жоқшылық заманда
Ақындарды жинап ап,
Үш күн бойы жырлатқан!
Күңіреніп ұлы Абай,
Оятам деп даланы
Тазартам деп сананы
Тілдескені Толстой,
Сырласқаны Сократ,
Оқымасаң Абайды
Ойың қалар тоқырап,
Тілің қалар шоқырап,
Уа, аман да есен жасай бер
Абай, Мұхтар, Шәкәрім,
Ұлыларды тудырған
Қасиетті топырақ!

* * *

Жарқырап күндей күліп жүрген жақсы
Бұлт болып төбемізден төніскенше,
Алшандап адам болып жүрген артық
Таласып бір бәйге үшін керіскенше,
Семейдің қалың елі қош болып тұр
Дәм жазып, қайта айналып көріскенше!

* * *

*Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына арналған
айтыста Әселхан Қалыбекова Баянғалиға әкесі Тақан
ақсақалдың қазасына көңіл айтады. Сонда сөз кезегі
өзіне келгенде, Баянғали былай жырлаған екен:*

Менің әкем Тақанның
Ерлігі көп айтатын,

Жауған оқтың астында
Жау тылынан "тіл" іздеп
Түнде талмай жортатын,
Тоғыз танкі талқандап,
Таң атқанда қайтатын,
Бейбітшілік заманда
Бір телешке шөп сұрап
Қолтықтап ап шалдарды
Канторға қарай тартатын,
Барлығын жеңген батырың
Қайран анам Бәтима
Марқұмнан жаман қорқатын!
Менің әкем Тақан шал
Фашистке ойран салыпты,
Берлинге дейін барыпты,
Қиратушы еді оны да
Қырық шақырым қалғанда
Соғыс бітіп қалыпты,
Гитлер менен Геббельс:
"Тақан келсе болмайт деп,
Жағдай енді оңбайт,"-деп,
Атылып өліп қалыпты,
Менің әкем секілді
Қара шалдар жасасын
Халық қылған халықты!!!

Шалдар жайы мәселе саналмай жүр,
Әлі де үкіметте қаралмай жүр,
Бір кезде Берлинді алған хас батырлар
Банкіден пенсиясын ала алмай жүр!

Кемпір менен шалдарды,
Осыншама жүдетіп,
Сорлатуға болмайды,
Кемпір менен шалдарды
Тарықтырып тұрмыста,
Зарлатқандар оңбайды!!!

Осы айтыста Әселхан сөзді бір кезекте бүгінгі ел байлығын тонап алған ұры-қарыларға бұрып, "сырттай қарасаң бәрі әп-әдемі, галстук тағып, тап-таза, сып-сыпайы боп жүреді, ал өз құлқындарын ойлағанда керемет!"- деп ашына жырлайды. Сонда сөзді іліп әкеткен Баянғали былай депті:

Ұрының ең жаманы сыпайысы,
Болмайды ондайлардың құдайысы,
Ұрының қолын шауып тастайтұғын
Бәрінен жақсы екен ғой Қытай ісі.
Билікке аз ғана күн кетсе жолап,
Алады ел байлығын түгел тонап,
Қытайдың заңын егер бізге енгізсе
Болар еді бастықтардың көбі шолақ!

Қазақстанның аграрлық партиясы ұйымдастырған "Ауылым – алтын бесігім" атты аймақтық айтыста Әлфия Орманшинамен айтысқанда: (Қызылжар, қыркүйек, 1999 ж.)

Жағдайы әбден төмендеп, қиындаған,
Тіреліп тығырыққа шиырлаған,
Қазақтың ауылынан сорлы бар ма,
Өзіне өз байлығы бұйырмаған?!

Атадан қалған кең жайлау,
Өріс тола мал қайда?
Қара шаңырақ, қара орман,
Ауыл тола жан қайда?
Жем болып дала кетпек пе,
Қытай менен Қаңғайға,
Андай менен мұндайға?

Ел басқарған жігіттер,
Намыс қайда, ар қайда?!

Өртеніп ел мұңына, жаны күйсе,
Арманын алты алаштың ойға түйсе,
Ауылды сүйеу керек азаматтар,
Қазақты өз халқым деп шындап сүйсе!

* * *

Бұл айтысты ұйымдастырушылардың бірі ақын Жарасқан Әбдірәшев мәжіліс депутаттығына кандидат болыпты да, әнші Нұрғали Нүсіпжанов, жазушы Қуандық Түменбаев аграрлық партияға тілеулес болып келген екен. Сөздің бір орайы келгенде Баянғали былай депті:

Нүсіпжанов Нұрғали,
Өмірдің бәрін ән қылған,
Жүрген жерін сән қылған,
Бозторғайы даланың
Шырқағанда дауысы
Шыңыраудан атылып,
Шындарға барып жаңғырған
Бар әлемді таң қылған!

Өнермен жеткен биік арманына,
Ел риза саңлақ әнші, заңғарына,
Миллион доллар береміз, бізде қалсаң
Депті оған бір шетелге барғанында,
Жат жұртта қала ала ма асқақ әнші
Байланған атам қазақ аруағына,
Басқалар үлгі алсын де Нұрғалидан
Шетелдің сатылмаған долларына,
Разымыз және бүгін ауыл менен
Жарасқандай ақынды қолдауына!

Жетес бидің жалғасы,
Үмбет бидің ұрпағы
Жарасқандай ақыннан
Ел күтетін үміт көп,
Досы түгіл дұшпаны
Мойындайды Жәкеңді
Шегедей мықты жігіт деп,
Шудасындай бураның
Жалбырап шашы жүргенге
Ойламаңдар ағайын,
Бұл қайдан шыққан жүлік деп!

Ойлаймын ақын сырын ұғындың деп,
Ұғынсаң. солай қарай бұрылғын деп,
Жарасқан компартия заманында
Мағжаншыл, ұлтшыл ақын деп атанып
Жырлаған "Дала, сенің ұлыңмын" деп,
Ел мұңын, дала мұңын парламентте
Айтам деп алып отыр бүгін міндет!

* * *

Жанайдар Мусиннің 60 жылдығында айтылған өлеңнен: (Көкшетау, ақпан, 1996 ж.)

Замана ерді еркіне жібермеген
Тізгіндеп, тұсау салған, шідерлеген,
Сонда да ретін тауып Жанайдарлар
Бар-жоғын Көкшетаудың түгендеген!
Жанайдар әдебиеттен ырыс тапты,
Жері жоқ дейтін оның бұрыс тартты,
Қаншама жердің атын, судың атын
Қаймықпай қаламымен дұрыстатты,
Жәкеңді сағынышпен еске алады
Сексен көл, Бурабай мен Жұмбақтасым,
Зеренді, Қыземшек пен Қылышақты!

Абай атындағы орта мектептің алпыс жылдығында айтылған өлеңнен: (Степняк, 1 қыркүйек, 1996 ж.)

Абайым, алтын ұям, ақ мектебім,
 Кетпесін басындағы бақ, мектебім,
 Қараша үй, кара шаңырақ сен тұрғанда
 Басқаның не қыламын көк мектебін.
 Қазақтың елдігі үшін, теңдігі үшін,
 Өшірмей білім отын жақ мектебім!
 Сен бізге көп дүние бастауысың
 Білім мен кісіліктің асқарысың,
 Рахмет, саған мектеп, түлеп ұшып,
 Адам болған қазақтың жастары үшін!
 Өмірге ел баласын жолдағанда
 Ризамыз, қолтықтасып, қолдағанға,
 Ортайып, үңірейдік, сүмірейдік
 Класқа кара бала толмағанда,
 Қазақ боп қалар ма едік, қалмас па едік
 Мектебі ұлы Абайдың болмағанда!
 Басыңнан қилы-қилы өтті дәурен
 Қызығың, қуанышың, көп түрлі өурен,
 Жарқырап жалғассын да болашаққа
 Шәкірттің жүрегіне жаққан сәулең!
 Аяулы ардагерлер ортамызда
 Біздер өстік сіздердің арқаңызда,
 Бүгінде ұстаз боп жүр шәкірттерің
 Күні кеше отырған партаңызда,
 Не деген дархан едің мұғалімдер
 Көк тиын болмағанмен қалтаңызда!

Е-ей, бал дәурен шіркін балалық,
 Айналды бұлдыр сағымға,
 Қыздарға тұңғыш хат жаздық
 Мәуелі сенің бағыңда,

Тақырбас қара балдар мен
Кекілді қыздар күлімкөз
Айналды ата-анаға,
Айналды ақ бас ғалымға,
Заманың бүгін тарылып
Болмай жүр, мектеп, бабың да
Жігерленіп, серпілші,

Жүдеген мына шағында.
Құрметтеп ұстаз қауымын
Келіп тұрған бұл тойға
Мағауия әкім ағамыз
Мұғалімдердің айлығын
Уағымен бер сұратпай,
Жалындырып жылатпай,
Ақшаға да қарамай,
Басқаға да қарамай,
Мектебім, жаса, мәңгілік,
Қазақтың туын құлатпай!
Қадірінді ел білсін,
Ай мен жұлдыз, жер білсін,
Тәуір ой, терең біліммен
Ізгілік рухы алаулап
Өсе берсін бүлдіршін!

• * * *

*Жамбылдың туған күніне арналған айтыста
Әселхан Қалыбековамен айтысқанда:(Алматы, ақпан,
1996 ж.)*

Ауылдағы қазақтың
Мойны болды ырғайдай,
Биті болды торғайдай,
Ел басқарған ағалар
Құрметтеймін бәрінді

Истеріңе кей-кейде
Біртүрлі көңілім толмайды-ай,
Нарық дейтін қасқырдан
Ауылдың аңқау қазағын
Айтшы, кімдер қорғайды-ай?!
Кейбір-кейбір бастықтар
Бетіменен кетіп тұр
Өз қолдары өзінің
Аузына ғана жетіп тұр,
Ызасы елге өтіп тұр.
Ел ағасы Нұрсұлтан,
Тон жағасы Нұрсұлтан,
Тайраңдатпай соларды
Реті келіп қалғанда
Ептеп-ептеп нетіп тұр!!!

* * *

*Жамбылдың 150 жылдығына арналған республикалық айтыста Қаныша Райысовамен айтысқанда:
(Жамбыл, шілде, 1996 ж.)*

Ауылдар қалды бүгін қалың сорға,
Түскендей тырп еткізбес темір торға,
Жағдайды біле ме екен азаматтар
Әйтеуір сөйлегенде бәрі жорға,
Ауыл құрып барады, ауыл құрып
Ағайын, алмасаңыз дереу қолға,
Ең аяғы электр жарығын да
Жағады кісі өлгенде зорға-зорға!
Қайтеміз, бұрынғыдай бұғайық па,
Ұрандап ереуілге шығайық па?!
Ауылдар дауылды өмір мұхитында
Ұқсайды қалт-құлт еткен жел қайыққа.
Маңдай тер, табан ақы берілмесе

Обал ғой, осыны біз ұғайық та,
Жарығын жағу үшін уағыменен
Күн сайын біреуіміз өліп тұрайық па?!...

* * *

Кетіріп өмірдегі сәнімізді,
Бүлдіріп әсем, асқақ әнімізді,
Өсек, ғайбат, бәлеқор, жалақорлық,
Құрт аурудай жайлап алған бәрімізді,
Жаман ой, жаман сөз бен жаман сезім
Улайды, бұздырады қанымызды,
Беу, жұртым, жүз жасайық жігіттей боп,
Тазартып тәніміз бен жанымызды!

* * *

*Жамбылдың 150 жылдығына арналған халықаралық
айтыста монғолиялық Сүйініш Жеңісбаймен айтыс-
қанда: (Алматы, тамыз, 1996 ж.)*

Бойын созып биікке
Тамырын тартқан тереңге
Жамбылдай ұлы жыраулар
Туа да бермес әр елде,
Құдай берген Жамбылды
•Мақтаныш етіп қазағым
Көрсетсін деп бар елге,
Қабыл ап, халқым, қолың соқ
Жер шоқтығы Көкшетау
Оқжетпес пен Жұмбақтас
Бурабай мен сексен көл
Жолдаған ыстық сәлемге,
Құтты болсын қазағым
Ұлы тойың бүгінгі
Жамбыл, Жамбыл, Жамбыл деп
Ұран салған әлемге!!!

Алғысын алып халықтың
Жүрген жерін дулатып
Қызықты еткен Жамбылым,
Шонжарлардың шынжырын
Үзіп кеткен Жамбылым,
Ел тағдыры сөз болса
Қызып кеткен Жамбылым,
Ақырып тұрған саясат
Атын алып бергенде
Әулие ата басында
Үш күн жатып кешірім
Сұрап та кеткен Жамбылым,
Алғадайдан айрылып
Жылап та кеткен Жамбылым,
Қастек пенен Қаскелең
Майтөбеден жырласа
Кавказ, Памир, Гималай,
Альпіден асып дауысы
Жыраққа кеткен Жамбылым,
Ақсақалы жайқалып,
Кулана күлген көзінен
Даналығы байқалып
Ғасырында космостың
Көк дауыл жырын соқтырып
Жақсылыққа от қылып,
Көк есекпен тепендеп
Машина мен самолет,
Ракета мен корабль
Бәрінен озып, киелі
Пыраққа жеткен Жамбылым,
Әлемдегі бар елдің
Теңдігі жайлы көп жырлап,
Бір халықты бір халық
Ішінде біздің орыс бар,
Ішінде сіздің монғол бар,

Басынбасын деп жырлап
Жүрегінен халықтың
Орын алып мәңгілік
Мұратқа жеткен Жамбылым!...

* * *

Алыстағы ағайын
Аңсап көшіп келгенде
Қатарымыз көбейіп
Айбынымыз асар деп
Қуанып еді Алашым,
Қиындыққа шыдамай
Қоластына басқаның
Қайта көшіп барасың,
Кіріптар болып біреуге
Не береке табасың?
Аш-жалаңаш болсақ та
Азат туған жерінде
Не жетеді алшандап
Емін-еркін жүргенге.
Асқақ әнмен жаңғыртып
Байтақ қазақ даласын,
Жазайық та бірлесіп
Даламыздың жарасын,
Келгенің қайта кетті деп,
Ел болмайсың сендер деп
Бәле қуған біреулер
Жауып та жатыр жаласын,
Дұшпанның ойла табасын,
"Көппен көрген ұлы той"
Төзімді болсақ түбінде
Түзелерміз біздер де,
Сендер де бай боларсың,
Ойыңа алшы даланың
Сайы менен саласын,

Өзен де өзен, өзен су
Бастауы мен сағасын,
Асқар-асқар таулардың
Жасыл бұйра жағасын,
Қиып тастап еліңді
Керейім қайда барасың?!

Бауырым, сен де керей, мен де керей,
Қазаққа қазақ қалай болмақ өгей?
Тұрсаңшы табан тіреп туған жерде
Шашылып әр жерде бір жүре бермей!

* * *

*Осы айтыста қырғыз ақыны Туғанбай Әбдиевпен
айтысқанда:*

Жамбыл той ел жігерін жани түссін,
Жамбылды бүкіл әлем тани түссін,
Қазақ-қырғыз қос қанаты Жамбылдайын
Әлемдегі феномен-феникстің!

Е-ей, қырғыз ағам Туғанбай,
Іші де оның ақ екен,
Сырты да оның ақ екен,
Мына да жалған дүниеге
Аппақ болып туғандай,
Ағара түссін дегендей
Аттанарда қазаққа
Жеңгеміз әбден жуғандай!
Туғанбай байке, бері қара,
Бұл айтысты екеуміз
Айкөл Манас, Алмамбет,
Алпамыс пен Қобыланды
Ортақ тудың түбінде
Табысқандай қылайық,
Құлагер мен Маникер

Жарысқандай қылайық,
Қажымұқан мен Қожамқұл
Алысқандай қылайық,
Жамбыл менен Тоқтағұл
Түсінісіп тар жерде
Қауышқандай қылайық!...

* * *

Туғанбай байкем жырды төкпеледі
Ұққанға мағыналы, отты өлеңі,
Жақсы қырғыз қазаққа бөтен емес
Я күйеу, яки жиен боп келеді!

Е-ей, жазушының заңғары,
Қазақ пенен қырғыздың
Асқар тауы, қорғаны,
Адамзаттың алыбы
Айтматов Шыңғыс ағамыз
Әкесі оның Төрекүл,
Ол да жиен қазаққа
Тұрамыз қалай мақтанбай,
Тұрамыз қалай шаттанбай!
Күндіз шықса далаға
Күн сәулесі ойнаған,
Түнде шықса басында
Ай сәулесі ойнаған,
Жатса-тұрса қырғызды
Күшейтуді ойлаған
Президент-ғұлама
Ақаев Асқар ағамыз
Ол да жиен қазаққа
Тұрамыз қалай мақтанбай,
Тұрамыз қалай шаттанбай!
СССР халық артисі,

Қырғыздың халық артисі,
Қазақтың халық ақыны
Ағыл да тегіл Естемес
Ол да жиен қазаққа
Тұрамыз қалай мақтанбай,
Тұрамыз қалай шаттанбай!
Барлық жақсы қырғыздар
Қазақша айтсақ — нағашы,
Қырғызша айтсақ, білесіз
Тайекесіне тартқандай!

* * *

Туғанбай байке, бері қара,
Қазақ пенен қырғыздың
Дос-дұшпаны аз емес
Ши жүгіртіп араға
Бір болатқа бір болат
Қайрап салып жүрмесін,
Бір бауырға бір бауыр
Айдап салып жүрмесін,
Соларға еріп сорымыз
Қайнап қалып жүрмесін!
Өсиет қылған аталар
Қазақ пенен қырғызға
Бір-біріңмен жарас деп,
Даналығына бұл сөздің
Білесіз, байке, талас жоқ,
Қазақ-қырғыз баласы
Айбынданып тұрайық
Ай-әлемге ұрандап
Абай, Жамбыл, Манас деп!

Осы айтыста жамбылдық Алтынкүл Қасымбековамен айтысқанда:

Кекесінді сөзінді
Көңіліме алмаспын,
Сен жаман деді екен деп
Мен жаман болып қалмаспын!..
Демендер жұртым мынаны
Қандай қара басты екен,
Айтыстан қорқып қашты екен,
Тұңғышымыз Құралай,
Мына отырған Алтынкүл
Құралайыммен жасты екен!
Айналайын Алтынкүл,
Туған күнің құтты боп,
Өрден-өрге шаба бер,
Бәйгелерді ала бер,
Домаланған қыз едің
Қасиет қонып басыңа
Домалақтай ана бол!

Жамбылдың 150 жылдығына арналған республикалық айтыста жамбылдық Айнұр Тұрсынбаевамен айтысқанда:(Жамбыл, шілде, 1996 ж.)

Қызымдай ғана Айнұрмен
Айтысып жұртым нетермін?!
Әкесіндей боп өңкендеп
Баланың жолын ұялмай
Қалай қиып өтермін?
Не мұратқа жетермін?!
Жолын кессем қызымның

Күпір болып кетермін,
Айналайын Айнұрға
Таласпай-ақ мен бүгін
Жолың болсын қалқам деп
Батамды беріп кетермін!

* * *

*Елжас Бекеновтың 100 жылдығында Мереке
Сейітқалиев, Айтжан Оразбаевамен айтысқанда:
(Қарағаш)*

Құрметтеп жазушы Елжас Бекеновты
Туған ел төбесіне көтеріпті,
Аяулы азаматты зерттеп жазған
Тұрсынбек* ғалым ағам өте мықты,
Көкшетау ас берген соң әкесіне
Парызы Болаттың** да өтеліпті!

* * *

*Жұмағали Саинның 80 жылдығы 1992 жылы
"Златогор" совхозында өткізілді. Сахнада өлең айтып
отырған Баянғали:*

Златогор дегеннен соң алтын ба деп,
Кеп қалсақ, алтын түгілі бақыр да жоқ,
Орнына Златогордың ақын, батыр
Саиннің атын қойшы, ақылға кеп, -дей келіп,
астанадан келген Қасым Қайсеновке қарата:

Жолдасы Жүмекеңнің қандыкөйлек
Тірі аңыз Қасымды да көргендейміз,
Қар басқан Мәдениетке келгенде біз

* Тұрсынбек Кәкішев.

** Болат Бекенов.

Партизан лагеріне келгендейміз!
Қасекең туған елін сүйіп деймін,
Сол үшін қайтқан отқа күйіп деймін,
Москва бермей қалған жұлдыздан да
Бауыржан мен Рақымжан, Қасымдарың
Тұрады әрқашан да биік деймін!- деген екен.

* * *

*Мәлік Ғабдуллиннің 80 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста айтылған арнау өлеңнен:
(Степняк қаласы, 28 қараша, 1995 ж.)*

Батыр Мәлік ағамыз
Қобыланды батыр секілді
Дұшпанына оқ атқан,
Тырқыратып фашисті
Қабырғасын санатқан,
Алқалы топта сөйлесе
Елді аузына қаратқан,
Арғы атасын сұрасаң
Қарауылдың қамқоры
Қанай биден таратқан,
Жазушы , ұстаз, ғұлама,
Біртуар батыр Мәлікті
Маңдайына қазақтың
Жарқыратып жұлдыз ғып
Құдайым өзі жаратқан!
Ойласаңыз бұл тойың
Мәліктің тойы емес пе,
Алыптың тойы емес пе,
Халықтың тойы емес пе?!
Батыр берен Мәліктің
Майдандас, замандастары
Қас дұшпанды іреген
Бүгінгі бейбіт заманда

Пенсиясын ала алмай,
Әкімдердің есігін
Күнде-күнде жағалап
Амалсыз қайыр тілеген!
Қайран кемпір-шалдар-ай,
Отан үшін қан берген,
Денсаулық пен жан берген,
Сендердің жүдеу халінді
Көрген сайын ұялам
Түк бере алмай қиналам,
Бастықтардың сендерге
Беріп жатқан малы жоқ,
Балалардың қолдағы
Жалақысы тағы жоқ,
Теңгесі жоқ болған соң
Көбік сөздің нәрі жоқ!

* * *

*Көкшетау облыстық қазақ музыкалық-драма театрының ашылу салтанатында айтылған өлеңнен:
(наурыз, 1996 ж. магнитофоннан)*

Домбыра қолға алғасын
Ақын сөйлеп толғасын,
Құтты болсын театр
Құрып жатқан ордасын,
Көп рахмет айтамыз,
Шашу шашқан жаңағы
Александр болғасын,
Мұратбек те мінеки
Байып қалды бұл жерде
Бес жүз мың теңге ақшаны,
Қалтасына салғасын,
Айналайын Александр

Театрға қамқорлығын
Осымен бітіп қалмасын!
Жаман күндер жетпесін
Той-думаның бітпесін,
Артистерің күні ертең
Элеватордың ауласында
Тауық құсап әрқайсы
Бидай теріп кетпесін!

Болса да бұл әлемде көп театр,
Ағайын, дәл осындай жоқ театр,
Қадамың ұлы жолда құтты болсын
Аты жоқ көкшетаулық Көк театр!
Үлгі алып жатырмыз ғой он сан ұлттан
Қиындық аулақ болсын елді құртқан,
Театр ашып отырған жоқшылықта
Шынында Көкшетауым жүрек жұтқан!

Көкшетаудың ойласаң
Елдері де театр,
Мөлдір бұлақ армандай
Жерлері де театр,
Сексен бірдей білесіз
Көлдері де театр,
Көкшетаудың білесіз
Даласы да театр,
Қарағай мен қайыңның
Арасы да театр,
Көкшетаудың білесіз
Аспаны да театр,
Тастары да театр,
Жастары да театр,
Қисандаған көшеде
Мастары да театр!
Ойлай білсең, ағайын,

Ойнай білсең, ағайын,
Алдыңда талай қия түр!
Айналайын, ағайын,
Еңбек қылған осыған
Көп рахмет айтайық
Жұмабаев Қызырға,
Жанаділов Болатқа,
Балмұқанов балуанмен
Түсіп қалған орнынан
Ыдырысов Мұратқа!
Көп жауапты берерміз
Заман қойған сұраққа,
Айналайын Қызаға,
Сегіз артист үй алды,
Тоғызы жүр қаңғырып,
Соларды ертең әркімнің
Алдына бір апарып
Үйдің жайын сұратпа,
Өңкілдетіп өгіздей
Оспановты жылатпа!

Ақ тілек өнерпаздың шабысына
Жарасын қазақ елдің намысына,
Ұл-қызы Көкшетаудың ой-қырдағы
Театр туы астында тоғысуда,
Театр ашылғанда шыдай алмай
Келіпті Сәкен аға арысың да,
Сыр бойынан мінеки туған жерге
Келіпті Жібек апам Бағысова,
Жезқазғаннан жез таңдай Мара келіп,
Туған ел ұл-қызымен табысуда!
Мұратбек, келдің міне туған елге,
Шығарды туған елің сені төрге,
Еңбегің жемісті боп, айналайын,
Өрлей бер әрдайымда өрден өрге,

Қызметің жаға берсін Оқжетпес пен
Жұмбақтас, Бурабай мен сексен көлге!

Бір думаның, мінеки
Болып жатыр, ол анық
Айналайын, ағайын,
Жақсы-жақсы пьеса
Болған күні осылай
Төрт көзіміз түгелдей
Жиналып бір тұралық,
Көкшетаудың елінде,
Туып-өскен жерінде
Бір театр ашам деп
Талай еңбек сіңірген
Жасасын деп айтайық
Жақып аға Омаров!
Жасасын Жақып Омаров,
Театрға осылай
Көмек қылғын оралып,
Ашуын мен аштым деп
Тұра қашып күні ертең
Кете көрме жоғалып!
Айналайын, ағайын,
Артистердің еңбегі
Қызығына жарасын,
Туған елдің көгінде,
Таланттарың самғасын,
Алдымызға шығады,
Толқып тұрған мына жақта
Ақан сері—Ақтоқты
Жанар менен Жарасым,
Жарас тентек айналдым
Сахнада Ақтоқтыны
Ақан болып қалай сүйсе,
Өмірде де Жанарға
Тура солай қарасын!

Жастарым, айдындағы аққу қаздар
Алдында бола берсін көктем-жаздар,
Ақ шашты аналардың батасымен
Ілгері жүзе берсін өнерпаздар!

* * *

*Естай Мырзахметовтың 70 жылдығында
айтылған өлеңнен:(Көкшетау, сәуір, 1997 ж.)*

Жетпіс жыл-ғұмыр-дария, ғұмыр-дастан,
Есаға, қилы дәурен өтті-ау бастан,
Тағдыр мен тарих артқан ауыр жүкті
Көтеріп келе жатсыз мұқалмастан,
Көкшенің күзетшісі секілденіп,
Отырсыз орныңызда табжылмастан,
Жетпіске келдің үлкен абыроймен
Алғыс алып еліңнен, кәрі-жастан!
Қарт қыран тұғырдағы қарайды алға,
Ой жіберіп жаңа жыл, жаңа айларға,
Есағаң қаламына риза шығар
Абылай, Кенесары, Қанайлар да,
Шарболаттай шыныққан шымыр аға
"Медетің" медет болды талайларға,
Ойыңның оты менен жан шуағың
Үзілмей келешекте тарайды алға!
Туса егер тарих жайлы тосын сұрақ,
Есағаң жазар бәрін ашыңқырап,
Өткендердің жанында жүргендей боп,
Қиялдан да жібереді қосыңқырап!
Естілер аз болған ғой қай кезде де,
Қадірі білінбейді жай көздерге,
Қағидамен жүретін тікбақайлар,
Оларды ұқсатады айкезбеге,
Біреулер жүрсе дүние-қоңыз теріп,
Сен жүрдің шежіре мен аңыз теріп,
Еңбегің еліңе әбден жаққаннан соң

Отырмыз мемлекеттік маңыз беріп!
Құттықтап Көкшедегі данышпанды
Алматы сәлем айтты алыстағы,
Жазушы аға Қабышев Ғаббас кепті,
Есағанмен жанымен табысқан-ды,
Әбілмәжін Жұмабаев аға кепті
Танитын тереңдегі ағыстарды,
Жетіпті Көкшетауға Сәкен аға
Даланы дүбірлеткен шабыстары,
Ғабиден Құлахметов дана кепті,
Екі бүктей салатын алысқанды!
Сырыңды ақсақалды атай ұққан,
Жырыңды ақ жаулықты апай ұққан,
Назарбаев құрметті атақ берді,
Есаға, хабар жоқ па Ақаевтан?!
Есаға, мақтағанға бөсіп кетпе,
Дұшпаның күндегенге өшіп кетпе,
Тойымда бір машина бермедің деп,
Өкпелеп Алатауға көшіп кетпе!
Жырладың жаныңменен ізгілікті,
Отыңмен жеңе білдің ызғырықты,
Өзіңе Гүлжәмиланы жолықтырып
Махаббат айдынында жүздіріпті,
Өмірлік серік болған ақ жеңешем
Жетпісте де жаныңда қыз қылықты,
Биыл қыс Көкшетауда қиын болып
Тондырып, Есағанды мұз қылыпты,
Қызуы домна пештей ақ жеңешем
Есағанды ақылымен бәрін қосып,
Бауырына басып алып қыздырыпты!
Қажымай, ел жұртыңның қамын ойлап,
Немере, шөбереніз гүлдей жайнап,
Жасай бер жүзге дейін, Естай аға,
Жарасып, жеңгемізбен күліп-ойнап,
Мерейің өсе берсін туған елім
Дарынды ұл-қызыңның тойын тойлап!

* * *

Есмағамбет Ысмайыловтың 80 жылдығында айтылған өлеңнен: (Шортан, Мәдениет ауылы, 1990 ж.)

Тарихын әдебиеттің терең қазған,
Тағдырын ақындардың зерттеп жазған,
Із-тозсыз жоғалатын қазынаны
Інжу-маржан секілді аршып алған,
Қазақтың ғұламасы Есмағамбет
Мұра боп ұрпақтарға хаты қалған!

* * *

Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығына арналған айтыста: (Қостанай, қыркүйек, 1998 ж.)

Құтыла алмай құрсаудан,
Заманда қазақ қысылған,
Ақылмен Ахаң жол нұсқап
Білім мен ғылым ұсынған,
Ұйқыдағы даланы
Оятуды ойланып,
Мысалдап "Маса" ұшырған,
Ұлылығын Ахаңның
Танып отыр бүгінде
Орыс, түрік, басқа да
Кәуір менен мұсылман!

* * *

"Мыңжылдық—Астана—Думан" бағдарламасы аясында өткізілген "Айтыстың сағындырған саңлағы" атты айтыста Шығыс қазақстандық Егеухан Мұхамедқызымен айтысқанда: (Астана, 25 желтоқсан, 1999 ж.)

Алты Алаш қанық Көкен есіміне,
Бөлек еді бітімі, кесімі де,

Домбыра мен мылтықты қатар ұстап
Фашисті қуып тыққан тесігіне,
Асайынов Мұсамен қол ұстасып
Аттанған жыр мерейін өсіруге,
Мыңжылдыққа бір аттам жетпей кетсе
Тағдырдың амал бар ма шешіміне,
Алаштың ақсақалы сәби болып,
Бөленді Жер-Ананың бесігіне,
Бақиға кетті аттанып оразада
Ол жақтың жюрилері жәбір қылмас,
Жіберер тура жұмақ есігіне!

Ат бола ма дүбірсіз,
Ел бола ма түбірсіз,
Дүбірлі дүлдүл Көкенім
Түбірлі жерден жаралған,
Ақан сері, Біржан сал
Арасынан таралған!
Асқар таудай тұлғасы,
Асыл сөздің тұнбасы,
Ақ сақалы желбіреп,
Ет жүрегі елжіреп,
"Айналайын балам," - деп,
Арқаңнан қағып жүретін
Қадірлі Көкен ағаң жоқ,
Өткүнші фәни жалғанда,
Атамыз қазақ айтқан ғой
Болаттай бол деп болғанға,
Жаратқан жаббар құдайым
Иман берсін Көкенге,
Береке берсін қалғанға!

Көнеден үн келеді үілдеген,
Қазақтың жүрегі оған дірілдеген,
Ескі жыр, көне сарын үзілген жоқ

Ғасырда темір-терсек гүрілдеген,
Атадан қалған асыл сөз бен әуен
Көкеннің кеудесінде күмбірлеген,
Көкендей қарияларға мың рахмет
Үшқынын ұлы өнердің сөндірмеген!

* * *

Қалихан, Манап, Көпбай, Көкендерден
Үлгі алып, ұлы өнерді бекемдеген,
Саңлақтар сағындырған әлі сапта
Кім оларды "списайт" етем деген?!

* * *

Жыршылар жұрт алдында ағындады*,
Батырдың қағылғандай дабылдары,
Мың жылдың жырын тыңдап, құрметтейтін
Жүз қазақ Астанадан табылмады!
Сөйлейді ақын шындықты шарайна ғып,
Ағайын іс қылайық мың ойланып,
Миллениум, миллениум деп билеп жүріп
Кетіпті бастықтардың миы айналып!
Сөзімді менің дұрыс ұғар ма екен,
Ұқса егер, бір нәтиже шығар ма екен?
Астана батырлардың жырына емес,
Басқалардың жынына құмар ма екен?!

* * *

Атасын іздеп балдар күрсінеді.
Бәйтерек құлағанмен бүршік өнді,
Өмірден Көкен ата озған күні
Өнерге Дидар бала жыршы келді,
"Алпамысты" жатқа айтқан он бір жасар
Балаға ағалары сүйсінеді!

* Әңгіме бір күн бұрын өткен жыршылар фестивалі жөнінде.

* * *

Қазақтың бір-біріне бәрі бауыр,
Сүйеніш, пана болған соқса дауыл,
Бұл күнде алты алашым ала-құла,
Бірі тәуір болғанда, бірі жауыр,
Астана жалт-жұлт етіп жарқырап тұр
Жартылай қирап бітті біздің ауыл!

* * *

Республика күніне арналған салтанатта айтылған өлең:(Көкшетау, 24 қазан, 1995 ж.)

Тарихта не көрмедің қайран далам?!
Ел болмас өткен күнін ойға алмаған,
Жабылып орыс, қытай, қалмақ, монғол
Даланың ой мен қырын ойрандаған,
Құтылдың тәуелділік тырнағынан
Төбеңнен төрт-бес ғасыр тарбаңдаған,
Азаттық тойың құтты болсын, халқым
Қан кешіп ата-бабаң армандаған!

Шүкірлік қылам аллаға
Атыстырмай ешкіммен,
Шабыстырмай ешкіммен
Азаттық бізге берді деп!
Азаматтар ұрандап
Ел дегенде елжіреп,
Аспан таудың ар жағы
Дастан таудың бер жағы,
Көк аспанның астында
Көк мұхиттың төрінде,
Америка жерінде,
Көк байрағың желбіреп,
Әйгілеп тұр ғой әлемге
Қазақтың елі келді деп!
Біріккен Ұлттар Ұйымы

Мінбесінен бүгінде
Адамзатқа тілегін
Арнайтұғын ел болдық,
Ядролық бомбаны
Жармайтұғын ел болдық,
Ұлы Абайға той жасап
Адамзат пен даланы
Жалғайтұғын ел болдық,
Құшақтасып далада
Бірге жүрген орыспен
Ғарышқа да бірлесіп
Самғайтұғын ел болдық,
Айлап, жылдап бірақ та
Пенсия мен айлығын
Алмайтұғын ел болдық,
Газеті мен журналы
Сорлап жатқан ауылға
Бармайтұғын ел болдық,
Жүз долларға сатылып
Бірімізді біріміз
Алдайтұғын ел болдық,
Көсемдердің сөзіне
Нанбайтұғын ел болдық,
Бәрін айт та бірін айт
Жұма сайын депутат
Сайлайтұғын ел болдық!

Депутат сайланарда дей бастайды
Сайланып алғаннан соң жей бастайды,
Депутат па, жоқ әлде жепутат па,
Білмеймін, қайсы қалай ел бастайды?
Депутат өзгеріпті сенатор боп,
Сенейік көп жақсылық келатыр деп,
Күні ертең естімейік депутаттан
Қалған елді сенатор жепатыр деп!

Айналайын ағайын
Бұл сайлауға барайық,

Көп кандидат ішінен
Біреуін таңдап аларсың
Көңілің соғып жаратып,
Бюллетенін салайық
Ағаларға санатып,
Жаман болып бара жатса
Өзер болса Нүрекен
Жіберер қайта таратып!
Көп алдында сөйлесек
Ағындайтын ел болдық,
Баласына басқа ұлттың
Тарылмайтын ел болдық,
Капиталын шетелдің
Қабылдайтын ел болдық,
Халық жүдеп жатқанда
Жұма сайын той жасап
Мыңдап малды сойдырып
Даланың бетін ет қылып
Вагонда арақ төктіріп
Дарылдайтын ел болдық,
Шүкіршілік, әйтеуір,
Мәймөңкелеп Мәскеуге
Жағынбайтын ел болдық,
Бір алладан басқаға
Бағынбайтын ел болдық!
Айналайын, туған ел,
Ағын судай тасарсың,
Талай белден асарсың,
Адамзатқа ақ тілек
Әлі талай қосарсың,
Бәрін айт та, бірін айт,
Жалаңаяқ жүрсек те
Әлемнің бар алтынына
Сатылмайтын, сатпайтын
Қазақтығым жасасын,
Азаттығым жасасын!!!

Әңгімелер

Бос бөшке

Ауылдың асханасына үлкен темір бөшке әкелген бөшкедей жігіт анадайда кетіп бара жатқан құрдасына бір ысқырды да, ол келгенше "бөшке әкелдім" деп даңғыр-даңғыр етіп, алты бүйрөшке, екі кесе компотпен "жуғызып" та үлгерді.

Екеулеп бөшкені түсіргесін кетуге оқталған.

— Есіктің алдына домалата сап кете бересің бе, ей? Тым болмаса жаңағы жеген алты бүйрөшкенің жартысын ақтап, кіргізіп беріп кетпейсің бе?— деп қажады құрдасы.

— Маған ешкім өйт деген жоқ,- деді мынау сасқалақтап.— Апарып тастай сал деген. Айтса бір сәрі, айтпағасын ұят қой... Жүр, одан да сені үйіңе апарып тастай салайын.

Күздің қара суығында бос бөшке елдің зәресін ала гүлдеп, асхананың алдында бір түнеп шықты. Гамақ ішуге келгендер оны әрі-бері айналдырып, кейбіреуі бір теуіп көріп, айналып өте берді.

Ертеңіне асхананың бас ханымы совхоз директорының орынбасарына телефон соқты. "Осылай

да осылай, бөшкені кіргізіп, орнатып беріңіз." Орынбасар қазақша құлаққағыстың күні баяғыда өткендігін, соны әлі күнге білмей жүрген адамға асхананы басқартудан бастарту керек шығарлығын кәдімгідей көсіле толғап барып, қазақшаны қойып, қағазша ғарыз қылмаса, күні қараң екендігін ұғындырды.

Арыз қолына тиген соң, арқаны кеңге салудың күні өткенін жадына мықтап тоқып алған орынбасар бұл мәселені жылдам шешуге кірісті. Бастыққа кіріп, бос бөшкенің бір күн босқа тұруының өзі бәз біреулердің босандығын көрсететінін дәлелдеді. "Бос нәрсенің бәрі толтырылуға тиіс,"- деп, директор арызға қол қойып берді.

Орынбасар телефонды бір сағат бұрап-бұрап, прорабты таба алмаған соң, "бұлайша канторда отыра берсем, бюрократтар қатарына қосылып кетермін,"- деп, құрылысқа балпаңдап өзі келді.

Прораб бос бөшкені бос орынға орналастырып, су толтыруға құрылысшылардың қолы бос еместігін, жылына жиырма пәтер салуға жанталасып жатқанда, бос бөшкеге босқа уақыт кетірудің өзі бос әуре екендігін достық әзілмен түсіндіріп-ақ көріп еді, еңбегі босқа кетті.

— Бос сөзді доғар!- деді орынбасар.- Басқа-басқа, бостан-босқа басты ауыртпайық. Арыз бар, бұйрық бар, бітті, орындау керек. Әлде сен директорға да бағынбайсың ба?

Орынбасар әдетінше оп-оңай жерден одақтас тауып алып, әжептәуір бола қалды.

— Директорға бәріміз де бағынамыз ғой, бірақ бос бөшкеге бола ол кісінің онсыз да бос емес басын босқа ауыртып қайтеміз?- деп, прораб та жоқ жерден жол тауып кетті.- Қатындар да қызық, күнде тамақ ішіп жатқан пәленбай адамның бір-екеуіне қойғызып алмай ма? Әйтпесе, өздері -ақ...

– Жоқ, болмайды,- деді орынбасар.- Ол аяқсыздық. Қазір барлық жерде хозрашшот. Бос бөшке тамақ ішетіндердің де, қатындардың да есебіне кірмейді. Екіншіден, бірдеңе істелген соң, оған бірдеңе төленуі керек қой. Бос бөшкені орнына қойғаны үшін біз кімге төлейміз? Далада жатқан дүние жоқ, дабай, кісінді бөл де, нәрәтінді жаз!

Прораб шарт ете түсті. Екеуі ерегесіп тарады.

– Мына прорабың бізді онша тыңдағысы келмейді ғой деймін,- деп, орынбасар бос бөшке туралы бос мөлімдемесін нақты мағынаға толтыра аяқтағанда, директор қаһарына мінді.

– Әкел бері... прорабты!

Өстіп бос бөшкенің даңғыр-дұңғыры күшеюге лайықталды. Орынбасар бастаған бір топ адам жан-жақтан жабыла іздеп, прорабты зорға тауып, директорға әрең әкелді. Олардың әңгімелері бос бөшкені таяқпен ұрғанмен бірдей болды. Ақыры, босқа ерегесе берсе, оның босап қалатынын түсінген прораб жақсылықпен қол қойды.

Ертеңіне ол директорға көңілді келіп: "Түнде біреулер бөшкені тесіп кетіпті. Шұрқ-шұрқ. Сваркілемесе түкке жарамайды енді. Әкелген бетте кіргізе салатын кісілер ғой,"- деді ызалы қуанышын жасыра алмай. "Балалар ғой. Брюс Лиді көріп-көріп, темір тесіп жаттығып жүрген"- десті біреулер. "Саусағымен темір тесетін Брюс Ли емес, Брюс Лай деген басқа әртіс,"- деп, екіншілері оларды түзетіп еді, күңфу мен каратэнің айналасында дау бүрқ ете түсті. Әйтеуір, ешқайсысының бұл күрестерді жөнді білмейтіні абырой болды. У-шу болып, танланцюань, кекусинкай, дзю-дзюцу, дзюдо, нят-нам, силат, хапкидо, айкидоны айыздары қанғанша айтып-айтып, бір білгіш бұның бәрінің түп-тамыры үндінің каларипляту деген күресі екеніне тоқталып, ақырында тікелей таэквондоға түскенде тіпті құтырып кетті.

Сөзге таласып- тармасқандары сондай, тыпыр-тыпыр етіп, тебісіп қала жаздады. Тыпырлатқан — Мұстафа Өзгүрік.

— Табанды жігіт деп соны айт!

— Біз қалай білмей келгенбіз?

— Неге?

— Дүниені табанымен таң қалдырған тарлан өзіне жабылған тоғыз каратэшіні бір тепкенде талдырып тастапты.

— Тепкіш екен. Тоғызы түгілі, тоқсанына да бой бермейтін шығар!

— Сүйтеді, бүйтеді,- десті, "Өзін бір тебеген айғырмен тебістіріп көрер ме еді?!"- деп, қиялдағандар да болды.

— Айтқандайын ол Көкшетауға келіпті ғой.

— Е-е, келсе немене... Сенің темір бөшкеңді сол теуіп, тесіп кетіп пе?

— Жоға, оны қайтсін ол. Жазда рас келіпті. Обкомда отырғанда, ЦК-ның бір адамы, өзі дәу дейді, "бір әдісінді көрсетші!"- деп, қоймапты. Содан Мұстафа ақырды дейді. Ақырғанда жұрттың бәрі жапырылып жата қала жаздады дейді. Не істегенін ешкім де байқамай қалыпты, қанша көз алмай аңдыса да. Ал, әлгі дәуің допша домалап кетті дейді.

— Ұр деп несі бар енді? Сол керек оған.

— Жәй ақырын ұрған ғой, әйтпесе бос бөшке құсап тесілетін де қалатын еді.

— Әй, кім тесті екен,ә?- десіп, қайтадан бөшкеге көшті.

— Кім болса да осал емес, Мұстафаға қосып қоятын екен өзін.

— Жоға, қол-аяғымен темір бөшкеңі тесетін адам жоқ ауылда. Біреу темірмен ұрып, әдейі істеген ғой.

— Жарайды, бос сөз бөшке болмайды. Тез оңдап, орнына қойыңдар...

Таңертең орынбасар директорға алқынып келіп: "Бөшкені біреу алып кетіпті!" - деді.

— Қалай?

— Солай! Кеше күні бойы әуре болып, тесігін бәрін бекітіп, қатырып қойған жігіттер. Таңертең орнатамыз деп кеткенбіз, келсек жоқ.

— Іздендер!- деп зілденді директор.

"Апырмай, жаман бөшкеге дейін жоғалатын заман тұғасын қайтесің?" - деп, қайран ауыл алды-артына бір қарап, етек-жеңін қымтауды тағы да бір ойлап қойды...

— Табуын таптық-ау,- деді директорға екі күннен кейін орынбасар.— Бірақ, бүйтіп табылғаны бар болсын!

— Е-е?! Неге?

— Қып-қызыл шатақ!- Қызыл шырайлы орынбасар бұл жолы бозғылттау еді. — Шермәш Қаматай алыпты.

— Жетістірдің!

Шермәш Қаматай алса шаруа қиын: ол — бірінші хатшының қайнағасы. Қайнағамен ойнаманың нақ өзі. Қиқуы күшті қияңқы кісі, күйеу баласын арқаланып, бас-көзге қарамай, белден басып жүре береді. Көбінесе шермәштің қойқаңдаулары мен қиқаңдауларын "жындыға сот жоқ" деген қағидаға сыйғызып, бәрі де одан аулағырақ жүруге тырысатын.

— Енді қайттік?

Орынбасардың орағыта сөйлегені директордың денсаулығына жаман әсер етті. Қайдағы бір Қаматай көпшіліктің бөшкесін бұлардың көзін бақырайтып тұрып тартып алып, қорасына орнатып қойса, бұлар оны қайтаруға қаймықса, көпшілік не дейді? Қайнағалығы өзіне, кім-кімге қайнаға болмай жатыр? Оу, біріншінің қайнағасы бүкіл ауданның қайнағасы емес қой. Неге сонша басынады елді? Қайнағаға деген

ызасы ақырындап оны тайрандатып қойған күйеу балаға қарай ауып, ішінен: "Әй, осыларды-ай!- деп барып басылды. — Қой, болмас!"

— Селсебет екеуің Қаматайға барып түсіндіріңдер. Ұят болады, қайтарсын!- деді қатқыл үнмен.

Шермәш Қаматай жаңа бөшкесінің жанында шемішке шағып отыр екен, екеуіне екі уыс шемішке берді де: "Осы тойғандарыңмен барыңдар!"- деді. Орынбасар орынды сөйлеп келе жатыр еді, Қаматай бөшкеден бір ожау су алып, сүйсіне сімірді де: "Уһ! Оңды болды ғой!"- деп, бөшкені алақанымен қағып-қағып қойды. Екеуінің дымы құрып қайқайды.

Келесі топқа да төтеп берді шермәш Қаматай. "Жазығым суға толтырғаным ба? Төбелессендер де бермеймін!"- деп, күрегіне сүйеніп тұрып алды. Бос бөшке болса болды, оны оқ-дәріге толтыра салу кісілерге 'оп-оңай ғой. Іс насырға шабуға айналды. Орынбасар орағытып, прораб туралап, қалайда бөшкені алатындарын, алмай қоймайтындарын, үкімет — заң бар екенін үйіп-төгіп ұғындыруға кірісіп еді, шермәш Қаматай күрегімен темір бөшкені бір перді.

— Пәлен күн бостан-босқа далада жатқан нәрсе енді керек боп қалды ма, ей?!

— Далада жата ма, қорада жата ма, қоғам мүлкінде неңіз бар? Ұрлап әкеліп отырсыз әрі-беріден соң.

Кеңселіктер еңселеніп, ентелеуге айналып еді, шермәш Қаматай қыңған жоқ.

— Қалай әкелгенімде жұмыстарың болмасын! Қоғамшыл болсаң ие бол уағында. Мен де қоғамның мүшесімін. Бөшке менің қорамда тұр ма, енді менікі. Қазір демократия — сендерден ешкім де қорықпайды. Жақсылықпен кете қойыңдар. Әйтпесе қора-қопсымды, үй-мүлкімді сендерден қорғай бастаймын!

Қаны қайнап кеткен шермәш Қаматай күрегінің ыңғайлай бастаған соң, кеңселіктер кеңесуге де үлгермей шегіншектей берді...

Кеңсеге келген соң бәрі бір ауыздан:

– Енді шегінетін жер жоқ. Принцип!- десті де, прокурорға телефон соқты.

Бұл кезде шермәш Қаматай телефонмен қарындасына айқайды салып жатқан...

Содан кейін тыныш болды. Біраз уақыттан соң асханаға басқа бөшке әкеліп, орынбасар өз қолымен орнатты. Шермәш Қаматай су ішкен сайын: "Қазір демократия – қалғанын ұрғаным бар!"- деп шыртыртып түкіріп, бөшкесін алақанымен қағып-қағып қоятын көрінеді.

1990 жыл

Жынды Қаратайдың қасіреті

Шермәш Қаматайдың бөшке қуған бастықтарды шемішкедей шаққаны сан-саққа жүгіріп, шартарапқа жайылды. Жағы талмай, жалықпай жарысқан жалауыздардың жүйріктері: "Қаматай қаны қайнағанда қарындасымен қоса райком күйеу баласын да өкіртіп алыпты. Содан кейін райком барлығын бұрап-бұрап, мыштай қылыпты. Ер ғой Қаматай! "Күрекпен қуғаны дұрыс болған. Е-е, "Отан от басынан басталады", бәлем төресымақтарға сол керек!"- десіп, оны әділет жолындағы күрескер, ел қорғаған батыр, бастықтардың бастығы, ауданның қожайыны деп шығарған. Дүңкілдеген дақпырт шермәш Қаматайды дөңкітіп, құтырта түсті. Кейбіреулер көлігінен түсіп сәлем бергенге семіргені сондай, бастық көрсе боқтағысы келіп тұратын болды.

Шермәш Қаматайдың хан көтерілгені жынды

Қаратайдың қанын көтерді. "Осы елдің бетке ұстар тентегі, ең жындысы өзім, менен асқан қиянқы, менен өткен жынды жоқ!" - деп, талтүсте телпегін аспанға атып жүрген сабазың сабасына түсе алмай сақылдады. Бұл тұрғанда Қаматайлар да жындымын дейді-ау ұялмай! Әйтеуір шермәш аты бар демесең, бұның жанында ол қой аузынан шөп алмайтын момын емес пе? Баяғыда... бөртіп жүрген бозбала кездері... Тассудың бір сақа тентегі Қаматайды "айналайындап" қоймады. Маяның түбінде ішіп тұрған, топ болып. "Үй, айналайын сол... әлгі кімнің баласымын де... Көткеншек жүргенінде аузыңа түкіріп едім... Әкең екеуміз ішіп отырғанбыз... иә... Міне... аумай өзіме тартыпсың! Кел, менің түкірігім үшін алып қояйық!" - дегенде, осы Қаматайың қып-қызыл боп, дымын шығаруға шамасы келмей қағып салған. Сонда оның намысын жыртып, Тассудың тентегін Теренқұдыққа қарай қуып тастаған Қаратай еді ғой. "Әп-әдемі баланың аузына түкіріп, неге бұзасың, ей?!" - деп, әкесіндей кісінің әкесін танытып жібергені аңызға айналмап па еді?! Қаматайың қалқиып тұруға жараған әйтеуір қасында... Енді міне... бүкіл елді шулатып... Адамның бағы көтерілейін десе оп-оңай екен ғой, ө?!

— Менен де өткен жынды ма, ей, шынымен?!

Арқырап, сарқырап, ақыры бір керемет ақыл тапты Қаратай. "Менің жыным оның жынының енесін ұрып жібереді. Барайын да, жынын қағып алайын. Көрсін көпшілік... кімнің кім екенін!"

Шермәш Қаматай екі баласымен қызыл арақ ішіп отыр екен, жынды Қаратайды қабағы ісіңкіреп қарсы алды. Қаратай Қаматайдың қол ұшын қысыңқырап жіберіп, отырар-отырмастан төбелесті бастап кетуді бір ойлаған. Бірақ, мыналардың күшті боп тұрғандарын байқады да, өзін-өзі басты.

– Айдап жібер!- деді Қаматай, айғыр стаканды толтыра құйып.

– Қаматай басыңмен сасық қызылға қор болып отыр екенсің ғой!- деп, қағытты бұл, Қаратай басымен қағып салғаны ештеңе еместей.

– Қазір ақ-қызыл дейтін заман қайда! Қолға түскенін қыртылдатпай іше беру керек қой!- Қаматай қодырайды. –Осының өзін райпатребсайузды боқтап-боқтап, зорға алсам...

– Өз төрінде өзі талтайып отырып-ап... қарай гөр мынаны! Қашаннан бері менің бетіме қарап сөйлейтін боп қалғансың, ей?

– Е, е, сен кім едің сонша, бетіңе қарап сөйлемейтін? Сен түгілі, сенен зорлардың бетін тіліп жібергенбіз – оны бүкіл ел біледі. Менен асқан ерлігің болса айт, қане, әйтпесе, қоя ғой жақсы- лықпен. Бұрынғы-бұрынғы, ал қазір менің жолым үлкен... сенен!

Қаратайдың қаны қайнап кетіп, Қаматайды кеңірдектен ала кетуге оқтала бергенде, оның екі баласы екі иығынан басып отырғызып қойды.

– Қазір ол – нөмір адин! Сен қалдың, шал, ренжіме!

– Саған екінші де пайдет. Оған да жете алмай жүргендер бар,- деп, кішісі қосарланды.

Қаратай қызылды қан ішкендей тұншығып отырып ішті. Өзі сияқты жынды болмаған балаларын аямай боқтады ішінен. Жынды болса ғой, ертіп келіп сөйлесер еді мыналармен...

– Бір кезде арағымды тасып жүруші едің, енді өзіңше кісі боп қалған екенсің?- деді біраздасын.

– Бір кез, мір кезді қайтесің? Әр нәрсе өз кезінде,- деп, Қаматай тағы қағып тастады.– Неменеңе мәз боласың, ол кезде де қиратқаның шамалы ғой. Ал қазір тіпті қалдың... Түнеукүні опырабләйіштарың

құлыптың экранын кесіп алыпты ғой... мәшнесіне салуға. Сонда қайда қалдың, ер болсаң?!

— Е,е, онда нем бар? Экраның әйбәт көрінеді - мәшнәнің ішін сәндеуге...

— Уот, сенің осы қалғаның қалған! Бетон бет бастығың бір ауылдың қызықтап отырған нәрсесін кесіп алады. Сен онда нем бар дейсің. Елдің бетіне түкіргенмен бірдей ғой,ей! Сенің орнында мен болсам, опырабләйішті сол экранға орап, президентке салып жіберер едім - мынадай самодурларыңды жөнде деп!

Қаратай қайнаған қанына тұншығып, тырп ете алмай біраз отырды. Дәл қазір Қаматайды екі баласымен бірге бауыздап, опырабләйішті мәшнәсімен қоса өртеп жіберуге бар еді.

Қаматайдың үлкені қызылдан құя бергенде, жарылды Қаратай.

— Қысқарт! Мен — Қаратаймын! Жындылардың ең зорымын! Менен өткен жынды жоқ!

Құлаштай-құлаштай соқты үстелді. Стақандар секіріп-секіріп кетті, шоршыған шөлмекті Қаматай іліп алып, ішінде қалғанын аузынан қылқылдатып сіміріп салды да, Қаратайдың бетіне қарап:

— Уһ! Менен асқан жеріңде айтарсың!- деді.

Бір-бірінің түгін қоймай боқтап, қырылысып қала жаздаған екеуін екі жігіт зорға айырып, жынды Қаратайдан өздері дегенде құтылды.

Құтырынған Қаратайдың құлағынан Қаматайдың: "Менен асқан жеріңде айтарсың!"- деген сөзі кетпей қойды. "Жалғанда не көп — жынды көп, бірақ өзімнен асқаны жоқ, мен — бәрінің бастығымын!"- деп, баяғысын малданып жүргенде алданып жүрген екен ғой бұл. Бақса, басқалар босқа қарап жатпай, бас-басына бастық боп кетіпті. Ағағы жер жарып, жалына қол апартпай, адырандап отырған Қаматайың анау. Енді не қалды Қаратайға? Бір-ақ мақсат, бір-ақ арман — қайткенде де барлық жұрттан жындылығын асыру!

"Асырамын! Асырмай қоймаймын!"- деп, қалш-қалш еткен Қаратай әуелде дүниені төңкеретін болған. Түн ортасы ауа талқандаудан талқылауға түсіп, бір түйінге табан тірей алмай, таң алдында талықсып барып, бір-ақ тынды. Түсінде қиратып шықты. Айықпас ауруы осыдан басталды – жындылығын қалай асырмақ? Ауызға бәрі оңай, ал жеме-жемге келгенде қайтпек керек?

Аяқ астынан бұл сұрақ Қаратай өмірінің өзегіне айналды. "Мүмкін мен осы үшін өмір сүріп келген шығармын!"- деп ойлады ол, өнебойы дір-дір етіп, таңертеңгі шайын зорға ішіп отырғанда. – Сондықтан асып-саспай, әбден өлшеп-пішіп барып, бір-ақ кесуім керек!"

Өмірінің енді табылған мәнін мәңгілік өнеге, мәңгілік өлшем ғып қалдырмақ болды адамзатқа. Ол үшін опырабләйішті канторында атып тастауды бір ойлады. Бірақ, бүкіл адамзатқа өнеге қылуға опырабләйіш олқы соқты. Ол түгілі деректірің де дым емес қой. Иә, басқа жұрт президент, премьерлерді атып жатқанда, Қаратай басымен опырабләйіш, деректір атып жүргені ұят қой тіпті. Уот, егер опырабләйіштан бастап, бүкіл бастық атаулыны тізіп қойып: "Пәленбай жыл бойы халықты алдап, басынып, қанын сорып келгендерің үшін!"- деп, қалпақтай түсірсе, Қаматайың да, басқасы да далада қалар еді. Ойхой, оған опырма мылтығының оғы жетер ме, "мә, ата ғой, Қаратай, өзімізге де сол керек,"-деп, олар карап тұрар ма?

Баяғыда осы елде бір Досжан деген кісі өтіпті. Кісі өлтірген екен. Әлгіні бүкіл ел боп жабылып, ұстамақ болады. Қолында қылышы бар, қорасын жауып бекініп алыпты. Жұрт қораны бұзуға айналады. Ауылнай:

– Әй, өзің беріл, әйтпесе мен қораға түсемін де, сені ұстап аламын,-дейді...

— Түсіп көр — өлтіремін,- дейді бұл. Ақыры ауылнай қораның ішіне секіріп түседі. Екеуі екі бұрышта аңдысып тұрды дейді, "Мен сені қазір ұстап аламын,"- дейді ауылнай. "Осыдан жақындап көр, басыңды кесіп аламын"- дейді Досжан. "Мә, кесіп алшы қане, көрейін сені,"- деп ауылнай жетіп барғанда, кесіп алды дейді. Содан жұрт қораны қиратып, әлгіні ұстайды. Сотта сұрапты: "Әй, бұрынғың- бұрынғы, жазықсыздан жазықсыз ауылнайдың басын неге кестің?" Сонда: "Мен кеспе деген басты кескен Досжан емеспін бе, өзі кес деп тұрғанда, қалай кеспеймін?!"- деп, күңіреніп кете барды дейді. "Өйтіп келіп тұрса, бір-бірлеп алып тастай беретін бастар көп қой,"- деп күрсініп қойды жыңды Қаратай. Бірақ оған кім көнсін, тиісіп көрші, қып-қызыл майдан, төңкеріс болсын аяғы — онымен немді қиратып, кімнен аспақсың қазір?! Ары-бері ойланып, ақырында кісі ату жағынан жұрттан асып түсе алмасына көзі жеткесін, райынан қайтты.

"Жарайды, бұны қойдың дейік, бірақ жыңдылықтың түрі көп емес пе?!"- деп жол айырығында тұрған ертегінің батырларындай буырқанды, шылымын бүрк-бүрк еткізіп. Қиналған жері де осы еді. Жыңдылықтың көкесі не, сонда? Егер жер жер болғалы, ел ел болғалы ешкімнің қолынан келмеген, қолынан келмек түгілі, үш ұйықтаса түсіне кірмеген жыңдылықтың көкесін көрсетсе көпшілікке — Қаратай Қаратайлығын ақтар еді. Иә, ақыры кіріскесін сөйту керек, әйтпесе ауыл арасының Қаматайы кімге дәрі? Одан асып түсу сөз боп па Қаратайға? Бірақ, әйтеуір қасымдағылардан ассам болды, ағайын мен ауылдастарым өзімнен артып кетпесе екен дейтін анау-мынау жаман қазақ емес, аты шулы жыңды Қаратай ғой бұл. Бұған бүкіл әлемнің алдын әкел — басқа әңгіме жоқ!

Ал бүкіл әлемнің алды, ең жындысы болу үшін не істеуі керек?! Күзгі салқынмен жабысқан сырқат сұрақтың дауасын жынды Қаратай көктемнің көк салпағына дейін жанын қоярға жер таппай жүріп іздеді. Аман-сауында пенсияға шығып алғаны оңды болған екен, әйтеуір үйде ғой. Қақаған қыста сықыр-сықыр етіп мал жайлап жүріп, жер жүзін шарлап кетеді — әбден қияли боп алды. Мұндайда өзінің не істеп, не қойғанын білмей де қалған кездері бар. Құдық басынан көршісінің сиырын қуып әкеліп қорасына байлап қойып, жұртты бір әуре қылған. Байқамай шатастырды деуге келмейді, бұныкі ала, оныкі қызыл. "Алпысқа келгеннен ақыл сұраймыз ба десек, әлден алжып жатыр ғой," - десіп, ауыл боп күлген. Бұның басындағы ұлы ақылдан бейхабар болғасын қайтсін, байғұстар. "Атың шықпаса жер өрте" деуші еді... Жер өртеп кімнен аспақ — дүниенің жартысы жанып жатқанда? Онша көп ойлана бермейтін кісі ой түбіне бір түссе, шығуы қиын екен — омыртқада, жиын-тойда ойнап-күліп, рахаттанып ет жеуден де қалды. "Қазы-қартаға қасқырдай шабатын қайран Қаратай, енді мұндай халге жеттің бе?" - дегенді айтпаса да, көздерінен байқатып, ауылдастары мүсіркейтін. Бірақ, оны елең ғып жатқан Қаратай ма, тіпті: "Бір жерің ауырып жүрген жоқ па?" - деп, асты-үстіне түсіп, бәйек болған әйеліне де тіс жарған жоқ. Әншейінде әп-сәтте жайлай салатын малдың соңында күн ұзаққа жүріп алатынды шығарды. "Осы боқтан шыға алмай қалдым ғой, әйтпесе көрер едім" - деп, қайнап-қайнап, әрең басылатын. Бір күні өстіп боқ күреп жатқанында ала бұқалақ артқы аяғын сілкіп қалып, Қаратайдың санына сарт еткізді. Санын сипап-сипап тұрды да, Қаратай айғайлап боқтап, ала бұқалақты іштен бір тепті. Жұлқынып-жұлқынып, босай алмаған бұқалақ аяғын тағы серпіп-серпіп жібергенде, Қаратайдың

екінші санына тиді. "Тіземге тисе қайтесің, ей?" - деп, күйіп кеткен Қаратай да бұқалақты сирағынан теуіп-теуіп жіберді. Сол-ақ екен, орғып-орғып кеткен ала бұқалақ бас жібін ағашымен қоса жұлып алды да, өкіріп, иесіне тұра ұмтылды. Аласа, тар қораның ішінде жындылықтан әлем чемпиондығына кандидат, алпыс бір жасар Қаратай мен бір жарым жасар ала бұқалақтың айқасы басталды. Анда-санда кино, телевизордан көргені бар, ауыл балаларының күнде асыр салып тебісіп жатқандарын қызықтағаны бар, жынды Қаратай қол-аяғын тарбитып тұра қалып, ала бұқалақты екі мүйіздің арасынан алақанның қырымен "қи,ә!" - деп перді бар пәрменімен. Жұрт кинода "қи,ә!" - дегенде, қиып түсуші еді, ала бұқалақтың қылы да қисайған жоқ, "саған не болған,ей?" дегендей мөңіреп қойды. Қаратайдың "қи, ә-сі" қиып түспегенімен, "ә-ә-ә" болды, әйтеуір, өмір бойы күрек ұстап, әрі омыртқада жілік соғып жүрген қол ғой, сынбай- шықпай аман қалды. Қолын сілкіп-сілкіп алды да, ала бұқалақты қақ маңдайдан қайқайтып тұрып тепкенде, аяғы тайыңқырап тиіп, өз екпінімен оның үстіне шығып кетті. Анау мойнын бұра көтеріп қалғанда мүйізіне ілініп, далбаң-далбаң етіп тұрды біраз. Амалы құрып, аунап, домалап, аласұрған Қаратай өкіріп-секірген ала бұқалақтың құлағына салды-ау ауызды бір кезде... Қыршып алуға тісі өтпей, долданып, аузына толған қанды жүнді бір түкіріп тастады... Не керек, аянбай алысып-алысып, ақыры оттыққа байлап, "уһ" деп, қол-аяғы дірілдеп отырғанда көршісінің: "Осы сенің кейде ақылың шығып кетеді," - дейтіні есіне түсті. Рас-ау, әйтпесе ала бұқалақты тірідей жұтып жіберсе де, жұрттың қылпығы қисаярма? Алқынып отырып, ақылын түгендеді: түгендеп-түгендеп: "Ала бұқалаққа әлің келмей жүріп, әлемнің алды болған неңді алған?" - деп өзінің түгін қоймады.

"О-о, айналайын ауылдың жынды Қаратайы, келе ғой, оза ғой бәрімізден," - деп, әлем алдын беріп, қарап тұрар саған. Жанталасып, жынданып жатқан дүние жолына көлденең кеп қалсаң, жалмап, жойып жіберуден де тартынбайды-ау, ә? Иә десейші, жалғандағы жындылық атаулының бар жақсысын қолы жеткендер бөліп алып, бізге тек жаман-жұман, кәкір-шүкірі ғана қалғаны ма? Апырмай, бейшара адамдардың жындылығы да бейшара болады екен ғой!" Жынды Қаратай қараңғы түскенше қозғалмастан қиға қарап, қиялға батып отырды. Қиялында қиғылықты салып-ақ бақты, бәрібір адамзаттың жындылықтарынан асып түсетін ештеңе таба алмады. Бірақ, бір керемет жаңалық ашты. Оу, тарихты жасаушылардың бәрі – жынды, бүкіл адамзаттың тарихы жынданудың тарихы екен ғой! Қай уақта болсын, қай жақта болсын, байғұс адам баласы қайтсем басқалардан жынымды асырамын, қуып жетіп, басып озамын деп ақкөбік болып, қанды көбік жұтып жатқаны... Солардың алды неге болмайды Қаратай? Кімнен кем, несі жетіспейді,ә?!

Қаны қайнап кеткен Қаратай: "Қысқарт, мен – Қаратаймын! Менен өткен жынды жоқ!" - деп, оқша атылып, ала бұқалақты әукесінен ала бергенде, есінен танып, етпетінен құлады... Біраздан соң қора жақтың әдеттен тыс тыныштығынан секем алған әйелі аяғын ұшынан басып келіп, сығалап, серейіп жатқан күйеуін көргенде, ойбайды салды. Іңірде үрейлері ұшқан үйдегілер улап-шулап, Қаратайды көтеріп әкеліп, төсекке жатқызды: жиналып қалған маңайдағылар оның мас емес екенін білген соң аңтаң болып, бастарын шайқай-шайқай тарасты...

Сол жығылғаннан Қаратайдың төсек тартып қалғаны елге біраз әңгіме болды. "Құдай сақтаған екен байғұсты, әйтпесе, боқ басында қалды деген сол!" -

десті момындар "Жынды неменің осы жатқаны-жатқан шығар!"- деп, ауа жайылғандар да аз болған жоқ. Өзі туралы жұрттың не дейтінін жорамалдағанымен, онша мән берген жоқ Қаратай. Оның ойы да, ауруы да басқа еді: дәрігерлер ары-бері айналдырып, ауруын анықтай алмай, ақыр аяғында өздерінің басы айналып: "Сізге де, бізге де тыныштық керек,"- деген ақылға келді.

Бірақ, Қаратайға қайдағы тыныштық, жатып алып әлемнің арғы-бергі алдыңғы қатарлы жындыларымен жағаласумен болды. Көңілін сұрап келгендерге сыр бермегенімен, қашанғы шыдасын? Өзі де жарылайын деп жатқанда, көңілі жақын екі туысы келе қалып, жынды Қаратай жанын жайып салды. Ана екеуі не күлерін, не жыларын білмей састы.

— Әй, Қареке, бері қара — сен жендің!- деді біреуі біраздасын.— Сен астың бәрінен! Иә, иә, өзің ойлашы... Бұрынғы-соңғы жындылардың ішінде "қайтсем жындылығымды асырамын,"- деп қиналғаны болмаған шығар, бәрі де дұрыс істеп жүрмін деп ойлаған шығар... Ал енді "қайтсем жұрттан жындылығымды асырамын!"- деп, жынданып кете жаздағаннан асқан жындылық бола ма?

— Иә, сенен өткен жынды жоқ!- деп, қосарланды екінші туысы.

Жынды Қаратай қарғып тұрып, қос туысын қалай құшақтай алғанын сезбей де қалды. Үшеуі де жылап жіберді: Қаратай бейнетінің ақталғанына ақ адал жасын төксе, ана екеуі неге жылағандарын өздері де білген жоқ...

Дефицит

Дүниеде не көп – дефицит көп. Жоқ нәрсенің бәрі дефицит, дефициттің бәрі жоқ, ал қазір жоқтан басқа ештеңе жоқ, қысқасы, бар деген сөздің өзі – дефицит. Дефицитті зәру, қат деп қазақшаламақ болдық, бірақ одан дефицит жойылып кеткен жоқ, қазақтың көбі дефицит немесе деписит деп тақ-тақ етеді. Өйткені аяғында иті бар ғой – депис-ит – сол қызықтырады бізді. Ызасы өткенді "ит" дейтін әдеті ғой қазақтың... Сондықтан, өп-әдемі сөздерімізді қорқылып итпен ит болмай-ақ, деписит дей берейік те. Сол итің құтырған сайын, біз де құтырып барамыз. Дүкенге бірдеме түсе қалса, көзіміз қызарып, қолымыз ұзарып, қырылыса кететініміз рас қой енді. Деписит көбейгелі оңды болды, төбелесуге төселіп алдық, спорттың керегі жоқ, кезекке тұра қалсаң болды, қан таратып, рахаттанып шығасың – денсаулыққа пайдалы бәрінен. Әсіресе, пошта қатын әбден мәстүр боп алды – кунфудың киносына түсірсең де болады. Алғашқы кезде көйлегі жыртылып, көзі көгеріп дегендей, бейшара боп жүретін. Қазір ол келе жатқанда кезектегілер қақ жарылып, жол беріп тұрады. Ондай дәрежем болмағанымен, мен де кара жаяу емеспін: біреуді-біреу біліп болмайтын жанталаста байқамағансып нұқып қалып, шұқып қалып, көтергенсіп тұртіп қалып, талай таныстарымнан өшімді алып жүрмін. Ерегіскен кісімді аңдып жүріп, кезекке бірге тұрамын да, нәрсе алмасам да, өшімді алып шығамын. Неше түрлі қызық болды ғой! Өткенде шлангіге таластық. Өліп-талып, қолыма іліккенін алып шығып, қарасам... қыр-қыр етіп көршім тұр қасымда. Сөйтсем, шлангі деп, кеңірдегін ұстап шығыппын ғой. "Кеңірдегіңе неге ие болмайсың, ей? Суырылып кетсе ғой, жайдан-жай сотталып кететін едім... Сен итің

кесірінен деписиттен құр қалдым!"- деп, кеңірдегін ары қарай итеріңкіреп, нығыздап бердім. Кеңірдек ештеңе емес, кейде одан зоры да түсе береді қолыңа. Әсіресе, әйелдермен тұрғанда қиын. Әйтеуір, бір жақсысы, ондай кезде ешкім кек қылмайды — кезектегінің бәрі кешірімді деген жазылмаған заң бар. Өкімет тарихы мен өшірет тарихы біте қайнасып кеткен кеңес елінің келбеті танылатын кезек хикаяларын кітапқа жазып, киноға түсірсе бар ғой, не бір тамашаға батар едік. Әттең, не керек, қаншама деписит оқиға, қаншама сөз байлығы із-тозсыз желге ұшып кетіп жатыр! Бір жолғы жанталаста пошта қатынның лепшігін жұлып алып шыққаным бар. (Пошта меңгерушісін осылай атап кеткенбіз, жалпы, ауылда үшкөл қатын, лөктір қатын, дегіш қатын, жегіш қатын, монша қатын деген сияқты, қанша қатын болса, сонша ат қоя салу оп-оңай). Үндемей қып-қызыл боп кеткен, кешке күйеуі келіп тұр касемсотпен. "Біржолата дамбалын неге сыпырып алмайсың, ей, сен ит!"- деп, ентелеп, гүрілдетіп-гүрілдетіп қояды. "Саспа, құрдас, осы бетпен кете берсек, біріміздің дамбалымызды біріміз тартып киеміз. Одан да бері кел, лепшікті лепілдетіп, емшекті емдеп жіберейік,"- деп, тракторынан көтеріп түсіріп, бір пашкі махоркі, бір бөтелке өзімқайнатқан беріп, зорға құтылдым. "Жарайды... бірақ дамбалды байқа... кешпеймін,"- деп, касемсотымен қоса қисалаңдап кетті үйіне...

Бірақ, бәрімізден көрші келін мықты боп тұр. Дүкенге нәрсе түскен бетте атасын әп-әдемі ғып киіндіріп, қара сөмкесін қолына ұстатып, жолға сап қоя береді. Атасы әп-әдемі боп кеп тұрғасын, жұрт ішінен ұнатпаса да, жабыла сәлем беріп, "алыңыз, алыңыз,"- дейді. Әне, ақылды келіндер атасын солай қадірлеп ұстайды, өйткені осы күні ең басты деписит —

ардагер шалдар. Баяғыда, шешем қайтқан соң, әкемді бағуды қиынсынып, әрі әйелімнің де еркелігі күшейе бастаған соң, амалын тауып, аудандағы ағам қарай аударып жіберіп едім. Енді ептеп-септеп қайтарып алайын десем, қайда-а, ағам мен жеңгем деписит шалдан айрылар емес. Оңашада үгіттеп көрсем: "Әй, қалада жұма сайын өкімет бізге әйтеуір бірдеме беріп тұрады. Ауылда ол да жоқ... Соны балдарға әперіп тұрайын да," - деп, күледі әкем. Дүкенге нәрсе келген сайын әйелім екеуміз айқасып аламыз- "теп-тегін талон шалды қолдан берген сен... сен," - десіп. Ата-енемді балдыздарымның өздері бөлісе алмай жатыр. Амал жоқ, өздеріне керексізді кезексіз әперіп қала ма деп, ауылдың шалдарын әке-көкелеп жүргеніміз...

Өстіп жүргенде "дүкенге түрлі-түсті телевизор түсті, біреу тек қана ветерандарға," - деген хабар дүңк ете түсті. Жата қалып жанталастық: шалдардың бәрінде телевизор бар: қанағатшыл көрілер түрлі-түстіге теңгесін қия қоймас: ақырындап айналдырып көрсек, бізге алып берулері де әбден мүмкін-ау. Содан, айда шап! Айналайын Қабекең екі сөзге келген жоқ, "сендер көрмегенде кім көреді ол телебезірді," - деп киіне бастады. Ішіме жағып кетсе де, келіні естіп қояр ма екен деп зәрем ұшып барады...

* * *

Қабекеңді қолтықтап алып, канторға қарай бұрқыратып келе жатыр едім, бүйірден Әбекеңді алдына салып аңқытып пошта қатын шыға келгенде, ішек-қарныма дейін боран аралап өткендей болды. Боран қалтыратқан қос қыран қапталдаса бергенде қақтығысып қала жаздап барып, қалбалақтап құшақтаса кетті.

— Иә, борандатып қайда тарттың? - деді Әбекең.

— Алға!- Қабекен канторға қолын сермеді.— осы да боран, осы да аяз ба? Баяғы қырық бірдің қысын айт суық деп!

Самбырлаған екі шал соғыстың сары аязын еске алып, алға тартқанда, пошта қатын екеуміз сыр бермей сондарынан сүмендей бердік. "Қайсымыз алар екенбіз?" - деген ұры ой сумаң-сумаң етеді. Әбекеннің ақылынан айқайы бұрын жүреді; қияңқы шал кеңсеге күн сайын болмағанмен, екі-үш күнде бір соғып, қан таратып қайтады. Өзінің де сұрамайтыны жоқ — машинадан бастап машинаның доңғалағына беретін желге дейін сұрайды. "Ау, ақсақал-ау, мәшинәңіз жөн-ақ, желіңізге жол болсын! Өзіңіз-ақ даладан ала бермейсіз бе?!"-деп күйеді кеңселіктер. "Жоқ, онда қадірі болмайды. Сендер берулерің керек...заң бойынша. Бетеранға көмектес деген заң бар ма? Бар. Міне, мына кітапта бөрі жазылған! Сендер дым білмейсіңдер, мә!- деп, қолтығынан тастамайтын қаулы-қарар толы қалың қызыл кітаппен столды соғады дүрсілдетіп.— Әйда, айтқанды істендер! Әйтпесе, жабылып сапқозды жеп жатқандарыңды жоғарыға жазып жіберемін! Баратын жеріме барамын!- деп, қиғылықты салып-салып, ақырында жел құшақтап шығады. Беті қайтып, қаны қайнағанда: "Бұларды ма... бұларды шеттерінен ату керек!"- деп, ауылды басына көтеретіні де бар. Одан гөрі орынсыз мазаны алмайтын Қабекен қадірлі. Бірақ асауды жуасытып, жуасты жындандыратын кеңестің кеңсесі рейхстагты алған батырларға да алдырмайтын тас қамал ғой, қайдам... Талай таулары шағылса да, басқа баратын жерлері болмаған соң, айналып осында келетін ақсақалдар ат басын селсебетке тірегенде, боран ойлармен арпалысқан пошта қатын екеуміз де құйрық тістесе кіре бердік.

Селсебет бізге сөлкебайкөзденіп қарады. Дүние

қымбаттап, деписит көбейгелі, селсебет пен дүкенші де қымбаттап, нағыз деписитке айналған. Өздері бұрын қырбай сияқты еді, осы күні әмпай: енді қайтсін, бірі – талон, бірі – табар. Жоқшылық пен жер-көктің жүлігіне жем болып, жүдеп-жадаған ауылды жонып жеу үшін ауыз біріктірмей бола ма? Нәрсе келген сайын бір көтеріліп қалатын бұлардың құны арақ пен шылым түскенде тіпті аспандап кетеді. Жұрт құлдық ұрып, құрақ ұшқан сайын сызданып, бұлданып бітеді. Содан болу керек, ауылдың бір жындылары бір жолы жалынып-жалпайып сұрап алған жартыларын қағып салысымен, бос бөтелкемен селсебетті бастан беріпті. Әйтеуір селсебеттің де басы бос емес екен, (бірге ішкен көрінеді) ертеңгі бас жазумен бәрі жазылып кетіпті. Енді міне, телевизормен бірге бірталай кісінің тізімі мен тізгіні қолына тиіп, терісі тарылықырап отырғанда, амалсыздан шалдардың ұзақ сонар жағдайларын жалықпай тыңдады. "Осы бетеран деген бір бәле болды," - дегенін талай естіп едім.

– Жарайды... ақылдасып көрейік... Түстен кейін келіңіздер, - деді-ау бір кезде. Сөйдеді де, пошта қатын екеуімізге көзін қысып, ыржаң етті...

– Ал, балдар, көрдіңдер ғой енді... Телебезір біреу, сендер екеусіңдер. Бірің алсаң, бірің ренжіме!

– Иә, дүние жолдас болмайды, таласу дұрыс емес! Әңгіме сыйластықта!- деп, екі шал үйлеріне қарай тартты. "Дұрыс, дұрыс," - деп пошта қатын екеуіміз ала көзбен бір атыстық...

* * *

Шалдардың телевизорды бізге әперейін деп жатқанын естігенде бүкіл ауылдың ашу-ызасы қайнап шыға келді. "Өздерің алсаңдар, әңгіме жоқ.

Айдаладағы біреуге неге әпересіңдер?", "Олар немене, бізден артық па?", "Дабай, қойыңдар, ондайды. Алсандар алыңдар, әйтпесе, кімнің кезегі келсе соған беріңдер!", "Нөлүштің орыстары сататын арақтың талоны құсап... Ұят емес пе?" - деп, салды қиғылықты. Үйлеріне тығылған шалдарды келіндері: "Немене, сбетной телебезір біздің сбетімізге келмей ме?" - деп, одан сайын қуырса керек, әйтеуір өздері алатын боп, бостан-босқа борбайлаған пошта қатын екеуіміз айдалада қалдық.

Келіндер кіріскен соң іс насырға шабуға айналды. Әуелде жағдай айтысып, жылы сөйлескен екі шал, жеме-жемге келгенде бір-біріне жол беруге көнбеді. Бірінші күні кешке дейін кеңседе кеңесіп-кеңесіп, келіспесе де керіспей тараған қариялар келесі күні қаһарға міне бастады.

— Жоқ, неге сен алуың керек? - деді Қабекең.

— Немене, тек қана сен ала беруің керек пе? - деді Әбекең.

— Әй, жетеді енді... Осы сенің-ақ ызаң өтті. Алып жатсың, алып жатсың, бір тойдым демейсің...

— Не алып қиратыппын?!

— Е,е, мен қайдан білейін. Әйтеуір кантордан шықпайсың...

— Білмесен, қыртылдатпай жайыңа жүр! - деді күйіп кеткен Әбекең.

— Қыртылдатпасаң, қыртылдатпа! Мен неге жайыма жүруім керек?

Ары қарай кетті ағытылып. Үймелеп, кимелеген жұрт тар кеңсені талқандап жіберердей. Әп-әдемі сіресіп отырған селсебет сылқ ете түсті.

— Далаға шығып сөйлесейікші... кең жерге...

Сыртқа шыққан соң айқай-шу басылудың орнына үдеп кетті. Қызылкенірдек болған екі шалдың бастарынан бу бүркырап, малақайлары желпілдеді.

Айқайдан үндері өшуге айналғанда Әбекең: "За Сталина!"- деп, салды қолды жағаға. Қанша момын болса да, Қабекен де тірі жан ғой, жармаса кетті. Жұрт талып қалғандай тым-тырыс, тек балалар ғана арыстандай ақырған атайларды айнала атой салып, емін-еркін тамашалап, кейде "киай" деп тебісіп қояды, "төбелесуді бізден үйреніңдер" дегендей. Алқымдасып-алқымдасып, алқынған шалдардың әлі құруға айналғанда, ақылдары кірді білем, арашаның ырымы жасалған бойда қоя қойды.

— Ұят-ай! Қайтіп ел боламыз?- деді үлкендердің біреуі. Елдікті айтқан кезде егескендердің еңселері түсіп-ақ кетті.

— Иә, ел болмаймыз біз!- деп, тағы бір шал қосарланды.

— Немене, елдік телебезірді мынаған беруіме қарап қап па?

Жұрт "шіркін-ай, иә" десіп Қабекенді қостады.

— Айта қойшы, ал, ел болу үшін не істеу керектігін?- деп, Әбекең әлгі сөзді бастаған шалды бастырмалата жөнелді.

— Ел болу үшін... телебезірді маған беру керек!

— Өйткен елдіктің енесін...- деді екі шал қосарлана. Аяқ астынан әңгіме елдік, әлемдік деңгейге көтеріліп кетті де, Америка, Москва, Алматы, Көкшетау, Степнякты сыпыра сықпыртып шыққан жұрт кәдімгідей рахаттанып, ел болу үшін кісі басы бір-бір сбетной телебезір болу керек деген шешімге келді. Бірақ әлемнің де, елдіктің де алыс екендігі естеріне түскенде, бір-бір күрсініп алып, алдарындағы асқар таудай мәселені шешуге кірісті. Қайда, шешілер емес! Бүкіл ауылдың тіршілігі бір телебезірге тіреліп қалғандай, басқа дүниенің бәрі ұмытылған — у-шу. Жақ-жақ болған жанкүйерлер де, "қай жеңгенің менікілер" де шалдарды ымыраға келуге үгіттеді аяғында.

— Ақыры ерегескесін алмай қоймаймын!- деді Қабекең қарауытып.

— Шегінетін жер жоқ, артымда — келін!- деді Әбекең қалш-қалш етіп...

Суық сорған жұрт қараңғыда күбір-күбір етісіп, "әй,қу дүние-ай!"- десіп, үйді-үйіне бүрсеңдеп бара жатты...

* * *

Ұлы айқайдың үшінші күні селсебеттің басы күшті істеп кетті. Телебезірді дүкеншімен қоса директордың кең кабинетіне алдырып, жұртты сонда жинады. Еліріңкіреп біз тұрмыз, дәл ортада ала тайдай бүлдірген телевизорың тұр тымпыып. Қорабының өзі қандай әдемі! Не бөле алмай, не біреуге бере алмай бастары қатқан бастықтар "өздерің біліндершіге" көңілі. Өздері білуге тиісті екі шал "жоқ, өздерің бөліп беріндер,"- деп қадалып қатты да қалды. Бір баланы екі әйелге бөліп берген даналар қайда, біз қайда, тұрмыз бәріміз дал болып.

— Осы... шалдардың да үлкен, кішісі болмаушы ма еді? Сол үлкені алсын да... жусын,- деп күңк етті бір жуғыш.

— Түйдей құрдаспыз... Ит жылы, боқ қатқанда туыппыз,- деді Қабекең.

— Әй, осы мен туғанда онша қата қоймаса керек,- деді Әбекең.

— Е-е, бәсе, кейде иісің шығып қалатыны сол екен ғой!

Жұрт ду күліп барып, бықсытпай қоя қойды.

— Жасы үлкені болмаса, жолы үлкені алсын!- деді жібі түзулеу бір жігіт.

Содан, ал салыстыр шалдарды. Әуелі, әдеттегідей, алған атақ-дәрежелерін салыстырдық — орден, медальдан бастап, совхоз берген құрмет

грамоталарына дейін бірдей болып шықты. Айтпақшы, Қабекеңнің Мәскеуден алған мақтау қағазын Әбекең: "СССР – далай, оның награды да негоднәй,"- деп, жаратпай тастады. Қабекең қайтсін, Горбачевті бір сықпыртты да қойды... Соғыста да бірге болған: шабуылға бірге шығып, қатар жүгіріп келе жатқанда, бір снаряд дәл орталарына жарылып, бірдей екі жарықшақ бірінің оң жақ, бірінің сол жақ шекесіне тиген.

– Әйтеуір, құдай сақтаған!- десті жұрт бастарын шайқап.

– Телебезірге таласу үшін тірі қалғанбыз ғой,- деп күрсінді, бір снарядты қақ бөліскен қос батыр...

Содан, соғысты қойып, жұмыстарын салыстырдық, мұнда да көрген бейнеттері бірдей екен. Мал баққан, шөп шапқан, егін еккен, ауылдағы ауыр жұмыстың бәрін істеген.

– Әй, мен бұдан жоғары қызметте істегем,- деді Әбекең, ана бір жылы помбіргәдір болғанын еске алып.

– Айқайдан басқа не қиратып едің сонда? Тіпті бар ғой, соның үшін телебезірді мен алуым керек!

– Қалай?!

– Солай! Жаман да болса бастық атың бар екен, бұйрақыраттарға қосу керек сені. Ал мен болсам нағыз қаратабан бейнеткермін!

Жұрт ду күлгенімен, жаңа тап күресін бастауға ерніп: "Қойыңыздар, екеуіңіздің де еңбектеріңіз адал,"- десіп, тағы да теңестіріп, екі шалды одан әрі салмақтап-салмақтап, әрі өлшеп, бері өлшеп, әбден бастары қатты.

– Апырмай, біреуден біреудің бір жері артық, не кем болушы еді...

– Енді қайттік?

– Салыстыратын жері болмаса, жеребе тастау керек!

Жеребеге делебесі қозған жұрт тиын лақтырамыз ба, таяқ ұстаймыз ба, жоқ әлде сіріңке суырамыз ба десіп, біраз жерге барып-барып, ақыры мұндай мыңжылдық бөліске қағаз жасырған лайық деп тапты. Әп-сәтте селсебет бір жаңа дәптерді қақ айырып, бір бетіне "Әбекең", бір бетіне "Қабекең" деп жазып, бір қойшының тоса берген тымағына шиыршықтап тастай салды.

— Дұрыс емес,- деді біреу.— Біз Әбекең мен Қабекеңді емес телевизорды бөлейік деп тұрмыз ғой. Сондықтан телевизор деп жазу керек.

— Бәрібір емес пе? Әбекең шықса телевизор Әбекеңдікі, Қабекең шықса — Қабекеңдікі!

Селсебет өз сөзіне мөр басқандай үстелін жұдырығымен нығыздап-нығыздап қойды.

— Сонда Қабекең — Әбекең, Әбекең — Қабекең шықса қайтеміз?

Жұрттың шашына дейін толқып, жыбыр-жыбыр етті. Қыбыр-жыбыр мен күбір-күбірден зәрезап болып қалған селсебет секендеп, тағы бір жаңа дәптерді дар еткізіп, сүйкектете салды.

Енді бастай бергенде:

— Осыдан маған шықпаса, жеребелеріңе көнбеймін!- деп Қабекеңнің келіні шыға келді.

— Қалайша?

— Солайша! Жеребе салған соң маған шығуы керек, ал маған шықпаса, ондай жеребенің керегі не?

— Е-е, сен кім едің әй, сонша?!- деп мына жақтан Әбекеңнің келіні шықты.

— Мен — менмін! Ал, не қыласың?

— Мен де менмін! Сен маған не қыласың?

— Әй, барындар далаға!

Селсебеттің бұл сөзі келіндерді сап тыйды, боранда қорбандап жұлысып жатуға екеуі де ерінген болу керек.

— Ал, болсаңдар бастайық!

Қағаз тығылған тымаққа алдымен Әбекең тап берді. Біресе біреуін, біресе біреуін ұстап, әбден әлекке түсіп ақыры біреуін алып, қолы қалт-қалт етіп, әрең дегенде ашты да: "Ура! Перет!"- деп телевизорды бас салып, сүйіп- сүйіп алды. Жұрт бірі күліп, бірі күрсініп, әйтеуір даудың біткеніне мәз. "Жу-жу" деп Әбекеңді алқымынан ап жатқандар да бар. "Жуам, жуам, селсебет тауып берсе, бір жәшікпен жуам!"- деп Әбекең жуан уәдесін үйіп-төгіп еді:

— Дабай, шалды көкке лақтырайық!

— Телевизорымен бірге!- десті, көңілденіп кеткен кеңкөмейлер. Көңілшектеулері көздерін сұртуге ыңғайланды. Бірақ, бұл жоспарды жәшігімен қоса быт-шыт қылды Қабекен.

— Әй, мында келіндер!- Қойшының тымағында қалған екінші қағазды Қабекен бағанадан бері қарт сығалағандай сығып-ақ баққан екен, енді жұртқа жайып көрсетті — телебезір! Сөйтсек, сасқан селсебет екі қағазға да телевизор деп тартып жіберіпті. "Ой! Түү!"- деп, әуелде қолды бір-бір сілтедік.

— Кімді мазақ қыласың, ей, сен?!

Қырандай шаңқ етіп, барыстай атылған пошта катын селсебетті алқымынан ала жаздады. Шегіншектеп, бас сауғалаған селсебет:

— Б-б-байқамай қалыппын!- деді.

— Осы сенің бірдеңені байқап, байыптап істейтін күнің бола ма?

— Байқамай істедім деп өтірік айтпа, совет өкіметі бәрін де байқап, әдейі істейді!- десіп, ашу-ызаны ақтара бастағанымызда, көтеріліс атаулының жергілікті үкіметті өлтіруден басталатынын білетін болу керек, үрейі ұшқан селсебет: — Ау, ағайындар, байқамай қалғаным рас! Міне, міне!- деп мандатын ұстап тұрып, ант-су ішті. Мандатқа қазір кім нанбақ, күлдік те қойдық. "Жарайды, құрсын, өзі мынаны бөліп берші!"- деп едік: "Ойбай, үстіне өзімнің телевизорымды қосып

берейін, бұл пәледен құтқарыңдар!"- деп өзімізге жабысты.

Бәріміз де құтылғанша асығып, қайтадан жеребе салмақшы едік, шалдар көнбеді. Біріне берсе бірі пәле деп, тізгінді қариялардың өздеріне ұстатқан бастықтар енді дүние бөлетін комиссия мүшелері түгел жиналған соң, дауысқа салып шешетін болды. Сөйтіп, телевизорды дүкенге дейін көзімізбен ұзатып салып, қайттық үйімізге.

* * *

Ертеңіне "түнде дүкенге ұры түсіп, түк қоймай тонап кетіпті" деген хабар бүкіл ауылды дүрліктірді. Шұбырып жеттік. Милиционер жуытпайды дүкенге. "Бітті сәбізі, кетті телевизор,"- деп күледі.

Содан не керек, телевизорға қатысы бардың бәрін тергеп шықты. Хаттап, шоттап, папкаға салды. Ауыл да қарап жатпай, өзінше іздестіріп, біресе анадан, біресе мынадан көрді. "Қап!- деп қоямыз, басымыз қосылған жерде.— Қорабының өзі қандай еді!", "Өй, қойындаршы, қайта оңды болды — аш құлақтан, тиыш құлақ!"- дегендер де аз емес.

Әбекең мен Қабекең әуелде бір-бірінен көрсе керек. Дүрдиісіп жүргендерінде ауылдың бір үлкені омыртқаға шақырып, сол үйде жұрт екеуін татуластырыпты. "Ұят болды! Араға бір шайтан жүрді ғой... Алла сақтасын!"- десіп, қайран шалдар күшақтасып, кемсеңдеп алыпты, "Осыдан сол телебезір табылса, саған берем!"- депті тебіренген Әбекең. "Жоқ, сен ал!"- депті Қабекең. "Мен алам, мен алам деп алысып едіңдер, енді сен ал, сен ал деп салысар ма екенсіндер?"- деп, әзілдеп, үлкендер бір рахаттана күлсе керек... "Қой, құрсын, керегі жоқ, табылмай-ақ қойсын,"- десіпті аяғында...

Мен қалай қайта құрылдым?

Мектепті бітірген соң журналист боламын деген шешімге келдім. "Ол үшін қазірден бастап газетке мақала жазып тұруың керек," - деп ақыл берді білетіндер. Аудандық газеттің редакциясында мені ұзын бойлы, көзілдірікті ағай жылы жүзбен қарсы алды. Бұл кісіні сыртынан білетінмін, өте білімді, беделді азамат деп жұрт аңыз қылып өзінен кәдімгідей ығып жүретін.

Ағай менің "Біздің класс" деген торкөз дәптердің екі бетіне жазылған тұңғыш мақаламды күлімсірей оқып шықты. Онда мен біздің кластың тәртіпті, түгел жақсы оқитын класс екенін шамам келгенше сипаттаған едім. Әсіресе, комсорг қыздың жақсылықтары жарты беттен де асыңқырап кетіпті. Жазып отырғанда оның мейірлі көздері көз алдымда елестеп тұрса қайтейін.

— Сенің мына комсоргың шынында жақсы екен, - деп жымыды ағай. Біліп қойған екен деп, мен жаман қысылдым. — Қысылма, талабыңнан айналайын, інім. Журналист дегенің әрқашанда әділеттің жаршысы, кемшілік атаулыны аяусыз сынап, түбірімен жойғанша тынбайтын айбынды жауынгер, - деп бетіме тіктеп қарады. Оның сөзінің маған әсер еткені соншалықты, қолма-қол бүкіл кемшіліктің көзін жойып жібергім келді.

— Бірақ мынадай мақтау мақаламен алысқа бара алмайсың. Қазір бізге сын керек. Сондықтан айналаңнан байқаған иттіктің бәрін бізге жазып жібер, - деп, қолымды қысты.

Редакциядағы ағайдың өзі қолымды қысқанға төбем көкке жете жаздады. Кәдімгідей қоқиланып, аиналама "қайсыңды сынап, жойып жіберейін" деген

ниетпен қаһарлана қарап қоямын. Бірақ, желім шығып, желігім басылғаннан кейін байыптасам, жазатын ештеңенің реті жоқ сияқты. Ренжіп, үйге келсем, тақырып табыла кетті. Апам күйіп-пісіп жүр екен. Тауықтар басқа жерге жұмыртқалаған ба, әлде біреулер ұрлап әкеткен бе, көршінің огородына түскен бе, әйтеуір сондай бірдеңе. Менің тауықтарға жыным келді. Алдым да жаздым. Осылай да осылай, біздің үйдің тауықтары уақытында жемін жемейді, қорасына кірмейді, айдалаға жұмыртқалайды, қысқасы тіл алмайтын оңбаған тауықтардың иттігін түбірімен жою керек дедім.

Үш күннен кейін мақалам газетке басылды. Кластастарым құттықтап, қызықтап жатыр. Комсорг күлімсірей қарады. Тіпті, көрші кластың көз де салмайтын кербездері жұмсақ жанарларына жұмбақ ұялата қарап өтті. Мақалада "тауық" дегеннен басқа бір де бір менің сөзім жоқ екендігін олар қайдан білсін. Бәрінен де тәртіпсіз тауықтарға ұрсып-ұрсып келіп, аяғында: "Бұл тауықтарды тез арада қайта құру керек" дегені қатып кеткен екен...

Мәз-мәйрам боп үйге келгенімде, тракторшы ағайым көңілімді су сепкендей басып тастады.

— Иә, бала, сонда тауықтарды қалай қайта құрмақсың? Ойнап айтсаң да ойлап айтпайсың ба?— деп, күректей алақанымен арқамнан дүңк-дүңк қақты. — Немене, сендерге қайта құру ойыншық па?

Ағама ренжіп қалдым. Булығып ішім қазандай қайнады. Ертеңіне мектепке келе жатсам, редакциядағы ағай жолыға кетті.

— Мақаланды көрдің бе, бала? Молодец, кеселді кемшілікті дер кезінде байқап, өте қажет жұмыртқаны айдалаға табатын тауықтарды тәртіпке салу мәселесін өткір қозғапсың. Жазуға бейімің бар екен, түбі сенен мықты журналист шығады. Оу, өзіңнің күйің жоқ қой...

Мен шынымды айтып едім, редакциядағы ағай қуанып кетті.

— Е-е, міне, тақырыптың өзі өмірден туады деген осы. Тікелей өзіңе тиіскенде, аяушы болма. Әйтпесе, журналисте бедел болмайды. Бізге қазір өткір сын керек. Ағаң туралы жазып жібер, - деді.

Алдым да жаздым. Озат тракторшы ағамның адал еңбегін мақтап-мақтап келіп, аяғында өзімді мінегенін айттым.

Екі күннен кейін мақалам жарқ ете түсті. Озат тракторшыдан түк қалмапты. Оның орнында дүлейлеу біреу тұр. "Кемшілікті сынауға қарсы, қайта құруды дұрыс түсінбейтін ағайды тез арада қайта құру керек," - деп аяқталыпты мақала. Кластастарым "жүз киліні ойыншық қылып көтеретін алыпты қорықпай сынап жүрген қандай батырсың?" - деп қолпаштап жатыр. Комсорг қыз бетімнен сүйіп алды. Кербездердің бірекеуі қолымды қысты.

Үйдегілер түнере қарсы алды. Әке-шешем жаман ұрысты. Ағай тіл қатқан жоқ. Жеңгем қазақша мақалдағанда қариялардың өзін қайран қалдыратын белорус қызы еді. "Қияңқы қайным-ау, дұрыс жазыпсың, бірақ ағаңды қалай қайта құруым керектігін де жаза салмадың ба?" - деді әзілдеп. "Күлгенде тіпті әдемі болып кетесің," - деп еркелететін шешем ауыз үйде жүріп бұл сөзін естіп қойып, ала көзімен бір қарап өтті...

Редакциядағы ағай мектептің алдында мені күтіп тұр екен. Мұңымды шақтым.

— Осылай боларын білгенмін, - деді ол құшырланып. — Журналист үшін ең басты керек қасиет — бастаған нәрсені аяғына дейін жеткізіп нәтиже шығару. Түпкілікті жеңіп шыққанша күресу керек. Айтқаныңнан қайтпау, бетіңе келгенді енді қайтып беттемейтіндей қылу — міндет. Газет ғаламат күш

болса, ол біздің қолда. Сондықтан...— деп, күрсіне дем алды.— Әке-шешен туралы жазып жібер.

Бұнысы қиын болды. Бірақ, редакциядағы ағайды білімді, беделді азамат деп аңыз қылып, ығып жүретіндердің ішінде әке-шешем де бар болатын. Ондай кісінің айтқанын істемеу күнә ғой.

Ертеңіне мақалам жарқ ете түсті. Әке-шешеме деген махаббатымның, алғыс сезімімнің ізі де жоқ. Осылай да осылай, өткенде ағамды сынап едім, сол үшін жер-жебіріме жетті, сынды дұрыс қабылдамау, сынағаны үшін қудалау өз алдына, бұл тамыр-таныстық, туысқаншылдықтың айқын көрінісі, семья мүддесін қоғам мүддесінен жоғары қоюшылық та осында деген сияқты пәленің бәрін үйіп-төгіп келіп, мақала: "Белорус келініне күн көрсетпейтін ұлтшыл, ескіліктің қалдығы әке- шешемді қайта құру керек,"- деп аяқталыпты.

Кластастарым шошына қарады маған. Кербездер қасымнан мұрындарын шүйіріп өте шықты. Комсорг қыздың жанарына мұң тұныпты.

Үйге келсем — ойран-асыр, әке-шешем бұлқан-талқан, жеңгемнің көзі бұлаудай. Ағам желкемнен бүріп алып:

— Әй, сен бізді қыратын шығарсың? Мына сенің өзіңді қайта құру керек!- деп, жон арқамнан камшымен екі тартқанда ғана мен өз қатемді түсіндім.

Содан былай редакциядағы ағайды көрсем көше айналып қашатын болдым. Көп ұзамай жұмыстағы өрескел кателіктері үшін (оның ішінде біздің тауықтар да бар деседі жұрт) оны қызметінен алыпты. Бірақ, мен қайтып редакцияға жолаған жоқпын. Кім боларымды білмеймін. Бәрінен де комсорг қыздың мейірлі қара көздеріне тұнған мұң қабырғама қатты батты. "Біздің класс" деген мақалам басылғанда, құрып қалғыр тауықтар болмағанда, тіл табысып кетер ме

едік, кім білсін? Әйтеуір, құрып кетпей тұрғанымда қайта құрылғанымға қуанамын.

1988 ж.

Мұздатқыш

Пәле — туар жерін қарамайды. Болмашыдан да үлкен пәле туа береді екен ғой.

Түсте үйге келе жатсам, есік алдында бастығым тұр екен. Жалғыз емес, қасында үп-үлкен, жап-жаңа, аппақ мұздатқышы бар.

Бастықпен көрші болудың жақсы-жаманы бастыққа байланысты ғой, айналайын екеуміз жақсымыз да.

— Келе қойғаның қандай оңды болды, — деді қуана күлімсіреп. — Мұздатқышымыз әбден тозып, әрі әйел де миды жей берген соң, өзімді мұздатып жібермей тұрғанда кұтылайын деп мына біреуді алып едім. Шоферым осы жақында соқыр ішегін алдырған, обалы не керек, көтерісейін-ақ деп еді, өзім рұқсат бермедім.

Екеуміз ойнап-күліп, мұздатқышты үйге кіргізіп, шай ішіп, жұмысқа бірге келдік.

Кешке қарай бір құрдасым соқты бөлмеге. Әрі-беріден соң:

— Иә, сен енді өсетін шығарсың, ә? — деді түйеден түскендей.

— Не дейді?

— Не дейтін түк те жоқ. Бастықтың өзімен көрші боп алып. Ылғи бірге... іргеден жағынып... машинасын мініп...

Құрдасымның қуланғаны шығар деп күлдім.

— Ау, бастықты жақын жерден жонып жейін деп,

үйді әдейі өзім салдырдым емес пе? Біздің үйдің жанынан үй сап алсаң сен де кәтәйт соғасың.

— Кәтәй-пәтәй болу үшін әтәй-әтәй деу керек, бала. Иә, сүйтіп жүгін тасып жүрген сені тасымай, кімді тасиды?

— Әй, не оттап тұрсың?— дедім күйіп кетіп.

— Мен оттап тұрғам жоқ, болған нәрсені шоттап тұрмын. Бағана қара суға түсіп жатыр едің ғой. Әкеңнің де жұмысын олай істемесің.

— Онда тұрған не бар, ей?

— Онда тұрған көп нәрсе бар! Сен оның жүгін көтерсең, ол сені көтереді. Көзіңді алартпа... Сен емес, біз саған көз алартуымыз керек, шауыпкел жолдас.

— Ой... сен де... қайдағыны айтып. Тіпті де олай емес қой енді.

— Неге олай емес? Солай. Біз солай деп ойлаймыз. Ал біз солай деп ойлаған соң, солай болады.

— Олай емес! Қараптан-қарап күйдірме кісіні!

Былық толы былшылдақ аузынан періп жібере жаздадым.

— Күймек түгілі жанып кетсеңде солай. Неғылсаң о ғыл, бәрібір біз сен туралы солай ойлай береміз. Солай!

Қойқаң-қойқаң етіп, есікті сарт еткізіп, жүре берді. Тас-талқан боп мен қала бердім.

Жұмыстан кейін: "Бірге қайтайық, мұздатқышқа мұз қатқан шығар,"— деген бастығыма сылтау айтып, үйге төте жолмен жаяу тарттым. Жол бойы жақсы ниетімді жаманға жорып, пәле қуған арамы құрдасыммен іштей айтысумен болдым. Үйге жете бергенде мені күтіп алған бастығым мен мұздатқышына ренжідім. Желпініп кірісіп кеткен өзімді де біраз жерге апарып, аяғында менен бұрын келе қоймаған басқаларды сөктім. Шай ішіп отырып, бастықпен көрші болғанымға күйіп- пісіп барып, уһ

дегенде: "Дөнеңе жоқ, бұның бәрі әншейін бос сөз,"- деп тынышталдым. "Бос сөздің басты ауыртып, күйдіретіні несі екен?"- деп пәлсапаға кіргенде барып зорға ұйықтадым.

Таңертең, неге екенін қайдам, әйтеуір әдеттегіден ертерек оянып, жұмысқа да ертерек кетіп қалдым. Кеңседе бастығым:

– Мен сені біраз күтіп тұрдым, кетіп қалғаның қалай?- деді күліп. Тағы бір сылтауды жүгіртіп жібердім.

Ертеңіне, сенбі күні құрыс-тырысымды жазайын деп моншаға тарттым. Онда бір көптен көрмеген жолдасым кездесе кетті. Дем алып отырғанымызда ол менің бетіме тесірейіп отырды, отырды да:

– Осы сені жағымпаз болып кетіпті дейді ғой жұрт. Ондай иіс-қоңысың жоқ сияқты еді,- деді.

Ішім қылп ете қалса да:

– Жұрт та не болса соны айта береді, өсекке сенудің керегі не?- дедім сыр бермей.

– "Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды" дегенді де жұрт айтқан. - Жолдасым ғақлият айтып алды да, турасына көшті.— Жағымпаз болмасаң, бастықтың жүгін тасып нең бар? Зілдей ғып...

– Ау, ол екеуміз әрі көршіміз, әрі жолдаспыз ғой... Оның несі айып?

– Жолдастығыңды қалтаңа сап қой, бастықта жолдас болмайды, бағыныштылар ғана болады. Сен оның бағынышты адамысың. Ол сені жұмыс күші ретінде пайдаланды. Ал сен, мүмкін, өзің де түсінбеген шығарсың, бірақ түбінде бір керегі тиер, сондықтан көңілінен шыға қояйын, яғни, жағынайын деген түйсікпен оған малай болдың. Вот так, дорогой!

Мен жолдасымды жақтан бір тарта жаздап барып зорға тоқтадым. Намыстан жарылғалы отырсам, ол одан сайын қазбалай түсті.

— Міне, көрдің бе, жанды жеріңе тиген соң күйіп-пісіп отырсың ғой, өтірік болса бұйтпес едің. Шыныңды айтшы, бастығың болмай басқа біреу болса, өлсең де көтермейсің ғой...

— Неге?

— Ойбай-ау, түсте үйіңе, түннен қалған қуырылған бермешелінді ысытып жеуге асығып келе жатқанда, жаныңды жеп біреудің жұмысын істеп не көрініпті? Пышылдап... Терлеп-тепшіп... Тіпу! Бастық болса өзінің бастық екеніне масаттанып, ішінен сені кем санап: "Бастығы болмасам бұйтпес еді, ә?" - деп, шіреніп қала берді-ау!

— Бұған бастық-мастықтың не қатысы бар, ей? Адамдық, кәдімгі адамдық шаруа ғой! - дедім жанталаса ақталып.

— Жоқ, ол адам емес. Сен оны адам деп кемсітпе, ол — бастық! Қазір өзі бөсіп те жүрген шығар, ең болмаса әйеліне айтады. Тіпті, кейін сен өсе қалсаң: "Апырмай, бұл да өзінше кісі болды-ау, ә? Баяғыда жүгімді тасып жүруші еді," - дейтіні айдан анық.

Мен мұздай су құйынып басылдым.

— Ой, олай емес қой, түсінсеңші сен...

— Түсінетін түк те жоқ, бәрі де түсінікті. Қазір кісілерден сұрайық, бірауыздан сені "жағымпаз" демесе көр. Әнеки, өмір бойы осы атқа қалдың. Ойбай-ау, енді көрініп тұрған нәрсе ғой — бастықтың жүгін жағынғандықтан көтермей, жолдастықпен көтердім дегенге кім сенеді?

— Жолдастықпен көмектескенім шындық қой енді!

— Ол сенің ғана шындығың, ал жұрттыкі басқа. Жұрт сенің шындығыңды өз ұғымының қалыбына құйып кеп жібереді. Құйып кеп жібереді де, саған қарғыбау ғып таға салады. Одан құтылу жоқ. Жұрттың сөзі жұтпай қоймайды.

– Ойбай-ау, жұрттың сөзіне ере берсек, көне берсек, құрыған екенбіз-дағы!

– Құрисың ба, ұлисың ба – өзің біл. Бірақ, жұрттың сөзінен, пікірінен үлкен ештеңе жоқ. Ол қашанда шындық боп саналады. Сондықтан онымен ойнауға болмайды, бірдеңе істерде алдымен: "жұрт не дейді?" – деп ойлау керек қой.

– Сонда не істеуім керек еді? Менің орнымда өзің болсаң қайтер едің?

– Өзіміз бе? Өзіміз: "Қазір демократия, басты ауыртпа"- деп баратын жеріне жіберер едік. Тіпті, қаладилнигіне салып та кетуіміз мүмкін. Иә, біз сүйтеміз. Адамда гордость болу керек қой!

Желкесі күжірейіп, сарылдатып су құйынды. Мен мұздап бара жаттым. Әйтеуір, көнтерлі, сабырлығымнан аман қалдым, әйтпесе, сол мезетте мынаны буындырып тастап, бара сап бастықты өртеп жібергім келді. Ақылға жеңдіріп, сабама зорға түстім...

Содан, үш-төрт күн жұмысқа жаяу барып, келіп жүрдім. Көршім көңілімдегіні қайдан біліп жатыр, бұрынғыдай жайдары.

Бір күні жиналыс болды. Тәртіп мәселесін қарадық. Біреудің қызмет бабын жеке басының мүддесіне пайдаланғанын талқыладық. Бастық әсіресе қатты шүйлікті.

– Қызмет бабын жеке басының мүддесіне пайдаланатын жалғыз мен емес. Жұрттың бәрі сөйтеді. Мәселен, мына сіз де сөйтесіз,- деп қарап тұр әлгі.

– Қалайша?

– Солайша... Өткенде мына кімге... – Мені менсінбей нұсқады. – Әбетке жіберместен, қаладилнигіңізді көтерткеніңіз рас қой? Рас. Қызмет бабын жеке басының мүддесіне пайдалану деген сол.

Әуелде бәріміз де талып қала жаздадық. Іле-шала әлгінің өзіне бас салдық. Бастығым қып-қызыл боп

алып, жолдастық өтініш, адамшылық қарым-қатынастан да пәле іздеудің оңбағандық екендігін оңды айтып келді де, сондай бір өтінішке дені сау кісі ренжімейтін шығар деді. Мен ренжімейтіндігімді, қайта жолдасыма қуана-қуана қол ұшын беретінімді айттым. Көпшілік әлгіні жерден алып, жерге салды. Бірақ, бірдеңеміз жоғалғандай ыңғайсыз күйде қала бердік...

Бастығымның назалы жүзінен: "Әй, дәу де болса: "Мұздатқышын көтере алмай әуре боп тұр екен, өзімен қоса бір-ақ көтердім,"- деп бөскен өзің шығарсың, әйтпесе жұрт қайдан біліп жатыр!"- дегенді аңғарғандай болдым. Бұл жөнінде ашық сөйлесуге екеуміздің де ерлігіміз жетпеді. Өзінен-өзі мұздай бердік...

Біртүрлілеу болып жүргенде, маған бір қолайлы қызметтің ыңғайы келе қалып, коллективіммен жылы қоштасып, ауысып кете бардым.

Қазір жаңа жерде жап-жақсы жұмыс істеп жүріп жатырмын. Көршімізбен — сәлем-сәлем... жалпы жаман емеспіз-ау, қайтейін... "Болмашыға — бола қалсақ, өзіміз де болмашы-ақ адам екенбіз ғой", - деп күйнемін кейде. "Бірақ, үлкен пәле тудыратын болмашының өзі шынында да болмашы емес-ау,"- деп пәлсафаға ауыса бастасам, миым ауыса бастайды. Қоя қоямын... Құрысыншы...

1988 ж.

Өзің ғой...

Құрдасым Осылайдың ызасы әбден өтті.

Бір жолы балконының түбінен өте бергенімде сар еткізіп төбемнен мұздай су құя салды.

– Бұның не, ей?- дедім ышқынып.

– Ой, сен де... Өзіңнен көр, өзің ғой келіп қалған. Басқа жер таппағандай, балконымның түбінен неге жүресің? Өмір дегенің осылай, құрдас,- деді Осылай.

"Өмір дегенің осылай"— Осылайдың мәтелі. Сондықтан да Осылай атанып кеткен. Осылай осылай дегесін, амал не, "шынында да осылай екен ғой"- деп жүре бердім.

Тағы бірде кештетіп келе жатыр едік, бір топ бұзақы бір бұрышта бізге тарпа бас салды. Жан бермек оңай ма, мен де салыса кеттім. Осылайым зым-зия. Есімді жисам, жұлдыздар жымындап тұр екен. Салып ұрып Осылайға жеттім. Осылай да осылай, жолдасын жауға тастаған адам-жаман адам, оңбаған адам деп екпіндеп келе жатыр едім, Осылай сөзімді қақ бөлді.

– Ондай ақылыңды езіп, басыңа жақ. Жан сақтаудың орнына жарбандап, жармаса кеткен өзің емессің бе?! Айтшы, саған төбелес деген мен бе? Өзіңнен көр, өзің ғой! Өмір дегенің осылай!

"Жаны бар сөз-ау, шынында да тұра қашпай, төбелесе кеткен өзім ғой,"- деп өзіме-өзім ренжіп үйіме қайттым.

Өткен жолы ауырыңқырап қалып, ауруханада екі жұма жатып шықтым. Осылай көңілімді сұрап келген жоқ. Менің де көңілім қалды. Жолыққанда өкпе айттым.

– Дұрыс қой, құрдас, бірақ шынында айтшы..., енді... ауырып қалған өзің ғой! Мен үшін емес, өзің үшін ауырдың ғой! Мен емес қой сені ауыртқан! Өмір дегенің осылай!- деді.

Иә, Осылай жүрген жердегі өмір осылай!

Осылай...

— Есік алдында ағаш жарып жатыр едім, қаба сақал, қабағы түксиген етженді бір үлкен кісі талтаң-талтаң етіп келді де:

— Әй, бала, дүкен қайда?— деді ай-шай жоқ.

Мен теріске сілтеп жібердім.

Жарты сағаттан кейін қара терге түсіп, қаба сақалым жетті түтігіп.

— Әй, сен неге өтірік айтасың?! Ауылдың сыртына шейін барып келдім, саған сеніп. Дүкен мына жақта екен ғой... Кекпектей жігітсің... үп-үлкен кісіні алдап... ұят қайда?

— Қаб сақал, қайдағы жігіт айтып тұрғаныңыз? Жаңа ғана бала деген жоқсыз ба? Қиқар балалардың осындай ойыны болады. Ренжімеңіз, балалығымды есіме түсіріп жіберген өзіңіз...

— Ойбай-ау, бала демей кім деймін? Менің жанымда сен деген боқмұрын бала емессің бе?

— Ендеше несіне баламен бала болып тұрсыз? Өстіп тұрғаныңызда дүкен жабылып қалады.

Қаба сақалым кетті сақалын құшақтап. Талтаң-талтаң етіп, бес-алты қадам жүріп барады да, артына қарап, кіжініп-кіжініп қояды. Қайтесің, өмір дегенің осылай!— деп Осылай мә-әз-мәйрам.

1988 ж.

Көлеңкеңе қара!

Көшеде ысқырып келе жатыр едім, кенет көлеңкеме көзім түсіп кеткені... Ішім ұлып қоя берді.

Осындай да көлеңке болады екен? Ілініп-салынған бірдеңе. Қой, бұл менің көлеңкем емес шығар? Мен дейтін жалғанның жартысын алып жатқан нағыз дәудің өзімін. Ал мынау болса итиген сүмелек біреу. Маған тиесілінің бәрі керемет деп әбден сеніп қалған көкірегіме қатты тиді. Амал не, қашып құтыла алмайтын, қуып кетіре алмайтын бейшара көлеңкеме байландым да қалдым.

Апырмай, ит-ай десеңші.. Ең аяғы найзағай белін үзген, әлдеқашан қурап қалған мына бір жаман терек құрлы жоқпын ба,ей?! Тұр ғой, әне, көлеңкесін бес-алты месқарын пана тұтып. Ал менің көлеңкем шидей: онда да түзу болса екен, әлдекім ішінен бір тепкендей, екі бүктеліпті де қалыпты. Әншейінде екі иығыма екі кісі емес, жеті кісі жайғасып отырып шай ішетіндей көріп жүрсем, мынаған жеті жасар баланың бір саны да сиятын түрі жоқ. Алқаш көршімнің иығы құсап, қушиыпты да қалыпты. Балғадай жұдырықтарым бес тиындық бақырдай ғана, шықшыт түгілі шыбынға да шамасы келмейтін сияқты. "Бураның санындай" деп атаққа ілінген білектерім әлгі бақырларды әрең ілдіріп тұрған жіп — тура кадр бөлімі бастығының қолы. Аяғымның арасына кір жаюға болады — атақты қамытаяқ құрдасымның аяғы бұның қасында оқтаудай.

Бәрінен де басымды аяп кеттім. Дүниедегі ақылдың бәрі сыйған, ойламайтын пәлесі жоқ алып басымнан із-тоз жоқ; өтешсіз жаратылған жұмыртқадай бірдеңе қылдай мойынға әрең ілініп тұр. Айқасқа маңдай, аумақты төбеден белгі қалмапты. Құлағым қоңыздай-ақ. Мына қалпында орынбасарымның шақша басы түгілі, бөлім бастықтарының толық піспеген шикілеу бастарына да татымайды ғой...

Осындай көлеңке түсірген күнге өкпелеп, қаныма қарайып, өзімнен де, дүниеден де түңіліп келе

жатқанда бір үйдің көлеңкесіне іліктім-ау, әйтеуір. Әлгі сүмелек ізім-ғайым жоғалып, жалғыз қалып, есімді зорға жидым. О жер, бұ жерімді ұстап көріп, өзімнің өзім екеніме, бұрынғы қалпымда екеніме көзім жетіп, рахаттана терлеп қоя бергенім. Құрсын, жарыққа шықпай, осы қара көлеңкеде бой тасалай тұрмаса болмас!

1985 ж.

Біздің ауылдың аруы

Ауылдық Советтің төрағасы туған күніне тұрғыластарын түгел шақырды. Тұрғыластары болғанда, бірге өскен, бірге оқыған құрбы-құрдастары емес, терезесін тең санайтын қызметтестері, қарапайым тілмен айтқанда активтер еді. "Тең-теңімен" — бұлардың темірдей тәртібі, оны бұзуға бір де бірінің ерлігі жетпейтін. Бір ғажабы, елу сегіздегі бас экономист пен жиырма сегіздегі бас инженер әлгі тәртіп бойынша тең саналып, директор бір жаққа кеткенде орнында қалатын бас инженер, сонысына бұлдана ма, әйтеуір, дастарханда бас экономистен жоғары отырып қалса, ешкім ерсі көрмейтін. Үйреніскен, қалыпты топтың арасына облыс, ауданнан келген дүмділер болмаса, ауылдан бөтен біреу еніп көрген емес. Баяғыда активтердің біреуі осы топқа екі-үш кісіні қоса шақырып, оны алдын-ала біліп қойған аналар сылтау тауып, келмей қойып, әлгі байғұс екі шабылған. Бұлжымайтын заңдары қайта құру басталғалы былқ-сылқ етіп, өзгеруге де бейімделіп еді. "Қазір демократия, халықтан

бөлінбендер деп жатыр ғой, ештеп араласып тұрайық," - деп келіскен бір күні. Содан бас зоотехник үш-төрт кісіні қоспай ма? Үш-төрт алған соң, бір тракторшы құрдасы: "Осы сен мектеп бітіретін жылы біреудің қозысын ұрлап едің ғой, сол кімдікі еді?" - деп қарап отыр. "Ой, сен де соғасың-ау!" Бас зоотехник қызарып-ақ кетті. "Сен өйтіп танба. Жиналысқа сап едік қой. Аттестат ала алмай қала жаздап, әйтеуір әкең деректірге жалынып жүріп әпермеп пе еді? Бірдеңе берген шығар," - деп құрдасы күшейе түскен. Жүрт ду күліп, іштерінен "шоқ-шоқ" деп әзілдегенсіп, зоотехникті қажаған. "Қой жеуді бала кезінен білген екен ғой," - дескен. "Қайта ол кезде періштеге жақын екен ғой," - деп үстемелеп, әлгінің аусарлығын аударыстырып қараған... Енді түзеле бергенде сөз алған бір үлкендеу ағайыны: "Е-е, айналайын, сыйлап шақырғаныңа рахмет. Баяғыда, мұрныңнан боғың ағып жүрген қарасирақ кезінде мектепке талай рет атпен апарып едім, соны бір ақтадың. Сені де кісі болып, бізді шақыруға жарайды деп кім ойлаған?!" - деп қарап отыр. Активтердің біреуі күйіп кетіп: "Шақыруға жарағаның дейді ғой... Білдей бастықтармен бірге отырғаныңа шүкіршілік қылмайсың ба қайта?" - деп жіберді. "Бірге отырғанға шүкіршілік қылатындай сендер немене, көктен түсіп пе едіңдер?. Әрбірдесін рахмет айтатын да дәнеңе жоқ. Бұрын шақырса қайда қалыпты? Демократия дегенді шығарғандарға рахмет, бізді шақырттырып қойған. Бізден қорқады бұлар, ертең құлатып жібереді деп. Алдаған түрлері ғой, не де болса ішіп-жеп қалыңдар!" Зоотехниктің құрдасы қызбаланғанда, қарапайымдардың қалғаны соған ілесті. "Иә, десеңші...", "Шіркін-ай! . "Істемегендерің жоқ қой сендердің, бірігіп алып, бөрідей тиіп...", "Үстеріңнен жазып жіберейік пе, осы?" - десіп әңгімені қып-қызыл шатаққа тіреген.

Әйтеуір, әуірімдеп зорға құтылған активтер әрі-бері ақылдасып, газет ақтарып, ақыры "қонаққа кімді шақырып, кімді шақырмау туралы нұсқау жоқ екен, сондықтан өз үйірімізбен бұрынғыша жүре берейік" - деп шешкен.

Үйреніскен әдеттері бойынша етке дейін қарт соғып, дәм үстінде еркек-әйелі таласа-тармаса атақты бір әншінің махаббат хикаяларын тамашалап, кінәлағансып отырып қызыға тамсанып барып-барып, зорға тоқтап, "бұл да бір тамаша вечер болды" десіп, рахаттана шайға кіріскенде, той иесі тағы бір тамашаны бастап кеп жіберді. Арақтың құны артқалы еттің өзінде тосты екі-үш кісі қосылып айтып шайда мүлде ішпейтін болған жұрт дастарханға қайтадан шыны қаптағаннан - ақ тегін еместігін сезіп, қозғалақтап қойды.

— Ал, енді менің бір керемет сюрпризм бар,- деді төраға мақтанышын жасыра алмай. — Екі ай бойы ойланып, ешкімге де, тіпті әйеліме де айтпай, әдейі өздеріңе арнап сақтадым.

Қонақтар талып қала жаздады: еркек басымен екі ай бойы ешкімге айтпауға шыдаса, тіпті әйеліне де білдірмесе — бұл төтенше нәрсе ғой. Өмірінде бірінші рет жұртты аузына қаратқанына қуанғанынан әуелде төрағаның тіпті есі шығып кетті.

— Иә, айтсайшы енді қызығыңды!- десіп, жұрт шуылдай бастағандағана тілге келді-ау әйтеуір.

— Қазір жаңалық көп. Бұрынғыдай жоғарыдан нұсқау күтіп отырмай-ақ, оларды өз инициатива-мызбен жүзеге асыруымыз керек қой,- деп ол қайта құру желі туралы желпіне сөйлеп, жұртты тағы да жалықтырып алды.

— Өзі... зарықтырмай, айтатыныңды айтшы. Түнгі он екіде лекция тыңдайтын жағдайымыз жоқ,- десіп, тулауға айналды активтер.

— Айтсам... Қазір астанамыз Алматыда, Москвада, тіпті дүние жүзінде конкурс өткізіп, ең сұлу қыздарды таңдап алып, ару деген атақ беріп жатыр екен ғой. Олардан біздің қыздардың несі кем?! Менің туған күнімде біздің ауылдың аруын анықтауымыз керек деген шешім қабылдадым! Қалай қарайсындар?

Жұрт сілтідей тына қалды.

— Приздері дайын,- деді төраға сасқалақтап.

Бәрі дүр сілкініп, гуілдей жөнелді. Келіншектер айна-тарағына жармасты.

— Мынауың бұрын-соңды біздің елде болып көрмеген керемет бастама ғой!

— Дәстүрге айналдыру керек!

— Бұндай керемет идея тек сенің ғана басыңа лайықты!

Төраға тебіреніп кетіп, тарс еткізіп шампан ашты. Бір қалыпты, қағидалы отырыстарына әйтеуір бір жаңалық кіргеніне бәрі де шын көңілден мәз еді.

— Ал, енді, мұндайда мәселені жюри шешетін көрінеді,- деді төраға, желіктері басыла бастағанда. — Кәне, кімді сайлаймыз жюриге?

— Дәл қазір оның керегі не?

— Как, керегі не? Журисіз ауылдың аруын қалай анықтаймыз?

— Сонда... осы ауылдың аруын дәл қазір анықтамақсындар ма?- деді әлгі аңқау әлі түсінбей.

— А как же?!

— Е-е, мен ертең бүкіл ауылды жинап, жиналысқа салады екен десем...

Жұрт оны мазақтап, күлкіге айналдырғанда, әлгінің әйелі ашу шақырды.

— Аузың аңқиып, бетімен лағады екенсің. Басқалардың керегі не? Әлде басқа біреуің бар ма еді?

— Арулар ашуланбауға тиіс,- деп көршісі сөзбен шымшып, өршітпей басып тастады.

— Аруларды осы арада анықтамағанда, ауыл аралап жүреді деп пе едің?— Төраға әлгі әңгімеге айналып соқты. — Жәнете осы ауылда осы отырғандардан асқан арулар бар ма өзі?— Еркектер қулана, әйелдер қуана күлді. — Школдағылар мен детсаттағылар балалармен алыса-алыса, жүйкелері жұқарып, әбден жүдеген. Дүкен мен асханадағылар жеп-жеп, май басып кеткен. Ал күнге күйіп, жел қаққан малшы, қойшы, тракторшы әйелдерде қайдағы сұлулық? Тіпті, анау үлкен, әділ конкурстардың өзіне барлық әйелдер қатысқан жоқ, қалаулы әйелдер ғана қатысты ғой. Ал, біздің қалаулыларымыз да, қаулымыз да сендерсіңдер!

Әйелдер қол соғып жіберді.

— Осы арулар конкурсына қыздар ғана қатыспай ма? Мисс деп қыздарды, миссис деп әйелдерді айтпаушы ма еді?

Бағанағы аңқаулау бас мал дәрігері тағы бүлдіре жаздады.

— Ибай, біздің қыздан неміз кем?

— Қыз деп, әйел деп бөлетін түгі жоқ, сұлулық конкурсына бәрі қатысу керек!

Әйелдердің көтерілісін бас бухгалтер:

— Мисс пен миссис нең бар, құнажын мен сиырды айырып алсайшы әуелі, - деп күлкімен басты. Бұзаулауға тиіс емес саналатын құнажындардың көбісі бұзаулап қалып, есепте жоқ иесіз бұзаулардың ылғи жоғалып кететіні естеріне түсіп, бәрі де рахаттанып қалды.

— Жарайды, енді... Көне, кім-кім жюри болады?

Төраға топқа тағы да сауал тастады.

— Ендеше, әуелі жюридің құрамында қанша адам болатынын анықтап алайық. Көне, кімде қандай ұсыныс бар?

Парторг тізгінді дер кезінде қолға алғанын білдіріп, жан-жағына жауапты қарады.

— Өзі... нешеуміз?- деп сұрады біреу.

— Сондай да сұрақ болады екен. Екі табақ кісі, он-оннан жиырма, үй иелерімен жиырма екі емес пе?

— Тәк... Он бір еркектің нешеуін жюри қыламыз?

Алғашқы айтыс осыдан басталды. Үшеу аздау, бесеу беделсіздеу болған соң, жетеуге жеткізді.

— Е-е, мына кімді неге кіргізбедіңдер? Ылғи жүріп тұрады, жылда курортқа барады. Көпті көрген... Әйелдер жағына мәстүр.

Аңқаулау бас мал дәрігері бас зоотехникті нұсқады. Оның әйелі сабырлы екен, күйеуін ақырын ғана көзімен түйреп өтті. Жұрт "мәстүрді қалдырғанмыз масқара" деп жюриге оны да қосты. Жюри құрамы тақ болу тәртібін бұзбау үшін біреуін шығармақ болып еді, қайда-а, әлгі екі арада бойы үйреніп қалғандардың ешқайсысы қозғалатын емес.

— Онда тоғыз болсын!

— Ар жағында екеуін несіне қалдырамыз? Жігіттердің бәрі болсын!

— Жоқ, олай болмайды! Жұрттың бәрі жюри боп кетсе, ондай жюридің не қасиеті бар?!

— Ондайыңды қоя тұр. Сен болғанда, біз болмайтын несі бар? Темірден басқа түк білмейді деп пе едің? Жалғыз мәстүр сен емес шығарсың?!- деп бас инженер қызынды.

— Әй, жігіттер, ақыры болғасын, бәрі болсын. Бәрінің де әйелдері қатысайын деп отыр ғой. Ешкімге абидны болмасын!

Керілдесіп-керілдесіп барып, осыған келісті. Сонда ғана сараптайтындары алыстағы арулар емес, қастарындағы қатындары екені естеріне түсіп, сарапшылар елеусіздеу ғана есінеп алысты.

— Ал, бірінші мәселені шешіп алдық, енді ең негізгісіне көшеміз,- деді төраға.— Біз кішкене аяқ суытып келейік, сіздер кішкене дайындалып алыңыздар.

Еркектер топырлап шыға жөнелгенде, әйелдер сәндене бастады. Бәрі де әсем, әдемі жандар еді: бала өсіріп, тәртіппен үй ұстап, жұмыс істеп жүрген, ауылға сыйлы, бір-бірімен сыйлас келіншектер кенеттен әбігерленді. " Бұл да бір қызық болды, келіндер қыздар, күйеулеріміз бізді қалай баға-лайтынын көрейік бір, " - десіп, сыңғырлай күлгендерімен, бәрінің де іштерінде бір-бір құйын көтеріле бастаған еді. Сабын бөліскеннің өзінде сабындай бұзыла салатын нәзік жандар бастары бәйгеге тігілгенде қайтсін енді!

Сыртқа шыққан сарапшылардың да халі қарашада қырқылған сарық қойдың о жақ бұ жағында болатын. Айдың, күннің аманында әйелдерін конкурсқа салып қойған сабаздардың есіне "ойыннан от шығады" деген аталарының сөзі енді түсті. Сыр бермей, әр нәрсенің басын бір шалып, бұрынғыдай жеңіл-желпі күлгендерімен, көңілдері қобалжып-ақ қалған. Қуырдақтың көкесі алда екенін, әр әйелдің ішінде бір-бір түйе сойылып жатқанын сезбейтіндей бала емес қой.

— Ал, әйел салыстырғыштар!- Прораб белден бір-ақ басты. — Басқанды білмеймін, біздікі бірінші орын алмаса, менің сәбізім бітті дей беріңдер! Осы жерде бөтен кісі жоқ, өзіміз ғой жігіттер, бірдеңе қылындар енді. "Ер мойнында қыл арқан шірімейді" деген... Мінезін білесіңдер ғой... Көріп жүрсіндер ғой... Жаңа көйлекті жұрттан бұрын кимесе, жынданып кете жаздайды, мынадан қалса — қапұт!

— Иә, енді... оның өзі нелеуі нелеу...

Қолға түсіп тұрғанда қыжыртпаса құрбы бола ма, қатарлары қажауға айналғанда:

— Әй, қойыңдар, келін оңды-ақ. Өзімізді сыйлайды, одан артық не керек! Басқанды пісіріп жесе де мейлі!- десіп, үлкендеулері киіп кетті.

— Онда осыған берейік бірінші орынды. Өкіртіп

жуады ғой бұл...Әйтпесе айрылысып кетіп, маскара қылар..., — деді аңқау көңілшектеніп.

— Неге бұған береміз? Бірінші орынның иесі бар емес пе? Жеңгей тұрғанда... — десіп, шын берілген екі-үш жағымпаз директор жаққа жымыды. Анаған жаңа ғана жан кірді.

— Жарайды, жеңгелерінді әуре ғып қайтесіндер... онсыз да... — Екіұштылау , екі дай ғып барып, "ерлігімді біліндер" дегендей, кесіп айтты. — Е-е, иә... келіндердің көңілін қалдырмайық, жігіттер!

"Е-е, немене, конкурсқа қатыспайтын сенің әйелің әулие ме? Ару деген атаққа алдымен таласпағанда, сенің директорлығыңды күзетіп отыра ма? Қане, қатыстырмашы, көрейік мықтылығыңды?" — десті ішінен кейбіреулер.

— Ау, жігіттер, алдын-ала орын бөліп әуре болмаңдар. Бөтен кісі жоқ, өзіміздің конкурс қой. Қазір сараптап көреміз!

Аннан-мыннан естігендері, көргендері, оқығандары бар, әрі әйелдердің қайсы артық екендігін білуге деген әуестіктері бар, еркектер енді екпіндеуге айналды. Оларға қоятын сұрақтарды сұрыптай бастағанда-ақ дау туды.

Бұлардың көбі орысша оқығандар еді. Бір қызығы, орысша оқығандар қазақша оқығандарды, қазақша оқығандар орысша оқығандарды бір түрлі көріп тұратын.

— Қазақша оқып-ақ бастық болдық қой, — деп бөсетін.

— Орысша оқығанда бұдан да үлкен бастық болар едің, — десетін.

— Жарайды, осыған да шүкір. Сенің де орысша оқып оңып тұрғаның шамалы ғой шырағым, қайтесің, — деп қағытатын.

— Иә, сендей болу үшін орысша оқып керегі не? —

деп, қосып қоятын.— Қайта, қазақша оқысаң адам болып кетер ме едің, кім біледі?!

Енді міне, ауылдың аруын анықтау үшін қандай сұрақтар қоямыз дегенде екі топ екі жаққа тартты. Әркім білгенін сұрайды: біреуге қойған сұрағынан сұраушының өз деңгейі байқалады. Активтер де арулардың алдында ақылды көрінуге тырысып-ақ бақты. Өйтті, бүйтті, тек қазақы сұрақтар ғана емес, жалпы советтік, дүниежүзілік сұрақтар да қойылуға тиіс деді, ақыры әркім кезекпен өзінің қалағанын сұрай берсін деп келісті. Жұмыс тәртібін бекітіп алған соң, дабырласып үйге кірді.

Әйелдер де әп-әдемі болып, дайын отыр екен. Айқас басталды да кетті. Әуелі: "Сұрақ деген не сұмдық? Сонда не сұрайсындар?", "Бізді тергемек пе өздері?"- десіп, әжептәуір тулаған әйелдерді: "Ару атану үшін әйелдің көркіне ақылы сай болуы керектігін жазып жатыр газеттер, ал сендердің ақылдарыңды сұрап тексермегенде, бұрап тексереміз бе?"- дегенге дейін барып, әрең-әрең ақылға келтірді жігіттер.

Сонымен, төрге отырып алған төрешілер алдарында тік түрегеп, тізіліп тұрған әйелдердің ой-өрістерін өлшеп, ақыл-естерін түгендеуге кірісті. Екі жағы да "қайтсек әдемі, ақылды боп көрінеміз"- деп, іштей қатты толқулы еді.

— Жюри мүшелері жеке-жеке бал көтеріп, көрсетіп баға бермейді, қорытындыны артынан бір-ақ шығарады— деді юридің төрағасы болған парторг.

— Дұрыс, дұрыс, жюриге де жан керек!

— Осы жюри, жюри деп жатырсындар, қазір оны қазақша "әділ қазылар алқасы" демей ме?!

— Жюриге жөн үйретіп тұрған сенің жүрегіңнің түгі болғанымен, басыңда түк жоқ екен,- деді күйеуі жақтырмай.

— "Әділ қазылар алқасы" деген дұрыс емес... Сонда

немене, "әділ емес қазылар алқасы" да бола ма? Қазы болғасын — бітті, әділ болу керек.

— "Қазылар алқасы" деген де келмейді қазаққа. Билер деу керек. Төрағасын — төбе би деу керек.

— Жарайды, Алматың заң шығара берсін. Бәрібір бізге қонбайды. Сондықтан үйренген жюриіміз жақсы.

Парторгтың бұл сөзіне бәрі қосылды.

— Төбе би болсаң, баяғыны көкседің деп ертең райком сенің төбенді ойып жүрер,- десті.

— Ертеңге дейін билік біздің қолда ғой,- деп төраға тізгінді мықтап ұстайтындығын нығарлап сездірді. Бәрі ду қол шапалақтап, конкурстың сәтті өтуі үшін бір алып қойған соң, іске кірісті де кетті.

Жиналғандар қызметтес, аралас-құралас болғандықтан әрі арулар конкурсына арнайы дайындалмағандықтан сұрақ-жауаптың қисық-түзуі аралас кетіп жатты.

— Ас пісіп, қазанды оттан түсірдіңіздер. Ал қонақтарыңыз қарт соғып отыр — сонда не істейсіз?

— Не істегені несі? Тамақ дайын деп ескертемін — кез-келген әйел сөйтеді.

— Олар оған қарамай ойнай берсе ше? Күйеуіңіз де соларға қосылып алып, қозғалмай қойса, тіпті "тұра түр" десе қайтесіз?

— Неге? Ол өйтпейді. Өйтіп көрсін!

— Сөзді бұрмаңыз. Бұл — мысал... Соған жауап беріңіз!

— Енді... Қоймаса, табақты алып келемін де, орталарына қоя саламын.

— Қалайша? Қарттарын жинамаса, қолдарын жумаса, соған да қарамайсыз ба? Жәнете үлкен, сыйлы кісілер болса ше?

— Үй, қайдағы сыйлы кісі? Сыйлы кісі болса, қарт ойнап отыра ма? Ондай қартөжніктерді қарттарымен қоса шашып жіберер едім, қой дегенде қоймаса. Дәмнен үлкен емес, табақты қаратпасын!

Әйелдердің бәрі қол соғып жіберді, кейбір еркектер еріксіз қосылды. Қартқұмарлардың қабақтары түйіліп, шүйліге кетті.

— Е-е, сыйлы кісілер қарт ойнамайды деп кім айтты?

— Қарт ойнаған кісілер сыйлы болмайды дегенді қай кигіз кітабыңнан оқып ала қойдың?

— Газет-журналдарда жазады ғой сүйдеп. Енді... ерсі ғой қонақта қарт ойнаған... Көрер көзге!- деді, әлгі әйел, "ақылдығыма қоса сауаттылығымды да таныттым" деген сеніммен.

— Өй, ондай өтірікші газетінді қалтаңа сап қой!

— Ойнағанда, сыйлы кісілер ойнасын! Алдымен жаңағы журналистердің өздері өкіртеді!

— Баяғыда біреуін сыпырып алып, билет әперіп жібергенбіз.

— Жоқ, мынаған ызаң келеді. Қарт ойнамайтын адам қарттың қызығын қайдан білсін, жамандайды келіп. Ол ойнамайды екен деп, біз де ойнамауымыз керек пе, ей, ә? Және біз қарт дейміз ғой, бұлар "карта" деп жазады, жағынған түрлері ғой. Орысша сөзді дұрыс жазбаса, өкіртетін болу керек өздерін.

— Өй, мейлі, қалай жазса, олай жазсын, бізге келіп-кетері бар ма? Тек мынадай әйелдердің әп-әдемі, кіп-кішкентай миларын айналдырып қоятындары жаман.

— Рас айтасындар. Қонаққа барғанда соқпаған қартты қайда соғамыз? Тіпті, мына кімдер... Әдейі ертерек барады ғой. Иә, солай, жаңағы газет-журналдарың бізге басқа қызық тауып бергенше соғамыз қартты!

— Ал сен шашып жіберемін дейсің... Қонақты сыйлау керек қой, мисс!

— Бүгінгінің арулары адуын болатын шығар, әйтпесе анандай конкурстарға тайсалмай түсе ала ма?

— Дұрыс, батыл болған жөн,- десіп, әлгіні құлатпай алып шықты.

– Дегенмен, сұрағымыз жауапсыз қалды,- деп, сұраушы көтерілді.

– Үйткен сұрағың бар болсын! Бір тамақ беруді сонша сөз қылып...

– Е-е, несі бар. Мен сендер құсап миға қонбайтын айдаладағы бірдеңелерді сұрап отырған жоқпын, өмірлік маңызы бар нәрсені сұрап отырмын. Үйіңе келген сый қонақтарың қарт ойнап отырып алды, ескертсең де қарамады, сонда сен, жолдас ару, не істейсің?

– Шынында да бұл сұрақ ойланатын мәселе екен,- десті кейбіреулері.

– Оны біз емес, қонақтар ойлауға тиіс қой. Былайша айтқанда, жағдаймен санасып...

– Дұрыс қой бәрі де, бірақ олар ойланбаса, санаспаса..., қайтесің, ал?!

Еркек-әйелі жабыла жауап іздеп, ақыры "бір жолға үндемей, ақырына дейін шыдау керек шығар" дегенге тоқтады. "Санасыз қонақтардан" құтылып, "уһ" дегендері сол еді:

– Күйеуің жолаушылап кеткенде оның бір жолдасы келсе қайтесің? Қонаға,- деп тағы біреуі карап отыр. Әуелде жұрт ду күлген, іле-шала қипақтап, ыңғайсыздау күйге түсті.

– Неменеге келеді ол? Жөнді сұрақ құрып қалғандай...- деп, жауап беруші әйел жалтарып көріп еді, сұраушы қадала түсті.

– Ештеңеге де емес, тура қонуға келеді. Жоқ, ол әрине, сенің күйеуіңнің жолаушылап кеткенін білмейді. Ойында дәнеңе жоқ, жолы түскесін соққан, тіпті әдейі іздеп шыққан. Ауылы алыста, көлігі жоқ... қайда барады?

– Қайда барса онда барсын – менің жұмысым қанша?

– Қалай жұмысың қанша? Ол сенің үйіңе келіп отыр ғой.

— Мейлі, келе берсін. Айдаладағы біреу үшін...
немене... сонша...

— Айдаладағы біреуі несі? Күйеуіңнің танысы,
жолдасы деп отырмыз ғой.

— Енді... қайтемін оны?

Қисық сұраққа қиналған келіншекке "қондыр,
үйіңе келіп тұрған қонақты қондыр", "жоқ, жататын
үй тауып бер", -деп сыбырлап жатыр әйелдер.

— Жарайды, былай болсын. Бұл қонақ бұрыннан
үй-іштеріңмен араласып жүрген жолдастарың дейік.
Сонда қайтесің?

— Е-е, онда сөз бар ма? Жақсылап күтемін.

— Қондырасың ба?

— Қонбағанда қайда барады?

— Күйеуің жоқта бөтен еркекті үйіңе қондыр-
ғаның қалай?

— Қалайы несі? Ол біздің жолдасымыз ғой.

— Жолдас жолдас қой, бірақ... Бөтен еркектің аты
бөтен еркек... Түнде ұйқысырап жүрсе...

— Қойындаршы-ей, қайдағыны айтпай...

— Қайдағыны емес, ойдағыны айтып тұрмыз... Бө-
тен еркекпен бірге бір үйде түнеп шығу дегенің...

— Ойбай, енді өз үйімізге өзіміз қонбаймыз ба?
Балалар бар емес пе?

— Балалардың бөгеті жоқ, ұйықтап қалады.

— Е-е, ұйықтамағанда... Сендерді андып отыра ма?
Баланың аты — бала, қайдан білсін?

— Әй, мыналар тіпті төндіріп барады ғой!

Арудың ашуы келе бастағанда, көлденеңнен
күйеуі килікті.

— Ұсталдың ба, бәлем? "Күйеуім үйде жоқ" деп
қондырмай жіберу ойыңа да келмейді ғой өзі!

— Ол да бір ит екен... қуана-қуана қона кеткен.

— Арамысын қарашы-ей, сенің жоғынды пайда-
ланып,- десіп құрдастары құзай түсті.

– Ойбай, қайтеді мыналар? Жай... мысал ғой бәрі...

– Мысалдың шындыққа айналуы оп-оңай. Күйеуің жоқ та қонаға келген кісіге кет әрі еместігің көрініп тұр.

– Ниет болса бәрі де болады.

– Ойлағасын-ақ бітті ғой!

– Не бітті?

– Біткені несі-ей?- деп, әйелдер жағы безек-безек еткенде, еркектер жағы езе түсті. "Қыдырғыш болмағанмен, қондырғыш екенсіңдер ғой",- десіп, әбден әкіреңдеп алды кейбіреулер.

– Ойбай, қондырсаң бір бәле, қондырмасаң екі бәле,- деп әйелдер қарсы шабуылға шықты. Сонымен, қонаға келген қонақты өйту керек, бүйту керекпен біраз жерге барысып қалғанда, атамыз қазақтың мұндай үйге қонбайтын мәрттігі біреудің есіне түсті-ау әйтеуір.

– Өй, бүгінгінің еркектерін қой, мөлііп, шықпай қояды қайта! Сонда қайтеміз?

– Ондай оңбағандарды айдап шығу керек қой!- деп, аңқау барлық әйелдер үшін жауап берді. Барлығы "yh" десіп еді:

– Иә, саған, айтуға оңай. Сыйласып жүрген жолдасыңды қалай қуып шығасың? Өзі біліп кете қоймаса...- деп, бір-екі келіншек тағы да күдікті күшейте түсті.

Ары айтысып, бері айтысып, ақыры келген қонақты қондыру, қондырмау – әркімнің жеке ісі, оның арулыққа қатысы жоқ деген түйінге тоқтаған болды.

– Адамның жеке басына қатысты арандатушылық сұрақтар қойылмасын,- деді біреуі. Үйіне "қонақ келгендер" қызарандасып, ала көзденіп қалды.

– Иә, жалпыға ортақ, қоғамдық мәні бар сұрақтарды қойыңдар,- десті екіншілері.

— Жарайды, онда. Қонаққа барғанда күйеуіңіз қызыңқырап, сөйлеңкіреп, қылжалаңдап қалса қайтесіз?

— Фу, тағы да қонақ... басқа сұрақ құрып қалғандай.

— Е-е, несі бар, бұл қонаға келген ойсыз немесе арам ойлы қонақ туралы емес, қоғамдық мәні бар тамаша қонақ туралы әңгіме. Сондықтан... жауабыңызды жадырап отырып береңіз...

— Ондай жағдайда "отағасы, қойыңыз, ұят қой," - деп сыпайылап ескертеміз...

— Фу, әлдә-ә-ғандай ғып маскүнем немені! Өзіміз аузын жабар едік... срәзім...

— Сенен сұрап отырған жоқ қой, жұртта жұмысың қанша? - деп күйеуі қабағын түйді.

— Бөгет жасағандардың балы төмендетіледі, - деп төраға түзету жасады. — Ескертуіңізді ескермесе қайтесіз?

— Онда... сіздер сияқты қатаң сөгіс береміз, - деп әлгі келіншек парторг-төрағаға жымия қарады.

— Жол-жөнекей саяси сауатыңызды да байқата кеткеніңіз әбден орынды, - деді парторг кенпейілденіп. — Бірақ қатаң сөгісіңіз нақты қандай формада көрініс табады?

— Мәдени отырыста әдеби сөйлеу сізге де тамаша жарасады. Ал, сөгіске келсек,.. оны кейде көріп жүрсіздер ғой... қызығы шамалы.

— Жоқ, бізге сіздің сөгісіңіз керек...

— Керек болса, мә саған! Қасына жетіп барып, әуелі сөзбен сілкілеп-сілкілеп, оған да болмаса қолынан жетелеп алып шығамын.

— Оған көне қоймаса...

— Көне қоймаса, тура шаңын қағып тұрып, алдыма сап айдап әкетемін!

— Дұрыс, рахмет! Күйеуіңіздің тартынып ішетіні сондықтан екен ғой.

– Енді ше?!

– Дұрысы дұрыс-ау, бірақ бұл адам правосын аяққа басу ғой... Дүниежүзілік декларацияда...

– Немене, еркектер мас болып, білгенін істесін деп пе? Ол декларациянды қалтаңа салып қой. Оны да менен сұрап па, менімен санасып па? Сондықтан оныңды білгім де келмейді. Ару деген атағыңды бермесең тағы өзің біл. Менің білетінім – қиқандаған күйеудің қаққанда қанын, соққанда сөлін алу керек!

Әйелдер жағы қол соғып жіберді.

– Ау, арулар-ау, сонда жұрттың көзінше күйеулеріңмен жағаласып жатқанды ұят санамайсындар ма?

– Ұяты–ұят, әрине. Бірақ не істеуіміз керек енді?

Тағы да таласып-таласып, ақырында "қонақта қызу-қызбау әр еркектің өз жұмысы, ал қызып қалып бетімен кетіп бара жатқан күйеуін қалай жөндеу-әр әйелдің өз еркі"- деген декларация қабылдады. "Өзіміз ондай емеспіз ғой... мейлі"- десті көпшілігі. Кейбіреулері бір-біріне қарап, жымыңдасып, қызарандасып қалды.

– Жарайды, мына бір жақсы сұрағымды ешкімге қимай отыр едім, саған қояйыншы. Дүкенге нәрсе түсіп жатыр дейік, алуға ақшаң жоқ. Атаңнан ала қояйын десең, ол кісі ұйықтап жатыр, не істейсіз?!

– Не істегені несі? Оятамын...

– Қалай оятасың?..

– Кәдімгідей... ата, ата деп.

– Оған ояна қоймаса ше?

– ?!

– Атаңның ұйқысы қатты екен дейік. "Ата, ата" дегенінді естімесе... жұрт дүкендегі нәрселерді талап әкетіп жатыр... Не істемексің?

– Енді... қайтемін... оятамын... кәдімгідей...

– Кәдімгідейің қалай?

- Солай... енді... адам құсап... кәдімгідей...
- Фу, сендер де қызық екенсіңдер. Қайдағы бір түкке тұрмайтын нәрселерді сұрап...
- Иә десейші...
- Ұйықтап жатқан атасынан ақша алу да сөз боп па?
- Дүкенге нәрсе түсіп жатқанда шалмен церемонитса етіп тұра ма кісі... ал да жүре бер... Кейін алдап-сулап бірдеңе қыларсың...
- Ау, арулар, сендерден сұрап отырған жоқпыз ғой,- деп жігіттер әйелдерді тәртіпке шақырды. – Әйел болсаңдар да, жюриден жоғары емессіңдер!
- Ұйбай, қойдық,- деп әйелдер күле-күле көнді.
- Атақ берерде әбден бұлданатын әдеті ғой бұлардың,- деп бір қу тілді келіншек күбір етті. – Е-е, мейлі, алдап-сулап атағын алып алған соң, кім керек қылсын!
- Арандатушылықты қойыңдар, әйтпесе, өздерің керек болмай қаласыңдар. Келістік қой?!
- Сонымен, ілгері кеттік. Атаң ұйықтап жатыр... Ақшасы желеткесінің қалтасында, желеткесі үстінде екен дейік... Оятпасаң, ала алмайсың. "Аталағаныңды" еститін емес...
- Оятамын дедім ғой...
- Қалай?
- Кәдімгідей... түрткілеп...
- Мәссаған!
- Масқара! Атасын түрткіледі деген не сұмдық?
- Ұйбай, түрткілеп оятпағанда, жұлқылап оята ма енді?
- "Ата, ата" деп сыйлап тұрғанда, әп-әдемі бол ояна қоймаған өзінен көрсін.
- Сонда... Қолыңмен түртесің бе, таяқпен түртесің бе?
- Қай жерінен түртесің?
- Түрткесін бәрібір емес пе?!

Қып-қызыл дау басталды. Жігіттер жағы ата түрткілеуді батыл-ақ айыптап еді, әйелдер жағы әл бермеді. Қысқасы, дүкенге нәрсе түсетін кезде аталар ұйықтамасын, ұйықтайтын болса, ақшаларын алдынала келіндеріне өткізіп қойсын деген шешім қабылдады. Әйтпесе, кейбір жаны нәзік келіндер дүкендегі нәрсенің таусылып бара жатқанына шыдай алмай, теуіп те жіберуі мүмкін екендігін, сондықтан түрткілегенге шүкіршілік қылу керектігін күле-күле айтты. Дегенмен, ата-ананы әрқашанда сыйлайтын кісілерге мұндай миға сыймайтын сұрақ қоюдың өзі өрескелдік десіп, "өздерінді қалай оятатынымызды сұрасандар ғой бәлем, көрсетер едік," - деп төндіріп, юридің аузын жауып тынды.

— Сендердікі жөн,- деп жігіттердің бірі жұрттан бұрын жағына қойды.— Кемпір-шалдардың мазасын алмай-ақ, өзімізді жөндей берейік те. Менің сұрағым: сізге бір ауылдасыңыз, мысал үшін, тіпті осы отырғандардың біреуі ғашық болса, қайтер едіңіз?

— Ғашығы несі-ей?- деп тергелуші әйел балалы-шағалы адамдарға қартайғанда мұндай әңгіменің ұят екендігін ескерткенімен, бетінің ұшына қан жүгіріп, шырайланып шыға келді. Тергеуші жігіт бұған тоқтар болмады; арулар конкурсына қатысып отырып, қайдағы қартайған; ғашықтық кәрі-жасқа қарамайды; қысқасы, бір тамаша жігіт сізге шынымен ғашық болып, өзінің нәзік сезімдерін соншалықты әсерлі, әдемі түрде жеткізді; сонда сіз не істер едіңіз?! Қызық болғанда, әйелдер әуелі үндемей қалды, тіпті кейбіреулері жұртқа байқатпауға тырысып, тәп-тәтті, жеп-жеңіл күрсінді. Әлгі әйел толқығанын жасыра алмай, ондай жігітке тиым салатынын, ойлайтыны — отбасының берекесі екендігін айтқанда жұрт қол соғып-ақ көріп еді, біртүрлі шашалыңқырап қалды — бәрінің де мұндай ғаламат қызықты оп-оңай бітіре

салғысы жоқ еді. "Тиымыңыз миымызға сыйымсыз, сондықтан да қиыныңызды қиыңызшы тиынсыз, сіз біз үшін қолға түспес бұйымсыз, от ойнатқан құйынсыз, шешілмейтін түйінсіз, жүре алмаймыз енді мүлдем сиыңсыз!"- деп қиылып, соңынан қалмай қойса, күйеуімен қорқытып, бетін қатты қайтарып тастайтынын айтқанда, әлгі әйел неге екені белгісіз, күйеуіне жалтақ-жалтақ қарады. "Ғашықтық сияқты адамның нәзік сезімін аялау керек қой, ал бетін қатты қайтарып тастау – оны аяққа басу емес пе? Күйеуіңе қай бетіңмен айтпақсың? Қырылысады ғой екеуі. Әлде, қай жеңгенің менікі ме сенікі?"- деп жігіттер жан-жақ жабыла кеткенде: "Үйбай, енді қайтемін? Менің жазығым не?"- деп, келіншек ыршып түсті. "Бұларға айтсаң бір бәле, айтпасаң бір бәле", "Сезім, сезім деп сызылып тұратын дәнеңе жоқ, сезімін езіп басына жағу керек!", "Күйеуің түгіл, ол жігіттің әйеліне, бүкіл ауылға айтып, әкесін танытып тұрып көшіріп жіберу керек", "Күдіктеніп, бықситын болса, күйеуінді де қосып қуып жібер – жүрсін екеуі, бір-бірін қолтықтап", "Махаббаттың аты махаббат дейді ғой, ерегескенде сол жігітпен жүріп алу керек",- десіп, әйелдер қоқырайыңқырап тұрған юриді жапырайтыңқырап жіберді. "Сасқан үйрек артымен сүнгидінің" кері келіп, сұрақ қойғыш: "Жарайды, онда, сұрақты өзгертейін. Өзіңіз біреуге ғашық боп қалсаңыз қайтер едіңіз?"- деді. "Бұндай сұрақты өзіңнің әйеліңе неге қоймайсың?"- деп, әлгі әйелдің күйеуі шылым тартуға шығып кеті. "Ерлі-байлы адамдарға басқа біреуге ғашық болуға болмайды. Үйді, балаларды ойлау керек алдымен. Мұндай сұрақтарың заңға томпақ,"-деп, әйелдер томпиғасын жігіттер монтиып құтылды. Сөз аяғы сұйылуға айналған соң төраға-парторг үзіліс жариялады. Тысқа шығып, шылым тартып тұрғанда, жігіттерге конкурстың қоғамдық-саяси мәнін

тереңдетуді тапсырды. Үзілістен кейін әйелдерге де осы жағы ескертілді.

— Партия туралы не ойлайсыз? Коммунистерге сенесіз бе?

— Данышпан партияның басшылығымен коммунизмге жететіндігімізге бәріміз де сенеміз!

Сұрақ пен жауап ресми салтанаттылығы сондай, бәрі ду қол шапалақтады.

— Ау, ағайындар, партия жиналысында отырған жоқпыз ғой... Өтірік айтатындай... — Бас зоотехник бас көтерді: он жылдан бері бір орында омалтып, өткенде тіпті реті келіп тұрғанда өсірмей қойған партияға өкпесі қара қазандай еді. "Әне шығамын, міне шығамынмен" аңысын аңдап, кез-келген уақытта суырып бере қою үшін партбилетін қалтасынан тастамай жүрген жігіт партияны тағы бір жамандатып алмақ оймен, жан-жағына жақсылап тұрып қарады. — Қазір плюрализм, демократия... Бал бергенде батылдықты, тапқырлықты ескереміз, сондықтан ешкімге ұқсамайтын өзіндік пікірлеріңді бүкпесіз айтуға тырысындар. Бұл — конкурс қой, ал сендер бір-біріңмен таласудың орнына, қол соғасындар! Әлде, өзіндік пікірлерің жоқ па, немене?

Әйелдер қызарандап, бір-біріне қарады. "Жарайды, бірақ, басқа-басқа, айналайын үкімет пен партия қайда, біз қайда? Ақылымыз жететін жерді айналдырайық та... Партияда неміз бар? Бара берсін коммунизмге!" - десті бір ауыздан.

Бәрі де азды-көпті ақыл-ойларын әрі-бері аударыстырып, ақтармалап сұрақтар іздеді. Алматыда, анда-мында өткен арулар конкурсында қойылған сұрақтарды құлақтары шалғандар солай қарай бұрылды. Бірақ, ә дегеннен қазақ әлемінің жолы болмады, бірер сұрақ қойылғаннан-ақ арулардың ауыздары аңқиып, еріндері қайқиып шыға келді. Қазақша оқыған

келіншектер қуана-қуана жауап бермек болып еді, көпшілік: "Көбіміз білмейтін нәрселер сұралмасын, әйтпесе, конкурстарың өздеріңе,"- деп бет бақтырмады. "Бұларың ұят қой! Өздерің қазақсындар ма, жоқ па?"- дегендерге: "Біз — жаңа заманның жаңа қазақтарымыз! Сондықтан, жаңаша сұрақтарыңды әкеліндер,"- деп, батыл тойтарыс берді өздерінше. "Жаңа қазақтар" шет елдерді де қарық қылған жоқ: әйтеуір, бір келіншек джазды "жазда ойнайтын жеңіл музыка,"- деп, екіншісі, "құрыс-тырысыңды жазатын темір музыка,"- деп тапқырлық көрсетті. Шет ел секссіз бола ма: "сексті сөз қылмау керек, онымен айналысу керек,"- деп күлдіре сөйлеген бір келіншек жігіттерді желпіндіріп қойып еді, қалғандары оларды ұялтып тастады.

Осы тұста жігіттердің бірі тауып кетті.

— Азшылық көпшілікке бағынады деп жатырсындар. Ал егер көпшіліктікі қате болса ше?

— Тапқан екенсіндер! Көпшілікте ешқашан қате болмайды! Көппен ойнағандарың — отпен ойнағандарың!-деген әйелдерге жігіттердің біразы қосыла кетіп, әлгіні мүлде жаныштап жіберді...

Ұзақ-сонар сұрақ-жауаптың өтірік-шыны аралас болуы әбден заңды ғой біздің заманымызда.

"Қайтсем жақсы боп көрінемін?"- деп құбылған әйелдерін күйеулері жаңа көргендей болды. Ақыры, ақыл-ой тексеру аяқталып, конкурс қорытындысын шығару ғана қалды. Әуелде әркім "ауылдың аруы" деген атақты өз әйеліне алып беруді ойлаған, бірақ бұл мүмкін болмағандықтан, топ құру басталды. Жігіттер жіктеліп, күбір-жыбырға еркін кіріскенде, әйелдер де алакөзденіп отырған. Адам баласы атаққа таласқан кезде сүйекке таласқан иттен жаман болып кетеді ғой; өздері ойлап тапқан майлы жілікті бөлісе алмай, аяқ астынан араз боп шыға келген ауыл

азаматтары мен әйелдері айқайласып-айқайласып, ақыры ауылдың аруын жеребе арқылы анықтады. Бірақ, "жеребе-соқыр" деген ешқайсы болған жоқ: жеңіп шыққан құрбыларын құттықтауға шамалары зорға келіп, жумақ болған жігіттерін желкелегендей ғып алып кетті. Жай кетпей, қайдағы жоқты шығарған ауылдық советтің төрағасын жақсылап тұрып тойғызып кетті.

Жұрттың әйелі жұлынып кеткенімен, көңілі шалқыған ару құйын ой-сезіммен қалықтап: "Қайдан шықса одан шықсын, бәлемдердің көздерін бақырайтып қойып, кімнің кім екенін бір дәлелдеп берді-ау ер-азамат айналайын! Е-е, бәсе, әділдік бар екен ғой, бағамызды берді-ау бір! Ойбай-ай десенші, талып қала жаздады бейшаралар. Арттарына қарамай қызғанады-ей! Ми жоқ қой бастарында, әйтпесе таласпай маған беретін жөндері емес пе? Арулыққа таласпақ түгілі, менің жанымда әйел ме солар да? Әйтеуір, соларға таба қылмай, әкелерін танытқан юридегі жігіттерге рахмет. Үй, жандарым-ау сол!"-деп, қалпына түсе алмай қойды. Ол ойда жоқта бәсекелес боп шыға келген сыйлас құрбыларынан асып кеткеніне мәз болып, шала мас, шаттық күй кешкенде, басқа келіншектер бұның сыбағасын беріп жатқан. Тіпті кейбіреулері: "юриде сен де болдың ғой. Бағаны маған бермей, соған бергенсің ғой. Сол сайқалмен бірдеңелерің бар. Оның менен несі артық?!" деп, күйеулерін тік тұрғызып қойып, таң атқанша "конкурс" өткізген...

Дүрбелең бұнымен басылған жоқ. Арулар конкурсы туралы ертеңіне бүкіл ауыл естіді. Естіді де, бір кісідей әлгі аруды сынап-мінеп, бірауыздан "біздің ауылдың аруы" деген атаққа лайық емес деп тапты. "Өйткен-бүйткен", "ондай, мұндай" өз алдына, әке-шеше, туған-туыстары да түгенделіп, ақырында:

"Тұқымында сұлу, ақылды әйел болып көрмеген немеге қайдағы арулық? Жігіттердің басын айналдырып алған ғой. Сиқырлана күлгені жаман еді сайқалдың"- деген қаһарлы қорытынды шыға келді. Келіндері мен қыздары конкурсқа қатысқан кексе әйелдер мен кемпірлердің кейбірі алғаш кездескен жерде арудың басына әңгіртаяқ ойнатып алды. Байғұс арудың күні қараң болуға айналды: қызметте де, көшеде де, қонақта да жұрттың көзі сонда, сынай қарайды да, іле-шала мұрындарын шүйіріп, пыш-пыш етеді. Жұртпен емін-еркін араласудан қалды. Жуып кетсе бірдеңесі жұғып қалатындай жалтарып, сырғақсуға айналды құрбылары. "Қырымды сындырмаймын, ару деген атағыма кір жуытпаймын,"- деп қақиып, қайқиып-ақ жүргенімен, ішінен ешқандай атақсыз, емін-еркін жүрген бұрынғы күндерін сағынатын. Тіпті, басқа ауылдың кісілеріне дейін: "Е-е, ару деп жүргендерің мынау ма? Неменесі бар, сонша әлдеғандай қылатын..." дегендерін құлағы шалып қалғанда, жаман болып кететін. Бұның бәрі аздай, ауылдың кейбір сері сымақтары: "Арулар — халықтікі. Бір адамға байланып отыру — сіздің атыңызға ұят, тіпті обал. Сондықтан ойнап-күлейік,"- деп, соңынан жүгіруді шығарды. Тіпті, бозбалалардың өзі бір-екі рет білегінен ұстауға оқталып, зорға қашып құтылған. Бұл әңгімелер күйеуіне де жетсе керек, одан да маза кетті. Сау бастарына сақина болған атақтан енді аман-сау құтылуды ойлай бастады. Ақыры бір қойын сойып, ауылдастарын шақырып, кешірім сұрап, шатақ болған атақтан азат етулерін өтінді. "Өй, неге асықтың? Жүре тұр біраз... аркалап,"- деген құрдастарын үлкендер тиып тастады. "Бөлесінен аулақ, айналайындар! Әйелдердің бәрі әдемі — әрқайсы өзінше... Алатайдай бүлдірген атағы бар болсын!"- десіп, риза болып тарасты. "Осындай ақымақтар

басқарған соң, ауыл қайдан оңсын?"- деп, ауылдық советтің төрағасын біраз жерге апарып: "Өзін орнынан алып, көшіріп жіберу керек!"- деп күмпілдеп-күмпілдеп барып, "өй, қойшымен" бітті аяғы...

1989 ж.

Түсіме кіргізіп аламын...

Бұл хикая түсіме әйелім кіргеннен басталды. Шынашағы майысып шай құйып отыр екен. Мұндай қою шайды өмірі ішіп көрмеген қайран басым, сораптап тартып жатырмын, тартып жатырмын — шөлім қанар емес. "Сонша борылдатып не көрінді, ей? Жайлап іш, атауынды!"- деп айқай салатын кезі екінші кесенің ортасы еді ғой, неғып үндемей қалған?"- деп танданып қоямын. "Бір нәрсенің басы қылтиған жоқ па екен?"- деп бетіне ұрлана көз жүгіртсем, жүзінен нұр төгіліп, менің шай ішкеніме сүйсініп, мейіріммен қарайды екен. Өзіне қарағанымды байқап қалып: "Өзіңіз бусанып, бал-бұл жанып, нұрланып отырсыз. Варенье салып ішесіз бе, әлде тағы да шай демдейін бе?"- дейді қиылып. Мен кекетіп отыр екен деп, аяқ астынан шамданады екем деймін. "Немене, өмірімде бір рахаттана шай ішкен екенмін, соны да көре қалдың ба? Әйел дегенің ерінің қас-қабағына қарап, керегін айтқызбай істер болар..."- деппін сызданып. "Ғафу етіңіз, отағасы... Мен ... әншейін... еркелеп... Мінекейіңіз... Сүті көптеу емес пе өзі?"- дей бергенінде... шошып ояндым... Әйелім: "Сүтке бармағансың ба, әлі?"- деп жұлмалап жатыр екен. Қайтейін, сүттей ұйып жатқан жерімнен сүт құйып жатқан жерге қарай даңғырлай жөнелдім...

Әйелімнің алғысын ала қояйын деп, алқынып-ақ жетіп едім, қайда-а!

— Сүтің сүп-сұйық қой,- деп, суық қарады, қаймағын мен жалап қойғандай. Түсімдегідей тікірейгім келіп, бетіне қарап едім, тізем дірілдеп кетті. Сүт пісіру де, қою шай беру де қаперінде жоқ, ернін шұрттитіп алып, боянып отыр: пәле іздеп, найза кірпіктерін жалақтатып-жалақтатып қояды. "Аш пәледен қаш пәле", суыңқырап қалған сылдыр судан екі кесесін сіміре салып, сүтке тиген мысықтай болып кете бардым...

Жолшыбай түндегі түсімді сағындым. Осы күні жақсы түс дегеніңіз де сиреп кетті ғой. Онсыз да шаршап, ренжіп ұйықтасаң, әйелің түсіңе кіріп алады да, өңіндегісі аздай, езгілейді келіп. Булығып, буыныңнан әл кетіп, қорғана да алмай қорланып оянсаң: "Не көрінді ей, қыр-қыр етіп, кісінің зәресін алып?"- деп түсіндегісі аздай тағы безілдейді. Шіркін, ылғи жақсы түс көріп, әйелің ер басыңды қадірлеп, майысып тұрса ғой... Жақсы түс көргенде адам бір жасап қалады, жалпы. Жорғалап жүргендер ұшып жүреді, қорғалап жүргендер ісіп жүреді, жол қарап жүргендер ішіп жүреді. Неге ылғи жақсы түс көрмейді екенбіз осы, ә?

Кенет керемет бір жаңалық аштым— адамның қолынан бәрі келгенде, өз түсін өзі билеп, қалаған түсін көру келмей ме? Келгенде қандай! Жаңалық ашпау керек, ашқаннан кейін оны жүзеге асыру керек. Мен енді үнемі жақсы түс көруге тиіспін! Осыған өзімді-өзім иландырып, өз түсімді өзім билеуге күш салдым...

Жұмысқа келісімен бастық шақыртып алды да, жоғарыға беретін есебіне қатысты бір қағаздарды түске дейін дайын қылуды бұйырды. Өзі де бір миды ашытып, іш пыстыратын көп жұмыс еді, кірісе

бергенімде орынбасар шақыртты. Ол да бір қағаздарды түске дейін дайындап беруімді "өтінді". Терлеп-тепшіп бастықтың тапсырмасымен отырғанымды түсіндіріп-ақ бақтым.

— Немене, саған бәсекеңнен басқа кісі кісі емес пе? Көзіңнің еті өсіп, желік бітейін деген екен саған да. Қаңғып жүрген жеріңнен жұмысқа алып, адам қылған мен едім, енді сөзімді жерге тастайын деген екенсің! "Тұрмыс жағдайы қиын,"- деп, саған үй бергізейін деп отырсам... Байқа, бала, ағаңның көңілі бір қалса, қайтып жібіместей болып қатып қалады,- деп орынбасар ойып жіберердей қарады. Амал жоқ, көндім, көнгенде де ренжімеуін өтініп, кешірім сұрап кішірейіп тұрып көндім.

Бөлмеме келіп күйіп-пісіп отырсам, бөлім бастығы кірді күлімсіреп. Бірдеңеге жұмсардағы өдеті, жымыып, жұмсартып алып жұмсағанда, жалтаратын жерің қалмайды. Қазір де алды-артымды бірдей орап, мәймөңкелеп-мәймөңкелеп, бастықтардың тікелей өзіне тапсырған тығыз жұмысын менің мойныма аударса салды. Басқа кезде шұлғи беретінмін (қайтейін, күнім үшін әлди ғой), бірақ дәл қазір бұл жұмысына мұршам жоқтығын түсіндірдім. Күлкісі күлге айналды.

— Сонда немене, анау екі дүмнің жанында менің дым болмағаным ба? Тіпті бар ғой, тікелей бастық — менің келісімімсіз олардың саған тапсырма беруге де хақысы жоқ. Мейлі, өзімсінгені шығар, айтқандарын істейсің бе, жоқ па, оны өзің білесің, өздеріне айт. Ол сыйластыққа қатысты шаруа ғана. Ал, тікелей бастығыңның нұсқауын, яғни бөлімнің жұмысын тез, уақтылы әрі сапалы атқару — тікелей міндетің. Сол үшін жалақы алып жүрсің ғой, айналайын!

Өстіп бір оқсатып алды да, одан зорына көшті.

— Әйтпесе, оқыған адамбыз, керісіп істеген жұмыс-жұмыс бола ма, бөлімнің жұмысын істегім келмейді,

бөлім бастығының айтқанын тыңдағым келмейді деп арызыңды жазып бере ғой.

Бұл да жанды жерімнен ұстады. Ешкіні апа, текені жезде деп жүріп, зорға орналасқан жұмыстан шығып кете алмайтынымды, үй алғанша неге болса да көнетінімді біліп айтып тұрған немеге күлімсіреп, бас шұлғып құтылдым.

Сол бас шұлғыған күйімде қалғып кетіппін, қалғыған бойда керемет түс көріппін. Үш бастық бір-бірімен керемет жарасып, достық жағдайда менің қамымды жеп отыр екен. "Өзін қағаз басты қылып жібердік, осы бір керексіз қағаздардан құтылайықшы,"- деп маған жүктеген қағаздарды қоқыс жәшігіне лақтырыпты бәсекең. "Үй бермесек болмас, пәтерден пәтерге қаңғып, азып-тозып жүрген адам үлкен нәрселер жөнінде қайтіп ойланады? Күйкі тірлік жанын жеп, ұсақталып, жүнжір кетеді ғой, бейшара. Әнеугүні "Пәтерде тұрам, өлшеймін бәрін пәтермен..." деп өлең айтып отырған. Өзі де әбден езіліп біткен екен, одан сайын езе бермей, еңсесін көтерейік,"- деп қолма-қол ордер жазып беріпті... Бір қарасам кең, жаңа үйдің балконында шылым тартып тұр екенмін. Бұрын өлімсіреп, көмірдің құны туралы қиналатын әйелім күлімсіреп, өмірдің мәні туралы әдемі ойлар толғайды екен деймін. Ақыры екеуіміз Арал мен Балқашты қорғау қорына ақша аудару жөнінде дауласыппыз — мен елу сом аударайық десем, "жок, жүзелу сом аударайық, бір көйлекті кем кисем кем болып қалмаспын. Табиғат біздің анамыз ғой, анамыздан немізді аяймыз?"- дейді екен айналайын әйелім...

Қуанғанымнан... оянып кетіппін. Алдым толған қағаз, зәремді алып бозараң-бозараң етеді. Оянғанымға өкінсем де, амал не, шетінен кеміре бастадым. Өліп-талып бітіріп, бәсекеңе кірейін десем, секретарша сұлу

әйел ернін шүйіріп, "жоқ" дейді. Басекең жоқ па, жоқ әлде кіруге рұқсат жоқ па, ал енді тауып көр? "Мен қайдан білейін? Соны да сөз деп!... Фу, сен екенсің ғой!..." - деп кергіп, қатардағы қызметкерлерді адам қатарына қоспайтын кесір мінезіне кіжініп жүруші едім, "қап бөлем, сені ме?" - деп бөлмеме қайтып келдім де, қалғи қойдым. Содан әлгі сұлу келіншекті түсіме кіргізіп алып, ой бір... ғақлият сөздерді айттым дейсің. Кәдімгідей ұялып, майысып тұрып, мәдениетті болуға уәде берді.

Басекең шақырта қоймаған соң, түстен кейін тағы да бардым.

— А-а? Бұл не? - деп мен әкелген қағаздарға таңдана қарады. Мән-жайын баяндадым.

— Ә, иә, жарайды, жарайды... Бірақ, бекер әуре болғансың, бағана жоғарыдан збандап, ауызша сұрап алған бұл ақпарларды. Но, дегенмен саған да рахмет, - деп көз майымды тауысып толтырған аппақ, жып-жылтыр қағаздарды умаждап-умаждап қоқыс жәшігіне тастай салды...

Орынбасар: "Тілімді алар ма екен деп әдейі сынап едім, ауызша-ақ бітіретін шаруа ғой," - деп кеңкілдеп күліп алды да алғысын жаудырып, үйдің есігінен тағы бір сығалатып қойды...

Бөлім бастығы ептеп ұялыңқырағанын байқатпауға тырысып, "жақсы, жақсы, жұмысты осылай істеу керек," - деп алғысын айтып, қағаздарды тартпасына тыға салды...

Мен ешқайсысына да ләм-мим деген жоқпын. Бөлмеме келдім де басымды столға сүйей салдым. Түс көріппін. Түсімде үш бастықтың үшеуі де бағанағы қағаздар салынған қоқыс жәшігіне отырып алып, қолдарына сыпырғыш ұстап, тозаққа қарай ұшып бара жатыр екен...

Содан былай ұйықтағым келеді де тұрады. Бар

арманым да, қолымнан келетіні де — тезірек жата қалып түс көру. Бір нәрсеге қиналсам, ренжісем болды, ұйықтай саламын да, ғажайып әлемге сүңгіп кетемін. Тіпті таңертең біреуден теперіш көрсем, кешке дейін тосуға төзімім жетпей, түскі тамаққа да бармастан бөлмені іле салып, түсіме кіргізіп аламын да, білгенімді істеймін. Тіршіліктегі бар бітіретінім — таңертең және кешке дүкенге жүгіру, жуыну, тамақ ішу, жұмысқа барып келу... қосын... қосын... жатып алып түс көру...

Қайсы бірін айтайын, көрмегенім жоқ... "Өткен өмір көрген түстей," - деп отырады ғой қариялар. Ал менің өмірім — көрген түстерім-ау деймін. Өң мен түсті айырудан қалдым...

Бір күні жұмыста тәртіп мәселесіне байланысты жиналыс болды. Әркім сыбағасын алып жатқанда маужыраңқырап отыр едім, маған да кезек келіп қалыпты. Оңдырмады. Бастықтан бастап бәрі соймай іреді. Сондағы таққан айыптары не дейсіздер ғой? "Жұмыста да, қоғамдық өмірде де белсенділік танытпай, ылғи маужырап, ұйқылы-ояу жүреді. Бұны сілкілеп ояту керек!" - деді. Күйіп кеттім де столды бір пердім.

— Біреудің ұйқысында шаруаларың болмасын! Қолдарыңнан келсе, сендер де мен құсап ұйықтап, мен құсап керемет түс көріп алыңдар!

Барлығы да абдырап, қозғалақтап кетті.

— Мынаның дені сау ма?

— Түсі несі?

— Иә, иә, дәл солай! Түс көру бостандығы бар ма, жоқ па, жолдастар, ә?

Бұған дау айта алмады. Өздері де түсінде қайдағы-жайдағыны тамашалап жүрген немелер, тамсана қарады маған.

— Олай болса, қазір маған кісімсігендеріңе жол

болсын. Ойбай-ау, бәсеке-ау, өзіңізше көсемсіп отырсыз, түсімде қолыма су құйып, қызмет қылып: "Орныма таласатын түрі бар, орынбасардың үстінен арыз жазып жіберші," - деп жалынып тұр едіңіз ғой. Ал сіз, орынбасар жолдас: "Бір жарты қойсаң. сыйлық бергіземін, мың сом берсең үй әперемін. Ал бастықты құртуға көмектессең, тегін әперемін," - демеп пе едіңіз?

Талып қала жаздады. Естері кіргенде болды қызықтың көкесі. Кеңірдектері жыртылғанша айқайласып: "Қашан сүйттім?", "Қашан сүйдедім?" деп ышқына өздерінің ақтығын дәлелдеп бақты. Орынбасар мен бәсекең ала көздерімен бір атысып өтті. Мен қыңған жоқпын.

— Сен неменеге дәусінесің? - дедім бөлім бастығына. — Түсімде: "Бұдан былай түнде мас болып келгенімді қояйын. Тек қана жұмысыма айта көрме, тізерлеп жүріп пол жуайын, сен қыдырып кеткенде кірінді жуып, киімді үтіктеп қояйын, әйтеуір елге маскара қыла көрме" - деп әйеліңе жалынып, жылап жатқан "жайсаң" едің ғой. Ал, сен немене алтын партсигарыңды жылтындатасың? Түсімде мына... кімнің үйінің қоқыс жәшігін ақтарып, қалдық тартып жүр едің... Ал мынаған не жоқ? Екі беті қып-қызыл боп алып, күнде ет жеп жүргенін білдіргісі келіп тісін шұқудан танбайтын мына жемпазды айтамын... Ет сұрап қайдағы бір қоймашының алдында мәлиіп тұр едің ғой, түсімде... "Бір қауым елге жақсы болып көріну үшін оңашада біреуге жалынып-жалпайғанның айыбы жоқ," - дедің-ау ишшо. Солай жігіттер, жақсылықпен қоя қойыңдар, әйтпесе... әйтпесе бәріңді де түсіме кіргізіп аламын!

Үрейлері ұшып кетті. Орныма отырғаным сол еді, қалғып кетіппін. Түсімде мені сынағандардың бәрі: "Мені түсіңе кіргізе көрме, мен жақсы адаммын ғой," - деп жалынып жатыр екен...

Әрі қарай айтарлықтай қызығы жоқ. Жұрттың намысына тиетін түстер көргенім үшін маған сөгіс жарияланды, бұйрықта "лайықсыз қылығы үшін," - деп жазыпты. Жұмыстан шығарғылары келіп еді, ондай заң таба алмай, мыстары құрыды. Басекең мен орынбасар бірін-бірі қонаққа шақыруын қойды. Кезегім келгенімен, маған үй берілетін түрі жоқ. Әйелім "үй қайда?" деп айқайлап қояды. Бірақ, оған қайғырып жатқан мен де жоқ. Түсімде хан сарайындай кең үйде қыздай сызылған әйеліммен көсіліп жатамын — одан артық не керек маған? Тіршілігім жаман емес, өнімде түс көремін, түсімдегінің бәрі өнім сияқты, керемет! Жаманды жақсартамын деп жанымды ауыртып, біреулермен жүз шайысып, жүйкемді тоздырып жатпаймын, жата қалып түсіме кіргізіп аламын да, қалағанымша жөндей беремін. Түсім — менің қорғаным: дүниенің жұмбақтары, саясаттың құйтырқылары, тарих пен тағдырдың қатпарлары, өмірдің не бір мәселелері алдымнан шыға келсе, түсіме кіргізіп аламын — бітті, бәрі де оп-оңай, қалағанымдай шешімін табады. Жұмыстағылардың да аса жалпақтап кетпегенімен, менімен жақсы болуға тырысатынын аңғарамын. Кейбір кергігендеріне: "Бүгін түсімде сені көрдім. Түсімде..." десем болды, түсі қашып, қалтырап-ақ қалады. Бірталайының түс кезінде бөлмелерін іліп алып жүргендерін де байқадым — түс көргілері келгендағы. Бірақ, мендей рахаттану қайда, бет-ауыздары мыж-мыж болып шығып жатқаны. Дегенмен түс көру ауруына шалдықты біразы...

Ал, мен болсам өң мен түстің арасында шалықтап, қалықтап жүріп жатырмын. Ешнәрсеге бас ауыртпаймын, ең бастысы осы емес пе?

Құлтемірдің ғұламаларға хаты

Кәпірстан імперияның иір білігі қираған соң ұстынды мантиқтан теткіп, әменді ғамалияларды танасты тәсім мен әркенді шүжегей арқылы бейнелеуден гөрі мұқамды шәкілмен меззейтін пәруайы танық сөзжария сандары мен үнқағаз нөмірлеріндегі елтаңбасы, әнұраны, басқа да мемлекеттік рәміздері жоқ өркениеттік әмбебап әрі қат тіл тауарын кешенді тәргілейтін егеменді кеденнің Әділет меңгермесіне бірнеше арқақап кәдесый беріп зорға тіркелген құжатты төбе жөндегіштер ұжымының ұстанамы айқын ізашар төрбасылары мен жарғысы жарқын мөрбасар төрапаларына, көрсетімдік жүріске кең хұқылы тең төрағалары мен төстеріне бағдаршамдай белгіше тағып, теңбе-теңдікті тәуір сақтаған тең төрайымдарына, мағлұматнамалық білімнің мұғдарнамалық бағдарғысы һәм шойынсырығы сияқты шығарымпаз ақылдастар алқасына базаргөй топнәрсе көрімі секілді нарықтық қатынастар жағдайында жекешелендірілген құйматасты жер көлемінде күнпарақ беттері, жеделхаттар, таспалар, шажырқайлар мен хаттыстар құрама жем мен ұнтастай шашылып жатқан ақпарат әуежайынан кешенді біргәді бунақтарына ферроқоспа зауытының қожынан мал өсіру кешендерін салдырған бұрынғы партақырат, қазіргі демәкрат агрокешен бұйрақыраттарының бейресми шақыруымен жылыжайда қызғанақ, шөлғам, басқа да жеуге болатын шөп-шалам өсіретін аграршылардың мағлұмдық құны төлқұжатында жазылған, мікбасы мен айгөлегі, оқпағы мен епелегі, бөбешігі мен буылтығы, шені мен ішпегі, шұрасы мен қалпақшасы, арысы мен кәшегі, бәрбісі мен деңгенесі, шаңғағы мен шүлдігі, қылпығы мен тығырығы, тығыршығы мен тәтекісі таза тінікеден жасалған, қобылы, кертікті және төтелді сорап

стансасына іссапарға бұрама ебелекті ұшақпен шығарында үрейлі ұранот аттырып, хайуанбақтағы жануартанушылар мен ғарыш айлағындағы серіктестерге бірінші оқылымда қабылданған Көші-қон заңына қарамастан босқындар мәртебесін әпере жаздаған, бейнесалондардағы бейнетуындылардан, тележүйедегі бейнежеліден қостаяқ пен қосаяқ, қанқол мен қарқор әдістерін әбден көріп-көріп, амалсыз үйреніп кеткен күрделі құрылымды құрылғы, қос азаматтығы болғандықтан қос қабат бағынатын қожалық мідірі, екінші ауысымдағы бірінші сыныпты қолсандықты Құлтемірден жағажайлар, демалыс-жайлар, шипажайлар, саяжайлар үшін бірін-бірі аяусыз аяқдоп қылып жатқан жалгерлер мен заңгерлер достастығындағы адам хұқығы мен хұқылықынтымақтастықты дүниежүзілік қоғамдастықтың күнтізбесіне сай құрылымдық қайта құру туралы хаттамалар мен мәжіліс хаттарды, хашиялар мен пікірттерімді, тоқсан тоғыз пайызы даулы мәтіндерді зейнетақыларына қосымша үстемелер мен жәрдемақыларына қоса төленетін өтемдер тоқтатылған зейнеткерлерге, бейнетақыларына қарымақы қосылмайтын бейнеткерлерге, төлемақы мен сыйлықақы алмайтын әр отбасының отағасы мен әр жанұяның отанасына түрлі басылымдардағы жарияланымдар, дәуірсөз, көсемсөз, серкесөз, тележелі берілімдері арқылы ойтамызық қылып, айқындама беру бағдарламасы хақында қиыстырмалы тапсырыс хат.

Алыстан келді деген аты болса болды, кім көрінгенді хан көтере салатын қайран қазақтар менінде құлтемір екеніме қарамастан құрақ ұшып, құлдық ұрды.

Жайланып отырып, заман мен адам жайлы біраз ақылгөйсiп, ұнатпайтын кісілерімді жамандап-

жамандап жіберіп, жұртқа "иә" дегізіп, өзімді керемет данышпан сезініп, бір жасап қалдым.

— Қарағым, құлтеміржан,- деді бір кезде бір ақсақал.— Кісі жамандағаныңа қарағанда қазақ арасында көп жүрген, тіл жағына қатысты қайраткер шығарсың, сенен сұрайтын сұрағымыз бар.

— Е-е, сұраңыз!

— Сұрасам... осы орыс тілі ұлтаралық тіл, ұлтаралық тіл деп қақсайсыңдар да жатасыңдар. Тіпті заңға да енгіздіңдер. Ондай ерекше правоны орыс тіліне кім берген? Ұлт пен ұлт өзара қай тілде сөйлесе де ерікті емес пе? Сондықтан оны заңға жазып, қатырып қоятын түк те жоқ қой, ә?!

— Дұрыс! Дүние жүзі сізге қосылады.

— Дұрыс болса, тағы бір сұрағымыз бар.

— Е-е, сұраңыз.

— Осы біздің қазақ тілі не боп кетті қазір? Кәзит-жорнал мен радио-телебезірді түсінуден қалдық... Тілімізді тазартамыз деп, бұрынғыдан да былықтырып жіберген жоқпыз ба, осы? Бірдеңе дейін десең, "ойбай, мынау қазақ тіліне қарсы, мынау орысқа сатылған" деген атқа қалудан қорқасың. Демейін десең — тағы болмайды: ау, енді қалай, тілімізге әркім білгенін қылып, қолынан жасаған сөздерін тықпалап жатса, қалай күймейсің, ә?!

Ақсақалдың сөзін бір жұқалтаң шопан іліп ала жөнелді.

— Баяғыда осылай жазсақ, екі қоятын. Екінші жылға қалдыратын. Үнүстетке барғанымда кәмөнес, кәмесер, кәмесиә деп жазғаным үшін құлатып жіберген бір кәндиләт. Жәй құлатса бір сәрі-ау: "Коммунист, комиссар, комиссия сияқты қасиетті сөздерді дұрыс жаза алмайтын адам — Американың шпионынан жаман, социалистік отанымызды капиталистерге оп-оңай сатып жібереді. Ондайлар біздің емес, малдың арасында жүруі керек!"- деп,

ұрсып-ұрсып, масқаралап құлатқан. Сонда оқуға түсіп кетсем, кім боларымды кім біледі? Енді, міне, жүрміз боқтың ішінде... бүрселез болып... Сөйтіп, менің де түбіме коммунист пен комиссия жеткен. Ал енді сол кәндиләт қазір кәмперенсия, мәшинә, сексие, матасекіл, тырақтыр деп жазу жөнінен үніберістетте доқтыр болып, жұртқа мән үйретіп жатқан көрінеді. Соған сәлем айт, доқтырлық дипломын маған берсін... баяғыда осылай жазған!

— Бүрселез дегеніңіз қай диалектінің сөзі?

— Бруцеллез ғой баяғы... Жұқпалы ауру, малшы атаулының соры... Қалай жазсаң да бізге бәрібір. Бізге ем керек. Әлгі доқтырға айта бар, қолдан сөз жасағанша, дәрі жасасын!

— Әй, оттамай отыр, осы күнге дейін дәрісіз өлген жоқсың ғой, енді өлмейсің. "Жақсы сөз — дертке дауа" деген... Сондықтан бізге ең алдымен сөз керек. Керек болғанда да, көп сөз керек! Сондықтан жаңадан көп-көп-к-ө-ө-өп сөз жасау керек! Жасасын сөз жасайтындар!- деп, бұқа мойын, шойынбас біреу киліге кетті.— Мен өзім он мың жаңа сөз шығардым. Сондықтан туған халқын сүйетін, ұлттық намысы бар әрбір қазақты жаңадан он мың сөз жасауға заң жүзінде міндеттеу керек. Қазақшаға басқа елдердің, әсіресе, орыстың сөздерін қосып сөйлейтін қазақтарды әуелі ұлт жауы ретінде сөзбен сою керек, оған болмаса тап жауы ретінде көзін жою керек!

Қараптан қарап қара терге түсіп, рахаттанған шойынбас шарасынан шыға жаздаған ала көзімен көпшілікті жағалай сүзіп шыққанда, жұртты қайдам, құлтемір басыммен менің өзім қалтырап кеттім. Бұқа мойнын сол жағына қисайтып, күре тамырларын адырайтып алған шойынбас шайқалақтап пергілеуге кірісті.

— Жаңа алфавит жасағанда, оны бір де бір елдің жазуына ұқсатпай, бұрын-сонды жер-көкте болмаған

әріптерден жасау керек. Дұрысы — әр қазақ өз алфавитінің жобасын жасап, реперендумға ұсынсын. Әріптер мен дыбыстар тек қана қазақша болу керек, өсіресе в әрпін жою керек. В-ға тілі келетіндердің тілін орамалмен бұрап-бұрап, келмейтіндей ғып тастау керек!

— Әй, шырағым,- деді бағанағы ақсақал, жұрт тілін тістеп отырғанда.— Атып жіберсең де айтайын, Еуропа, тауар дегенге біздің тіліміз келмейді, біз Ебропа, табар дейміз... Сіздің ауылша сөйлемейді екен деп, біздің ауылды қырамысындар сонша?

— Е-е, несі бар? В-ға тілі келетін шалақазақтар удың садағасы? Қаймағы бұзылмаған таза қазақтар қалсақ болды.

— Жетісерсің!

— Жаңа алфавитің не, ей, айтып отырған?! Сонда қазақ бейшара өстіп өмір бойы жаңадан бастай бермек пе?

— Бастау керек! Шіркін, жаңадан бастағанға не жетсін! Әңгіме — бастауда, бастағасын — бітті!- деп, шойынбас қайтадан шайқалақтай жөнелді.— Ертең тарихта көшбасы болып қаламыз! Ал сендер сияқты қарсы болғандарға келер ұрпақтың лағнеті дайын!

— Оны келер ұрпақтың өзі біле жатар... Ал енді неше жерден жаңа болса да, жасандының аты — жасанды, ол тілімізге сіңе қояр ма екен? Тіпті, ең әдемі жасалды деген сөздің өзі ел ішінде сирек қолданылады. Елдің тілі бір басқа, кәзит тілі бір басқа!

— Сіңіру керек!- Шойынбас енді қазық қағып жатқандай изендеп кетті.— Сендер сияқтылар сіңірмей жүрген! Әйтпесе неге сіңбейді — сіңеді. Тек қана жаңа сөздерді бірден сіңіп кететіндей етіп жасау керек. Міне, қараңдаршы, мен қандай тамаша сөздер жасадым. Микроауданды мөлтек аудан деп жүргеніміз қате, мөлтектің өзін барлық қазақ түсіне бермейді. Сондықтан оны аудансымақ деу керек. Мөлтек аудан

тұрғындары деп сөзді көбейткенше, адамсымақтар дей салсақ неміз кетеді? Әкімнің, төрағаның орынбасарларын әкімсымақ, төресымақ десек, қатып кетпей ме? Ұлы сөздің ұяттығы жоқ, махаббат шаруашылығын да шетел сөздерінен тазаламасак, бұзылып кетеміз. Осы жөнінде бір реперендум өткізу керек. Қазір шетел сөздерінің дыбысталуын өзімізге бейімдеп жатқандықтан, сексті қазақшалауға қиналатын түк те жоқ – өзі сұранып тұр ғой. Соған қарағанда дүниежүзі сексті қазақ тілінен алған шығар... өздерінен сөз таппай... Ол байғұстарда біздікіндей сөз жасағыштар қайдан болсын! Бірақ, біздікі де қателеседі кейде. Мысалы, вертолетті тікұшақ деп жүр. Дұрысы – айналма ғой!

– Иә, бәріміз де айналма болдық қой, айналайын, - деп, ақсақал бұл әңгімені айналып өткен болды...

Көпшілік көңілсіздеу тараған соң, көлбеңдеген көп сұрауларды сіздерге жазып отырмын. Алдымен, осы қаймағы бұзылмаған таза қазақ деген қандай қазақ? Егер қазақтардың баяғы еркін дәуіріндегідей болса, біздің заманда өмір сүре ала ма? Өмір сүре алса, оларды қайдан аламыз? Мына сапырылысып жатқан заманда мүлде таза халық, мүлде таза тіл қайдан келмек? Қазақ тілі – негізін, өзегін сақтаған, өз заңы бар жанды тіл, оны басқа тілдерден енді қанша сөз қосылса да бұза алмайды. Ал, сіздер сөз жасап әуресіздер. Рас, кейбір сөздерді қазақшалағанды мен түсінемін, бірақ дәл қазіргідей жарыса сөз қуып, жабыла сөз жасағандарыңызға жол болсын! Мына қараңыз, басқа елден келген нәрсе өз атымен елге де, тілге де сіңіп кетеді. Сіздер оны өзгертеміз деп әлек боласыздар. Мен басқа елде жасалған робот едім, сіздер құлтемір деп ат қойдыңыздар. Бірақ, бүкіл әлем, соның ішінде бүкіл қазақ мені робот дейді, құлтемір деп жүрген сөз жасайтын қалам қайраткерлері ғана. Тілдің өз заңы бар, ол қолдан сөз жасап, бұйрық,

нұсқау бергенге көнбейді. Ал енді бір елдің жасап шығарған, өз аты бар нәрсесіне көлденеңнен ие болғансып, ат қойғаннан ол қазақтыкі боп кетпейді ғой. Өмірі бір робот шығармай жатып, атымды құлтемір деп өзгер- ткендеріңізге мен де өкпелімін. Одан да адам баласында жоқ нәрсе жасап шығарсаңыздар, аты да, заты даусыз қазақтыкі болар еді. Ағат айтсам, кешіріңіздер, мен бар болғаны құлтемір ғанамын ғой, қазақтар туралы қатты ойлана бастасам, сымтемірлерім күйіп кете жаздайды. Егер сіздер, қазақтар, сана мен сапаның жаңа бір биігіне көтерілмесендер, өздеріңіз де күйіп кетесіздер! Бұл өз алдына бір үлкен әңгіме. Әзірге осы!

Сәлеммен, Робот(Құлтемір)

1992 ж.

Тоғышардың прокурорға хаты

Аса құрметті пыркарол мырза! Мырза дегеніме таң қалмассың, қайдағыны бастап отыр. Жолдас деп жұтатқаннан гөрі, мырза деп марқайтқаным ішіңе жағатынын білгесін айтып отырмын. Әншейін алдау ғой жолдас деген, әйтпесе қарапайым еңбек адамымен (солай ат қойғандардың өздері күрделі, керемет адамдар сияқты!) тап мына сенің өмірі жолдас болмайтының айдан-анық. Рас қой, айтшы бір қойшымен қатар отырып, терезең тең адамша сөйлесіп көрдің бе? (Қой алғанда болмаса...) Олар саған тергегенде ғана керек. Ал сол қойшылар өздеріңдей оқығандарды не дейтінін білесін бе? Төре деп әлдеғандай қылады. Қонаққа шақырса да "төрелерді шақырып жатырмын,"- деп жар салып, бөлек шақырады. Ордені бар, санаттағылары болмаса, жай

малшы, тракторшыны қоспайды ондайда. Олармен табақтас болсаң тағыңнан түсіп қалғандай тамағыңнан ас өтпейтінін, тіпті, "бұл қай басынғаны?" - деп, келмей қоятынынды білген соң сөйтеді. Оңаша жегенді жақсы көресіндер ғой.

Жарайды, жолдастың реті жоқ, азамат деуге тағы қиын. Жо-жоқ, азамат болсаң боларсың-ау, бірақ "азамат пыркарол" десем, өзім зек боп шыға келемін ғой. Біздің қазақ жігіттің жігітін азамат деп ардақтаушы еді білуімше. Сендер сотталғандарды азамат дейді екенсіңдер. Азамат атану үшін сотталар жайым жоқ. Өткенде бір көршіміз, інісі түрмеден келіп, той жасады. Сотталған атаулыны құбыжық көретін басымыз, әуелде үркіңкіреп едік, жоқ, оп-оңды-ақ жігіт екен. Әңгімелесіп, еркін, жақсы отырдық; сенімен табақтас болғанда ондай рахаттанбаспыз. Өлгінің кейбір ерлігіне сүйсінген ағайын: "Уай, азамат!" - деп көтермелеп, лепірген уақта азаматымыз: " Ағайындар, мені сыйласаңдар, азамат деп қорламандар. Алты жыл естігенім аз емес шығар, енді мен азамат деген азған сөзді естімейтін болайын!" - деп, бәрімізге бір қарады. Қоя қойдық, қайтадан азамат болып кетер деп. Азамат пыркарол дегенге сен де тойған шығарсың; өзінді жек көретін кісілердің азамат дегені мазақтама сияқты емес пе? Бәрінен осы менің мырзам дұрыс.

Сонымен, пыркарол мырза, өзіңе хат жазып отырған себебім мынау: дөңгелек тіршілік кешіп, күйбендеп жүріп жатқан мына бізді тоғышар дейтінін таяуда естідім. Оны маған оқығыш бір мұғалім айтты. Газет-журналдарда, кітаптарда солай жазып, киноларда солай мазақтап көрсетеді екен. Бізді баяғыдан бері балағаттап келе жатқанын жаңа білгенім ұяттау, әрине. Ештеңе оқымасақ, кино көрмесек қайдан білеміз? "Тоғышарлар біздің ең қауіпті жауымыз," - депті бір

ғұлама. Оған не жаздым? Ешкімге жауығып, қастандық қылған жерім жоқ. "Қу құлқыннан басқаны ойламайды, ештеңеге қызықпайды," - депті тағы бірі. Өздерінде құлқын жоқтай... Ішіп-жегенде солар ішіп-жесін. "Уайым тамақ болсын" деген ғой бұрынғылар да... Қызыққанда мен қызығайын – көршімнің қойларының құйрығына қызыға, қызғана қараймын ылғи – жұрттыкі осындай болады әйтеуір деп. Ал енді әр нәрсеге елігіп, жел қуып жүретін жынды емеспін. Менің тұңғыш балам кішкентай кезінде әбден сұрақ қойғыш болды. Мысалы: "Жел неге соғады?" - дейтін. "Шөптің басын қимылдату үшін соғады," - деймін. "Неге қимылдатады?" - дейді. "Біз мәтел шығарып, кісіге жала жабу үшін, біреудің кінәсін дәлелдеу үшін". (Шынында да, пыркарол мырза, "жел болмаса шөптің басы қимылдамайды" дегенің кісіні соттап жіберуге жететін дәлел емес пе? Отыз жетіде сүйтіндер ғой. Үндемеске кеткендерді қазір ақтап жатыр, ал мен ойлаймын: "жел болмаса шөптің басы қимылдамайды", бірдеңелері бар ғой...) "Кісіге неге жала жабасындар?", "Қызық үшін", "Оның несі қызық?". Өстіп мыжи берген соң, ылғи: "Қой, басты ауырта бергенше, мынаны же, бәрінен осы пайдалы," - деп кәмпит әперіп құтылатынмын. Сонда да қоймай: "Кәмпит әперген кісіге сөйлеуге болмай ма?" - деп мылжындағанда: "Мыжи берсең, кәмпитінді алып қоямын. Әуесқой болсаң, аузыңдағыдан айрыласың," - деп тиятынмын. Оқығансымақ бір туысым: "Тиме, білуге құмар бала тұбі данышпан болады," - дегені де есімде. Оған рахмет, бірақ дүниенің жоқ мәнін іздеп, басы мәңгірген данышпанның керегі не маған? Қазір балам дыраудай беттехник, "ет неге тәтті?" - деп сұрамайды. Солай, бауырым, дүниенің мәнінен семіз еттің дәмі артық емес пе?!

Міне, осындай адамды: "тоғышарлар өнерді түсінбейді, өлең оқымайды,"- деп айыптайды екен. Өнер-мөнерінді қоя тұр, таңертең үйіңнен шыққан бұзауды кешке қораңа сиыр етіп қамасаң – міне, өнердің көкесі сол! Өлеңге келсек... Осы ақындардың Абай деген мықтысы бар екен ғой, оқып көрсем, ылғи жамандықты жазады екен. Кісінің көңілін көтеріп, өтірік болса да мақтауды білмейді. Жүйкеме тие бергесін, оны да жек көріп кеттім. Оған қоса, бұл Абайың барып тұрған өтірікші көрінеді. "Мен ішпеген у бар ма?"- депті. Әй, у ішсе сеспей қатпай ма? Қараптан қарап у ішетіндей не қара басыпты байдың баласын? Ең мықтысы осылай қисынсыз нәрселерді жазған соң, басқаларына не жорық, қарағым да келмейді. Өздері осы күні әбден көбейіп кетіпті ғой, соларды қалай азайтуға болады деп жүрсек, бұрынғы жабылып қалғандарын қайта шығарып жатыр. "Қой" десеңші соларға. Өткенді қопара беріп не керек. өтті-кетті, бітті, қалсын солай. Қазіргілері де жетпей ме – бәрінікі бір сөз емес пе? "Өз биігім бар, соған шығамын, шықпай қоймаймын"- деп өлерменденіп жатқаны. Және ақының бар, ғалымың бар, обшым бәрі бар – айтатындары осы. Ышқынады келіп. Сонда ол не қылған биік? Жаңағы мықтыларың бір-бір төбенің басына шығып алып, шоқиып отырмақ қой, шамасы. (Космонавтардан жұққан ауру болу керек деп жорамалдаймын. Айтпақшы, осы космоста ұзақ жүріп алғандардан да шошымын, өздері бізді тастап, басқа бір жаққа ұшып кетейін деп жүрген жоқ па екен? Сонда біз қайтеміз? Е-е, мейлі, кетсе кете берсін, тіпті жақсы. Соларға айта салшы, пыркаролым, бірер тоғышарды ала кетсін. Ол жақта да тоғышар керек болар, әйтпесе ақылдылар кіммен күреседі? Әлгі, өздері айтпақшы, өмірлерінің мәні үшін... Кейбір данышпандарың "асқақ шыңымыз" дейтін көрінеді.

Өздерінің де түбінде шың болмақ ойлары бар. Ау, шың — алыстан қарағанға ғана жақсы, әйтпесе онда көк мұз, қақаған аяздан басқа түк те жоқ қой. Өздерін сол шыңға шығарып жіберер ме еді, қатып өлсін. Е-е, мейлі, биікті соларға бердік, бізге сол етектегі нағыз өмір қалса болды. Жер бауырлап жүрсек те, жерге жақын болғаннан артық бақыт бар ма? Ол үшін тоқпақтаудың жөні жоқ. Қазір ең аяғы Америкамен де достасып жатқанда, бір елде тұратын бізде не әкелерінің құны бар? Біз немене, айдан келіппіз бе? Ішімізден шыққандарын ұмытып, өздері қияли болғанымен қоймай, жұрттың басын неге ауыртады, ө? "Тоғышарлар тоған тірлігіне тығылып алған, терісі қалың, тоңмойын, ешнәрсенің байыбына бармайтын жандар," - депті тағы біреуі.

Жандар емес, жануарлар дегісі келіп тұрғаны көрініп тұр. Әкеміз салып берген тоғанымыз жоқ, кәдімгі бәрімізге бірдей Отанымыз бар. Канца да канцоб, адамбыз! Біз де ренжиміз, қуанамыз, жылаймыз, күлеміз, жұмыс істейміз, ұйықтаймыз, тамақ ішеміз, дәретке отырамыз... жаңағы данышпандар сияқты. Өз жолымызды жалғастыратын ұрпақ тәрбиелейміз; жел сөзден гөрі анағұрлым күшті тәрбие. Иә, солай, біз де адамбыз; әлгі қалықтап, шалықтап жүргендердің адамды сүйетін жүректері болса, төмпештей бергенше, бізбен бірікпей ме? Бөтен емеспіз ғой, олардың бойында да тоғышарлық бар. Маған ренжіп қап жүрмесін, тоғышар деген ат намыстанатындай жаман сөз емес. Тәрізі, тоғаю, тоқ, тоқшылық дегеннен шыққан болу керек. Тоқ болу, тоқшылық жаман ба екен? Тіпті, қазір халықты қалай тойындырамыз деп бастарың қатып жүрген жоқ па? Сондықтан тоқ деп, тойынды деп тиіспесін айналайын. Тиіскенде не қылады? Биікте отырып алып, ақыл айтады — дауыстары жетпейтінін ойлай

ма екен өздері?! Оларға жақындасайық деуімнің жаны бар: арамыздағы өткел бермес жыра түбі апатқа соқтырып жүрмесін. Ал, қазір жоғарыдан арқан тастап, өрге сүйремек болған жұртты жөндегіштердің елім деп аңырағандарынан қойымның маңырағаны мың есе артық. Бізді "ешнәрсенің байыбына бармайды," - деп кінәлай бергенше, өздері осы айтқанымның байыбына барып алсыншы.

Міне, құрметті пыркарол мырза, таяқтың бір басы өзіңе де тиетінін байқаған шығарсың. Істің байыбына бармай, талайларды жазықсыз соттап жібергендерінді қазір ашық жазып жатыр ғой, сондықтан маған ренжіме. Газеттер бұрын сендерді мақтағанда, бүкіл ауыл боп күліп отыратынбыз. Нағыз соттайтындарды соттамай, соттамайтындарды соттағаныңды еске алып, анығына барсақ, алдымен соттайтын адам мына сенсің. (Шіркін-ай, азамат болып шыға келер едің!) Неге десең, сотталып кетпей пәлен жыл пыркарол болып отырғаныңа қарағанда, біреуден алып, біреуге беріп үйренген-ау деп санауға толық негіз бар деп шамалаймын. Дыраудай пыркаролдың орнын кім саған тегін береді? "Дәлелің қайсы, докажи!" деп шыға келетін әдеттерің ғой, дәлелім болса сені баяғыда соттатып жібермес пе едім. Жалпы, бізге дәлелдің керегі жоқ, сені сондай деуге пыркарол болып отырғаның жетіп жатыр. Өтің жарылып кетсе де, сен туралы біз солай ойлаймыз, ақтығыңа мың айғағың болса да солай ойлай береміз. Бізге сол ұнайды. Ренжіме, айналайын, байыбына барсам тоғышар боламын ба? Айтайын дегенім, істің байыбына бармай кісі соттаған сен де барып тұрған тоғышарсың, пыркарол мырза! Олай болса, біздің, тоғышарлардың намысын қорға, айналайын! Тоғышарларға тиіскендердің бәрін қамап қойсаң қатып кетер еді. Өңкей тоғышар қалсақ, рахат қой. Қамауға себеп іздеп

киналма – қызыл паспортты совет азаматтарын, қарапайым еңбек адамдарын тоғышар деп, іске алғысыз ғып тастағандары жетіп жатыр. Солар кімді тоғышар дейтінін біле ме екен өздері? Ал, айтқан белгілеріне қарағанда менің айналамдағылардың бәрі тоғышар. Бүкіл елге тоғышар деп ат қоюға олардың қандай правосы бар? Біз тоғышар болайық деген жоқпыз, бар болғаны бұрынғылар салған жолмен жүрдік. Тамырымыз тереңде, төрт аяғымызды тең басып тұрмыз. Дұрыстап ойласаң, тіршіліктің тірегі де тоғышарлар. Сондықтан да тоғышар болу пәлендей күнә емес, қайта тып-тыныш, түп-тұнық тоғанамызға тас лақтырып, мазамызды алғандар кінәлі. Соларды соттап кеп жіберіп, жындарын қағып алып, өзіміз сияқты тып-тыныш, топ-торсық тоғышар ғып шығарсаң болды, "адасқанның айыбы жоқ," - деп, қайтадан үйірімізге қосып аламыз. "Бөріктінің намысы бір," - деген ғой, мәселе честь мундираға тірелгенде, пыркарол, мелтсия дегендерің әділет, адамгершілік, заңның бәрін жиып қойып, біріге кетпеуші ме еді? Енді тоғышарлықтың кең шапаны үшін де бір шайқасып көріңдер. Бәріміздің де намысымызға тиді ғой...

"Тоғышарларда намыс болушы ма еді?" - дейтін шығар данышпандар. Болғанда қандай! Біз өзі қараптан-қарап шытыр-шытыр етіп тұратын, түртіп қалсаң жарылайын деп тұрған тырсиған қауымбыз. Тіпті, жай әзілдің өзін дұрыс түсінбей, "осының ар жағында намысқа тиетін бір пәлесі бар-ау," - деп, талағымыз тарс айрыла салуы оп-оңай. Мәселен, менің бір әп-әдемі қанденім бар, келген-кеткенге үріп тұрсын деп асыраған. Бір күні бір ауылдасым: "Мына ғыреуің шекараға лайық ит екен, шәуілдеп, шпион жібермейтін..." - деп соқтықты. Шекарасы несі, шпионы кім? Түсінікті. Соған ерегесіп, мен оның

тойына барған жоқпын, омыртқаға да шақыруды қойдым. Ол аздай, "итімді мазақтағаны — өзімді мұқатқаны ғой,"- деп, тайшадай төбетіне ине беріп өлтірдім. Ертеректе немере інім үйленді, құдалықта әбден шырқадық. Арада екі-үш жыл өткен соң құдамның ауылына жолым түсті. Құда-құдағи есік алдында жүр екен, бөтен кісілерше бір түрлі амандасқан соң: "Танымадыңыздар ма?"- дедім төбеден түскендей. "Ә-ә, шырамытып тұрмыз, шырағым!"- деп шал сасқалақтағанда, мұндай шамданбаспын. "Көзінің еті өскен кісі ет жақынын да танымайды деуші еді"- деп, бұрылып жүре бердім. "Қарағым-ау... біз кәрі кісіміз... танымай қалсақ, кешір... үйге кір, жөніңді айт,"- деп жік-жапар болып еді: "Танымайтын, танығысы келмейтін үйге түсетіндей мені қара басқан жоқ,"- деп, қайқайып тартып отырдым. Бір қисайсам, қатып қаламын өстіп. Әйелім: "Көп кісінің іші... Өздері ырду-дырду боп жатқанда, кім есте қалады? Арада қанша жыл өтті, ұмытатын жөндері бар. Ерекше көзге түскен түгін жоқ...көптің бірі емессің бе? Сонша бүлінетін дәнеңе жоқ,"- деп жуып-шаймақ боп еді: "жұртта жұмысым жоқ. Мен — менмін, біреуақпын, мені тануы керек. Танымады екен, әкесін танытамын, қыртылдатпай отыр,"- деп кесіп тастадым. Содан оларды ата жауымдай көремін. "Мені ұмытып қалатын, танығысы келмейтін жерден қыз алып..."- деп, інімді біраз бұрадым. Ал інім кей-кейде әке-шешесінің сол иттігін бетіне басып, келінді өкіртіп алады. Намысқорлық деген осындай-ақ болар! Өткенде осы тірліктерімді бір құрдасым: "Ақылға қонбайтын нәрсе ғой,"- дейді. "А-а, әңгіме не нәрсенің ақылға қонатындығында емес, біздің не нәрсені ақылға қонымды санайтындығымызда,"- деп басын шайқатып, сүмірейтіп жібердім. Тиімді нәрсе ғана ақылға сиымды.

Намыс жарықтығың да солай; не нәрсені біз намыс көрсек — сол намыс, басқанды білмеймін. Әйтпесе, осы күні қолға ұстап, көзбен көруге жарамайтын намыс көбейіп кетті. Елдің намысы, жердің намысы, ұлттық намыс дегендер миыма кірмейді. Ау, айдаладағы нәрсе үшін есі дұрыс адам намыстана ма екен? "Оу, ағайындар-ау, қазақ деген атымызға ұят емес пе, мына өз газеттеріңізге жазылыңыздар" - деп жылда бір қарадомалақ тілші келіп тұрады біздің ауылға. Газетінің саны толмай ма, олардың да планы бар ма, кім білсін? Өзіне кәдімгідей үйреніп қалдық, газетте істейтіндер ерекше бірдеңе болады деп жүрсек, ештеңесі де жоқ екен: басына малақай, үстіне күпәйке, аяғына етік кигізсең, қойшы бала болып шыға келетін көп қара домалақтың бірі. Сөйтіп жүріп тоғышарларды сынағыштардың біреуі өзі: өуелде бетін қайтарғым-ақ келіп еді, облыстық газетте істейді деген атынан сескендім — ертең жазып масқара қылар деп. Содан не керек, бәріміз жазыламыз. Әуелде: "Қазақша оқи алмаймыз, бұл газетті қайтеміз?" - дегендерге: "Ана тілінде оқып, жаза білмеу ұят, намыс емес пе?" - деп пәлсапа соғатын. Бір жолы бір адуын келіншек: "Мен қазақша оқыған да емеспін, оқымаймын да! Ясына!" - деді. Сөз-ақ қой шіркін! Қара домалағымыздың басына ясына барды білем, бұрынғысынан да қап-қара болып кетті. "Еркіңіз білсін!" Бар айтқаны сол. Аяғанымыздан жазылдық газетіне — қол сұртуге де қағаз керек қой. "Бізді мақтап жазып тұр, суретімізбен шығар," - деп тапсырма да беріп жібердік. Газетінің бағасы бір жартының құнына да жетпейді екен, қонақ балаға құйғанымыз достік. "Құдайы садақа," - деп жатты кейбіреулер. "Қазақ газетіне жазылу намыстың ісі" - дегенде сондай, одан гөрі бүйтіп қайыршы боп жүріп газет шығаруға намыстанбай ма? Барлық қазақша газет-журнал,

кітаптарымен қоса неге жабылып қалмайды,ә?
Қаншама қағаз, қыруар ақша үнемделер еді. Орысша оқи алатын біздің содан түгіміз кетпес... Көзге көрініп тұрған нәрсеге дүниенің оқуын тауысып, шаштары түскен қасқа бастардың қалай милары жетпейтініне таң қаламын-ау, ағайындар-ау, қазір қазақ тілінің мешәйттан басқа пайдасы жоқ қой! Орысша білмегеннің далада қалатыны қандай рас болса, қазақша білмегеннің қылы қисаймайтыны да сондай рас. Әлгі қазақтың жоғын жоқтағыштардың балалары қазақ тілін жөнді білмейтінін мен білемін, сөйтіп жүріп, елді үгіттейді, ишшо, мына өзің де, пыркарол мырза, балаңмен қазақша сөйлесуді бойыңа ар санайсың ғой... Енді ше, тамақ асырамақ түгілі ең аяғы кісі соттауға да жарамайтын тілде сөйлесетіндей жарымес емессің деп ойлаймын. Өлгенше есімнен кетпейді, баяғыда біздің ауылдың "топ-толық, томпиған бір тоғышарын соттады. Байғұс, ауыл арасынан ұзап шығып көрмеген, "нағыз қазақпын!" деп тал түсте төсін соғып жүретін жындышатыстау еді. Сол үшін өзін жек көретінмін. Айналайын советтің әділ соты әкесін танытты-ау! Нағыз қазағым нағыз азапты сонда көрді. Орысша екі сөздің басын құрай алмайтын байғұс қара терге түсіп, сотқа қазақша сөйлеп масқара қылды ғой. "Орысша айтыңыз!" деген соң былдырлады дейсің – оның орысшасына күлмеген адам жоқ. Өзің сияқты қазақ пыркаролға "айналайын,"- деп жалынуға айналып еді, анау: "Мен қазақша білмеймін!"- деп кесіп тастады. Бейшара тергеуде де тергеушінің бір сөзіне түсінбей, қол қой деген жеріне айдақтатып қол қоя беріпті. Ақыры, "сен үшін тілмаш шақыра алмаймыз, ондай біздің прәктекеде жоқ"- деп, өзін бір нығарлап алды да, қысқа жауап "да" мен "неттің" астына алды. "Ойбай, сотқа қарсы келе көрме, қосып береді, иә дей бер!"- деп

әйелі жалынды. Содан не керек, байғұс басын шұлғи-шұлғи екі жылды арқалап кете барды. Әнеки нағыз қазақ! Тісіңнен шықпасын, пырқаролым, мен бар ғой, тіпті, қазақ болғанымна намыстанамын. Мен де тісімнен шығармаймын, сен де қазақ екеніңе намыстанасың ғой, ә?! Өтірік ашуланбай-ақ қой, шыны осы. Қазақ екеніңе намыстанбасаң балаларыңа қазақша үйретер едің ғой! Ақыл-есі бүтін, оқыған, көзі ашық адамның бәрі қазақ екеніңе намыстанады. Міне, нағыз намыс деп осыны айт! Әйтпесе, айдаладағы әр нәрсеге бір намыстана берсек, жан қала ма? Өткенде бір оқығансымақ көршім келіп: "Арал мен Балқашты қорғау қорына біз де ел болып ақша аударсақ қайтеді? Бәрімізге ортақ, намыстың ісі ғой. Қазір адамның азаматтығы Аралға қатысымен өлшенеді,"- дейді көсемсіп. Қалтамнан қып-қызыл он теңгелікті суырып, әйелімді дүкеншінің үйіне, араққа жұмсадым. Арақпен күресеміз деп арақтың беделін көтердіңдер ғой сендер, қазір арақ тапқан кісіден ардақты адам жоқ, пырқаролым. (Өзіміз сондай сирек қадірлінің біріміз). Ақаң келгенде ақылшым Аралды ұмытып кетті. Кеуіп жүрген өңешін жібітерде құрғап жатқан теңізді қайтсін?! "Кел, Арал үшін алып жіберейік"-дегенімде, жайраңдап, тартып-ақ жіберді байғұс. Біраздан кейін: "Ақшаны қашан аударамыз?"- дейді қисалаң-қисалаң етіп. "Кет, оттамай, аударған жоқпыз ба жаңа? Арал үшін тост көтердік қой, одан артық не керек? Айдалаға шашқанша, жарты алып ішкеніміз артық емес пе?"- дедім. "Дұрыс екен"- деп ұялып, ол бір жарты алды. Сонымен, жақсы тарадық. Сол Аралға аударылған ақшаны кім есептеп жатыр, үстінен жонып жеп, талайлар күн көретінін ойласам, қызғаныштан жарыла жаздаймын. Жарықтық Арал өліп бара жатса да, талайды асырап, талайға атақ болып жатқанын көзіме

елестетсем, есім ауады. Пырқарол мырза, зәкөн жағын реттесең, кәперәтив ашып, "соңғы тарихи тамшылар," - деп Аралдың қалған суын базарда сатып, қарқ болып қалар едік, ә?! Міне, сондай тегін пайдаға бата алмайтыныма намыстанамын мен.

Айдаладағы нәрсеге намыстанып, абыройын айрандай төгіп жүретін ақымақтың талайы түбі айдалада қалады ғой. Бір үйде омыртқада, қазы-қарта жеп, рахаттанып отырсақ, бір білгішсымақ ашаршылықты әңгіме қылсын. Баяғыда, отыз екінші жылы аштық болып, көп кісі аштан өліпті ғой, оны кім білген. "Өзің аш болмасаң болды ғой, басты ауыртпай ет жеуінді білсеңші," - деп едік, қоймады. "Қазақстандағы малдың бәрін әдейілеп айдап алған соң, мал баққан ел миллиондап қырылды-ау. Жаным ауырады..." - деп күңіренсін, мұрты май-май болып отырып, "әй, енді нағыл дейсің бізге? Аштан өлейік пе біз де?" - деп, жігіттер жабыла жөндемек болса да қоймаған соң: "Өйткені олар дорақ болған... Мал бағудан басқа түк білмеген... Оларға сол керек!" - деп, қойып қалдым. "Әй,- деп әкірендеп шыға келді. - Ойының ба, шының ба? Ондаймен ойнама!" "Шыным,- дедім, шынымен. - Әйтпесе басқа жұрт неге қырылмаған?" "Әй, соларды қырған сен сияқты әкеңнің..." - деп, ышқынып әлгім төбелесе кетті. Туталақай болдық. Жігіттер, шіркін бәрі арыстандай ғой, жабыла кетіп, іштен бірер нұқып, әлгінің жынын қағып алды. "Әке-шешең аштан өліп пе еді, әй? Айдаладағы біреулер үшін мазамызды алмай кет, әйдә!" - десті бәрі. Байғұс булығып: "Неге сонша сорлы болдыңдар? Ағайындар-ау, бұлай өмір сүруге болмайды ғой. Сендер үшін менің жаным ауырады!" - деп, ышқына жылап, басын қабырғаға соққылап қоймаған соң жігіттер: "Әй, ауырсаң арам қат! Бізде жұмысын болмасын, өзімізге осы ұнайды," - десіп, дырылдатып

сүйреп шығарып, әйеліне жетектетіп, иттей ғып қоя берді. Ертеңіне әлгіні жабыла жиналысқа салып, "қайдағыны айтып миды неге ашытасың, неге тыныш жүрмейсің?"- деп әбден жерлеп, көгерген көзімді алдына тартып, "соттатып жіберейік пе?"- деп қорқытып, ақыры еңіретіп тұрып кешірім сұратып, бір қойын жеп, бір жәшік арағын іштік. Тоғышарлардың темірдей тәртібі – шектен шыққанда болмаса, сотқа жүгіре бермейді. Өзіміз сияқты тоғышар пырқаролдың сотынан гөрі, өз сотымыз анағұрлым әділ емес пе: жолынан жығылғанды жабыла кетіп, желкесінен бір-ақ бүріп, тоғанымызға тығып-тығып алсақ, тәп-тәртіпті, тымпиған тоғышар боп шыға келеді. Түрмеде отырғаннан гөрі тоғышар болған артық екенін бәрі де біледі. Әлгі аштықты айтып ашынып жүрген әңгүдікті саған берсек қой, "кісіге зақым келтіргені үшін,"- деп протоколдап, ал шындығында аштықты айтқаны үшін сүйсіне соттатып жіберер едің.

Тоғышарлардың өз тәртібіне темірдей беріктігін мынадан біле бер; өзі тырсиып жүргенімен қоймай, өзі сияқтылардың да тырсиып жүретінін, тиіп кетсе жарылатынын жадынан шығармайды. Сондықтан бір-біріне тимей, тырсиып-тырсиып, тып-тыныш өмір сүреді. Өзімізге тимесе болды, кім болса о болсын, бізге бәрі бір. Есебіміз түзу – оңбаған болсын мейлі, шақырса барамыз, оны да шақырамыз. Бір күні ұйқым келмеген соң, көзімді талдырайын деп кітап оқысам, бір жазушы жазыпты: қазір арты ашылған атақты қылмыскерлердің кім екенін кезінде білмедік-ау, баяғыда бірге жүрдік, табақтас болдық, жолдас болдық, сол үшін ұяламын деп. Өйткен ұятының тап әкесінің... Білмедік дегені өтірік. Біліп тұрып, бірге жүрді, олардың ұрлаған малын тойғанынша сүйсіне жеп, арағын есінен таңғанша ішті, ол аз болғандай солардың сарайында отырып ап, ой бір мадақтады-ау келіп. Енді

ұяла қапты... Ал мен өтірік айтпаймын ұры-қары болсын, қарақшы болсын, басқа болсын, маған бәрібір — өзіме тимесе болды. Ұры-қары демекші, құрметті пырқаролым, сенің зәкөніңнің тесігінен қарасақ, біз шетімізден ұрымыз. Рас, кісінікіне тимейміз, айналайын үкімет жетеді бізге. Үкіметті жеп, шалқып жүрген жігіттер — жігіттің жігіті, біз оларды жұртқа үлгі қылып отырамыз. Үкіметті жеуді ұрлық санамаймыз, ол кәдімгі тіршілігіміз, таңертеңгі шай ішкен сияқты кәсібіміз. Оған сот жоқ. Иә, сен де сөйтесің ғой. Осы жылда жұрт қатарлы соғым соясың ба — соясың. Пырқарол ет жемесін деген заң жоқ, совхоздан ебін тауып арзанға түсіресің бе, немесе біреуді соттап жіберудің орнына соғым ғып соғып аласың ба, әйтеуір соясың. Ең аяғы соғымды семірткен сұлыңа дейін ұрлық емей, немене? Бірақ, "ұсталмаған ұры емес", ұсталған — адам емес, ақымақ. Біреу ұрлық қып ұсталса. Біз оны ұрлық қылды деп айыптамаймыз, "неге ұсталады-ей," - деп күйіне кінәлаймыз. "Дорақ, сосын ұсталған, өзімізді ұстап көрсінші," - деп бір түкіріп тастаймыз. Сен де сөйтесің, пырқаролым.

Бір құдалықта өзіңмен бірге болғаным бар, есінде қалмаған шығармын — бізді көзіңе ілуші ме едің? Сонда жасың кіші болса да, жолың үлкен деп басты саған ұстатты ғой. Бір құлақты кесіп алып, қолыңа ұстап қарап отырғаның есінде ме? Құлақтың ойығы бар еді — қазына сырғасының орны екенін пырқарол басыңмен сенің білмеуің қисынсыз. Есік жақтағылардың естері шығып-ақ кетті, сенен сескеніп. Ал сен түк болмағандай құлақты сыйлы кісілердің біріне бердің. Бергенде жай бермей: "құйма құлақ бол, еститінің жақсылық, алғыс болсын," - деп шешенсіп бердің. "Е-е, сенген қойым сен болсаң... өзіміз сияқты айналайын екен ғой," - деп біз сені өз үйірімізге қосып, иемденіп алдық. "Мипалау жасаңдар," - дедің-ау,

миығыңнан күліп, мисыз ит! Әне, солай пыркаролым, ұрыларды ұстаудан гөрі, ұрланған қойдың басын ұстау жанымызға жайлы емес пе? Айтпақшы, қатты айтты деп көңіліңе алма, бұл менің ең мәдениетті, сыпайы сөйлеген түрім. Күректтей дипломды ентилегент, ауылдың бетке ұстар кісілерінің бірі болғасын шеншекпенді пыркаролға өз дәрежесіне сай сөйлеп жатқаным ғой. Әйтпесе, біз сөзге көп есеп беріп жатпаймыз, аузымызға келгенді лақ еткізіп қарап тұрамыз — шындық осы, неғылсаң о ғыл деп. Және біздің аузымызға келмейтін нәрсе жоқ.

Жариялылық, сөз бостандығы деп жатсындар ғой қазір, ол бізде баяғыдан бар. Әсіресе, кісінің сыртынан сөйлеуге, адамды, қоғамды жамандауға келгенде шаппай береміз. Жалпы, бірдеңені бықсытпай, жамандамай жүре алмаймыз. Біреу келіп, сәлем беріп кетсе, көз ұшына жеткенше: "Е-е, бұл байғұс пәлен ғой,"- деп шығарып саламыз. Қонағымызды да, көрші-қолаң, ағайын-құдамызды да, барған үйімізді де "бұл да дұшпан ғой,"- деп сықпырта береміз. Қолыңнан келсе қазір жұрттан жауап алып көрші, жолап кеткеннен: "бәрі дұшпан емес пе?"- деп сақтанып жүрмейтін біреуді тапсаң, мені ит жеккенге айдап жібер. Және бар ғой, бір-бірімізге осылай қарайтынымызды бәріміз де білеміз, бірақ оған жанымыз ауырмайды. Сірә, біздің жанымыз көнтері болу керек, тіпті, сол жан дегенің ойдан шығарылған бірдеңе шығар. Әйтпесе, біздің бір-біріміз туралы айтатын сөзіміздің мыңнан біріне шыдамай, жарықтық баяғыда о дүниеге шырқырап ұшып кеткен болар еді. Біреуді сыртынан сөзбен сілейтуге келгенде тіпті ұйымшылмыз — ойымыз бір жерден шығады. Аныптасаң өзің біл, (бірақ, қазір өзіндік пікір еркіндігі бар емес пе?) арамға жүйрікпіз — көрген баққанымыз арамдық болса қайтейік?! Өткенде бір әйел: "Еркек

бастарыңмен қатын құсап өсек айтуға қалай намыстанбайсыңдар?"- дейді. Оның несі намыс, қайта реті келіп тұрғанда біреуді жамандап жібермеу ұят емес пе? Әлгі ақыл айтқыш әйелге ашып ештеңе демей-ақ, күйеуіне жамандап-жамандап, ішкізіп-ішкізіп, тымпитып сабатып алғанбыз. Солай, пырқаролым, сен де ақыл айтып әуре болма, өйткені ең жек көретін нәрсеміздің бірі сол ақыл. Оны ұғудан қалғалы қашан? Ақыл түгілі, жай өңгіменің өзін тыңдамаймыз. Мысалы, сен: "Ал... " деп аузыңды ашқаннан-ақ, аяғын тоспай: "Албасты ма, ол..."- деп жалғай береміз. Сен "Ал..." дегенде "алла" дегің келіп отырса да бізге бәрібір. Сөйтіп өзімізше топшылай салған ұнайды өзімізге. Және кісіні мақұлдау деген болмайды, тек қана жоққа шығарамыз. Мысалы, сен ақты ақ десен, біз қара дейміз, жүзіміз жанбай. (Мысалды орынсыздау келтірген екенмін, шындығында сендер өмір бойы қараны ақтап, ақты қаралаумен келе жатырсыңдар ғой). Өстіп жұрттікін жоққа шығармасақ, кісілігіміз қайсы? Өзің білесің, осы күні ядролық бомбаны сынауды тоқтатпақ болып жатыр ғой жұрт. Мен де бомбаға қарсы едім, бірақ бомбаны жою керек деп мен емес, басқа біреулер бұрын айтты ғой. Енді оларды қостап кетсем, кім болғаным? Әркімнің айтағына ерген ит болмаймын ба? Сондықтан да оларға қарсымын — принцип үшін. Сол бомбаны сынап жатқандар үкіметімізден шен-шекпен алған ғалымдар, генералдар емес пе, олар да бірдеңе білетін шығар. Жарса жара берсін, бір керегі бар да. Әне, солай, пырқаролым, сен қазір жұртты соттатып отырған соң, мен саған қарсымын, ал егер өзін сотталып кетсең, "ой, азаматым-ау"-деп, ойланбастан сенің жағыңа шыға келер едім.

Бірақ та, құрметті пырқарол мырза, бізді мүлде сөз тындаудан қалған екен деп жүрме. Тындайтын

сөзді таңдай қағып, тамсана тыңдаймыз, бас шұлғып, мақұлдай береміз. Ол қандай сөз? Қандай болса, ондай болсын, бастықтардың аузынан шыққан сөз болса болды. Бір дөкей келіп кетсе, о, оның әрбір сөзін, жүріс-тұрысын, қимылын әлгі дөкей қашан түсіп қалғанша жыр қыламыз. Ертеректе бір төре келіп, мәре-сәре болып жатқанымызда, қонақ түскен үйдің торпағы қорадан шығып кетіп, есік алдында тайрандасын келіп. Темекі тартып, талтайып тұрған төре, сірә, өзінен басқаның тайрандағанына төзбейтін болу керек: "Ой, мынау да бір мисыз ит екен," - деді. Торпаққа бәрі бір болғанмен, бізге бәрі бір емес қой, жабыла жүгіріп ит торпақты қораға қуып тықтық. Содан әлгі торпақты бүкіл ауыл ит дейтін болды. Ол иттің иесі де бір ит еді, жүрген-тұрған жерінде, қисыны келсін, келмесін: "Пәленшекең сүйдеген, бүйдеген... Пәленшекенді білесіндер ғой, бәрің де, әлгі... кәдімгі пәленшекең ше? Иә,иә, сол... Е-е, айтқандайын, біздің үйде айтқан екен ғой," - деп бөсіп жүрді. "Пәленшекең біздің ауылда бүйткен..." - деп, біз де бөсетінбіз, басқа ауылдардың алдында. Сонымен, әлгі торпағы бір жылдан соң дөп-дөкей тайша болды, бірақ оны тайшаның есебіне жазған ешкім жоқ, бәрі ит дейді. Тіпті, бақташы да ақысын алмады – ит баққан атанамын деп. Кейде, мал өрістен келгеннен кейін, тайшасын іздейді ғой әлгі. "Итті іздеп жүрмін" - дейді сұрағандарға. "Итті ит қана іздемей ме?" - деп қағытады жұрт. "Енді... Пәленшекең ит деген оны. Иә,иә біздің үйде айтқан... Бірақ, мені ит деген жоқ, жұрт куә, маладес деп арқамнан қағып, қолымды алған..." - дейді бұл. Сол итін бір күні ауылдың бір жындысы мас болып келе жатып, трактормен қағып кетті. Ақысын сұраған иесіне: "Ит даулағанды қай атаңнан көрдің?" - деп жеңсік бермедік. Өзі де көп даулаған жоқ. "Пәленшекең айтқасын бітті.

Ит болғанда да мисыз ит деді ғой. Иә,иә, біздің үйде айтқан... о кісілер біледі ғой,"- деп, бірер жартымен бітискен. Әне, біздің сөзге тоқтайтынымызды осыдан біле бер. Егер пәленшекең тап мына сені де, пыркарол мырза, ит дегенде, мен саған бұл хатты "итеке" деп жазған болар едім. Бағың бар екен. Солай, пыркаролым, сенің шаң басқан қағаздағы заңыңнан гөрі пәленшекеңдердің "а,"-дегені анағұрлым артық. "Былай қыл" десе былай қыламыз, "олай қыл" десе, олай қыламыз. Ұрысса қуанамыз, өзімсінгені ғой деп. Жарықтықтар, өздері де ұрысқанда өкіртеді-ау, бірақ бізге майдай жағады.Баяғыда бір дөкей ұрсып-ұрсып алып: "Әй, сен маған ренжіме. Мен саған тегін ұрсып тұрған жоқпын, ұрысқаным үшін маған ақша төлейді, айналайын. Бағанадан бері саған ұрысқаным он теңге,- деп арқамнан қаққан ішіп отырғанымызда. – Маған жоғарыдан ұрсады, мен саған ұрсамын, сен аналарға ұрсасың. Солай, айналайын, Бәріміз де ұрсу үшін жүрген жоқпыз ба?"- деген. Сол айтқаны айдай анық. Ал енді сендер келіп демократия, право дегенді шығардыңдар, оның бізге керегі жоқ. Праволық мемлекет дейсіндер, әркім правосын көшәйттәй берсе не болады? Бағынып үйреніп қалған бізге бұрынғыдай тып-тыныш жүре бергеніміз жақсы. "Не істеймін?"- деп басты ауыртпай, бастық айтты бітті, сауабы да, жауабы да соған деп, үндемей орындай бергенге не жетсін! Саған хат жазып отырған себебім де сол – тыныштығымызды қайтар! Мына есеп-қисап дегенді тый! "Айналайын үкімет пен партия, бәрі соның арқасы. Үкімет аштан өлтірмейді, бізді асырап отырған сол!"- деп күнде рахмет жаудырушы едік. Жанымызды қинамай, жұмысқа барып келгеніміз үшін ақша ала берейік те бұрынғыдай. Бәріміз де совет үкіметінің баласы емеспіз бе, ал баласын өле-өлгенше асырау әрбір ата-ананың міндеті емес пе? Бізді асырағаннан совет үкіметі құлап қалмас!

Солай, құрметті пырқаролым, екеуміз бір адырдың аңымыз ғой, бір амалын табарсың!

Сәлеммен, өзінді құрметтеуші Тоғышар.

Айтпақшы, жыныңа тигенім үшін неше жыл берер едің? Бірақ, бұл үшін соттайтын болсаң, біздің бәрімізді сотта. Көпке топырақ шаша алсаң.....

Прокурордың тоғышарға жауабы

Жолдас тоғышар!

Сізбен дауласу мәнсіз. Қазір сандырақ үшін соттамаймыз. Басқаша сөйлесудің ретін таппаған соң, хатыңызды жариялауды жөн көрдім. Көптің атынан сөйлеуге құмар екенсіз, ендеше көпшілік "бетке ұстар азаматын" бет-пердесіз көрсін дедім. Шошына ма, шамдана ма, ойлана ма — ол әркімнің өз еркі.

1988 ж.

* * *

Қанбазар. Қайнаған халық. Сатып жатыр, алып жатыр. Бір қалтарыста ұрланыңқырап тұрған үшеуге жіптіктей біреу киліге кетті. "Пестәлет бар ма?"- деді сыбырлап. "Қандайы керек?"- деді үшеудің ең дәуі. "Газывый". "Жүз мың". "Көрсет". "Жүр мында". Кішкентай киоскіге кірді төртеуі. Балпандаған біреуі: "Әй, қазтабан әкел жылдам"- деп, талтандаған біреуін жұмсады. Қара терге түскен, бет-ауыздары, қойын-мойындарына дейін майлана жылт-жылт еткен, темекі мен арақ сасыған үш жуан асығып-үсігіп, қазтабан бір полканың астынан суырып алған пистолетті жабыла мақтай бастады. "Міне, қара, былай... сосын былай..." "Атқың келген кісіге қаратып, басып

қаласың... бітті... қалпақтай түседі. Тек өзін дем алмай, кейін қарай секіріп кет". "Ұрмай-сокпай, өлтірмей, талдырып тастайсың да, білгеніңді істейсің". "Әсіресе, көнбей жүрген келіншектерді тарс еткізуге күшті". Қарқ-қарқ күлді. "Қане, көрейікші". Қолына алып, айналдыра қарап: "Өзі анық атыла ма? Алдамайсындар ма?"- деді алушы. "Жо-оқ! Фирма марку держит!"- деді дәу. "Қалай, әуелі былай... сосын былай... сосын былай ма?"- деп үшеуіне қаратып, тарс еткізді де, өзі сыртқа бір-ақ ырғыды. Үш жуан киоскінің ішінде домалап қала берді, пистолетті қалтасына салып алып, әлгі жігіт қайқайып тартып отырды. Базардың оларда жұмысы жоқ, гу-гу...

1994 ж.

* * *

"Әй, қарызға он теңге берші"- деді бір жігітке құрдасы еркінсіп. "Қазір... қарайық,"- деп, қалтасынан күмәжнегін алып, ақшасын бұрқыратып санай бастады. "Бір мың бір жүз он теңгем бар екен. Оның екі жүз теңгесін тобанаық қияңқы құрдасыма, екі жүз теңгесін қара таяқ қияли құрдасыма беремін.

Алатаяқ аусарға — алпыс, елпілдеген есерге — елу, сырттағы сәнбикеге — екі жүз, үйдегі лаңбикеге — екі жүз тоқсан теңге кетеді. Жүз теңгеге биәлай мен бөкебай аламын.. Сонда он-ақ теңге қалады екен..." "Как раз ғой..." "Ренжіме құрдас, оны бере алмаймын. Табаның түбіндегі қырығын тықырлатып жеу — балаларға ғана жарасады..."- деп, күмәжнегін мықтап жауып қалтасына сүңгітіп жіберді. "Әй, бермейтінің бар, ақшанды неменеге көрсетесің? Оданда жоқ демейсің бе?" "Өтірік айтуға болмайды ғой..." "Жындымысың, ей? Бүйткен шының бар болсын..."

Қап, бәлем!" - деп түк білмегендей безере қалған құрдасына сұқ саусағын безей-безей, безіп ала жөнелді. "Қызық... Шыныңды айтсаң — жамансың, өтірік айтсаң — адамсың... Қызық!"- деп, басын шайқай-шайқай бұл қала берді...

1994 ж.

* * *

Ұршықтай иірілген шымыр жігіт бір топ баланы иіріп қойып, үйір-үйір айдағандай қиқулап, төбелестің неше түрлі әдіс-тәсілдерін көрсетіп жатыр. Біресе құлындай орғып, біресе тебеген айғырдай аяқ-қолын зу-зу еткізеді. Арыстандай ақырып, жолбарыстай жапырады. Қаһарлана қиқырғанда балалардың төбе-құйқалары шымырлап, жон арқалары мұздап, сүзекіге түскен балықтай ауыздарын ашып, әрең-әрең демалады. Батырдың онда жұмысы жоқ: он сан қолмен жалғыз сүрісіп, түре қуған шері де өзі, зәбірі қаттыдан теперіш көрген момынның кегін қайтарған пері де өзі: әр қимылын түсіндіріп қояды. "Мынау — күң-фудан, мынау — кэмпо, мынау — каратэден-йоко гери кекоми, мынау — таэквандодан-апчаги, сосын йоп чаги..."- деп, аяғын сермей бергенде, келіншегі кеп қалды. Жігіттің аяғы келіншектің бетіне тиер-тиместей боп тоқтады. Келіншек сасқан жоқ: "Йоп чагиге — кетчәри!"- деп, аяғынан шап беріп, итере-митере бұраңқырап жіберіп, күйеуін жерге алып соқты. "Бұл қазақша күрес!..."- деп күлді. Балалар алақайлап, асыр салып, мөре-сәре болды да қалды...

1994 ж.

Молдабайға

60—жылдардың басы. Маң даланың бір түкпірінде бұйығып жатқан меңіреу ауылдан ауданға алғаш рет келген үш бозбала автобустан түскен соң біразға дейін үңірейіп тұрды. Ығы-жығының ішінде алдымен ес жиған ересектеуі басын кегжитіп алып, көсілте жөнелді. Соңынан емпеңеген екеуі еңтігін дүкенде зорға басты. Әуелгі мақсат — тарақ алу. Тарақтың түр-түрін көріп, тіл-ауыздан қалды; таңдайларын қаға-қаға танданды; дүкеншінің дәргеіне келді. Дүкенші орыс келіншек ербиіп-ербиіп тұрған үшеуіне әуестене қарап, әдемі жымыды. Бозбалалар одан сайын бозарып, собалаңдай бастады... "Моя... тарақ... дәй...", - деді бір кезде қызарандап ересегі. Келіншек күлімсірей түсіп, көгілдір көзін кеңейтті. "Шаш тарайтын", - деп тызақтады сөлбірейіп тұрған екіншісі. Көгілдір көзде кекесінді реңк ойнап, ерапайсыз анталаған үшеуін сыпыра нығарлап өтті. Тітіркеніп, шөгіңкіреп қалса да, межелі жерге жетпей тоқтамайтын жанкештілер емес пе, тағы балдырлап, шөлдүрлеп, түсіндіріп бақты. "Ти... моя... дабай... Тыри..." "Кажни... тарақ..." Келіншек шыныдай шыгынап, көздері шатынап шыға келді, "Я тебя дам сейчас! Или говорите нормальным человеческим языком, или мотайте отсюда! Живо!" Шелтиген келіншек дікің-дікің еткенде, дүкеннің іші шаңытып, ойран-топыр болғандай, көнбіс құлыншақар тар ұйыққа қамалғандай еді. Сол кезде біреуі: "Уо-те-ті, уо-те-ті дәй!" -деп, қолымен шашын тарап көрсетті. "Фу, господи!" - деп, келіншек үш тарақты алдарына тарс еткізді...

Тарақ алуға жарағанына бір жасап қалған үшеуі далпылдап: "Ти... моя дәй", "Уо-те-ті, уо-те-ті!" - десіп, күліп-ойнап шаштаразға тартты.

Залдағы самсаған суреттерден шөмеле шаштарды,

шұбатылған шаштарды, жалбыраған, өрілген, тікелейген, жылмиған, үрпиген, дудар-дудар, түрлі-түсті шаштарды көрген соң, қоқаңдаған шуылдақтардың салы суға кетіп, ошарылып тұрды. Шүү деген бетте: "анау оңды, мынау жақсы"- десіп, тапап кете жаздап еді, енді ондай шаштары жоқ екені, бірінші рет шаш қойғалы тұрғандары естеріне түсіп: "Апырмай, неше түрлі бас бар екен ғой,"- деп, қобалжи еңкендеп, бастарын шаштаразға тапсырды.

Қайшысын қаршылдатып, машинкасын зырылдатып тұрған шаштараз біріншісінен: "Как?"- деп сұрады. "Тәк"- деп басын сипады бұл. "Как так? Школьный или под Котовский?" "Үшкөлни, үшкөлни,"- деп, кекілден басқа шаш қойып көрмеген батырың таныс сөзге жармаса кетті. Әдемілеп, оқушыға жарасатын шаш қойып берді. Екіншісі сұратпай-ақ, "үшкөлни, үшкөлни"- деп қоқақтап, иіс майы бұрқырап жарасып қалды. Үшінші кезектегі ересектеуі гәп неде екенін біле алмай пұшайман. "А тебе как? Школьный или под Котовский?" Үзеңгілестерінің шибиген "үшкөлни" сықпыттарын ұнатпай, "не де болса бұдан гөрі тәуір шығар,"- деп "под Котовский",- деді ақсиып. "Хорошо!" Машинкамен маңдайдан бастап зыр еткізді. Әпсәтте саппасың жайнаң қағып шыға келді. Айнаға қарап, сипалақтап тарағын бір алып, бір салып, арсалақтады да қалды. Ана екеуі не күлерін, не жыларын білмейді. Котовскийден бастап, бүкіл қазақша білмейтін шаштараз бен шаш атаулыны, орысша білмейтін өздерін қоса боқтай-боқтай қайтты ауылына қасқа бала... Қайтсін, енді...

Бір жігіттің туған күні — 30 февраль. Әуелде метіркені солай алған, кейін паспортқа түсіп заңданып кеткен. "Ұзын сары келгенде туған,"- деп, жобалай салмай; "Қыстың аяғы, көктемнің басында туған,"- деп, нақтылаған ата-анасы былай тұрыпты-ау, селсебетке не жорық? Әйтеуір, осылай мөрлеп жібергесін, екі ортада балаға қиын болды. Туған күнін тойлайын десе — февральдің 30-ы деген күн жоқ. 29-ы төрт жылда бір келеді. 28-не ауыстыру тағы бір түрлі. Наурыздың біріне өткізейін десе, туған айы — аппақ ақпанды қайтіп аттап кетпек? Балаларға жылына бір лақап болып, амалдап тойлап жүрді. Айда аяқ, жылда жілік жоқ, "паспорт алғасын көзім ашылар" деген, қайда-а! "Әркім өзінше өзгерте берсе, документте күн бола ма?"- деп, тораңғыдай тарбиды бір-әйдік бастық. "Әке-шешеннің тудырған күнін місе тұтпай, өзінді өзін қайта тудырмақпысың, ей?"- деді екінші бір нән бастық үрпиіп тұрған мұны көзімен ішіп жеп, ойқышойқы шүйдесінен қайызғағын гулетіп отырып. Дымы құрып, паспортын алды. Оқу бітіріп, қызметке тұрды: жиырма беске толғасын жұрт қатарлы паспорт ауыстырмақ болды. Дегбірі қалмай, дөкірлерден көрген залалын айтып жатыр бастыққа. "30-февраль жоқ екенін мен де білемін, бүкіл ел біледі. Бұл, әрине, ыңғайсыз, ұят болған,- деді самарқау тыңдаған бастық. — Бірақ, амал қанша, паспортта солай жазылған. Ал совет паспортыңда өтірік жазылмайды. Рас па, жігітім?" "Расы рас қой, бірақ",- деп қалтиған жігіт даңғырлап, ұқтырып бақты. Сазбеттене қалған бәсекең добалдай быртық саусақтарымен түгі тықыр самайын умаждай уқалап-уқалап жіберіп: "Әй, паспортта қалай жазылса, солай болады. Әлде сен совет паспортына, совет өкіметіне қарсымысың?. Біржола паспорттан айырып, ат қылып жіберейін бе, өзінді? КГБ-ның қақпанына, орталықтың оқпанына бір

түссен 30-ыншы ақпаныңа зар боларсың... Жаныңды күт!" - деп, арылдай ақыл айтқасын, ит жанды жігітіміз сәйгел тиген сиырдай шапты үйіне қарай...

Уақыт өтті. Дүние аста-кестен, СССР партия, советімен қоса құрдымға кетті. "Бүкіл тірлікті бытқыратқан тоңмойындықтың пәшақ-пәшағы шықты, шындық келді." - деп, елең құлақтанған жігітіміз күндердің бір күндерінде тиісті мекеменің қаптама былғарысымақ есігін жәйлап ашты...

— Дүние өзгерсе өзгере берсін, документ өзгермейді! - деді қайта құрылған бәсекең тоқырау заманынан жаман зілденіп. — Он жерден тәуелсіз ел болсақ та, кісінің туған күнін өзгерту туралы заң жоқ!

Жігері құм болған жігітіміз Біріккен Ұлттар Ұйымына оп-оңды отыз күннен тұратын февральдің бір күнін өз атындағы тамыз айына қосып алған император Октавиан Августың үстінен арыз жазып, февральдың тиісті күнін өзіне қайтарып беруді өтінді. "Советтің қатесін түзеткеннен гөрі, император Октавиан Августың қатесін түзеткен оңайырақ шығар," - деп батырың бір күрсініп қойды.

1994 ж.

Дәу жеңгейдің қытығы

"Ай сайын, алдын ала екі жүз теңгеден төлеп тұрмасаңдар, жарықты мүлде сөндіріп тастаймыз," - деп энергетиктер алқымнан алғанда, үш-төрт ай қараңғы үйге қамалып, әбден запыс боп қалған біз жаман қысылдық. Ауылды адақтап шықтым: ешкімде бір тиын жоқ. Дәу жеңгейде төрт жүз теңге алашағым бар еді, амалсыз соны сұрамаққа бекіндім. Ол кісі жалпақ елге даңқы жайылған көкперінің дәп өзі; қытығына тигенді тапап жібереді. Күйеуі парторг

болып жүрген кезінде комсорг қызды қолаймақ қылғысы келіпті: пенденің бойына шыр біте бастаса, шаты айырылғанша шапқылайтын әдеті емес пе, аймалаудың алдында шаймалағанды жөн көріп, жұмысты, жиналысты сылтауратып анда-мында апарады: шүү деген бетте сыпайылап сыр тартқан сырбазың біртіндеп батылданып, бөген болған тай құсап сүйкене бастағанда, есті қыз, сұғанақ серінің тілемсек тұмсығынан шертіп-шертіп жіберіп: "Апиын іштіңіз бе, наша тарттыңыз ба, ағасы, мұныңыз қалай? Жақсылықпен қоймасаңыз, жеңгейге айтып, ұшықтатып аламын,"- дегенде, байғұсың бөгелек тиген бестідей басын шұлғи-шұлғи безіп кетіпті. Бірақ бір қопандап қалғасын қиын ғой, тымпындап жүріп түртпектей беріпті. Ақыры мықынына маңайлатпай, мөңкіген қызды: "Саяси сауаты ойдағыдай емес, партия жұмысына жарамайды,"- деп жамандап-жамандап, шығарттырып жібереді. Тыштаңдаған неменің мазағына көнбеген ержүрек қыз сол заматта дәу жеңгейге барлық сырды жайып салыпты...

Содан, дәу жеңгіміз дауылдатып жетті дейді канторға. Ауылдың екінші-үшінші дәрежелі ұрысқақтары мен әуесқой пысылдақтары шабуылшының шаш бауын көтеріп, қоса шұбырыпты. Жиналыстың үстіне кіріп келген дәу жеңгей: "Әй!-депті күйеуіне.— Аяншақ біргөдірдің қызында қай атанның құны бар еді, ә?!" Қорыққанын білдірмеуге тырысқан парторг: "Сен бұл жерге араласпа! Мен оған партиялық басшылық жасап, саяси спераға баулып жіберейін десем... жақсылықты білмейді!" -дейді қоқырайып. "Лақ текедей бақылдаған неме! Бір қыздың етегіне қарап қалған партияңның да, сенің де аузыңа с..."-деп, оймышталған орындығын ойып жіберердей боп отырған етжеңді еркегін жағасынан жүлкі орнынан жұлып алыпты. Жұлып алыпты да,

бүкіл совхоз коммунистерінің көзінше қай-қайтып тұрып құйрықтан бір теуіп, алдына салып айдап әкетіпті... Аяғы біраз айғай-шу болып барып, басылған... Міне, осындай қаһарманға "қарызымды қайтар" деуге дәтің бара ма, сипақтап, сыналап жеткіздім-ау әйтеуір. Бір-ақ тарпима деп едім, жоқ: "Таңертең ауданға апара қойсаң, сөбезден атаңның пенсиясын сұрап көрейік," - деп, жайылып түсті.

Қарға адым жердегі ауданға барып-келу де оңай емес; бензин жоқ. Анау жоқ, мынау жоқ: сол күні бір бастықтың үйіне жем апару керек екен, завгарға жағдайды айтып, шықтым-ау ақыры гүрілдеп. Ауылдың ортасына келе бергенде бота тірсек бір бикеш екі шелегін билетіп, жолымыздан өте шықты. "Тоқта!- деді дәу жеңгей. — Қайтар ана сыландаған салдақыны!" Тоқтап, қызға үйтіп-бүйтіп зорға түсіндірдім. Шелегін суға толтырып үлгірген қыз "ништяк" - деп, әп-әдемі күлді де, жолдан қайта өтті. Сол-ақ екен, дәу жеңгей жетті айқайлап. "Әй, қарағым, алдымнан бір өткенде екі өттің-ау! Бос шелекпен бір кестің, суыңмен екі кестің жолымды! Жақсылықпен қайтадан аша ғой!" "Апай, кешіріңіз. Былай өт дедіңіз, өттім... Енді не істе дейсіз маған?" "Жоқ, әуелі суыңмен былай өтесің, сосын суынды төгіп, бос шелегіңмен қайта былай өтесің..." "Ну, сіз де... Онда тұрған не бар?!" "Бәрі сонда тұр! Басты қатырмай өтемісің, жоқ па?" Үп-үлкен кісінің мұнысына айран-асыр болған қыз салғыласпай бұрылып жүре бергені сол еді, дәу жеңгей бас салып, қарынан мытыған күйі шелек-мелегімен жолдың аржағына бір-ақ шығарды. "Төк суыңды!" "Да вы что?!" - деп шыр-шыр етіп шамырқанған қыздың қарсылығы қанын қайнатса керек, дәу жеңгей екі шелек суды қыздың үстіне ақтара салып, әуелі шелектерін лақтырды да, су-су болған сұлуды жолдың мына жағына сүйрелеп тастады. "Көргенсіз неме,

саған сол керек!" - деп, әбден тілдеп, кәбенкеге әрең-әрең сыйды-ау бір кезде. Ойда жоқта шомылған қыз судан шыққан шортандай шоршып қала берді...

Енді ауылдан шыға бергенімізде, бір қара мысық қарсы алдымызда қасқып тұр екен. Әдейі бізді мазақ қылғандай аузын қисандата "мияу" деп бір-ақ тартты. Тіксініп қалғанымды білдірмей жүре беріп едім, түсі бұзылып кеткен дәу жеңгей: "Тоқта! Ана мысықты ұстап әкеліп, жолымызды аш!" - деді. Үй-үйді аралап, қора-қопсының қуыс-қуысынан ал ізде — жоқ. "Жолымызды ашпасаң, еш қайда бармаймын!" - деп жеңгей отыр тұлданып. "Құдайдың жазуы қара мысыққа қарап қалған жоқ шығар," - деп, жол бойындағы бір үйдің мысығын сұрап алдым да, жеңгейге алыстан көрсетіп, жолдың жиегіне төбесінен бір түйіп отырғызып қойдым. Машинамды гүр еткізіп қозғала бергенде, әлгі мысық бізге қарап жымың еткендей болды да, құйрығын бір бұлғап, тартып отырды. "Қумай-ақ қой,- деді жеңгей, — Манағы мысық қап қара еді. Мынау қоңырлау. Қалай келсе, солай кетті, ақшанды алғың келсе, дәл өзін тауып әкел!"

Жарықтық Шерлок Холмстың бір пайдасы тиді-ау: әлгі маңайдың балаларын жинап жіберіп, "осылай да осылай, қара мысықты тауып берсеңдер, ақшамды аламын, содан кейін бәріңе сағыз әперемін!" - деп едім, біраздан соң балақайлар алақайлап, бір қап-қара мысықты ойбайлатып алып келді. Дәу жеңгеміз бір-бірлеп тексеріп: "Міне, мына йттің баласы!" - деп, жазбай таныды. Мысық мысық болғалы естімеген қорлық сөзді елең қылмай пырылдаған қара мысықты балаларға мықтап ұстатып, жолымызды ашқызып, заулап кеттік...

Намазғұл төбесінен аса бергенде, алатаяқтарын аспанға тіреген екі көкала қасқа көлденең тартып тұр екен. Қағаздарымды қараған болды да, "ауылдың

далбайымен мәймөңкелеп тұрамыз ба?" - десе керек, арқан керген құдаларым құсап, кәде дәметкендерін жасырмай, тікесінен бір-ақ басты.

— Бензин бар?!

— Ойбай, бар болса сіздерден аяймыз ба?.. Бермей жүрген нәрсе емес... Ұяттау болды енді... Барып қайтуға жетер жетпес... әрең-әрең...

— А-а, солай ма?

— Жүт келген бе сендерге? Аққұла жылайсыңдар да жүресіндер... жоқ, жоқ деп ... Жарайды, көрейік онда... нең бар, нең жоқ екенін...

Бәлеге қалдым. Машинамның түгін қоймай тексере бастады. Әбден сүйреткі қылып, сілікпемді шығарып, енді артқы жағын айналдыра бергенде, жеңгейім жетті-ау жалаулап.

— Гәй!- дегенде үшеуміз де жалт қарадық.— Әп-әдемі нәрсенің тып-тыныш тұрған артын шүкуға неге осынша құмарсыңдар,ә?!

Диюдай долы қатынның дауысынан шошып кеткен екеуі "смирноға" бейімделіп, тіпті біреуі қолын шекесіне апара жаздап барып, естерін жиды.

— Жеңгей, бұл тексеріс... Міне, ләмпішкесі жанбайды... Знашит, жүруге болмайды...

— Қалай... жүруге болмайды? Сонда немене, сендерге бола жолымнан қалуым керек пе менің?

— Сізде жұмысымыз жоқ! Бізде де жұмысыңыз болмасын!- Жыны ұстап кеткен жол қожасының дөкейлеуі бір-ақ кесіп-пішті.— Ал, жігітім, әкел прабаны!

Амал не, немқұрайлау созған қолына ұстата бердім. Сол сәтте дәу жеңгейдің қолы оқ жыландай шап етіп, прабаны жұлып алды. Әуелде абдырап қалған жігіттер: "Ау, жеңгей, жақсылықпен қойыңыз. Арты жаман болады, әйтпесе!" - деп , дүрдиіп шыға келді.

— Иә, ал, қоймағанда не қыласың? - Дәу жеңгеміз

бүйірін таянып, талтайып тұра қалғанда, таудай боп кетеді екен.

— Қойыңыз енді... Әкеліңіз бері! Біздікі зәкөн!

Жігіттер шындап ұмтыла бергенде, талтайып тұрған дәу жеңгей кең көйлегінің етегін көтерді де: "Міне сендерге зәкөн!"-деп прабамды дамбалының ішіне сүңгітіп кеп жіберді. Үлкен, қалың көк дамбал екен, бір талай дүние сиятың түрі бар. — Мә, алындар!- Етегін түрген күйі шіреніп, ауын қағып тұр. — Алып көріндер, кәне, жол торыған көк төбеттер!

Әуелі сақылдап күлдім-ау деймін. Ана екеуінің көзі аларып, шегін шектеп бара жатқаны есімде. "Алындар деймін, мә!- деп ақырған дәу жеңгей екі санын жарқ-жүрқ еткізе алшандап, екеуін қуыңқырап қояды. Заң күшті ме, сан күшті ме білмеймін, әйтеуір екі батыр жанталаса матасекілдеріңе міне қашты. Олардың аузы-мұрындарын толтыра шаптығып дәу жеңгей тұр...

— Кеттік, әй!- деді бір кезде... Жол бойы үкіметті де, өзгелерді де өкіртті-ау. Мен де үн жоқ...

Ауданға жеткен соң алдымен әлгі жем сұратқан бәсекеңнің үйіне барып, табан ақы, мандай терімізді тегіннен тегін төгіп бердік. Тапқан таянғаны ұстағанның қолында, тістігеннің аузында кетіп жатқан ауыл сорламағанда, кім сорлайды, салбырап сәбезге келдік. Сендей соғылысқан сақа кісілер есіктің аузында сығылысып-ақ тұр екен, мұзжарғыш кемедей кимелеген дәу жеңгей де майырылды. Айла-жылдап ақша көрмей әбден ашынған жұрт дәу жеңгей түгілі, оның әкесі келсе де елең қылатын емес: арғы-бергі бастық атаулыны айыздары қанғанша сыбап, білектерін сыбанып-ақ тұр. Бір ғажабы, булары бұрқырап, белсеніп тұрған батырлар сәбездің бастығына кірерде сып-сыпайы сызыла қалады да, жүндері жығылып, жіптіктей боп шығады. Кезегі келгенде кеудесін кере дем алып, кесірлене кірді

жеңешем. Сілтідей тынған жұрт тың тындап тұр. Асықтай ғана сәбез келіншекті прабамның артынан жіберер ме екен, қайтер екен деп, мен тұрмын тықыршып. Әуелде ақырындап басталған әңгіменің аяғы айғайға айнала бергенде, дәу жеңгейдің дөкір дауысын шынашақтай бастықтың шаңқылы пышақ кескендей тиды.

— Егер сіз бүйтетін болсаңыз, ақша түскен күнде де сізге бергізбей қоямын!

Жоқшылықты дәу жеңгей де жеңе алмады: сәбезден сәбізі бітіп шықты. Бар бітіргені — бастыққа естіртпей аузын толтыра бір боқтады.

Содан, бір туысының үйіне барып, амандығын білдік. Шай іштік. Өзі дөкей кісі, жол соққаны бар, ашуланғаны бар, бір самауырды тауысуға айналды. Қара суға түсіп отыр. Ол терлеген сайын былғары қабы жұп-жұқа прабамды уайымдап жаным шығып барады. Уһ, не керек, ауылға қайттық-ау ақыры. Үйінің алдына келген соң: "Әй, мә, прабаң, енді өзің ие бол!" - деп суырып берді. Аларымды да, алмасымды да білмеймін. "Өй, ал, мә!" - деп, тықақтайды дәу жеңгей. Амал не, саусағымның үшімен іліп ап, әйнектің алдына тастай салдым.

— Ал, шырағым, мен болмасам әлгілер прабанды сыпырып алатын еді ғой, ө?

Дәу жеңгей бетіме бажырая қарағанда, үндемей бас изедім.

— Сыпырып алып, ысқыртып ыштрап салатын еді ғой, ө?

Тағы бас изедім.

— Кемі бес жүз теңге ғой, ө?

— Иә, иә...

— Олай болса, мендегі төрт жүз теңгені соған жатқыз. Ар жағындағы жүз теңгені сенен сұрамай-ақ қояйын. Ишшо, қанша әуре-сарсаң болар едің... Бөтен кісі емеспіз, оның бәрін есептей беріп қайтеміз?

Осымен екеуміз квитпіз, айналайын! Солай ма, солай емес пе?!- деп, суық көздерімен өн бойымды мұздатып жібергенде: "ра-ра-рахмет!"- деп қала бердім...

Сымпиып үйге келдім. Әйтеуір сбеттің жоғы оңды болды, әйтпесе әйелім тоққа тығып жіберетін еді. Содан не керек, қараңғылықта өлмес күнімізді көріп, амалдап жүріп жатырмыз... Әйеліме жалынып жүріп, прабамды сабындатып, әбден жудырттым да, бардачоктың түбіне тығып тастадым. .

Арада біраз уақыт өткен соң, тағы ГАИ тоқтатты. Баяғы жігіттер екен... Зәрем кетті... Прабамды ұсына бергенімде:

— Ә-ә, сен бе едің? Аулақ, айналайын, өзің де аулақ, прабаңда аулақ!- деп, шек-сілелері қатқанша күліп шығарып салды.

1997 ж.

Айтыстар

*Баянғали мен Ербол Қанбатыров,
(Жамбыл облысы)*

1991 жылы шілдеде Ақтөбе қаласында Исатай Таймановтың 200, Әбубәкір Кердерінің 130, майдангер ақын Әкімәлі Қаржауовтың 100 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы өтті. Баянғали мен Ербол сонда стадионда айтысқан. Айта кетерлік бір маңызды жәйт — ақтөбелік азаматтар 1989 жылдан бастап қаланың орталық стадионында айтыс өткізуді дәстүрге айналдырған. Бұл айтыстарға үш-төрт мың, кейде тіпті бес-алты мыңға дейін көрермен жиналып, ақындарды айрықша ілтипатпен қошеметтеп отырады. Айтыстың басы-қасында жүрген Қази Жасекенов, Владимир Гужан, Сәкен, Нәзира Табылдинова, Жақсылық Айжанов, Амантай Өтегенов, Ертай Ашықбаев және басқа да ақтөбелік азаматтар республиканың барлық аймағынан ақындарды шақырып, айтыстың жоғары деңгейде өтуіне қажымай-талмай ат салысып келеді.

Баянғали:

Бисмиллә, аталардың аруағына
Дұға ғып келіп тұрмын алдарыңа,
Орта жүз қолын бұлғап, сәлем айтты
Айбынды Кіші атамның балдарына!
Көп жәйтті мына бізге қозға деген,

Әдептен бірақ-тағы озба деген,
Бүгінгі депутаттар секілденіп
Байеке, сәлемінді созба деген!

Ағайын сөзді бастайын
Ізіне салып терменің,
Шүкірлік қылам алдыңа
Мінеки бүгін келгенім,
Айналайын Ақтөбе
Екі жыл өтті арада
Бұрын да келіп көргемін...
Мінеки, бүгін қарасаң,
Тайманның ұлы Исатай,
Әкімәлі Қаржауов,
Әбубәкір Кердері,
Жарасып түр бәріне
Бір тойды ортақ бергенің...
Атаңды қадір тұтып бүгінде
Есіңе алып жатқаның
Шүкіршілік қылайық,
Алланың бұл да бергені!

Жалғайын тағы да ары сөзімізді,
Айтқызған оны дағы сезім ізгі,
Бізді кеп сырттан біреу танымайды
Өзіміз танымасақ өзімізді!..

Байқап тұрсам ағайын,
Мынау Ербол батыр да
Тұлға қандай, бой қандай,
Жаңа менімен бірге осында
Сахнаға шыға келгенде
Болған жоқ па мінеки
Сахнаны батыр ойғандай,

Шорабектің шәкірті,
Шорабектей құрдасты
Сойып қаптап қойғандай,
Қазір мына сөйлесе
Бойына лайық ой қандай?
Е-ей, байқап тұрмын, Ерболжан,
Алтын тісің жарқырап
Тіс ішінде тіл қандай,
Тұлға қандай, түр қандай,
Бір бәлені ішінен
Сайлап маған тұрғандай!!!

Ербол:

Армысың Ақтөбедей алтын өлкем,
Халқыңды көремін мен халқыммен тең,
Тойлаған дүбір тойың құтты болсын
Дәуірлеп шықсын тағы атың ертең!
Жырлаған ой-қырың мен түз-даланды,
Әперген өмірдегі өз бағанды,
Бытыр бір келіп саған бауыр басқан
Ақтөбем, таныдың ба өз балаңды!
Мен бүгін шабытты бір күшімдемін,
Әйтсе де жарамайды-ау ісінгенім,
Елгезек шықты алдыңа ерке балаң
Еңсемді елім менің түсірмегін!
Ел-жұртым аман ба деп хал сұраған,
Кенінді маржан ойдан аршып алам,
Сағындым өз ісінді әжелерім
Кең, ыссы құшағыңды жайшы маған!
Жарасқан әзілменен ойындарың,
Ағалар таба алған ойындағы-ай,
Жымиған жеңгелерім қайдасыңдар,
Келді іздеп аппақ жігіт қайындарың!

Сізбенен мен бармайын бос егеске,
Көңлім осы айтыспен қош емес пе,
Көйтейін Баян аға, құдай, құдай,
Бар жоғы түріміздің осы емес пе?!
Жек көрер кім халыққа ұнағанды,
Ал енді ағыта бер бұлақ әнді,
Берсеңші ініңізге сұр боп қатқан
Сақтаған сары мейіз сыбағанды!
Бұл менің сізге біраз ой салғаным,
Ал енді сөйле ойлап ой салмағын,
Орыстың ортасынан жарып шыққан
От тілді Төлеевтей тайсалмаған!

Баянғали:

Біз енді бұйырғанын көреміз ғой,
Ініге адаспайт деп сенеміз ғой,
Сақтаған сыбағаның сүрі жоқ ед,
Сұрасаң свежиін береміз ғой!
Әніне Жандарбектің салғаның-ай,
Ризамын оны есіңе алғаныңа-ай,
Құдайым Жандарбекке иман берсін,
Береке, өмір берсін қалғанына-ай!
Бірталай жайды маған ойға алдырдың,
Шырағым, шыныменен ойландырдың,
Жанына жағам ба деп келе салып
Отырған жеңгелерді айналдырдың.

Айналайын Ерболжан,
Сөз астарын таптың кеп
Жеңгелерді мақтадың
Осы жерде жаққың кеп,
Сонан кейін мақтандың
Алтын тісті ақпын деп,

Бұл баланың сөзіне
Жеңгелері көнгендей,
Түрі дағы бар енді
Қараңғыда жолықса
Мынау батыр жігітке
Жеңгелердің жүрегі
Қорыққанынан жарылып сонда өлгендей!
Әжелерін мақтады,
Әжелер де осы жерде
Сөзіме менің сенгендей,
Қараңғыда жолықса,
Қалтадағы ең соңғы
Талонын да мынаған
Қорыққанынан бергендей!
Айналайын, Ерболжан,
Байқап тұрмын бұл жерде,
Айтар сөзден таңбайсың,
Тоқтамастан заулайсың,
Балуан тұлғаң мына тұр
Кейбір сәтте қарасам,
Қаһарланып тұратын
Қарақшылардың бастығы
Құрбашыдан аумайсың!
Ойыма түседі осы жерде
Талай-талай жол жатыр,
Ойлап тұрмын, білесің
Ар жағында әр сөздің
Талай-талай ой жатыр,
Естіп тұрмын мен жаңа
Арғы атаң Қанбатыр,
Қанбатырдың тұқымынан
Тараған екен сан батыр,
Мінеки саған бүгінде,
Ел қолын соғып отыр ғой

Әрдайым саған жол бол деп,
Ер болсын деп өзінді
Атаған екен Ербол деп,
Ал енді тағы айтыстың
Кеңісін дейін кереге,
Айналайын Ерболжан,
Түйіп қане айтып көр,
Осы заманда, білесің
Ер болу деген немене?!

Ербол:

Ал енді саралайын көп талғамын,
Мен де бір домбыра алып оқталғаным,
Қол сілтеп сөйлегенді көрген кезде
Мен сені Горбачев-ай деп қалғанмын!
Сөз таппай қалдым-ай дейм қапелімде,
Білемін бұл жалғанның өтерін де,
Әйтеуір сілтеген-ай қолыңа еріп,
Жарар ед кетпесем-ау жетегінде! .
Ризамын сендей ақын жолықтырсам,
Қайтесің ел алдында толқып тұрсам,
Ер-азамат Ербол деген мен болмайм ба,
Көтерер ел жүгін қара нар болып тұрсам!
Ойламан мына жұртым пақыр екен,
Тойланып дүбір тойы жатыр екен,
Елемей қымбатшылықты той жасаған
Ел-жұрты Ақтөбенің батыр екен!
Ағажан, қалай өзің тоқсындар ма?
Қауышар қайта-қайта бос күн бар ма?
Жер-жерде барлық нәрсе қымбатталып,
Қиналып қалып жүрген жоқсындар ма?!

Баянғали:

Ағайын, туыс, қарасам,
Мына отырған бауырым
Сөзді қалай толғайды, ә?
Ағасының сөзімен
Үйлесе кетіп жалғайды, ә?
Горбачевті қайтесің
Қолын сермеп сөйлеген
Мына отырған ағанды
Кәдімгі қазақ халқының
Биі десең болмай ма?!
Айналайын халқымнан,
Қабыл алып сөзімді
Ықыласына бөлеген!
Халқым қандай көреген,
Ақтөбенің ел-жұрты
Шынында да батыр ғой,
Мына қымбатшылық заманда
Әр күніне айтыстың
Бес теңгеден төлеген!
Әлгі сөзді шырағым
Осы жерде көп ойлайм,
Қымбатшылық дегенің
Бізде де бар, шырағым,
Десек тағы мен өзім
Дүкенге көп бармаймын
Ол жақтағы шаруаны
Жеңгең біледі деп ойлайм!

Айтысты бір тамаша қызықты еттім,
Сөзімді Ербол інім ұғып та өттің,
Ал енді ерлік жайлы сөз сұрап ем
Сен оны ақша жаққа бұрып кеттің!

Айтатын мынау айтыста
Талай да талай сөз болды,
Ағасы мен інісі
Ұзын дағы қысқалы
Бір-біріне кез болды,
Айналайын шырағым,
Ерсініп жүрген талайлар
Мына да жалған заманда
Байқап жүрсем ез болды,
Елге қызмет қылам деп
Өтірік алдап ел-жұртты,
Айтқанының бәрісі
Ағыл-тегіл сөз болды!!!

Өлеңді тағы да ойдан шығарамын,
Ниетін ел-жұртымның құп аламын,
Қолпаштап, қолын соқса ағайындар,
Тоқтамай мен өлеңге ту аламын,
Ел-жұртын ерлігімен бастай қоймас
Қолына билік тисе дүбәрәнің!
Шын билік нағыз ерге тисін деймін,
Ерлері туған елін сүйсін деймін,
Қазақты алаламай, жікке бөлмей,
Барлығын ту астына жисын деймін!
Мінеки, мен соларды ерсің деймін,
Елі де соған сеніп, ерсін деймін,
Ал інім сөзді енді ары жалғап,
Ағасын тағы сынап көрсін деймін!

Ербол:

Салмаймын сахнада байбалам ән,
Өзіңе де қол жеткізу қайда маған,
Бар ұлы қазағымның сендей болса,
Ел-жұртын ән-жырымен аймалаған!

Казактар қолдарына алып байрақ,
Еділдің жіберді ғой суын лайлап,
Орыстар орағытып Оралымды
Кетті ғой талай қазақ қаны қайнап
Кез келді ақ найзаны қолға алып,
Атой сап атқа мінер Абылайлап!
Атаман арамызды аралады,
Ауыртты жүректегі жараларды,
Алынбас қамал, қорған болмаймыз ба,
Біріксе алта алаштың балалары!
Болғандай қазір бір-ай заманақыр,
Кішірейме, қазағым-ай, болма пақыр,
Алашта қыр ашықта ұлан шақыр
Деп айтып кеткен жоқ па еді Әбубәкір!
Мұң деген қабақтарға жолады ма,
Жүрегі саз нәрсеге толады да,
Ойынды ортаға-ау салшы,аға,
Ақыры атаманның болады ма?!

Баянғали:

Жалғайын тағы да алға өлеңімді,
Аларсың теріп ертең керегінді,
Мұхиттың тойында мен көріп қайтқам,
Жаңағы айтқан атаман дегенінді.
Ақынның оларға айтар жыры көп пе ед,
Мен айттым жөнге түсер түрі жоқ деп,
Атамның қаны сіңген жер-суымда
Ешкімнің әкесінің құны жоқ деп!
Оларға теріс сөзін тисын дедім,
Жеріме ынтымақпен сыйсын дедім,
Кешірім сұрап мынау қазағымнан,
Даламның топырағын сүйсін дедім!
Пиғылын шошандаған қойсын дедім,
Көрмедім бірақ оған ой сіңгенін,

Тып-тыныш ынтымақпен өмір сүрсін,
Ұйымын казактардың жойсын дедім!
Қол соғып құптап өтыр халық деймін,
Қайттық қой біраз сөзге барып деймін,
Ал енді атқа мініп өзің шықсаң,
Дәл сенен қорқатыны анық деймін!
Сөзіме мына отырған ел қосылса,
Оларға Орта жүзден мен қосылсам,
Үрейі казактардың ұшат шығар
Арқалы Ұлы жүзден сен қосылсаң!
Ел-жұртым бұл сөзіме сенет деймін,
Алғысын қол соғумен берет деймін,
Казактар анда-мында құтырғанмен,
Әділет түп-түбінде жеңет деймін!
Дұрыс қой сөзді іріге бұрғандығың,
Сүйемін елім қолын ұрғандығың,
Десек те ойлаған жөн атаманның,
Артында талай күштің тұрғандығын!..
Екеуміз жалғадық қой қатар өнді,
Төреші қарсылас қып атағанды,
Ал, бала, неғыламыз қоямыз ба,
Егерде жеңіп болсақ атаманды!

Ербол:

Сахнада сен болмасаң жанбас па едім,
Қырандай қиядағы талмас па едім,
Қолымнан келсе мен де казактарды
Алатаумен бастыра салмас па едім!
Көрген оу, көп қой сенің азабың да,
Бұл өмір оны сірә жаза алды ма,
Ал енді сөз соңында тілегім сол
Алланың нұры жаусын қазағыма!
Атаның айтып тұрмын өсиетін,
Бұл дәстүр осы емес пе бас иетін,

Алдында үлкен тұрып кіші өтпейді,
Қазақтың қадірлеймін қасиетін.
Бұл халқым отыр ма екен ес жия алмай,
Жігіт ек екеуміз де естиярдай,
Доғарсақ доғарайық, созылды-ау дейм,
Бұл айтыс Мәскеудегі сессиядай!

Баянғали:

Менің де осы тілек сұрайтыным,
Білмеймін кімге қалай ұнайтынын,
Бастырсаң Алатаумен дұшпаныңды,
Шырағым, ойлағайсың ең алдымен
Алатау — өз тауыңның құлайтынын!
Бұл сөзді енді қалай ұғынар кім?
Әдейі айтып тұрмын бұның бәрін,
Егесті, қан төгісті іздемейік,
Ойлағын, соғыс болса ең алдымен
Тағы да қаракөздің қырыларын!
Бір түйін осы арада мұны дейік.
Жүрмесін ағайындар бүгін кейіп,
Біз жеңсек дұшпандарды ақыл-оймен,
Әрдайым әділетке жүгінейік!
Жөн десең осы айтысты бітіремін...
Бауырлар түзу ұшсын түтіндерің,
Өсе бер отбасыңыз аман болып,
Қабырғаң сөгілмесін бүгін елім!!!

Ербол:

Көңілім осындайдан тасып еді,
Ойында талай жырлар жазып еді,
От тілді ауызыңнан айналайын,

Сен екенсің қазіргінің Қазыбегі!
Ал, енді күтіп тұр ғой ентелей топ,
Жүргем жоқ бұл айтыстан жерігендей боп,
Түскен соң сахнадан жүрер болдым,
Меккеде пірге сәлем бергендей боп!

(магнитофоннан)

*Баянғали мен Әселхан Қалыбекова,
Қазақстанның халық ақыны,
(Оңтүстік Қазақстан облысы)*

1992 жылы ақпанда Жезқазған кенішінде "Кенші еңбегін мадақтайық!" атты республикалық ақындар айтысы өткізілді. Бір қызығы, мұнда ақындар өз облыстарының атынан емес, әрбір кеніштің атынан сөз сайысына түскен. Сонда Баянғали Шығыс, Әселхан Оңтүстік рудниктердің атынан сөйлеген.

Баянғали:

Дәм жазып алдарыңа қайта келдім,
Тойыңа құтты болсын айта келдім,
Бір жұтым Көкшетаудың таза ауасын
Сендерге алып келдім байтақ елім!
Туған ел өз байлығын еншілер ме?
Шүкірлік, қарамаймыз көршілерге,
Адамды ізгілікке шақырған ғой,
Жіберген Раббым Алла елшілер де,
Тілеймін Раббым Алла жар болсын деп
Көз емес, терін сауған кеншілерге!

Куәсі болып жүрміз нарлығыңның,
Сүйемін беттеріңнен барлығыңның,
Баянжан жұқаларды қиратады деп
Мінеки дәу апама салды бүгін!

Е-ей, ағайын сөзден бастайын,
Мына келген дәу апам,
Қарсы алдынан қарасам
Алатаудай көрінет,
Қаратаудай көрінет,
Ағыл-тегіл жырласа
Ауызынан өңшең бір
Лағыл, маржан төгілет,
Сілкініп қойып жырласа
Жанартаудай көрінет,
Менен басқа ақындар
Мына отырған апамнан
Қорқатұғын көрінет!..
Мына келген апамның
Оң жағында ақ алтын,
Сол жағында қара алтын,
Тоқ етерін айтқанда
Осы таудай апамның
Өне бойы бәрі алтын!
Е-ей, тағы да сөз бастайын,
Кеншілерді мақтайын,
Мен айтайын апатай,
Сенің өзің санап ал,
Біздің шығыс кеніште
Жиырма шақты Женя бар,
Отыз шақты Оля бар
Қырық шақты Коля бар,
Елу шақты Евгений,
Алпыс шақты Аня бар,
Арасында Алма бар!

Жетпіс шақты Женямен
Сексен сегіз Сергей мен
Тоқсан тоғыз Толя бар!
Осыларды басқарып,
Жұмыс қылып жүргізген
Ағыбаев Әмзе деген
Бір кішкентай қара бар!..
Талай, талай заңғар бар,
Әбдіхалық, Исамен
Тобылжан мен Шамған бар,
Талай забойды жарғандар,
Сіздей, сіздей кендерді
Саусақпең шертіп алғандар,
Алтын менен мысыңды,
Тоннасымен түк қоймай
Москваға айдап салғандар!
Ойлап тұрсам, ағайын,
Көкейде талай арман бар,
Осы жерде байқасам,
Аналар бар, ағалар,
Еңбек сауып қартайған
Талай, талай жаңдар бар,
Бас иемін сендерге,
Денсаулық пен жастығы
Жер астында қалғандар!!!

Әселхан:

Ризамын өздерінді көргеніме,
Ешқашан өкінбеймін келгеніме,
Тағы да басымды иіп сәлем берем,
Жездіге, Жезқазғанға, Жәйреміңе!
Баянжан жырың жақсы еркіндеген,
Қыздарды табынтасың көркіңменен,

Шетелдің рингтегі боксерындай,
Түріңнен айналайын селкілдеген!
Кетпейді соғыс лаңы құлағымнан...
Қорғасын заводында Шымкенттің,
Әрбір он оқтың тоғызы шығарылған,
Майданның көрген білер анық атын,
Екі үйдің бірі қара жамылатын,
Жауына Жезқазғанның рудасы
Бомба боп, снаряд боп жарылатын,
Майданға қару керек жалындаған...
Балмұқан Аймаханов деген кенші,
Жоспарын қырық есе орындаған,
Асты сыз, іші суық тігіп шатыр,
Қалмаған жарамдылар іске татыр,
Бір өзі қырық жанға тең келсе де
Елеусіз, ескерусіз бүгін жатыр!
Тепкіні теперішті көрген елміз,
Жанды да Отан үшін пида қылып,
Ертеңгі болашаққа сенген елміз,
Сол сезім, сол сенімнің арқасында
Фашисті бас көтертпей жеңген елміз.
Іргесі осы одақтың ыдырады,
Түсінбей жүргендер көп бұны да әлі,
Бөлінсе бөрі жейтін бөлтір асын
Жамандық қалай-қалай құбылады,
Өткенді енді бүгін саралаймыз,
Беруге бар алуға шалағаймыз,
Қаперден көршілері тонап кеткен
Жалаңбұт сызда отырған баладаймыз...
Бастанбай болмайды енді іріленбей,
Дүние шайқақтайды бүлінердей,
Жеңіс жоқ бауырларға жалғаспасақ
Бірі — етек, бірі — жаға, бірі — жеңдей!
Қазына қалған мынау саянда тұр,
Бұл өмір жеткізбейді аяңға құр,

Тарихты сендей білер бір адам жоқ,
Ар жағын жалға, інім, Баян батыр!

Баянғали:

Әсеке, айналайын, желпініңіз,
Анық қой мына жұртқа кеңдігіңіз,
Мен сіздің сөзіңізге қосыламын,
Оралсын туған елге ерлігіміз,
Тең болса қазақ жұрттың бәріменен,
Асқақтай бермек сонда елдігіміз!
Бұл сөзбен болмас сіздің таласыңыз,
Жазайық туған елдің жарасын біз,
Фашисті жеңіп қайтқан Тақан шалдың
Біз дағы құйындатқан баласымыз.
Барайын енді сөздің төтесіне,
Жетеді-ау тыңдағанның жетесіне,
Жарасы сұм соғыстың жазылған жоқ,
Әкемнің снаряд бар шекесінде!..
Апатай, үйдедіңіз, бүйдедіңіз,
Боксер деп бұл ініңді түйредіңіз,
Сіз дағы құр қалмаңыз, Юныңыздан
Біраз күн таэквондо үйреніңіз!
Бұл сөзім тыңдаушыға ұнағандай,
Секір деп мына менен сұрағандай,
Бұл жерде мен секірсем дәнеңе емес,
Егерде дәу апамыз қозғалса ғой
Жезқазған опырылып құлағандай!!!
Бұл сөзді тыңдағандар дұрыс дейді,
Айтасың Баянжаным, ірі іс дейді,
Өйткені кен байлығын талап алған
Асты енді туған жердің қуыс дейді!
Азамат өтер дәйім елін сүйіп,
Әсемдеп, туып-өскен жерін сүйіп,

Тағдырын Жезқазғанның абайландар,
Қалмасын Қарсақбайдың кебін киіп!!!
Шетелдер біздерден де алтын алған,
Байлықтың түгін қоймай сарқып алған,
Пайдаға батып алып қаңғып кеткен
Тек қана туып-өскен халқы қалған!
Қона ма көкейіңе сөздеріміз?
Жанғандай шырадай боп көздеріңіз,
Ағайын, байлығыңа ие болып,
Билендер өз жерінді өздеріңіз!!!

Әселхан:

Шығыста Руслан Юн* жүріпті,
Ісі оның бәрі бірдей тыңғылықты,
Халқының қажетіне жарайтуғын
Кезінде шаруашылық құрдырыпты,
Қазіргі Урумовың** жүргізе алмай,
Жаптырып сол шаруаны тындырыпты,
Еті мен сүтінен де айрылған соң
Кеншілер кешіре ме бұл қылықты!
Емес қой малың семіз, қора мықты,
Ел камы көңліне оның оралыпты,
Біреуің айтпадыңдар шығыстықтар,
Кешегі Вовченко мен Омаровты
Ел үшін қызмет етем, елге жем деп,
Шығыпты жолы құрғыр көлбелеңдеп,
Үйінен ширығып кеткен жандар,
Үйіне қайтыпты ғой көлденеңдеп.
Өзің мынау кемітіп алған есебінді,
Айтпаған мен айтайын кеселінді,
Батырды сен айтпасаң мен жоқтаймын,
Ұмытсаң кім болғаның кешегінді!

* Юн – Оңтүстік кеніштің.

** Урумов – Шығыс кеніштің басшылары

Баянғали:

Құйылған өлең енді ойлы болсын,
Ағайын, асық жлік майлы болсын,
Дүниеден Вовченко енді өтіп кетсе,
Марқұмның жатқан жері жайлы болсын!
Ол дағы осы жерде жүрген екен,
Жұмыстың жайын жақсы білген екен,
Кеншілер жақсы айтады ол кісіні,
Еңбегі Вовченконың сіңген екен!
Бұл сөзді тағы да алға жалға деймін,
Апама қыран құстай самға деймін,
Өлгеннің артынан енді өлмек жоқ қой,
Тірілер тәуір ісін жалғар деймін!
Апатай, қандай сөзге барасың,ә?!
Ініңе шындап кінә тағасың ба?
Отырсың таудай болып араласып,
Корей мен осетиннің арасына!
Мен бүгін танымай тұрмын мұныңызды,
Айтарсыз беу, апатай, шыныңызды,
Отырып таудай апа қайта-қайта,
Қоймастан мақтайсыз ғой Юныңызды!
Ақындар ел үмітін ақтау керек,
Көңілін тыңдағанның таппау бөлек!
Қайтеміз Урумов пен Юнды мақтап,
Отырған еңбекші елді мақтау керек!
Сөзіне ақындардың сену керек,
Тек қана жақсылыққа еру керек,
Еңбегі сіңген елдің бәріне де
Бір-бірден алтын жұлдыз беру керек!
Қазағым туған елін сүйіп тұрсын,
Ел үшін оттай лаулап күйіп тұрсын,
Еңбегі туған елге риясыз боп,
Медаль мен ордендерден биік тұрсын!
Мақтадың беу, апатай, істерінді,

Танытып жатырмын деп күштеріңді,
Ал енді айтып көрші, қайран апа,
Алдығүні бір шахтаға түскенінді!
Көкейге талай сырды түйдің бе екен?
Ойыңа отты өленді жидың ба екен?
Шахтаға түсерінде қайран апам,
Үстіне кенші киімін киді ме екен?
Кен қазып, жүдеп жүрген бауырлардың,
Киімі саған апа, сиды ма екен?!!

Әселхан:

Несіне тайынамыз суға келіп,
Анадан алып болып туған едік,
Абырой болды мына Жезқазғанға,
Кәстөмі Темірланның* тура келіп!
Баянжан, көп қылықтан қапы қалдық,
Жаза алмай жарамызды жатып алдық,
Естектің құла атындай дипломды,
Көбіміз оқымастан сатып алдық,
Ер жетіп білім іздеп талпынғанның
Алдына көлденеңдеп жатып алдық,
Ақшасы сүйеуі жоқ ол бейшара
Оқымақ түгілі кетті басы қаңғып,
Ақындар тіл жеткенше айтады ғой
Халқына ой тудыра ашынарлық!
Білімсіз оқығандар қаңғырып жүр,
Қаржысын үкіметтің сапырып жүр,
Ғылымды сиыр қылып сауып ішіп,
Тұмсығын балқаймаққа батырып жүр,
Елімді қиындықтан шығармайды деп
Ақылдылық ойламастан қапылып жүр,
Ақыры өзімізден маман таппай

* Темірлан Урумов – Жезқазғанның барлық кеніштерінің бастығы.

Корей мен Сингапурден шақырып жүр!
Мақтанба деген Абай ғылым таппай,
Жүргенді жіберейік беттен қақпай,
Тізгінін өнер-білім кім ұстайды,
Кен қазып, қойды бағып кетсек жаппай,
Жастарым, ғылымды ырғын меңгеріндер
Еңбектен халқың үшін текке жатпай!
Бұл қазақ қайығы бар, ескексіздей,
Іздейік уақытты текке өткізбей,
Иығымыз басқалармен теңелмейді,
Ғылымның тұтқасына қол жеткізбей!..

Баянғали:

Апам кеп Жезқазғаның сасқан екен,
Киімін Урумовтың тапқан екен,
Әселхан апамызға шақ келсін деп,
Қазағым оны жақсы баққан екен!
Өлеңі апамыздың теңіз болсын,
Жақсылық әрқашанда егіз болсын,
Қазағым бастықтарды баға бермей,
Қарапайым кеншілер де семіз болсын!!!

Әселхан:

...Жаныңа жақындаймын ұққан сайын,
Әйелдер тоғысындар тәубә қылып,
Шахтадан азаматың шыққан сайын!..
Бойыңа бар байлықты еншілегін,
Айтайын бірер ауыз ел тілегін,
Кигенде өз киімін өздеріне,
Жани түс жігерінді кеншілерім,
Тағы да есендікпен кездесейік,
Қайырмай қызыл мыстың мершімерін!

Өлеңнің сорғалатып көк дауылын,
Кеншінің ырза қылдық көп қауымын,
Ер едің сен дағы бір асып туған,
Көкшеге аман-есен жет, бауырым!!!

Деген екен...

1994 жылдың жазында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев Көкшетауға келгенде облыс басшылары Баянғалидан Қарасуға барып, өлең айтып беруін өтінеді. Келесі күні қой бағудың кезегі келіп тұр екен, оны әкесіне тапсырып, ақын Бурабайға барады. Президенттің қайықпен жүзгенін көрген адамдар: "Мықты адам екен, соңынан жүзген екі адамға жеткізбеді," - дейді. Біраз уақыттан соң дастархан басында кезек ақынға келеді:

Алла деп мен кірейін өлеңіме,
Ризамын бүгін сізді көргеніме,
Өскемен, Семей жағын орағытып
Көгілдір Көкшетауға келгеніңе,
Заманның тозаңынан тазардың ба,
Бір сүңгіп Қарасудың тереңіне!
Құдайым аулақ қылсын қайғы-мұңнан
Еліміз айрылмасын байлығынан,
Алып өт аман-есен қазағымның
Кемесін заманыңның айдынынан!
Көмекшің Иманғали қара бала
Ұқсасын ой мен ісі даналарға,
Нүрекең саясында жүргеннен соң
Бәйтерек болад шығар жеке дара,
Президент суда жүзіп жүрген кезде
Ұйқыдан тұрып жатқан жаңа-жаңа!
Ақылмен жүрер жолды нұсқап жүрген
Халықты жақсылыққа бастап жүрген,

Рахмет Нұрсұлтандай ағамызға
Амалдап орыс-қытай арасында
Абылай саясатын ұстап жүрген!

Беу, Нұраға бері қара,
Дүрсінгенді горбиттің
Ерсінгенді ербиттің
Қазағынды көркейттің,
Қумадың жолын егестің
Қумадың жолын өңештің,
Ақылдың жолын ұстадың,
Алшаң басып Ақ үйде
Клинтонмен де кеңестің,
Жапонның көрдің патшасын
Ағылшын, испан басқасын,
Әлемдегі патшаның
Бәрімен бүгін теңестің!

Ақынмын алдыңызда әнге басқан
Атынан туған елдің шашу шашқан,
Көп сәлем әкеп тұрмын ауылдағы
Қаракөз, қандас бауыр қарындастан,
Асығып тұра шаптым сіз келді деп
Қойдың да кезегіне қарамастан,
Жағдайын жақсартсаңыз ауылдардың
Жалғанда хан болмайды сізден асқан!

Нүрекең рахмет айтып, демалуға кеткен соң,
көмекшісі Иманғали Тасмағамбетов қасында отырған
Аманкелді деген тұлғалы кісінің президентті қорғау
бөлімінің бастығы екенін, Колбиннің тұсында
Қонаевқа қарсы арыз жазбағаны үшін қуғын көргенін
айтады. Оның ерлігіне риза болған ақын:

Қайтпаған КГБ-ның нағанынан,
Сол үшін айырылған поғонынан,
Тар жерде Димекенді сатпай қалған
Айналдым Амангелді табаныңнан!
Басыңнан Амангелді бақ кетпесін,
Ақының сөзді қалай нақты етпесін,
Мәз болып өлең тыңдап отырғанда
Бір сұлу президентті ап кетпесін!- деген екен.

Содан елге келсе, аудан активі президент ауданға келіп қалар ма екен деп күтіп отыр екен. Ақынның әңгімесін тыңдап, мән-жайға қаныққаннан кейін, аудан әкімі Кеңес Мұқатов: "Бізге де бірдеңе айтсаңшы," - дейді. Сонда Баянғали:

Айтайын әкімдерің құлақ қойса,
Жиналып отыр екен жағып монша,
Президентке өлең айтып келгеннен соң,
Әкімге айтқым келмейді менің онша!- деген екен.

* * *

1995 жылдың тамызында Нұрсұлтан Назарбаев Еңбекшілдер ауданына келеді. Ғабдісәләм қажы атындағы жаңа мешітке кіріп, кілем сыйлайды, Біржан салдың басына барып, құран оқытады. Степнякты аралап, аудан жұртшылығымен кездеседі. Кездесу барысында зайыбы Сара Алпысқызының Степняк маңында туғанын айтады. Жұртшылықтың сұрақтарына жауап беріп, Меке мен Мәдинәға барғанын, пайғамбарымыз Мұхаммед ғәләиссәләмнің қабіріне тәуәп қылғанын әңгімелейді. Ақсақалдардың Еңбекшілдер ауданына Біржан сал атын беру жөніндегі тілегін құптайды. Кездесуден кейін, дастархан басында Баянғалиға өлең айтқызады. Әуелі Елбасы ақыннан Қырғызстанға қалай барып келгенін

сұрап, содан кейін: "Елінде отырмыз ғой, Біржан атаңның бір өлеңін айтшы",- депті. Баянғали "Теміртасты" айтып беріпті. "Осындай адамды да керегеге байлаған-ау біздің қазақ!"- депті Елбасы мұңайып. Бұдан кейін Баянғали президенттің келгеніне арнап біраз өлең айтыпты:

Ел-жұртың қарсы алып тұр Нүрекелеп,
Келгенің жатыр үлкен мереке боп,
Нүреке, қадамыңыз құтты болып,
Дарысын біздің елге береке боп!

Келген жерің, Нүреке,
Абылай орда еткен жер,
Қазақтың соңғы көсемі
Кенесары, Наурызбай
Күңіреніп өткен жер!
Аспандағы аққуға
Біржанның әні жеткен жер!
Ұрпақтары солардың
Белін бекем буған жер,
Атаның жолын қуған жер,
Жаңа өзіңіз айтқандай
Апамыз Сара туған жер!
Шүкіршілік, аллаға
Жақсы-жақсы менің де
Жезделерім көп еді,
Бірақ-тағы ішінде
Президенті жоқ еді,
Апамыздың қадірін
Патша жездем ұққан ғой,
Бар әлемнің бөбегін
Бауырына басатын
Жақсы-жақсы қасиет
Сара апамның бойына

Біржан жатқан киелі
Топырақтан жұққан ғой!

Бұдан кейін президент бірге отырған ел адамдарымен әңгімелесіп, олардың сұрақтарына жауап береді. Әңгіме барысында кейбір басшылардың араққа үйірлігі жөнінде де сөз болыпты. Бір кезде аудан әкімі Кеңес Мұқатов пен аппарат жетекшісі Еркетай Жомартов мипалау әкелді, меймандарды сыйлапты. Сол кезде Баянғали домбырасын алып:

Кеңестің мипалауы әзір болды,
Бір талай о да бізге әзіл болды
Қосылып Елбасымен мипалау жеп
Сәніміз, ағайындар, қазір келді,
Басқаның президенті іше берсін
Біздікі, шүкіршілік, қажы болды!- депті.

Сонда Нүрекен: "Мына жерде арақ құйғызбады деп отырсың ғой,"- депті күліп. Бірге отырған Болат Бекенов сынды ақсақалдар, ауыл шаруашылығы министрі Жәнібек Кәрібжанов, облыс әкімі Қызыр Жұмабаев, КНБ, милиция генералдары Мәжит Жанділдинов, Амангелді Жармағанбетов және басқалары да: "Енді не айтар екен?"- дегендей ақынға қарап қалыпты.

Болғанмен кемшілігі зор басымның,
Әрдайым жақсылардың жолдасымын,
Арақ пен темекіні қатар қойған

Мен де, аға, Көкшетаудың молдасымын!- депті ақын. "Бұрын өкірткенсің ғой!"- депті күліп Нүрекен. Сонда ақын:

Арақтан бұрын ептеп алатынбыз,
Қиялмен әр нәрсеге баратынбыз,

Ол кезде генералға қол жетпейтін
Қолында сержанттардың болатынбыз,
Далада жатып қалған жеріміз жоқ
Күнара КПЗ-ға қонатынбыз!- деп әзілдеген екен.
"Милициямен онша емес екенсің ғой",- депті
Нүрекең. Сонда Баянғали:

Арақты мен онша көп ішпейтінмін
Ал ішсем талай қызық істейтінмін,
Өкпем жоқ милицияға, жаяу жүрмей,
Үстінен ППМ-нің түспейтінмін,
Айбатты арыстандай ақырмаса,
Аруағын аталардың шақырмаса,
Жігітті жігіт деу де қиын, кейде
Сәті түссе, түрмеге де отырмаса!- дегенде,
Нүрекең күліп жіберіп, ақынның өнеріне риза болып,
алғыс айтып, ағалық ақ тілегін білдіріпті.

* * *

1995 жылдың күзінде Нұрсұлтан Назарбаев
Көкшетауға аз уақытқа демалуға келгенде, Баянғали
Бурабайға барып, Елбасының алдында өлең айтыпты.
Президент әуелі ақынға Біржан салдың "Теміртасын"
айтқызып, содан кейін: "Мына ағаң – Премьер-
Министр Әкежан Қажыгелдин, Көкшетауға тұңғыш
келіп отыр, мына ағаң – КНБ-ның бастығы, генерал-
лейтанант Сәт Тоқлақбаев. Бұл кісілерге қош келдің
деп, бірдеңе айтпайсың ба?!"- депті жылы шыраймен.
Сонда ақын былай деген екен:

Құдайым кез қылсын деп жақсы кезде,
Сөйлейін бұрылмастан басқа сөзге
Айтамын қош келдің деп ағаларға
Қош келдің, Көкшетауға патша жезде!

Орындайын бұлжытпай,
Президенттің жарлығын,
Премьер-министр көрсетсін
Елімізге нарлығын,
Ақыл, қайрат, жігермен,
Ағалар, жеңіп шығындар,
Заманның мына тарлығын!
Қажыгелдин Әкежан
Премьерлердің ішінде
Жаңадан шыққан жас пері,
Алысқанын жығатын
Дзюдоның мастері,
Сол күшінді халықтың
Қажетіне жұмсай бер,
Нүрекеңнің ләшкері!
Премьер аға, өзіңе,
Пенсиямызды берсін деп
Сәлем айтты шалдар да,
Папамыздың айлығын
Жылдамырақ берсін деп,
Сәлем айтты балдар да!

Әрдайым әсем әнге сап жүрейін,
Дау-шардан аулағырақ ақ жүрейін,
КНБ бастығымен ойнаймын деп
Мен осы бір бәлеге қап жүрмейін!

Айналайын, Сәт аға,
Ақындармен алыспай,
Атаның жолың жалғай бер,
Тәй-тәй басқан қазақтың
Мемлекетін қажымай
Жауларынан қорғай бер!

Қарсы алды өздеріңді Көкше жері,
Оқжетпес, Бурабай мен сексен көлі,
Аман бол, ел басқарған ағаларым,
Жақсылыққа бастар деп, өздеріңе
Үмітпен қарап отыр қазақ елі!

Елбасы мен басшылар ақынның өнеріне риза
болып, алғыс айтыпты.

* * *

1996 жылдың шілде айында Қазақстан президенті
Нұрсұлтан Назарбаев, Өзбекстан президенті Ислам
Каримов, Қырғызстан президенті Асқар Ақаев
Көкшетауда бас қосты. Үш президенттің алдында жыр
толғаған ақын Нұрекенді туған күнімен құттықтапты.

Нұреке, құтты болсын ер жасы — елу алты,
Өркендеп туған елмен бірге шалқы!
Сіздерге ақ тілегін қосып отыр
Бір туған қазақ, қырғыз, өзбек халқы!

Ислам аға, қош келдің
Алдыңнан шықтым әкалап,
Ордалы он сан өзбекті
Ту астына жидырдың,
Бір арнаға сидырдың,
Ұры менен қарыны
Бір жарлықпен тидырдың!
Өзбек, қазақ, қырғызға
Туыстықты күй қылдың!
Құрметті ағаң Асекең,
Ел қырғыздың басы екен
Қош келдің Көкше жеріне

Сұлу сексен көліне,
Өз еліндей жарасып
Шыға бер, аға, әрдайым,
Дархан қазақ төріне!!!

Қазақ, қырғыз, өзбегім – туған бауыр,
Бөтен бе сіздің қышлақ, біздің ауыл?!
Тұтасып, бір-біріңе пана болып,
Тұрындар, аннан-мыннан соқса дауыл,
Ұрпағым, бөлінбе деп жатқан шығар
Ташкенде Төле би мен Шайхантауыр!

Бар әлемнің алдында
Жарқырай берсін жүздерің,
Ұзағынан болсын алдында
Бұдан да жақсы кездерің,
Қол ұстасып жасай бер
Қазақ, қырғыз, өзбегім!!!

Президенттер ақынға алғыс айтыпты. Ислам Каримов ұшып тұрып, Баянғалиды құшақтап: "Тошкенге келиң!" - деп, қонаққа шақырыпты.

* * *

Қазақстанның қорғаныс министрі, Совет Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов 1995 жылы жазда зайыбымен, балаларымен Бурабайда демалғанда, Степнякқа келіпті. Меймандар моншадан шығып, дастархан басына келеді. Ашық терезеден жел соғып тұрғандықтан, Сәкең қақ төрге отырмай, ықтау жағынан отырса керек. Содан әңгіме-дүкен, мәжіліс қызған кезде, кезек Баянғалиға келіпті.

Қош келдіңіз еліме
Аты аңызға айналған
Қаһарман батыр, қолбасы,
Сағадаттай батырды
Төбесінен түссе де
Жеңе алмаған фашистің
Снаряд пен бомбасы,
Жетпістен жасы асса да
Қылшылдаған капитан
Секілді түр мен тұлғасы,
Қаһарманның балдары
Әкенің жолын жалғашы,
Айналайын ақ жеңге,
Сәкенді жақсы бақ, жеңге,
Оңай емес болу да
Қолбасының жолдасы,
Біле білсек Сағадат
Бөгенбай мен Қабанбай
Батырлардың жалғасы,
Тұғырдан таймай сардарым,
Сарбазды сапқа тұрғызып,
Қазақтың елін қорғашы!

Бар қазақ үлгі алады, жауға шапқан,
Бауыржан, Мәлік, Қасым, Сағадаттан,
Сағадат жастайынан от-жалын боп,
Бата мен алғыс алған жамағаттан,
Қара нардай қаһарман ұлым бар деп,
Қазағым, ай-әлемге жырла, мақтан,
Ұланның үміті көп, жетпісінде
Жігіттей жарқыраған азаматтан,
Сызды окопта саспаған сардар аға,
Қаштың ба Степнякта сквозняктан!-

дегенде қонақтар ду күліпті. Сәкең ақынның
жырларын ықыласпен тыңдап, "Манасты"
айтқызыпты.

– Қырғыздарға барғанда қандай киім киіп барасың?- деп сұрапты.

– Қара шапан, қара шалбар, қызыл қамзол!

– Жігітке қызыл не керек?- депті Сәкең.

– Аға-ау, сіздің лампасыңыз да қызыл емес пе?- депті ақын. Батыр күліп жіберіп, сәт-сапар тілеп, ағалық алғысын айтыпты...

Арада бірнеше ай өткен соң 1995 жылдың күзінде Сағадат Нұрмағамбетов жұмыс бабымен Көкшетауға тағы келеді. Шортанда Баянғалиды құшақтап қарсы алған батыр ақын інісін Қырғызстан сыйлығының лауреаты болуымен құттықтап, оның әзіл өлеңдерін ықыласпен тыңдайды.

Қан майданда жүргенде
Сағадат батыр капитан
Бейбіт күнді аңсаған,
Сол күнге жетпей арманда
Құрбан боп кетті қанша адам,
Көрсен де соны мойымай
Ротасын бастап "уралап"
Жеңіске батыр жол салған,
Кешіп өтіп Висланы
Қуып шығып фашисті
Самогон ішкен Польшадан!
Қас дұшпанды талқандап
Жойғанша көзін қоршаған
Сағадат батыр, генерал
Қорғаныс пен әскерін.
Тапсырып отыр ел саған!!!

Қашан да жақсы сөзді жырлағам-ды,
Біреулер оны ұнатпай сұрланады,
Манастың тойына мен аттанарда
Сөмкемді машинадан ұрлап алды.

Дәм жазса, жақсылықпен кездесерміз,
Сыйласып, өзілдесіп сөйлесерміз,
Ақынды ешкім қорғайтын түрі жоқ-ау,
Беу, Сәке, өзімді-өзім қорғау үшін,
Именной бір пистолет бермесеңіз!!!

Сонда Сағадат батыр ағамыз: "Считай, что пистолет уже в кармане! Енді Алматыға келсең, тек өзіме хабарлас!" - деп, Баянғалиды құшақтап, ағалық ақ тілегін білдірген екен.

* * *

1995 жылдың жазында Көкшетауда идеология қызметкерлерінің аймақтық жиналысы болып, оның жұмысына Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасарлары Иманғали Тасмағамбетов пен Нағашыбай Шөйкенов бастаған бір топ басшылар қатысады. Алматылық қонақтардың самоләті кешігіп келіп, жерге қона алмай, көкте біраз жүріп қалып, көкшетаулықтар қонақасыны түн ортасында береді. Біраз отырған соң кезек қонақтардың әңгімесін тыңдап, үндемей отырған Баянғалиға келеді. Сонда ақын өлеңмен қонақтарды құттықтай келіп, Иманғалиға бұрылып, былай депті:

Ассаламуғаләйкүм, Иманғали,
Көкшеге идеолог жиғанғали,
Аспаннан самоләті түспей қойып,
Бензинді бұлт ішінде құйғанғали,
Иманғали келген соң Көкшетауға
Қарсы алды өлендетіп Баянғали.

Қорқып едік, Имеке,
Бұл жиналыс Көкшеде

Болмай кетер ме екен деп,
Самолетің біржола
Қонбай кетер ме екен деп,
Иманды екен атың да,
Иманды болсын затың да,
Қызметіңіз құтты боп
Пайдасы тисін халқыңа!

Одан кейін Вице-Премьер әрі Әділет министрі
Нағашыбай Шәйкеновке бұрылып:

Ассаламуғаләйкүм, Нағашыбай,
Еңбегің сіңе берсін алашыңа-ай,
Тұрасың экраннан закон соғып,
Қоясың шалдармен де таласып-ай,
Қайтесің сол шалдармен көп таласып,
Жүрсеңші алашыңмен жарасып-ай!-

деген екен. Содан кейін сол жерде көрген, естіген
жағдайларды әзіл өлеңге айналдырып, жырлап келіп,
Жастар ісі, туризм және спорт министрі Бірғаным
Әйтимоваға:

Айналайын, Бірғаным,
Арналсын сізге жырларым,
Спортсмен министр
Келген кезде қарашы,
Менің дағы рекордсмен
Болғым келіп тұрғанын,
Жастарына қазақтың
Таныта бер әлемнің
Ойы менен қырларын,
Спорттың сансыз сырларын,
Еліңе еңбек етуден
Қажымағын, тынбағын,
Тоқталайын осымен,

Әйтпесе, менің байқаймын
Бірғанымды келіп тұр
Күндіз-түні жырлағым!-

депті әзілдеп. Президент аппаратының жауапты
қызметкері Оралбай Әбдікәрімовке арнап:

Айтайын жақсы тілекті,
Орекендей ағаға,
Қолындағы билігін
Жұмсасын ізгі шараға,
Пана болсын Орекен,
Мына қиын заманда
Қысылып тұрған далаға,
Жүдеген ата-анаға,
Қамқор болсын балаға,
Ізгілік құйсын санаға,
Айтпасақ оны бола ма?
Өкпелеп қалса аппарат
Үкімет қалар далада!-

деген екен. Ақынның өнеріне риза болған
басшылар қол соғып, алғыс айтыпты.

* * *

Ғафу Қайырбеков ағамыз Бәдеш жеңгемізбен
жылда Көкшетауға келіп демалады екен. Бір жолы
сәлем бере барғанында Баянғали ақын ағасына:

Жырлары ұялаған ел ішіне,
Көз жетпес құлашы мен өрісіне,
Әзілдеп айтып кеткен әрбір сөзі
Айналған кең даланың кенішіне,
Сәлем бердік Оқжетпес — Олимптегі
Ойлы өлең, өткір сөздің Зевсіне!!!- деген екен.

1987 жылы анасы Бәтима қатты ауырып, Баянғали амалсыз Алматыдан ауылға көшетін болыпты. Анасына қарау керек, ертең бір жағдай болып кетсе, жалғыз қалған әкенің халі не болмақ? Астанадан аттанарда барлық ақын жазушы ағалары, жолдастары жылы сөздерін айтып, қимай-қимай шығарып салыпты. Өзі қызмет істейтін "Жұлдыз" журналының коллективі жақсы тілектерің білдіріп, естелік сыйлапты. Жолдастарының атынан Серік Тұрғынбеков өлең жазыпты.

Жүректің табар дауасын,
Табиғат деген ең шебер,
Туған жер жұпар ауасын
Жұтып бір қайтқың келсе егер.

Жол болсын дейміз Баянжан
Жырларың жатсын жосылып,
Даусыңнан сенің оянған
Қазақ пен қырғыз қосылып.

Қызметке адам қонақ қой,
Көңілің көлдей, мәрт жаның,
Қырғызға кетпей, жөн-ақ қой,
Көкшеге қарай тартқаның!

Емессің көңіл қалдырған,
Жеріндей туған дархансың,
Сексен көл сенің алдыңнан
Сексен қыз болып қарсы алсын.

Көкшенің биік күздары,
Сол күздай біз де қайсармыз,
Сағынған кезде біз дағы,
Көкшеге барып қайтармыз.

Тілектес іні, жақсы аға,
Жемісін жырдың терерсің,
Сағынтқан кезде астана,
Өзің де жетіп келерсің!!!

Ақын ағасы Ғафу Қайырбеков "Жұлдыздың"
атынан, бүкіл ақын-жазушылардың, Алматының
атынан арнаған өлеңін оқып беріпті:

Баян – сапар
(Інім Б.Әлімжановқа)

"Жұлдыздың" кенжетайы, сүйкімдісі,
Мың күнге азық болған бір күнгі ісі,
Жан-жағын дауылдатқан, дабыл қаққан
Келгенде қыранға ұқсап сілкінгісі,

Шабыттың шын перзенті, қол баласы,
Ежелгі жүйріктердің олжаласы.
Қызметке туған жерге шектің сапар,
Қолдасын жолдың пірі, жол данасы!

Көзінде жарқыраған болашағың,
Алдыңда болар шағың, толар шағың,
Қалықта аспан, жердің арасында,
Тұрмыста саз кешпесін толарсағың.

Рахмет "Жұлдызға" еткен еңбегіңе,
Жұлдыздай шыға бер сен ел көгіне,

Оранып мауқынды бас, бала қыран,
Көк майса Көкшетаудың жөргегіне!

Даланың данышпаны, ол да ағасы,
Қазақтың ортасында мол бағасы,
Көкшеге қанат болып алып ұшсын
"Жұлдыздың" жырмен жазған жолдамасы.

Әрине, сендей жанды көз қия ма,
Ұқсаған бойы биік боз қияға,
Махаббат, шапағатты қатар жинап,
Қайтарсың аман-есен өз ұяңа!

Ғафекеңнің жырына жұрт риза болып, дүрілдеп, алғыс айтыпты. "Ғафеке, мынандай өлең шығарсаңыз, біз де ауылға көшіп кетер едік," - деп әзілдепті бір жігіттер. Сонда Баянғалиды қолтықтап кетіп бара жатқан Ғафекең: "Айналып кетейін Баяшка, сен менің балам сияқтысың ғой, сені Бақытымнан кем көрмеймін ғой! Өлең деген жүректен туады, әйтпесе әне біреулер көшіп жатса, мұндай өлең қайда!" - деген екен.

Кейін Ғафекең бұл өлеңін "Шұбалаң" атты кітабына енгізіпті.

* * *

Баянғали Алматыда қызмет істеп жүргенде Москвада оқитын Монғол елінің жазушылары Жағдалын Лхагва, Гунсен екеуін халық шаруашылығы жетістігінің көрмесіне қыдыртып апарады. Сонда сарық қойлардың беттері бері қарап түскен суретін көріп, екі қонақтың бірі:

— Почему так снимали? Где курдюк? - деп сұрайды. Оның қазақтың құйрықты қойларын іздеп тұрғанын түсінген Баянғали:

– Наши овцы цивилизованные, гостям не показывают свой зад!- деген екен.

* * *

Бір күні Шерхан Мұртаза, Нәбиден Әбутәлиев екеуі келе жатып, Баянғалимен кездеседі. Сонда Баянғали інісін "Палуан" деп еркелететін Шерхан:

– Әй, палуан, осы сен жұрттың бәрін сабап жүрсің ғой, мына Нәбиденді сабап берші,- дейді.

Оның сөзіне наразылық білдірген Нәбиден: "Неге мені сабайды, ол менің інім, мен оның атасы Сегіз серіні жазғам"- деп, өзіне тартады. Баянғали екі ағасының алдында тұрып: "Қалай сабаймын, Шераға?"- дейді.

Сонда Шерхан:

– Мынаны сабау керек. Бұл "СК"-да местком болған. Сонда: "СК"-да не көп, салық көп"- деп отыратын. Бір жолы картоп әкеліп беремін деп елдің ақшасын, қабын жинап алып, соңынан бәрі жайымен қалған. Сосын қабырға газетіне өлең шығарғанбыз.

Жылу жинап әр үйден
Кетіп едің Нәбиден,
Картоп та жоқ, қап та жоқ
Атаңа нәлет Нәбиден!

Мұны сол үшін сабау керек!

Содан "Нәбиден құрдасымды саба" деп, тағы бір кездескенде айтады. Үшінші жолы топтың көзінше Шерхан Мұртаза Баянғалиға әзілдеп:

– Әй, палуан, сен менің бір тапсырмамды орындамадың ғой. Анау Нәбиденді бір сабап бер дедім, сабамай жүрсің. Бір бабында жүргенде қолыңа түсіп қалса, сүйкеп жіберсейші,- деп, тағы айтады.

Сонда Баянғали:

– Шераға, үш айттыңыз ғой, егер официальный жағын мойныңызға алсаңыз, мен сізге Нәбиден түгілі, Ғабиденді сабап берейін!- деген екен.

* * *

Жазушылар Одағы үйінің астыңғы қабатындағы "Қаламгер" дәмханасында әдебиет сыншысы, марқұм Төлеген Токбергенов Баянғалимен кездеседі. Ол кезде Баянғалидың "Жұлдыз" журналына жұмысқа жаңа тұрған уақыты екен. Сонда Төлеген қарлығып шығатын дауысымен Баянғалиға: "Әй, "Жұлдызға" келдің... "Жұлдызға" келдің... Енді артыңды қысып жүр,"- депті, иығынан жұдырығымен қойғылап тұрып.

Баянғали ағасына қарап: "Ойбай, Төке-ау, жерде қыспаған артты жұлдызға шыққасын қысқан ұят емес пе?"- деген екен.

* * *

Қырымбет ауылында ақын Шәкен Отызбаевтың 100 жылдық тойы болғанда аудандық тұтынушылар одағы, шаруашылық басшылары (бәрі орыс екен) тік түрегеп қызмет жасап, қонақтарға құрмет көрсетеді. Сөздің бір орайы келгенде Баянғали:

Рахмет, той жасаған қарауылға,
Қарауыл үлгі болсын бар ауылға,
Қарауыл атасына той жасап еді,
Сары ауыл тұрған жоқ па караулда!- деген екен.

* * *

1998 жылдың шілде айында Біріккен Араб Эмираттарынан шейх Наиф Мұхаммед Көкшетауға келеді. Алыстан келген құрметті меймандарды Бурабайда, Абылайхан алаңында ата дәстүріне сай

өлең-жырмен қарсы алған Баянғали араб-қазақ достығы, мұсылман елдерінің ынтымағы жайында толғайды.

Сыйынып жаратушы бір құдайға,
Хош келдің теңдесі жоқ Бурабайға,
Жерінен пайғамбардың сәлем әкеп,
Рахмет, құрмет қылсаң Абылайға!
Жолына тосқауыл боп ұшынғанның,
Дұрыс қой, достық қолды ұсынғаның,
Сыйласып, ынтымақпен өсе берсін,
Баласы ғаламдағы мұсылманның!

Ақынның бұдан да басқа әзілдеп айтқан біраз өлеңдерін экология министрі Серікбек Дәукеев мәртебелі мейманға ағылшын тілінде аударып беріпті. Аттанарда ақынға ризашылық білдіріп, "Шүкрән!" ("Рахмет!") деп қолын алған шейх бір мың швейцар франкін сыйлаған екен.

* * *

1995 жылы Еңбекшілдер ауданының тарихында тұңғыш мешіт ашылып, оған Ғабдісәләм қажының (халық Әбсәләм қажы дейді) есімі берілді. Дұға оқылып, жиын тараған соң, дастархан басында өлең айтқан Баянғали мешіт ашуға ұйтқы болған азаматтарға ризашылық білдіре келіп, Шортан қаласының әкімі Владимир Боргульге былай депті:

Рахмет, болса дағы діні басқа,
Мешітке келген Боргуль дәу құрдасқа,
Мұса, Кәшән, Мұқашқа алып барып,
Піштіртсек — болар еді нағыз қасқа!

Осы жиында "Васильковка тау-кен байыту комбинаты" Ашық акционерлік қоғамының президенті, Әбсәләм қажының немересі Хасен жаңа мешітке кілем сыйлаған екен. Баянғали ол кісіге:

Президент Қасекеңмен бір елденбіз,
Киелі Біржан жатқан бір жерденбіз,
Жол басы, өмір басы — Бұлақ басы
Ауылының кемпір-шалын бір көргенбіз,
Бұлақтың бал суынан қанып ішіп,
Доп қуып, қыр астында жүгіргенбіз,
Қиялмен көкте жүзіп, жұлдыз санап,
Жан-жаққа арман қуып жөнелгенбіз!
Қасеке, хақтың жолын тұтынғайсыз,
Ізгі болсаң өмірде ұтылмайсыз,
Әбсәләм қажы атаңның мешітінен,
Бірақ та бір кілеммен құтылмайсыз!
Жаяу жүр өңшең молда шалдарыңыз,
Жағдайын олардың да аңғарыңыз,
Шамалап, Васильковтың бар алтынын
Жолына ізгіліктің аударыңыз!- депті.

Ақын інісінің сөзіне риза болған Қасекең: "Реті келгенде, болады, болады!"- деген екен.

* * *

Металлургтер күнінде (Теміртау, шілде, 1992 ж.) бір киіз үйде Баянғали Айман Мұсақожаевамен жүздеседі. Дастархан басында: "Ақын неге үндемейді?"- депті әйгілі скрипкашы. Сонда Баянғали:

Кім десем мына сұлу — Айман екен,
Әлемге қазақ атын жайған екен,
Дүниені көркейтіп күйіменен

Күлімдеген қыз жайлы ойға кетем,
Әні мен сәні ғажап үйлескен жан
Күннен бе екен, жоқ әлде айдан ба екен?!
Айманымды әйбәттәп барады деп
Жанындағы жолдасы қызғанып қап,

Сорымыз Теміртауда қайнар ма екен?!- деп
өзілдеп, отырған меймандарға біраз өлең шығарыпты.
Қоштасарда Айман Баянғалиға алғыс айтып,
ризашылық сезімін білдірген екен.

* * *

Бір жолы Баянғали Степнякта нағашы апасы
Бақыттың үйінде бір топ дәрігерлермен қонақта
болыпты. Жездесі Қайыргелді Қиықов – тіс дәрігері.
Қонақтар ет жеп болғасын, қалжыңдасып, кең
отырады. Әйелдер жағы: "Стоматологтың үйіне келген
соң ба, тісімізді тазалағымыз кеп барады," - депті.

Кейін өлең айтқанда Баянғали:

Емес бұл құр жиналып ет жегендік,
Ойласаң – ата жолын ескергендік,
Қазақтың дастарханы болмаса егер,
Алыстап ағайыннан кетер ме едік?
Үйіне стоматологтың келгеннен соң
Шұқылап тісімізді еркеледік,
Стоматолог болғаныңа шүкіршілік,
Гинеколог болғанда нетер едік!- деген екен.

* * *

1997 жылы Степнякта Біржан салдың қайтыс
болғанына 100 жыл толуына орай жиналыс болыпты.
Оған басшылар мен бірге сенатор Қайролла

Ескендіров қатысып, сөз сөйлеп, жұртты өзіне дауыс беруге шақырыпты. Халыққа қызмет қылатынын, өмір бойы адал еңбек еткенін, дача, машина жинамақ түгілі, велосипед те алмағанын айтыпты. Содан сөз кезегі Баянғалиға келгенде, жұртшылық өлең айтуын өтініпті. Ақын біраз толғап келіп, былай деген екен:

Біржансыз әннің оты жағылмайды,
Ақансыз сөз арнасы табылмайды,
Көкшенің ел мен жері аман болса,
Дарынды талай жастар жалындайды,
Көкшетау облысын жауып тынды-ау,
Ұмытып Кенесары, Абылайды,
Ағалар Көкшетауды жауып тастап,
Ұялмай Бурабайда дамылдайды,
Облыстық әкімшілік таратылып
Бытырап бастықтары қашқанымен
Тұрғанда Ақан, Біржан асқақ әні
Көкшетау ешқашан да жабылмайды!!!

(Бұл сөзін Баянғали айтыстарда, республика мен облыс сахналарында бірнеше мәрте қайталап айтып жүріпті). Содан ел жайын жырлап келіп, сенаторға ауысады:

Сайлауға ертең халық барып тұрсын,
Қағазын Қайрекеңе салып тұрсын,
Сенатор парламентте ел жағдайын
Айтқанда жалтақтамай ағып тұрсын,
Әйтеуір адал жігіт көрінеді,
Артында сүйеу болып халық тұрсын,
Әйтпесе велосипед ала алмаған
Қайрекең бізді қайдан қарық қылсын!

Баянғали елге келгелі айтыстарға, жиындарға жаяулап-жалпылап, жол-жөнекей кездескен көлікпен баратын. Ақынға бір машина беру керектігі туралы ел ішінде көп әңгіме болады. Осы сөз аудан басшылары арасында да болған екен. 1992 жылы шілде айында Кенесары-Наурызбай тойынан келе жатып аудан басшылары Жөкей ауылының іргесіндегі "Кирзуха" деп аталып кеткен тасты жерге тоқтайды. Сол жерде аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Василий Грохвадатский ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Қайрат Жұмабековке: "Ақшасын тауып берсеңіз, бір жұмада Омбыдан жапонның шағын автобусын әкеп беремін"- дейді. Қайрекең "ақша болады",- дейді. Сол "боладыдан" кейін бір жұма емес, бірнеше ай өтеді — жоқ.

Сол жылы күзде аудан активі ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні бас қосып, сөз кезегі келгенде Баянғали жерлестерін құттықтай келіп:

Ас беріп Кенесары-Наурызбайға,
 Ұрандап, Абылайлап халық тұрған,
 Қайтарда біздің елдің басшылары
 Басына "Кирзуханың" барып тұрған,
 Біз сені алақанға саламыз деп
 Арқамнан Қызыр ағам қағып тұрған,
 Ляпота райсоветің хан Кене үшін
 Жүз грамм тас үстінде алып тұрған,
 Мына орыс құлап кетсе сөз болат деп
 Сансызбай әр қимылын бағып тұрған,
 Машина бір жұмада болады деп
 Қайрат пен Василиің қарық қылған,
 Жыл өтті жұма түгілі, машина жоқ,
 Екеуі суайт екен барып тұрған!- деген екен.

Содан аудан әкімі Қызыр Жұмабаев Баймырза шаруашылығының басшысы Есімбек Махметов, ауылдың әкімі Амандық Ахметов, атақты бригадир Қазыбек Смағұловтың демеушілігімен 1993 жылы ақынға қызмет машинасы — жаңа "Жигули" алып беріпті.

* * *

Ақтөбеде өткен Абайдың 150 жылдығына арналған айтысқа (1994 ж.) облыс әкімі Пачин келмеді. Соған орай Баянғали былай деген екен:

Ертіп алып қасына,
Жеті-сегіз далбайын,
Кеп тұратын айтысқа
Онды-ақ еді Шалбайым*!

* * *

Бішкекте, "Ақтаңдай-93" айтысында қырғыз ақынымен айтысып отырып, Баянғали сөздің бір реті келгенде былай деген екен:

Қазақ пенен қырғызды,
Жеңе алмаған жаулары
Мылтық, қару-жарақпен,
Түбімізге жетпесін
Жүң-жүн, виски, арақпен!

* * *

Жазушы Рақымжан Отарбаев Бішкектегі казак елшілігінде атташе болып қызмет істеп жүргенде Манастың мың жылдық тойына барған Баянғали досына былай деп өзілдепті:

* Шалбай Құлмаханов — Ақтөбе облысының бұрынғы әкімі.

Рақымжандар – біртуар,
Бітеді ондай ұл кімге?!
Қошқарбаев от кеше,
Берлинді алса бір кезде,
Отарбаев – атташе,
Бішкекті алды бұл күнде!

* * *

Баянғали бір топ кісімен ағасы Мейрамның үйінің алдында тұрса, бір-екі орыс келіп: "Где улица Аймаутова? Целый день ищу, не могу найти," - депті ренжіп. Сонда Баянғали: "Аймаутов – репрессированный великий казахский писатель. Шестьдесят лет предавали его имя забвению, теперь можно шесть часов поискать его улицу!" - деген екен.

* * *

Еңбекшілдер ауданының әкімінің орынбасары Владислав Станиславович Бочковскийге бір күні Баянғали кіріп келіп: "Керейско-польская дружба под угрозой! Ее надо срочно укрепить!" - депті. "Что случилось?" - депті шошып кеткен Бочковский. "30 литров бензин надо," - депті ақын. Бензиннің әр тамшысын санап отырған қиын уақыт болса да, бұл жолы Бочковский қуана-қуана берген екен.

* * *

1984 жылдан бері айтысқа қатысып келе жатқан Баянғали тек қана 1991 жылы, елу сегізінші рет айтысқанда (Зайсанда) тұңғыш рет ат мініпті. Сонда:

Болған соң басымда ми, жүрегімде от,
Әр қашан толғанамын ұлы елім деп,
Ұлы елім маған міне ат мінгізді,
Қашанғы Баян жаяу жүреді деп!
Ләззаты қандайлығын сүйрелгеннің
Білмеймін, өйткені өзім сүйрелмедім,
Құрметтеп, ат мінгізіп жатырсындар,
Негізі жаяу жүріп үйренгенмін!- депті.

* * *

Степняк қаласында өткен ақындармен кездесуде бүгінгі табиғат жөнінде жырлаңыздар деген жұртшылықтың тілегіне орай Баянғали былай деген екен: (аудандық "Ауыл өмірі" газетінен, 30 қыркүйек, 1992 ж.)

Бүгінде Жөкей көлі лайланды,
Аруағы Ақан, Біржан былай қалды,
Түбінде келер ұрпақ, ағайындар,
Біздерден көлдің құнын сұрайды әлі!

Бұл сөзді көрініп тұр ұнатқаның,
Жөкейдің аршу керек бұлақтарын,
Жөкейді тап-таза қып алу үшін,
Талайдың ашу керек құлақтарын,
Лайлаған осы көлді бастықтарды
Жөкейдің лай суына малып-малып,
Шіркін-ай, алар ма еді бұрап бәрін!

* * *

Бір жолы Баянғалиға сатирик ақын Көпен Әмірбековтың немере туысы әрі құрдасы, фототілші Берсінбек Сәрсенов: "Көпенді сабап берсең, бір коньяк қоямын", - депті.

Баянғали: "Көпен екі коньяк қойса қайтем?" - деген екен.

* * *

Баянғалидың көршісі Молдабай Қорғанға сауда қыла барыпты. Ол кісінің гаражында бір ауылдасының "Волгасы" тұрады екен. Поездға Баянғали "Жигулимен" шығарып салып тұрып: "Қайтарда хабарласыңыз, өзім қарсы аламын," -депті. Молдекеңнің саудасы онша мөз болмай, қайтарда хабарласпай, бір күні кешке жаяу-жалпылап жетіпті. Қылған саудасының ең дөкейі — Баянғалидың әкесіне бір пар жаңа галош алыпты. Сонда Баянғали:

Жүрем десе қашан да жолға дайын,
Мінем десе "Жигули", "Волга" дайын,
Қорғаннан екі кәләш қолына ұстап,
Кешкісін жаяу кепті Молдабайым!- депті.

* * *

"Кеңашының" газовигі болып істейтін Молдабай мұрынды кісі екен. Біраз уақыт өткен соң Омбыға газ әкелуге барып, шаруасын жартылай бітіріп, оны-мұны алуға ақшасы болмай, жүдеңкіреп келсе керек. Сонда Баянғали ағасына:

Қорғаннан келдің қомпиып,
Омбыдан келдің омпиып,
Қоңқиып аға, жүре бер
Сатулы мына заманда
Қалмасаң болды шонтиып!- деген екен.

Аудандық "Қазақ тілі" қоғамының Болат Бекенов бастаған қызметкерлері бір жағы творчестволық кеш өткізу, бір жағы "Қазақ тілі" қоғамына қаржы жинау мақсатымен ХХІІІ партсъезд атындағы совхоз орталығы Баймырзаға Баянғалиды алып барады. Біраз әңгіме, өлең айтылып, кеш аяқтала бергенде, ақын былай депті:

Ағайын, ажарынды көріп тұрмыз,
 Бар ғой деп азаматтар сеніп тұрмыз,
 "Қазақ тілі" қоғамына ақша сұрап,
 Алдына төрт қайыршы келіп тұрмыз!
 Ағамыз Болат деген басқайыршы,
 Қасында Төлеу деген жас қайыршы,
 Бүгінгі "Қазақ тілі" қоғамдары
 Өмірі тоймайтұғын аш қайыршы,
 Көп шаруа болмай тұр ғой ойдағыдай,
 Жүрміз-ау жол іздеумен толғанып-ай,
 "Қазақ тілі" қоғамдарын өз жерінде
 Дариға-ай, қайыршы ғып қойғанын-ай!

Бұл сөзге әрі күліп, әрі күрсінген совхоз директоры Есімбек Махметов, селолық совет төрағасы Амандық Ахметов, бас зоотехник Кеңес Мұқатов ақылдасып келіп, "Қазақ тілі" қоғамына бес мың сом ақша аударыпты. Сонда Баянғали:

Совхоздың директоры Махметов,
 Селсебет төрағасы Ахметов,
 Аудандық "Қазақ тілі" қоғамына
 Аударды бес мың теңге рақым етіп!- деген екен.

* * *

"Жұлдыз" журналына Баянғалидың "Қиқыматтың қиссасы" атты повесі шыққанда журналист Кәрібай Мұсырманов ақынның үйіне телефон соғып, құттықтапты. Ол кезде Баянғали "Көкшетау правдасы" газетінің меншікті тілшісі, ал Кәрібай газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болса керек. Тағы да жұмыс бабымен мазалап, мақала сұрайды-ау деген інісінің жүрек жарды жылы сөздеріне разы боп кеткен ақын:

Айналдым, Кәрібайым Мұсырманов,
Бұл дағы достық қолды ұсынғандық,
Келгелі Көкшетауға Алматыдан
Көрдім-ау сенен тұңғыш мұсылмандық!-
деген екен.

* * *

Баянғали Алматыда тұрған кезінде жоғарғы партия мектебінде оқып жатқан курстасы Болат Дәулетовке қонаққа барады. Ойнап-күліп отырғанда бір жартыны бітіріп, Болат екіншісін қояды дастарханға. Босаған шыныны әкете бергенінде Баянғали оны сәл бөгеп, былай деген екен:

Алдыма келіп қапты қос бөтелке
Бірі толық, ал бірі бос бөтелке,
Барынды сығып алдық ішіндегі
Ал, енді, айналайын, қош бөтелке,
Артыңнан мынаны да жібереміз
Ұзап кетпей, ән жерде тос бөтелке!

Ақынның әзіліне риза болған жігіттер қос бөтелкеге бес бөтелке қосып, әбден тойлаған екен.

* * *

Бір жылы Баянғали көп бейнет көріп жүріп, әрең-әрең "Кітап жаршысы" газетіне жұмысқа тұрғанда досы Шахи марқұм (Шәймерден Дәуренов): "Бұл күнде біреу – малшы, біреу – жаршы..." деген екен.

* * *

Баянғалидың досы Шахи (Шәймерден Дәуренов) Жамбыл облысы, Жамбыл аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып істеп жүрген кезінде, (сексенінші жылдар, партияның күшті кезі) бірінші хатшы болып бір орыс азаматы келеді. Жаңа хатшы аппаратын жинап, танысып отырып: "В партийной работе я пока плаваю, у меня нет опыта, я пришел учиться у вас!"- депті. Сонда Шахи жұлып алғандай: "Партийная работа не плавательный бассейн, это вы должны нас учить!"- деген екен.

* * *

Қалиасқар Әйткенов "Кеңашыға" директор болып келгенде Мамау Әубәкіров ақсақалдың үйінде Баянғалимен бірге қонақта болыпты. Ақын директорды құттықтап, былай деген екен:

Қалиасқар шыныменен асқар ма екен,
Ауылды бір биікке бастар ма екен,
Тері де, жері де ащы Кеңашыны
Құлатып біржолата тастар ма екен?!

* * *

Арықбалық ауданында Жұмағали Саинның 80 жылдығы болады. Ауатком төрағасы М.Шәйкенов ұзын бойлы, ірі денелі адам болса керек.

Бұл аудан кәдімгі Арықбалық екен,
Қонақжай, өзі еңбекқор халық екен,
Ауданы арық балық болғанымен
Бастығы кит секілді алып екен!- депті Баянғали.

* * *

Еңбекшілдер ауданы әкімінің орынбасары Сансызбай Балтабеков Баянғалимен әзілдесе береді екен. Бір күні бір тойда Баянғалиға:

— Өңшең ішкендердің ішінде отырып, миың ашып кеткен шығар?- депті.

— Бастықтың масы не, сауы не, бәрібір миды ашытады ғой!- депті ақын.

* * *

— Самайды аққа берейін дегенсің бе?- депті бір күні әкімнің орынбасары Сансызбай Балтабеков. Өзі елуге келсе де, шашында бір тал ақ жоқ екен.

— Біз ептеп мимен жұмыс істейміз ғой,- деген екен Баянғали.

* * *

Бір топ жас ақын-жазушылар Оспанхан Әубәкіровтың үйіне барыпты. Ол бір Осекеңнің арақты қойып жүрген кезі екен. Жастарды жаны қалмай қарсы алып, колбаса турап жатқан Осекеңе Баянғали:

— Осаға, винзаводты қойып, колбасный цехқа ауысқансыз ба?- деген екен.

* * *

Бір жолы бастықтардың бірі Баянғалиға: "Сен бірінші орынға ат мініп, кілем алып жүрсің, баитын болдың ғой!"- депті. Сонда Баянғали: "Үкіметті

жегендей болмайды екен,"- депті. Тағы бір бастық: "Осы сен бір жерге барасың да , бір-екі ауыз өлең айтып, ат мініп, дүние алып келесің. Елден алып жатсың, алып жатсың..."-депті Баянғалиға. "Иә, аға, екеуміз де халықтан аламыз. Бірақ мен жырлап аламын, сіз ұрлап аласыз!"- депті сонда ақын.

* * *

Осы заманның Балуан Шолағы, жылқышы Өзаман Исатаев туралы деректі фильмге материал жинауға Жаңарқаға барғанда, Баянғали Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда механизатор, спорт шебері Фазиздің үйінде өңкей балуандармен бірге қонақта болады. Ойнап-күліп, қонақтардың әрқайсына өлең шығарып отырады. Біраздан соң сыртқа шықпақ болып, аяқ киімінің бауын байлап жатқан ақынға үй иесінің зайыбы: "Қайным-ау, жұрттың бәріне суырып шығарып жатырсың, бізге де суырып шығармайсың ба?"- депті әзілдеп. Сонда Баянғали:

Суырып салуға мен ойланбағам,
Өкпелеп қалмас па екен қайран ағам,
Суыр-суыр дейсің де еш қоймайсың,
Жеңеше-ау, суырғанда қайда салам?- деген екен.

* * *

Баянғалидың машинасына байғазы деп құдасы Қаскей коньяк сыйлап, етженді, мол денелі Сапура құдағиы ром берген екен. Оның күйеуі, шағын денелі Қазез құдасы осыларды ішіп жуайық депті. Оған Баянғали:

Құдағи ром беріп ед лайық көріп,
Қалмасын бұл сөзімді айып көріп,
Қазеке, осы ромды неғыласыз
Қызылсары құдағи ром емес пе,
Сора бер болпылдатып, кәйіп болып,
Құдағи ұйқысырап аунап кетсе
Бір күні кете көрме майып болып!
Ал, құда, таласуың жөн бола ма,
Сапура ана болған он балаға,
Сары алтындай он бала тауып берген
Сапурадан артық сізге ром бола ма?- деген екен.

* * *

Баянғали бір жарым жылдай шопырлық правосыз жүріп, оны алу үшін Шортан қаласына барады. Куәлік беретін Қосымбай Әутәліпов: "Ертең келіңіз,"- дейді. Сонда Баянғали қабырғада ілулі тұрған схема суреттерді көрсетіп:

Қосағамыз дегенде Қосағамыз,
Өзіңді қашан келсең қош аламыз,
Жаман ГАИ жолықса тырқиямыз,
Жақсы ГАИ жолықса бес аламыз.
Мына жер оңға қарай бұратын жер,
Мына жер солға қарай бұратын жер,
Қай жаққа бұрарыңды білмей тұрсаң
Артыңа ГАИ таяқ тығатын жер,
Сол жерден есі шыққан ақындарды
Жақсылар сүйеп алып шығатын жер!- деген
екен. Ақынның сөзіне риза болған майор
куәлігін жазып беріпті.

* * *

Сәуле ауылында өткен бір кездесуде Баянғали былай деген екен:

Ауыл бар біздің елде Сәуле деген,
Толған күй, толған аңыз, толған олең,
Басқалар бір әншіге зар боп жүрсе
Сәуленің шөбіне де қонған өлең!

* * *

Бір күні Баянғалидың машинасына мінген бір тәжірибелі шопырлар: "Мынадай бұрылыста қайтесің? Мынадай қиылыста мына жағыңнан машиналар келіп қалса қайтесің? Қай жерде кім бірінші өтуі керек?" - деп сұрай беріпті. Сонда Баянғали: "Мен өзі кішіпейіл адаммын, ешкіммен таласпай, тоқтаймын да, бәрін өткізіп жіберемін. Олар кеткесін жол өзіме қалады ғой!- деген екен.

* * *

1992 жылы Краснофлот селосының тұрғындарымен кездесу өткізуге бардық. Қасымызда Болат Бекенов ағамыз бар, Баянғали үшеуміз* шаруашылық директоры Байқаш Төлебаевтың кабинетіне кіріп келсек, қарсы алдымызда Лениннің кісі бойындай портреті қабырғаға сүйеулі тұр екен. Байқаш ағамыз (өзі де қасқа бас) ілулі тұрған портреттің өз-өзінен құлап түскенін айтты. Кездесуде мұның бәрі өлеңге айналды:

* Ақынның өңгімелерін жазып алған журналист Төлеу Дүйсенбаев.

Алдында ағайынның өлеңдетем,
Сөзімді желпілдетем, тереңдетем,
Бағана келген кезде қарсы алдымнан
Жарқырап бір қасқабас шыға келді
Байқаш ағам екен десем Ленин екен!
Байкең Теміртаспен қос қасқабас,
Жөкей-дөкей дегенің үш қасқабас,
Шәужан мен Бекеновты бұған қоссаң
Болмай ма осыменен бес қасқабас.
Ескіrmес ежелгінің елесіндей
Сөзіме туған елім сенбесін бе, ей,
Осында Краснофлотка келе қалсаң,
Қаптаған қасқабастың көрмесіндей!
Сөзімді ағайындар ұғар деймін,
Көңілін шындық сөзге бұрар деймін,
Ілініп қабырғаға Ленин атам,
Тұрудан да шаршаған шығар деймін.
Ағайын, түзу жолға оралайық
Жабыса берсек оған болар айып,
Мазалай бермеңіздер Ленинді де
Оны да пенсияға шығарайық,
Кісіге табынуды бекер деймін,
Табынсаң қасиетің кетер деймін,
Ленинді мазалама, Краснофлотта
Онсыз да қасқабастар жетер деймін!

Тағы да біраз өлеңдер айта келіп, совхоздың
бұрынғы парторгы, мектеп пен институтты орысша
бітірген Ермек Ысқақовқа қарата былай деді:

Ермекті мен ініме балап келгем,
Ауылдас, жақын туыс санап келгем,
Әкесі Зейнолла ағам, қайран ұстаз,
Біздерге қазақ тілінен сабақ берген,
Сөйлейміз әр нәрсені салыстырып,

Халқыма жақсыларды таныстырып,
Қазақша сөйлей бастап Ермек тағы
Жатыр ғой әке жолын жалғастырып,
Жатса да талай-талай пікір шығып,
Шегінуге айналды күпіршілік,
Орысша өсіп-өнген парторгтар
Қайтадан қазақ болса, шүкіршілік!

* * *

Баянғалидың досы Рақымжан Отарбаев Атырауға барарында: "Мен саған уылдырық әкеп берем!" - депті. Содан Алматыға біраз кешігіп оралады. Сөйтсе, уылдырығымен милиция ұстап, әрең құтылған екен. Сонда Баянғали:

Досыңа әкелем деп уылдырық,
Кие жаздап қалдың-ау тұмылдырық!-
деген екен.

* * *

1984 жылы жазушы Кемел Тоқаев алпыс жасқа толуына байланысты Баянғали екеуі Маңғыстауға барады. Бір ауылда Кемелге қол сағат сыйлайды. Кешке дастархан басында Кемекең әлгі қол сағатты Баянғалиға байлайды. Сонда ақын:

Кемеке, алпысқа кеп болдың ата,
Ініңе жұрт алдында бердің бата
Ерекше тақырыпқа еркін бардың
Қазақты құпиямен шырындата,
Еселі еңбегіңе ел риза,
Прокурор, милиция және ЧеКА,
Өленді соза беріп неғыламын
Қол сағатқа осы да жетер пока!- деген екен.

Еңбекшілдер ауданының "Кеңашы" ауылының әкімшілігі Монғолиядан көшіп келген ағайындарға ерулік береді. Шаруашылық басшысы Қалиасқар Әйткенов әр отбасына бір құнажын, бес қой беретінін айтады. Жиын соңында жұртшылық Баянғалидан өлең айтуын өтінеді. Сонда ақын алыстан толғай келіп, сөз соңында былай деген екен:

Қалеке, бұл сөзіңіз нақты ма екен,
Туыстың құлағына жақты ма екен?!
Құнажын берем дейсіз ағайынға
Соларың биыл дұрыс қашты ма екен?!
Туысқа қамқор болдың жөн білгесін
Қалайша жөн білгенді ел білмесін,
Қашар сиыр қай уақта бұзаулайт деп
Артына құнажынның телмірмесін.
Сөзімнің мен барайын қысқасына
Туысты шындап жақын тұтасың ба?
Құнажын берер болсаң ағайынға
Үстіне қосып берсейші бұқасын да!

Ақынның бұл сөзіне отырғандар риза болады, Қалиасқар Әйткенұлы: "дұрыс, қашқан мал берем," - деп уәдесін береді. Айтқанындай, он үйдің де құнажындары бұзаулап, ауыздары аққа тиген екен.

Көкшетау қаласында "Темірқазық" жастар орталығының ұйымдастыруымен өткен Абылай ханның 280 жылдығына арналған айтыста қазылар алқасына хат түседі. "Баянғали қып-қызыл мас, оны сендер неге сахнаға шығарасындар?" - деп біреулер жала жауыпты. Осыны естіген Баянғали сахнаға шыққан соң, өлеңін былай бастаған екен:

Арақты мен бір кезде алып ішкем,
Қиялмен әр нәрсеге барып ішкем,
Әлгіндей елін сатқыш жазғыштарды
Дап-дайын закускасы болсыншы деп
Ішіне стақанның салып ішкем.
Арақты достарыммен күліп ішкем,
Мәнісін әр нәрсенің біліп ішкем,
Әлгіндей елін сатқыш жазғыштарды
Өкіртіп, дірілдетіп ұрып ішкем.
Болғанмен кемшілігі зор басымның
Әрдайым адалдардың жолдасымын,
Арақ пен темекіні қатар қойған
Мен қазір Кеңашының молдасымын!

* * *

Баянғалидың әкесі Тақан ақсақал – Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі, соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, Берлінге дейін барып қайтқан. Екі рет қолынан, бір рет басынан ауыр жараланған.

1996 жылдың жазында соғыс мүгедектеріне жеңіл автомобиль берілетіндігін естіп, ауырып жатқан ақсақал Баянғалиға: "Мені комиссияға апар,"- депті. Аудан мен облыстағылар әрлі-берлі қарап, ақынға: "Анда барып өйтіп жіберсеңіз, мында барып бүйтіп жіберсеңіз, біреу-міреулер көмектесіп жіберсе, атай машина алуы мүмкін,"- деп ақыл беріпті. Сонда ақын: "Менің әкем қанын блатпен төккен жоқ, машинаны да блатпен алмайды! Өкіметке он машиналық еңбегі бар,"- деп, дәрігердің әділ шешіміне жүгініпті. Дәрігерлер дұрыстап қарап: "Әкеңіздің сырқаты бір емес, бес кісіге жетерлік екен. Мұндай ардагерлер қазір өте аз қалды ғой, бәріне де машина берсе артық емес,"- деп жылы сөзбен шығарып салыпты. Сөйтсе,

заң бойынша, аяғынан ауыр жараланған кісіге машина беріледі екен де, Тахаңның жарақаттары ол заңға жатпайды екен. Ақсақалды үйіне әкеле жатып, Баянғали: "Ал, енді мазаны алмай тыныш жат үйде. Оққа аяғыңды тоспай, басыңды тосқан өзіңнен көр!" - деген екен.

* * *

Әкесі Тақан ақсақал қайтыс болғаннан кейін Баянғали қыздары Ақмарал мен Аққенжеге: "Енді сендер мені еркелетіндер! Менің әкем жоқ, сендердің әкелерің бар !" - деген екен.

* * *

Баянғалидың баласы Нұрлан мен оның достары Бейбіт пен Азамат мектепке барған жылы жөндеп оқи алмай, жиі-жиі екілік баға алып жүріпті. Әрине, оларға шешелері ренжіп, ұрсады. Сонда Баянғали: "Дұрыс, айналайындар, алғашқы кезде екінің бәрін алып алындар, екілері біткен соң мұғалімдер өздері-ақ төрт пен бестерін қояды!" - деген екен. Шынында да біраздан кейін балалардың оқулары жөнделіп, тәуір бағалар алатын болыпты.

* * *

Баянғали жездесі Өсербайға шығарған өлеңінде былай депті:

Үлкен апам Ләйләнің
Үйіндегі жездеміз
Өсербайды айтпай бола ма?!
Узигінен түсірмей
Күні-түні тасыған
Тастамай бізді далаға,
Дөкей бала болдыңыз

Сүйіндік пен Күлшаттай
Қадірлі ата-анаға,
Арқасында апамның
Гүлмира мен Өміртай,
Еркетай мен Ерболдай
Әке болдың балаға,
Мұхитына спирттің
Батып кетпей аман-сау
Жүзіп шықтың жағаға,
Қоқаңдасаң апама,
Қаларсың босқа далада!

* * *

Тассуда тұратын Қайыр деген малшы бір дөкей өгізін сатайын десе, алушы таппай қиналады. Баянғалидың Ұғыш деген жездесі: "Өгізінді банкир бажам Талғатқа өткізіп беремін, ол мал іздеп жүрген," - деп, Қайырдың машинасын тегін мініп, Степнякқа бірнеше рет келіп, баласы Шегейдің үйіне оны-мұныларын жеткізіп тастайды. Бір жағынан Талғатпен сөйлесіп, малды алатын болып уәделеседі.

Уәделескен уағында Талғаттың үйіне келсе, ол айнып, Қайрат пен Майкенің малын алатын болғанын айтады. Біраз дауласып-дауласып, сабаларына түскесін, сол үйде отырған Баянғалиға Ұғыш жездесі: "Осыған бірдеңе айтпайсың ба?" - депті жай отырмай. Сонда Баянғали домбыраны алып:

Жездеміз Ұғыш молда жөнін білген,
Банкирге делдал болып келіп жүрген,
Қайырдың машинасын тегін мініп
Степняк – Тассулатып желіп жүрген,
Талғатқа өгізінді өткізем деп
Өзінің жұмысына жегіп жүрген,

Талғатжан уәдесінен айнып кетіп
Қайрекең алданғанын енді білген,
Қайреке-ай, өзінде де бар-ау енді
Молда менен банкирге сеніп жүрген,
Қайтейін, қазағымның малшылары-ай,
Малыңды жөніменен өткізе алмай
Алданып, әркімге жем болып жүрген!-
деген екен.

* * *

Көкшетауда ауыл шаруашылығы күніне арналған
үлкен жиын болып, облыстың сол кездегі әкімі
Жәнібек Кәрібжанов бас болып, бүкіл аудандардың
әкімдері, совхоз директорлары қатысады. Сол жиында
өлең айтқан Баянғали толғап келіп:

Айтайын дөкейлердің ортасында,
Ойлаңдар, оңға, солға тартасың ба?
Біз жүрміз ақын болып, әкім болып,
Халықтың қарапайым арқасында!- деген екен.

* * *

"Кеңашы" мектебінде өткен кездесуде (1993
жылы) Баянғали:

Әркім-ақ өз ауылын алтындайды,
Жырласа, мадақтаса сарқылмайды,
Шыққанда қайқаң етіп Намазғұлға
Кеңашым қарсы алдымнан жарқырайды!-
деген екен.

* * *

Бірде Баянғали құдасы Нүркеннің үйінде қонақта болады. Құдағиы Орынтай баласы Серкеннің інісі Шахманға (Өмірсерік) машинаның бір бөлшегін бермей жүргенін айтады. Сонда Баянғали:

Қалдырма бір-біріңнің көңіліңді,
Өксітпе, өкпелесіп өміріңді,
Серкенжан, Шахманнан аяп қалып
Бауыр қылам деп пе едің темірінді!- депті.
Әке-шешесінің, бауырларының тілін алмай
отырған Серкен орнынан ұшып тұрып:
"Байекең айтты, бітті!"- деп, темірін жұлып
алып, інісіне берген екен.

* * *

Баянғалидың бөлесі Әнуарбек бір күні ақынның бір шаруасына қолғабыс жасаған екен. Риза болған ақын:

Әнуарбек Әленов,
Еңбегің жүрсін еленіп,
Көп құрметке бөленіп,
Сен жүгірмей кім жүгіреді,
Құдайым бізді жаратқан
Тату-тәтті бөле ғып!- деген екен.

* * *

Ордабасында үш баба — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билерге ас бергенде Көкшетау делегациясын (облыстық кеңес төрағасы Чапай Әбутәліпов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Күміс Мұратбекова, халық ақыны Көкен Шөкеев т.б.) қарсы

алған ауданның әкімі көңілденіп жүріп қызып алыпты. Дастархан басында шылымын бүрқыратып отырып: "Әй, ақын болсаң өлең айт, әйтпесе бізде ақындар жетеді," - депті.

Сонда Баянғали толғап келіп:

Алдында қазақ пенен қырғыздардың
Жырласам, елдің қолын ұрғызғанмын,
Сен түгілі облсовет төрағасы
Чапайды да орнынан тұрғызғанмын.
Ағамыз жағамызға жармасып тұр,
Азырақ ақылынан алжасып тұр,
Киелі үш бабаға ас бергенде
Мас болып, шылым сасып, қисалаңдау
Қазақтың әкіміне "жарасып" тұр!- депті .
Сонда әлгі әкім шылымын сөндіріп,
қателігін мойындап, кешірім сұраған екен.

* * *

Облыс әкімінің орынбасары Болат Сүлейменұлы Жанәділов – алып тұлғалы қасқа бас кісі. Мінезі кең ағасына Баянғали әзілдей береді екен. Бір жолы сахнада өлең айтып отырып, залда отырған Бөкенді көріп қалып:

Дәрігерсің адам үшін арпалысқан,
Сендей ұл сирек туар алты алаштан,
Бүгінде парасатты әкім болдың
Жақсылар жан-жағында анталасқан,
Атқа мініп, дулыға киіп шықсаң
Аумас едің Қобыланды мен Алпамыстан,
Ал қазір осы күйде аумай тұрсың
Кәдімгі кинодағы Фантомастан!- деген екен.

* * *

Баянғалидың Кеңашыдағы құрдасы Сара – директор Қалиасқар Әйткеновтың қарындасы екен. Оның күйеуі Қанат – механизатор, ол да құрдас. Бір жылы қайнағасы Қанатты Қарасорға бір айға қой бағуға жіберіпті. Сонда Баянғали Қанаттың атынан Сараға былай деп өлең шығарыпты:

Өзіңмен жүруші едім ойнап-күліп,
Шіркін-ай, сабар ма едім байлап тұрып,
Ағаң бастық болғанда пайдасы ма,
Мінеки, қойды маған қой бақтырып!

Содан Сараның атынан жауап береді:

Төсіңді тұрсың, Қанат, босқа қағып,
Сөзіңді тұр ғой дұшпан, дос та бағып,
Ағама бұл сөзіңді айтып барсам
Қой түгілі кетесің ғой шошқа бағып!

* * *

Баянғали Асқар деген құдасы әрі құрдасымен әзілдесе береді екен. Бір күні Асқардың әйелі Күләй екі-үш күн жол жүріп келеді. Сонда ақын Асқардың атынан былай деп өлең шығарыпты:

Айналайын, Күләйім,
Сағынғаннан жылаймын,
Күләй келді дегенде
Өз-өзімнен құлаймын,
Апырмай неге бұлаймын?!



Махамбеттің құрметіне Атырауда өткен айтыста бас жүлдеге тігілген желмаяны әйел ақынға беріпті қазылар. "Батырдың жүлдесін қатынға бергендері несі?" - деп, жігіттер ренжісе керек. Сонда Баянғали:

Ақылды жеңер кейде сезім дуда,
Айтылмай қалды-ау талай сөзім тура,
Аруағы Махамбеттің қолдай жүрсін
Түйенді неғыламын, өзім бура!- деген екен.



Сол сапарда алматылық жас ақын Ермек Жұматаев Баянғалиға еркелеп, әзілдесіп айтысып отырыпты. Бір кезде Қарағандыдан келген жас ақын, қызулау болса керек, ұйқтап қалыпты. Отырған жұрттың назарын соған аударып, Ермек әлгі жігітті бір талай өлең қылыпты. Кезек Баянғалиға келгенде:

Бұл інім үйдеген ғой, бүйдеген ғой,
Айтыста талайларды илеген ғой,
Бірақ та атам қазақ батыр болған
Жауға да ұйқтап жатқан тимеген ғой!-
деген екен.



Қазақтың құрылтайында айтысуға шақырылған Баянғалиды ең соңғы сәтте тізімнен сызып тастаса керек. Сөйтіп, бұл айтысқа шықпай қалған Баянғали былай деген екен:

Ешкіммен жүрмесем де өштесіп мен,
Кей-кейде өтпей қалам көп тесіктен,

Құрылтай айтысына шыға алмадым
Бір дөкей сызып тастап спесіктен!
Жүрсек те бабалардың ізіменен
Халықты алалама жүзіменен,
Үкімет спесіктен сызса дағы
Халқымның сызылмайын тізімінен!

* * *

Ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған Семейдегі айтыста Баянғали екі рет айтысып, қарсыластарынан ұпайы жоғары болғанына қарамастан, Қарауылдағы финалдық айтысқа өтпей қалыпты. Көкшетаулықтарды (Көкен Шәкеев, мәдениет қызметкері Нұргүл Нұрмышева) "Таймас-Холстен" атты фирма күтіпті. Сонда Баянғали:

Өтпей қалдым финалға,
Екі бірдей жеңіспен,
Кімнің оғы тигенін
Кім біледі терістен,
Құдайдың көзі оң болса
Табылармыз біз әлі
Талай-талай өрістен,
Жақсылықпен жасасын
Құрметтеген біздерді
"Таймас пенен Холстен"!!- депті.

* * *

Көкшетау облыстық айтысында (1989 ж.) Баянғали айыртаулық Есенбек Ерденовпен айтысып отырып, Ақан серінің басын көтеру ісі тоқтап қалғанын айтып сынайды. Оған қарсыласы: "Бізді қайтіп сынайсың, ауданың бізден шөп алып отыр ғой!"- депті. Сонда Баянғали:

Қайтеміз, қойса құдай көктен бермей,
Шөпті айтып отырсаңшы өктемденбей,
Ақанды айтсам шөп жаққа бұрып кеттің
Болды ма Ақан саған шөппен бірдей?!-
деген өкен.

* * *

Еңбекшілдер ауданының әкімінің орынбасары Сансызбай Балтабековтың руы қырғыз. Біржан салдың 160 жылдық тойын өткізуге біраз еңбек қылған Сәкең бір күні Баянғалиға: "Сенің атаңды жырлаймын деп шапқылап жатырмын, менің атамды сен қашан жырлайсың?"- депті. "Е-е, сіздің атаңызды мен он бес жыл бойы жырлап келемін ғой!"- депті Баянғали, Манасты меңзеп.

* * *

Әнші Иран Илияшев Көкшетауда, наурызда Баянғалимен айтысып отырып, бастықтардан теперіш көріп жүргенін айтқан екен. Сонда Баянғали:

Бұл ісің елге мәлім болады де,
Тәртіпке сені халық салады де,
Ақындарға ұрысқан барлық бастық
Тарихта поштабай боп қалады де!- депті, бүкіл
обком, горком, облисполкомның көзінше.

* * *

Жолдыбай ауылында бір топ қарауыл Баянғалидан: "Осы ақындық өнер сізге қай жағынан қонды? Әкеңізден бе, шешенізден бе?"- деп сұрапты. Сонда Баянғали: "Атам Біржан сал болса, нағашым

Ақан сері болса, мен де жаман болмаспын?!"- деген екен.

* * *

Донской совхозының бас есепшісі Сағындық Ахметовтың үйінде баймырзалық бір топ жігіттер қонақта отыр екен. Олар өз ауылдарының дәстүрі бойынша қазыны кесектеп бөліп алып, жүз граммен қосып, жұтып жіберіпті де, әйелдер жағына тимей қалыпты. Бір кезде Баянғалиға өлең айтқызғанда ол:

Үйінде Сағындықтың ойын-сауық,
Жігіттер қазы жұтты көңілі шауып,
Қазыдан құр қалдық деп өкпелеме
Таң ата осы қазы, жеңгелерім,
Барады өздеріңе жолын тауып!- деген екен.

* * *

Павлодарда өткен Иса Байзақовтың тойында бас бәйгені жас жігіт алып, дау болады. Сонда үшінші орынға ие болған Баянғали былай деген екен:

Бәйгені біздің қазақ ұлы іс көрген
Аяғын кейде дау мен ұрыс көрген,
Бас бәйге ап жұрттың ішін күйдіргенше
Дұрысы үшінші боп тыныш жүрген!

* * *

Баянғали кіші жездесі Талғат Досымбековпен "Сексенбайдың Талғаты, Сұлушаштың солдаты,"- деп құрдасындай ойнай береді екен. Жездесі Алматыға келіп, Баянғалидың немере ағасы Жарылғасын Әбішев екеуін жатақханасына шақырады. Екеуі келсе

жездесінің алғаны бес шыны "чекушка" арак, "қазір жұмыртқа қуырам" деп жүгіре береді. Ойнап, күліп отырғанда балдызының жездесіне айтқаны:

Арақтан елу грамм тастап алып
"Қуырып әкелем" деп тысқа барып,
Жездеміз қонақ үйде жүреді екен,
Қолына жұмыртқасын ұстап алып.
Деп едің "балдыз сені бүгін қырам"
Жездеке болды мұның стыд, срам
Бір жарым летрге де шамаң келмей,
Алғаның мың екі жүз елу грамм!

Содан Жарылғасынға "балдызыма сыйлаймын" деп сағат береді. Баянғали біраз өлең айтады. Қызды-қыздымен, "балдызымнан аямаймын, мына сағатымды саған беремін,"- деп, Талғат қолындағы үлкен көк сағатын Баянғалиға беріп жатқанда сағат шынысының сынық екенін көріп қалған Баянғали:

Мынауың сағат емес күтім көрген,
Байқаймын талай жерде бүтінделген,
Жездеке, берер болсаң бүтінін бер
Мен саған апайымды бүтін бергем!- деген екен.

* * *

Бір жылы Талғат жездесі атасы Тақанға (Баянғалидың әкесі) "жаңа қора салғанша бір жаз баға тұрыңыз" деп қойларын әкеліп тастайды. Жаз түгілі екі қыс өтеді, жездесі қойын әкетпейді. Осылай уақыт өтіп жатқанда Баянғали жездесін Тассу ауылында, жиені Шегей Бекболатовтың үйлену тойында кездестіреді. Сонда Талғат:

— Менің қойларым қалай?- деп сұраған екен.
Сонда Баянғали:

Аштан аш ол қойларың шулап қалды,
Сағынып сен туралы жырлап қалды,
Өзіңе қара қошқар сөлем айтып

Дорбасын "привет" деп бұлғап қалды!- деген екен. Осы сөзден кейін, Талғат қойларың екі күннен соң алып кетіпті.

* * *

Қостанайда Ілияс Омаровтың 80 жылдық тойын өткізгенде ақындарды Жітіқара ауданы күтіп, қонақ қылған екен. Дастарханға түрлі тағамдар мен қосып "Распутин" арағын қойыпты. Сонда өлең айтып отырған Баянғали аудан өкімі Ризван Мағзұмұлына қарап:

Реке, "Распутинді" ішіп, ішіп,
Жігіттер распущенный боп кетпесін,-
деген екен.

* * *

Баянғалидың ағасы Мейрам марқұмның баласы Бауыржан құдашасы Жанарға үйленіпті. Қыздың әкесі Амантайдың ағасы Өсербай Баянғалидың апасы Ләйләні алып отыр. Тойда қарсықұда болған құдаларына өлең айта келіп, Баянғали былай деген екен:

Бауыржан мен Жанарым,
Бақытты бол, қарағым,
Құтты болсын сендердің
Жаңа өмірге қадамың,
Қуанышы болыңдар,
Әйгерім, Сәуле қыздар мен
Ғалиядай ананың!
Өсіп-өніп екеуің

Ел болындар бір қауым
Бәйтеректей жайқалған,
Өсербай жездем Ләйләні
Бесплатны алып еді,
Бауыржан, саған рахмет
Алып қашып Жанарды
Есемізді қайтарған!!!

* * *

Бір күні қонақ келгенде Баянғалидың әйелі Әлия:
"Қазанға не саламын?"- деп ақынмен астың жайын
ақылдасқан екен. Сонда Баянғали:

Сандығыңның түбіне
Түк қоймастан сарқып сал,
Ертең де күн бар ғой деп
Ептеп-ептеп тартып сал,
Түнде жортқан бөрідей
Байекеңнің достары
Байқамай келіп қалар деп
Бір мүшесін артық сал,
Не салсаң да мықтай сал,
Басты ауыртып қыртпай сал!- деген екен.
Содан былай әйелі ақынның мазасын алмайтын
болыпты.

* * *

Бір тойда Баянғали құдашаларды көбірек мақтап,
желпідетіңкіреп айта келіп:

Беу, қыздар, гүлдей жайнап көктейсіңдер,
Әзілдеп бұл ағанды ептейсіңдер,
Бәрің де кереметсің, бірақ, бірақ,
Өзімнің қатыныма жетпейсіңдер!- деп
жұртты ду күлдіріпті.

Баянғалидың балдызы Ұлтай Жаркентте Айдын деген жігітке тұрмысқа шығыпты. Каникулы біткен соң Ұлтай Көкшетау пединститутына, оқуына келеді де, Айдын Жаркентте қалады. "Әне келеді, міне келедімен" екі-үш ай өтіп кетеді. Сонда ақын әзілдеп, балдызының атынан былай деп өлең шығарыпты:

Айналайын, Айдын,
Сүйдім, құшақ жайдым,
Келмей қойды артымнан
Түрі құрсын деп жүрмін
Бүйтіп тиген байдың!

Бұл өлең құлағына тиген соң Айдын Көкшетауға шауып келіпті. Содан жұмысқа тұра алмай біраз жүріп қалса керек. Тағы балдызының атынан бажасына өлең шығарыпты:

Әкем Бақыш қой баққан,
Інім Тұраш ой баққан,
Мен боламын Жаркенттен
Көкшетауға әкеліп,
Безработный бай баққан!

Осыдан кейін Айдын әйтеуір жұмысқа тұрған екен.

Ақын Шәкен Отызбаевтың 100 жылдығында Баянғали "Көкшетау правдасы" газетінің қызметкері, ақын, жыршы ағасы Жұмабай Есекеевпен айтысады (той 1990 жылдың желтоқсанында Чистополье ауданында, Қырымбетте болды). Сөздің бір реті келгенде Баянғали ағасына: "Қазақтың мәдениеті мен

тіліне қатысты шараларға обкомың неге тарылады? Қалалық дөкейлер ауылдың жағдайына неге көңіл бөлмейді?" - дей келіп:

Қалалар ауылдарды көп басынды,
Жерді ұмытып, асқақтап көкке асылды,
Ауылым ауызыңа ас салмаса,

Нан қылып шайнар ма едің көк тасыңды!-
дегенде, Жүмекең інісінің сөзін "дұрыс" деп құптаған
екен.

* * *

Монғолиядағы қазақтар Қазақстанға алғаш көшкен жылы Еңбекшілдер ауданына келетін үйлерді алып келуге барған керуенді аудандық еңбекке орналастыру, көшіп-қону мекемесінің бастығы, журналист Орынбай Шайкенов бастаған екен. Дәл сол кезде "Кеңашының" директоры Қалиасқар Әйткенов ауырып қалып, совхозға келуге тиісті он үйді әкелуге машина болмай қалыпты. Содан Баянғали кірісіп, Орынбайға мән-жайды түсіндірген соң, ол кісі: "Осы барған машиналарға сыйғызып ала келемін"- депті. Айтқанындай, келетін үйлердің ешқай- сысын қалдырмай алып келіпті. Келген соң: "Әй, балдыз, мына туыстарыңды әкелемін деп әбден қалжырадым! Қалиасқар екеуің шалқайып үйде жатырсындар, ал мен жүгіріп жүрмін," - депті. Сонда ақын былай деген екен:

Монғолға сапар шегіп дабылдадың,
Реті бар оны әйгілеп, дарылдаудың,
Керейдің көшін сүйреп, күйеу бала,
Өтедің бір ширегін қалың малдың,
Қалжырасаң апамның қолтығына
Кіріп алып екі-үш ай дамылдағын!

* * *

"Искра" совхозының директоры Михаил Иванович Орлов ірі денелі, дәу қасқабас кісі екен. Сол совхоздың "Қызыл-Ұйым" бөлімшесінде Баянғалимен кездесу болады. Өлең айтып отырған ақынға бір кезде халық: "Моншамыз нашар, соны бастықтарға өлең қылсаңыз," - деп өтініш айтады. Сонда ақын:

Орловты моншаға алып бару керек,
Жабылып сыпырғышпен сою керек,
Төбеден тамшылаған ыстық тамшы
Орловтың жалтыр басын ою керек!- деген
екен. Бұл сөзді түсінген директор: "Будет баня,
будет,"- дей беріпті, күліп.

* * *

Бір бастық Көкшетауға барғанда Баянғалидан: "Қазір не істеп жүрсің?"- деп сұрапты. "Жазуымды жазамын, елге өлең айтамын,"- десе: "Мәндірек бірдеңе істемейсің бе?"- депті. Баянғали: "Сонда не істеуім керек, байлық пен билікке таласуым керек пе?"- деген екен.

* * *

Бір жолы біреулер Баянғалиға: "Екі әйел алу туралы заңға қалай қарайсыз?"- деп, сұрақ қойыпты. Сонда ақын әзіл-шыны аралас былай деген екен:

Кесір сөз кімге керек бас қатырған?
Кесектей қараңғыда босқа атылған,
Ешқандай зәкөніңе қарамастан
Еншалла, төрт балам бар қос қатыннан!

Алматыда біреуі,
Балдарымды бағып жүр,
Балалар да шүкірлік,
Шетелге де барып жүр,
Озып жүлде алып жүр,
Көкшетауда біреуі,
Әкем менен шешемді
Төсек тартып қалғанда
Мәпелеп қолдан атқарып,
Отымды түзу жағып жүр,
Ортасында солардың
Өлең айтып Байекең
Ел аралап шауып жүр!

* * *

Баянғалиды біреумен шатастырған бір бастық:
"Әлгі балық аулаудың рұқсат қағазын қашан
өпересің?"- депті. "Мен балықтың емес, халықтың
адамымын," - депті сонда ақын.

* * *

Шымкент облысы, Бөген ауданында Қосжан
Мүсіреповтың 60 жылдығы мен Нұралы Нысан-
байұлының 135 жылдығына арналған айтыс болады.
Сонда қонақ ақындарды атап-атап президиумға
отырғызып, Баянғалиды ұмытып, атамай кетеді. Содан
өлеңнің кезегі келгенде Баянғали:

Басқалар сығылысып сыйғанымен,
Көкшетау президиумға сыймайды ғой!- деген
екен.

* * *

Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық тойында (Солтүстік Қазақстан облысы, 1993 ж.) өткен айтысқа Көкшетау облыстық әкімшілігі ресми түрде бір жас ақынды апарыпты. Ұлы ақынның "Батыр Баян" поэмасын алаш арыстары ақталмай тұрған кезде, 1975 жылдан бері ел арасында жырлап келе жатқан Баянғалидың бұл тойдан шет қалғанына қандары қызған Көкшетаудың мәдениет саласындағы қыздары Күміс Біләлова мен Мағрипа Әбілқасова Қызылжардағы мәдениет қызметкерлері Роза Шоланова мен Сұлушаш Темірғалиқызына хабарласады. Өңкей қыздар өзара келісіп, Баянғалиды ақындардың тізіміне ақырын ғана жазып жібереді. Қызық болғанда, қосалқы құрамда барған Баянғали айтыста жеңімпаз атанып, бас бөйгеге ие болып, Көкшетауға Мағжан атасының қаракер тұлпарын мініп келеді. Қыздарға риза болған ақын былай деп өлең шығарыпты:

Мағрипа мен Күмісім,
Роза менен Сұлушаш,
Қызмет қылып жыр үшін,
Үндемей-ақ бітірді
Әкімдердің жұмысын!

* * *

Баянғали Ақтөбеде ақтөбелік ақын Айдолла Жәкешевпен айтысқанда стадионға жиналған халық өз жерлестеріне көбірек қол соғып, қуаттап отырса керек. Сонда Баянғали өз кезегінде:

Айдоллаға жерлестері қолын соқса,
Ия, алла, өзің жар бол жалғызыңа!- деген

екен. Бұл сөзге бүкіл ел дүрілдеп, Баянғалиды қолдаған көрінеді.

* * *

Бір облысқа барғанда Баянғалиға біреулер бір ыңғайсыз сөздер айтса керек. Сонда ақын:

Бар шығар дос, дұшпан да күндейтұғын,
Кейбіреу қадірімді білмейтұғын,
Бірақ та Көкшетауда жүргенімде
Иті де маған қарап үрмейтұғын!- деген екен.

* * *

Бір жиында Баянғали аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына әзілдеп:

Айналайын, майырым,
Ұрының қолын қайырдың,
Талай жақсы жігітті
Ұстап алып, қаматып,
Семьясынан айырдың!- депті.

Сонда қасында тұрған ауданның прокуроры: "Бұған дұрыс болды!" - деп күліпті. Ақын оған:

Бұл өлеңнің бер жағы,
Айтылады ар жағы,
Айналайын прокурор,
Сау емессің сен дағы!- деген екен.

Сонда майор: "Міне, жаңа дұрыс болды!" - депті, күліп.

* * *

Баянғалидың нағашы апасы Күлмәрәнің күйеуі Болат Қалқышев кезінде облыстағы су шаруашылығына қатысты жобалау-зерттеу институтының директоры, жалпақ тілмен айтқанда судың бастығы болған екен. Бір күні пенсиядағы апа-жездесі ақынның үйіне келіп, әңгіме дүкен құрып отырғанда, жездесі үйлеріне су есептегіш қойғанын, оның тиімді екенін айтады. Сонда Баянғали:

— Бүкіл Көкшетаудың ағыл-тегіл суын емін-еркін билеп едіңіз, сізге де кранның суын санатып қойған заман-ай!- деген екен.

* * *

Көкшетаудағы қазақ театрының директоры Мұратбек Оспанов зайыбы Айжан Бәдірқызы екеуі "Кеңашыға" арнайы келіп, Баянғалиға: "Ата-анаңызды атқардыңыз, енді қалаға, Көкшетауға көшіңіз! Театрда өнерпаздар ортасында болыңыз!"- деп, тілек білдіріп, 1998 жылдың жазында Көкшетауға көшіріп әкеліпті.

Театр қызметкерлеріне тұрғын үй ретінде бөлінген "Самал" балабақшасынан үлкен пәтер беріпті. Алғашқы кезде ол үй жайлы болғанымен, кейін жылу мен жарықтан таршылық бола бастапты. Бір күні экология министрі Серікбек Дәукеев театрға келіп, Баянғали мен Мұратбектің "Құдалық" спектаклін көріп, риза болады. Театрдың мұң-мұқтажына бейтарап қалмай, жанашырлық танытқан министр үй мәселесін 1999 жылдың 1-сәуіріне дейін шешуге көмектесетінін айтады. Бірақ, қысқа дейін реті келмепті. Бұл кезде тұрғын үйге лайықталмаған балабақшада біраз қиындық көрген театр қызметкерлері бет-бетіне көшіп кетуге мәжбүр болады. Олар кетісімен маңайдағы жұрт балабақшаны дымын қалдырмай бұзып алады. Іс жүзінде үйсіз

қалған Баянғали уақытша балдызының үйінде тұра береді. Сөйтіп жүргенде министр 1999 жылы 25 карашада театрға келеді. Сөздің бір орайы келгенде, ақын министрге былай депті:

Дәу министр Дәукеев,
Еңбегі оның көп түрлі,
Интеллектуал — зиялы,
Меңгерген жетік шет тілді,
Тоқтар батыр екеуі
Протонға қарсы шеп құрды,
Ала жаздай алысты
Жеңемін деп гептилді,
Театрға сәуірде
Үй беремін деп тұрды,
Сүмбілеге дейін сандалтып,
Әдемі сөзбен ағамыз,
Ішімізді кептірді,
Секеңе сенген Байекең
Жиырма бірінші ғасырға
Баспанасыз кеп кірді!

Бұл сөзге күліп жіберген министр: "Жоқ, жиырма бірінші ғасырға дейін болады!"- депті. Айтқанындай, Мұратбек Оспанов арқылы 30 желтоқсан күні ақынның жаңа үй алуына жағдай жасаған екен.

* * *

Ақын Ұлықбек Есдәулетов пен Баянғали түйдей құрдас. Бұлардың әкелері Оразбай мен Тақан да, қыздары Назым мен Ақкенже де құрдас. "Әкесі құрдастың баласы құрдас", соғыс ардагері, филолог-мұғалім Оразбай Ақсақал 1985 жылы Алматыға келгенінде Баянғалиды жақсы көріп, екеуі әбден сыйласып, дос болып кетіпті. Кейіннен Баянғали

Ұлықбекке: "Әй, мен сенің әкеңмен бірге жүрген адаммын! Мен сенің әкендеймін!"- деп қалжыңдайтын көрінеді. Оразбай ақсақал қайтыс болғаннан кейін, Астанада тұратын Ұлықбектің үйіне келіп құран оқып, көңіл айтып отырып, Баянғали: "Айналайын, Ұлқашым, атаң қазақтың "әкең өлсе, өлсін, әкенді көрген өлмесін,"- деген сөзі бар ғой, енді Баянғали аман болсын деп тілей бер!"- деген екен.

* * *

1999 жылдың желтоқсанында "Халық қазынасы – үшінші мыңжылдыққа!" айдарымен "Алпамыс батыр" жырының мыңжылдығына арналып, Астанада өткізілген республикалық жыршылар фестиваліне аттанарда Баянғалиға "Тыныс" ашық акционерлік қоғамының президенті Қайырбек Құсайынов демеуші болып, қаржы бөліпті. Ол кісінің ағалық ниетіне риза болған ақын былай деген екен:

Оңына бассын жұмысың,
Жалынды болсын жүрjсің,
"Тыныстан" көмек болған соң
Ашылып кетті тынысым!

* * *

Жамбылдың 150 жылдығына арналған Халықаралық жыршылар конкурсында қырғызстандық дүлділ манасшы Назарқұл Сейдрахмановтан Баянғали:

– Осы қырғызда Манасты айтатын адам мыңнан біреу шыға ма?- деп сұрапты.

– Оба! (Иә!)- депті Назарқұл. Сонда Баянғали:

– Ал мен он миллион қазақтан біреумін ғой!- дегенде, риза болып кеткен Назарқұл ағасы құшақтай алып, арқасынан қаққан екен.

Өлеңдер

* * *

Ескі үйдің орны естелік,
Жүректен өшпес нала-жыр,
Қалада зәулім ғимарат
Балконға сыймай бала жүр.
Тұрсаң да Айда, елдегі
Ескі үйді еске ала жүр.

Шүпірлеп қара домалақ
Ескі үйде өстік домалап,
Кішкентай ғана әйнектен
Keң дүниеге сығалап.
Мүз-қырау іліп мұртына
Аяздан келген атекем
Қаракөлеңке бұрыштан
Кенжесі қайсы екенін
Айырар еді-ау жобалап.

Үй тарлау, бірақ сыйыстық
Болмайтын бізде іштарлық
Үйлесіп пештің отымен
Тұтанып еді-ау ескі үйде
Өмірге деген құштарлық!

Алысқа тартты ағалар
Тіршілік — теңіз жағалап
Қажыған кезде кететін
Ескі үйді біраз паналап.

Жатырмыз көшіп ауылдан
Керек-ақ шығар қыстықпау,
Көңіліме бірақ, бір түрлі
Жатаған келген ескі үйлер
Кең сарайлардан ыстықтау!

Ескі үйдің бәрін қиратып
Жаңаға көшсек қызығып,
Абайла, достым, кетпесін,
Ескі бір тамыр үзіліп!

* * *

Жанталасқан дүние
Жаралайды жаныңды,
Сол жараның уыты
Аралайды қаныңды.

Қозады-ай келіп жындарың
Ызадан ыза туады,
Абжыландай көрінер
Тірліктің түйткіл сұрағы.

Арамдық, алдау, ақымақтық,
Келеді бәрін сындырғың,
Болмауға тиіс бұлай деп
Ай-әлемге шыңғырғың.

Ашуға бойды алдырсаң
Ажалдан бұрын өлерсің,
Өмірдің сансыз сынағын

Сабырмен ғана жеңерсің.
Сабыр ғып, тазарт жаныңды,
Қаныңды, қуат, тәніңді,
Біткенше демің шырқай бер
Өзіңнің өмір — әнінді!

* * *

Досым жоқ деп күйінеді көп пенде...
Дос боларлық кісі құрып кеткен бе?!
Дос емес пе саған мына ұлы өмір,
Көшкен бұлттар, келген құстар көктемде?!

Нағыз достық — ақ тілеуі елдің де,
Қуат берер аңқылдауы желдің де,
Андайың мен мұндайыңа қарамай
Достық шығар көтеруі жердің де,
Жұрттың бәрін жазғырғанша, ойлашы,
Шын жүректен өзің дос боп көрдің бе?!

Досым жоқ деп елге өкпелеп жылама,
Доссыз болсаң, тек өзіңді кінәла,
Өзің егер бере алмасаң елге нұр
Жүрегіңе жұрттан шуақ сұрама!

* * *

Қаймықпа, сал атыңды ой мен қырға,
Абайла, ізгі жолдан теріс бұрма,
Келмесе қолдан қайыр, тым құрыса,
Жалғанда тірі жанға зиян қылма!

* * *

Өмірдің мәні қайда, сәні қайсы?
Ойлар көп, бір-біріне келер қайшы.

Жауабын бұл сауалдың таппай өткен
Президент, патша, король, хан, қонтайшы.

* * *

Дүние өтіп жатыр шыр айнала,
Кейде тұнық, ал кейде ылайлана,
Пенде жазған тарихта алалық көп,
Жазатын шын тарихты құдай ғана!

* * *

Кім біздің теріс бұрған көшімізді,
Кім біздің ойран қылған есімізді.
Көп сауал жанды қинап, жауап таппай
Алушы ек қу арақтан өшімізді!

* * *

Алданып пенделіктің базарына,
Жетем деп бұдан да өткен ғажабына
Бір-бірін басып-жаншып, жанталасып
Адамзат асыға ма ажалына?!

* * *

Тартылып жатыр мөлдір бұлақтар да,
Сөнуде жанбай жатып шырақтар да,
Тындайтын елдің мұңын құлақ бар ма?
Құлақ болса, құлақта ұят бар ма?

* * *

Әйтеуір сөзім бар деп таңдайыңда,
Жығылма жаман ниет ыңғайына,
Біреудің тағдырына билік айтпа,
Кім біледі, не жазғанын маңдайыңа?!

* * *

Кей адам кеуде қағып, еліреді
Парықсыз өмір жайлы не біледі?

Өзгені қырам-жоям дегендердің
Өзінің қабырғасы сөгіледі.
Әлемді жаман сөзбен улағандар
Сол уға бір күні өзі көміледі,
Мейманасы асқанға бір тосқан бар,
Бір күні ақтарылып төгіледі,
Біреулер бір заманда біз түгілі
Мұханды да боқтаған көрінеді.

Сонда Мұхаң кемеңгер,
Боқтаған әлгі кісінің
Қарап тұрып көзіне,
Жаман сөзден жиреніп
Безінгені сезіле:
"Маған дегеніңнің барлығы,
Өзіңе,- депті,- өзіңе!"

* * *

Кей сөздің несі жақсы, несі күлкі?
Сөз дейтін көңіл аулар қызыл түлкі,
Мәз болып неменеге күлеміз деп
Бір ауық ойланса ғой қазақ жұрты,
Табалап бірін-бірі көп күлгеннен
Бұзылып жатқан жоқ па елдің шырқы,
Құзғындай өртке шөпшек тастайтұғын
Қоздырар араздықты сөздің құрты!

* * *

Біреу жүр басын бұлдап, сөзін сатып,
Жалпақтап, біреулер жүр көзін сатып,
Базардың бөзін сат қан мың есе артық,
Жүргеннен әр жерде бір өзін сатып!

* * *

Билік пен байлық үшін жанталасып,
Жалғасып жең ұшынан, қалталасып,

Не мұратқа жетпекші адам ұлы,
Аяусыз бір-бірімен балталасып?!

* * *

Адамзат неге сонша әлі күнге,
Бомба мен оқтың үнін күй қылады?
Зарлаған сәбилермен ана даусы
Тоқтатар ма қанішер миғұланы,
Keң дүниеге сыйыса алмай жүргендерді
Қара жер қойынына сыйдырады,
Тірісінде тілгілеп жүректерін
Өлген соң жылы сөзін сый қылады,
Оқтан ауыр тиетін жаман сөзбен
Талайлар бірін-бірі ұрғылады.
Жан шуағын аңсаумен өтті ме деп,
Ойлаймын ерте кеткен құрбыларды,
Жер астына асықпай жер бетіне
Сыйласып сыйыссақ біз неғылады?!

* * *

Жеп алып, ел байлығын, ішіп алып,
Ағалар, қандай күйге ұшырадық?
Халыққа дұрыс жолмен жүр дейсіндер
Өздерің теріс жолға түсіп алып?!

* * *

Болғанда Абай бөлек, Жамбыл бөлек,
Қазаққа ол да керек, бұл да керек,
Алалап аруақтарды салғастыру
Ағайын, ойландаршы, кімге керек?!

* * *

Ақын әуре патшаны түзеймін деп,
Патша әуре ақын сөзін күзеймін деп,
Адамзат адасуда арпалысып
Әрқайсы өзінше жөн іздеймін деп!

* * *

Жаман сөз жараса ма азаматқа?
Жағар ма сөз ұғатын жамағатқа?
Қазақтың бір тамаша — алданышы,
Айтысты айналдырма балағатқа!

* * *

Жол іздеп, басын ұрып тау мен тасқа,
Кейде сау, кейде айналып шала маска,
Өртіне дүниенің су себелеп,
Ұқсайтын шыр-шыр еткен қарлығашқа,
Шын өнерпаз бермейді өз өнерін
Әлемнің тәж-тағына баспа-басқа!

* * *

Байлықтан, бағландықтан ақыл артық,
Не пайда жүргендерден босқа шалқып,
Тымықта кемесінген дөңбектерің
Жел соқса бет-бетіне кетер қалқып,
Әр жерде бір бықсыған кей еркектен
Үндемей шай қайнатқан қатын артық!

* * *

Ерім деп елі — жұртың мақтайтындай,
Есінде келер ұрпақ сақтайтындай,
Ей, бауырым, не бітірдің бұл дүниеде
Атыңды адам дейтін ақтайтындай?!

* * *

Кісі көп, жалт-жұлт еткен, сырты көркем,
Мәз-мейрам жүргеніне елтең-селтең,
Безіп кеткің келеді айдалаға
Айналаңнаң кемшілік тере берсең.
Жаныңа нұр толмай ма, адамдардың
Біртәуір сөзін естіп, ісін көрсең,
Ақ-қарасы аралас, арпалысқан,

Адамдарды қайтесің, түсінбесең?
Бір құдырет қойған соң тұтастырып,
Тірлікте береке жоқ, ізгілікке
Қуанып, кемшілікті кешірмесең!

* * *

Өмірдің нағыз құнын пақыр білер,
Пақырды патша қашан ақылды дер?!

* * *

Үреді иттер көшелерде, бұрышта,
Қараңғыда, қалтарыста, қуыста,
Үреді олар көлденең көк аттыға,
Үре береді танысқа да, туысқа,
Үре берсін! Тайма жолдан бұрысқа!

* * *

Қойсаңшы енді, құр босқа күйіп-піспей,
Күйіп-пісу кісіге сүйікті істей?
Опынғаннан не пайда от басында,
Қия жерде қылыштай қиып түспей!

* * *

Еліңе қандай еңбегің?
Алғаның мен бергенің?
Алғаннан берген аспаса,
Кеуденді босқа кермегін!

* * *

Мөлдірді лайлап, қайнатып сорды,
Сеңгірді жайғап, жайратып жерді,
Өндірді байлап, өлімге айдап,
Мақсаттың бәрі — май қасық болды,
Асылық қылып, атылып айға,
Барасың адам, асығып қайда?!

Аяншақтарды мұң буып,
Қояншықтарды жын буып,
Құйындай соғып, құтыртып,
Өмір-мұхит шегіне
Барады бізді кім қуып?!

Шақырлап тістер, сақырлап қайнап қандары,
Екі дай болып, мың құдай болып жандары,
Шалығы тиіп, арамы қуат, жігердің,
Қырқыс пен қырттық, жұлқыстан пенде танбады.
Түсініп көрсең, бәрі де адам өзіндей,
Қайтеді екен, сыйласып жүрсе безінбей,
Өтеді-ау шіркін, арбасуменен адасып,
Түбі бір туыс, бауыр екенін сезінбей.
Шексіз ғой ғалам, көк аспан ғажап, тұңғиық,
Көрінбес көзге, түр бізге қуат, нұр құйып,
Жындану да емес, уландыру да емес, ойласаң,
Өмірдің мәні, адамдық мұрат тым биік!

* * *

Ақшулан бұлттарға оранып,
Қиялым кезеді ғаламды,
Көкшулан толқынның жалында,
Аралап иесіз аралды,
Шұғыламен бірге шашылып
Ну орман-тоғайды,
Шатқал мен шындарды орайды,
Жолбарыс жанарымен
Жаһанды жым-жырт қып,
Көжектің көзімен
Дірілдей қалады...
Не керек пәлсапа,
Қажет пе жанталас?
Көк аспан, көк теңіз,
Асқар тау, кең дала,
Дүние барында!

Шырағым, сен неге,
 Соншама тасындың?
 Келді ме басынғың?
 Бір тартсам, таппассың,
 Қақпағын басыңның!
 Арасын айырмай,
 Жасық пен асылдың,
 Не таптың, түскенде,
 Ізіне тасырдың?
 Жанарды жасқағай
 Жарқылы жасынның —
 Әлегі аз ба еді,
 Алапат ғасырдың?
 Жанымның жарасын
 Өзгеге білдірмей,
 Өзімнен жасырдым,
 Мың жерден керемет,
 Ғаламат болса да,
 Келмейді ешқашан
 Пендеге бас ұрғым,
 Бәрін де, бәрін де,
 Аллаға тапсырдым!

Қазақтың бір құмары — қымыз бен қыз,
 Қол созғаны — зеңгір көк, қия мен құз,
 Құйғытып, көкпар тартып, құлай сүйген
 Кең дүние, жер ұйығы — ол жапан түз.
 Бір ауыз сөзге көңілі майдай еріп
 Сәл нәрседен жанына қатады мұз,
 Серті бар қас қылмауға, кім болса да
 Бір мәрте бірге отырып, татса дәм-түз.
 Аз емес ақ самалдай аңқылдағы,
 Бар және бос шелектей даңқылдағы,

Ширықса, қара көз бен қара сөзде
Ойнайды найзағайдың жарқылдары,
Қазағымның мінезі-ай, адам ұқпас,
Кейде қой, кейде сиыр, жылқыға ұқсас,
Біздің қазақ секілді ешбір халық
Бір-бірінің артына таяқ тықпас,
Тобыменен құдыққа құлар болса,
Бірін-бірі шығармас, өзі шықпас,
Болмашыға өкпелеп, бір-біріне
Беті күліп, жүрегі жақын тұтпас,
Ішіп-жейтін жер болса қонып жатып,
Мешітке айлап-жылдап басын сұқпас,
Бірақ қазақ ешкімнен кем, жаман емес
Жаман болса бірегей жандар шықпас!
Дейсіндер қазақ қандай, қазақ қандай,
Қазақтың қандайлығын білген жандай,
Тимендер бар халыққа сондайсың деп,
Ішінде болғанымен андай-мындай!

* * *

Нұрғали Торғаев рухына

Жан көке, жайсаң азамат,
Торғайдың ұлы Нұрғали
Меркеде басшы болғанда,
Маңына кісі толғанда,
Әсия жейшем жанында
Жұлдыздай жарық жанғанда,
Өрімдей жап-жас жігітті
Құрдымға кетер жерінен
Құтқарып алып қалғанда,
Жас жүрегі алаулап
Рахмет айта барғанда,
Нүрекеңнің бір сөзі

Ұмытылмас жалғанда!
"Біз жастармен өсеміз,
Алдыңда ұзақ жол деді,
Керегі бар халқына
Жақсы азамат бол деді,
Жақсылыққа жақсылық
Бұл өмірде жалғасаң
Рахметің сол!" - деді.
Сөзіне ұйып ағаның
Санаға жүктеп сауалын
Жігіт кешіп келеді
Өмір-мұхит айдынын
Сол сөздің іздеп жауабын,
Нүрекеңнің рухына
Кұдайдан тілеп сауабын!

Бекет атаның үйі

Сапарға ең әуелгі үлкен себеп—
Кемел аға Тоқаев алпысқа кеп:
Маған қолқа салғаны: "Бірге жүріп,
Сыншым да, жыршым да өзің боласың," - деп...

Маңғыстау — түйелі жер, киелі жер,
Жолынан жығылмаған жүйелі жер,
Көргендер жердің түбі, судың түбі,
Ғажайып екі әлемнің жиегі дер,
Көнекөз, жел мүжіген домбырадай
Шанағы — жыр, шегі — сыр, тиегі — шер,
Суреті, серті бөлек, сұсы басым,
Тасы — ою, құмы — өрнек, сүйегі — зер,
Әуесіне әулие рухы сіңген
Тегіннен тегін басын иеді ме ел?!

Ғаламат дүниемен кеп табыстым;
Дүбірін естіп талай аттаныстың,
Түбінде Қарақия ойға батып,
Басынан Шерқаланың құстай ұштым,
Адайдың қыздарымен әзілдесіп,
Апайтөс ұлдарымен төс қағыстым.
Жігіттер шежіреші, жөн біледі,
Айтылды өлең-жырдың дәмділері,
Кездесіп көпшілікпен, елді аралап,
Қонғалы бір ауылға келдік енді,
Аупарткомның бірінші секретары
Бастады бір келеңсіз әңгімені:

"Түзету қиын екен бұл халықты,
Басына Бекет ата үй салыпты,
Орталық бізден талап етіп отыр,
Жағдайды ұстандар деп бір қалыпты!

Сол үйге жұрт жиналып, түнейді екен,
Сиынып, көп жақсылық тілейді екен,
Дәл мұндай советке жат соқыр сенім
ЦК-ға жақпайтынын білмей ме екен?!"

Қабағын қатулана түйді райком,
Барлығын бір уысқа жиды райком,
(Қазір ғой оп-оңай жұрт жамандайды,
Ол кезде салмағы ауыр сыйлы райком.)
Қыпылдап отыр ерлер алқа-қотан,
Дегендей "амал жоқ-ау, енді қайтем?"
Қадалып селсебетке: "Анау үйді
Жойындар жылдамырақ," - деді райком.
Селсебет, Сәкең деген ақсары адам,
Ат-тонын ала қашып масқарадан:
"Қауқарсыз, дән емесіз, құр қағазбен
Мен қалай бұл міндетті атқара алам?"

Құрал-жабдық қолында, қуаты мол
Бұл істі сұраған жөн басқармадан!"

Басқарма шоршып түсіп, селсебетке:
"Дауласып неғыласыз,- деді текке,
Ағасыз, ақыл табар қысылғанда
Қалыс қап, қия тартып, қиыс кетпе,
Құрал-сайман, кісіні мен берейін
Қаулыны өзің шығар, өзің ретте!"

Сәкең айтты: "Сенде ғой қол басылық
Хатшы саған сеніп тұр алға ұсынып!"
Басқарма ытқып кетіп деді сонда:
"Кетпеңіз тым ойнақтап, жарға шығып,
Зиратқа мен жауапты бола алмаймын,
Міндетім мойындағы – шаруашылық,
Тәртіпке тікелей сіз жауаптысыз
Өзіңсіз алмайды ешкім қолға шыбық!"

Бұларға хатшы біраз құлақ түрді:
"Басқарма, бер кісі мен трәктірді,
Қаулыны сен шығар да, селсебетім,
Құрт үйді, жұмыс қой ол бір-ақ түнгі!"
Жаны алқымға келгенде селсебеттің
Жүзінде арпалысты сұрақ түрлі,
Саңқ етті сәлден кейін: "Жоқпыз ба,- деп,
Түнекке сәуле берер шырақ құрлы?!"

Әулие ғып жаратқан бір құдайым,
Ер Бекет аруағы ғой ел Адайдың,
Селсебет, партбилетті қазір тартып
Алсаң да зорлығыңа көне алмаймын,
Атамның басындағы үйді бұзып
Халқыма мен қарабет бола алмаймын!"

Тым-тырыс отырған жұрт іштен тынды,
Хатшының түсі қашып, сағы сынды,
Мұндай сөз ол заманда өліммен тең
Болсаңда неше батыр, неше жынды,
Апырмай, арты қалай болады деп,
Жандайшап кей жолдастар жан ұшырды,
Кемел аға екеуміз құшырлана
Қол соқтық, қорғадың деп намысынды,
Үндемей жалғыз қалды қатал хатшы
Бөлінген қауызынан тарысынды!

Өзгенің қасиетін тегіс құртқан
Теперіш аз емес-ау теріс жұрттан,
Аруағынан айрылған ел азады,
Соны біліп, ілімін теліп сырттан,
Жаныңды улап, жұтатып, жұтпақ болып,
Майдалап айналдырса не бір мыстан,
Аруағыңнан айналдым Бекет-Ата,
Соларға тосқауыл боп, жеңіп шыққан!!!

Салық молданың өсиеті

Ертеде біздің елде Салық молда,
Дін ұстап, үлгі беріп, бастап оңға,
Өтіпті халыққа аса қадірлі боп,
Қайтқанда көтеріпті ел қолдан-қолға!

Аулақ болған періден, от-құйыннан,
Салыққа қасиетті хақ бұйырған,
Жарықтық шын әулие болған дейді
Бас тартқан тірлігінде көп бұйымнан,
Шыңғырып, шынжыр үзген не бір жынды
Аттаса босағасын сап тиылған!

Бақилық болғанымен жүз жыл бұрын,
Келеді толғандырып қыз бен ұлын,
Басына кеп тілейді кей адамдар
Ауырса, я шаруасы кетсе қырын,
Адамға әлі күнге әсері бар
Ақылмен аша алмайсың мұның сырын.

Атанды қадірлемеу неткен жаман,
Бір кезде соған мәжбүр еткен заман,
Бірақ та бір бәлеге ұшырайтын
Көнерген Салық молда зиратынан
Дұға оқып бет сипамай өткен адам!

Күпия көп қой біздің қазақта да,
Айтады ұрпақтары ғажаптана,
Өсиет қылған екен өтерінде
Салық молда кейінгі қарақтарға:
"Аптығып ас берем деп алты алашқа,
Алысқа ат шаптырып далақтама,
Жаңғыртып, бейітімді у-шу қылып,
Жанымды тыныш жатқан азаптама,
Дұға оқып, есіңе алсаң, сауап болсын,
Атымды әсірелеп мадақтама!"

Бұл да бір атамыздың өнегесі,
Ешкіммен жоқ бәсеке, ерегесі.
Мақтау мен мақтанудан мәні бөлек,
Өзгеше кісіліктің дәрежесі!

Әбсәләм қажының жауабы

Әкем марқұм айтушы еді аңыз ғып:
"Өткендердің алдындағы парызды ұқ,
Қажы атамыз Әбсәләмды бір кезде
Абақтыға жауыпты деп, жауыздық!"

"Қара орманның қалғанын-ай селдіреп,
Қайран елге қара түнек төнді," - деп,
Кең дүниеге тұрды қарап Әбсәләм
Темір тордан ақ сақалы желбіреп.

Түрме бастық жұртты ұстаған мыштай ғып,
Қажыны да жібермек боп жұрттай ғып:
"Көп жеңілдік берем деді, мен сізге
Сақалынды сыпыртсаңыз сыптай ғып!"

Қажы атамыз ақ сақалын тарамдап,
Қаскөйлікті қас-қағымда бағамдап:
"Сақал үшін отырмын ғой осында
Жүре алмаспын оны алдыртып, харамдап!"

"Жәрдемдесем, тәртіпті боп түзелсең,
Нең кетеді бір азырақ күзелсең?
Не тұр дейсің сол сақалға байланған,
Ақселеудей шығады ғой күні ертең!"

Қажы атамыз деді: "Бұған жолама,
Иманынан айырылған оңа ма?
Алдамшыға айырбастап жіберсек,
Жанымызға иман қайта қона ма?!"

Түрме бастық қала берді барқырап...
Тауқыметін тар қапастың тартып-ақ,
Қараңғыны жарып шықты бір күні

Қажы атамыз ақ сақалы жарқырап!
Өткіншіден артық көрген мәңгіні,
Ұрпағына сәуле берген жан нұры,
Аталарым иманынан безбеген
Қыл үстінде тұрғанда да тағдыры!

Сахнадан сәлем

Сенің көзің... Менің көзім...

— Ал, құрдас, құр босқа басты ауыртпай, бір тосқа бола үйдегі досты ауыртпай, заманға сай жаман, тойыс... жаңа әңгімелер қозғасақ қайтеді?

— Қозғасақ қозғайық. Бірақ, өзің түртіп жібермесең, бұғып қалған от сияқты мына менің ұйып қалған миым да қозғалатын емес. Ойлана бастасам ылғи басым ауырып кетеді.

— Мәңгүрт болдың ғой...

— (шала естіп). Маңғыт?

— Аузыңа саңғыт! Мәңгүрт деймін...

— Ол немене тағы?

— О-о, ол ма... Ол бүкіл әлем білетін жиырма-сыншы ғасырдың кереметі!

— Ой, рахмет, рахмет құрдас! Әлем білетін ғасыр кереметіне теңегеніңе өле-өлгенше ризамын!

— Саған ондай болу қайда-а, әлі!

— Е-е, несі бар, болмасаң да ұқсап бақ деген...

— Иә, мына түріңмен... анау қазан басыңның ішіндегі қамырыңа... тойыс... тамырыңа қан жүгірмесе, түбі сол мәңгүрт сияқты бір ғаламат болуың әбден мүмкін.

— Е-е, бәсе! Одан да асып түсесің десең аузың күйе ме, ей? Қимайсың ғой, құрдас, ә? Жарайды, осығанда рахмет саған.

— Оны кезінде көрерміз. Ал енді кел, екеулеп

қазан басындағы қамырынды илеп жіберіп, босқа ашып кетпей тұрғанда тездетіп пісіре қояйық. Келістік пе?

— Ма-а-құл!

— Қазір барлық нәрсеге қайта қарау — ең басты мәселе. Оны әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек, яғни, ең алдымен өзімізге- өзіміз: "Мен кімін?" - деген сұрақ қойып, жауап беруге тиіспіз. Демек, сен кімсің?

— Кімі несі? (ойланып, сасқалақтап) Мен — менмін!!

— Сен — сен болмағанда, мен емес екенің көрініп тұр ғой.

— Енді... кімін десем екен? Әжептәуір нәшандікпін!

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал менің көзіммен қарағанда сен бар болғаны бюрократсың. Тағы кімсің?

— Көк "Волганың" иесімін.

— Тағы?

— (әндетіп) Қара бие, торы бие, көк бие, Құла бие, тоғыз байтал көп бие...

Иә, сосын бес тай, бес жабағының... Ой жануарларым-ай, жандарым-ай десеңші... Төрт сиыр, сегіз торпақтың, отыз екі қазақы, отыз сегіз сарық қойдың, елу екі ешкі мен сегіз серке, тоғыз текенің, жетпіс жеті қазбен тоқсан тоғыз тауықтың иесімін! Уот!

— Қабаған сары итің бар емес пе еді?

— Бір итті әрең асырайтын сен деп пе едің елдің бәрі? Қасқыр алатын қара иттің, суыр алатын сары иттің, талап жейтін ақ иттің, жалап жейтін сақ иттің, шәуілдейтін бір иттің, тәуір дейтін ірі иттің иесімін! Уот, мен кімін, ә?!

— Сосын?

– Сосын... әкемнің баласымын.

– Енді... әкеңнің баласы болмағанда, иттің баласы емессің ғой.

– М-м, былай... бір үйдің иесі, балаларымның папасымын!

– Иә, балаларыңның мамасының да иесісің! Тағы кімсің?

– Сосын ба... сосын... адаммын!

– Әй, құрбас-әй, құрбас... тойыс, құрдас, әуелден сүйдемейсің бе?

– Е-е, несі бар... мен рет-ретімен айтып жатырмын ғой.

– Сонымен, адаммын дейсің,ә? Бірақ ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал мына менің көзіммен қарағанда сен адам емессің!

– Қалайша? Сенің көзің, менің көзім деген немене ол?

– Неменесі несі? Кәдімгідей. Сен өзіңе өз көзіңмен қарап, адаммын деп бөсіп тұрсың, ал мен саған өз көзіммен қарап, адам емессің деп кесіп тұрмын.

– Неге мен адам емеспін? Хайуанмын ба сонда?

– Сен ашуланбай бері қара. Төрт аяқтап жүрмейтіңіңе, абалап үрмейтіңіңе қарағанда хайуанға қоса алмаймын сені. Данышпандар "адам дегеніміз қоғамдық хайуан,"- деген. Ал сен хайуан емессің, демек өмірі қоғамдық хайуан бола алмайсың. Яғни адам емессің!

– Мынауың қызық екен! Ма-а-күл, адам болу үшін әуелі сол хайуан-ақ болайын.

– Дұрыс. Демек, хайуансың ғой?

–Хайуанмын!

– Құттықтаймын! Енді бері қара. Сен – хайуансың. Бірақ, қоғамдық хайуан емессің. Мына түріңе қарағанда қоғамдық болуың да екі талай. Демек,

сары ит-ау... тойыс, сары иттің иесі-ау, сен бәрібір адам емессің!

— Неге? Қоғамдық болғанда, нағыз қоғамдық мен болайын. Жан-жағыма ағайын-туыс, құда-жекжатты түгел жиып, жаңа бір қоғам жасап алсам, солар үшін жарғақ құлағым жастыққа тимей жанталассам, бәрін бір шыбықпен айдап, қоғамдық тәртіп орнатсам, қоғамдық емей кімін? Жеп жатқаным қоғамның байлығы болса, оны жалғыз жемей, ебін тауып туыстарыммен қоғамдасып жесем — қоғамдық хайуан болмай кім болғаным?

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал менің көзіммен қарағанда сен бар болғаны өзі үшін оттаған хайуансың!

— Жок, мен қоғамдық хайуанмын! Басшылардың өзі мені ылғи қоғамның қадірлі азаматы деп ардақтап отырады. Енді ше, қоғамымыздың басшыларын сыйлап, аузыңнан шықпасын, ауыздарын майлап жүрсем, мен құрметті азамат болмағанда, кім болады?!

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал менің көзіммен қарағанда, сен — бастықтардың табанын жалап, жалпақтап, жан бағып жүрген жағымпаздың нақ өзісің!

— Әй, ысылушай... құрдас... Байқап сөйле, мен басымнан сөз асырмайтын горди адаммын! Тіпті, толып жатқан мырқымбай-сырқымбайларды менсінбеймін де! Енді ше, байлық анау, бой мынау — жұрттың төбесінен мен қарамағанда, кім қарайды? Мына сен сияқты тапалдарды: "Осы да еркекпін деп жүр-ау, ә, бейшара!" - деп, мүсіркеп жүремін ішімнен. Уот, мен кімін!

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал менің көзіммен қарағанда сен екі метр бойы бар, жарты метр ойы бар, көзінің еті өскен өр көкіректің нағыз өзісің! Айтпақшы, әлгі бастықтарыңа жағынған кезде осы сенің гордыстың қайда қалады?

— Ол жерге гордыс-мордыстың қандай қатысы бар? Бастықтардың көңілін табу дегенің — кәдімгі кәсібіміз, тіршілігіміз, күн көрісіміз. Көңілін таппай көр — қаңғып кетесің. Бастықтың алдында горди боламын деп, сорлы үй боп кететін көрми емеспіз ғой енді!

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал менің көзіммен қарағанда...

— Ой, сенің көзің құрысын, көзің құрғыр! Бәле болды ғой маған, жылт-жылт етіп... Немене, кісіні мазақ қыласың ба? Ал, шынын айтайын, кім бастықтарға жақсы көргесін жағынушы еді? Күнім үшін әлди, баяғы. Сенбесең, елден сұра, бәрі сөйтеді!

— Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал елдің көзімен қарағанда, сен ақылдың ауытқуынан жаратылған аты жоқ бірдеңесің.

— А-а! Не дейді? Сонда елдің бәрінде көз бар ма, ей?!

— Болғанда қандай! Көзінді аш, аша түс. Ашсаң, енді жөндеп қара! Көрдің бе? Жарқ-жүрк, жылт-жылт... құр жылтырап тұрған моншақ емес, соның бәрі кәдімгідей көреді. Және әрқайсысы өзінше көреді, тіпті екеумізден де жақсы көруі мүмкін.

— Көргіштерін! Рас, енді адам болғасын, екі көзі болғасын айналасын, жүретін жолын, бәрін көреді ғой. Көзді сол үшін берген. Бірақ, сен басқа бірдеңені айтып тұрған сияқтысың. Сонда нені, қалай көреді?

— Оны әр көздің иесі ғана біледі, құрдас. Мысалы, мына сені әркім өз көзімен көреді, өз тұрғысынан бағалайды. Ұқтың ба? Сонда сенің кім болып шығатының белгісіз...

— Қалай белгісіз? Белгілі. Мен — менмін, бітті! Басқалардың мені өзінше көруге, өзінше бағалауға хақысы жоқ. Өз бағам өзімде — өзгенікі шепука!

– Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал елдің көзімен қарағанда сен шепуқасың. Шепуқаның да ты покасы бар. Мәселен, оң көзімен қараса, онда ты пока... нешауасың, ал оң көздің сол көзге айнала салуы тіпті оңай...

– Маған олардың оң көзі, сол көзі түгілі вабще көздерінің керегі жоқ! Міне, мына менің көзім ғана көз, олардікі – шепука!

– Ол сенің көзіңмен қарағанда. Ал елдің көзімен қарағанда...

– Әй, ысылушай құрдас! Бұл неғылған қаптаған көз? Оның бәрі өзінше көре берсе не боламыз? Соның біреуі ғана дұрыс қой! Міне! (жұдырығын түйеді) Қай көзбен, қай жағынан қарасаң да жұдырық қой, ә? Уот, бәрі де осындай. Осы жұрттың бәрі неге менің көзіммен ғана көрмейді, ә?! Ең дұрысы сол! Ал сенің де, ананың да, мынаның да, қысқасы бәрінің де көздерін ойып тастар ма еді! Менің көзім ғана көз! (кетеді). Өзгенікі шепуқа!

– Көз ойғышын... Көз ою науқаны басталса, алдымен өзінің көзі ойылып кетуі мүмкін екенін ойлай ма екен?!

1989 ж.

Рахме-е-е-ет!

– Иә, бала, халың қалай?

– Жақсы, ағасы.

– Иә, әйтеуір жүріп жатарсындар ма, былай?

– Иә, әйтеуір жүріп жатармыз былай... ағасы.

– М-м-м-м, да! Тағы не айтасың?

– Не айтайын? Бәрі жақсы, ағасы.

- Ағасы, ағасы... Басқа ештеңе айтпайсың ба?
- Не айтайын енді, ағасы?
- Былай... бала... осы мен саған өткенде бір жақсылық жасадым ғой,ә?!
- Жасадыңыз, ағасы.
- Е-е, бәсе! Сені көрсем бір түрлі бұлданғым келіп тұрады әйтеуір, осыған жақсылық жасап едім ғой деп. Уот, соның қадірін білу керек!
- Енді... білеміз ғой ағасы, білеміз.
- Білгенің сол ма, ей? Білсең, былай... Жөндеп рахмет айтпаушы ма едің?
- Рахмет, рахмет! Көп рахмет,ағасы!
- М-м-м, да! Сол-ақ па, ей? Осы күнгінің балаларына жақсылық қылсаң, жөндеп рахмет айтуды да білмейді.
- Енді... айттық қой... айтып жатырмыз ғой,ағасы. Рахмет, алла риза болсын, құдайдан қайтсын!
- Жә, жә! Өзің тіпті қараңғы екенсің ғой. Әй, бірақ саған оқу қонушы ма еді? "Жақсылығым құдайдан қашан қайтады?"- деп, жүрем бе өстіп? Одан да ағаңа дұрыстап рахмет айтпайсың ба?!
- Енді... білгенімізді айтып жатырмыз ғой. Тіпті сыртыңыздан да рахмет жаудырып жатамыз! "Алғыспен ел көгерер" дегендей...
- Мақалыңа – қақал! Сырттан жаудырған рахметіңнен не пайда? Иә, айтпақшы, осы мен саған қандай жақсылық жасадым, ей? Түрмеден шығарып алып па едім?
- Астапыралла! Мен сотталып көрген емеспін, ағасы.
- Өкінішті!
- Қалай?
- Солай. Сотталып кетсең ғой, мен сені шығарып алар едім. Шығарып алған соң... иә... ар жағы белгілі...

– Маған белгісіз... ар жағы...

– Шикі басым-ай, соны білмегенің үшін-ақ кәтәләшкаға қамап қояр ма еді? Зек болсаң – ісек болар ең, біздерге сеп болар ең, зонадан шығарып, қорама қамап, өмір бойы жеп болар ем! Енді ше? Аналардың зонасында отырғаннан гөрі, ағалардың қорасында тұрған жақсы емес пе, ә?! Жарайды, оны сотталған кезде түсінерсің. Ал мен саған бір керрр-ремет жақсылық жасағандай боламын да тұрамын. Сен сол қадірімді білмей жүргендей қоңылтақсिमьын келіп... Үлкен адамдар ұмытшақ келеді ғой. Әлде, жұмысқа тұрғыздым ба?

– Ой, ағасы-ай, мен қойшымын ғой. Блатпен ойшыл болғандар бар шығар, бірақ қойшы болған ешкім жоқ.

– А-а, солай ма? Жә, жә, оны қойшы. Қайдағыны айтасың. Үп-үлкен кісінің саған қандай жақсылық жасадым деп басы қатып тұрса. Осы, мен сені...

– Ана жылы жайлауға соғып, біздің үйден қымыз ішкенсіз. Ауылға бара жатыр екенсіз.. менің де бір шаруам бар еді... Сонда машинаңызбен төрт шақырым жердегі ауылға бірге жетіп қалғанмын.

– Е-е, бәсе, бәсе! Әнеки! Сонда үйіңе соғып, қымыз ішпесем ғой, ауылға бара алмайтын едің, ә? Қанша шаруаң қалар еді! Е, бәсе өзім де сені көрген сайын: "мен болмасам қайтер еді, бейшара?!"- деп аяйтыным сол екен ғой. Соған дұрыстап рахмет айтуды да білмейсің.

– Айтып жатырмыз ғой, енді, ағасы...

– Олай емес, былай... Дұрыстап айту керек. Сендейлерге жақсылық жасағанда, қалай рахмет айтуды қоса үйрету керек болды ғой...

– Ал, рах-ме-е-е-ет!

– Рах-ме-е-е-етінді қалтаңа сап қой! Кісінің қадірін білу керек...

– Әй, енді не қыл дейсің?!

– Әй, мынау кайтеді, ей? Адырандама! Айттым ғой, кісінің қадірін білуші ме еді бұлар. Мен болмасам ғой... ә? Рахметің осы ғой, ә?

– Бұйткен жақсылығыңның да, сенің де атаңа на-ғыл-е-е-ет! (кетеді)

– Өне, осыдан кейін кісіге жақсылық жасап көр. Білмейді ғой қадірінді, білмейді. Әй, анау кім, әй? Тоқта, тоқта, өткенде соған бір жақсылық жасаған сияқты едім...(кетеді)

1989 ж.

Бірдеңе Шірдеңеевич

– Ассалаумағалейкүм, Бірдеңе!

– Ә-ә, сәләмәт па?

– Көрмегелі не заман?!

– Е-е, оны кім санапты.

– Ой, өзің бір түрлі сынықтаусың ба, суық- таусың ба, немене? Бірдеңе мені көрсе бірден бас салып құшақтай алады деп жүрсем...

– Дұрыс қой, иә... енді... Бірақ, бізге құшақтауға болмайды.

– А-а?! Неге? Бірдеңем жұғып қала ма Бірдеңе, жоқ әлде өзің былай... Жұқтыратының жоқ па дегенім ғой...

– Жоға, ондай бәледен аулақпыз. Заң бойынша... былай... болмайды енді...

– Ә-ә, білдім,білдім... Ішіңнен жақсы көріп, ішіңнен сағынып жүреді екенсің ғой...

– Жоға, о не дегенің... Бізге болмайды.

– Не... болмайды!

– Жақсы көруге, сағынуға болмайды... заң бойынша...

– Әй, Бірдеңе, саған бірдеңе көрінген шығар осы. Ол нағылған заң?

– Жоқ... енді... арнайы қабылданған қаулы, әдейі шығарылған заң жоқ қой... Бірақ... былай... Тұрмыстың қалыптасқан тәртібі бар емес пе? Әжептәуір адамбыз... жарбандап, құшақтасып жатқан ұят болады... бұдан былай есінде болсын.

– Әй, мынау не дейді? Жақсы көретін адамды құшақтағанның несі айып?

– Но, жарайды, ондай қазақпайшина сендерге жарасса да, маған жараспайды, білдің бе?

– Е-е, соншама сен кім едің, әй?!

– Кімі несі-ей, мынаның. Өстіп өзімсініп өлтіресіңдер ғой кісіні... Білдей бір бастықпын, дөкеймін, ал қайтесің? Сендейлерді құшақтай бермейтінім де сондықтан.

– Ә-ә, солай ма? Жарайды, менің де сені құшақтағым келіп тұрғаны шамалы. Сендейлердің әдеті ғой – құшақтаған адамын сүйгілеп, сілекейлеп зықысын шығаратын... Көргенбіз талай... телевизордан!

– Онда тұрған не бар? Біз өзі мына сен сияқты анау-мынауларды құшақтай бермейміз. Дөкейлерді ғана құшақтаймыз. Бірақ, құшақтағанда да өкіртеміз енді. Өне, нағыз сағыныш, шын махаббат деген сол!

– Үй, қойшы-үй, кісінің жүрегін айнытпай... Бір-бірінді қалай жақсы көретіндерінді көрдік қой. Кеше құшақтағандарыңды бүгін тіпті жеп қойғыларың келеді екен! Құшақтасып тұрып, пышақтасқан заман-ай!

– Жә-жә, байқа... Онда тұрған дәнеңе жоқ... және ол сенің миың жететін шаруа емес. Пышақтасқанды қоя тұрып, құшақтасқанды айтсаңшы! Па, шіркін,

күштілерімізді көргенде көңіліміз майдай еріп, көзіміз жасаурап, ыңғай білдірсе болды, құшағына қойып кеткен кезімізге не жетеді! Олар да сені бауырына тартып, виски мен мальбороның жаныңа жағатын иісі аңқыған әдемі аузымен ерніңнен еңірете сүйгенде бақыттан мас болып, өңмен түстің арасында ес-түссіз қалықтап жүре бересің... иә... бұл үшін өмір сүруге болады!

— Әй, Бірдеңе, ернінен сүйгізетін, ернінен сүйгенге есінен танып қалатын сен немене, қатынсың ба?! Еркекті еркек ернінен сүйетін сұмдықты атам қазақ білмеген!

— Атаң қазақ көп нәрсені білмеген. Сол да мақтаныш па? Басқасын былай қойғанда, құрметті, мәртебелі қонақтарын сүюді білмегендері тіпті ұят қой. Олардың қатесін мәдениетті ұрпақтары — мына біз түзеттік.

— Жетістірдіңдер. Шолп-шолп сүйісіп жатқандарыңның несі жақсы?

— Мәдениетті елдерден жұққан жақсы әдет бұл. Өзің айтшы, Москвадан келген мәртебелі мейман сені құшақтап, ерніңнен сүймек болса, тырп ете аласың ба? Ернің түгілі тіліңді қоса сорғызарсың, ә, батыр?!

— Сүйгізбеймін... Атып жіберсе де. Адамды басыну ғой бұл!

— Үй, тулама, сені сүйейін деп жатқан ешкім жоқ. Сені қайтеді мына біз тұрғанда!

— Мен де қайтемін оларды? Мәдениетті елдерің сүйісе ме, түйісе ме — не істейтінін өздері білсін. Ал нағыз қазақтың еркектері бір-бірімен ешқашан да сүйіспейді. Құшақтасып, төс қағыстырады. Білдің бе, Бірдеңе!

— Ой, басты ауыртпа, оның бәрі келмеске кеткен. Қазір жұрттан сұрайық — бәрі де сүйіседі. Солай ма, жігітім? Сондықтан да сен қазақпайшылап Бірдеңе

дегенінді де қой бұдан былай. Бірдеңе Шірдеңеевич де... заң бойынша.

– Не-е?! Ой, ит-ау, бірге өскенің өз алдына, әкеміздей Шірекеңнің атын қалай атаймын? Жарайды, дөкей екенсің, жұрттың көзінше

Бірдеңе дегенге бірдеңең кететін болса, Біреке Бәке дейін енді.

– Бәкенді әкеңе апарып бер. Ысылушай, осы Бірдеңе, Бәке дегеннен көрген қорлығым жетеді... Бірдеңе Шірдеңеевич болғанға дейін.

– Иә, ол не қорлық сонша? Айтшы, біз де білейік...

– Әуелде біз бұған мән берген жоқпыз, әрине... Жаңадан жұмыс істей бастағанда жұрт мені біразға дейін жай Бірдеңе деп жүрді. Яғни, дәнеңе емессің деген сөз. Бірте-бірте Бәке дей бастады-ептеп бірдеңе болғандағы түрім. Ал өзіңмен қатар, тіпті жасы кіші, бірақ қызметі үлкен жігіттер Пәленше Түгеншеевич болып жүргенде, біртүрлі ішің ашиды екен. Біраздан кейін мен де Бірдеңе Шірдеңеевич болып, шіреніп шыға келдім, бірақ әлі де шамалы едім. Өйткені, бұл кезде жұмыста ғана болмаса, былайғы жерде, қонақта Бәке немесе жай Шірдеңеевич деп қана айтылатынбыз. Содан кейін барып... Дәрежеміз әбден өскенде ғана... қайда болсын тек қана Бірдеңе Шірдеңеевич деп аталатын болдық. Ұқтың ба, ей?

– Нені ұғамын? Кісі болғандағы түрің сол ма, әркімге – бала-шаға, келін-кепшік, қыз-қырқын, қатын-қалашқа дейін әкеңнің атын ататқызып... Қазақша Бәке дегеннен артық не бар?

– Сен өйтіп ақымақ болмай, айналаңа анықтап қарап ал. Кім көрінгенді Пәленше Түгеншеевич демейді ешқашанда. Пәленше Түгеншеевич болу зор құрмет, былайша айтқанда, атақ-дәреже, мәртебе. Жұрттың соған қолы жетпей жүргенде, ат-тонын ала қашқан сен жынды екенсің!

– Мен емес, Пәленше Түгеншеевич дегенді құрмет көріп жүрген сен жындысың. Орыстың кез келгені – Пәленше Түгеншеевич, ал солай аталу – қазақ үшін зор құрмет, мәртебе болуының өзі маскара, қорлық емес пе ойлағанға?!

– Ол сен сияқты надандардың ойы. Пәленше Түгеншеевич аталу – орыстар үшін табиғи нәрсе болса, біз үшін ерекше құрмет екендігін кез келген көзі ашық қазақ айтады. Бәке, Шәке дегеннің күні өткен, сондықтан өнбейтін дауды қуып қайтесің. Бұдан былай мені Бірдеңе Шірдеңеевич демей, Бәке дейтін болсаң – өкпелеме. Сәлем беруді де үйрен – "ассалау" деп аузыңды аш- пай...

– Әй, енді... ата-бабамыздың айтып келе жатқан "ассалауы" ғой.

– Ата-бабам, ата-бабам!.. Ата-бабанның басын ауыртпай, айналаңа қара. Ауылда болмаса, сенің "ассалауың" басқаларға жүрмейді. Сәлемде де дәреже бар. Мысалы, аупарткомға барғанда "ассалау" деп көрші, аузыңды ауыстырып берсін. Басқа жерлер де солай, сенбесең тексеріп көр – "ассалауыңа" жауап берер ме екен?

– Уағалайқұмассалам дей салса бірдеңелері кете ме?

– Әй, олар сенің атаң деп пе едің? Бұдан былай алдыңғы қатарлы, беделді кісілердің бәрі де басқаша сәлемдесетінін біліп жүргенің жөн болады. Мысалы маған: "Сәлеметсіз бе, Бірдеңе Шірдеңеевич!" десең қатып кетеді.

– Ассалаумағалейкүм, Бәке, десем ше?

– Ондай сәлемің де, сенің де керегің жоқ!

– Сенің де маған керегің жоқ! Бұрын Бірдеңе едің, енді дәнеңе де емессің! (кетеді).

Күлкі іздеп жүрмін...

Төлеубек пен Сафуанға

(Ұзынтұра алақтап, еңкедеп, қарманып, жан-жағынан бірдеме іздеп, аласұрып жүр. Басын шайқап, өкініп, әлденені есіне түсіре алмай қиналып, ойланып қояды да, тағы іздейді. Әндетіп аласа бойлы жиені келеді).

Ж и е н: Еңсегей бойлы ер Есім,

Есесін жаудан қайтарып

Еңсесін елдің көтеріп

Ер қазаққа нұсқа ғып

Ескі жолын қалдырған! (Еңкейе сығалап жатқан ұзынтұраға шалынысып, бір домалап тұрады). Ойпырмай!.. Дөңбек қақпанға түсіп қалып, ашынған аю екен десем...

Н а ғ а ш ы: Е-е... Тарбандаған тасбақа, дорбандаған доңыз демей, қорбандаған аю дегеніңе де рахмет, қонжық құсап қомпиған әкеңнің аузын... жаман жиен!

Ж и е н: Нағашыма тартқам!

Н а ғ а ш ы: Ә-ә!... О, көксоққан! Жарайды, жақсы жиен!

Ж и е н: Әкеме тартқам!

Н а ғ а ш ы: Қап, мына саппасты-ай! Е-he-he! Әкесіне де, шешесіне де тартқан жақсы жиен!

Ж и е н: Е-е, бәсе! Қалақайдай сөзіңіз алақайдай болса бір сәрі! Жә, жақсылы-жаманды нағашы басыңызбен тапай тал түсте тауықкөзденіп, неменеге тоңқандап жатырсыз?

Н а ғ а ш ы: О, шұнағым-ау сол, іздейтін нәрсе аз ба қазір?

Ж и е н: онда іздесейік, із кесейік... Жоғыңыздың пошымы қандай? Ныспы кім?

Н а ғ а ш ы: Апырмай! Айтсам ба екен, айтпасам ба екен?!

Ж и е н: О, нағашы, айтыңыз, айтыңыз! Маған айтпағанда кімге айтасыз?

Н а ғ а ш ы: Қап! Айтсам — мазақ, айтпасам — азап!

Ж и е н: Айтыңыз, нағашы, айтыңызшы енді! Бәлкі, ынтызарыңызды тауып беріп, сүйіншіге бір кенеліп қалармын!

Н а ғ а ш ы: Кеңірдегіңнен келер! Ал, қоймадың ғой... Тәуекел! Күлкі іздеп жүрмін!

Ж и е н: Күл-кі?! Ой, сіз де... Самырсын құраса — топалақ, самұрық құласа — жапалақ, таудай басыңызбен тарыдай күлкі іздеп күңіреніп жүргеніңіз масқара емес пе?

Н а ғ а ш ы: Енді қайт дейсің?! Оп-оңды келе жатыр едім, бір нәрсе есіме сарт ете түсті де, миымда бірдеңе жарқ ете түсті де, енді рахаттанып күле бергенімде, күлкім езуімнен үзіліп кетіп, етегіме қарай домалай жөнелді. Содан, ал ізде! Жоқ! Ой жоғалтқан қой жоғалтқаннан да қиын екен! Неменеге күлмек болғанымды есіме түсіре алмай, алдынан қашқан алтайы түлкіге алқынбай жетсе де, амалы құрыған тұмылдырықты құмай тазыдай боп тұрғаным...

Ж и е н: Ойбай-ау, өйтіп пұшайман болғанша басқа бірдемеге күле салмайсыз ба? Қазір айналамызда, жоғары төменде күлетін нәрсе толып жатқан жоқ па?!

Н а ғ а ш ы: Болмай тұр ғой, болмайды! Миыма тікендей қадалып, зәһары жайылып барады. Басқа нәрсеге күле алмаймын!!!

Ж и е н: Мұныңыз мұқым елде жоқ бір кеніш күлкі болды ғой!

Н а ғ а ш ы: О-о, иә,иә! Қадым заманнан бермен қарай кісі атаулыны қинап көрмеген кесір күлкі! Ух, уысыма түспей сергелден қылды-ау!

Ж и е н: Онда сіздей сермендені дәрігерге дәрет

тапсыртып, көріпкелге көрсетіп, емші-домшыға емдетіп-демдетіп, сәуегейге сорпалатып, тәуіпке торталатып алсақ дауа болар ма екен?

Нағашы: Серменде емес, шермендемін ғой мен!

Жиен: Тс-с! Дымың ішінде болсын! Біреу-міреу естіп қойса, айкезбе деп аулақтап, тіпті ұстамасы бар деп жындыхананың бір түкпіріне зытырып жіберуі де мүмкін!

Нағашы: Әй, жындыханаңа жол болсын, жаман әкеңнің аузын... жаман жиен! Немене, нағашыңнан құтыла алмай жүр ме едің? Әлде мені бірер шаригі жетіспейтін кеңкелес деп қалдың ба?! А-а? Ендеше біліп қой – менің мына қазандай басымның ішіндегі дүниенің тең жартысы істен шықса да, қалғанының өзі мына сен сияқтыларды он орап алуға жетіп жатыр!

Жиен: Асылық қылмаңыз, нағашы! Абыз болар шағыңызды сағыз болсаңыз, не қайыр, не үміт?!

Нағашы: Өй бетімен кеткен... ділмарсыма!

Жиен: Сіз де даурықпаңыз, нағашы! Бойыңыз Есім ханға бара-бар, ал кәсібіңіз..!

Нағашы: Ишаратыңды түсіндік, бірақ, сен межелегендей бишара емеспіз... Құдайға шүкір, қауымға қадіріміз бар. Еждихатсыз енжар, тойымсыз тіленші, жылымшы жәдігөй, елден шыққан жексұрын боп көргеміз жоқ! Сөз теріп, біреуді біреуге шағыстырып, шырыш бұзып, ай кәпір атанбадық! Сыйламасаң сыйламай-ақ қой! Сенің сыйыңа қаратпасын! Бақайымнан келмейтін боқмұрын едің, балағымнан ілуге жарап қалған екенсің!

Жиен: Ойһой, нағашеке-ау, не болды сонша таусылып?! Сыйлағанда мен сыйлайын! Жаңағы айтқан жамғатыңыздың һәммәсынан да мен керім жақсы көремін сізді! Әйдік те өйбөт нағашым аман болса екен деп сыртыңыздан мінәжат қылып та

жүремін... шекшиген сары шыбыш пен кекшиген лак текеден басқа түк бермесеніз де!

Н а ғ а ш ы: (көңілі босап, көзін сүрте беріп, шұғыл шоршып түседі) Ешкіден басқа ештеме есінде қалмаған екен, есалаң неме! Қызыңа берген қызыл құнажын мен ұлыңа берген құла биені қалай ғана ұмыта қалдың,ә?

Ж и е н: Жаман бергенін айтады дегендей... Жұрттың нағашысы үйіп-төгіп тастайды ғой осы, бұлданбай-ақ!

Н а ғ а ш ы: Әне, өстіп өлтіреді ғой бұ қазақ! Айтпақшы, егер мен олай-бұлай боп кетсем, не әкелесің?!

Ж и е н: А-а! Қайдағыны айтпаңыз, нағашы! Алдымызда жүре тұрыңыз!

Н а ғ а ш ы: Жоқ, енді, мысал үшін... Қалай бата қыласың?

Ж и е н: Енді... Жалпақ жаһанға қаһандай қадірі бар наһан нағашымнан немді аяймын?!

Н а ғ а ш ы: Әй, кәңкретні...

Ж и е н: Семіз құнан қой қатып кетпей ме?

Н а ғ а ш ы: Немене, бір түйелік, әйтпесе биелік құным жоқ па?

Ж и е н: Сізге жетер баға бар ма, бағалайтын бізде шама бар ма?!

Н а ғ а ш ы: Майбалықтай лыпылдасаң да майдалығың көрініп тұр! Бізге тартсаң бұйтпес едің... Жарайды, әлгі айтқанына да мақұл, бере бер!

Ж и е н: ?!

Н а ғ а ш ы: Сонда беретініңді қазір бере бер деймін!

Ж и е н: ?!

Н а ғ а ш ы: Әлгі... мен өлгенде батаға беретініңді қазірден өзіме беріп қойсаңшы! Бөтен кісі емеспіз... Маған қазір керек боп тұр!

Ж и е н: Қ-қ-қалай?

Н а ғ а ш ы: Кәдімгідей! Жиенім берді деп жеркөкке жаяйын! Кейін құрқол келсең де ренжімеймін!

Ж и е н: Жо-оқ, нағашы, болмайды. Әр нәрсе уағында. Кейін қалай бос барамыз? Елден ұят емес пе?

Н а ғ а ш ы: Несі ұят? Сен өзің елге әкелесің бе, жоқ маған әкелесің бе?

Ж и е н: Енді... сізге...

Н а ғ а ш ы: Онда менің өзіме бер! Тіпті бетоншағың үзіліп бара жатса, мен қолхат берейін – малын өзім алып жеп қойғам деп...

Ж и е н: Атай көрмеңіз... Аты жаман ғой...

Н а ғ а ш ы: Өлгенде беретіндеріңді тіріде қимайтындарың не, әй,ә?! Сендер бірдеңе беру үшін әбизәтілні өлуіміз керек пе?

Ж и е н: Жоқ, енді... оның жөн-жобасы бар емес пе? Жә... Ал егер сізден бұрын біздің шал... жездекейіңіз неғылса... нетер едіңіз?

Н а ғ а ш ы: Неғылса нетемін?

Ж и е н: Тырқиып қалса деймін...

Н а ғ а ш ы: Онда... маған не әкелем деп едің?

Ж и е н: Бордақы құнан қой!

Н а ғ а ш ы: Тәк-к! Онда сенің әкеңе тоқты-торым да жарап қалар!

Ж и е н: Қа-қа-қалайша?

Н а ғ а ш ы: Солайша! Сенің әкең менен екі есе бітті! Демек, менің сыбағам да екі есе артық болуға тиісті!

Ж и е н: Мәссаған! Өйтсеңіз, мен де сізге қойымды апармаймын! Неге сіздің еншіңізге екі есе тиюі керек?!

Н а ғ а ш ы: Міңдетті түрде! Өйткені мен дәумін! Тіпті алыптарды алқайтын арнайы заң қабылданып, оларға екі есе пенсия төленсе игі!

Ж и е н: Жо-оқ, қайта сіздерге екі есе салық салу қажет! Тойға, ақша жинағанда да сіздерден екі үлес алған жөн!

Н а ғ а ш ы: Тәйт! Күшәлә жалаған күшік құсап шәуілдемей...

Ж и е н: Сіз де қорқор тартқан қорқаудай ғұр-ғұр етпеңіз... Қолтырауынның қолтығын қытықтап, шүрегейдің шабына ши жүгірткен жаман жиеніңізді қорқыта алмайсыз бәрібір...

Н а ғ а ш ы: Ха-ха-ха! Қолтырауын дедің бе, айналып қана кетейін-ау сол! Осы ғой манадан басымды қатырған! Қолтырауынның крокодил ғой! Ха-ха-ха! Әй, көп жаса, жиен!

Ж и е н: Әмин!

Н а ғ а ш ы: Жүр, кеттік, үйге! Басыңа ақ құйып шығарайын! Ха-ха-ха! Ох-хо-хо!

Ж и е н: Хи-хи-хи! Хе-хе-хе!

Н а ғ а ш ы: Әлгі қолтырауын... крокодил... біреуді жейін деп жатқанда жылайды екен. Көзінен жас парлағанын көргенде, "не деген қайырымды қолтырауын, құрбандығын аяп жылап тұр-ау!"- деп, аңқаулар аузын ашады ғой, баяғы. Сөйтсе, қолтырауынның қарны ашып, тәбеті қозғанда көзінен жас ағады екен! Ха-ха-ха!

Ж и е н: Хи-хи-хи!

Н а ғ а ш ы: Біздің кейбір жеменгерлер де сол қолтырауын сияқты – "елім-ай, елім-ай" деп еңірегенде етектері толып жүріп, елді есеңгіретіп жіберген жоқ па?! Ха-ха-ха! Өмір дегенің осылай, ботам! Жүр, кеттік!

Ж и е н: Жүр десеніз, томпаңдай беремін ғой! Сіздің бергеніңізді өтірік жыламай, ойнап-күліп соға беремін ғой, дәу нағашы! (кетеді)

Қазақтар Парижде

(80 жылдар)

Бірінші көрініс

(Париж аэропорты. Бір топ қазақ самолеттен түскелі жатыр)

Я к у д а е в: Тә-әкк! Түгелсіндер ме?

1-к е л і н ш е к: Мінгенде түгелміз де!

Я к у д а е в: Мен түсердегіні сұрап тұрмын!

2-к е л і н ш е к: Түгел болмағанда құйрықты жұлдызға жармасып, шексіздікке шеру тартып кетті дейсіз бе?

3-к е л і н ш е к: Шіркін-ай десеңші!

Я к у д а е в: Доғарындар! Сендер көкбазарға емес, Парижге келіп тұрсындар! Шалтай-балтай болмасын! Тәртіп керек! Тәртіпке бағынбағандарыңды барғасын Цека мен Чекаға жамандап қойсам, Сенада серуендемек түгілі, сенектерінде сергелдең боларсындар! Сондықтан жандарыңды күтіп, делегация басшысына, яғни мына мен — Якудаевқа бас шұлғып, мойынсұнуға міндеттісіңдер! Сонымен түгелсіндер ме?

1,2,3-к е л і н ш е к т е р: (жуасып, жарыса) Түгелміз! Осындамыз! Бәрі де орнында, ағай!

Я к у д а е в: Қазір трапты әкелгенде таласып-тармасып, түк көрмеген дүңгәнелар құсап күлкі боп жүрмеңдер. Алдымен мына мен — Якудаев түсуім керек. Пранцуздар Якудаев келеді деп дүрлігіп, тосып та тұрған шығар!

1-к е л і н ш е к: Ағай, сіздің пәмиләңіз бір ғажап қызық пәмилә екен! Якудаев! Мағнасы не білдіреді, ә?

2-к е л і н ш е к: Я — құдай, мен — құдай деген сөзден шыққан ба?

3-к е л і н ш е к: Оригинально!

2-к е л і н ш е к: Уникально!

1-к е л і н ш е к: Гениально!

Я к у д а е в: Енді... кім біледі?! Әйтеуір осал емеспіз!

Ә б і ш е в: Бұл сөздің түбі я куда – яғни мен қайда деген сөз!

1,2,3-к е л і н ш е к т е р:(жарыса) Я куда? Мен қайда? Хи-хи-хи! Ха-ха-ха! Ой, қызық-ай!

Ә б і ш е в: Иә, иә, мен қайда – я куда! Қайда баратыныңызды өзіңіз де білмейсіз деген сөз! Я куда – мен қайда, мен қайда деп, бағыт-бағдарыңызды, не істеп, не қоятыныңызды ылғи жоғарыдағылардан сұрап, солардың айтқанына көніп, айдауына жүріп, қалай қарай бұрса, солай қарай томпаңдай беретініңіз өтірік пе?!

Я к у д а е в: Әй, бала, байқа! Мен қайда, мен қайда деп жүріп өзіңнің қайда кеткенінді білмей қап жүрме. Ал, міне трап, енді түсуге де болады. Бас-басыңа мен қайда деп, әр тарапқа тарта бермей, Якудаевтың соңынан жорта беріндер!

(Апыр-топыр самолеттен түседі.)

Я к у д а е в: (Оң қолын көтеріп, қарнын шартитып) Сәбетский салют, Пранция!

(Ығы-жығы, сапырылысқан халық. Бұларды қарсы алып тұрған ешкім жоқ. Арлы-берлі жүреді. Аңтарылып, елеңдеп тұрады.)

1-к е л і н ш е к: Апаңа да барарсың, аңырып та отырарсың дегеннің кері келді білем!

2-к е л і н ш е к: Кісінің жынын ұстатпай жайыңа тұршы! Қай апаңды ұзатып ең бұяққа?

3-к е л і н ш е к: Шіркін-ай десейші, беті шылп етпейді. Тәкаппар Париж сенің салпыетек апаңды қайтсін?!

1-к е л і н ш е к: Мәтел болғасын айтып жатырмын...

2-к е л і н ш е к: Мәтелді қойып, әтелге жетуді ойлайық!

3-к е л і н ш е к: Ешкім қарсы алмай қойса қайтеміз? Қаңғып-қаңғып, қайтамыз ба елге?!

Я к у д а е в: Япырмай! Біздің салмағымызды сезбегендері ме? Якудаевты безбендегенде безгектері ұстап қалды ма екен безбүйректердің? Әлде сәбеттер саюзына көрсеткен қырлары ма? Ерегескенде, дипломатиялық қарым-қатынасты үзсем бе екен?! (Осы кезде екі француз анадай жерге кеп тұра қалады. Қолдарында плакат. Әдемілеп французша-орысша жазылған "Монсеньор Абишев" деген сөз алыстан көз тартады.)

1,2,3- к е л і н ш е к т е р: Әй, анаң қара! Анаң қара! Мыналар біреуді күтіп тұрған сияқты!

Я к у д а е в: Мыналар ма? Жоқ, бізді емес! Якудаев деген сөз жоқ мында!

Ә б і ш е в: Тоқта, тоқта! Мынау "Монсеньор Әбішев" деген сөз ғой!

Я к у д а е в: Болса қайтейік?

Ә б і ш е в: О-о! Мен Әбішев! (француздармен амандасады) Ассаламуғаләйкүм!

1-ф р а н ц у з: Монсеньор Абишев, Францияға қош келдіңіз!

2-ф р а н ц у з: Қош келдіңіз Парижге! (Әбішев олармен французша шүйіркелесіп кетеді).

Я к у д а е в: Қарай гөр мынаны! ...Өзін менсінбей жүрсем... Қап!

3-к е л і н ш е к: Жарайды. Жастардың өскеніне қуанбайсыз ба қайта?!

Я к у д а е в: Қуанбаймын! Көре алмаймын! Ішім күйіп барады! Мен тұрғанда монсеньор болатын кім ол сонша, ә?!

(Әбішев пен француздар келеді.)

1-ф р а н ц у з: Қош келдіңіздер! Мсье Якудай-офф!

2-ф р а н ц у з: Мадам!

Я к у д а е в: Иә, аман, аман...(Әбішевке): Әй, сенің "ассалауыңа" жол болсын? Неге "іздірәсти" демейсің,ә?

Ә б і ш е в: Ата-бабамыздың салтымен сәлем бергеніміз жөн емес пе!

Я к у д а е в: Какой ата-баба саған, Ұлы Отанымыз тұрғанда? Енді аузыңды "ассалау" деп керіп көр, барғасын екі айыртып, тебен инені тарамыспен сабақтатып, табандатып тұрып тіктіріп тастаймын! Екіншіден, қандай блатпен монсеньор болып жүрсің?

Ә б і ш е в: Блаты несі?

Я к у д а е в: Мыналар неге маған "мсье" деп мезірет жасай салып, сені "монсеньор деп хан көтеріп жатыр! Ол жерде менің пәмиләм, яғни, Якудаев тұруға тиіс еді ғой!

Ә б і ш е в: Ой, ағай-ай, бала боп кеттіңіз бе? Париждегілер сіздер құсап ұсақ-түйекке мән береді дейсіз бе? Алфавит бойынша алған да қоя салған!

Я к у д а е в: А-а! Жок, бәрібір бір гәп бар мұнда! Ладно, разберемся!

1,2-ф р а н ц у з д а р: Монсеньор Абишев! Мсье Яку-дай-офф! Мадам! (Ишара жасап, алға бастайды)

1-к е л і н ш е к: Әй, әлгі біздің заттарымыз қайда?

3-к е л і н ш е к: Шатыраш қызыл шабадан көздеріңе шалынбады ма? Ішінде айырбастауға алған оны-мұныларым бар еді. Қап, құрыды-ау!

2-к е л і н ш е к: Менің сөмкем жоғалып кетпесінші... Ала жіппен буылған сары сөмке!

1-к е л і н ш е к: (французға) Қайда біздің сөмішке?

2,3-к е л і н ш е к т е р: Ігіде? Ігіде?

Ә б і ш е в: (француздармен күбірлесіп алып) Алаң болмаңыздар! Заттарыңыз түгел машинада!
(бәрі кетеді)

Екінші көрініс

(Париждің ортасында Якудаев бастаған үш келіншек қыдырып жүр)

1,2,3-к е л і н ш е к т е р: Ғажап! Тамаша! Адам айтар емес!

Я к у д а е в: Любо! Любо!

1-к е л і н ш е к: Әттең, тіл білмегесін қиын екен! Мылқау болдық та қалдық...

2,3-к е л і н ш е к т е р: Шіркін-ай десейші... Мүлде меңіреу екенбіз ғой...

1-к е л і н ш е к: (Якудаевқа) Әлгі монсеньор баланы басқа топқа қосып жібергеніңіз не?

Я к у д а е в: Онсыз да қартамыз айналады! Шетелше мінгірледі екен деп, шылбырды үстата саламыз ба қолына? Аулақ! Менің жанымда кім ол сонша?!

2-к е л і н ш е к: Кім болса о болсын, көзімізді ашып, қолымызды ұзартатын еді-ау!

Я к у д а е в: Тәйт! Сен білмейтін нәрсені білетін кісі сенің беделіңе нұқсан келтіріп тұрады. Ондайларды аластау керек маңайдан! Өзім-ақ бірдеме қылармын...

1-к е л і н ш е к: Ал, бірдеме қылсаңыз... бізге туалетке бару керек!

2,3- к е л і н ш е к т е р: Иә, ұлы сөздің ұяттығы жоқ... Қатты қысылып тұрмыз!

Я к у д а е в: Е-е, қысылсаңдар, сендерді кім ұстап тұр? Барыңдар!

1,2,3-к е л і н ш е к т е р: Қайда? Якуда? Мен қайда?

Я к у д а е в: Қайда, қайда? Сайға, әйтпесе айға! Қайда барсандар, онда барындар! Немене, сендерді тосайын ба, енді?!

1-к е л і н ш е к: Ағай, сіз біздің басшымыз емессіз бе?

Я к у д а е в: Е-е, болсам... мен сендердің бастарыңа жауаптымын!

2-к е л і н ш е к: Жоқ, бәріне де жауаптысыз!

1-к е л і н ш е к: Ишше как!

3-к е л і н ш е к: Өзіңіз айтып едіңіз ғой... Ебелек құсап елпілдеп, көбелек құсап көлпілдеп кетпеңдер! Менсіз пыс етуге де, пыш етуге де хақыларың жоқ деп!

Я к у д а е в: Апырмай... айтсам... Шайды аз ішу керек еді!

2-к е л і н ш е к: Ибай! Сүт қатып бергендей...

1-к е л і н ш е к: Терлеп-тепшіп шай сораптамағалы не заман!

Я к у д а е в: Бәрібір шыдау керек! Мынадай әсем, тас қалада туалетті қайдан табасың? Сәбет әйелдері капиталистердің елінде тізе бүкпейтін батыр болуға тиіс!

2-к е л і н ш е к: Сонда немене, біз бітеуіміз бе сонша?

3-к е л і н ш е к: Әй, аузымызды қышытпай, бізге тезірек туалетті тауып бер. Осыдан бірдеме болайық... қатындарың астанамызды бүлдіріп, қасиетімізді қорлады деп, француздар халықаралық жанжал шығаруы мүмкін!

1-к е л і н ш е к: Оп-оңды сәбет әйелдерін Парижге алып келіп, қаланың қақ ортасында, тал-түсте маскара қылды деп арыз жазамыз ЦеКаға!

Я к у д а е в: Жә, жә, сабыр! Қазір табамыз! (Өтіп бара жатқан бір французды қолымен ымдап тоқтатады) Әй... жолдас... тойыс, тәбәріш көпиталис,

тоқтановис! Нәм нәді дәретхана! (француз жымыып, түк түсінбегенін білдіреді) Да-рит-ха-на! Уборный!

1,2,3-к е л і н ш е к т е р: Борни, борни!

3-к е л і н ш е к: Әжетхана деп көрші!

Я к у д а е в: А-жит-ха-на! (француз түсінбейді)

А-жит-ха-на деймін, әй, әкеннің аузын ғана...

1-к е л і н ш е к: Шіркін, қазағымның кең даласы-ай!

2-к е л і н ш е к: Тіздеп түйе шөктірсен көрінбейтін сай-саласы-ай!

3-к е л і н ш е к: (Якудаевқа) Бірдеме қылсайшы енді... Ұқпаса қолыңмен көрсетсейші!

Я к у д а е в: Уотеті, уотеті.. мадамы...(ауаны сауып) Пуш-ш! Пуш-ш! (француз аң-таң) Уотеті, уотеті, пуш-ш! Пуш-ш! Уотеті уотым!

Ф р а н ц у з: О-о! Бонжур!

1-к е л і н ш е к: Бері жүр деді-ау, әйтеуір!

Я к у д а е в: О-о! Таптым! Түсінді! (француз су сатып жатқан жерге алып келеді)

3-к е л і н ш е к: Ойбай-ау, өзіміз сыздап әрен тұрсақ, суарғалы жатқаны несі, әй?!*

Я к у д а е в: (фр-зға) Ра-ра-рахмет!

Ф р а н ц у з: Мерси!

3-к е л і н ш е к: Иә,иә, сүйте алмай тұрмыз...

Ф р а н ц у з: Мерси!

1-к е л і н ш е к: Жоқ, мынауың бір сүй, сонда айтамын деп тұр! Енді қайттік?

2-к е л і н ш е к: Әй, байқандар, француздар да біздің қазекен сияқты қызқұмар келеді деуші еді...

Ф р а н ц у з: Мерси, мадам, мерси!

3-к е л і н ш е к: Адырам қал! Сүйетін хал жоқ!

Ф р а н ц у з: Мерси!

1-к е л і н ш е к: (Якудаевқа) әй, атып жіберсе де, отырып көрсетші!

Я к у д а е в: Уотеті уотым... мадамы... пуш-ш!(отырып көрсетеді)

Ф р а н ц у з: Ха-ха-ха! Пардон! Туалет! Уо! (Дәл қастарындағы жұрт кіріп-шығып жатқан әдемі есікті нұсқайды) Селяви! (кетеді).

2-к е л і н ш е к: Мәссаған безгелдек! Біз мұны бағанадан бері кантор екен деп тұрсақ!

1,3-к е л і н ш е к т е р: Ойбай, қызық-ай! Әйда, кеттік!

Я к у д а е в: Қап! Әй, әй, әйәйлар! Тоқта! Сендер қайда, мен қайда?! Тоқта! Я куда?! Не де болса бірге көрейік! (кетеді).

1999 ж.

Қисын

(Жігіт домбырасын желдірте тартып,
"Нақ-Нақ" әнін шырқап отыр)

Тобылғының түбінен
Қазық алдым сылқ-сылқ,
Бөдененің етінен,
Азық алдым былқ-былқ...
Абау қыздар, абау бақ...
Екі манақ,
Нақ,нақ!

(Бейтаныс әйел келіп тындап тұрады да, өлең біткенде, жігітке ұрына бастайды).

Ә й е л: Иә-ә! Шанағыңды шаптап, манағың- ды мақтап, неменеге нақтап, ұлы сәскеде оттап отырсың?!

Ж і г і т: ?!

Ә й е л: О, не... аңқиясың... ауға түскен алабұға құсап... Осы сен мені таныдың ба өзі?

Ж і г і т: Енді ептеп... былай... нетіп... шырамытып...

Ә й е л: Шырамытқаныңды қой, шырағым... Шытырман ойнайтындай шырмауықтың яки шымылдыңтың ішінде ұшырасып тұрған жоқпыз... Тапай талтүсте тайқып көр, тамтығың қалар ма екен?!

Ж і г і т: Оу, айналайын... алаурама! Ұндемегенге... Үңгіп барасың ғой! Тіпті мен сені танымаймын да!

Ә й е л: Танымасаң әкенді танытамын қазір! Қарай гөр мұны! Сөлбірейген орашолақ немелерді өзіміз шаужайлап-аужайлап, тыраңда- тып қоймасақ, тырапай асқанша тырп етпес, сірә? Әй, сенің атың Көшек емес пе?

Ж і г і т: Жо-оқ!

Ә й е л: Неге?

Ж і г і т: ?!

Ә й е л: Неге сен Көшек емессің деймін?

Ж і г і т: Неге мен Көшек болуым керек!

Ә й е л: Сол! Сосын?

Ж і г і т: Сосын сол!

Ә й е л: Солдан кейін не?

Ж і г і т: ?!

Ә й е л: Әй, кебежесі бері тартып, кежегесі кері тартқан көктүйнек, сен мені тағы да алдап тұрғаннан саумысың? Театрда істейсің ғой, ә?

Ж і г і т: Жо-оқ! Менің театрға түк қатысым жоқ!

Ә й е л: А-а! Неге сенің театрға түк қатысын болмайды, ә? Болу керек! Кім үшін ол театр? Қаракөзім қадірлемесе, кірпіктер мен шүршіттер керек қыла ма қазақ театрын?! А-а? Театрға қатысын болмаса, неге домбыра ұстап жүрсің?

Ж і г і т: Жай... әншейін... Енді, немене, домбыра ұстап жүруге де болмай ма? Әйтеуір, мылтық, пышақ ұстап жүргеннен гөрі тәуір шығар...

Ә й е л: Әй, домбыра ұстайды екенсің — театрға

қатысын болатын болсын... Театрға қатысың жоқ екен — домбыра ұстама!

Ж і г і т: Апырмай... Көршімнің домбырасы еді...

Ә й е л: Ох, антұрған, жүзіқара! Біреудің нәрсесін неге аласың,әй, ө? Бұл түріңмен көршіңнің әйелін де нететін шығарсың!

Ж і г і т: Нететін шығармын?

Ә й е л: Ойбай, от басқандай ыршып түстің ғой... сезікті секіреді дегендей... Ұстайтын шығарсың деймін!

Ж і г і т: Ұстайтын немене ол, сөмке ме?

Ә й е л: Қарай гөр! Сонда көршіңнің әйелі сөмке құрлы жоқ па? Неге ұстап көрмеске оны,ә?!

Ж і г і т: Бөтен біреуге жымыраңдап, жабыса кететін жұрттың бәрі сен деп пе едің?

Ә й е л: Ибай, адырам қал, адырақ көз атаңа нәлет! Жымыраңдайтын мен саған қоянмын ба? Кемиек кемпірмін бе? Жабыса кетіп мен саған не істедім, ө? Айтшы көне...

Ж і г і т: Мәссаған! Енді бірдеңе істеуің қалып еді?

Ә й е л: Несі бар? Қарап отырғанша бірдеңе істеп отырған жақсы...

Ж і г і т: ?!

Ә й е л: Әй, қағынды, осы сен басты қатырып, мені тағы да алдап тұрсың. Осы сен Көшексің!

Ж і г і т: Жоқ, ойбай, мен Көшек емеспін!

Ә й е л: Жоқ, сен Көшексің! Құлағың мен бұғағың, қылшығың мен тұмсығың — аумаған Көшек!

Ж і г і т: Ойбай, Көшегің құрысын, Көшегі құрғыр! Онда әкеңнің көз құны бар ма еді сонша?

Ә й е л: Монтанысып жүріп, ол мені алдап соққан!

Ж і г і т: А-а?!

Ә й е л: Ал сен Көшек болмасаң кімсің?

Ж і г і т: Мөшекпін, ойбай, Мөшекпін!

Ә й е л: Түу, не деп тантырап кеттің өзі? Көшек-Мөшек, итім білсін! Әй, сендер қайсың Көшек, қайсың Мөшек, өздерің разберайтес! Ал мен сендерге алданып, ақымды жегізіп қоя алмаймын! Менің домбырамды қайтарыңдар, дабай! Әкел, бері!

Ж і г і т: Иә, саған, не деп?

Ә й е л: Өткен жолы Көшек менің домбырамды алған... бір жұмада қайтарамын деп. Сөйтсем, алдап кетіпті. Енді Көшекті көшеден іздер жайым жоқ. Андағы домбыраны әкел бері! Мал қайтса болды – Көшегі не, Мөшегі не, маған бәрі бір!

Ж і г і т: Аларсың қатқаныңды!

Ә й е л: Алғанда қандай! Ишшо, кешірім сұрайсың!

Ж і г і т: Оу, тоқта, тоқта... Сонда менің жазығым не?

Ә й е л: Жазығың бар ма, жоқ па – оған бас қатырып жатуға уақыт жоқ. Менің білетінім – Біреуде кеткен есемді біреуден қайтаруым керек!

Ж і г і т: Мұның тіпті қисыңға келмейді... Қалай енді, біреу үшін біреуді күйдіріп... Неге мен Көшек үшін жауап беруім керек?

Ә й е л: Әй, бәйтөбет, балпылдама, жалпылда! Тізеннен бір теуіп, тұрған жерінде тоңқалаң асырмай тұрғанда, андағы домбыраны маған беріп құтыл! Сосын Көшекті тауып ал да, ондағы домбыраны көршіңе апарып бер!

Ж і г і т: Ой, Көшегіңді ұрайын, сол, Көшегіңді ұрайын! Керек болса өзің тауып ал! Тауып алған соң, шауып аласың ба, қауып аласың ба – өзің біл! Кепкен тақтайдай қиқы-жиқы қисыныңмен менің басымды қатырма бүйтіп!

Ә й е л: Қатырғанда қандай! Бұраң ағаш сияқты иір-иір, қиыр-шиыр мисымақтарыңды тезге салып, түземесе болмас, сірә! Біреуде кеткен есесін екінші біреуден қайтару – қисынның көкесі! Мысалы,

дөкейлер өз қалтасынан бір тиыны шығып кетсе, елдің есебінен бірнеше есе ғып қайтарып алады ғой! Енді біреулер мықты жерге жұмысқа тұру үшін пәлен мың пара берсе, артынан басқалардан түген есе ғып өндіріп алып жатқан жоқ па?! Солай! Сондықтан мен Көшек қылғытқан домбырамды Мөшектен мыңғыртсам, айып па екен?!

Ж і г і т: Дұрыс қой, дұрыс енді... Бірақ, менің қандай қатысым бар Көшекке?

Ә й е л: Ол неге мені алдайды?

Ж і г і т: Оу, мен қайдан білейін? Оны Көшектің өзінен сұра!

Ә й е л: Жоқ, сен бері қара... Адам құсап жауап бер – Көшек мені неге алдайды?!

Ж і г і т: Әй, айналайын, мен қайдан білейін?

Ә й е л: Білгенде қандай! Білесің! Бәрінің ым-жымың бір! Көрсетермін әлі сендерге! Кімді мазақ қыласындар?

Ж і г і т: Сендер деп мені Көшекке қосақтама! Менің қандай кінәм бар?

Ә й е л: Бар, бар! Жетеді! Сендер бәрің сондайсындар!

Ж і г і т: Қандаймыз?

Ә й е л: Обшым, бәрің де оңбағансындар! Әйтпесе, мені алдар ма едіңдер?!

Ж і г і т: Әй, мен Көшекті мүлде танымаймын да!

Ә й е л: Неге танымайсың? Таны! Тануың керек! Әй, сен өзің тіпті ұятсыз екенсің ғой! Ана Көшек оңбаған әп-әдемі әйелді қан-қақсатып, тайрандап жүр, ал сен оны танымайсың да!? Сосын ол құтырмағанда қайтеді?

Ж і г і т: Апырмай, енді...

Ә й е л: Егер сен азамат болсаң ондай ұры-қарыны сығып-сығып, сорғытып алмас па едің? Сөйлегенде үрген қарындай күмпілдеген өңкей кәукілдек,

шынтуайтқа келгенде шеттеріңнен ынжықсыңдар!
Менің домбырамды қайтып алып бере алмағаннан
кейін, сендерді біржола жауып қойдым!

Ж і г і т: Қап! Ызасы өтті-ау әбден! Бәлем Көшек
осыдан бір қолыма түсерсің!

Ә й е л: Әй, еркек! Міне, нағыз азамат осындай
болуы керек! Ол шұнақты қолыңа түсіріп, кебенегін
сыпырып, кебегін елеітіңіңе күмәнім жоқ!! Сонда
менің домбырамды алып, көршіңе берерсің! Мына
домбыраны маған бер! Бол, қане, азамат деген атың
бар! (Жігіттің есін жиғызбастан, домбыраны алып,
әңдетіп жүре береді) Е, бәсе! Екі манақ, нақ, нақ,
нақ, нақ!

Ж і г і т: Қап! Ісім сенімен болсын, Көшек!
Қайдасың? (кетеді)

1999 ж.

Балпылдау мен салпылдау

Ә й е л і: Әлө, әлө, әлөу! Әй!

К ү й е у і: Дәлө, дәлө, дәлөу! Дәй!

Ә й е л і: Иә, халың қалай?

К ү й е у і: Итің – қыртың!

Ә й е л і: Сенікі митың-митың болса, біздікі
мықшың-мықшың! Ауылда баяғыдай тлипон да жоқ,
бәрі – капут! Содан әдейі ауданға келіп, он мүйнөтке
талон алып, сінлімнің үйінен шылдырлатып тұрмын.
Саған ақша жіберейін десем... Әдірісінді таба алмай...
Соны сұрайын деп...

К ү й е у і: Ой, жарайсың! Ақшаңнан да,
басқаңнан да айналып кетейін сол! Қоржының
қомақты шығар деп емексіп, еметайым езіліп бара
жатқанын қарашы!

Ә й е л і: Қызыл қасқа сиырды қарақасқа кәмерсантқа өткіздім. Соның азын-аулақ тиын-тебенін пошта қатынның мұрны қолағаштай бұйра қасқа байынан беріп жіберейін десем, кішкене кілтипаны болып тұрғаны... Пошта қатын қыртыып жүр, мүсәпір құрдастың қалжасында қақтығысып қалғанбыз... "Байым апармайды, поштамен жібер"-дейді. Поштамен жіберсем, ақысына жарты ақшамды сыпырып алмай ма? Әйтеуір, біз байғұсты жағалай тонау...

К ү й е у і: Апырмай, енді... Шекіскенді шендестіріп, кетіскенді кіндіктестіріп жіберетін күйтырқың қайда? Аждаһадай арбап, шырмауықтай шырмап ал!

Ә й е л і: Кімді?

К ү й е у і: Поштекеңді!

Ә й е л і: Поштекең дейді ғой түштандаған немені! Қайыр сұрап кетсең де, оның аяғына жығылар жайым жоқ!

К ү й е у і: Әй, осы сенің көрінгенмен кермалдасып жүретін көрмәдік мінезіңнен-ақ мезі боп біттік-ау әбден! Тырыып алып, тыштаң-тыштаң етіп, тантисың кеп-кеп! Жолап кетсең даң-дүң, баж-бұж, қалш-қалш, дал-дүл!

Ә й е л і: Ибай! Не дейді әй мына көгала? О, көрбілте, о, нақұрыс, әулекі, әнгүдік, әңгі, айуан, сормандай, лағанат, қайыршы, миғұла, монтаны маймыл! Иманыңды қасым ғып, Құлындағы даусыңды шығарайын ба осы? Қарақшыдай қалқандаған неме, қауқиып жүргенің кімнің арқасы екенін ұмытайын деген екенсің! Үстіңнен бір жапырақ қағазды қойқалақтатып кеп жіберсем, қаңкөбелек ойнап, қиқалақтап кетерсің!

К ү й е у і: Әлө, әлө! Түу, мына құрғыр ескі құбыр секілді құрылдап-шұрылдап... Түк естілмей кетті ғой өзі.

Ә й е л і: Айтақ!

К ү й е у і: Өй, даңқылдағым-ау, сол! Осыныңа дейін сағындым ғой... Өстіп борсылдатып-борсылдатып алшы... бір балбырап қалайын... Әйтпесе, мен қайбір оңып жүр дейсің. Сірескен сірі жанымды жібітер шуақ таппай, сыртқа сес көрсетіп, дорбиып жүрмін ғой әйтеуір. Әйтпесе, сенің ала көбеден тұрып, сауыс-сауыс боп сиыр сауып келгеннен кейін қасыма жата қалғанда аңқып қоя беретін қоңырсы иісіңе дейін сағындым...

Ә й е л і: Мен де сенің ненді... иісінді сағындым!

К ү й е у і: Мындағылардың ондай иісі де жоқ. Өтірлері мүңкіп, миыңды айналдырады!

Ә й е л і: Әй, сен кімді иіскеп жүрсің о жақта?

К ү й е у і: Жоға, ойбай... Жолатпаймын... Жай, алыстан иістері келетінін айтамын да.

Ә й е л і: Иісшілін...

К ү й е у і: Енді қайт дейсің? Иістері бұрқырап тұрса... Танауыңды қытықтағанда, қалай түшкіріп жібергенінді де білмей қаласың! Мұрнымды кесіп тастайын ба енді?!

Ә й е л і: Кеспей-ақ қой! Өзіме ап кел! Енді мен де сиыр сасымай, жұпар иісті боп жүретін шығармын!

К ү й е у і: Ой, маладес!

Ә й е л і: Несіне мәз боласың, әй, ә, мәжнүнім?! Қорада сиыр қалған жоқ! Көр де тұр сол сиырдың иісін аңсармыз әлі!

К ү й е у і: Сиыр қалмағаны несі? Аңғал-саңғал ауылдан үркіп, Үндістанға үдере көшіп кеткеннен сау ма өздері?

Ә й е л і: Үндістанға жеткізбей, қан сасытып қырып тастаған жоқпыз ба? Қу тіршілік, күнкөрістің камы бүкіл малдың қанын ішкізген жоқ па? Сенің лексияң мен сексияң да түбіне жетті.

К ү й е у і: Енді... оқу оңай ма? Әр емтихан пәлен теңге! Ештеңе етпес, бітіріп қалдық қой...

Ә й е л і: Сен де оқитын уақытты тапқан екенсің! Әрбір десін, қазір дипломның керегі не? Әншейін қатқан қағаз. Талайдыкі жатыр әбдірәнің түбінде адыра қалып! Онсыз да байып алды жылпостар...

К ү й е у і: Сонда да оқыған деген аты неге тұрады!

Ә й е л і: Айтпақшы, осы сенің оқуың ненің оқуы? Әнеугүні кісәпір құрдастың қалтасында кісілер сұрап, не дерімді білмей, жерге қарай жаздадым. Әйтеуір, әуелі құдай, сосын бай біледі деп сытылып кеттім...

К ү й е у і: Шыныңмен білмейсің бе? Заттехник!

Ә й е л і: Ойбай көтек! Ауылда мал қалған жоқ, сенің заттехнигіңе жол болсын!

К ү й е у і: Жә, бір жөні болар! Мүмкін, бастық боп кетермін...

Ә й е л і: Мейлі, не болсаң да аман бол. Ал, әдірісіңді айт, ұмытпай тұрғанда...

К ү й е у і: Ал, жаз...Го-о-рыт...

Ә й е л і: Тоқта, ойбай... Қағаз тауып алайын... И-и, қағаз болушы ма еді елде... Кітапхананы құртты... Бүкіл ауыл, тіпті, ауданның өзі бір де бір газет алмайды қазір. Оқығымыз-ақ келеді, жаздырып алуға ақша жоқ. Мақрұм қалдық қой мүлде...

К ү й е у і: Газет алмасаңдар, отты немен тұтатып жүрсіңдер?

Ә й е л і: Отын болса, тамызық табылады ғой...

К ү й е у і: Ойбай-ау, ағаш, көмірден де жұтап отырсыңдар ма?

Ә й е л і: Енді... Баяғыдай сапқоз жоқ, жаздырып алатын. Еккен егін, төккен тер босқа рәсуа болып, желге ұшып жатыр. Ауылдың алған астығы жұмсаған бензин-сәләркәсін өтеуге де жетпей, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, белшеден қарызға батып, тұралап қалғанын шынымен білмейсіңдер ме? Ағаш түгілі, қалаш әперетін қауқары жоқ қазір...

К ү й е у і: Қи оймадыңдар ма?

Ә й е л і: Қайдағы қи, сенің миыңды оймасам...
Қорада қой қалған жоқ...

К ү й е у і: Даладан тезек термеп пе едің?

Ә й е л і: Бүгінгінің малынан жөні түзу тезек түсуші ме еді?!

К ү й е у і: Қап! Баздарды бұзып болды ма? Бір қыстық отын алып қалмадың ба?

Ә й е л і: Ойбуй, талпақ табан тәйтiгiм-ау сол, сенің жалпақ басыңда жапалақ кұрлы ми болсашы! Он мың қой, үш мың сиыр, мың жарым жылқы сиятын қоралардың қаңқиған тас қабырғалары ғана қалғалы қашан! Ойран-ботқасын шығарып, отқа тығып жібергенбіз... Қора-қопсы түгілі, көшіп кеткен үйлердің де тамтығы қалған жоқ. Монша, клуб, балабақша, дүкен дегендерің тас-талқан болған. Қаңыраған ауыл баяғы бомбаланған Берлин сияқты үңірейіп, үрейінді ұшырып тұрады! Қолынан келгендердің бәрі қопарыла көшіп жатыр. Қояншық қайнаға да кетті. Жаз шыға пияншік қайным да қозғалмақ.

К ү й е у і: Кетерлік бере алдың ба қайнағаңа?

Ә й е л і: Немді берем!?

К ү й е у і: Тым болмаса қара текені сойып бермедің бе? Жындыға жарай беретін еді...

Ә й е л і: Қара теке жоғалып кеткелі не заман!

К ү й е у і: Әй, ай қарап жүрсің бе? Неге ие болмайсың, ә?!

Ә й е л і: Еркек итке дауа бар ма? Ол түгілі саған ие бола алмай отырған жоқпын ба? Шуашы бұрқырап, әр ешкінің соңында собалақтап жүргенде біреу тырапай асырды білем.

К ү й е у і: Опырмай, сендерге дауа болмас! Салдыр-салақты қойып, алдарындағы малды дұрыстап бағуға болмай ма?

Ә й е л і: Е-е, дұрыстап баққанда, қойнымызға

алып жатайық па енді? Ауылда қазір ұрлық-қарлық үдеп кетті.

К ү й е у і: Күзетіндер жөндеп!

Ә й е л і: Қорығанның қапысын торыған табады. Терезеден түскен, қораның құлпын бұзған былай тұрыпты-ау, қабырғаның кірпішін қопарып, соғымды суырып әкеткен де бар.

К ү й е у і: Қойшы сен де. Елден аққұла қара пәлені төндіріп... Мелтсия, заң бар емес пе? Ұстатындар ұрыларды...

Ә й е л і: Кедей-кепшіктің жоғын қашан жоқтап еді мелтсияң? Іздемек түгілі, арызыңды жөндеп тыңдамайды да. Әрбірден соң ұры-қарымен ым-жымы бір. Үйірлеп әкетіп жатыр...

К ү й е у і: Күресіндер!

Ә й е л і: Ауызға бәрі оңай... Бір малды өсіруге қаншама уақыт, қаншама еңбек кететінін есептеп көрдіндер ме екен, шіркін! Жем-шөп дегенің қазір қиынның қиыны. Тіпті амалдап жиып алған шөбіңді бір-ақ күнде өртейді де жібереді. Маядағы шөп түгілі, даладағы өсіп тұрған шөпке дейін жанып жатыр. Өртенген орман анау!

К ү й е у і: Ой, осы сендер де... Қашан көрсек те, зарлайсындар да отырасындар, зарлайсындар да отырасындар... жоқ, жоқ, жоқ деп... бір мезгіл бармыз, баймыз деп мақтанудың орнына. Басқа жұрт күлмей ме бізге, жұтап жатыр деп, ә?! Ұяттарың жоқ сендердің...

Ә й е л і: Әй, енді қайт дейсіңдер, ә, қараң қалғырлар?! Бұл – зарлау емес. Бұл шындығымыз! Бұл біздің өміріміз! Тағдырымыз! Шынымызды айтсақ, аузымыздан қағасындар ғой. Бүкіл ауылды қаланың қорқауларына байлап-матап беріп, талан-тараж қылған тап мына сендердің ұяттарың жоқ!

К ү й е у і: Жә, жә, байқа, біреу естіп қалмасын. Ел жағдайын тексеруге барғандар "халық аштан

өлмейді, дастархандары майлы, тоқ екен," - деп келеді ғой осы!

Ә й е л і: Өй, олардың тап аузына с-с... Жегендері желкелерінен шықсын! Не деген түйсіксіз-әй, ә?! Ойбай-ау, сый қонақ деп, оларға аузымыздан жырып, қарызданып қауғаланып, барымызды тоспаймыз ба?! Жағдайымыздың ауырлығына көздері жету үшін әбизәтіліні аштан өлу керек пе? "Аштан өлмейсіңдер," - деген не сөз, әй? Адамқұсап өмір сүруді неге айтпайсыңдар, ә?!

К ү й е у і: Қой енді, беталбаты лага бермей! Адамзат жиырма бірінші ғасырға кіргелі тұрғанда, күнкөрістің қамын сонша сөз ғып...

Ә й е л і: Сол жиырма бірінші ғасырларыңа ауылдың бәрін быт-шыт қылып қиратып тастап, өздерің әп-әдемі боп алшаңдап кіргілерің кеп жүрген шығар, өңкей атаңа нәлеттер!

К ү й е у і: Жә, шаптықпай, аптығыңды бас! Жұрттың басын ауыртпай, ауылды өздерің жөндеп алыңдар! Жұмыс істендер!

Ә й е л і: Жұмыс жоқ болса нені істейміз?! Мал өсіру бір бейнет болса, сол өсірген малды сату — екі бейнет. Сутегін кетеді... Жер алып, егін егуге ешкімнің құлқы да жоқ, қауқар, құралы да жоқ. Қазіргі егінді бұрынғысы бар, бүгінгісі бар, бастықтар өздері үшін өсіріп, өздері жабылып жеп жатыр. Жай халық жер алса — салықтың астында қалады, алған өнімі шығынын өтеуге де жетпейді. Шарасыздықтан шерменде болған жігіттер араққа салынып, күйреп барады.

К ү й е у і: Оларға айт, кенезелері кеуіп жатса да кежегелері кері тартуын қоймаса, кебезелері ешқашан толмайды де. Өздерін өздері алып шықпаса, ешкім де көмектеспейді де. Зарлай бермей, қайрат қылыңдар. Жә, болды, қағаз таптың ба?

Ә й е л і: Жоқ! Мейлі, алақаныма жазып алайын...
Айт әдрісті...

К ү й е у і: Жаз! Го-орыт...

Ә й е л і: Тоқтай тұр, ойбай... Қаламсабым да жоқ екен ғой!

К ү й е у і: Туһ! Қаламсапқа қаражатты шалдың пенсиясынан-ақ қымқыра салмадың ба?

Ә й е л і: Айт, чікін-ай! Атамның үш мың теңге пенсиясы қант-шайдан артылмайды. Жұрттың жыртығына жамау, тесігіне тығын боп отырған – осындай азын-аулақ пенсиялары. Бізді асырап отырған кемпір-шалдар кеткен соң қайтіп күн көрер екенбіз?!

К ү й е у і: Апырмай! Шынында да ауылдың кемпір-шалдарын тым төмендетіп жіберген екен-ау, ә?!

Ә й е л і: Соған ақылың жаңа жетті ме? Өмір бойы мал бағып, жер жыртқан, күндіз-түні дамыл таппаған қариялардың маңдайтер, табан ақысы үш-ақ мың теңге болғаны ма? Әй, обал ғой, обал!!! Осынша алалауға дөттері қалай барады, ә?! Айтсаңдаршы аналарға!

К ү й е у і: Біздің сөзімізді құлақтарына қыстыра ма? Е-е, жаным, қайтесің, қайсібірін айтасың? Бас аман болсын! Таптың ба қаламыңды?

Ә й е л і: Жоқ! Қаламсапқа да қол жетпей жатқанда, кампитермен қарық қыламыз дедіндер - ау, қайтейін! Жарайды, әңгімесі бар болсын, айта бер әдрісті. Бәкімен еденге тырнап жаза қояйын!

К ү й е у і: Ал, жаз... Го-орыт... (Телефон үзіліп кетеді. Гук, гук-гук.)

Ә й е л і: Қап! Бітіп қалғаны ма шынымен? Балпылдаймын деп, бостан босқа салпылдағанымды қарашы! Тағы збандайтын болдым-ау! Міне, тлипонға дейін тонайды бізді! (кетеді).

Сарқыт

Ербайға

Сіздер қонаққа барасыздар ма? Барасыздар... Сарқыт аласыздар ма? Аласыздар. Алыңыздар, алыңыздар, бұйырсын. Біз де аламыз. Қонақжай қожайындар қиғанынша, қойны-қонышымызға сиғанынша дегендей... Тіпті, тайрандап тойға тартқан топайкөктерге де: "Әй, сарқыт ала кел! Көп әкел! Әйтпесе келме!" - деп, гүжілдеп, күжірейіп, қаймана қазақтың тойынан дәмәтіп, тамағымыз ісе қалатыны бір ғажап емес пе? Тойдың дәрежесін де сарқытын сораптай отырып сараптап, даңқ пен дақпыртын да сарқытын асаған сайын арттыра түсетініміз ақиқат. Тоқ етері — барқыт бермесең де, сарқыт бер! Оны жұрттың бәрі жақсы көреді!

Ал бірақ менің Иірбай құрдасымның сарқыт-құмарлығы... ой-йой-ой! Ол қонаққа сарқыт алу үшін ғана баратын сияқты. Дастарханға отырар отырмастан, дәмнен ауыз тиер-тиместен алақ-жұлақ етіп қамдана бастайды. "Әкетеді-ау!" - деп, "зәреміз зәр түбіне кетсе де, амал жоқ, дымымыз ішімізде. Жұртта жұмысы жоқ, Иірбай: "Әй, ән жерінен бір кесіп бере қойшы, әкетайыма апарайын, мін жерінен бір кесіп бере қойшы, жәкетайыма апарайын," - деп, сыпырып-сыырып алуға кіріседі. Әрбір істің маманы болады, маманның ісі жаман болмайды. Иірбай — сарқыт алудың сары сүйек саңылағы. Қиқымдап, қысылып-қымтырылып, қараптан-қарап қуыстанып, қалтырап, қожайкеден қағаз-мағаз сұрап, мәймөңкелеп жатпайды. Қойнынан ала дорбасын суырып алады да, қолына түскенін тоғыта береді. Дорба дегенде, бір-екі бөлке нан мен екі-үш бөтелке сиятын тылтиған бірдеңе екен деп қалмаңыздар. Кәдімгі қант салатын қап қайда, содан арнайы жасалған спецназ дорба. Дегенмен өзінің ұяты да жоқ емес: жан-

жағындағысын жалмап болғасын сенің алдында жатқан майлы сүйекті нұсқап: "Алсайшы,"- дейді қиылып. Ол айтты екен деп бас салмайсың ғой, азар да безер боласың. "А-а, онда мен алайын,"- деп, добалдай қолымен дорбаға қарай домалата салады. Жамбас, жіліктерді бітіргеннен кейін, бірер жартылық пен бірнеше түрлі-түсті суларды да сүңгітіп жіберетіні бар.

Бірақ, бұл Иірбайдың сау кездегісі. Қызықтың көкесін мас боп алғаннан кейін көрсетеді. "Сендер жөндеп сарқыт алуды да білмейсіңдер. Мұнда да тәртіп, жөн-жоба керек. Яғни, тартылған тағамдардың барлық түрінен де алу керек сарқытты. Ертең бүкіл ел көрсін... білсін!"- деп, мән ұйретіп алып, дастарханның ту талақайын шығарады. Тықпалап, сықап алғаннан кейін: "Иірбай тықпайды, тыққаны қайтып шықпайды!"- деп әндетіп жүріп дорбасының аузын шиелеп байлап, тастай қылып тастайды. (Қонақтан қайтарда қасында жүруге ұяласың – ананың дорбасында ортағы бардай көрінем бе деп. Иірбай оны ұрсын ба: "Әй, кел, болысып жібер,"- деп, дорбасының бір құлағын ұстатып та қояды. Қашқақтасан: "Ертең бірге ішкенде сондайсың,"- деп, күйелей де салады жүзі жанбай.)

Осымен тоқтайды екен деменіздер. Енді шай келмей ме? Шай келгенде Иірбай ерекше шабыттанып кетеді. Күлімдеп, құлағына дейін қозғалып, шашы желкілдеп, танауы желпілдеп, өзі біртүрлі құлпырып, өдеміленіп шыға келеді. Енді қалтасын қосады іске. Жәнете жүрт құсап бір-бірлеп теріп, әуре боп жатпайды. Тәтті-пәттіні апандай қалтасына төрелкесімен аудара салады. Қалтасы да иір-иір, қиыр-шиыр, жықпыл-жықпыл жұмбақ дүние. Кішігірім төрелкесымақтар түсіп кетсе, жоғалып та кетеді. Өйткені, қалтасының түбін жыртып қойған: айналасы

атшаптырым кәстөмінің астарына дастарханды түгел тығып жіберсең, дымы білінбес-ау, сірә! Бір күні алуға болатынның бәрін алып болғасын, сары майды уыстап-уыстап қалтаға ұрды-ау қасқан. Сол кезде бір кесе вареньені ұсына қойып едік, Иірбай қойнына құйды да алды! Кетті солай, қатынын қолтықтап, бұтынан вереньесін сорғалатып!

Әлқисса, бір күні Иірбай үйіне удай мас боп келеді. Онда тұрған не бар, кім мас боп келмей жатыр. Қайта, осы күні үйге сау келген ұят, ешкімге кәдірі жоқ адам құсап. Иә, содан Иірбай ирелендеп жатпай ма! Жиырылып қарсы алса да, қайтсін, әйелі мұның қырын сындырмайын деп, таңертең киімдерін тазалап, өтектейді ғой баяғы. Бір кезде қараса, шалбардың артқы қалтасы томпиып тұр екен.

— О-о! Мынау не?!- деп бассалады.

— Сарқыт!- дейді теңкиіп жатқан Иірбай танауының астынан.

Әйел заты — әуесқой, әрі ылғи алып дөндеген кісі, аптығып, әлгіні суырып алса... о сұмдық! Бөтен әйелдің ішкіімі! Ішкіім болғанда да әлгі екі-ақ елі нағызының өзі!

— Әй, мынауың не?!- дейді талып қала жаздаған әйелі, дауысы тарғылданып.

— Сарқыт!- дейді Иірбай!

— Ненің сарқыты?- дейді әйелі, әлгіні саусағының ұшымен жирене іліп алып.

— Соның сарқыты!- дейді манаураған Иірбай.

— Мынау ма сарқытың? Мә, атаңа нәлет, өзін же!- деп, долданған әйелі әлгіні тұмсығына тақағанда, көзі атыздай боп атып тұрған Иірбай изендеп-изендеп кетіпті. Ал, несін айтасың, масқара майдан басталды. Мәлаған болды. Ант-су ішті Иірбай. "Білмеймін, көргем жоқ, есімде жоқ," - дейді. Оған кім сенеді? Бір кезде есіне сап ете түседі. Бірге ішкен жолдастарын

жияды. Куәлікке тартады. Сөйтсе, бұлар кешкісін әбден сілтеген... Қайран арақтың қызығы да, шыжығы да кең жерде, қонақта отырып ішкенде емес, қайдағы бір қуыс-қуыста, қараңғы қалтарыста, қашып-пысып жүріп ішкенде ғой... Бұлар бір қағаберісте қағып тұрмай ма, шерлерін тарқатып, мұңдарын шағып тұрмай ма? Содан Иірбай сиырбай болуға жақындағанда өзінің сүйікті сарқыты туралы сыр толғамай ма? "Сарқыт алмасам саусағым сырқырап, қолым қақсайды," - деп, сарнайды келіп. Алайын десе, гараждың ығында ыңғайлы ештеңе жоқ. Сол кезде бір құрдасы сол маңайда жаюлы тұрған кірді нұсқап жібереді. "Е-е, бәсе! Өзім банды, қолым қанды...иә, сәт!" - деп, қолға іліккенін Иірбай қалтаға ұрмай ма?! Кездейсоқ па, әлде Иірбайдың қолы сондайға үйірсектеу ме, әйтеуір әлгі екі елі пәлекетке кезіккенін қарасаңшы! Ал, енді ақталып көр! Әйтеуір, бірге болған бүкіл жолдастары жабылып: "Киюлі тұрған жерден емес, ілулі тұрған жерден алғаны рас. Бетін бір сипап, қалтасына бір-ақ тыққанын көзімізбен көрдік," - деп, куә болып; "Жуылған, таза нәрсе екен ғой,.. Ештеңе етпес... Ерегескенде киіп ал!" - деп жұбатып, оған да қоймағасын: "Сен бұған да шүкір де! Сарқыт деп СПИД алып келсе қайтер едің?!" - деп, шошытып, әзер дегенде татуластырыпты. Ой, бірақ рахат болды, несін айтасың! Қазір Иірбайдан онды кісі жоқ сарқыт алуды сап тиды. Солай, бауырлар бірдеңе ала қалсаңыздар, алғаныңа бір, жан-жағыңа бір қарап алыңыздар!

1999 ж.

Д о ц е н т: Қазақта "отырса — опақ, тұрса — сопақ" деген сөз бар. Осыны таратып көрші қане!

С т у д е н т: Енді... ол... былай... Отырсаң — опитам, тұрсаң — сопитам дегені шығар!

Д о ц е н т: Немене немене дейді?

С т у д е н т: Ағай-ау... Отырсаң — опақ, тұрсаң — сопақ қыламын дегенде, отырсаң — опиясың, тұрсаң — сопиясың деген!

Д о ц е н т: Әй, өзң шатып-бұтып, ата сөзінің сау-тамтығын қалдырмай лағып кеттің ғой мидай далаға...

С т у д е н т: Ойбай-ау, ағай-ау... мына қараңызшы... Кісі тұрғанда сопияды ғой, Міне, Тұрмын ғой алдыңызда сопиып!

Д о ц е н т: М-м, да! Жарайды, хош делік. Сопағың осы болсын! Ал опағың нені білдіреді, ә?! Опақ... опақ... ол не?

С т у д е н т: Енді... тұрғанда сопиған адам отырғанда опимай ма? Міне, міне, отырдым — опидым! Опағың осы!

Д о ц е н т: Иоппырмай! Опию мен сопию! Джунглиде жүргендей жүйкемнің жұлма-жұлмасын шығардың-ау!

С т у д е н т: Ағай, ағай, сабыр, сабыр! Сіз жұлым-жұлым болсаңыз, біз жырым-жырым болармыз. Міне, қараңызшы, кісі отырғанда о әріпі сияқты домаланып қалады. Отырсаң — опақ дегені сол!

Д о ц е н т: Әй, малтаңды езе бермей, білмесең білмеймін де!

С т у д е н т: Неге білмеймін! Мағнасы сайрап түр көкірегімде!

Д о ц е н т: Ал, айтшы... мағнасын...

С т у д е н т: Мағнасы... ойбай-ау, ағай-ау, міне мына сіз мені отырсам – опак, тұрсам – сопақ қылып тұрсыз ғой... кіріптар болғасын... әйтпесе...

Д о ц е н т: Хе-хе-хе! Жә, елеуреме! Емеурініңді түсіндік... Екі жарымға жетер-жетпес есің бар... Нобайлап соғып тұрсың...

С т у д е н т: Ағай, ағай, тағы бір сұрақ! Тағы бір сұрақ!

Д о ц е н т: Ма-а-құл! Тағы бір сынап көрейін... Қазақтың "қағанағы – қарқ, сағанағы – сарқ" деген сөзінің мәнісін ұқтыршы бізге!

С т у д е н т: Оның мәнісі не... көкірегімде сайрап тұр, ағай... бірақ, тілім жетпейді!

Д о ц е н т: Ой, сенің көкірегің бар болсын, көкірегің.....сайрайды да тұрады екен! Бірақ, дұрыс сайрамайды!

С т у д е н т: Енді... қағанағы – қарқ дегені – қарық болу, тоғаю, тойыну, мәрә-сәрә, сондай...

Д о ц е н т: Қандай, қандай?

С т у д е н т: Сондай, сондай!

Д о ц е н т: Көңкіретні... қағанағы деген не?

С т у д е н т: Қағанағы... қағанақ... тайғанақ... шырғанақ... сырғанақ... сырманақ... шуманақ, бірманақ...

Д о ц е н т: Әй, сырманақ, шуманақ, бірманақ – жалайырдың үш тармағы, қағанаққа қатысы жоқ. Сырғақтамай, тайғақтамай турасына көш!

С т у д е н т: Қағанақ... қаған.... қағанат....

Д о ц е н т: О, сандалкөгім-ау сол, соқ!

С т у д е н т: Жобалап айтқанда, қағанат, яғни, мемлекеттің бүкіл халқы күйлі – қуатты болса, қағанның қағанағы – қарқ, сағанағы сарқ болады деген сөз!

Д о ц е н т: Түлкі бұланды қойып, бөрі бұлкекке сап, жалмаң қақтырмақпысың, а, жүрдегім?! Алдымен

қаған тоймай, халық қарқ болыпты дегенді қай кигіз кітабыңнан оқып, қай желауыздан естідің, ә?

С т у д е н т: Мен енді... нетіп... топшылап...

Д о ц е н т: Долбар доллар емес! Дұрыстап жауап бер!

С т у д е н т: Қағанақ... сағанақ... қарқ-сарқ, қағанақ... қанағат! Қанағат!

Д о ц е н т: Иә?

С т у д е н т: Қанағат керек! Бәрімізге де, мағанда, сізге де, қараға да, ханға да қанағат керек! Қанағат болса, бүкіл халықтың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болады!

Д о ц е н т: Қате! Өте қатты қателесесің! Қанағат пен қағанақ мүлде қарама-қарсы нәрселер!

С т у д е н т: ...Ә-ә... Қағанақ... әлде қарын ба? Асқазан, бөтеке, жұмыршақ, жұтқын, өңеш... Қағанағын тапсам, сағанағы тағы бар! Қарқ дегені қарық болса, сарқ дегені не? Салық па? Әлде, қазаны сарқ-сұрқ, сақұр-сұқыр қайнады дегені ме екен?! Ә?! Қап! Не де болса Нартәуекел! Ағай, төтесінен бір-ақ басуға бола ма?

Д о ц е н т: О не, тағы да көкірегің сайрап тұр ма? Ал, көрейік!

С т у д е н т: Ағай, егер осы емтиханнан аман-есен өтіп кетсем, менің қағанағым қарқ, сағанағым сарқ болмай ма?! Ал, менің әкем сіздің үйге сәлем-сауқатымен кіріп-шықса, сіздің қағанағыңыз қарқ, сағанағыңыз сарқ болмай ма?! Осыным қалай?

Д о ц е н т: Тошны!

С т у д е н т: Айтпақшы, ағай, сіздің әдрісіңіз қалай?

Д о ц е н т: (жазып береді) Жарайды бала, біраз еңбектеніп, іздендің. Оқығасын осылай миды ауыртып оқу керек! Саған бес көп болады, төрт дөп болады! (қол қойып, зачеткасын береді) Мә, айналайын, өзін

бір көргенді бала екенсің. Иә, биылғы соғымы қалай болды әкеңнің?

С т у д е н т: Білмеймін!

Д о ц е н т: Білмегені несі? Сыбаға келген жоқ па?

С т у д е н т: Енді... көптен хабарласа алмай... қазір жол жүру оңай емес... Қыс көзі қыраулы...

Д о ц е н т: Шіркін, сіздің үйдің соғымы керемет болушы еді... Ана жылғы... сен оқуға түскенде... сәре шыққан қазының дәмі былтырға дейін аузымнан кетпей жүрді.

С т у д е н т: Біздің шешей қазы айналдыруға шебер. Ерекше әдісі бар...

Д о ц е н т: Соны тағы бір көрсе, шіркін! Әйтпесе, ұмытылып барады. Ұмыт болған жерде үміт жоқ!

С т у д е н т: Абыржымаңыз, ағасы. Амандық болса, сессияны бітіріп алғасын, асықпай, ауылға барып, аунап-қунап дегендей...

Д о ц е н т: Өй, ол кезде менің қолым тимеуі мүмкін...

С т у д е н т: Оқасы жоқ! Біз өкпелемейміз! Диплом алғанда келерсіз!

Д о ц е н т: Дұрыс қой, дұрыс... Бірақ, барысып-келісіп, алысып-берісіп тұрмасаң жақыныңмен де жат боласың дегендей...

С т у д е н т: Аталы сөз екен! Өзіңіз соғымнан қалайсыз?

Д о ц е н т: Е-е, бұйырғаны бар ғой...

С т у д е н т: Онда... Ағай десе, жат болып кетпеу үшін, сіз біздікіне келгенге дейін, мен сіздікіне барып тұрайын...

Д о ц е н т: Һм-м... иә.... енді...

С т у д е н т: Ағай, арнайы шақыра алмадым деп қысылмаңыз! Баяғыда сіз біздің үйде қонақта болғаннан кейін, қазақ жөнімен бізді шақыруыңыз

керек еді. Оған сәті түспеген шығар, ештеңе етпейді. Біз тәкаппар, кекірт кісі емеспіз. Бір кеште... көп өуресарсаң қылмай... ақырын ғана кіріп-шыға қоямыз... Әдріс қалтада.

Д о ц е н т: А-а...қазір не... қыс уақыты.... қараңғы ерте түседі... кеш қауіпті! Шермәштар да шытыршытыр етіп, шытынап тұрған заман...

С т у д е н т: Ой, ағай, ниет түзу болса болды, қалғанын ұрдым! Мені уайымдамаңыз! мен жалғыз жүрмеймін.... Арысы атандай, берісі бұқадай бес-алты жолдасымды ерте барамын!

Д о ц е н т: А-а!

С т у д е н т: Рахмет, көп рахмет ағай! Ертең сіздің үйде көріскенше сау болыңыз! (кетеді)

Д о ц е н т: Қап, мынаны-ай! Собықтай сымпиған, тобықтай тымпиған бес-алты аш студент бір жылғы қыртысымды бір-ақ қарпып, қопарып кетпей ме? Қой, бір жаққа жылыстап, жан сақтай тұрмасақ, опию мен сопиюдың көкесін көріп жүрерміз, сірә! (кетеді).

1999 ж.

Қиялилар қосылғанда

(күлдіргі бірдеме)

А қ ы н: Па, шіркін, түн ортасында ұлы Абай атамыздың түбіне келіп, оңаша ойға шомған қандай тамаша! Әйеліме де рахмет, үйден айдап шыққан... Әйтпесе мен мұндай керемет күй кешер ме едім! Қарашы міне... түн... тып-тыныш... мен және Абай... ә-ә, тойыс, Абай және мен! Пай,пай,пай!... Токта, тоқта, мынау тық-тық етіп, түннің төбесін тесіп келе

жатқан кім ей? Әйелім боп жүрмесін... мені андып жүрген... Қылады-ау қылмақшыны — Абаймен сырласып тұрғаныңа сендіріп көр, мықты болсаң! У-уһ! Басқа біреу... өзі еркек, әй...Үстінде — шапан, қолында — домбыра. Ә-ә, әртіс екен ғой, оңды болды, ей. Кішкене ән салғызып, көңілімді көтерейін... Шіркін, осындай айлы түнде... бүгін айлы түн, тек қана қаланың қою түтіні жасырып тұр айды, ақындар тұншықсын деп... иә, айлы түнде қазақтың астанасы Алматының аспанында қазақтың ғажап өні қалықтап, оны Абай атам екеуіміз тыңдап тұрсақ... ә!! Әй, әй, әртіс, бері кел, бері! Ал, шырқа, құлақ түрсін бүкіл аймақ. Түгінді тұншықтырған түріп айдап!

А й т ы с а қ ы н ы: (Домбырасын қағып қағып жіберіп)

Бір берсем қас пен көздің арасынан
Ұшар ең осы арадан мұрным-айлап,
Қатының қолтығына қысып алып
Жұбатып, алдайды ғой құлыным-айлап,
Ақынды әртіс деген "ғұламаны"
Көргенде кетуші еді жыным қайнап,
Сақылдап қайран жыным қайнағанда
Сендейдің кетуші едім мыңын жайғап!

А қ ы н: Әй, ақырын, ақырын... қырамысың сонша... Көп болса айтысқа түсіп жүрген желөкпе балдардың бірі шығарсың... әнәнәйін сол!

А й т ы с а қ ы н ы: Айналайын дейтін мен сенің тұңғыш балаң емеспін! Мен қазақтың нөмірі бірінші ақынымын!

А қ ы н: Мәссаған! Тым болмаса Абайдан ұялсаңшы!

А й т ы с а қ ы н ы: Абайдан неге ұялуым керек?!

А қ ы н: Негесі несі, ей, мынаның есі дұрыс па өзі?

А й т ы с а қ ы н ы: Дұрыс болғанда қандай, тіпті

дұ-рыстың дұрысы. Екі-ақ бөтелке іштім, үшеу ішкенде бұдан да дұрыс болатын еді. Бірақ мен қанша ішсем де аталарымды сыйлаймын... жырлаймын оларды... о кісілерден неге ұялуым керек, ә?

А қ ы н: Аталардан ұялатын жеріміз көп қой біздің, шырағым...

А й т ы с а қ ы н ы. Қарайгөр мұның ұялғышын! Түн ортасында ұялғаныңнан тентіреп жүр екенсің ғой... тойып алып...

А қ ы н: Әй, өректіме, ақырын. Басқа басқа, ішкенді айтпашы өзің. Біреу-міреу естіп қойса "қазақтың ақындары ішіп жүр" деп өсек қылады... тіпті газетке де жазып жіберуі мүмкін.

А й т ы с а қ ы н ы: Жазса жаза берсін. Ішінде Абай да бар екен деп жазсын! "Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан", жұрт ақындарды бәрібір ішкіш дейді. Өткенде бір ішпейтін ақынның артынан арыз келді: "Бізге мұндайдың керегі жоқ, ішіп-жейтін дұрыс ақынды жіберіңдер. Жұрт қанша дайындалады, "ақын келе жатыр, бірге гүжілдейміз" деп. Ал ақының келіп алып, сұп-суық болып отырады... бюрократтар құсап... Тіпті, көрер көзге біртүрлі екен" - деп жазыпты. Расқой, енді қайтсін?! Бірақ, мұны сен сияқтылар қайдан білсін!

А қ ы н: Жә, жетер, жігітім қара торы, сен ақын болсаң, мен де ақынмын!

А й т ы с а қ ы н ы: Ақын?! Қалай?

А қ ы н: Солай!

А й т ы с а қ ы н ы: Осындай да ақын болады екен?! Домбыраң, шапаның қайда ақын болсаң?

А қ ы н: (қаламын көрсетеді) Міне!

А й т ы с а қ ы н ы: Е-е, жазбашамын де... Жарайды... Кімов деген ақынсың?

А қ ы н: Менов деген ақынмын!

А й т ы с а қ ы н ы: Ә-ә, Сенов деген сен екенсің

ғой.. Дұрыс, дұрыс, домбырамен өлең шығара алмаған соң, жазбағанда қайтесің?! Ештеңе етпейді, өстіп-өстіп ілігіп кетесің...

А қ ы н: Ей, жігітім, байқап сөйле, алдында ақын тұр! Мына сен сияқтының оны, жоқ жүзі, тіпті бар ғой, бір мың бір жүзі тырнағына татымайтын, пәленбай кітап жазған ұлы Ақын тұр!

А й т ы с а қ ы н ы: Өйдөйт! Мен сенің бүкіл өмір бойы жазған түгенбай кітабыңды бір-ақ тойда суырып сала саламын... Тіпті қаламақы да сұрамаймын...

А қ ы н: Сен сол суырып сала салатын суыңның буына шалқыған шикібассың ғой... Шыныңды айтшы, соны да өлең дейсің бе?

А й т ы с а қ ы н ы: Оны менен сұрама, елден сұра. Халық біледі ғой кімнің кім екенін! Жүр, сұрайық қазір көпшіліктен, қайсымызды артық көреді екен?!

А қ ы н: Сұрайтын дәнеңе жоқ... Менің өлшемім бөлек сендерден...

А й т ы с а қ ы н ы: Қысқасы классикпін дейсің ғой, ә?!

А қ ы н: Енді... нелеу былай... бірақ, Абай атам айтқандай... Ұқсап бағу керек қой...

А й т ы с а қ ы н ы: Ақындардың, әсіресе, классиктердің мастығына дейін ешкімге ұқсамауға тиіс.

А қ ы н: Апырмай, қоймадың-ау! Тоқ етерін айтқанда – классик болмайтын болсақ, қолға қалам ұстап керегі не? Ал, бірақ, қаншама керемет жырлар жаздым – классик түгілі, елеп, ескеріп жатқан ешкім жоқ. Ең аяғы баспанамыз да жоқ, жүрміз әркімнің босағасында... Жо-жоқ, жаман ойлап қалма, бауырым, барлық екі аяқтылар сияқты менің де бала-шағам, әйелім бар. Әйел болғанда қандай! Әйтеуір, "аял, аял,

аялым менің, аяулым менің" деп, алдап-сулап, амалдап, аман-есен келе жатырмыз. Өткен жылы көшеде бұрымы тобығына түскен бір сұлуды көріп, есімнен танып қала жаздадым. Амал не, жүгіріп барып бұрымынан ұстай алмайсың ғой, көзден бұл-бұл ұшты. Екі күн ұйықтай алмай, ақыры "Бұрым" деген мынауский өлең жаздым. Өлеңім газетке басылып, теріме сыймай бусанып келсем, әйелім айдаһардай ысқырады: "Мына бұрымдың кім, бұрынғың ба, бүгінгің бе? Айт жаның барында!" Ал, түсіндіріп көр басың екеу болса! "Ол сенсің ғой, аялым, аяулым"- дедім. "Қалайша менмін? Менің бұрымым жоқ!" "Сен болғанда қандай! Мектеп бітіргендегі суретіңе қарап отырып жазып едім, аялым-аяулым!"- дедім. Аялым-аяулым аялдамастан альбом ақтарды да, өз суретіне бір, өлеңге бір қарап ұзақ отырды. Қазір сол өлеңді жатқа соғады. "Осы... шашымды өсіріп, бұрым жіберсем бе екен?" - деп қояды кейде. Міне, сол аялым-аяулым, тып-тыныш "Ғарыштағы таныс үй" деген өлең жазып отыр едім, кезекті творчестволық кездесуді бастап кеп жіберді. "Әй, ғарыш сенің ненді алған? Жердегі тірлігінді реттеп, тұрмысыңды түзей алмай жүріп, аспанда нең бар, әй, ә? Е-е, қалықтап, шалықтап жүрген байғұс, үйді сол ғарышыңнан алмасаң, сені кісі деп жерде үй беруші ме еді? Әкеңнің арендаға алып берген үйшігіне мәз болып жүрсің ғой..." - деп, сұңқылдап, сұңқылдап: "Әйда, қайқай, ғарышыңа ма, Марсыңа ма, марш!" - деді. Содан, міне, жүрміз рахаттанып. Әй, ерегескенде... екеуміз қазір ғарышқа ұшып кетсек қайтеді? Президентке арыз жазайық, үй алғанға дейін бізге ғарышта ұшып жүре тұруға рұқсат етсін, ә?

А й т ы с а қ ы н ы: Президент жіберер-ау, әйелін жіберер ме екен? Артыңнан қуып барып, корабліңнен лақтырып жіберсе, кетесің ғой жердің жасанды серігі боп. Айтпақшы, өзі қай жерден шыққан аю, ә?

А қ ы н: Қазауылдың қара аюы...

А й т ы с а қ ы н ы: Мәссаған! Онда менің апам болды ғой, мен Бұлақбасынанмын!

А қ ы н: Апаң болса, солай ендеше! Сендерден оңған адам шығушы ма еді?

А й т ы с а қ ы н ы: Набарот шығар... Апамды кінәлайтын түк те жоқ-әй, мына сен сияқты жындыны қуып шықпағанда қайтеді? Қайта рахмет... біржола қаңғыртып жібермегеніне...

А қ ы н: Апаңды алдым, балдыз, опырайтып, кетсеңші оған біраз ақыл айтып!

А й т ы с а қ ы н ы:

Кісі едің әжептәуір қоқырайған
Апайым жіберген бе жапырайтып,
Апама мойын созып күні өтсін деп,
Қойған ғой құдай сені мықырайтып!
Қосылып, апам күлсе, күлген жездем,
Үндемей өлер жерін білген жездем.
Ерніне апамыздың ерні жетпей
Өмірі бақайымен жүрген жездем!
Алтынсың, өлде бөлкім қалайысың,
Бірталай дүниенің сарайысың,
Мың жерден керемет боп кетсең дағы
Бәрібір апайымның малайысың!

А қ ы н:

Балдыз-ау, ақылы көп баласың ғой
Бірақта теріс кетіп барасың ғой,
Бәрібір апаңыздың үстіндемін
Сөзімнің шындығына нанасың ғой!

А й т ы с а қ ы н ы:

Біз мұны керісінше деп ойлаушы ек,
Әйгілеп тұрған сен де данасың ғой,
Байына атша мініп кейбір қатын
Шабады, кинодай ғып, нанасың ғой,
Бір күні саған да апам мініп алса
Бейшара арам өліп қаласың ғой!

А қы н: Әй, не десең о де, бәрібір апанды... солай енді... иә... сүйтіп жатырмыз ғой...

А й т ы с а қ ы н ы:

Өзіңше әлдәғандай боп тұрсың ғой

Апанды үйттім-бүйттім деп тұрсың ғой,

Ол саған мәртебелі міндет еді

Сен болсаң малжаң-малжаң жеп тұрсың ғой!

А қ ы н: Әй, айдаладағы біреуге соншама жабысып... "ешкіні – апа, текені – жезде" дейтін арзан балдардың бірі екенсің ғой өзің!

А й т ы с а қ ы н ы:

Жауабын бұл сөзіңнің төтелейін

Жансың-ау, ақыл-ойы өте кейін,

Өзіңді бұдан былай әй, жездеке,

Ешкі апам үйіндегі теке дейін!

А қ ы н: Жарайды, жарайды, жеңілдім деп құтылмасам, қоймассың... Бірақ, осындай мәнсіз, мәдениетсіз нәрселерді өлең деп сен ұялмай айтасың да, біз ұялмай тындаймыз-ау, ә?! Ишшо қол соғамыз... Не болса соған қолын соққан халқым, қайтейін сені... Бағы замандарда ақылдыларды таспен соғып өлтіруші еді, қазір ақымақтарды құтыртып қол соға берсең, ақылдылар өзі-ақ өліп қалады. Сендердің түкке тұрмайтын бірдемелерді немесе елдің бәріне белгілі нәрселерді екілене өлеңсымақ қылып, өздеріңше көсемсігендеріңе алданған көпшілік қолын соққан сайын "жеткен жеріміз осы екен ғой" деп тірідей өліп отырамыз... "Үйту керек, бүйту керек"- деп, ауыздарыңмен дүниені төңкересіндер келіп, төңкересіндер келіп...

А й т ы с а қ ы н ы: Жұрттың бәрі төңкеріп жатқан дүниені аяйсың ба?

А қ ы н: Әй, айналайындар-ау, өздерінде дұрыс ақыл жоқ, сендер ақылғөй боп кімді жарылқайсындар, ө?!

А й т ы с а қ ы н ы: Ақылдың керегі не бізге? Ақылды саған бердік, бізге халық қол соқса болды! Ал осы сендердің бізде нелерің бар? Айтыс ақындары бір бәле болды деп шулайсыңдар да жатасыңдар...

А қ ы н: Өлеңнің құнын кетірдіңдер. Аннан-мұннан жиылып, әлем-жәлем киініп, домбыр-аларыңды сабап-сабап, бір-біріңді сыбап-сыбап, қолдарыңды сермеп-сермеп, бастарың бұлғаң-бұлғаң етіп, сөздерің жылмаң-жылмаң етіп, өздерің ырбаң-ырбаң етіп, епсініп, көпсініп, тепсініп-тепсініп, зырылдап, қырылдап, қиратқандай боп қоқиланып шыға келесіңдер. Барған жерлеріңе жақын көрініп, жағыну үшін біреулерің күйеу, біреулерің келін бола қаласыңдар өп-өтірік. Басқа жұрт өтеш төбелестіреді, бұқамен сүзиседі, ит таластырады. Біздің қазақ ақын айтыстырады. Оу, екі адам көп алдында өлеңмен салғыласып, бірін-бірі түгін қоймай жамандап жатқанының несі қызық? Адамды кекеп-мұқап, кемсітіп, мазақтап, қорлайтын өнер – өнер ме екен?!

А й т ы с а қ ы н ы: Барлық айтыс ондай емес қой... Нағыз айтыс – ойын-тойдың сәні, халықтың бір алданыш-қызығы, театр-тамашасы, елдің көкейкесті сөзі, мұң-мұқтажы, шындығы айтылатын аренасы. Екіншіден, айтыс ақындары өлеңді көбінесе нақты жағдайға, нақты оқиғаға, нақты адамдарға байланысты шығарады. Ол негізінен мәңгілік туынды болмай-ақ, сол сәттің ғана қызметіне жарауы мүмкін. Бірақ, адамдарды бір сәтке болса да қуантып, күлдіріп, риза қылып, ой салып жүру, көптің көңілін көтеру, көркі болу аз бақыт па?! Соның бәрін түсінбегендіктен айтысты бүлдіріп жүрген мына сен сияқтылар... Айтысты, айтыс ақындарын жамандағанда алдарыңа жан салмайсыңдар, ал бірақ жюри болуға таласып-тармасқанда үялмайсыңдар.

Бұл айтыс қайта оралып оңды болды,
Талайлар тонды болды, жолды болды,

Көрінбей жүрген елге юрилердін
Өздерін көрсететін орны болды!

Және сендердің қазылықтарыңда белгілі бір жүйе, шарт, тәртіп, принцип жоқ. Кімнің сәлемі жақса, кім көңілдеріңе жол тапса, бүйректерің де, биліктерің де соған қарай бұрыла салады. Бәйге әперетін ақындарыңды алдын-ала дайындап, бір-бірімен келістіріп алып, ерекше жағдай жасайсыңдар. Бүкіл дүние жүзінде, жарыс атаулыда біреу озып, біреу қалушы еді. Сендер ұнатқан ақындарыңды бір-бірімен айтыстырып, екеуіне де жоғары ұпай беріп, сүйреп шығарасыңдар. Ал басқа ақындарды, қарсыласынан озып тұрса да, төмен ұпай беріп, құлатып жібересіңдер. Тіпті: "Аямаңдар, шайнасыңдар, аталарымыз солай айтысқан," - деп айтақтап, бір-біріне жаман сөздер айтқызасыңдар. Айтысқа шығатындардың да жаман сөз естісе жаны ауыратын, жақсы сөз естісе қуанатын кәдімгі адам екенін неге ойламайсыңдар? Апырмай, біреудің біреумен шайнасқанына неге сонша құмар болдық екен, ә?!

А қ ы н: Ау, біреу айтақтағанға шаймай бересіңдер ме? Өз бастарың қайда? Қазір ата-бабаларыңның заманы емес, ол заманның өлшемі бұл заманға жүре ме екен? Оның үстіне аталарыңыздың барлық сөзі мен ісі абсолютно дұрыс деп кім айтты? Өз ауылын көтермелеп, өзге аулдарды кемсітіп, кекетіп, немесе бергенді мақтап, бермегенді даттап айтқан сөздерде қандай жақсылық, қандай терең мағна бар? Ал біз оларды "анау-мынаны бүйдеп қатырыпты, сыбағасын беріпті," - деп, айызымыз қана кітапқа жазамыз, насихаттаймыз келіп. Тауып айтылған тәуір сөздің орны бөлек, ал біздің кейде кәдімгі сұрамшақтық пен оскорбление личностиді өнер көретініміз қалай? Өз аузымен өзін "мен мұндаймын" деп мақтағаннан, өзгені "сен андайсың" деп боқтағаннан шындығында

сондай болып қалмайды ғой. Ауыз шіркін не демейді? Жік-жікке бөлініп, өз ауылын мақтап, өзге ауылды даттаған сөздер ел бірлігіне, ынтымағымызға зиянын тигізбей ме? Қазір де сөзді оңды- солды сапырып, өзінен басқаның бәрін кінәлай көпіріп жүргендер аз ба? Сөз қуған жақсы емес! "Өнер алды қызыл тіл" деп жүріп, шетімізден қырт болып кеткен жоқпыз ба, осы? Басқа халықтар үндемей іс тындырып жатқанда, мы слишком много болтаем и слишком много значения придаем этой болтовне!

А й т ы с а қ ы н ы: Оның рас. Жаман сөз жаман сезімдерді қоздырады, жаман ойларды оятады, жаман істерге бастап, дүниеге жамандық таратады. Ақын адамның жанын жаралайтын жаман сөз айтпауы керек. Оның жырлары әлемдегі ашу-ызаны басуға, адамның жанын, қанын тазартып, мейірімді, пәк сезімдерін оятуға, дүниеге ізгілік нұрын шашуға тиісті!

А қ ы н: Міне, міне, ақылың енді кіріп келе жатыр. Әр адам өз сөзіне жауапты. Оның сөздері қандай жолға қызмет етеді, жақсылықты көбейте ме, жоқ жамандықтың сойылын соға ма — осының обал-сауабы сол адамның мойнында. "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" дегеннің мағнасы мүлде басқа — ол халыққа тізесі батқан, жемқор, озбыр, қиянатшыл бастықтарға халықтық шындықты қаймықпай айт деген сөз. Ал аузына келгенін айтып, әркімнің тағдырына қол сұғып, төрелік айтуға, ар-намысына тиюге, жүрегін тілгілеуге ешкімнің хақысы жоқ. Сөз жарасы, сөз жанжалы қиын. Жыланның улы тілін жұлып алады ғой. Біреуді балағаттап, өсек, ғайбат сөз айтқан кісіні ақын деп, азамат деп есептеуге бола ма? Бір-біріңді бас салып даттай бергенше, осыны ойласандаршы. Қарсыласыңды ерекше сыйлауың керек қой, өйткені екеуің бір кемеңіздің үстіндесің, екеуің бірлесіп жаңа бір өнер туындысын жасайсың.

Қандай ащы шындықты да, ауыр сынды да мәдениетті түрде айтуға болмай ма? Және ол жеке бастың емес, елдің сөзі, әділетсіздікке, жамандыққа қарсы, халыққа қажетті сөз болуға тиіс. Шын айтыс ешқандай қағида, ережеге көнбейтін күрделі, рухани дүние: оның қиындығы да, қызығы да жала жауып, қауып сөйлеуде емес, тауып сөйлеуде. Зілсіз қалжың, әдемі әзіл, шуақты күлкі қандай шіркін! Бірақ, амал не, көбінесе көпіртіп, бір-біріңді күйелеп, күйдіріп, сөз еместі сөз қыласыңдар. Аңқау халық сендердің жеңіл-желпі жел сөздеріне алданып, өлең оқуды қойды мүлде. Поэзияға зияндарың тиді сөйтіп!

А й т ы с а қ ы н ы: Е-е, әрең дегенде тірілтіп алған айтысты енді қайта өлтіре алмай қиналып жүр екенсіңдер ғой. Әйтпесе, бізді жау көретін жөңдерің бе? Бұрын өлең оқып отырған халық айтыс қайтып келгелі оқуды қойды дегенге кім сенеді? Оқитын адам — оқиды, оқымайтын адам — оқымайды! Ол үшін айтысқа қарсы майдан ашатын түк те жоқ. Біз сендерге тимейміз ғой осы... Өлеңдеріңді, де оқымаймыз. Сендер де бізді тындамай-ақ қойыңдар!

А қ ы н: Оқымасаң — ол сенің надандығың! Оқысаң — нағыз өлеңнің қандай болатындығын білер едің, өзіңнің өлеңсымақтарың үшін ұялар едің, тіпті айтысты қояр едің!

А й т ы с а қ ы н ы: Онда оқымағанымның өзі жақсы екен!

А қ ы н: Оқыма, өленді ғана емес, басқаны да оқыма! "Оқымаған қазағымның айтысы-ай" десеңдер, жұрт мәз болып қол соғады. Әй, оның несі мақтан, несі керемет? Надандықтың аты — надандық, қараңғылықтың аты — қараңғылық емес пе? Мына сендердің әу дегендеріңе үйіп-төгіп сыйлық беретіні де сол қараңғылықтан. Неше түрлі дефицитті береді-ау айтысқа — елді жұтатқан осы сендерсіңдер. Көк

тиындық өлеңге көп бұйым бергенін көргенде кісінің іші күйеді, пірәмі! Алып жатсыңдар, алып жатсыңдар, әбден байыған шығарсыңдар, ә?! Жылқың қанша қазір?

А й т ы с а қ ы н ы: Немене, жылқышым болайын деп пе едің? Мұның енді ақынның емес, қатынның сөзі сияқты екен. Бар жұмысыңды тастап, айтыс ақындарына ревизия жасауға көшкенсің бе? Ел сыйлық берсе — өнерді сыйлағаны, тіпті бар ғой, қанша бейнеттеніп, жанымды жеп айтқан өлеңімнің ақысы. Сендер сияқты кесімді қаламақымыз жоқ, жүлде берсе — алдық, бермесе — қолды мұрынға тығып қалдық. Сондықтан, бізге де тұрақты қаламақы төлеу керек, адам сияқты... Оның орнына, біреудің алған бәйгесін санаймыз, "анаған байламады, мынаған сыйламады, үйтпеді, бүйтпеді" деп сөз қыламыз... Ау, бәйгені алған екен — неғылса о ғылсын, жұмысымыз қанша? Өзіміз беріп алып, өзіміз өсек қыламыз — не деген бейшара едік, ә? Сен мені байыдың деп тұрсың, ал менің ертең бас жазатын ақшам жоқ. Жүлдемді сатып ішпеймін ғой, ә?

А қ ы н: Бәрібір, сен құсап айтыс қуып кеткенімде ендігі бір үйір жылқым болатын еді.

А й т ы с а қ ы н ы: Арманың жылқы болса, өлеңді қой да, жылқышы бол, зоотехник, веттехник, әйтпесе, деректір, әкім бол!

А қ ы н: Жоға, бәрі де өлеңімнің садағасы! Менікі өнердің қамы ғой, әйтпесе сендерде нем бар?

Бұл айтыс шипа болмақ жарамызға,
Бірдеме барса ғана санамызға,
Бәйге үшін мың құбылып, жолдан тайып,
Жігіттер, саудагер боп барамыз ба?!

А й т ы с а қ ы н ы:

Ақтайды, мақтайды өзін есіл кеуде,
Болмай ма сол кеудеге есірмеуге?

Атақ пен мансап үшін кей жігіттер

Дайын жүр бір-бірінің етін жеуге!

А қ ы н: Өлең — өнер, ол бәрінен де биік!

А й т ы с а қ ы н ы: Үкімет, мемлекеттен де биік пе?

А қ ы н: Әрине!

А й т ы с а қ ы н ы: Онда неге сол үкіметтен мемлекеттік сыйлық сұрап, өзінді өзін төмендетесің? Неге сол сыйлыққа таласып, бір-біріңмен қырылысасың?

А қ ы н: Ойбай-ау, сен қызық екенсің, ол сыйлыққа таласпайтын бізді кім деп жүрсің? Бәрі соған тіреліп тұрған жоқ па?!

А й т ы с а қ ы н ы: Қалай соған тіреліп тұр?

А қ ы н: Солай соған тіреліп тұр! Бері қара, ұғындырып жіберейін. Әдебиеттегі, қоғамдағы орның да, беделің де, үкіметпен халықтың сый-құрметі де лауреаттығыңа, атағыңа байланысты. Мың жерден талантты болсаң да лауреаттармен, халық жазушыларымен, халық ақындарымен дәрежең бірдей болмайды. Қысқасы, лауреат болсаң — фигурасың, болмасаң — жай пешкісің, ұқтың ба?

А й т ы с а қ ы н ы: Ол қандай дәреже, кімнің алдындағы дәреже? Өлеңге қандай қатысы бар оның? Мысалы, сен лауреат болсаң — содан сенің өлеңің жақсарып, немесе, лауреат болмасаң — нашарлап кетпейді ғой.

А қ ы н: Оның рас. Бір кезде соқтық өтірікті — біреуге атақ, сыйлық берсе, үкімет пен партия өнерді бағалап жатыр деп... Шын өнер туындысының шын бағасы — сол туындының өзі, оған атақ, сыйлықтың түкке де керегі жоқ. Ол мына бізге керек, өйткені біз адамбыз ғой, пендеміз...

А й т ы с а қ ы н ы: Шен-шекпен құмарлық қой баяғы... Өйтетіндерің бар, әдебиетке де пагон, звания

енгізіп, жүріңдер бір-біріңе честь беріп, команда беріп...

А қ ы н: Солайы солай, бірақ амал қанша... Ақыры айтқыздың-ау, бері қара... Баяғы патша заманында шен-шекпенге таластырып, ата-бабаңды алдап соққан... Кешегі партия, совет сол күмпи-сүмпи саясатты тіпті күшейтті. Әсіресе, әдебиет пен өнерді бағындырып, бүқтырып ұстау үшін партия мен үкімет айтқанын істеп, мақтағандарды шен-шекпен, сыйлық, атақ, орден-медаль беріп күмпиткен, тіл алмағандарды, жақпағандарды – сүмпиткен. Күмпи-сүмпи дегенің солай!

А й т ы с а қ ы н ы: Әй, өзің де жай жүрмейтін білгіш екенсің, маған мынаны түсіндірші: қазір СССР мен КПСС-ті жабыла боқтай кететіндерің қалай, солардың берген шен-шекпендерін мақтан ететіндерің қалай?!

А қ ы н: Әй, өзіміз сүмпиіп жүріп, жұрттың күмпигенінде неміз бар? Күмпиіп алайық та әуелі, сосын көрерміз ол жағын...

А й т ы с а қ ы н ы: Күмпи-сүмпи, күмпи-сүмпи... Қайтсек күмпиеміз деп жанталасамыз, сүмпитіп жібере ме деп әркімнен бір жасқанамыз... Мемлекеттік сыйлық дәметіп үкіметке сендер жалтаңдасандар, халық ақынын бере ме деп біз жаутаңдасақ-шындығында біз күл атақ, сыйлық, мансаптың, пендешіліктің құлы боп кетеміз ғой. Ақындары күл болған халық қайтіп азат халық болады,ә?! Лауреат, народный атанбай-ақ өткен ғой күңіреніп небір ұлылар... Осы атақ, награда дегенді жойса, елдігіміз, ынтымағымыз күшейер еді...

А қ ы н: Мұның қиял әншейін... Қазақ шенқұмар, бәйгеқұмар халық... бәрін де жарыспен, бәсекемен өлшейді, бірінші, екінші деп... Сен де бөскен жоқсың ба жаңа, нөмірі біріншімін деп...

А й т ы с а қ ы н ы: Енді... мен де қазақ емеспін бе, қазақтың бәрі бірінші емес пе? Қайткенде бірінші боламын деп жанталасып, бір-бірін менсінбей жүрген жоқ па? Бізден басқа халықтар да бір-бірін, әсіресе таланттарын нөмірлей ме екен?

А қ ы н: Ол былай... Өнер – бәйге емес, өнер – өзгеше бір әлем, былайша айтқанда, ғажайып бір бау-бақша екендігін, оған әр талант әр түрлі ағаш, әр түрлі гүл өсіретінін, әрқайсының қайталанбас өз орны бар екендігін, нөмірі бірінші, екінші деген жоқ, бірінен бірі өткен деген бар екендігін ойламаймыз біз, қайтсем қасымдағыдан озам деп, әлектеніп-әлектеніп, ақыры шен-шекпеннің қолтығына тығыламыз... Мұның бәрі идеал... қияли әңгіме әншейін... Одан да жерге түсейік. Жерге түссек... керек бізге шен-шекпен! Үкіметіңнің өнерге қайыры шамалы болған соң, сыйлық пен атақ сұрамай қайтеміз одан? Ең болмаса, жағдайымыз түзелер, көңіліміз көтерілер, фигура болармыз деп... Бірақ, амал не... жүрміз мінеки... көшеде! Осының бәрі қазақ поэзиясының классигін Апаң екеуің ғана емес, жалпы мемлекет сыйламайтындығын көрсетпей ме? Жаздым не бір тамаша өлеңдерді – енді не істе дейді маған, ә?!

А й т ы с а қ ы н ы: Саған енді өлу керек!

А қ ы н: Аа-а?!!

А й т ы с а қ ы н ы: Өлсең – өмірі кимеген киіміңді киіп, өмірі мінбеген машинанды мініп, өмірі естімеген сөзіңді естіп, өмірі жатпаған кең, тыныш жеріңе барып жатасың, қысқасы, өмірі көрмеген құрметінді көресің! "Қайран классигіміз-ай, қадірін білмедік қой,"- деп, жабыла жылап, жырларыңды жатқа соғамыз, сенің атыңдағы сыйлыққа таласамыз, айтыс өткіземіз.

А қ ы н: Пейіліңе рақмет, айналайын! Бірақ, сол құрметті қазір-ақ көрсете берсеңдер болмай ма?

А й т ы с а қ ы н ы: Кімге? Мына саған ба?

А қ ы н: Енді... өзің айттың ғой жаңа...

А й т ы с а қ ы н ы: Мен айтсам, сен өлгесін дедім...

А қ ы н: Соны қазір... өлмей-ақ... былай...

А й т ы с а қ ы н ы: Жо-оқ, өлмесең болмайды, ренжіме... Өл, содан кейін көресің құрметтің көкесін! Қазір қалай?... Болмайды... Қасымда тұрған... қолмен ұстап көруге, тіпті мұрнын бұзып жіберуге болатын, түн ішінде тентіреп жүрген мына саған сонша құрметті қайтіп қиямыз... Өзімізге жетпей жатқанда... Өлсең — другое дело! Тентіреп жүргеніңді "кең дүниеге сыймай жүрген екен-ау, түсінбедік-ау," - деп өкінеміз...

А қ ы н: Өстіп өлтіресіндер ғой сендер...

А й т ы с а қ ы н ы: Көп сөзді қайтесің, классик болғың келсе тезірек қимылда...

А қ ы н: Не-ме-не?!

А й т ы с а қ ы н ы: Тезірек өлуге тырыс, әйтпесе анау... кім... бұрын кетіп қалса — құрисиң!

А қ ы н: Бір емес, он рет өлсе де, оған қайдағы классик?! Менің жанымда сол да ақын ба?

А й т ы с а қ ы н ы: Иә, оның жанында сен классиксің ғой.

А қ ы н: Кекетпе олай...

А й т ы с а қ ы н ы: Онда неге онымен бәсекелесесің? Көр де тұр, сенен бұрын кетіп қалса, тіршілігінде сондай классикті түсінбеген, тіпті теперіш көрсеткен кісілердің көсемі ретінде көресінді көресің әлі!

А қ ы н: Қалай?

А й т ы с а қ ы н ы: Солай! Сен онымен пікір таластырып, өлеңдерін сынап жүресің ғой кейде. Міне, сол жетеді бізге... Күнделігіне: "Мені мыналар мына жерде бүйтіп ренжітті," - деп жазып қойса, тіпті қатып кетеді. Әрі-беріден соң оны сен өлтірдің дейміз, жүзіміз жанбай... Сондықтан тездет, бұрын кетсең — бар абырой сенікі!

А қ ы н: Құдай сақтасын, мыналарың сұмдық екен!

А й т ы с а қ ы н ы: Ә-ә, солай ма? Онда классик-массикті қайтесің... Жаман болсақ та аман болайық бәріміз!... Кел, сол үшін ап қояйық... (Қойнынан бөтелкесін суырып алады) Жаңа бір тойда дүрілдетіп едік... мынау сарқыт...

А қ ы н: (Бөтелкені алып, шыр айналдыра қарайды) Ех, гонорар, гонорар.

Бұйырса бұл да жоғалар!

А й т ы с а қ ы н ы:

Бұйырғанды көрерсің,

Кеп қалса қызыл жағалар,

Бөтелкені бөгемей,

Бүлкілдете бер деген,

Бұрыннан қалған жоба бар,

Тоқырауда тойынып,

Тұқырып өскен тұқымбыз,

Кешірсін бізді бабалар,

Кешірсін бізді балалар!

А қ ы н: (Күрсіне күліп) Жарайсың, ақыным!
Кеттік, ендеше, стақаныңды әкел!

А й т ы с а қ ы н ы:

Бөтелкемді ұстатам,

Сұрайды еше стақан,

Тұрғанда өстіп керіліп,

Атады ғой қысқа таң,

Арақ түгілі спиртті,

Түбінде тұрып Берлиннің,

Фляганың аузынан,

Сылқылдатып ішті атаң!

(Екеуі де күліп, бір-бірден тартып жібереді.)

М а й о р: Алақайдың бересі-ай, ұсталдыңдар ма,
айналайын алқаштарым!

А қ ы н: (күліп) Гитлер капут!

А й т ы с а қ ы н ы: (домбырасын қағып-қағып жіберіп) Ассаламуғалейкүм, майырым-ай,
Қылмысты қуып жүрген айғырым-ай,
Керемет екендігің соншалықты
Кетемін сені көрсем айығып-ай,
Айықпай, қисандасам, айып қылып
Қолымды байлайсың ғой қайырып-ай,
Мелтсия мейірімін көре-көре
Қалыпты қу жүрегім шайлығып-ай,
Қазақтың екі ақынын қамағанда
Өсе ме поғоның мен айлығың-ай!

М а й о р: Жә, жетер... Біріншіден, қолыма түскеннен кейін, ақынсындар ма, қатынсындар ма, маған бәрібір. Бұрап-бұрап, қан-сөлі тамған шындықты шығарамын-выжму полнокровную правду, орысша айтқанда.. Екіншіден, менің ақындарда өшім бар. Мына сен, (айтыс ақынын нұсқайды) өткенде бір айтыста мені өкіртіп тұрып жамандадың ғой, ә, бәлем?!

А й т ы с а қ ы н ы: Қалайша? Мен сізді танымаймын да ғой...

М а й о р: Жоқ, әрине, мені емес, милицияны! Ал милицияны жамандағаның – мені жамандағаның! Жұрт қолын созып, ырбаңдатқан сайын құтырып, түгімізді қоймап едің, енді мен ырбаңдатамын сені! Кеттік, әйда!

А қ ы н: Қайда?

М а й о р: Тойға! Өзі де әбден қызған кезі – дәл үстіне барамыз. Температурасы жоғары творчестволық кездесу өткізіп, тәрбие жұмысымен айналысып қайтуға қалайсындар, ә? Айықтырғыштағы айтыстан асқан айтыс бола ма, барыңды саларсың, ақыным! Бас бәйгеге сенің басыңды тігемін... Ха-ха-ха... жеңсең бас бостандығыңды аласың, ұқтың ба?

А қ ы н: Айтыста милицияны сынады екен деп

сонша неге өшігесіз, ә? Қазір кімді кім сынамай жатыр? Президенттерді де, батырларды да, қатындарды да сынап жатқан жоқ па, милиция түгілі... Солар да, түзеліп кетпегенімен, әйтеуір, өшікпейді ғой бұрынғыдай...

М а й о р: Өшікпейтін мен қатын емеспін. Өшіккенде өңешін жұлып аламын. Өйткені, бізде честь мундира деген бар. Мундирдің түймесіне тигенді түймелеп жібереміз. Мынау не, білгіш болсаң айтшы қане?

А қ ы н: (таңданып) Погон?!

М а й о р: Жоқ, бұл жай погон емес, бұл менің жұлдызым! Сендер, ақындар, көзге көрінбейтін, уысыңа түспейтін қайдағы бір жоқ жұлдыздарды іздейсіңдер...

А қ ы н: Жоқ жұлдыз емес — шоқ жұлдыз! Көп жұлдыздан таза, жарық жұлдыз — арман жұлдызы!

М а й о р: Е, мейлі, маған бәрібір... сол сендердің қолдарың жетпей жүрген жұлдыз, міне, менің иығымда тұр. Және жай тұрған жоқ, жалт-жұлт етіп, жарық беріп, мені жұрттан, мына сендер сияқты жұлдызсыздардан биіктетіп тұр. Ол — менің барым, ол менің бағым! Әкем де, шешем де, қатыным да, балам да — осы! Қысқасы, погон — менің құдайым! Ұқтындар ма?!

А й т ы с а қ ы н ы:

Иықта табынатын погоны бар,
Құйрықта қағынатын наганы бар
Адамды адам ғұрлы көрмейтұғын
Ал, қандай майыр — миға амалың бар?
Адамдар дүлей күшке бағынуда
Заман да соған лайық қағынуда.
Құдайын ұмытқандар құмар неге
Қолынан құдай жасап, табынуға?!

М а й о р: Әй, наганмен ойнасаң да, погонмен

ойнама! Погонның қадірін білмейтін мына сен де адамбысың, ей? Қайдағы адам? Жүрістерің мынау. Ол аздай, тәртіпке шақырғаным үшін өзімді кінәлайсыңдар келіп! Жоқ, сендер адам емессіңдер, сендер – халыққа көктиын пайдасы жоқ, аузымен орақ орған зиянкессіндер. Ар-ұят, әділет, теңдік деген бірдеңелерді айтып, мазаны алатын сендер сияқтыларды құрту керек! Солай, бәлем, қолдан келіп тұрғанда аяйын ба, білгенімді қыламын сендерге!

А қ ы н: Оу, тым қатты кетпеңіз олай... қазақ емеспіз бе бәріміз де...

М а й о р: Қазақ-мазақты білмеймін, погондай тұзу, жұлдыздай айқын, кісендей қатты тәртіпті білемін мен!

А қ ы н: Әр халықтың өз тәртібі болуы керек. Басқа жұрттың милициялары өз қандастарын қолдарынан келгенше қорғайды, ал біздің қазекеңнің қолына билік тисе, алдымен өзімізді езіп-жаншып, таптайды келіп. Қашанғы өстіп бірімізді-біріміз құртып, қор бола бермекпіз?!

М а й о р: Қор болатын сендер, менің түгім де кетпейді. Өздеріңді өздерің қор қылып, неге ішесіңдер?

А қ ы н: Ал, иә, біраз ішкен шығармыз... Содан не бүлініп қалыпты? Сол үшін адамды табанға салуыңыз керек пе? Қазақтың ақындары қазақтың шапанын жамылып, қазақтың домбырасын ұстап, қазақтың астанасында алшандай басып жүргенде, бір майор тұтқынға алып, қиратқан екен дейді ғой, естіген жұрт.

А й т ы с а қ ы н ы: Ақындарды ешқашан қамауға болмайды!

М а й о р: Неге?!

А й т ы с а қ ы н ы: Сол! Заң бойынша мындайларды (қолымен шекесін бұрғылайды) соттамайды ғой. Ал, өмірде ақындардың бәрі жынды...

жындандырмай қоясындар ма сендер... Сондықтан, ақындарды емес, ақындарға тиіскендерді қамау керек!

М а й о р: Оны енді сондай заң шыққанда, сондай бұйрық болғанда көрерміз, ақыным! Бірақ, ақындарды ресми түрде жынды деп танитын болсақ, онда жындыханаға сап тастаймыз ғой. Одан да бізге түсіп, екі-үш күн қонып, айығып шыққандарың дұрыс шығар, ә?

А қ ы н: (айтыс ақынына сыбырлап) Әй, мынауың барып тұрған нағыздың өзі. Көр де тұр, ондырмайды. Қашсақ қайтеді?

А й т ы с а қ ы н ы: Қашып көр, қолма-қол классик қып жіберсін.

М а й о р: Ал, ақындарым, күнде қолға түсе бермейтін қымбат қонақсындар ғой, мініңдер машинаға! Сендерден немді аяйын?

А қ ы н: Сізге дауа болмас!

М а й о р: Иә, маған дауа жоқ! Ал сендерге дауа бар. Менмін сендердің дауаларың! Мініңдер! Баратын жерлеріңе апарып салайын!

А й т ы с а қ ы н ы:

Біреулер машинаның майын мінген
Ауылдың ат пен түйе, тайын мінген.
Жалғанда жалғыз ақын мен ғанамын
Қиқулап қызыл ала майыр мінген.
Шекісіп, бекісетін ойынымыз,
Ол үшін сілтенбесін сойылыңыз.
Бір емес, бар ақынды көтерердей
Маршал боп жуандасын мойыныңыз.
Жігіттің жан сарайы ашық жүрсін
Жұртына жақсылығын шашып жүрсін.
Адамды адам дейтін милицияның
Әрқашан абыройы асып жүрсін
Қинамай қызып қалған ақындарды
Құрметтеп үйді-үйіне тасып жүрсін!

М а й о р: Ал, келдік ендеше үйлеріңе!

А қ ы н: Өй, бұл айықтырғыш қой!

М а й о р: Енді ше! Айықпай жүре бермексіндер ме өстіп! Осыдан – басқа жер сендерге лайық емес...

А й т ы с а қ ы н ы: Ал, ақыным, қайсымыз артық екенімізді қазір айтып береді көпшілік...

А қ ы н: Кеттік-ау арманда, Ахаңдардың артынан!

А й т ы с а қ ы н ы: Олай деме, біз Ахаңның емес, ақанның артынан кеткен тыңнан кейін туғандармыз! Бізге айығу керек! (өндетіп) Сілкініп, беу қазағым, айығыңдар!

1994 ж.

Қожанасыр

Қатысушылар:

Қожанасыр

Әйелі

Қазы

Ұры

Бай

Хан

Бас уәзір

Төс уәзір

Бірінші саудагер

Екінші саудагер

Жолаушы әйел

Шайханашы әйел

Жасауыл

Ауылдастар, қалалықтар, базаршылар.

(Оқиға Қожанасыр заманында өтеді)

Бірінші сурет

Бірінші көрініс

(Кеш. Қожанасырдың қоңыр үйі. Шам жанып тұр. Жұпыны киінген әйелі Қожанасырдың көнетоз, қырық жамау қоржынына оны-мұныларын жинастырып салып жатыр. Жобасы – жол қамы.)

Ә й е л і: Әй, қайран Қожанасырым-ай, қайтейін сені! Ішер ас, киер киімге жарымай, мына жалғаннан жабырқап-ақ өтер ме екенбіз? Қайдам... Әйтеуір, оңып жатқан тірлік жоқ, бірақ соған қыңып жатқан Қожекем бе? Ойбай-ай, күйдіргі-ай десейші, күлкісі қай жерінен шығады екен? Бір жолы төркіндеп келсем, ошақтың басында от жағып отыр. Бет аузы күйе-күйе. Басына менің орамалымды орап-орап алыпты. "Қожеке не болды? Әбден әбігерленіп, шат-шәлек ейін шықты-ау"- деп, бәйек болып жатсам: "Қанша әуреленсем де от жанбай қойды. Сосын сенің орамалыңды салып кеп, үрлеп-үрлеп жіберіп едім, лап ете түсті. Соған қарағанда сенен от та қорқады білем!"- деп, күлгенін қайтерсің...

(Сырттан есектің ақырғаны естіледі. Үйге шапанын сүйретіп Қожанасыр кіреді)

Ә й е л і: Иә Қожеке, аман-есен келдің бе? Тоқта, Тоқта... Шапаныңды ауыстырып алғанбысың?

Қ о ж а н а с ы р: О не дегенің. жаным. Кеше ғана бармағыңды майыстырып отырып жамап-жасқап, жап-жаңа ғып берген шапаныңды біреуге айырбастап, мені өле алмай жүр деп пе ең?

Ә й е л і: Қане, дұрыстап қарашы. Мынауың бөтен нәрсе. Жұрт қонаққа барған жерінен біреудің тәуірін әдейі іліп кетуші еді... Ал сенің өзіндікінен де ескі бірдеңені киіп алғаныңа жол болсын!

Қ о ж а н а с ы р: Ә-ә! Рас-әй... Жаңа ғана шапаным өзімдікі сияқты еді...

Ә й е л і: (Жабықтан сығалап) Есегің де басқа ғой.

Қ о ж а н а с ы р: (Жабықтан сығалап) Қап! ұят болды-ау! Қалай байқамағам? Мен неге өстіп ылғи байқамай қалам, ә?! (Сәл үндемей) Ойбай, сүйінші, қатын, сүйінші! Той жаса!

Ә й е л і: Не боп қалды? Тағы нені бүлдірдің?

Қ о ж а н а с ы р: Шапанның ішінде, есектің үстінде болмағаным қандай абырой болды, ә?! Әйтпесе, өзім де айырбасталып кетпес пе едім...

Ә й е л і: Әй, Қожеке-ай, Қожеке-ай! Бүйте берсең, байқамай басқа әйелдерді де жақсы көріп қоярсың?

Қ о ж а н а с ы р: Жоға! Ондайды байқамайтын бала емеспіз... Басқа әйелдерді былай... бай-қап, қарап жақсы көреміз дә!

Ә й е л і: Олай демеші Қожеке! Тек мені ғана сүйем деші... Тек мені ғана!

Қ о ж а н а с ы р: Иә, тек сені ғана, тек сені ғана! Сонда қалай, сенен басқалар адам емес пе?

Ә й е л і: Мейлі! Тек мені ғана жақсы көрсең болды! Маған деген махаббатың шексіз ғой, иә?

Қ о ж а н а с ы р: Шексіз болғанда қандай... шетшегі жоқ... ұланғайыр дүние. Айтпақшы, сондай үлкен махаббат әлемінің ішінде жалғызсырап қалмайсың ба?

Ә й е л і: Жоқ...жоқ...жоқ! Сен менен басқа ешкімді кіргізбе жүрегіңе!

Қ о ж а н а с ы р: Жоға, жүрегіме кіргізіп жыңды боппын ба? Оларға басқасы да жетеді...

Ә й е л і: Қойшы енді қылжақтамай! Менен басқа бір-р әйелге қолыңнан, тіпті қолың түгілі балағыңнан да ұстатушы болма!

Қ о ж а н а с ы р: Ұстатпаймын, шалбарды бірден сыпырып тастай саламын!

Ә й е л і: Әне! Қоймайсың! Ойнасаң да ойыңдағыны айтасың! Сенен басқа ешкімге карамаймын десең нең кетеді?

Қ о ж а н а с ы р: Енді... Өтірік айтайын ба? Өзің де білесің, мен қайырымды адаммын. Жақшынақай қыздар "Қожеке, Қожеке," - деп қиылып, үздігіп тұрса, шіркіндердің көңілін қалдырып, ренжітуге кәйтіп дәтім барады?

Ә й е л і: Әй, Қожеке-ай, бұлай демесең Қожекем боласың ба? Бәрібір мен саған сенемін!

Қ о ж а н а с ы р: Маған сенсең де, анаған сенбе!

Ә й е л і: Әне, сен сүйтесің... Алыс жолға, қалаға жүргелі тұрғанда, шаңырағыңды күзетіп, тілеуінді тілеп... үйде қалып бара жатқан маған айтар сөзің бе, бұл?!

Қ о ж а н а с ы р: Ойбай, қойдым, қойдым... Ойнаймын. Қалаға қай бір, ерігіп, яки желігіп бара жатыр дейсің. Кәсіп табылып, нәсіп бола ма деген үміт қой әйтеуір... Қойшы енді, қоя ғой, қалада жұмыс істеп ақша тапсам, саған көп моншақ әперем!

Ә й е л і: Иә, саған... Моншаққа алданатын мәжнүн деп пе едің? Әперсең — әдемі көйлек әпер.

Қ о ж а н а с ы р: Мақұл, тақсыр, мақұл. Тек жылап зәремді алмашы.

Ә й е л і: Әуелі — ақ көйлек, қызыл көйлек, жасыл көйлек, көк көйлек...

Қ о ж а н а с ы р: Сары көйлек керек жоқ па?

Ә й е л і: Жоқ, сарыдан гөрі, сарғылты жақсы. Одан соң көгілдір, қызғылт, қан қызыл, сия көк, күлгін, шымқай қара көйлектер болса қатып кетеді! Тағы да қоңыр, бозғылт... Қожеке, неге бозарып барасың?

Қ о ж а н а с ы р: Ә, жәй әншейін, осынша көп көйлекті қалай сақтаймыз деп қиналып тұрғаным!

Ә й е л і: Рас әй! Екеуміз байығанда үйімізге ұры түспей ме?

Қ о ж а н а с ы р: Ой, сен де қайдағыны айтып. Кел, одан да ұйықтайық. (Шамды сөндіреді. Қап-қараңғы)

Қо ж а н а с ы р: Бері қарасайшы! Қайта айналып келгенше не заман!

Ә й е л і: Ә, бәләм! Жақшынақай қыздарың қайда жаңағы?

Қо ж а н а с ы р: Қап!

Ә й е л і: (Сәлден кейін сыбырлап) Қожеке, Қожеке!

Қо ж а н а с ы р: Әу.

Ә й е л і: Осы үйге ұры түскенін қалай білуге болады?

Қо ж а н а с ы р: Ұрылар аяқтарын кигізбен орап алады. Сонда олардың дыбыстары естілмейді – тым-тырыс!

Ә й е л і: (сәлден кейін) Қожеке, Қожеке...

Қо ж а н а с ы р: Әу!

Ә й е л і: Үйге ұры түскен сияқты...

Қо ж а н а с ы р: Оны қайдан білдің?

Ә й е л і: Бағанадан ұйықтамай тың-тыңдап жаттым. Тып-тыныш! Тым-тырыс! Соған қарағанда ұрылар аяқтарына кигіз орап алып, дыбыстарын шығармай жүрген тәрізді!

Қо ж а н а с ы р: Ой, сен де қайдағыны бастап! Одан да, не...Бері жатшы... (Бір кезде бірдеңе салдыр ете түседі. Әйелі ойбайлап жібереді. Қожанасыр атып тұрып, шам жағады. Шам жарқырап жанғанша, қара көлеңкеде біреу қараңдайды)

Қо ж а н а с ы р: Әй, әнәнәйін ұрылар, сендердің дендерің сау ма өзі? Мына үйден біз күн жарықта ештеңе таба алмаймыз, сендер қараңғыда бірдеме аламыз деп жүрсіндер ме, ей? Шынымды айтсам, баукеспе бастарыңмен қуыс үйден күр шығатын болдыңдар-ау деп, өздеріңнен жаман ұялып тұрмын! (Көлеңке жарыққа шығады)

Ұ р ы: Тым болмаса арқаныңды берші!

Қо ж а н а с ы р: Атай көрме! Арқанды төсеніп жатырмыз.

Ұ р ы: Ойдойт! Ондай сандырағыңа жол болсын! Андағыдай аппақ қатынның астына арқан төсеп жатады дегенге итім сене ме?

Қ о ж а н а с ы р: Біреуге бергің келмегенде арқанды төсеніп те жатуға болады.

Ұ р ы: Жарайды, онда есегіңді бер.

Қ о ж а н а с ы р: Есекті кеше біреу мініп кеткен! (Осы кезде есек ақырады)

Ұ р ы: Ә, өне есегің. Қожеке, ұят емес пе? Қалай ғана өтірік айтасың?

Қ о ж а н а с ы р: Сен де қызық екенсің. Мен жоқ деген соң бітті, есек жоқ. Маған сенбей қайдағы бір ақымақ есекке сенесің бе?

Ұ р ы: Сен жоқ дегенмен, есегің бармын деп бақырып тұр ғой. Мен қазір барамын да, аламын есекті.

Қ о ж а н а с ы р: Әй, өзің бір ұяты жоқ ұры екенсің! Мен сені қазыға апара қояйын. (Қожанасыр жастықты ала сап, ұрыны бастан переді. Екеуі алысып-жұлысады.)

Қ о ж а н а с ы р: Әй, ақырын... өлтіремісің? Қолың темірдей ғой өзі... Ертең бір жерім көгеріп қалса қайтесің? (Ұры Қожанасырды алып соғады да, тұра қашпақ болады. Қожанасыр жібермейді, астында арпалысып жатып, айқайды салады.)

Қ о ж а н а с ы р: Аттан! Аттан қазақ! Ұста! Қама! Ойбай қате-нем, қайдасың? Байла! Байла мынаны! Әй, нағып тұрсың, сілейіп, бай керек болса, пер басынан оқтаумен!

Ә й е л і: Әй, сен неге маған айқайлайсың сонша? Неге әмір бересің, ә? Әлгі қашқынақай-машқынақай қыздарыңа айқайла! Ал, тіліңді алмаймын, не қыласың? Оқтаумен ұр дейді, бір жөні түзу оқтау істеп берген адам құсап... (Ұры Қожанасырды қылқындыруға тырысады.)

Қо ж а н а с ы р: Бол енді! Мынаның астына өзін жатайын демесең, мойнына арқанды сал да, орап-орап байлап таста!

Ә й е л і: Әбеу көтек! Енді қайттім?

Қо ж а н а с ы р: Ал арқанды!

Ә й е л і: Алдым!

Қо ж а н а с ы р: Сал мойнына!

Ә й е л і: Салдым!

Қо ж а н а с ы р: Тарт!

Ә й е л і: Қалай?

Қо ж а н а с ы р: Есекті қалай тартушы едің, солай тарт! (Әйелі тартып қалғанда, ұры шалқасынан түседі. Қожанасыр қарғып тұрып,оның үстіне қона кетеді. Мықтап байлап алды.)

Қо ж а н а с ы р: Ал, жарайды. Жауды жеңіп, жұмысты бітіріп алғаннан кейін, атақ-даңқты бөлісе алмай, менің ерлігім, сенің ерлігің деп дауласып, абыройдан жүрдай болған әлдекімдер құсап жүрмейік. Қысқасы, маған да рахмат, саған да рахмат!

Ұ р ы: Маған ше?

Қо ж а н а с ы р: Сен сыбағанды қазыдан аларсың! Әйдә кеттік! (Ұрыны бірі сүйрелеп, бірі итермелеп алып кетеді.)

Екінші көрініс

(Қазының алды. Қолы артына байланған ұры тізерлеп отыр. Мойнындағы арқан шұбатылып жатыр. Қожанасыр мен әйелі түрегеп тұр. Қазы келеді.)

Қо ж а н а с ы р: (Алға ұмсына беріп) Ассаламуғалейкүм! (Қазы оның сәлемін алмастан қақиып таққа отырады. Қожанасырдың созылып, ауаға асылып қалған қолын әйелі ақырын ғна түсіріп қойды.)

Ж а с а у ы л:

Уа, арыз айтушы жамағат,

Уа, айтқызушы азамат.

Қара қылды қақ жарған,

Хан жолынан азбаған,

Ала шапан, ақ сәлде,

Қазыналы қазымыр,

Қадірменді қазыға,

Иіліндер де бүгіліндер,

Тізерлеп тұрып жүгініндер!

(Ұры етпеттеп жата қалады. Қожанасыр малдас құрады. Әйелі қасына отырады.)

Қ а з ы: (Қожанасырға) Иә, сен немене... Малдас құрып мардымсып... Әкеңнің үйіне келгендей шіренесің?

Ж а с а у ы л: Тізерле! Бүгіл! Жығыл қажекеңе!

Қ о ж а н а с ы р: Құрметті қазы, алдыңызға келіп, жалпамнан түсіп, жата қалатындай еш жазығым жоқ. Мен ұры-қары емеспін, ұры — мынау!

Қ а з ы: h-мм! Оны әлі дәлелдеу керек!

Қ о ж а н а с ы р: Нені дәлелдеу керек?

Қ а з ы: Кімнің ұры, кімнің ұры емес екенін дәлелдеу керек деймін.

Қ о ж а н а с ы р: Дәлелдейтін дәнеңе жоқ. Түн ішінде үйімізге түскені айдай анық, тайдай танық!

Қ а з ы: Ол сенің көзіңмен қарағанда солай. Ал заңның көзімен қарайтын болсақ, олай емес. Біріншіден, заң бойынша, заң алдында бәріміз де, бірдейміз. Яғни, мына екеуің теңсіңдер.

Қ о ж а н а с ы р: Ау, тақсыр-ау, үйіме түскен ұрымен мен қалайша тең болмақпын?

Қ а з ы: Алдияр тақсыр ханымыз шығарған әділ де ақиқат заңың 896-шы тармағының 461-ші шумағының 2984-ші бунағының 999-қармағы бойынша дәл осылай! Әлде сенің хан заңына күмәнін бар ма? Заңға қарсы болсаң, қазір сені сол заңның

3946-шы тармағының 564-шумағының, 655-бунағының, 225- қармағымен іліп алып, он жылға зынданға тастай саламын.

Қ о ж а н а с ы р: Жо-жоқ! Қойдым, қойдым Қазеке! Заң қатты, жан тәтті!

Қ а з ы: Жә! Екіншіден, бұның сіздің үйге неге барғанын анықтауымыз керек. Мүмкін ол бірдеңе ұрлау үшін емес, жай, қыдырып, яки адасып барған шығар...

Ұ р ы: О, аузыңнан айналайын, аулаңа байланайын қасиетті қазы! Сіз мені көптен білесіз! Бейсауат жүретін кісің мен емес! Осы жолы Қожекене сәлем бере барған едім!

Ә й е л і: Түн ішінде ме?

Ұ р ы: Қожекен сондай бір қадірлі, күлдіргі адам ғой, бір күлдірейін деп әдейі түнде барып едім, шошып оянып, әйелі екеуі бас салып сабап-сабап, осында алып келді.

Қ о ж а н а с ы р: Әй, мына иттің баласы не дейді?

Ә й е л і: Барып тұрған бетпақ қой өзі!

Қ а з ы: Бұларың болмаған екен. Өзіңді сыйлап, еркелеп келген азамат ұрыға, ә-ә, жо-жоқ, арыстай азаматқа әйелің екеуің жабыла кетіп, мойнына арқан салып, сүйреп, қорлағандарың тіпті заңға томпақ!

Ұ р ы: Айналайын қазеке-ау, өздері айтсын- шы... ұяты бар кісі екенін көрейін қане... айтсыншы шындығын... Ұйлеріңнен ине сабақ жіптеріңді алдым ба? Айт қане құдайшылығың- ды! Алсам, арам катайын осы жерде, зынданда шіріп өлейін!

Ә й е л і: Өрем қап, лағанат!

Қ о ж а н а с ы р: Алуын алған жоқ, бірақ...

Қ а з ы: Бірағыңды құлағыңа тық! Үйіңнен еш нәрсе алған жоқ қой?

Қ о ж а н а с ы р: Алған жоқ.

Ә й е л і: Алуға үлгертпей, алып соққан жоқпыз ба?

Қ а з ы: Әгәрки, сенің үйіңнен еш нәрсе алмаса, ешкімді өлтірмесе, бұл кісінің қылмысы бар ма? Дәлелдеші қане.

Қ о ж а н а с ы р: Ойбай-ау, қаеке-ау, сонда дәлел үшін үйімізді түк қоймай тонап әкеткенше, яки біреуімізді өлтіріп тастағанша тырп етпей қарап тұрайық па? Түн ішінде біреудің үйіне тегіннен тегін түсті дегенге кім сенеді?

Қ а з ы: Ешкім де сенбейді. Мен де сенбеймін. Бірақ, заң бойынша бәрі басқаша. Заңға батыр айғақ, бай шегел керек!

Қ о ж а н а с ы р: Қап! Көзбен көріп, қолмен ұстаған нәрсені...

Қ а з ы: Кім біледі?! Бәлкім әйелің екеуің бұған жала жауып тұрған шығарсындар? Айғағың кәне? Жоқ болса, жасауыл, шеш қолын!

Қ о ж а н а с ы р: Қап, мыналарды-ай! (Жасауыл ұрының қолын шешіп, мойнындағы арқанды алады.)

Ә й е л і: әкел арқанымды! (Жұлып алады.) Мұндай да заң болады екен-ау, ө!

Қ а з ы: Заң дегеніміз – Бұйдалы түйе, қалай бұрсақ, солай жүреді. Естерінде болсын, заңның жолы адамгершілік жолымен бір емес. Мыңа азамат ұры менің әбден жақсы танысым...

Қ о ж а н а с ы р: Ұрыны азамат дейтініңіз қызық екен...

Қ а з ы: Заң бойынша, сотталғандарды азамат дейміз. Ал сотталмағандар – жай адамдар. Егер азамат атанғың кеп бара жатса, зынданға бір тығып ала қояйын!

Қ о ж а н а с ы р: Рахмет, өйткен азаматтығың өзіңе.

Қ а з ы: Ықтиярың! Ал, мынау нағыз азамат! Түскен жерін ойып жібереді. Өзін соттай-соттай жалықтым – бәрібір түзелмейді.

Ә й е л і: Түзелмесе, түзеп әуре болмай, күзеп тастау керек!

Қ о ж а н а с ы р: Қытайлар сияқты, ұры-қарының қолын бір-ақ шабу керек!

Қ а з ы: Өйтіп онды-солды шаба берсек, көбіміз шолақ боп қаламыз ғой!

Ә й е л і: Мейлі!

Қ а з ы: Жо-оқ! Ұры да адамның баласы. Оны да түсіну керек. Ол еріккеннен ұрлық қылмайды, қарны ашқан соң ұрлық қылады. Оның да бала-шағасы бар...

Ұ р ы: Айналайын қазеке, біздің өстіп үптеп-сүптеп, ептеп-септеп, ұрлап-жырлап, ырғап-жырғап жүріп жатқанымыз сіздердің арқаларыңыз.

Қ а з ы: Біз де сендердің арқаларында алшандап жүрміз, ұрытайым! Әділ де ақиқат заңның 605-тармағының, 864-шумағының, 54-бунағының, 901-қармағы бойынша ұры-қарыны соттау да керек, 902-қармағы бойынша ақтау да керек, басқа елдердің ұрыларынан артықсындар деп мақтау да керек! Олар құрып кетсе біз жұмыссыз қаламыз, сондықтан ұрыларды көздің қарашығындай сақтау да керек!

Қ о ж а н а с ы р: Сот ұры жағында! Сонда бізді кім қорғайды?

Қ а з ы: Сақтансаң сақтаймын деген. Өздерінді өздерің қорғай біліңдер! Ауыздарыңды ашып жүрсендер, мен күзетіп отырмақпын ба сендерді?

Ұ р ы: Иә, күзетіп отырмайды... саспаңдар, әлі талай барып тұрамын... сәлем беріп!

Қ о ж а н а с ы р: Келіп көр, әкеңнің аузын...

Ұ р ы: Тақсыр қазы, жасауыл мырза, көрдіңіздер ғой, естідіңіздер ғой, нахақтан-нахақ мені қорлап, боқтағанын...

Ж а с а у ы л: Көрдік!

Қ а з ы: Естідік!

Ж а с а у ы л: Куәдірміз, куәдүрміз!

Ұры: Әділ төрелігін айтыңыз, жазасын беріңіз, қазеке!

Қ а з ы: Біздің мәмләкәтіміздің әжептәуір азамат ұрысының ар-намысына тиіп балағаттағаны үшін Қожанасырға бес ділдә айып салынсын!

Ә й е л і: Айып? Бұл қай мазағың? Көнбейміз!

Қ о ж а н а с ы р: Ханға шағым айтамыз!

Қ а з ы: Мен бұл үкімді күн сәулелі хан иемнің атынан, хан иемнің заңы бойынша шығарып тұрмын! Жасауыл!

Ж а с а у ы л: Ләпбай, тақсыр!

Қ а з ы: Айыбын төлемесе, сал зынданға!

Ж а с а у ы л: Құп болады! Ал Қожанасырым... қалай?

Ә й е л і: Ойбай, зынданы құрысын, төлеп құтылайық! Міне, міне он ділдә!

Қ а з ы: Сендерге қайтаратын бес ділдәні қайдан таптым енді?

Қ о ж а н а с ы р: Қазеке, сонда заң бойынша бір боқтағаның бес ділдә ма?

Қ а з ы: Әлбәттә, солай!

Қ о ж а н а с ы р: Ендеше сенің де тап әкеңнің аузын... Андағы бес ділдәні енді өзің ала бер! (Әйелі екеуі шығып жүре береді).

Үшінші көрініс

(Ауыл сыртында Қожанасырды бір топ ауылдастары шығарып салып тұр. Кезек-кезек құшақтап, қимай қоштасуда).

— Ортадағы еркеміз ең!

— Жылағанды жұбатып, құлағанға қуат берген шуақты күлкіміз ең!

— Қайда жүрсең де аман бол!

Ә й е л і: (Бүктеулі қағазды Қожанасырдың қалтасына салып жатып) Мен мында бір тиыныңа дейін қашан, қайда, қалай жұмсау керектігін тәптіштеп жазып қойдым. Қанбазарда қайтерінді білмей басың қатып бара жатса, қағазға қарап жібер де, қажетінді ала бер!

(Қожанасыр бәрімен қоштасады).

А у ы л д а с т а р ы: — Жолың болсын!

— Қайда жүрсең де аман бол!

— Бізді ұмытпа!

— Аллаға тапсырдық!

Қ о ж а н а с ы р: Аман бол, елім! Аман бол! Алла жар болсын! (Бәрімен қоштасып, есегіне мініп жөнеле береді).

А у ы л д а с т а р ы: (Қолдарын бұлғап, кезектесіп, қосылып)

Туып өскен ауылыңды,

Ел-жұртыңды, бауырыңды,

Қасиетті топырақты

Тереңдегі тамырыңды

Қиып кетіп барасың ба, Қожеке!

Арманың не көңілдегі?

Мұратың не өмірдегі?

Қаңыратып ауылдарды

Күңірентер жөнің бе еді?

Шерлі ауылдан шеру тартып, шаһар кезіп,

Бақ береке табасың ба, Қожеке?

Кіндік кесіп, бесігінді тербетіп

Өмір отын жүрегінде маздатқан,

Самалынан саумал иісін аңқытып,

Көкейінде көне сарын боздатқан,

Сардаланы сағынғанда Қожеке,

Дауысынан тұңғиық сыр сезініп

Қанатының суылынан сәлем ал

Құстар ұшып бара қалса біз жақтан!

Төртінші көрініс

(Түнгі қала. Бос базарда, жалғыз оттың басында Қожанасыр қалғып отыр).

Қ о ж а н а с ы р: (түсінде). Жо-жоқ, алмаймын тоқсан тоғызыңды... Жүз ділдәға толтырып бермесең, қайтем оны. (Қаракөлеңкеде біреу қараңдап, Қожанасырды торуылдап жүреді).

Қ о ж а н а с ы р: Жоқ дедім ғой, жоқ деген соң жоқ! Берсең біржолата жүз ғып бер! (Оянып кетеді) Ә-ә, түсім екен ғой! Қап! Бұлданбай ала бермеген екенмін! (Көзін жұма қойып, қолын жаяды) Мейлі, тоқсан тоғыз ділдәға да келістім!

Ұ р ы: (Қожанасырдың қолынан үстай алып) О, ғиззатлу, уа һүрмәтлу Қожеке! Інжу, маржан, лағыл, гауһар, алмас, жақұт, алтын, күміс, зүбәржат... сәуле шашып тұр сізге!

Қ о ж а н а с ы р: (Көзін ашып) Ә-ә?! Өй, үреке, өзіңбісің? Түсім, әлде өңімбісің?

Ұ р ы: Түсім десең — өңіммін, өңім десең — түсіңмін! Айналайын Қожеке, арманыңды түсіндім. Көзіңді жұм да тілей бер, келіп тұр сенің қалтаңа, жүз түгілі, мың ділдәні түсіргім!

Қ о ж а н а с ы р: Міне, міне, жұмдым көзімді, жұмдым!

Ұ р ы: Таң атқанша ашылмайтындай мықтап жұм! Тапжылмай жатып тілей бер!

Қ о ж а н а с ы р: Міне, міне жаттым, тәтті арманға баттым!

Ұ р ы: Айтпақшы, әйелің берген азын-аулақ тиын-тебеніңді менің алақаныма салып қой! Олар менің алақанымда түнімен балапандап, таңертең түп-тура мың ділдә болып шыға келеді!

Қ о ж а н а с ы р: Алақаныңнан айналайын, балапаныңнан айналайын! (Қалтасынан түйінше-гін алып, ұрының алақанына салады).

Ұ р ы: Айнал, айнал, айнала түс, Қожеке! Тек көзінді ашушы болма, балапандар үркіп кетуі мүмкін. Тәтті қиялға беріліп, ішіңнен мыңға дейін санай бер. Үпит-сүпит, уһ, ухит-сухит, уһ! Қымқыр-жымқыр, аһ, мылқит-сылқит, оһ! (Ақырын әндете жылыстап тайып отырады. Таң атады. Қожанасыр оянады. Қаланың күмбездері, өрнекті тас үйлері, бос базар бір түрлі үрейлі көрінеді).

Қ о ж а н а с ы р: А-а! Әй, әлгі алақан қайда, балапан қайда? (Қалталарын, қойны қонышын ақтарады). Қап! Қағып-ақ кеткені ме шынымен? Тоқта, тоқта, мында бірдеңе бар сияқты. (Қалтасынан бүктеулі қағаз алып қарайды) Ой, әкеңнің... ақша екен десем, әйелімнің ақылы екен ғой. Бүйтіп жұмса, үйтіп жұмса деп миды ашытып еді. Осының бәрі соның қырсығы... Көсемсіген қатынның кесірі басынан асып, байына тиеді. Ә-ә, таптым, таптым! Әй, әй ақымақ ұры! Сен бәрібір менен алған ақшаны пайдалана алмайсың... Өйткені (қағазды ту ғып желбіретеді) әйелімнің ақылы мында қалды! Ақшаны қалай жұмсарыңды білмей басың әбден қататын болды ма, ә, көззәп! Саған сол керек!

Ал, енді мен қайттім?

Дүрілдеген дүние,

Дірілдеген бейбаққа,

Мойнын бұрып қарамаса, күйзеліп,

Күйрей ме екен айбатты ер?

Тас қалада бір тиынсыз,

Аш-жалаңаш, жап-жалғыз,

Қаңғып қалған кезімде де сен маған,

Таяныш боп, қайран күлкім, қайрат бер!

(Күн шығып, базарға адамдар келіп, сауда басталады).

1-с а у д а г е р: Уа, жарандар, жарандар! дүние-мүлік-тау- теңіз. Шетінен таңдап қараңдар!

Ш а й х а н а ш ы ә й е л:
Ата-бабаң жек көрмеген,
Ал өздерің жеп көрмеген,
Татып алсаң талай уақыт,
Тандайыңнан дәм кетпеген,
Неше түрлі тағам бар!

2-с а у д а г е р:

Бұхар, Хиуа, Қаршыдан,
Түрік, ауған, парсыдан,
Балқан таудың басынан,
Алпаң таудың астынан
Келген нәрсе қаншама!

1-с а у д а г е р:

Бергі жағы Хазардан
Арғы жағы Мажардан
Шайханашы: Әлемге даңқын асырған,
Үнді мен Шын-Машыннан,

2-с а у д а г е р:

Ұрым менен Қырымнан,
Бағдат, Мысыр, Шам жақтан,

1-с а у д а г е р:

Ташкен, Мәскеу — жан-жақтан
Келген нәрсе қаншама!

Б ә р і қ о с ы л ы п, ж а р а с ы п:

Алың, алың, алыңыздар!

Барыңызды базарға,

Салың, салың, салыңыздар!

(Қожанасыр базарды аралап, әр нәрсені бір қарап жүреді. 1-саудагерге келеді).

1-с а у д а г е р: О-о! Хош келдің! Алың, алың!
Хоп! (Қожанасыр бас салып, оның жемістерінен жей бастайды)

1-с а у д а г е р: Ей, найсап, не істеп жатырсың?

Қ о ж а н а с ы р: Жеміс жеп жатырмын.

1-с а у д а г е р: Жеу үшін әуелі деу керек. Тиын-тәңгә-мәңгә, өрік-мейіз-сәңгә!

Қ о ж а н а с ы р: Өзің ғой алың, алың деген.
(Жей түседі)

1-с а у д а г е р: (Қожанасырды таяқтай бастайды. Қожанасыр оған қарамай асап-асап жіберіп, шегіншектей береді).

Қ о ж а н а с ы р: Осы жұрт қызық-әй, жемісті де зорлап, ұрып жегізеді кісіге! (Жылыстап, базардың екінші шетіне келеді. 2-саудагерге қаһарланып.) Әй, бері қара! Егер мені сыйламасаң, көк мұхиттың көкжиегінен бір көрініп, тескен таудың түбіне кіріп кетесің!

2-с а у д а г е р: Иә, сонда не істейсің маған?

Қ о ж а н а с ы р: Ана жақтағыларға істегенім- ді істеймін!

2-с а у д а г е р: Апырай-ә? Мынауың қиын болды-ау!

Қ о ж а н а с ы р: Тиыныңды қимасаң, қиынның көкесін көресің қазір!

2-с а у д а г е р: Ләпбай! Алың, алың!

Қ о ж а н а с ы р: Е-е, бәсе, ынтымақ бар жерде, береке бар деген... (Түрлі-түрлі жеміс-жидек, тәтті тағамдарды жеп, қоржынына салып алады).

2-с а у д а г е р: (Кетуге айналған Қожанасырға) Тақсыр, Қаптесер, ә-ә ғафу етіңіз, жақтесер мырза, не болсада айтып кетіңіз... Ана жаққа не істедіңіз?

Қ о ж а н а с ы р: Не істеуші едім? Түк бермегесін бұрылдым да, жайыма жүре бердім.

2-с а у д а г е р: А-а! Қап! Қарай гөр! Қап! (Бұрыла беріп) О-о! Байекең келе жатыр!

Ш а й х а н а ш ы: Байекең келе жатыр!

1-с а у д а г е р: Естідіндер ме? Байекең келе жатыр! (Бай келеді. Барлығы жарыса: "Ассаламуғалейкүм! Амансыз ба, байеке!"- деп сәлем береді)

Б а й: (Балпаңдап, базарды аралай бастайды). Иә, ахуалдарың қалай?

Саудагерлер: Жақсы, жақсы, байеке! Бәрі тамаша!

Қожанасыр: (Байға қадала қарап тұрып) Әй, мынау біздің әлгі кім ғой... Пәленбай... О-о! Пәленбай бауырым! (бас салып құшақтайды). Аманбысың!? Бармысың? (Бай шырай бермейді). Оу, Пәленбай, мен Қожанасырмын ғой. Өзіңмен бір ауылда, бірге өскен досың! Кәдімгі Қожанасыр!

Бай: Әй, ақырын, ақырын... Жұрттың көзінше жүлмаламай, аулақтау тұршы өзің. Шаһар тәртібінде жарбандап, бір-біріне жабысып жатқан ұят саналады. Ел бізді есуас деп қалмасын.

Қожанасыр: Тәртіп-сәртібің не, әй? Асық ойнап асыр сап, ағайынды қоңыр қаздай қатар жүрген досыңды танымайтындай немеңе, кеудеңе жел, көзіңе шел біткен бе?

Бай: Жә, сарнай бермей, сабыр ет! Шық былай! (Екеуі базардың қалтарысына шығады). Ал енді былай, Қожанасырым! Баяғыда бір бұлақтан су ішіп, бір ауаны жұттық екен деп, байдың балағына жармасқаның жөн емес.

Қожанасыр: Ау, Пәленбай-ау, бұл қай сөзің? Ішек-қарынымызға дейін араласып кеткен дос емес пе едік?

Бай: Ондай өтірік ойға өзіңде алданба, жұртты да алдама! Адамның қаны бір болуы мүмкін, ал қарны қашанда бөлек. Екіншіден, қара сирақ кезімізде қатар жүрсек те, қазір қатар емеспіз.

Қожанасыр: Оу, сен өзің мені менсінбей тұрғаннан саумысың?

Бай: Теңсінді, менсінді, теңсінбеді, менсінбеді деген мекер сөзді қайтесің? Мен бар болғаны шындықты айтып тұрмын! Өзіңе бір қара, маған бір қара. Мен зіл батпан салмақ емеспін бе, сен жел айдаған қаңбақ емессің бе?! Байдың аты бай, кедейдің

аты кедей! Ақшасы бардың, басқасы да түгел! Пұлы жоқтың – құны жоқ!

Қ о ж а н а с ы р: Апырмай-ә? Аузыңа алдымен адамшылықты емес, ақшаны алғаның не? Бұрын мұндай емес едің...

Б а й: Ақшасы көптің адамшылығы жоқ деп кім айтты? Көк тиынсыз кедейдің кісілігі керемет болады дегенге кім сенеді?

Қ о ж а н а с ы р: Әй, қайдам... кім біледі... Адамгершілік ақшамен өлшенбейді. Кісілікке баға жетпейді!

Б а й: Өйдейт! Әрине, ақшаға қолдарың жетпеген соң, адамгершілікпен алданасындар. Әйтпесе... Жә, мыжи бергеннен ештеңе өнбес. Жағдайыңды айтпасаң да сезіп тұрмын, жұмысқа кірісіп кетуге қалайсың? Қане, жүр бері. (Қожанасырды бір сөренің қасына алып келеді. ымдап қалғанда, базаршылар бірнеше қапты көтеріп әкеледі).

Б а й: (Қаптарды нұсқап). Мұның бәрі ту-у алыстан апталап, айлап жүріп, әрең әкелінген, уақыты сәл асыңқырап, аз-маз ашыңқырап кеткен нәрселер. Бірақ, бұл жаққа жеуге жарай береді, енді, былай, ештеп іштері өтуі мүмкін, басқа зияны жоқ! Сен осының бәрін әдемілеп сатып жіберсең жұмысқа аламын, жағдайың жаман болмайды. Миыңа мәңгілік тоқып ал: сауданың мақсаты – пайда, әдісі – алдау!

Қ о ж а н а с ы р: Е-е, бәсе, төртке бесті қоса алмайтын Пәленбай көкем кәйтіп шонжар боп шыға келді десем...

Б а й: Ойбай-ау, енді... Қазір қулық-сұмдықсыз, ұрлық-қарлықсыз баимын деп ойлама... Әйтеуір, бірін алдап, бірін біріне жалғап, аннан үзіп, мыннан жұлып, біріне жалынып, біріне жағынып, жанталасып жүріп санатқа қосылдық қой біз де. Е-е, Қожанасырым, оған басыңды ауыртып қайтесің, сартылдатып сата бер! (Кетеді).

Қ о ж а н а с ы р: (Сөрені дабыл қаққандай, ырғақпен тақылдатып). Уа, халайық, халайық! Бермен қарай келіңдер! (Базаршылар келіп, жемістерін көре бастайды. Бай бір шетте жасырынып, тындап тұрады) Мынау алма алыстан сендер үшін келген. Әуелде қыпқызыл еді, мұнда жеткенше күреңітіп кетіпті. Алындар мына мейізден, ептеп қана езілген. Мына жаңғаққа жер жаһанда жаңғақ жетпейді, сырты – мықты, іші – құртты. Алындар, алындар! Жер түбінен жеткен таңсық нәрселер. Күн ыстықта сәл-пәл бұзылыңқырап кетсе оқасы жоқ. Өйткені, одан аздап іштерін құрылдап, шұрылдағаннан басқа жаманшылық көрмейсіңдер, қысқасы, осыны жегеннен өлмейсіңдер! Дәп осыны жегеннен өлсеңдер, ертесінде маған келіңдер! Өй, өй, алындар, қайда қашып барасыңдар! (Жұрт ренжіп тарап кеткен соң, қамшысын үйіріп бай келеді).

Б а й: О, зәнталақ! Зәнталақ! Қайдан ғана кездесіп ең сорыма?

Қ о ж а н а с ы р: (Қашқақтай) Ой, байеке, қой байеке! Өзің емес пе... осындай, осындай деген.

Б а й: Әй, ит-ау! Айтсам саған айттым ғой, елге жай дегем жоқ. Алдап-сулап сатып жіберудің орнына, омпитқаның не оңбаған?!

Қ о ж а н а с ы р: Өмір деген бір қызық, адам деген бір жұмбақ! Өтірік айтсаң – оңдысың, шыныңды айтсаң – жындысың!

Б а й: Жыныңды қағып, жоныңды тіліп тұрып көрейін тілмарсығаныңды. Жасауыл!

Ж а с а у ы л: Аттан! (Алыстан: Аттан! Аттан! Ұста! Ұр! Соқ! – деген айқай естіледі).

Қ о ж а н а с ы р: Құрыған жерім осы ма? Қайдасың қайран есегім? Кел, кел көне, құтқара гөр Қожекеңді. (Есегіне мініп, тұра қашады).

Б а й: Жасауыл! Тарт атымды көлденең!

Ж а с а у ы л: Ләпбай! (Қолтықтап атына мінгізеді. Бай "әйтшулеп" Қожанасырды қуады)

Қ о ж а н а с ы р: Ал, есегім, есегім. Ықы, ықы! Жүр, шап, ықы,ықы. Қап! Қатын екеуіңнің қырсық мінездеріңнен-ақ көрдім-ау көресіні. Бол енді, шап, жау кеп қалды. Қап бәлем, онда мен сенің артыңа тотияйын қыстыра қояйын. (Қалтасына кішкене құты алып есегінің артына шыбықпен тотияйын қыстырады). Ал енді көрейін сендерді! (Айнала қуған бай жете алмай қалып қояды)

Б а й: Әй, Қожеке! Тізгініңді тарта тұршы! Тимеймін! Атқа жеткізбейтін есекті кім көрген? Бұл не сиқыр? Ындыны құрып өлсін демесең, жөніңді айтып кетші!

Қ о ж а н а с ы р: Мені қуып жетем десең, артыңа мүсәтір қыстырып ал!

Б а й: Қойшы, қайдағыны. Жөніңді айтпасаң айтпа. Бірақ мені жақсылап тыңдашы. Есегіңді маған сат! Бір үлкен жаңа үй беремін! Өзіңді сол есектің бапкері етіп жұмысқа аламын! Үш адамның жалақысын төлеймін! Мақұл ма?

Қ о ж а н а с ы р: Мақұл болғанда қандай есекесі... ә-ә, басекесі, мақұл! Тезірек үйіңізге қарай бастаңыз, мына шіркіннің қораңызға кірмей тоқтайтын түрі жоқ!

Б а й: Әп, бәрекелді! (Айналаға сұқ саусағын безеп). Бәлем, бақталас боп жүрген байсымақтар, енді көрермін сендерді! (Екеуі де кетеді). Әйт,шу!

Екінші сурет

Бірінші көрініс

(Хан сарайы. Тақта отырған ханның алдында бас уәзір мен төс уәзір қол қусырып, бас иіп, қыбыр етпей тұр).

Х а н: Жә! Міндеттеріңе кірісіңдер! Күннің көзі, жердің жүзінде, таудың басы, судың астында не жаңалық бар?!

Б а с у ә з і р: Алдияр, хан ием! Түлкінің уәзірі шырпының уәзірімен шатақтасып қалыпты! Аралары қатты ушығып тұр дейді.

Х а н: Жарастырыңдар!

Б а с у ә з і р: Ләпбай, тақсыр!

Т ө с у ә з і р: Алдияр, хан ием! Түрпінің уәзірі жылқының уәзірімен тым жақындасып, ауыз жаласып жүр дейді.

Х а н: Таластырыңдар!

Т ө с у ә з і р: Ләпбай, тақсыр! Бірақ олар көнбесе ше?

Х а н: Мен қалай айтсам солай болады! Бітті! Жарас дегенім жарасады, талас дегенім таласады. Айтқанымдай қылыңдар!

Т ө с у ә з і р: Түлкінің уәзірі айлакер, қу ғой, құйрығын ұстата қояр ма екен?

Х а н: Айтқандайын, әнеу күні маған соның күлкісі ұнамай қалып еді, күлге аунатып, түлкі аулатып жіберейін бе?

Т ө с у ә з і р: Ләпбай! Мүлдем күлмейтіндей ғып, аузын қисайтып жібереміз...

Б а с у ә з і р: Уа, алдияр, хан ием, оның күлкісі жаман болғанмен, түлкісі жаман емес екенін өзіңіз де, күн сәулелі ханым да, ай сәулелі ханшалар да жақсы біледі ғой!

Х а н: Онысы тағы бар ма еді?

Т ө с у ә з і р: Тақсыр, түлкі уәзірін орнынан алыңыз да, шырық бұзғыш шырпы уәзірінің орнына қоя қойыңыз.

Б а с у ә з і р: Шырпы уәзірін жылқы уәзірі етіп қойыңыз да, жылқы уәзірін:..

Х а н: Кеше оның сәлемі жақпай қалды маған...

Б а с у ә з і р: Алдияр, оның сәлемі жақпағанымен, сәлемдемесі жағады ғой... Қазы-қарта, жалжаяны аяп қалған жері жоқ!

Х а н: Рас, рас. Енді қайттік?

Б а с у ә з і р: Оны түрпі уәзірі етіп қойыңыз.

Т ө с у ә з і р: Түлкінікін – шырпыға, шырпыныкін – жылқыға, жылқыныкін – түрпіге, түрпінікін – түлкіге! Тамаша!

Х а н: Бірінің бүлдіргенін бірі жөндеп, бастары айналып, бір-біріне байланып, бейтарап болып жүре берсін!

Б а с у ә з і р: Ләпбай тақсыр! Айтқаныңызды екі етпейміз!

Т ө с у ә з і р: Сіз қалай айтсаңыз, солай болады қашанда!

Х а н: Тағы қандай қызықтарың бар?

Б а с у ә з і р: Түгенбай теріскейге барғанда, теріс сөйлепті!

Т ө с у ә з і р: Бүйдеп айтады дейді.

Х а н: А-а...

Б а с у ә з і р: Сүйдеп айтады дейді...

Х а н: Қудалансын!

Т ө с у ә з і р: Күленбай Күнгейге барғанда көп күліпті дейді.

Х а н: А-а? Қайдағы күлкі қазір?!

Б а с у ә з і р: Қайдам... Әйтеуір сөйтіпті.

Т ө с у ә з і р: Бүйтіпті.

Х а н: Неге үйтеді ол? Жазалансын!

Б а с у ә з і р: Шүленбай қазы бір жиында бетімен лағыпты...

Т ө с у ә з і р: Бүйдейт дейді!

Б а с у ә з і р: Сүйдейт дейді.

Х а н: Әй, ол ылғи мені мақтай сөйлеуші еді...

Б а с у ә з і р: Ол әншейін бер жағы.

Т ө с у ә з і р: Ар жағы таза емес!

Х а н: Апырмай-ә! Мақтағанда майын тамызушы еді.

Б а с у ә з і р: Осы жолы майы бітіп қалыпты.

Т ө с у ә з і р: Мақтайтын жеріңізді мақтамай, мақтамайтын жеріңізді мақтапты. Ә-ә,... иә!

Х а н: Солай ма?

Б а с у ә з і р: Солай!

Т ө с у ә з і р: Бүйдепті!

Б а с у ә з і р: Сүйдепті!

Х а н: Неге үйдейді ол, ә? Айдалаға айдап жіберіндер!

Б а с у ә з і р: Әміріңізге құлдық!

Т ө с у ә з і р: Айтқаныңызды екі етпейміз!

Х а н: Екі етіп, я кекетіп көріндер! Айттым – бітті, айтқаным болады. Болуға тиісті!

Б а с у ә з і р: Ләпбай!

Т ө с у ә з і р: Ләпбай!

Х а н: Тағы нелерің бар?

Б а с у ә з і р: Пәленбай бір ғаламат есек сатып алыпты.

Х а н: Есек?

Т ө с у ә з і р: О, алдияр хан ием, есек болғанда да көр-рәм-мәттің нақ өзі!

Б а с у ә з і р: Кеше ғана Пәленбай есегін үш жүз атпен жарыстырып, бас бәйгені жеңіп алып, абыройын бір асырды, алдияр!

Т ө с у ә з і р: Не бір сәйгүліктерден озып шыққан дүлдүл есек мәмләкәтіміздің мақтанышы болуға әбден лайық!

Х а н: Шынымен-ақ тұлпардан есек озғаны ма? Алмауыт азып, тарланбоз тозғаны ма?

Б а с у ә з і р: Алдияр хан ием! Рас, кешегі бәйгеде Түгенбайдың тарланы, Шүленбайдың шабдары, Күленбайдың күреңі бірінші келуін келді. Бірақ иелері анадай болған соң, оларға кәйтіп берміз бас бәйгені?

Х а н: Сендерді де жұрт азаматымыз деп, әділ қазылық қылады деп, сеніп отыр-ау, ә?

Б а с у ә з і р: Ойбай-ау, тақсыр-ау, Өзіңіз айтқандай біз де пенде емеспіз бе? Сіздің, біздің көңілімізді таппаған кісінің бәйге алуының өзі күнә емес пе?

Т ө с у ә з і р: Ал Пәленбайдың өзі де жақсы, сөзі де жақсы.

Б а с у ә з і р: Бәрі жақсы!

Т ө с у ә з і р: Көңілімізді қалдырған, кесірленіп кері тартқан жері жоқ.

Б а с у ә з і р: Есегі де өзіне тартқан өлермен екен... Әлгі жүйріктерден арқан бойы ғана кейін қалғаны болмаса, онша көп ұтылған жоқ! "Есектің есектігін ескере отырып, тұлпардың бәйгесін соған береміз,"- дегенімізде, ешкім қыңқ ете алмады!

Т ө с у ә з і р: Есек басымен жылқымен жарысқанының өзі неге тұрады? Мұндай аяулы есек ай-әлемде жоқ!

Б а с у ә з і р: Сондықтан, Пәленбай бүкіл әлемдік бәйге өткізгелі отыр.

Т ө с у ә з і р: Күллі ғалам қазір қаптап келсе де, бар шығынын тік көтеріп, көріп алам деп отыр.

Б а с у ә з і р: Жер-жаһанға жар салып, жарыстырып тұлпарлармен есегін, жеңіп алам деп отыр.

Х а н: А? Не дейді әй? Ессіз байыса – Есекке шашады, тексіз байыса, өсек пен төсекке шашады, есті байыса ел үшін есеппен шашады!

Б а с у ә з і р: Айтқаныңыз ақиқат!

Т ө с у ә з і р: Бұлжымайтын қағида!

Х а н: Пәленбай құтырған екен. Қалың ел өлмес күнін әрең көріп отырғанда, есекке бәйге тігіп, жер-жаһанды жинады деген не сұмдық?! Байлықтың қызуы шыдатпай бара жатса, халыққа берсін! Айдалаға

шашқанша, айналасына жақсылық жасамай ма? Есірген байды есінен кетпестей ғып жазалап, есегіне теріс қаратып мінгізіп жіберіндер!

Б а с у ә з і р: Ләпбай!

Т ө с у ә з і р: Айтсаңыз болды!

Б а с у ә з і р: Сіз қалай десеңіз солай болуы заң ғой, алдияр. Бірақ, Пәленбай қазынаға үздіксіз үлес қосып келе жатқан қадірлі бай.

Х а н: Батпан пұлы барлығын қайтейін оның, мысқалдай миы жоқ болса?

Т ө с у ә з і р: Пұл болса, ми табылады ғой, алдияр!

Б а с у ә з і р: Ондай мисыз емес екен, хан ием! Өйткені осы бәйгені Сізге арнап, сіздің мерейіңіз үшін өткізгелі отыр!

Т ө с у ә з і р: Бәйгені өзіңіз бастап, өзіңіз аяқтаса екен деп тілек айтып отыр.

Б а с у ә з і р: Бүкіл дүние жүзінің алдында есегіміз озып, айды аспанға бір-ақ шығарсақ, мәртебеміз бір көтеріліп қалмай ма?

Т ө с у ә з і р: Сіздің атақ-даңқыңыз бұрынғыдан да шарықтай түспей ме?!

Х а н: Апырмай! Менен басқалардың да басы істейді екен-ау, ә? Бағанадан бері сөйдемейсіндер ме? Онда әңгіме басқа! Менің атақ-даңқым үшін бәйгеге қоспақ түгілі, есектің етін жесеңдер де мейлі!

Екінші көрініс

(Қараңғы. Керней, зурнай тартылып, дабыл қағылады. Аспан-жердің бәрі айқай-сүрең, қиқу. Тұяқтардың дүрсілі жер жарады. Аттың кісінегені, есектің ақырғаны, "әйт-шу, хай-хай, бас-бас"- деген

адамдардың айқай-шуы құлақ тұндырады. Жанталасып, сатыр-сұтыр, тарс-тарс, жарқ-жүрқ етіп жұлқынып жатқан дүние. Бір кезде қараңғыны қақ жарып Пәленбайдың дауысы естіледі).

Б а й: Бас,бас Қожанасыр! Аяма арам қатқырды! Масқара болсын демесең, бас-бас!

Қ о ж а н а с ы р: Бары осы болса, басқанда қайтем!

Б а й: Сиқырың қайда әлгі? Барынды сал аяма! Бас, бас! (Есіктің қатты ақырғаны естіледі де, ілешала үні өшеді. Тұлпарлардың дүбірі алыстай береді. Сол кезде айнала жап-жарық боп, далада сұлап жатқан есектің қасында Қожанасыр отырады. Жүгіріп Пәленбай келеді).

Б а й: Не боп қалды? Түр десеңші, жүр десеңші!

Қ о ж а н а с ы р: Есекең мен бесекең бір қисайса, қайтып түзелуші ме еді? Енді есегіңмен жаһаннамда бір-ақ жолығасың.

Б а й: Бай- бай- ай, бай- бай, бай- бай-ай! Екеуің қылдыңдар-ау қылмақшыны ханның алдында!

Қ о ж а н а с ы р: Оу байеке, өзің ғой, аяма, бас, бас деген. Содан бір қадақ тотияйынды бір-ақ тығып едім, арты ойылып, зорығып кетті. Енді өзің шаппасаң, басқа амал жоқ.

Б а й: Не дейді?

Қ о ж а н а с ы р: (Қалтасынан құтыны алып көрсетеді). Мында кішкене қалды, саған жетеді... ұрып жібер де бағынды сынап көр! Кім біледі, артың қызса, бағың жанып, бәрінен озарсың. Әй, бірақ тотияйынмен алысқа бара алмайсың!

Б а й: Абыройдан айрылып, масқара боп тұрсақ, мазақ қыласың ғой ұялмай!

Қ о ж а н а с ы р: Есектің бәйгесіне байланған қандай абырой ол,ә? Елдің намысы соған қарап қалып па? Шіркіндер-ай, одан да қалың елдің қайыршылық халге жетіп, қолынан келер қайраны болмай, қайрандап қалғанына намыстансаңдар етті! (Кетеді).

Б а й: Қап, бәлем, Қожанасыр, сені ме! Жағанды дал-дұл жыртайын, жығанды жығып, құртайын, қайдасың қолшоқпарым, ұрытайым – ұртайым!

Ұ р ы: (Жүгіріп келеді). Не бұйымтайыңыз бар? Біреуді тонайын ба, артық кемін жонайын ба, ақ кебінге орайын ба, аппақ қардай борайын ба?

Б а й: Қожанасырды есінен тандырып, әкесін танытып сабап берсең, мың ділдә сенікі!

Ұ р ы: Қожанасыр екі мың ділдә берсе қайтем?

Б а й: Хоп, майлы! Бірақ оңдырмай оқсат! (Ақша береді).

Ұ р ы: Ақша болса, бізге бәрібір. Екі мың күнге дейін ұмытпайтындай қылармын!

Үшінші көрініс

(Айдын шалқар көлдің жағасы. Біреулер шомылып, біреулер балық аулап жүр. Есігі жартылай ашық шатырда 1-саудагер, 2-саудагер, шайханашы әйел, қазы дастархан басында мәз-майрағ болып отыр. Есікте жасауыл тұр).

Ш а й х а н а ш ы ә й е л: Алыңыздар, алыңыздар! Ер азамат тоқ болса, бізде уайым жоқ болар.

Қ а з ы: Иә, иә, еркектер жеуге, әйелдер деуге жаралған ғой.

Ш а й х а н а ш ы: Е-е, шіркін, етке тойған еркектен артық не бар дейсің?

1-с а у д а г е р: Әбден жақсы айтасыз. Етке тойған еркек не есіреді, не есі кіреді.

2-с а у д а г е р: Жасасын ет пен еркектер!

1-с а у д а г е р: (Қазыға). Жоғары мәртебелі қазы! Қазы-қартадан қарбыта түсіңізші. Сізді қазы деп атағанда, қазы-қарта жесін деп атаған шығар.

2-с а у д а г е р: Иә, иә, біз жемесек те, сіз жеңізші.

Осы сіздің аузыңыз жеуге сондай ыңғайлы бір оңды ауыз!

(Қарқылдап күліп отырғанда, Қожанасыр келеді).

Ж а с а у ы л: (Есік аузында). Әй, тоқта, тоқта! Әй, қайда барасың шоқпыт-шоқпыт болып? Кет былай!

Қ о ж а н а с ы р: Мейман едік...

Ж а с а у ы л: Мейман едік деп маймаң- дағанша, майлы ет аңдыған сұғанақпын десеңші! Сұқпытына карамай, сыбаға сұрайды әй, сұмырай неме?

Қ о ж а н а с ы р: Есік күзеткен сен сұмырай ма, емін-еркін ел кезген мен сұмырай ма, оны бір құдай біледі.

Ж а с а у ы л: Тарт тілінді! Төрде отырған тектілермен терезенді теңестіріп, табақтас болғың келе ме, не?

Қ о ж а н а с ы р: Е, болса ше? Бір тәңірім бәрімізді де адам етіп, тең жаратқан.

Ж а с а у ы л: О, көркөкірек, өркөкірек неме! Сонда қалай, ана бай-бағландармен бірдеймін деп тұрмысың? Оларға бір, өзіңе бір қарашы, ұсқыныңды ғана ұрайын сол!

Ш а й х а н а ш ы: Бұл не шу, жәукемдегіш қайным?

Қ а з ы: Кім ол? Диуана ма, дүнгәнә ма өзі?

Ж а с а у ы л: Әй, мына біреу, мейманмын деп мәймөңкелейді.

1-с а у д а г е р: Мейман? Ха-ха-ха! Андағың мейман ба, маймыл ма?

2-с а у д а г е р: Құртшы... кісінің жүрегін айнытпай.

Ж а с а у ы л: (Есікті жауып). Ал енді жөніңді тап! Қанымды қайната берсең, жайратамын да тастаймын. (Қожекенді итермелейді).

Қ о ж а н с ы р: (Қолын қағып жібереді). Әй, қой

енді! Сенің көмегіңсіз-ақ жүріп тұра аламын. Сендерге жабысып қалған ешкім жоқ. Өзіңмен қатар отырғысы келмеген адамдардан аулақ жүргеннің өзі бір бақыт емес пе?! (Кетеді)

(Жағаға бас уәзір мен төс уәзір келеді)

Т ө с у ә з і р: Қап, мына Кещелерді-ай! Жұрт шомылып жатқан жерге кісі қармақ сала ма екен?

Б а с у ә з і р: Е, салса несі бар?

Т ө с у ә з і р: Адам жүрген жерге балық жолай ма екен?

Б а с у ә з і р: Неге? Бері қара! Балық жүрген жерде адам жүреді ғой, ә?

Т ө с у ә з і р: Иә!

Б а с у ә з і р: Ендеше, адам жүрген жерде балық та жүреді!

Т ө с у ә з і р: Жоқ! Балық жүрген жерде адамның жүруі қандай заңды болса, адам жүрген жерден балықтың қашуы да сондай заңды!

Б а с у ә з і р: Қой енді! Мұның тіпті қисынға келмейтін, ақыл-ойға қайшы, қисық қағида. Балық жүрген жерде адам жүргенде, адам жүрген жерде балық неге жүрмейді, ә? Айтшы, қәне?

Т ө с у ә з і р: Айтатын дәнене жоқ! Балық жүрген жерде адам жүрсе, балықты аулау үшін жүреді, адам жүрген жерде балық жүрмесе, ауланбау үшін жүрмейді.

Б а с у ә з і р: Немене, немене дейді? Ми қата қылдың ғой өзің. Мына қарашы, міне — балық (сол қолын көрсетеді), міне — адам (оң қолын көрсетеді). Сонда, мына балықтың қасында мына адам жүргенде, балық қайда жүр? Адам жүрген жерде жүрген жоқ па ол да!

Т ө с у ә з і р: Ол жүрмейді ол жерде, қашып кетеді!

Б а с у ә з і р: Қап! (Қожанасыр өтіп бара жатады.) Ә, мына кісіге жүгінейік. Қане мырза, бері қара, біздің

дауымызға төрелік бер. Балық жүрген жерде адам жүреді, ал адам жүрген жерде балық жүре ме?

Қ о ж а н а с ы р: Ол адамына қарай. Жаман адам жүрген жерде, балық та, халық та жүрмейді.

Б а с у ә з і р: Не дейді?

Т ө с у ә з і р: Әбден дұрыс! Нанбасаңыз, балықтардың қасына барып көріңіз!

Б а с у ә з і р: Көріп қана қоймай, сенің көзіңе шұқып тұрып көрсетермін! (Апыл-ғұпыл шешіне салып, суға қойып кетеді). А-а, ах-ох, әй-әй!

Т ө с у ә з і р: Иә, қалай? Жан-жағыңыз тола балық па екен? Балықтың бас уәзірімен уәделесіп жатырсыз ба?

Б а с у ә з і р: А-а-а, әй-әй!

Т ө с у ә з і р: Ойбай, мынау батып бара ма? (Жағаға жұрт жиналады. Ішінде Пәленбай бар). Бері, бері ұмтылыңыз! Қолыңызды беріңіз! Әкеліңіз!

(Жұрт: Бол! Бол! Бер! Бер! Бер қолыңды, берсеңші-деп шулайды: Бас уәзір бір батып, бір шығып жатса да қолын бермейді).

Қ о ж а н а с ы р: (Төс уәзірге) Бұл кісі кім?

Т ө с у ә з і р: Ханның бас уәзірі!

Қ о ж а н а с ы р: Е-е! Бәсе! Ол кісі өлсе де бермейді қолын! Тіпті беру дегеннің не екенін де білмейтін шығар! Өйткені, ол өмір бойы алумен ғана келе жатқан жоқ па? Міне, қарандар! Уа, тақсыр мә, алыңыз, мә! (Бас уәзір жалма-жан Қожанасырдың қолын шап беріп ұстай алады. Қожекең оны жағаға сүйреп шығарады)

Т ө с у ә з і р: Тұншығып қалған жоқсыз ба, тақсыр? Суық тиіп қалмасын!

Б а й: Бағымыз бар екен. Сіз кетіп қалсаңыз біз қайтер едік?

Т ө с у ә з і р: Бүкіл мемлекетіміз қара жамылып, күніміз қараң болар еді ғой!

Б а с у ә з і р: Бар екен! Жүрді жанымда!

Т ө с у ә з і р: Нені айтасыз?

Б а с у ә з і р: Балықты айтамын. Қалай енді... әлі де дауласамысың? Суға түссе қасыңда балық жүретін, жағаға шықса халық жүретін мен кімін, ә?

Т ө с у ә з і р: Ғаламатсыз!

Б а й: Ғажапсыз!

Б а с у ә з і р: Солай ма?

Т ө с у ә з і р: Солай?

Б а й: Солай!

Б а с у ә з і р: Олай болса, мына кісіге алғыс айтып, (Қожанасырды көрсетеді) шапан жабайық!

Б а й: Ләпбай! (Үстіндегі қымбат шапанын бас уәзірге ұстата береді)

Б а с у ә з і р: Ал Қожанасырым, әзірге осыған риза бола тұрасың!

Қ о ж а н а с ы р: Тақсыр, Пәленбай да жалаңаш кетпей, менің шапанымды киіп кетсін.

Б а й: Жо-жоқ, о не дегеніңіз!

Б а с у ә з і р: Киесің!

Б а й: Ләпбай! (Қожанасыр екеуі шапан ауыстырып киеді)

Б а с у ә з і р: (Төс уәзірге) Ал кеттік, достым. Балықтың дауын бітірдік, енді халықтың қамын ойлайық! Дөдеңмен дауласқан сенің де сыбаған дайын! (Екі уәзір кетеді. Бай жағада қалады, шапаны жарқыраған Қожанасыр шатырға келеді)

Ж а с а у ы л: (Қожанасырға) Қош келдіңіз, байеке! Төрлетіңіз! (Қожанасыр кіреді, шатырдағылар құрақ ұшып төрге отырғызады)

1-с а у д а г е р: О, байеке! Хош келдіңіз!

2-с а у д а г е р: Дәм алыңыз!

Қ а з ы: Алыңыз, алыңыз! Сіздей алыстан келген аса мәртебелі мейманмен дәмдес болудың өзі бір бақыт.

Ш а й х а н а ш ы: Алыңыз, алыңыз, неге алмай отырсыз?

Қ о ж а н а с ы р: (Табакқа шапанының жеңін малып) Же, шапаным, же! Сендер адамды емес, шапанды сыйлайды екенсіңдер! Сондықтан же, шапаным, же! (Шатырдағылар, "а-а, ах,"- десіп Қожанасырға қарап қалады. Жасауыл есікті жаба салады. Сол кезде шатырға Пәленбай келеді. Жасауыл оны кіргізбей, аулаққа итермелейді. Пәленбай жұлқынып кеудесін соғып, өзінің кім екенін дәлелдеп бағады. Жасауыл келемеждеп, шапанын көрсетіп, жұлмалап, қудалайды. Екеуінің дауыстары естілмейді, бірақ, қолдарын сермеп, қызу дауласып жатқаны көрініп тұр. Біраздан соң Жасауыл Пәленбайды күйрықтан бір теуіп, жағаға қарай қуып тастайды да, өзі есік алдына келіп тұрады. Жағада жалғыз қалған Пәленбай басын шайқап, қолын сермеп, теңселіп, сенделіп жүреді. Сол кезде бұқпантайлап ұры келеді де, келтекпен байды бастан переді. Пәленбай құлайды. Ұры қуанып күліп, секіріп билейді. Сол кезде Қожанасыр келіп, оған қарап тұрады. Билеп жүрген ұры бір кезде Қожанасырды көріп, бетін басып, тұрып қалады).

Ж а с а у ы л: (Жүгіріп келіп) Хан жарлығы, хан жарлығы! Қожанасыр қазы боп тағайындалсын! (Жасауыл Қожанасырға қол қусырады. Ұры сылқ ете түседі)

Төртінші көрініс

(Қожанасыр қазының алдында шайханашы әйел мен жұпыны киінген жолаушы әйел жүгініп отыр).

Қ о ж а н а с ы р: Сөйлеңіздер!

Ш а й х а н а ш ы: Аса құрметті қазы! Мына

отырған жолаушы әйел менің шайханама кіріп, дорбасынан қатқан нанын алды да, менің тамақтарымның бұрқыраған буына жібітіп, тыңқиып тұрып тойып алды.

Қ о ж а н а с ы р: Ас болсын!

Ж о л а у ш ы ә й е л: Ра-ра-рахмет!

Ш а й х а н а ш ы: Жоқ, ас болмасын. Ақы-пұлын төлемей ішкен ас арам емей немене?!

Қ о ж а н а с ы р: Сонда бұл кісі сіздің ақыңызды жеп кетті ме? (Қожанасырдың әйелі кіріп, үндемей тыңдап тұрады.

Ш а й х а н а ш ы: Жегенде қандай?

Ж о л а у ш ы: Ненің ақысын?

Ш а й х а н а ш ы: Әне көрдіңіз бе, құрметті қазы, жұртты алдап, әбден әдістеніп алған. Шайханамда жылынып, тамақтарымның иісін жұтқаның өтірік пе ей?

Ж о л а у ш ы: Рас, рас! О, ыстық тамақтың иісі қандай тамаша!

Қ о ж а н а с ы р: Шіркін-ай десейші...

Ш а й х а н а ш ы: Міне көрдіңіз бе, құрметті қазы, өзі де мойындады.

Қ о ж а н а с ы р: Сонда бұл кісі сіздің шайханадан ештеңе ішкен де, жеген де жоқ па?

Ж о л а у ш ы: Жоқ, ішкен де жоқ, жегем де жоқ.

Ш а й х а н а ш ы: Ойбай-ау! Тақсыр қазеке-ау! Ішіп жемесе де тамақтарымның иісін жұтты ғой. Қандай тәтті иістерімнің бәрін бүйтіп-бүйтіп жұтып тауысты емес пе? Соның ақысын төлесін!

Ж о л а у ш ы: О заман да бұ заман, тамақтың иісін сатты дегенді кім естіген?

Ш а й х а н а ш ы: Естімесең, көресің! Төлей- сің!

Ж о л а у ш ы: Төлемеймін!

Қ о ж а н а с ы р: (Қалтасынан бір уыс тиын алып, шайханашы әйелдің біресе оң құлағына, біресе

сол құлағына, төбесіне әбден шылдырлатады). Тамақтың иісін сатқан адам ақысына ақшаның шылдырын ғана алуға тиіс!

Ш а й х а н а ш ы: Әбеу көтек! (зытады)

Ж о л а у ш ы: Төрелігіңе құлдық! (кетеді. Қожанасырдың әйелі Қожанасырға сүйсініп, бас бармағын көрсетеді).

Қ о ж а н а с ы р: Әйел үндемей тұрған кезде, қандай әдемі!

Ә й е л і: Немене, сөйлесек, сәніміз кетіп қала ма?

Қ о ж а н а с ы р: Жоға! Жәй, әншейін, әлгімен салыстырып жатқаным ғой. Сенің сондай болмағаныңа қатты қуанып тұрмын ! Сен де маған тамақтың буын бұлдап отырсаң қайтер едім?

Ә й е л і: Қожеке, мен тұрғанда тамақ туралы ойлаудың өзі күнә емес пе? Менің көркіме қарап отырып-ақ көңілің тоймай ма?

Қ о ж а н а с ы р: Көңілім тоюын тояды, бірақ қарным аша береді. Жалпы, қазаны қайнап жатқан әйелдің ажары ашыла түсетін сияқты!

Ә й е л і: О, қараң қалғыр Қожанасыр! Мені пісіріп жемесең, үйде тіске басар талшық қалған жоқ! Қаңғып-қаңғып, қазы болып, қара қылды қақ жарғанда, қарқ қылғаның осы ма?

Қ о ж а н а с ы р: Апырмай-ә! Мені қойшы, қазының қарны ашқаны ұят екен!

Ә й е л і: Өз қарнын тойдыра алмай, қатынын қаншырдай қатырған қазыдан не қайыр, не үміт? Сөйтіп тұрып күлесің ұялмай, жылаудың орнына. Осы сенікі не ырбаң? Неғылған ыржың-ыржың күлкі шынында?

Қ о ж а н а с ы р:

Күлмегенде, өлейік пе?

Тауқыметті тартсаң дағы, торықпай,

Қиындық пен қиянаттан қорықпай,
Ауырды жеңілдетіп,
Айналаны көңілді етіп,
Ауруды емдеп,
Қисықты жөндеп,
Қараңғыны жарық қылып,
Күліп жүрген мың артық!
Әркіммен араздасып,
Пәле қуып, арыздасып,
Өзің түк бітірмей, бұрышқа тығылып,
Бірақ сырттай жұртқа таразы болып,
Өзіңнен басқаға наразы болып,
Қыңсылап үріп,
Қайдағыны бастап ұлып,
Күйкі тірліктен күйреп, құрып жүргеннен де,
Қайрат қылып, алға ұмтылып,
Күліп жүрген мың артық!

Ә й е л і: Ибай, адырам қал! Сенің күлкің кімге дәрі? Мен адам құсап тәтті тамақ ішіп, әдемі киініп, жарқырап жүргім келеді. Тойдым бұйткен тірлігіңе! (Қайқайып тартып отырады)

Қ о ж а н а с ы р: Е, бәсе... Қатын қайрат- танды, бірдеме боп қалар!

(2-саудагер келіп қол береді; екеуі әлденені сөйлесіп әрі-бері жүреді. Сол кезде қожанасырдың әйелі мен 1-саудагер келеді. Екі саудагер ала көзбен атысып, Қожекене жүгінеді.)

1-с а у д а г е р: Уа, тақсыр қазы! Пәленбай- дың есегі тұлпарлармен жарысамын деп, тырқиып қалғанда, хан ием қатты қаһарланып, сізді жазаламақ болыпты дейді...

2-с а у д а г е р: Сонда сіз: "Жүргіш есектен жолымыз болмағанмен, білгіш есектен жолыңыз болады. Егер маған билік берсеңіз, есегіңізді он жылда сөйлейтін етіп шығарамын," - депсіз.

Қ о ж а н а с ы р: Деп жібердік!

1-с а у д а г е р: Біз соған дауласып келіп отырмыз. Мен: "Есек ешқашанда адамша сөйлей алмайды,"- десем, мынау көнбейді.

2-с а у д а г е р: Егер есек лайықты ұстазға жолықса сөйлейді!

Қ о ж а н а с ы р: Сенікі дұрыс! (Қожанасыр- дың әйелі екі саудагердің сыртында тұрып, қолымен 1-саудагерді көрсетеді, ымдап, құбы- лып, одан бір нәрсе алғандығын сездіреді. Қожанасыр 2-саудагерді нұсқап, бірдемелерді ымдайды).

1-с а у д а г е р: Құрметті қазы! Тіпті Апыла-тын мен Анақарыс қосылып оқытса да, есек адамша сөйлей алмайтыны ақиқат қой.

Қ о ж а н а с ы р: Сенікі де дұрыс!

Ә й е л і: Ойбай-ау, Қожеке-ау, ананікі де дұрыс, мынанікі де дұрыс бола ма екен?

Қ о ж а н а с ы р: Қатын, сенікі де дұрыс!

Ә й е л і: Қожеке, мұныңыз қалай?

Қ о ж а н а с ы р: Менікі де дұрыс! (Отырған- дар "Ә-ә! А-а! О-о!"- деседі).

Қ о ж а н а с ы р: Әр нәрсенің дұрысы да, бұрысы да бар. Әр дұрыстың бұрысы, әр бұрыстың дұрысы болады!

Ә й е л і: Қожеке... не... былай ғой, оңаша шықшы! (екеуі оңашаланады) Қожеке айналайын!... Қашанғы жалаңаш жүреміз деп, ананың (1-саудагерді нұсқап) бір қалта ақшасын қағып алып едім. Төрелікті соған бер!

Қ о ж а н а с ы р: Қатырған-ақ екенсің! Қашанға аш жүреміз деп (2-саудагерді нұсқап) мынаның бір қойына келісіп қойып едім.

Ә й е л і: Көтек! Енді қайттік? Айтқанымды істе, ұятқа қалдырмай. Менің де қатын деген атым бар!

Қ о ж а н а с ы р: Менің де еркек деген атым бар

ғой. (Жұмсарып). Тамақ істедің бе өзің? Сен сол қазаныңды біл дағы, қалғанын маған жібер. (Даугерлерге келіп) Уа, аса қадірлі ақиқат аңсап, аяулы уақыттарын айтыс-тартысқа арнаған данышпан даукестер! Біріңнің сөзінді сөйлеп, біріңнің сағынды сындырсам, менің кім болғаным?! Сондықтан, дауларыңның жауабын он жылдан кейін, хан алдында, ғұлама есектің өз аузынан естігенде, шындық қашанда жеңетініне көздерің тағы да жетеді!

1-с а у д а г е р: Қалай? Біз жауапты есектен емес, сізден естісек деп едік!

Қ о ж а н а с ы р: Мең есек үшін жауап бере алмаймын! Есек сөйлей ме, жоқ па, сонда бір-ақ көресіндер!

2-с а у д а г е р: Төрелігіңе құлдық!

1-с а у д а г е р: Көрсек көрерміз! (Екеуі кетеді).

Ә й е л і: Қайран Қожекем-ай, он жылдан кейін қайтер екенсің?

Қ о ж а н а с ы р: Қайтушы ем? Он жылға дейін не хан, не мен, не есек – үшеуіміздің біреуіміз өлетін шығармыз!

Ә й е л і: Әй, Қожеке-ай, Қожеке-ай!

Қ о ж а н а с ы р: Қожекеңді қоя тұр. Біз бүгін күнәһар болдық қой, соны ойладың ба?

Ә й е л і: Астапыралла! Не істеп қойдық?

Қ о ж а н а с ы р: Пара алдық қой біз, пара!

Ә й е л і: Е, құдай, соны да сөз ғып! Жұрт түйені түгімен, биені бүгімен жұтып жатқанда...

Қ о ж а н а с ы р: Жоқ, бәрібір жақсы емес.

Ә й е л і: Енді қайт дейсің? Өстіп жүдеп-жадап жүре береміз бе?

Қ о ж а н а с ы р: Былай болсын. Әлгі қойды сойып, құрмалдық берейік. Сонда ана ақшаның күнәсін мына садақаның сауабы жуып жібермей ме, ә?

Ә й е л і: Мақұл Қожеке, алтын Қожеке! (Сол кезде "Хай-хай", "Көрерміз", "Жүр-жүр" деген ай-қай-шу естіледі. Төс уәзір мен бұрынғы қазы бірін-бірі сүйрелей алысып-жұлысып келеді).

Т ө с у ә з і р: Уа, тақсыр Қожанасыр! Мынау қазы боп тұрғанда, заңды аяқ асты қылды, қылмыскерлермен ауыз жаласты, параны желкесінен шыққанша жеді.

Қ а з ы: Қадірлі қожеке! Мынау төс уәзір боп тұрғанда талайға тісін тигізіп, тізесін батырды. Біреуді біреуге шағыстырып, хан иемді алдап, ала тайдай бүлдірді. Қазынаға қол сұғып, ел мүддесін сатып жіберді!

Т ө с у ә з і р: Әй, талай момынды нахақтан нахақ соттап, нағыз баукеспе баскесерлерді ақтап жібергенің жалған ба?

Қ а з ы: Нағыз өсетіндерді өшіріп, өңкей аузымен орақ орғандарды ақ ордада ордандатып қойғаның өтірік пе?

Т ө с у ә з і р: Сөзіңнің бәрі жала! Құрметті қазы! Осының барып тұрған оңбаған екені түрінен де көрініп тұр ғой. Ылғи пәле қуып үйренген. Қай-қайдағы жамандық пен арамдыққа құлағын түре берген соң, салпаң құлақ болып кеткен.

Қ а з ы: Әркімді аңдып, әр тесіктен сығалай-сығалай, сен де сықи боп жүрген жоқсың ба?

Т ө с у ә з і р: Құлағыңды кесіп алып, көуәп қылайын ба осы?

Қ а з ы: Қолқаңды суырып алып, қуырдақ қылайын ба қазір? (Екеуі жағаласады).

Қ о ж а н а с ы р: Тоқтатындар! Жасауыл!

Ж а с а у ы л: (Жүгіріп келеді де, екеуін айырып, екі жаққа отырғызады). Тақсыр қазы, атайын ба, асайын ба? Әміріңізге құлдық!

Қ о ж а н а с ы р: Оу, батырлар! Бір-біріңнің

оңбаған екендіктерінді білсеңдер, қолдарыңда билік, заң күші тұрғанда неге тәртіпке салмадыңдар, ә?

Т ө с у ә з і р: Енді... ол кезде оңды едік!

Қ а з ы: Ойымыз да, тойымыз да бір еді!

Қ о ж а н а с ы р: Солай ма! Билік қолдарыңда тұрғанда, қарынның қамымен ауыз жаласып, қолдарынан кеткен соң әділдік пен шындыққа таласатыны несі екен адамдардың, ә? Енді неғыл дейсіңдер?

Т ө с у ә з і р: Жазалаңыз мына парақор арамзаны!

Қ а з ы: Сазайын тартқызыңыз мына жалақор, екіжүзді алдамшының!

Т ө с у ә з і р: Аямаңыз, беріңіз сыбағасын!

Қ а з ы: Қалпағын қайрыңыз, талтағын айырыңыз!

Қ о ж а н а с ы р: Ал, мЫқты болсаң біліп көр, қайсысының ақ, қайсысының қара екенін? Жасауыл! Мынаған – жүз қамшы, мынаған да жүз қамшы дүре сок!

Ж а с а у ы л: Алақай, алақай! Арқаларына мініп соғамын, құйрықтарын түріп, қылталарын тіліп соғамын. Бұлар бақырып жатқанда, айызым қанып, күліп соғамын! (Екеуін екі қолымен бүріп алып, байбайлатып сүйрей жөнеледі)

Қ о ж а н а с ы р: Мінеки, қылмыскер құтыл-ған жоқ, жазасын алды деген осы! Әйтеуір екеуінің біреуі кінәлі екені анық қой. Тіпті, осылардың қайсысы сау дейсің?! (Әлгі екеуінің айқайы естіледі).

Т ө с у ә з і р: Бәлем, Қожанасыр, тұра тұр! Ханға жеткізерміз!

Қ а з ы: Қабырғанды сөккізерміз!

Т ө с у ә з і р: Қағармыз әлі дабылды, улар-мыз сенің жаныңды!

Қ а з ы: Аямай шашсам малымды, хан төгеді қаныңды!

Қ о ж а н а с ы р: Көрсек көрерміз! Ханымыз қамқор ма екен, қанқор ма екен, көрерміз!

Бесінші көрініс

(Хан ордасының алдындағы алаң. Хан арлы-берлі адымдап жүр. Екі жағында Бас уәзір мен жасауыл қақиып тұр. Қатысушылардың бәрі осында. Бір шетте арканы салбыраған дар ағашы. Дар түбінде Қожанасыр).

Х а н: Ал, Қожанасырым, күштінің көңілін тапсаң — тасың өрге домалайтын, таппасаң — басың көрге домалайтын мына жалғанда талайға түрпідей тиетін не қылған күлкі сенікі? Кімге, неге күлесің сен,ә?!

Қ о ж а н а с ы р: Өзіме өзім күлемін, алдияр! Өз кемшілігіне күле білген адам тазарып, күшейе түседі.

Х а н: Кемшілігі жоқ адам несіне күледі?

Қ о ж а н а с ы р: Адам деген тек қана кемшіліктерден тұрады, алдияр!

Х а н: Мен де ме?

Қ о ж а н а с ы р: Сізде кемшілік жоқ қой, Сізде тек артықшылықтар ғана бар.

Х а н: Бәрекелді!

Қ о ж а н а с ы р: Ал артықшылық дегеніміз кемшіліктің асқынған түрі, алдияр!

Х а н: А?! Сонда мен де күлейін бе өзіме-өзім?

Қ о ж а н а с ы р: Күлгенде сіз күліңіз, тақсыр! Тірідей тас құдайға айналуға асықпай, бәріміз де күлгеніміз жақсы!

Х а н: Солай де, Қожанасырым! Ал мен өзіме-өзім күле алмаймын. Өйткені, өзімде де, елімде де мін бар деп есептемеймін. Мінезім сондай, қайтесің! Мемлекет те мінезді болуы керек, мінсіз болуы шарт емес! Мінезбен өмір сүріп, мінезбен ел басқарған рахат қой. Бас қатырып жатпайсың, ойыңа келгенді істейсің! Онда екі-ақ нәрсе бар — ұнайды не ұнамайды. Ұнағанды — өсіреміз, ұнамағанды — өшіреміз, бітті!

Б а с у ө з і р: Хан иеме жақпай көр!

Ж а с а у ы л: Қас-қабағын бақпай көр!

Қ о ж а н а с ы р: Біреудің көңіл-күйіне қарап күн көрген елдің келешегі көмескі емес пе? Сіз елді мінезбен емес, ақылмен, әділдікпен басқаруға тиіссіз ғой. Өзінің мінезін ақылмен билей алмаған адамның ел басқаруға хақысы бар ма?

Х а н: Ақыл... әділет, ақиқат, адамгершілік, адалдық.. айтуға ғана оңай. Өмірде бәрі басқаша. Ақыл туралы ақыл айтып тұрған мына сен де өзі отырған бұтақты өзі балталаған атақты ақымақ емес пе едің? Әй, соның не? Қасақана істейсің бе? Жоқ әлде шынымен сондай алаңғасарсың ба?

Қ о ж а н а с ы р: Адамзаттың ақыл-ойы қандай шексіз болса, ақымақшылығы да сондай шексіз емес пе, алдияр? Өз елін, өз жерін түк қоймай тонап, талантаражға салып жатқан обырларға мысал қылып істеген бір шаруа ғой...

Х а н: Қарай гөр мынаны! Бос күлкі екен десем, ар жағында бірдеңе бар сияқты. Бірақ, ғұлама данышпандар дүние-жалған, өмір-өткінші, түбінде бәріміз де өлеміз, сондықтан өмірде мән-мағна жоқ деп күңіреніп жатқанда, сенің күлкіңе жол болсын!

Қ о ж а н а с ы р: Ақыр өледі екенбіз, өмірде мән жоқ деп зарланып, өзің де ауру боп, әлемді де ауру қылып, жылап өлгеннен де, жарық дүниеге шүкіршілік қылып, адамша өмір сүріп, күліп өлген артық емес пе?! Күңіренгеннің бәрі кеменгер емес, күлгеннің бәрі кеңкелес емес, алдияр.

Х а н: Параға алған қойыңды сойып, садақа таратқаның кеңкелестік емей немене?

Қ о ж а н а с ы р: Уа, алдияр! Оң қолымен опырып, сол қолымен сыпырып алып, саусағының ұшымен садақа беріп, аңқау елді алдайтын сіздерге жету қайда?!

Х а н: А-а! Солай ма? Жұрттың бәрі Қожанасыр сүйтіпті, Қожанасыр бүйдепті деп аңыз қылып, неге

сені жақсы көреді, ә? Орталарына мен барсам, бәрі сып-сыпайы, сүп-суық, тәртіпті бола қалып, сен барсаң шаттанып, думандатып жіберетіні несі?

Қ о ж а н а с ы р: Сіз елді қорқытып, бүлдіріп жүресіз, мен қуантып, күлдіріп жүремін!

Х а н: Асындар дарға!

Ж а с а у ы л: Ләпбай! (Қожаны сүйреп дарға алып барады).

Қ о ж а н а с ы р: Алдияр тақсыр, сіздей дана, ғаділ, ұлы ханның қолынан жазықсыз қаза табудың өзі үлкен бақыт емес пе білгенге! Тек қана әйелім қасымда тұрсыншы!

Х а н: Келсін!

Ә й е л і: Қожеке, қайран Қожеке!

Қ о ж а н а с ы р: Сен қасымда тұршы. Мүм- кін Әзірейілдің көзі саған түсіп, менің жанымды алуды ұмытып кетер. (Хан да, халайық та Қожаның сөзіне күледі)

Ә й е л і: Ажалмен де өзілдейсің... Мен қай- тем?

Қ о ж а н а с ы р: Арқа-басың кеңіп, қолың босайды... Әлде сені де ала кетсем бе екен? О жақта да керегің боп қалар. "Мен сені жанымдай жақсы көремін, сенсіз өмір сүре алмаймын," - деуші едің...

Ә й е л і: Балаларға кім қарайды?

Қ о ж а н а с ы р: Жарайды, қала бер. Маған ол жақтан да біреу табылар...

Ә й е л і: Жоқ! Онда қалмаймын, бірге кетем сенімен!

Х а н: Иә, қалай Қожанасырым, қорқайын дедің бе?

Қ о ж а н а с ы р: Батыр болсаңыз менің орныма тұрып көріңіз. Әншейінде білмейді екенбіз, кісіге жан керек екен ғой.

Х а н: Сал арқанды! (Жасауыл салмақ болады. Қожанасыр түгел салғызбай, жартылай ғана іліп тұрады).

Қ о ж а н а с ы р: Алдияр, ақтық тілегімді беріңіз!

Х а н: Айт!

Қ о ж а н а с ы р: Қыл арқан қытығымды келтіреді!
Лажы болса басқа арқан алдырыңыз.

Х а н: Болады. (Жасауыл басқа арқан әкеледі).

Қ о ж а н а с ы р: Жүн арқан жынымды келтіреді!
(Жасауыл басқа арқан әкеледі). Кендір арқан
кеңірдегімді кесіп кетсе қайтем? (Жасауыл басқа арқан
әкеледі). Сусылдаған жібек арқан сүп-суық, денемді
түршіктіреді!

Х а н: Ау, саған енді қандай арқан керек? Өзің
айтшы... Тезірек бітірейік шаруанды.

Қ о ж а н а с ы р: Тілегімді екі етпейсіз бе?

Х а н: Бердім тілегінді!

Қ о ж а н а с ы р: Мойныма жайлы, жұп-жұмсақ
мамық арқанға асыңыз!

Х а н: Болады! Әкеліндер мамық арқанды!

Б а с у ә з і р: Дат, тақсыр! Мамық арқан болмайды!

Ж а с а у ы л: Мамықтан арқан есу мүмкін емес!

Х а н: Болады! Мен айтқасын бітті — болуы керек!

Б а с у ә з і р: Ләпбай!

Ж а с а у ы л: Ләпбай!

Х а н: Мен айтпан, айтқанымнан қайтпан!
Босатындар! Мамық арқан табылғанша жүре берсін
жер бетінде жарқырап! (Халайық Қожанасырды тік
көтеріп алып, "Жаса Қожеке", "Мың жаса!" - деп арлы-
берлі жүреді. Барлығы қосылып, кезектесіп әндетеді).

Өтті жылдар.Талай заман. Ғасырлар.

Өтті өмірден асылдар мен тасырлар.

Шырай берген шыр айналған әлемге

Қожекеңде тұнып жатыр не сырлар!

Қатпар, қатпар қазына

Көне дүние бүгіп тұр,

Кім біледі құпиясын

Ойды қайда бұрып тұр?
Пенделердің қылығына
Астамсыған ұлығына
Былығы мен шылығына
Қожекеңнің моласы да
Бір жағына қисайып ап, күліп тұр!
Шерлі жалған, зарлы заман дауылы,
Соққан сайын кең дүниеде тарықтық,
Тіршіліктің тауқыметін көп тартып
Еркіндік пен теңдікке әбден зарықтық!
Сонда бізге сүйеу болды Қожекең
Күлкісімен қараңғыны жарық қып,
Әзілімен әспеттеген шындықты
Қожанасыр – өлмес күлкі халықтық,
Көздің жасын айналдырған күлкіге
Иманды бол, иманды бол, жарықтық!!!

1998 ж.

Құдалық

(Тіршіліктің бір қызық-шыжығы)

Мұратбек пен Айжан Оспановтарға арнаймын

Қатысушылар:

Сұрамшақ – құда, қыздың әкесі, 50-де
Құдағи – Қыздың шешесі, 48-де
Дөкей – Сұрамшақтың інісі, 41-де
Жеңгей – Дөкейдің әйелі, 36-да
Стақан – құда, Сұрамшақтың туысы, 53-те
Құдаша – Сұрамшақтың туысы, 25-те
Қыз – Сұрамшақтың қызы, 21-де
Жігіт – Қырындағыштың баласы, 25-те
Қырындағыш – құда, жігіттің әкесі, 50-де

2-құдағи — жігіттің шешесі, 46-да
Тапал — Қырындағыштың інісі 40-та
Лөктір — стоматлог, Қырындағыштың балдызы, 40-та
Шошақай — құдаша, Қырындағыштың балдызы, 30-да

Оқиға 1990-жылдары өтеді

Бірінші сурет

Бірінші көрініс

(Орташа тұратын ауыл қазағы Сұрамшақтың төр үйі. Жеңгей мен қыз бір қызу әңгімені аяқтауға айналған.)

Ж е ң г е й: Сонымен солай де!.. Бір-бірінді күшті сүйесіндер ме?

Қ ы з: Сонымен солай деп жаңа ғана айттым ғой...

Ж е ң г е й: Тағы да айтшы! Айта түсші! Жақсы көреміз деген әншейін жалпақ сөз, төптіштеп айтшы, қалай сүйесіндер?!

Қ ы з: Секрет фирмы!

Ж е ң г е й: Секіреді дейді... секіртпей қоясың ба сен, сиқыр қыз! Әйтеуір, қазір сүюдің неше түрі шығып жатыр... видиктен көріп жүрміз... біз соның бірін де білмеппіз ғой... Әй, тағы қалай-қалай жақсы көресіндер?

Қ ы з: Ой, зәкөншік жеңешем-ай сол, не болды сонша?

Ж е ң г е й: Шіркін! Жас болғанға, махаббатқа мас болғанға не жетсін! Жөн білетін қыз болсаң, кісіні жынды қылмай, айтпас па едің бәрін де!

Қ ы з: Нені?

Ж е ң г е й: Былай... былай жақсы көреміз деп!

Қыз: Осыныңды ағама айтып қойсам, көрер едің былай... былайды...

Жеңгей: Айта бер... Тезірек айтшы ағаңа... Былай... былайдан өлген әйелді көргем жоқ!.. Мен де айтайын ағаңа... Мына қыз бауырдан да бай қымбат деп, бір-ақ тартқалы жатыр деп! Айтқандайын, баратын жерің қандай екен?

Қыз: Қандайы несі?!

Жеңгей: Әулеті мен сәулеті қандай, бәрінен бұрын дәулеті қандай екен деп сұрап тұрмын мен сенен!

Қыз: Білмеймін... енді... әке-шешесі, туыстары бар көрінеді. Өзіміз сияқты... Ауылда тұратын... опонды кісілер...

Жеңгей: Түсінікті! (өзіне-өзі) Сенің әке-шешен сияқты болса, жетіскен екенбіз! (Қызға) Қазіргінің қыздары "ақшасы көп, ақылы аздарды аулайтын қу болады" дейтіні қайда? Шалбарына емес долларына қарайтын заман емес пе? Жөн білетін қыз болсаң осы жағын ойлар едің ғой...

Қыз: Жеңеше! Не деп тұрсыз? Біз бір-бірімізді жақсы көреміз – бітті! Басқа әңгіменің керегі жоқ!

Жеңгей: Керегі болғанда қандай! Дүние тек екеуіңе ғана тіреліп қалған жоқ! Әлі-ақ көзің жетеді! Тек өзіңдей кейбір қыздардың көмерсанттарға тиіп алып, шікірейіп шыға келгенін көргенде, ішіміз қыз-қыз қайнайды. Сен солардан кем бе едің... мұғалімге тиетіндей?! Мүмкін, әлі де ойланарсың...ә?!

Қыз: Өзім сүйген жарымды ақшаға да, басқаға да айырбастамаймын! Жеңгем деп сырымды ашып, ақылдасып отырсам, қайдағы-жайдағыны айтып, көңілімді неге алай-дүлей қыласыз?

Жеңгей: Жә, жә... Ойнап айтамын, ойнап айтсам да сенің қамыңды ойлап айтамын. Піскен жемістің уағымен үзілгені жақсы... әйтпесе... иә... Сонымен, уәде қалай?

Қ ы з: Соның мәнісін сізден сұрағалы отырмын...

Ж е ң г е й: Сұрайтын несі бар? Ың-жыңсыз қашып кеткенің дұрыс!

Қ ы з: Не дейсіз?

Ж е ң г е й: Фишт! Қаш та кет!

Қ ы з: Неге?

Ж е ң г е й: Қолдан ұзатқанның әлегі көп, қалқам! Заң бойынша әуелі құда түседі — ол бір расқот. Алып кетуге тағы келеді топтанып — тағы расқот. Қыз ұзату тойының шығыны шашетектен... Заман болса мынау — кімнің шекесі қызып отыр қазір? Тоқ етері — әкешешенді аясаң, тып-тыныш тайып отыр!

Қ ы з: Айтпай кетіп қалсам, папам мен мамам ренжіп, жыламай ма?

Ж е ң г е й: Неге жылайды, ей? Бой жеткен қыздың абыроймен теңін тапқанына дені сау адам қуанбаса, жылай ме екен?

Қ ы з: Қолымнан қызықтап ұзатар едім ғой деп өкпелесе ше?

Ж е ң г е й: Жоға! Ашып айта алмайды папа-мамаң, әйтпесе, әуре қылмай зытып отырғаныңды теріс көрмейді!

Қ ы з: Елден ұяттау болмай ма? Ешкімі жоқ адам құсап...

Ж е ң г е й: Сүюге ұялмағанда тиюге ұяласың ба? Сенен зорлар да жігітінің етегінен мықтап ұстап алып, жердің түбі болса да, бір-ақ тартқан. Міне, өзіміз де келгенбіз... жаман ағаңның тар-тар еткен екі аяқты матасекілінің артында талтайып отырып-ақ... Ибай-ай десейші, тым болмаса көгала құрдас сияқты үш аяқты матасекілдің лөлкесіне де мінгізіп әкелмеді-ау, лағанат! Бірақ, шүкір, содан жаман болған жоқпыз... Әлгі екі аяқты матасекіл құтты болып, әуелі егіз тауып жіберді ғой мына жеңешеңіз!

Қ ы з: Үш аяқты матасекілмен қашқанда, үшеу болар ма еді?

Ж е ң г е й: Пай, шіркін! Инеліктей боп иномаркімен қашқан сендердің төртеу тапқандарынды көрермін!

Қ ы з: Бұйырғаны болар...

Ж е ң г е й: Болсын, болсын... Тезірек болсын десең, тезірек қашып кет! Жігіттің жеңі қолға ілікті ме, айрылма! Ырғалып-жырғалып, бұлданып жүргенде талай қыз байсыз қалған жоқ па?.. Айтқандайын, әлгі мұғаліміңе иномаркі қайда-а! Тіпті, трәктірдің өзіне сәләркі табу оңай емес. Егер жөн білетін жігіт болса, ат-арба, белесепет тапса да жарар...

Қ ы з: Жаяу болса да кетемін!

(Қараңғы түседі).

Екінші көрініс

(Сол үйдің іші. Сұрамшақ әйелімен, Қырындағыш әйелімен, жеңгей бесеуі мәжіліс құрып отыр).

Қ ұ д а ғ и: Ал құдағи, сөзді қойып, іске кірісейік. Барлығын жіпке тізіп, бақайшағына дейін бұл- дап, базарлап отыратын баяғының уақыты емес. Заман басқа, заң басқа. Әйтсе де атадан-мирас, жөн-жоба, жол-жоралғы бар. Көктегіні көгендеп, жердегіні түгендеп бер демеймін... Бірақ, әлпештеп, аялап отырған сәбиімді, бөбегімді әкетіп отырсың, өкпе-бауырымды суырып, жүрегімді жұлып әкетіп отырсың...

2-қ ұ д а ғ и: О не дегеніңіз, құдағи... Сіздің де, біздің де бір баламыз екеу боп жатқанда, мұныңыз қалай?

Қ ұ д а ғ и: Әрине, алып отырған сізге рахат... Беріп отырған маған батады да... Айдалаға... ата-бабамыздың аяғы баспаған "Сәбетскийге" кететіндей

не әкетіп барады екен сонша? Сондай бір қара бала осы елден де табылатын еді ғой...

2-қ ү д а ғ и: Құдағи! Жетеді! Қойыңыз енді... Менің баламды неге қара бала деп қомсынасыз? Менің балам қаптаған қара баланың бірі емес... Аппак, әп-әдемі, особи бала... өзім сияқты... Иә, біз де айтып жатырмыз.. құлақ естісе де көз көрмеген "Кәмөнезмнің" кердиген тәмпіш қызына несіне қызықты екен деп... Өзіміздің "Сәбетскийде" де майысып тұрған небір момын қыздар бар еді-ау, шіркін!

Қ ү д а ғ и: Сіздің балаңызды қара дегем жоқ... Қара бала деген қазақы сөздің мәтелі емес пе?

2-қ ү д а ғ и: Мәтел болса да кісінің көңіліне келеді.

Қ ү д а ғ и: Шамшылын қарай гөр! Балаң өзіңе тартса, қызымның күні туғаң-ақ екен!

2-қ ү д а ғ и: Саған тартса қызың да бізді қарық қылмас! Мен шамшыл болсам, сендер заңшылсындар! Шамдандырып отырған өздерің! Келгелі бір қабағынды бермей, қырыңа алатындай не қылдым? Құдай қосты, мен көндім деп, басымды иіп, қолымды қусырып, ақ тілекпен алдыңа келгенде, құшағынды жаймасаң да, қиқуламай қарсы алсаң нең кетуші еді? Екі сағат далада тік тұрғызып қойып, тергеп, жержебіріме жетіп, жертесемді қазатындай не жаздым? Мың жылдық құда болдық деп отырмыз, дәл осыныңды мың жылда ұмытпаспын!

Ж е ң г е й: Құдағи... Жөн білетін кісі болсаңыз, айтатын сөзіңіз бұл емес. Немене, қызымызды даладан ұрлап әкеткеніңе қуанып, алақайлап шығайық па?

Қ ү д а ғ и: Адам құсап алдымнан өтіп, қолымнан неге алмайсың?

2-қ ү д а ғ и: Мен үйреткем жоқ алып қаш деп...

Осы күнгінің жастары бізді тындай ма? Өздерінің келісіп істеп жүргендері...

Ж е н г е й: Заң бойынша, қыз берген жақ басында біраз бұлданып, құдаларды қысыңқырап, қуырыңқырап алатынын білмейсіз бе?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Дұрыс айтасыз, әбден дұрыс! Сіздерден қыз алған бізге де сол керек! Қысыңыз, қуырыңыз... күйдіріп-жандырыңыз... айналайын ақ құдағиым! Мен бәріне мақұлмын!

2-қ ұ д а ғ и: Сен жайыңа отыр. Жанғың кеп бара жатса, өзім-ақ өртеп жіберейін қазір! (Құдағиларға) Заң-зәкөн дегенде тақ-тақ етесіндер, ал мен сендердің заңдарыңа бағынбаймын! Алатын қызды балам алып алған! Енді бақырсаң да, шақырсаң да күш менде! Алла тағала ұзағынан сүйіндіріп, балалар бақытты-ғұмырлы, үбірлі-шүбірлі болсын!

Б ә р і: (қосарлана): Әмин!

2-қ ұ д а ғ и: Басқа шалтай-балтайыңды білмеймін! (Жеңгейдің дауысына салып:) Жөн білетін кісі болсаңдар, бір шай беретін кездерің баяғыда болды.

Ж е н г е й: Шай қайда қашар дейсіз... бәрі де бола жатар.. Заң бойынша әуелі мәселені шешіп алайық!

Қ ұ д а ғ и: Онда былай, құдалар...

С ү р а м ш а қ: Айтатыныңды мәймөңкелемей айт! Мәментті пайдаланып, сұрайтыныңды сұрап қал! Күнде қыз беріп жатқан жоқпыз!

Қ ұ д а ғ и: Айтсам, ата жолымен қалыңның ырымын жасайсың... әкесіне ат, анасына – алтын дегендей...

С ү р а м ш а қ: "Жигулидің" төрт жаңа доңғалағын берсендер – машина мінгендей көрер едім. Тағы бір ескеретін нәрсе – әкумуләтірім алқынып, кәрбірәтірім қақалып жүр...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Кенераторың қоңкылдап, мартизаторың тоңкылдаған жоқ па?

С ұ р а м ш а қ: Оны да беруші ме ең? Қап, аузыма түспегенін қарашы!

Қ ұ д а ғ и: Темір-терсегінді бойың үйренген соң түгендей жатасың ғой. Жолға қоспа оныңды! (2-құдағиға) Тоймал, оң жақ, үш үйге ілу, екі жеңге қалта, тағы басқа да андай-мұндай кәделерін түгендеп берерсің... менің де дос-дұшпаным бар дегендей.

2-қ ұ д а ғ и: Көкүр-шүкірді көбейте бермей, жалпы сомасын бірақ айтсаңыз болмай ма?

Ж е ң г е й: Кә-күр-шүкір деп халқымыздың салт-дәстүрін келемеждемеңіз, тәбәріш құдағи! Біздің ел — "Кәмөнезм" елі жөн-жобамен жүретін, атадан қалған жол-жоралғыны қатты ұстайтын, қажетіне қарай қосып, дамытып отыратын текті ел. Біз әр нәрсеге үлкен мән береміз, сәл нәрсеге баладай мәз болып, достасып кетсек, сәл нәрсеге баладай бұртиып, қастасып та кетеміз. Тіпті, титтей нәрсенің өзін ырымдап, кәделеп, кәдірлеп жүреміз. Бізбен дос болғыңыз келсе, құдағи, осы тәртібімізге көнесіз. Жаңа ардақты абысыным, үлкен үйдегі ұлағатты кісі сізге шет-жағасын ғана айтып, ар жағын әдейі маған қалдырып отыр. Сол сенімің ақтап, мен кәнкіретні кірісейін!

С ұ р а м ш а қ: Е, бәсе! Өзім де осыныңды тосып отыр едім! Жанашырым емес пе, қайтсін!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ақ құдағиымның айтқанын түгел орындауға әзірмін!

Ж е ң г е й: Олай болса, көрейік құданың қанша жерге жететінін! Алдымен, заң бойынша, ұлы атамның жолына — түйе, кіші атамның жолына — бие атап, бірін үлкен үйге, бірін кіші үйге байлайсыздар. Құда, құдағиға көрімдік бересіздер, аман-есен көргендеріңе қуанғанды-ғыңның белгісі. Бас құданың астына қалы кілем саласындар — құданы хан көтердік дегендерің. Құдағиға — палас, ханымға

балағандарың. Қуданың ең жақын інісінің үйіне кішірек кілем – керегеміз кеңіп, қанатымызды жайдық дегенді білдіреді. Кіші құдағиға, яғни маған, алтын сырға... тек жақсылық естиік дегендерің...

2-қ ұ д а ғ и: Тұра-тұр... бір қағазға жазып алмасақ, үйге барғанша ұмытып та қалармыз!

Ж е ң г е й: Абыржымаңыз, құдағи, мен өзім бәрін де бір дәптер ғып әдемілеп жазып беремін. Қазір ма-ақұл десеніз болды! Иә, сонымен нені ұмыттым... тәк, тәк... ананы айттым, мынаны айттым, тағы анау... анау... мынау бар... иә, айтқандайын алғашқы дәм тату деген бір тамаша зәкөн бар!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Өй,айналайын, тезірек соған көшші өзі, шегімізді шұрылдатпай...

Ж е ң г е й: О-о, құда, асықпаңыз, шегіңіздің іші-сыртын майлаймыз әлі! Құдаларға ең алғаш дәм татыруға ел болып жиналамыз. Қолға су құйған балаға – көктеп өсе бер деп көк көйлек, бірінші нанды әпергенге – ақ ниетті болайық деп ақ көйлек кигізесіз. Шай құйған әйелге – шәйі көйлек, кесеңізге май салған кісіге сары көйлек, күріш бергенге – пүліш, қысқасы, айтқанымызды қыңқ етпей тыныш бересіз!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Түзге отырғанға түк алмайсыздар ма, әйтеуір?

Ж е ң г е й: Оның да реті бар, құда. Қорықпаңыз, сізді түзге өзім ертіп апарамын. Бас табаққа бес мың, төстабаққа төрт мың, тастайсыз... Бұл біздің жақта істейтіндерің. Ал тойды өз жағында, өздеріңше өткізе бересіздер!

2-қ ұ д а ғ и: Біздің жақта той мен құдалықты бір-ақ өткізеді. Қайта-қайта өуре болғанша сол дұрыс емес пе?

Қ ұ д а ғ и: Дұрыс емес. Біздің зәкөн бойынша, қыз берген жақтан тойға жастар ғана барады, Үлкендерді тойдан кейін құдалыққа шақырасың.

Қырық кісі боп барамыз. Бас-басына кит бересің. Әйтпесе, ырзалық жоқ!

Қырындағыш: Қырық кісің қалың қолмен бірдей... тым ауыр болады... заман болса мынау!

2-құдағи: Құдағи! Бері қараңыз, мұныңыз тым нелеу... Талабыңызды кішкене азайтыңыз. Тіпті, базардағы танымайтын кәмерсәнттар да сөйлесе-сөйлесе, келісіп, табарының бағасын түсіріп береді ғой!

Құдағи: Ибай, бетім-ай, немене, менің қызым табар ма сонша! Саудаласпайық өйтіп!

2-құдағи: Саудаласып отырған өзіңіз емес пе? Е-е, мейлі, саудалассақ несі бар, саудасыз тіршілік бола ма? Сауданың ең дөкейі осы шығар... Жаңағы айтқаныңыздың жартысына келісуге болады...

Құдағи: Қарай гөр мынаны! Жартысын кемітетін, немене, менің қызым жарымес, жарымжан деп пе едің? Айтқаныма көнбесең, айда бар, арзан қыз тауып ал! Далада жатқан қызым жоқ!

2-құдағи: Сабыр, сабыр құдағи! Ашумен артық кетпеңіз! Балалар сізге де, бізге де ортақ, солардың берекесін ойлайық!

Қырындағыш: (2-құдағиға) Жарайды дей берейік те! Басын бапан, аяғын сапан қылармыз! (Құдағиларға) Мақұл, құдағи, не десеңіз де мақұл! Әлгі айтқаныңыздың бәрін де біртіндеп беруге тырысамыз. Дәл қазір дайындығымыз жоқ, кішкене мұрсат бер. Етек-жеңімізді жиып, қамданайық. Тойды өткізген соң, құдалыққа келгенде, шамамыз жеткенше береміз бәрін де!

Сұрамшақ: Беремін деген аузыңнан айналайын сол, алтын құдам! Біз де мақұлмыз, ерте-кеш демейміз, берсең болды... Бас аман болсын!

Қырындағыш: Иә, бас аман болсын, балалар аман болсын! Қалған шаруаның бір жөні болар! (Бәрі: "Иә", "иә", "солай" десіп, екінші құдағи әкелген қоржынды ашып, көріп жатқанда, шам сөнеді).

Үшінші көрініс

(Сұрамшақтың төр үйі. Жеңгей мен дөкей отыр)

Д ө к е й: Иә... қалай, құдалар?!

Ж е н г е й: Әй, өздері бір өңкей дүңгәнә! Жөн білмейді, айтсаң ұқпайды. Таршылық дейді!.. Қысқасы, бізге пар емес... Дажы қалтаға ақ жүзікті көбірек тағуға шамалары жетпепті.

Д ө к е й: Сәбеттің жиырма тиындық күмісі- нен соғылған ақ жүзікке бола несіне сонша шала бүлінесің?

Ж е н г е й: Әңгіме – ізінде! Жол-жоба бар емес пе? Жолымды сыйламағандары жүйкемді жұқартып-ақ түр! Бәлем, көрермін! Үйретермін әлі жөн-жобаға!

Д ө к е й: Сенікі жөн, зәкөншігім!

Ж е н г е й: Жөн болғанда қандай, дөкөйшігім! Қызды да мен қашырып жібергенмін!

Д ө к е й: А-а?!

Ж е н г е й: Да-а! Егер қолдан ұзатса, салмақтың бәрі бізге түспей ме? Сұрамшақ қайнағаның жайы белгілі. Осыларды өрге сүйреймін деп-ақ жүдеп жүргенің жетер!

Д ө к е й: Қатырған екенсің!

Ж е н г е й: Құдалар келгенде жаным қалмай жөн-жоба көрсетіп-ақ бақтым. Сөйтіп жүрген маған ақ жүзік тимей қалды деген не сұмдық! Сенің ана жеңгең жолдың бәрін өз туыстарына таратып берді – алдымен абысыны – менің көңілімді таппай ма? Бүкіл елдің алдында ақ жүзіктен құр қалып, ақ жүзімді төмен салдым ғой!

Д ө к е й: Тәк!

Ж е н г е й: Ол мені ғана емес, дөкейшік, осы елдің асқар тауы – мына сені сыйламағандары!

Д ө к е й: Жарай-ды! Ап кел! (Жеңгей бір бөтелке арақ әкеліп, қырлы стаканға толтыра құяды. Дөкей қағып салып, жұдырығын иіскейді.) Көрерміз!

Екінші сурет

Бірінші көрініс

(Қырындағыш үйінің алды. Үлкен ақ кигіз үй тігілген. Жас жұбайлар шаруа қамымен жүр).

Қ ы з: Сен мені күшті жақсы көресің бе?

Ж і г і т: Иә, мен сені күшті-і-і жақсы көремін!

Қ ы з: Тек мені ғана жақсы көресің ғой, иә?

Ж і г і т: Тым эгоист болмасайшы!

Қ ы з: Ах, сонда менен де басқа жақсы көретіндерің бар ма? Айт көне, кім?

Ж і г і т: Енді... ол кім... кім болушы еді. Әкешешемді жақсы көремін!

Қ ы з: О-о, мен де папам мен мамамды күшті жақсы көремін! Менің папам мен мамамдай ата-ана жоқ қой бұл галамда!

Ж і г і т: Әркімнің ата-анасы өзіне ыстық. Бірақ, енді біздің екі ата-анамыз бар. Біз оларды бірдей жақсы көруіміз керек!

Қ ы з: Солайы солай-ау! Бірақ... білмеймін... бірте-бірте жақсы көріп кетпесем... біртүрлі папам мен мамамды сағына беремін. Оның үстіне біздің жаққа барып келгелі апамның да қабағы қатыңқы.

Ж і г і т: О кісі де өзiрге саған үйрене алмай жүрген шығар... Әлі-ақ қызындай жақсы көріп кетеді...

Қ ы з: Қайдам.. Әйтеуір, ана жолы барғандарында көп нәрсеге келісе алмаған тәрізді. Папам мен мамамның айтқандарына көніп, көңілдерін аулай салса қайтеді екен? Келіп-кеткендерден естідім... сөзге келіпті.

Ж і г і т: Папам, мамам дегенде сондайсың, бір мезгіл менің де әке-шешемді ойласаңшы.

Қ ы з: Ойлай жатармыз әлі! Әзірге мендей баласын алып отырып, папам мен мамамды ренжіткендері

жаныма қатты батып жүр. Қалтаны да дұрыс апармапты, жеңгеме ақ жүзік жетпей қалыпты!

Ж і г і т: Ой, қойшы! Қайдағы бір қазақпай-ский мелочтар үшін сонша таусылып...

Қ ы з: Ол ұсақ-түйек емес. Ол – жөн-жоба! Менің туыстарымды ренжіткендері мені ренжіткендері! Соны неге ойламайды! Қалтаны, ілуді, бәрін де жөндеп бермей ме?!

Ж і г і т: Ілу-сілуді қайтеміз, сүюді білсек болмай ма?! (Құшақтамақ бола бергенде, кісілер келіп қалады. Әңгімелері аяқталмай қалған жастар көпшілікпен араласып кетеді. Қырындағыш, 2-құдағи, лөктір, Тапал, Шошақай және басқа да тәуір киінген бір топ адам құдаларды күтіп, жол жаққа күн сала карап тұр).

Т а п а л: Урр-ря-әә! Құдалар келе жатыр!

Б ә р і қ о с а р л а н а: Қане? Қане? Әне, әне! Алақай, Алақай!

Л ө к т і р: Алты сағат күттіріп, келді-ау ақыры. Е-е, уағымен жүрсе тағынан түсіп қалмай ма қазекем!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Қарасы қанша екен?

Т а п а л: Білмеймін, әйтеуір қаптап келеді!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Тайлы-таяғына дейін тік көтеріліп, біржола көшіп келе жатқаннан сау ма? Жиырма бес кісіге зорға келісіп еді...

Л ө к т і р: Мейлі, енді... не болса да, қарсы алғаннан басқа амал жоқ...

2-қ ұ д а ғ и: Арқан керіндер! Арқан!

Ш о ш а қ а й: Міне, міне арқан! Құдалардың қалтасын бір қағайық! (Бір құдашамен екеуі арқан кереді. Құдағи ақша береді. Шошақай арқанды жібермейді, құдалар іркіліп тұра береді). Ой, құдағидың бергені жүз-ақ теңге! Како́й позор! Аларсың атаңның басын деген осы шығар... Жақсы құдалар доллар береді деуші еді!

Қ ұ д а ғ и: Қайдан білейік... қайсына берерімізді... Әр жерде бір арқан... Ауылдың шетінде бір, көшенің ортасында бір тоқтатып... шекарадан өткеннен жаман. Дайындап әкелгенімізді солар қағып алды...

Ш о ш а қ а й: Немене, келмей жатып таусылып қалдыңыздар ма?

Қ ұ д а ғ и: Жә, тоқтат шырағым, тонағалы шақырып па ең?

Ш о ш а қ а й: Қорықпаңыз, құдағи, қарақшы емеспіз. Бірақ, алты сағат бойы алаңдап алдарыңнан аңқылдап, арқан керіп шыққанда атамның басын бергендеріңді өмір бойы ұмытпаспын! Хи-хи-хи! Жұрттың бәріне жаямын... Құдалар жадный, жарымаған деп...

Қ ұ д а ғ и: Адырам қал! Жая бер... жамандай бер! Сендерге жақсы атты боп, жағынайын деп келгем жоқ! Селтең-селтең еткен сапалақ неме, сенің сөзің кім, өзің кім?! Әкет мынау арқаныңды! (Құдашалар арқанды алады. Осы кезде қарсы алушылар бері жақындайды. Келгендер ілгері басады. Абыр-дабыр басталады. Қарсы алушылар жарыса, қосарланып: "Құдалар қош келдіңіздер", "Қадамдарың құтты болсын", "Құдайым ұзағынан сүйіндіріп, екі жас бақытты болсын!", "Екі жағымызға да қайырлы болсын!" - десіп, қол алысып, құшақтасып, мәре-сәре, мәз-мәйрам болады).

Ш о ш а қ а й: Шашу! Шашу! (Құдағи кәмпит, тиын шашады. Шошақай сұлы шашады).

Б ә р і қ о с а р л а н а: "Ал,ал!", "Шашудан алындар", "Той тойға ұлассын!" (Кәмпит, тиынды бәрі теріп алады. Әлі де құшақтасып, қыз бен жігітті ортаға алып, мәз боп жатқандар бар).

Қ ұ д а ш а: (Еңкейе бере, қайта көтеріліп, жеңгейге) Ойбай, кіріп кетті!

Ж е ң г е й: Не кіріп кетті? Қайда кіріп кетті?

Қ ұ д а ш а: Арқама сұлы кіріп кетті!

Ж е ң г е й: Е, е, сұлы болса... арқаңа болса... ештеңе етпес... Маған да бір уысы кіріп бара жатыр... Мүлде кіріп кетпей тұрғанда, жүр, қағынып келейік!

Қ ұ д а ш а: Барымызды киіп, байлауымызды салып, мұнтаздай боп жарқырап келгенде, сұлы шашқандары несі?!

Ж е ң г е й: Өй, бұларды қойшы...(Екеуін қыз ертіп кетеді. Сәл уақыттан соң қайтып келеді.)

С ү р а м ш а қ: (Қырындағышқа) Уа, құда! Мыналар шапқалы келген екен деп шошымаңыз! Сіз жиырма бес кісі дегенсіз, біз одан асырмасақ, еркелігіміз қайсы, көтермесеңіз сіздің серкелігіңіз қайсы! Әлде кімдер құсап селдіремей, жетпіс бес кісі боп келдік! Көңіл сиса, бәрі сияды! Қызымыз да бауырларын сағынған шығар, көрсін, білсін, жас құдалар да танысып, аралассын деп келдік!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Дұрыс қой, дұрыс...

С ү р а м ш а қ: Атам қазақ тойға кісіні саусақпен санап шақырмаған, күллі далаға сауын айтып шақырған... иә...

Л ө к т і р: Бірақ, қазір атам қазақтың заманы емес қой. Жағдайға қарап, тәртіппен жүрген де дұрыс!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Жә... Бір жөні болар... үйге кіріңіздер... (Тапалға) Жастар жағын отау үйлерге апарындар... (Бәрі киіз үйге кіреді)

Екінші көрініс

(Он екі қанат киіз үйдің ішінде, дәмге толы дастархан басында құдалар отыр. Жастар кіріп-шығып, қызмет жасап жүр).

Т а п а л: Ал, қане аса құрметті құда, құдағилар,

құдашалар! Ананың ақ тілегіне аппақ шіркінді аппақ қып ап қояйық! (Жан-жағына қарап, стақан соғыстырады. Әйелдер жағын Шошақай басқарады. Бәрі де бірден іше қоймай, бір-біріне қарап, жымындап, тартыншақтайды).

Т а п а л: Ал, қане, алыңыздар... Балалар үшін...

Ш о ш а қ а й: Қане, қане, құдағилар, құдашалар... Ананың тілегі қабыл болсын десеңіздер, алыңыздар!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: (Сұрамшаққа) Қане, жастарға үлгі көрсетіп, екі құда қосылып бір алайықшы! (Екеуі алып қояды). Міне, құдам маладес екен, өзім сияқты екен!

Ш о ш а қ а й: Қане, құдалардан қалмайық!

Ж е н г е й: Арақта тұрған не бар дейсің?!

Ш о ш а қ а й: Рас, әңгіме арақта емес... әңгіме — көңілде... Ал, көңілді қалдырмау керек!

Т а п а л: Ал, дабай!

Ш о ш а қ а й: Ал дабай!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ал дабай! (Лөктірден басқасы алады).

Т а п а л: Е-е, бәсе! Бастау қиын ғой не нәрсені де! (Бәрі дәм алады).

Қ ұ д а ш а: Ойбай! (Жұрттың бәрі "Не болды?", "Не болды?", "Не боп қалды?" десіп жалт қарайды)

Қ ұ д а ш а: Тісім! Тіеім! Тісіме тас тиді!

Қ ұ д а ғ и: Тасы несі?

Ж е н г е й: Қайдағы тас?

Қ ұ д а ш а: (Орамалмен аузынан бір күміс тиын алып шығады) Ух! Зөрем кетті ғой!...

Ш о ш а қ а й: Ой, құдалар-ай! Сонша қор-қып не болды? Біздің елдің зәкөні бойынша құдаларға қалжыңдап, кейбір бүйрешкенің ішіне жүзік, моншақ, тиын тығамыз. Көбірек жеңіздер, бәлкім алтын сақина яки сырға шығып қалар!

Л ө к т і р: Білезік жоқ па, әйтеуір!

Қ ұ д а ғ и: Таспен ұрғанды аспен ұр деуші еді атам қазақ. Астарыңа тас қосып беретіндей бастарыңа не күн туды, ә?

Ж е ң г е й: Итке ине бергендей...

Қ ұ д а ғ и: Салт болмай адырам қалсын... Біреудің тамағына тұрып қалса қайтесіңдер? Қайбір алтын, күміс дейсің, түкке жарамайтын жылтырақтар да әншейін... Тіпті, гауһар боп кетсе де, мал-жаңдап ауыздан алып жатқанның несі қызық?

Т а п а л: Апырмай, құдағи-ай, тым қатты кетпеңіз! Әйтеуір, тіс аман ғой, ә, әдемі құдашам! Ал, аман болса, сол үшін ап қояйық. Ал, дабай! ("Ал дабай" деседі қосылып.)

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Тіс жағынан қам жеменіздер – мына құдаларыңыз (Лөктірді көрсетіп) біздің балдыз, күйеу балаларыңыздың нағашысы – лөктір! Тістің бастығы!

С ұ р а м ш а қ: Ой, айналып қана кетейін сол, көп жаса! Міне, енді өз лөктіріміз бар. Құдай жеткізді деген осы! Тістен қорлық көріп жүргеннің бірі мен едім... Тіпті... мына бүйрекшелеріңнен де жегем жоқ содан қорқып... Сендей құдам тұрғанда енді ешкімге жалынбай-ақ қойдым! Мына тістерімнің емдейтінін емдеп, жөңдейтінін жөндеп, оған келмейтінін қағып алып, орнына алтын, күмістен толтырып салып бер де, ақ батамды ала ғой!

Ж е ң г е й: Лөктір құда, күйеу баланың нағашысы болған соң, бізге нағашы құдасыз, тіпті нағашымыз десекте сия береді қазақ жолына... Мына менің де барлық тісімді болмағанымен, жарты тісімді алтынға ауыстырып берсең... шіркін... құдам салып берді деп жарқыратып, жақсы атыңды жұртқа жайып жүрер едім...

Қ ұ д а ш а: Менің де әлгі тісім ыстық шай тисе қақсайтын сияқты!

Т а п а л: Сіздер немене, құдалыққа емес, кәпитални ремонтқа келдіңіздер ме?

Ж е ң г е й: Жоға. Лөктір құда құдаларын емдеуге бұлданса өзі білсін... Бір пайдасы тимесе, құда болып, туыс болып не керек? Соны да қызғанасыз ба?

Л ө к т і р: Қысылмаңыздар, айналайын құда, құдағилар, құдашалар! Біз өзі үй-ішімізбен дәрігерміз. Қолдан келгенді сіздерден аямаймыз! Жөндейтін, ауыстыратын, алып-салатын тағы нелеріңіз бар? Біздің үйдегі құдағиларыңыз – гинеколог!

Ж е ң г е й: Көтек!

Т а п а л: Ал, дабай, сол үшін! (Бәрі "Ал, дабай!" деп ішеді. Үлкен табақпен құйрық-бауыр әкеледі. Ырду-дырдудың арасында қыз жігітке сөйлеп қояды.)

Қ ы з: Сенің әне бір жыртықай жеңгең... жадный, жарымаған деп менің туыстарымды неге жамандайды, ә? Немене, бауырларымның бір келгенін көтере алмай қалдыңдар ма? Шошақай немене айт, қойсын ондайын...

Ж і г і т: Ой, жаным... о не дегенің... (Екеуі де жүгіре басып кетеді).

Т а п а л мен Ш о ш а қ а й: (Қосылып, әндете) Құда жолын жасайық, құйрық бауыр асайық, құйрық пенен бауырға, мың теңгелеп шашайық!

Т а п а л: Тәк! (Білегін сыбанып, қолды табаққа салып жіберіп, құйрық-бауырды уысына толтыра шеңгелдеп алады. Сұрамшаққа қарата:) Қане, құда! (Сұрамшақ қолымен алмақ болады. Оған бермейді.) Жо-жоқ! Қолмен алғанды қойыңыз, әкеліңіз ауызды! Ата-бабамыз құйрық-бауырды осылай тоғытып жібергенде, нағыз құдалар толғамай жұтқан!

С т а қ а н: Ой, құда, немене, аузымызға тығайын деп жатырмысың?

Т а п а л: Тыққанда қандай! Әсіресе дәл мына

екеуінің (Дөкейді нұсқайды) аузына былай... бұрап-бұрап тығамын! (Жұрт "қайтеді-ей?" десіп бір-біріне қарасады).

Л ө к т і р: Қой, енді ұят болады! Құдалар өз еркімен алсын!

С т а қ а н: Иә, иә, біздің елде құйрық-бауырды табақпен құдалардың алдына қояды да, әрқайсысы рет-ретімен алып жейді!

Т а п а л: Ол дұрыс емес! Шаңыраққа қараңыз! Сіз "Кәмөнезм" қалқозында емес, "Сәбетский" сапқозында отырсыз. Біздің елде біздің заңға бағынасыз!

С ұ р а м ш а қ: Кімнің заңы болса да, андағы май-май қолыңнан асай алмаймын! Өз қолымызбен әдемілеп алып жесек болмай ма?

Т а п а л: Немене, жиіркенесіз бе қолымнан? Қорықпаңыз, жұқпалы ауруымыз жоқ... Лөктір қасымызда...

С ұ р а м ш а қ: Сонда да кім біледі... аумалы-төкпелі заман... неше түрлі пәле шығып жатқанда, біреудің қолын біреудің аузына тықты деген не сүмдық!

Т а п а л: Мың жылдық құда болатынымыз рас болса, асайсыз қолымнан! Қайтармаңыз қолымды! Бізге бір дені дұрыс құда да кездеспеген екен!

Л ө к т і р: Ойпымай! Мән бермейтін нәрсеге мән беріп, сән көрмейтін нәрсені сән көріп, сәл нәрсеге бола дауласып, жауласып қай мұратқа жетпекпіз? Қойсаңшы енді, берекені кетірмей!

Т а п а л: Сендер қазақ емессіңдер! Нағыз қазақ, міне, мынадай болады! (өзі бір-ақ асайды. Құдалар құйрық-бауырдан бір-бірлеп алып, бір-бір стақан арақ ішеді. Таза табаққа әркім әртүрлі ақша тастайды.)

Т а п а л: Бұл не? Осы да ақша ма? (Жастар табақтарды алып кетеді).

Л ө к т і р: Қойсаңшы! Мәселе алған-бергенде ме екен?

С ұ р а м ш а қ: Иә, иә, мәселе — көңілде. Адам бір-бірінің көңілін таба білу керек. Мысалы, менің көңілім мына кілемге кетіп отыр... (төрде ілулі тұрған үлкен кілемді нұсқайды). Түгі төрт елі, келіскен дүние екен. Құдамның бергені деп ауыл-аймаққа ауыз толтырып айтып отырсам жарасады-ақ... Өзі біздің залдың полына әдейі өлшеп жасалғандай... Сізден қалауым осы, құда!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Уа, құда, бұл кілем — ұлы атамыздың көзіндей көріп отырған мұрамыз. Оны алғаның — көзімді ойып алғаның...

С ұ р а м ш а қ: Апырмай, бір бұрау я бір шыбықтарың шығын болса, шыбын жандарың шыққандай шырылдайтындарың не осы? Пәленім, шүленім деп сылтауратып бақсаң да, құдаңның көңілін қалдыруың ретсіз!

Қ ұ д а ғ и: Иә, құданың қалауын бермеді деген не сұмдық! Жастар жаңа өмір бастап, жаңадан басымыз қосылып жатқанда, мұныңыз ырымға жаман!

Ж е н ғ е й: Әгәрки, жөн білетін кісі болса-ңыздар, құданың қалауын айтқызбай берер едіңдер!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Әйтеуір, аларға келгенде қалау-салау, қолқа-молқа, көңіл-мөңіл, ырым-жырым деп қаптатып, төндіріп жібересіңдер-ау өстіп! Ырымдап дегенің жырымдап алудың сылтауы ғой, әншейін. Онымен қай тесігіңді бітеп, қай жыртығыңды жамайсың? Ырым-жырымның аяғы ырың-жырың! Алыс-беріс жүрген жерде бақай есеп жүреді. Бақай есеп жүрген жерде ешқандай достық, бауырлық болмайды. Мен сенен, сен менен түк те дәметпей, таза көңілмен тату-тәтті болсақ қайтеді, ә, құдаларым?!

С т а қ а н: Дұрыс қой, таза көңіл, шын сыйластық

дегенің әбден дұрыс. Бірақ сол таза көңілдің көрінісі болмай ма?

Қырындағыш: Сонда сол көңілдің көрінісі неше теңге тұрады екен, ә? Шын көңілдің құны қанша сіздің жақта?

Лөктірі: Уа, құдалар, сіздің жақ, біздің жақ, сіздің зәкөн, біздің зәкөн деп бөлінетін дәнеңе жоқ. Адамзат жиырма бірінші ғасырға ұшып кіргелі тұрғанда, біздің болмашыға бет жыртысып, кінәләсып, өкпемізді сүйретіп, өз өмірімізді өзіміз өксітіп жүргеніміз қалай? Бір-бірімізге сәл нәрсеге өкпелеп, міндетсіп, ренжиміз, одан ашу-ыза, өшпенділік туады, ол біздің қанымызбен жанымызды улайды, біз айналамызды улаймыз, сөйтіп дүние бүліне береді...

Стақан: Сондықтан не істеу керек?

Лөктірі: Сондықтан зәкөнсымақтардың бәрін тастау керек! Санамыз бен жанымызды жаман істердің, жаман ой-сезімдердің, жаман сөздердің уытынан тазартып, еркін өмір сүру керек! Адам баласына ортақ бір ғана заң бар – ол сыйластық заңы, бақытты болу заңы! Әттең, жаман әдет ауру тіс емес қой, жұлып алып тастайтын...

Стақан: Кітап!

Тапал: Міне, данышпан! Сол үшін, ал, дабай! (Үш-төртеуі қосылып: "ал дабай", деседі. Дөкейде әлі үн жоқ, арақ пен тамақты сыпыра соғып отыр).

Стақан: Ал, данышпан құда, сыйластық үшін сіз неге бізбен бір алып қоймайсыз?

Лөктірі: Мен мүлде ішпеуші едім...

Стақан: А-а, денсаулық күзетшісі! Бірақ, лөктірілер ішпегенде баяғы сәбеттің спирті қайда кетті, ә? Мен, Стақан, қой бағып жүріп-ақ, адам лөктірінің де, мал лөктірінің де талайымен судай сіміргенмін спиртті! Жай бере ме, қой алуға келгенде төгетін...

Тапал: Құда, Стақан деген кличкаңыз ба?

С т а қ а н: Жоқ, шын атым!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ә-ә, әкеңіз "ал дабайдың" өзі ме еді? Біржола бөтелке деп неге қоймаған?

С т а қ а н: Жоқ, ол кісі ішпейтін. Нағыз қызыл көменестің өзі еді жарықтық. Менің атымды әуелде Мэлс деп қойған!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Әп, бәрекелді!

С т а қ а н: Мэлспін деп мақтанып-ақ жүретінмін... Атың жақсы деп, райком орден де әперген... Обалы не керек, рахмет оларға, өзі Мэлс, өзі қой бағады деп дүрілдетті біраз жерге... (Құдалар да, құдағи, құдашалар да: "Иә", "Ал, содан", -деседі)

С т а қ а н: Содан, дүние астан-кестең болған жоқ па? Кешегі мақтағанның барлығын тіпті, Маркс, Энгельс, Ленин, Сталинді де тізіп қойып жабыла боктаған жоқ па?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Иә, сөйтті ғой, бұлар...

С т а қ а н: Жұрттың бәрі жамандап жатқан соң, құрсын, бір әдемі ат тауып алайын дедім...

Л ө к т і р: Сондағыңыз Стақан ба? Төрт бірдей көсемді бір стақанға сиғызып, қағып-ақ салғаныңыз ба?

С т а қ а н: Жоқ. Тапқан атым – Стақан емес, Сөтөкан!

Л ө к т і р: Сөтөкан?

С т а қ а н: Иә,иә, Сөтөкан. Каратэнің бір стилі!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Оho! Қирататыныңыз бар ма? Әй, байқандар мына құдадан!

С т а қ а н: Жоға! Қалқоздың қара жұмысынан қысы-жазы қолы босамайтын бізге қайдағы спорт!

Л ө к т і р: Әйтеуір, батыстан опа болмаған соң, шығыстан бір-ақ шыққансыз ғой...

С т а қ а н: Және омыртқада жылқының жілігін жалаңаш қолмен сындыратынымыз бар, Сөтөканды өзіме лайық көрдім. Бір қойды сойып, елді жинадым.

(Дөкейден басқа жұртшылық "Иә, иә", "Уәй, ерің" десіп, қолпаш- тап, қызыға тындайды).

С т а қ а н: Әуелі алыстағы жапонның әдемі сөзін маған қимаған кейбір құрдастарым: "Әй, каратэ сенің не теңің, артыңды көтере алмай жүріп", "Ертең ол да жаман сөз болып жүрмесін"- десті. Ақырында семіз қойдың етімен ақаңа тойған соң (тыңдаушылар: "ой, шіркін-ай", "қайтсін" деседі): "Е-е, мейлі, Сөтөкан болсаң бола ғой... Көп ботақанның ішінде бір сотақан жүрсе, жүре берсін,"- деп, ризалықтарын берді.

Л ө к т і р: Сотақаныңыз тәуір еді ғой... елдің еркелеткені сияқты...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Иә, иә. Содан айрылып, қайтіп Стақан боп жүрсіз?

С т а қ а н: Айт күндері бүкіл ауылды аралап, үй басы сайын құран оқып, садақасын бізбен бірге ішетін молдасымақ құрдасым: "Құлағыңа үш рет айқайламасам, заңды болмайды, ақысына пахмел бересің",-деп өзеуреп, дүйім жұрттың көзінше азан шақырып отырып алғаны... Амал жоқ, алдына жүгіндім... Сол иттің ісі... құлағыма "сенің атың Стақан, Стақан!" деп үш рет айқайлап жіберген.

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Қап!

Т а п а л: Қатырған екен!

Л ө к т і р: Қазекең ойнағансып та істей береді қастығын!

С т а қ а н: "Әй, жаңылысып кеттің, түзет" десем: "Жоқ, әумин деп қойдық, кеттің енді Стақан боп" деп жеңсік бермеді...

Л ө к т і р: Е-е, қазаққа Сөтөканнан гөрі Стақан жақын емес пе?

С т а қ а н: Енді қайтеміз... әйтеуір қанішер Сталиннен гөрі стақан тәуір шығар деп жүріп жатырмыз...

Л ө к т і р: Әй, қайдам! Сталин мен стақанның қайсының құрбандығы көп екенін кім білсін!?

Қырындағыш: Қой, құрсын, қайдағы-жайдағыны қозғамай... Одан да стақанды толтырып, Стақан құда үшін алып қояйық!

Сұрамашақ: Стахановшы құданы көрсе де, Стақан құданы көрмеген шығар деп әдейі әкелдім!

Тапал: Ал, дабай! (Бәрі дуылдасып жатқанда, қыз бен жігіт оңаша сөйлеседі.)

Қыз: (жігітке) Әкемнің сағын сындырмаса нетуші еді? Құдам деп еркелеп, көңілі ауған екен... Әйтпесе, сендердің ескі-құсқыларыңа қарап қалған жоқ, ондай кілемнің оншақтысы төр түгілі, ауыз үйде жатыр...

Жігіт: Ойпырмай... саған не болды? Ұлкендердің сөзінде шаруамыз қанша? Аса көп сөз құған жақсы емес...

Қыз: Туыстарымды шын сыйласа, басын импыртный арақтардан бастап, аяғында самопал құяр ма еді? Немене, менің туыстарым көшенің алқаштары ма? Оларға самопал құятындай мен самопалмын ба?

Жігіт: Жарайды енді... Өңкей қымбат араққа шама қайда? Әдемі бөтелкеге құйып, сәндеп бергесін ештеңе етпес... сілтеп-ақ жатыр ғой!

Қыз: Ах, солай ма? Тұра, тұр, бәлем! (кетеді).

Жігіт: Қандай үлкен махаббатты, өлтіреді ұсақ-түйек кикілжің! (кегеді).

Тапал: (Дөкейге) Алыңыз, құда, осы сіз алыңызшы. Сіз бір оңды құда екенсіз. Үндемей томпып отырғаныңыздың өзі неге тұрады?

Дөкей: Хе-хе-хе! Мен әуелі жақсылап тойып алайын, содан кейін сөйлесермін сендермен деп отыр едім. Көптен бері қаталап, шөлдеп жүр едім, жақсы болды! Алдымен мені әдемілеп суардың дар! Енді менен аман қалсаңдар тағы бір той жасап қуаныңдар! Ха-ха-ха! Әй, мына сен, тіл мен жағыңа сүйенген тапал неме... тәштиіп алып менімен ойнағың келе ме? Сен менің кім екенімді білесің бе, ей,ә?! Білмесең, біліп қой... Мен – дөкеймін!

Т а п а л: (сасқалақтап) Сол үшін алып қояйық. Ал, дабай!

Д ө к е й: (елең қылмастан) Ұқтың ба, ей, мен дөкеймін! Дөкей еместерді көзіме де ілмеймін! Өйтпесем, несіне дөкей болып жүрмін, ә?! Мынау сияқты тапал... пәкене... пәс... аласа... қораш... қортық... мықыр... кісімшіктермен амал жоқ, құда болған соң қатар отыруға тура кеп тұр... "Ал, дабай" дейді әй, маған ұялмай... Менің кімдермен ішіп, кімдермен моншаға түскенімді білсең, талып қалар едің... Бір күн орталарыңда отырғанға, теңесе қалған екенсіңдер!

Т а п а л: Әй, құда, өйтіп асқақтамаңыз! Жанымыз қалмай жалпақтап жатсақ, дөкейлігің үшін емес, құдалығың үшін! Біз сенің құл-құтаның емеспіз! (ызаланып, өкшесін көтеріп-көтеріп қояды). Бойымыз кішкентай болғанмен, ойымыз биік! Едірейіп жүрмесек те, ешкімнен кем емеспіз!

Д ө к е й: Мәссаған! Тәкәппардың көңілі көкте деген осы екен-ау, ә?! Әй, мен дүниені тіреп тұрмын! Өйткені мен – дөкеймін! Дүниенің тірегі – дөкейлер! Егер тіреуі дөкей болмаса, дүние баяғыда құлап қалар еді ғой. Солай, тәпәйім, дүниенің қызығы – дөкейлік. Дүрдигісі, дөкей болғысы келмейтін жан болмайды. Керек десең, өмірдің мұраты – дүрдию емей немене?

Т а п а л: Беу, шіркін! Сенің сабынның көбігіндей көпіргенің кімге дәрі?

Д ө к е й: Ә-ә, міне біздің орнымызды да көре алмайды. Өздері дүрдие алмаған соң, үйде отырып дөкейлерді жамандайды. Мейілдерің, сөйлей беріндер... Өзіміз гүл-гүл жайнап, дүрдие береміз. Жасасын дөкейлік! Сол үшін... Ап кел! (қағып салып, тапалдың төбесінен зәкөске сияқты иіскеп-иіскеп қояды.) Таласқанды қайтесің, тәпәйім, өтәйіңнің зәкөскесіне жарағаныңа да шүкірлік қылсайшы!

Т а п а л: Қап, мынаның қылғанын-ай! Бәлем, тұра тұр!

Л ө к т і р: Сабыр, сабыр, құдалар! Той үстінде тентек сөз не керек?

Д ө к е й: Ал, маған неқыласыңдар, өттерің жарылып кетсе де, беттеріңе айтайын – сендерден өзім де артықпын, атам да артық!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Әй, құда, басқа-басқа, атаға тиіспе!

Д ө к е й: Е-е, атаны айтпай қайтіп жасырамыз? Атамыз Көктемір батыр қол бастап, қазақтың даласын жаудан қорғаған! Алып адам болыпты, жарықтық. О кісіден Абылай ақыл сұрап, Бөгенбай мен Қабанбай бетке ұстайды екен!

Л ө к т і р: Ақылгөй ердің тұқымы екенің көрініп түр!

Т а п а л: Әй, сенің атаң батыр болғанда, менің атам қатын деп пе едің? Сен Көктемірдің ұрпағы болсаң, мен – шораяқ Бектемір батырдың ұрпағымын!

Д ө к е й: А-а! Керең болғыр құлағым не естіді? Дәп мына сенің атаң батыр болса, хе-хе-ха... қазақ әскерге жарыған екен!

Т а п а л: Атамыз шағын денелі, шымыр кісі болыпты. Өте шапшаң, епті болған – Брюс Ли сияқты! Сен сияқты дөкейлер атына мінгенше, жауды жапырып тастайды екен, жарықтық.

Д ө к е й: Паһ, шіркін! Қыз берген жақтың айтқандарының жартысын да орындай алмай жатып, неменеге батырдың тұқымымыз деп төс қағасыңдар? Ең аяғы қалтаға дұрыстап ақ жүзік те таға алмаған кісілерді кімнің тұқымы дейміз, а-а, тәпәйім!

Т а п а л: Оттапсың! (Бектемір жағының қаны қызып, еліре бастайды)

Д ө к е й: Өзің оттапсың! (Көктемір жағы да көтерілуге ыңғайланады)

Т а п а л: Аттан! Аттан! Бектемір! Бектемір!

Д ө к е й: Көктемір! Көктемір! (Лөктірден басқасы

өре түрегеліп, "Бектемір! Бектемір!" "Көктемір! Көктемір!" деп ұран салады).

Л ө к т і р: Уа, құдалар, тоқтаңдар, ойбай, тоқтатыңдар! (Ақырындап бәрі басылуға айналады) Қайдағы бір қаңылтыр жүзікке бола Бектемір мен Көктемірдің аруағын қозғап не көрінді, ей, сендерге?! Консервінің қалбыры үшін көсемдерін сойып жейтін каннибалдар емессіңдер ғой!

Т а п а л: Қап! Жап-жақсы төбелесті құртты-ау!

Л ө к т і р: Құдалардың арасындағы әрбір қатты сөздің, әрбір пыш-пыштың екі жасқа оқ болып тиетінін ойладыңдар ма? Үлкендердің реніші, кесір мінездері мен теріс пиғылдарының дүмпулері жас отаудың іргетасын шайқалтып, жарықшақ түсірмей ме? "Балалар үшін, балалар үшін" дегенде сондайсыңдар, осыны неге ойламайсыңдар? Мен сенен артықпын, біздің жақ сіздің жақтан артық деп кеуде көтеріп, бір-бірінді кемсітіп, кекетіп, мұқатып, жамандағанда не табасыңдар? Араларың ашылып, араздасқанда мұраттарыңа жетесіңдер ме? Әй, қай жактікі болса да, ол да өзіңдей адам ғой! Адамды адамша сыйлау керек қой!

Д ө к е й: Бәрекелді, данышпаным, осының бәрі қай жеріңнен шығады ә? Ал, ендеше, айтқан сөзің рас болса, қосылып бір алып қояйық! Ап кел!

Т а п а л: (Лөктірге стақан береді) Ал, дабай, татулық үшін!

Л ө к т і р: Рахмет!

Д ө к е й: Рахметті ішкесін айтасың! Немене, ішкен біз жаман да, ішпеген сен жақсы боласың ба? Маған бір өзім сияқты ішіп-жейтін жақсы құданың да кездеспегенін қарашы! Дұрыстап ішіп-жей алмайтын кісілерді жек көремін! Сондықтан, кел, жастардың үбірлі-шүбірлі болуы үшін ап қояйық!

С т а қ а н: Ал, дабай!

С ұ р а м ш а қ: Мынау бір жақсы тілек екен, ал дабай! Балдардың бөбектері көп болуы үшін қалай алмайсыз?

Қ ұ д а ғ и: Лөктір құда! Кім көшеде ішіп жүрдейсің... осындай қызықта болмаса... Бәрі де балдар үшін... кәне, сәбилер үшін кішкене алып қойыңыз! Екі құдағи қосылып, (2-құдағи да келіп стақан соғыстырады) біз де алып қоямыз!

Д ө к е й: Әй, басқа-басқа, сәбилер үшін... екі анамыз бірдей өтініп тұрғанда ішпейтін не деген безбүйрексің, ә? Жоқ, сенің ниетің жаман ғой өзі...

Ж е ң г е й: Жастардың болашақ әлдилері үшін алу керек, лөктір құда. Қане, неше рөмке ішсек, сонша балалары болсын деп тілеп ішейік! Ал, дабай!

Л ө к т і р: Баланы арақ бермейді ғой...

Д ө к е й: Иә, рас, арақта тұрған дәнеңе жоқ. Бірақ, болашақ сәбилер үшін түк ішпеу ырымға жаман. Қайдағыны бастамай... қағып жібер... Осыдан жастардың бөпелері болмасын... тура сенен көреміз!

Ж е ң г е й: Иә, обалы саған!

Л ө к т і р: Апырай, ә... (Бәрі "ал, ал", "ал, дабай", - деседі) Балалар үшін амал жоқ! (ішеді).

Д ө к е й: Біз шындасақ құда түгілі құдайды да ішкіземіз!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш, қ ұ д а ғ и л а р, С т а қ а н: Астапыралла!

Т а п а л: Арақ аман болса, бәрін де істейміз...

Д ө к е й: Ал мен өлең айтамын... домбыраны әпер... (Домбыра тартады) Ахау! Ехеу! Әй, мына домбыраң менің даусыма неге келмейді, ә?

Л ө к т і р: домбыра сау ғой... Әр мастың әуеніне төңкеріле бере ме?

Д ө к е й: Ә-ә, солай ма? Онда домбыраға да ішкіземіз! (Домбыра шанағына бір стақан арақты құйып жібереді) Ал, қане... ахау... е, бәсе, жаңа келістік... Ахау!

Қызығы дүниенің ішіп-жеген,
Дорақ қой ішіп-жеуді түсінбеген.

Бір қой мен бір жәшікті жалғыз таусып
Сонда да ышқырымды түсірмегем! Ахау!
Әй, болды, әнім қалай, ө!

Т а п а л: Әніңіз де өзіңіз сияқты дөкей екен!

Д ө к е й: Онда сол үшін... ап кел! (Стақанды айналдыра қарап) Әй, құда, берсең арағыңды жөндеп бер! Не мынау... жұтықы стақаныңмен... қайра-қайра жылтындатып... өңештің мазасын алып... Ап кел, ана ожаумен...

Т а п а л: Можит... шелекпен көрерсіз?

Д ө к е й: Несі бар? Ішемін шелегімен... ара-ғың жетсе... артың шыдаса... Ап кел!

(Тапал жүгіре шығады. Жұрт тым-тырыс. Әрі шошыңқырап, әрі таңырқап отыр. Бір кезде Тапал бір шелек арақты талтандап көтеріп әкеліп, Дөкейдің алдына қояды.)

Т а п а л: Бұдан үлкендеу ыдыстың ыңғайы болмады! Аз да болса, көптей көріңіз! Ас болсын... Ал, дабай! (Дөкей жұтып жатыр, жұтып жатыр, бір кезде "ух" деп бос шелекті даңғырлата домалатып жібереді де, тұтас жамбасты жұлмалап жей бастайды. Жұрт "о-о", "oho", "па, шіркін", "еркек" деседі).

2-қ ұ д а ғ и: (Шошақайға) мынау бір жалма-уыз ғой... Аса толық та емес өзі...

Ш о ш а қ а й: (2-құдағиға) Ішінде жыланы бар шығар...

2-қ ұ д а ғ и: Аждаһа!

Т а п а л: Масқара екенсіз! Бір сиырдың құнын екі-ақ ұрттадыңыз-ау!

Д ө к е й: Хе-хе-хе! Тәпәйім, сол да бұйым боп па әтәйінә!... Түйені түгімен... түйең не... Камаздарды, поездарды жүгімен жұтқанда жұмырыма жүк болмаған... Хе-хе-хе... Иә, тағы беретіндерің бар ма өзі? Ап кел!

Ш о ш а қ а й: Қане, құда, менің қолымнан бір дәм татыңыз! (оймақтай рюмкамен коньяк ұсынады).

Д ө к е й: Бұл қай мазақтарың? Арақтарың бітсе айтындар. Сатып-ақ алайық өзіміз!

Ш о ш а қ а й: Құда, сабыр етіңіз! Құдашаның қолынан ішкен бір тамшы коньяк зәмзәм суындай емес пе? Ап қойыңыз!

Д ө к е й: Жоға... Оймақтай нәрсеге аузымды былғап...

Т а п а л: Ап қойыңыз, құда... Құдашаның тілегін ер жігіт жерге тастай ма екен? Әлде, әлгі шелек шекеңізге тиіп қалды ма? Іше алмаймын, біттім десеңіз зорлық жоқ...

Д ө к е й: Е-е, ішпейтұғын несі бар? Тек зәкәскесіне ондап тұрып бір сүйгізесіз! (Екеуі қосылып, брудершафт жасап, қағып салады да, Дөкей сүймек болып ұмтыла бергенде, дүрс етіп құлайды. Қор-р ете түседі).

Т а п а л: Тәк! Бір құда капут! Следүшши...

Л ө к т і р: Сол үшін! Ал, дабай! (Дөкей сол жатқаннан қозғалмай жатады).

С т а қ а н: Е-е, бәсе, Лөктір құда, айнала- йын... қатарға өзің қосылып, сәніміз жаңа кірді. Әйтпесе, қасында біреу ішпей отырса, біртүрлі... Көрдiк қой мұндайдың талайын.

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Иә, құда, әңгіме бол- сын... айтып жіберіңіз соның біреуін... (Еркек-әйел қосылып: "Иә, иә", "Айтып жіберіңіз", "қызық болсын" деп қыздырады).

С т а қ а н: Стақан емес, Мэлс кезім...

Т а п а л: Пошотный кезіңіз ғой. Хи-хи-хи!

Стақан: Бір қонақтан шыққан соң Балотка деген беттехнек тамырымыз қояр да қоймай үйіне алып келді – қолдан ашытқан сыра ішеміз деп. Барғасын, маржасына бақырып-шақырып жүріп, бір пләг

сыраны ортаға сүйреп әкелді де, тарс еткізіп ашып жіберді!

Қырындағыш: Пах!

Сұрамшақ: Мен қайдамын сонда? Әйтеуір жұртқа тегін дүние дайын тұрады...

Стақан: Аспанға атты сыра: Есіміз шығып, әлек болдық: Бізден маржа мықты екен, пләгтің аузын құйрығымен басып, былай... отырды да алды. Құйрық қандай – фләг түгілі сестерненің аузын артығымен жабатын түрі бар.

Қырындағыш: Пау, шіркін-ай!

Стақан: Ашып тұрған сыра да оңай ма, әлгіні аспанға лақтырып жіберетіндей қопандатып-қопандатып қояды. "Ал, маған неғыласың?" дегендей, маржа да былшия түседі.

Қырындағыш: Өй, өзі де бір керемет маржа екен!

Стақан: Сонда бар ғой, ақкөбік болған сары сыра маржаның артқы жағынан да "пыш-ш", алдыңғы жағынан да "пыш-ш" деп, атқылап-атқылап қояды...

Тапал: Апырмай!

Сұрамшақ: Қап! Далаға кетті-ау! Бір шелекті тоса қоймай...

Стақан: Еден көл-көсір... Бірақ қашанғы атқылай берсін, бір уақта басылды-ау! "Ал, мә, ішіндер... тойғандарыңша,"- деп үшеумізге үш летр кесені толтырып тұрып берді маржа, нән құйрығы су-су боп жүріп...

Қырындағыш: Айналып қана кетейін-ай, сол!

Стақан: Балотка кесені басына бір-ақ көтеріп: "Уһ! Маладес, маржа!" деп, есінен тана тамсанып-тамсанып қояды. Молдасымақ құрда- сым көбікке мұртын малып қойып, үндемей тартып жатыр...

Тапал: Сен ше? Сен қайттің?

С т а қ а н: Мен... ішпейін десем — шөл қысып, сыраға құмартып барамын, ішейін десем маржаның ән жерінен де "пыш-ш", мін жерінен де "пыш-ш" еткені көзіме елестейді! "Әй, тамыр, дабай, бол! Павторим!" деп, Балотка қысып барады бір жақтан. Амал не, мұндай сыра күнде табылып жатқан жоқ, әрі Балоткадан да ұят, көзді жұмып, тартып жібердім...

С ұ р а м ш а қ: Шіркін-ай, маған бір аяғын берсе ғой!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Кімнің? Маржаның ба?

С ұ р а м ш а қ: Жоға! Сыраның!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Е-е...

С т а қ а н: Содан, таң атқанша сілтедік... "Ну, қалай екен... біздің маржа?" деп қояды Балотка. "О-о, маржаң керемет екен, тіпті сығып ішуге болады!"- дейміз күліп. Несін айтасың, ол да, бір қызық дәурен екен ғой!

Л ө к т і р: Кел, дабай, сол үшін алып қояйық!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Не үшін?

Л ө к т і р: Маржа үшін!

Т а п а л: Жоқ, маржаның "ән жерінен де "пыш-ш", мін жерінен де "пыш-ш" еткен сырасы үшін!

Қ ұ д а ғ и: Ал, құдалар, құрметтеріңе рахмет! Сағат түнгі төрт болды, төрт-бес үйдің асын іштік. Енді кішкене демалсақ қайтеді? Шаршадық әбден...

Т а п а л: Жо-жок! Ұйқыны айтпаңыз. Немене, ұйықтауға келіп пе едіңдер? Құданы ұйықтатты деген не сұмдық? Қашан құлап қалғандарыңша, ұйықтатпаймыз!

С т а қ а н: Сонда да сәл үзіліс керек!

Қырындағыш: Ал, онда ас қайырайық. Иләһи әмин!

С ұ р а м ш а қ: (Қолын жайып) Балдар өсе берсін. Біз өстіп келе берейік! Бізге өстіп бере беріңдер! Сол үшін ап қояйық! Ал дабай! (бетін сипайды.)

Қ ұ д а ғ и: Ал дабай емес, аллам-ай десейші, қайыршы!

(Жұрт есік алдына шыға береді. Лөктір теңселінкіреп тұрып қалады. Стақан мен Тапал қолтықтай алады).

Л ө к т і р: Сырттай бәрі тамаша! Ал ішіміз ше? Құйрық-бауыр жестік, құда, құда дестік, бірақ шын дос, бауыр бола алдық па?

С т а қ а н: (Тапалға) Тапеке, үндеме, сандырақтап тұр...

Т а п а л: (Стақанға) Стеке, данышпан кісілер қияли келеді, кішкене ішсе жынданып кетеді деуші еді... байқайық...

Л ө к т і р: Кім біледі, кімнің жынды, кімнің сау екенін? Сіздіңше, біздің істеп жүрген істеріміз сау адамның ісі ме? Біз осы дұрыс өмір сүріп жүрміз бе? Асыл қасиеттеріміз қайда? Аллаһ, не деген ұсақпыз!

Т а п а л: Құдайдың берген бойына сен де тиісейін дедің бе?

Л ө к т і р: Кісінің размерінде тұрған не бар? Ниетіміз неге бұзық, ой-арманымыз неге төмен, рухымыз неге күйкі деймін?!

С т а қ а н: Айналайын, лөктір құда, сізге... жо-жоқ, маған емделу керек шығар. Сіздің айтқандарыңызды түсінейін-ақ деп, басыма күш түсіріп көріп едім, замыкайт ете бастадым... Бүгінше демалшы, алтын құдам, таңертең бәрін түсінерсің, жо-жоқ, түсіндірерсің дегенім ғой...

Л ө к т і р: Даналық – Стақанда! (Екеуінің ыңғайына көніп, Дөкейдің қасына құлайды)

С т а қ а н: Тәк! Екінші құда капут! Бір де бір!

Т а п а л: Следүшши...

С т а қ а н: Сен!

Т а п а л: Сен! Көрейік, қане! Ал, дабай! (Екеуі соғыстырады. Стақан ішіп жатқанда, Тапал білдірмей жерге төгеді).

Үшінші көрініс

(Үйдің алдында Сұрамшақ пен Қырындағыш сөйлесіп тұр. Екеуі де қызу).

С ұ р а м ш а қ: Құда, биыл жемнен қалайсың? Соғымның жемі шамалы боп тұр, бес-алты қап жем керек еді...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Керек болса қайтейін? Біз де ілініп-салынып, әрең отырмыз...

С ұ р а м ш а қ: Жарайды, онда! Әй, мына бөшкең онды екен... Бізге ыңғайлы сияқты...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Бізде су ішетін ауыз жоқ па?

С ұ р а м ш а қ: Қап! Әлгі данышпан құда дұрыс айтады. Осы күні адамдардың ниеті әбден бұзылған. Ешкім ештеме бермейді. Бұрын онды еді, анау-мынауларын сұрамай-ақ жай бере салатын. Қазір жалынып сұрасаң да бермейді-ау, бермейді!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Неге сен сұрауың керек? Жұрт неге саған сұрағаныңды беруі керек? (Жігіт келеді).

Ж і г і т: (Қырындағышқа) Сізді құдағи шақырады. (күліп). Под көрпе дабай дейді!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ә-ә, құдағи? Под көрпе! Ал, кеттім(жүгіре басып кетеді).

С ұ р а м ш а қ:(жігітке). Иттерің босап кеткен бе? Шынжыры бос жатыр. Құдаларды қауып алмасын.

Ж і г і т: Ит өліп қалған... Бір айдай болды...

С ұ р а м ш а қ: Дөкей ит пе еді?

Ж і г і т: Иә, ата! Оны қайдан білдіңіз?

С ұ р а м ш а қ: Шынжыры керемет екен! Осы күні осындай мықты шынжырлар да таптырмайды. Иә, итіңнің мен келмей тұрып өліп қалғаны ақыл болған!

Ж і г і т: Неге, ата?

С ұ р а м ш а қ: Сол! Айналайын, балам... баламды алып отырған соң сен де баламсың ғой...

Ж і г і т: Иә, ата, балаңызбын!

С ұ р а м ш а қ: Ата деген даусыңнан айналайын сол! Балам екенің рас болса, анау шынжырды маған бер!

Ж і г і т: Базар жоқ! Алыңыз ата! (Шынжырды әкеліп береді).

С ұ р а м ш а қ: Рахмат, балам, рахмат! Қосағыңмен қоса ағар!

Ж і г і т: Әмин!

С ұ р а м ш а қ: (Шынжырды созғылап, салдырлатып көреді). Тамаша! Енді ұйықтауға болады! Мұны енді аман-сауында машинаға апарып тығып тастайын! Үлкен құда көрсе, қайтып алып қойып жүрер! (Кетеді. Қырындағыш пен жеңгей шығады. Қызу. Қолдарында бөтелке, стақан).

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Екеуімізден басқа жан жоқ! Айналайын, ақ құдағиым... Жөн білмейтін кісі емессің. Түнгі таза ауа қандай ғажап... құдағи... белге шықсақ қайтеді?

Ж е н г е й: Әбеу, көтек! Бірден белден бастайды екенсіз?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Сіз мені дұрыс түсініңіз... Далаға... анау белдің ар жағына дейін қыдырып қайтсақ қайтеді дегенім ғой...

Ж е н г е й: Анау белде... түн ішінде неміз бар?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Жолды көрдік, енді жонды көрсек деп едім...

Ж е н г е й: Кімнің жонын айтып тұрсыз? Жымия қарасаң, жоныңа қол жүгірткісі келетіні несі екен осылардың?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Жоқ, ойбай, даладағы жонды айтамын!

Ж е н г е й: Түн ішінде ішіп алған бөтен еркекпен жонға шығып жын қағып па мені? Ал шықтық дейік жонға? Ары қарай не істейміз?

Қырындағыш: Айналайын, ақ құдағиым -ау сол, сізді ептеп еротикалағым келіп тұр!

Жеңгей: Не дейді! Уқалағым кеп тұр дейді?

Қырындағыш: Тойыс... еркелетіп сипалағым келіп тұр!

Жеңгей: Ой, құда! Жөн білетін кісі болсаң өстіп қикалақтатып тұрар ма едің? Әкесі өлгенді де естіртеді, турасын айтшы?

Қырындағыш: Құдағи, мына қырдың астына барып секектетсек, тоқ етерін айтқанда, секстетсек қайтеді?!

Жеңгей: А-а, секс захотел! Сөйдемейсің бе бағанадан бері... босқа уақытты алғанша. Ал, кеттік! Хи-хи-хи! Балаңыздың қызығының үстінде... құдағиыңызға харамдық ойлағаныңыз күпірлік емес пе?!

Қырындағыш: Нелеуі нелеу енді! Амал не, сізге қатты қызығып тұрмын! Туған құдағиым болсаң әңгіме жоқ... кіші құдағисың ғой... ештеме етпес... Балдар аман болсын, олардың өз қызығы өздерінде, біздің өз қызығымыз өзімізде дегендей... Жастардың тойында жастық шақты еске алғанның өзі сауап болмай ма?

Жеңгей: Сауаптан садаға кеткір, құдағиға айтып, сорынды қайнатайын ба? Абыройыңды айрандай төгейін бе, осы?

Қырындағыш: Оу, құдағи, бала боп кеттің бе? Өзің ғой бастаған... под көрпе дабай деп!

Жеңгей: Хи-хи-хи! Мен ішейік дедім ғой, егінге түсейік дегем жоқ!

Қырындағыш: Е-е, ішкесін болды ғой... әр жағы оңай емес пе?

Жеңгей: Жарайды, құда, шошыма, айтпаймын құдағиға... Маған ақ жүзік бере алмаған кісіні мен дос тұтпаймын! Былай болсын... Сіз көзге түспей барып

қырдың астында тосыңыз мені. Біраздасын мен де барып қалармын (Қырындағыш ұмтылып, қолынан ұстай бергенде) Тоқта, тоқта! Біреу келе жатыр! Ойбай, мынау Сұрамшақ қайнаға ғой! Мен үйге бара тұрайын, сен оны киіз үйге кіргізіп, біржола ұйықтатып шығарсың! Тез! (кетеді. Сұрамшақ келеді).

С ұ р а м ш а қ: О-о, оңды болды ғой, екі құда оңаша бір тамаша жасайықшы!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Иә, оңды-ақ болды!

С ұ р а м ш а қ: Жүр, құда, жүздетейік те, демалайық! Ертең де жұмыс бар дегендей... (Екеуі үйге кіреді)

Төртінші көрініс

(Стақан мен Тапал сілтеп отыр. Үйге кірген екі құданы ұшып тұрып қарсы алады).

Т а п а л: О, құдалар, келіндер! Күнде басымыз қосылып жатқан жоқ, бір шырқайықшы! Кел, дабай, бол дабай, ал дабай, ала алмасаң құлап жатып қал, дабай!

(Қосылып ішеді. Тапал байқатпай жерге төгеді).

С т а қ а н: (Қырындағышқа). Құда, сіздерге ризамын... қарсы алып, сыйлап жатырсыздар... Ал енді ана данышпан құданы түсінбедім... Бізге нағыл дейді? Мен өмір бойы қой бақтым... адал еңбек еттім... балашаға өсірдім... адамға зияным жоқ. Кейде өстіп... қызық-тойда, қонақта ап қоятыным бар... басқа не бүлдірдім? Соны да көпсіне ме бізге? Енді қалай өмір сүр дейді? Түгін түсінгем жоқ...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Әй, ол оттай береді! Оны өзіміз де түсінбейміз!

С т а қ а н: Е-е, бәсе! Сол үшін! (Үшеуіне де зорлап ішкізеді). Әйтпесе... немен біз бәріміз жаман

адамбыз ба? Жок, жаман адам емеспіз... Рас, данышпан құда айтса айтқандай, кішкене артық кететініміз бар... Мен айттым мына құдаңа... (Сұрамшақты көрсетеді) андай-мындай әңгіменің керегі жоқ... тәртіппен барып келейік деп. Көнбейді! Бәріміз де адамбыз, құдамыз, бір-бірімізге жамандық ойлауға болмайды! (Қырындағышқа). Мысалы, мына сенің ойыңда жамандық бар ма, ә, құда?

Қырындағыш: Жо-жо-жоқ!

Сұрамшақ: Бәле болды! Бұғанда ана лөктірден бірдеме жұғайын депті... (Қырындағышқа) Мынау мыжып, миды ашытпай тұрғанда... жата қалайық! (Екеуі оңашаланады).

Қырындағыш: Сіз жата беріңіз. Мен кішкене далаға шығып, таза ауа жұтып...

Сұрамшақ: Онда бірге жұтайық ауаны...

Қырындағыш: Жо-жоқ, болмайды... сіз демалыңыз!

Сұрамшақ: Немене, құда, ауылыңның ауасын да қимайсың ба маған?! Жүр кеттік!

Қырындағыш: Жо-жоқ,.. мейлі... сіздің айтқаныңыз болсын... ұйықтайық...

Сұрамшақ: Ой, рахмет, құда! Ақыры бір айтқанымды істедің-ау! Кел, екі құда құшақтасып бір ұйықтайықшы, әкесінің... (Екеуі жатады. Қырындағыш анда-санда басын көтермек болады, оны Сұрамшақ құшақтап басып қояды).

Стақан: Тағы екі құда қапұт!

Тапал: Следүшши...

Стақан: Әй, Тапеке, іштік қой мұны талаймен... Бірақ, мені ешкім жығып көрген жоқ еді арақтан! Түбіме сен жеттің, тәпекем! (Отырған жерінде қисайып, ұйықтап кетеді).

Тапал: Бітті! Бәрі қапұт! Жаудың бәрін қырып тастап, майданда жалғыз қалған Бектемір атамдай өзім

тұрмын туым желбіреп! Хәйләйлім, хәйлім, хәйләйлім!
Қайта-қайта бойыма тиісіп тұқыртпақ болды-ау...
Қайда әлгі төбемнен иіскеген... (стақанын қолына
алып, әр жерде ұйықтап жатқан еркектерге асықпай
қарайды, ақырындап Дөкейге келіп, үстіне төніп
тұрады). Дүниенің тірегі?! Ал, мен сенен де биікпін!
Сол үшін! (ішеді).

Ж е ң г е й: (Мас, қисаңдап кіріп келіп). Әй!

Т а п а л: Әу!

Ж е ң г е й: Менің байымның үстінде неғып
тұрсың?

Т а п а л: Б-б-б-б-бойым өссін деп тұрмын!

Ж е ң г е й: А-а, өс, өс, өсе бер! Өзім-ақ өсірер
едім... кешір... занитпын!

Т а п а л: (жақынырақ келіп) Леви кетейін деп пе
ең?!

Ж е ң г е й: Тс-с! (Қырындағышты тауып алады.
Ол Сұрамшақтың қолтығында қорылға басып жатыр.)
Хи-хи-хи! Кавалер храпит! Хи-хи-хи! Дөкейім жатыр...
құдам жатыр!

Т а п а л: Тәпәйің түр ғой іске татыр!

Ж е ң г е й: Ма-ла-дес, тапалчик! Сенімен даже
экзотично!

Т а п а л: Сол үшін! Ал дабай!

Ж е ң г е й: Бол, дабай! (Екеуі төгіп-шашып ішеді).

Ж е ң г е й: Ал, сен ақырын барып, анау төбенің
ар жағында мені күт! Бірге жүрсек көзге түсіп, сөзге
қаламыз. Артыңнан мен де жетемін!

Т а п а л: Төлке тез, құдағи! (жүгіріп кетеді).

Ж е ң г е й: Хи-хи-хи! Осы еркектерде ес жоқ,
әй! Оп-оңай төбенің астына апара қоятын кім дейді
екен бізді?! Менің ойым мен ойынымды қайдан білсін!
Қырындағыш құда қорылдағыш болмағанда, таң
атқанша қыр басында қарауылда тұратын еді мені
тосып... Енді мына тәпәйім бойы өскенше Тұрсын

төбенің басында! Өзім Дөкөйшігімді құшақтап, жатайын рахаттанып! Хи-хи-хи! (Дөкейдің қасына, бір көрпені жамылып жатады... Сәлден кейін тапал кіреді).

Т а п а л: (Жеңгейді тауып алып). А-а, құдағи! Қандай әп-әдемі әйелсіз, қалай өтірік айтасыз, ә?!

Ж е ң г е й: (Басын көтеріп отырады). О, құда! Өтірік айтпай өлеміз бе енді? Өзіңіз де шыншыл болсаңыз, уәделескен жерге бармай, түзге шығуға қорыққан бала құсап үйдің бұрышында тұрып-тұрып қайтып келер ме едіңіз?

Т а п а л: Хе-хе-хе! Әйелдің алдауына топ ете түсіп, түн ішінде қаңғып кететін бозбала немесе қыркылжың көрі деп пе ең мені? Жә, қалжыңға уақыт жоқ, уәде қайда? Жаңа мына данышпан айтқандай, бір-бірімізді алдамай, шын сыйла- сайық!

Ж е ң г е й: Сөзіңе құлдық, шын сыйласайық! Далаға кетейік пе, жоқ татулықпен тарайық па? Қайсысын шын сыйластық деп ойлайсың, ә?! Төрелігін өзің айт, Бектемір батырдың тұқымы!

Т а п а л: Қап! Құм құйдың-ау аузыма, құдағи! Батыр бабаларымыз қандай еді?! Ал біз... Капут! (Стақанның қасына құлайды).

Ж е ң г е й: Жарайсың, жайсаңым! Жөн білетін кісі екенсің! (Шам сөнеді).

Үшінші сурет

Бірінші көрініс

(Киіз үйдің іші. Кешегі кісілер дастархан басында отыр. Дөкей әлі жатыр. Кісілер көңілсіз. Бастары ауырып, қалжырап "аһылап", "уһілеп" қояды).

Т а п а л: Кеше бәріміз де әжептәуір қоқыра- йып едік, бүгін жапырайып қалыппыз ғой! Түнгі жорықтан қайтқан жауынгерлердей...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ой, түндегіні қайтесің, бүгінгіні айтсаңшы.

Л ө к т і р: Баяғының ерлері ел үшін түн қатып, түстері қашса, бүгінгінің батырлары ішіп-жеудің соңында дамыл таппай шаршап-шалдығып жатырдағы!

С ү р а м ш а қ: Кім не десе, о десін, құдалық бір тамаша дәстүр. Көре алмағандар тұз жаласын! Балаларды қызықтап, дүниенің бәрін ұмытып, күні-түні ішіп-жеп, гүжілдесіп жатқанның өзі бір рахат емес пе, шіркін!

Л ө к т і р: Дұрыс айтасыз! Құдалық ата-бабамыздан қалған игі салтымыз, өмірдегі бір үлкен қызығымыз! Оған дау жоқ. Бірақ, соны шектен шығып бүлдірмей, дәмімен қызықтауға болмай ма?! (Осы кезде бір табақ ет келеді. Бәрі қозғалақтап жатыр).

С т а қ а н: Айналайын, Лөктірім, сен бір өте ақылды құда екенсің! Бірақ шектен шығып не істедік? Азырақ артықтау кетіппіз... ештеңе ет- пес... осындайда андай-мұндай болмаса, несі қызық! Кішкентай кикілжіңге, ұсақ-түйек нәрсеге сонша күйзеліп, шашыңды ағарта беріп қайтесің?!

Л ө к т і р: Үлкен ұрыс-керістер көбінесе ұсақ-түйектен басталады!

Т а п а л: Ау, құдалар, өзі мәңгіріп тұрған басқа күш түсіріп қайтеміз! Осыған аман жеткеніміз үшін ақырын ғана алып қояйық! (Кешегідей емес, ақырын ғана соғыстырады стақандарын. Сол кезде Дөкей атып тұрады).

Д ө к е й: Ух! Қалғып кетіппін ғой!.. Ап кел!

С т а қ а н: Бұл арақты ішкен емес, бас жазған қызық деуші еді бір ағамыз жарықтық...! (Ду күлкі).

Тағы да ішу. Тағы табақ ауыстырады, әйелдер де ішіп жатыр. Дастархандағы етті бөліп-бөліп, орап алысады).

Т а п а л: Ау, құдалар, ал дабайымыз қайда кеткен?!

(Бәрі қосылып, "Ал, дабай", "ал, дабай" деп қағып-қағып салады).

Д ө к е й: Әй, осы да құдалық, осы да қызық па екен, ө?

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Шүкір, жұрт қатарлы тойлап жатқан жоқпыз ба?

Д ө к е й: Жоқ, біздің құдалығымыз ерекше болуы керек қой! Дұрыстап сыйласаңдаршы... былай... дүрілдетіп...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Енді не істе дейсіз, құда? Асты-үстіңізге түсіп, бәйек болып жатырмыз! Тоғызыншы үйдің тамағын ішіп отырсыз осымен!

Д ө к е й: Мендей кісіге тоғыз үй түгілі тоғыз ауылдың тамағы да көптік қылмайды! Бірақ, біртүрлі... көңлім қоңылтақсып, бірдеме жетпей тұрған сияқты, құлазиды-ай келіп!

Т а п а л: Айтыңыз... жасырмай... қарастырып көрейік... можит анау шығар?!

Д ө к е й: Білмеймін... Не екенін өзім де білмеймін... Бірдеме жетіспей тұр!

Л ө к т і р: Мүмкін ел жағдайы мазалап отырған шығар?

Д ө к е й: Немене, елді ойлайтын есуас деп пе ең мені? Әркім өз қамын өзі ойласын!

Л ө к т і р: Қарауыңыздағы халқыңыздың жағдайын сіз ойламағанда, кім ойлайды?

Д ө к е й: менің құлқыным – менің халқым! Мен ғана емес, жұрттың бәрі де өз құлқыны үшін жанталасып жатқан жоқ па?! Ну, енді, артылып жатса... анда-санда елді де ойлап қойғанның зияны жоқ, әрине!

Т а п а л: Иә, құда, ауылдағы елге үн жетпей

жатқанда, пәлен тонна астық пен ет беріп, туалетный бумага алып, қойманы толтырып қойғаның да елдің камы шығар, ә? Саған қағаз да шақ келмес...

Д ө к е й: Естіп қойған екенсің, айтайын... Рас, ол қағаздың қалқозға түкке де керегі жоқ. Бірақ, бізден де жоғары бастықтар бар... ал дейді, амал жоқ, аламыз, бер дейді – береміз...

Т а п а л: Қағазы өтпей жатқан көмерсанттар өңештеріңнен майлап-майлап өткізіп жібереді-ау, ә?!

Д ө к е й: Енді... жайдан жай істемейміз ғой...

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Дәттерің қалай барады, дәттерің?!

Ж е н г е й: Ау, құдалар, басқасы қолдан келмеген соң, шаруашылық мәселесін шешуге кірістіңіздер ме? Одан да бәрін ұмытып, ойнап-күлейік аянбай! Дүние екі айналып келмейді!

С т а қ а н: Сол үшін!

Т а п а л: Ал, дабай!

Д ө к е й: Ап кел!

(Тағы дүрілдетеді. 2-құдағи, Шошақай, қыз, жігіт буда-буда нәрсе көтеріп кіреді).

2-қ ұ д а ғ и: Ал, айналайын құдалар! Ежелден келе жатқан жол-жоба, мына берген сыйымызды қомсынбай, аз да болса көптей көріп қабыл алыңыздар! Бас құдаға – қаракөл жағалы пальто! (әдеппен иығына жабады). Құдағиға – алтын жүзік! (қолына тағады)

С ұ р а м ш а қ: Ат қайда? Түйе берем дегенсің? Басқа да уәделерің бар да!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Сабыр ет... Екеуміз бір күндік емес, мың жылдық құда емеспіз бе, ә?!

С ұ р а м ш а қ: Иә, иә, солай!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ендеше, мың жылға дейін бір аларсың! Бас аман болсын!

2-қ ұ д а ғ и: Бас құданың інісі – дөкей құда,

сізге импырт плащ! (әдеппен иығына жаба бергенде, дөкей жұлып алады).

Д ө к е й: Плащ? Ма-ған плащ?Әй, дендерің сау ма? Сендер менің кім екенімді білесіндер ме?

Т а п а л: Білеміз! "Кәмөнезм" қалқозының түгін қоймай құртқан майтабан батырсыз!

Д ө к е й: Жоқ, білмейсіндер менің кім екенімді! Әй, мен талай жерден ат мінген, орден алған аса құрметті адаммын! Ал сендердің плащтарың не, ей, ә? Әй, менің жөнім бөлек, жолым ерекше ғой, әй, мен дөкеймін ғой! Тым болмаса орнымды сыйласандаршы! (Плащты лақтырып жібереді) Кит дейді ғой ишшо ұялмай!

С т а қ а н: Қой енді. Кит үшін ит болмайық! (2-құдағи қалған нәрселерді – біреуге – костюм, біреуге – көйлек сияқты, үлестіреді. Құдалар жағы риза болмаса да, үндемейді).

Л ө к т і р: Стеке, дұрыс айтасыз! Өңкей бір атам заманнан қалған, аннан келген, мыннан келген, сандықтың түбінде сүрленіп, шіруге айналған, адам баласы кимейтін бірдемелерді кит деп әлдеғандай ғып сыйлаймыз да, кигіздім, бердім деп күпсінеміз. Қайдағы бір өтпей тұрған, жан баласының қажетіне жарамайтын жылтырақ, қаудырлақ, үлбірек шүберек атаулы қазақтың жол-жобасына жарай беретінін саудагерлер де біліп алған – әдейі сондай нәрселерді қазақтың жаназа мен құдалығына қымбат бағамен ысқыртады-ай келіп! Жарамсыз нәрсеге жабысып қалған жол-жоралғының өзінде жөн бар ма екен осы, ә?! Бір-бірімізді босқа шашып төккенді, түкке тұрмайтын нәрселер үшін кінәлап сөккенді қоятын кезіміз болған жоқ па, ағайын?! (Бәрі бас изеп, "иә,иә", "дұрыс айтасыз", "босқа ренжіспейік", қояйық",- дейді).

Т а п а л: Ал, енді, айналайын, аппақ құдалар,

аттанарда ақ тілекпен аппақ қып ап қояйық! Андай-мұндай реніш болса осы жерде қалсын! Балалар бақытты болсын! Сол үшін! Кел, дабай, бол дабай, ал дабай! Ала алмасаң, құлап жатып қал, дабай! (Бәрі "ал, дабай", "ал, дабай, десіп ішеді. Дуылдасып далаға шығады. Плащ жерде қалады. Оны Сұрамшақ іліп алып, әйелінің қоржынына салады.)

С ұ р а м ш а қ: О несі-ай? Берген нәрсені далаға тастай ма екен? Бәрібір басқа беретіндері жоқ!

(Бәрі далада).

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Ал, құдаларым, жолдарың болсын!

С т а қ а н: Сол үшін! Ал, дабай!

Д ө к е й: Жолаяқ, жолаяқ! Ап кел! (Хормен: Жолаяқ! Жолаяқ!).

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Әй, әкеліңдер! Неғып тұрсындар!

2-қ ү д а ғ и: (Қырындағышқа) Арақ бітті! Дым қалған жоқ!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: (2-құдағиға) Қап! Енді қайттік! Кетер аяққа келгенде...

Д ө к е й: Неге бөгелдіңдер, құдаларым? Кетерлік қайда? А-а! Арақтарың біткенский?!

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Енді... құда... жиырма бес кісіге дайындалдық... жетпіс бес кісіні күттік... Оңай ма?

Д ө к е й: Онда менің жұмысым жоқ! А-ха-ха! Ә-ә, бәлем! Ақыры тауыстым ба арақтарыңды! Алақай! Алақай! (Өз жағының кісілерімен қол ұстасып, күліп, айнала билейді. Хормен: Бол, дабай! Бер, дабай! Бере алмасаң ұяттан, жерге кіріп өл дабай! Бол, дабай! Бер, дабай! Бере алмасаң ұяттан, жерге кіріп өл дабай!)

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: (Тапалға) Әй, сенің ебің бар еді ғой! Ағаң асылып өлсін демесең, бірдеме тап!

Т а п а л: Уаскінің үйінде самогон болуы керек!

Қырындағыш: Уаскінің несі болса да ап кел!
(Тапал зытады).

Дөкейлер: (хормен) Жолаяқ! Жолаяқ! Бол, дабай, бер дабай! Бере алмасаң ұяттан, жерге кіріп өл, дабай! Өл дабай!

(Талтандап бір шыны шөлмекті (бутыль) көтеріп Тапал келеді).

Қырындағыш: Айналайын-ай, Тәпәйім-ай, бауырым-ай сол! Қайтсін! Намысы бір ғой!

Тапал: Кел, дабай, ал, дабай! Тауысқанша осыны, бар күшіңді сал, дабай! Тауыса алмасаң, серейіп, осы жерде қал, дабай!!!

(Бәрі дуылдасып, "амандққа, саулыққа", "жол болсын", "бәріміз де аман болайық"- деп ішеді. Бір кезде шетінен, үн-түнсіз, тұрған жерлерінде құлай береді. Тым-тырыс. Тірі жан жоқ. Алған нәрселері әр жерде шашылып жатыр. Ортада дәу шыны шөлмек сораяды. Біраздан соң қыз бен жігіт келеді).

Қыз: Апырмай, не боп қалды? Бұлар неге жатыр?

Жігіт: Мас па? Ұйықтап жатыр ма?

Қыз: Талып қалды ма? Өлде... жоқ! (Екеуі жұрттың тамырларын ұстайды).

Жігіт: Түрлері жаман!

Қыз: Қозғалмайды!

Жігіт: Өлгі самогоннан келді не келсе де! Уаскі самогонын күшейту үшін тауықтың боғын қосады дейтін!

Қыз: Ойбай, уланып қалды-ау! Өліп қалмаса жарар еді! Ана жылы газеттен оқып едім, бір құдалықта осылай самогон ішіп, он алты кісі опат болды деп. О, құдай-ай, не жаздық? Сақтай гөр! (Жігітке) Неғып тұрсың? Жүгір, лөктір, милиция шақыр!

Жігіт: Түгел қырылып қалсаң да, лөктір мен милиция таптыра ма қазір? Құдалар қашан самогон ішіп құлайды деп, тасып отырмайды ғой!

Қыз: О, жаратқан ием, жаббар хақ! Иа, рахман,

иа, рахим! Жылата көрме! Шулата көрме елімді! Аман қыла гөр!

Ж і г і т: Әй... Әй... сүйінші! Қимылдайын деген сияқты. Иә, иә, тірі! Тірі!

Қ ы з: Тірі! Тірі! О, алла!

Ж і г і т: Құдай сақтады! Тірі! Бұлар уланған!

(Кісілер ақырындап, өрең-өрең, тұра бастайды. "Уһ! Алла-ай!" деседі).

Қ ы р ы н д а ғ ы ш: Құдай сақтады бір ажалдан!

Қ ұ д а ғ и: Өзәзілге еріп, күпірлік қылғанда тапқанмыз осы ма?

2-қ ұ д а ғ и: Соның бәрін тастап, тәубә қылайық!

С ұ р а м ш а қ: Татуласып, балалардың бақытын тілейік!

(Бәрі де "Алла, тәубә!", "Бас аман болсын", "Балалар бақытты болсын!", "Басқа әңгіме не керек?", "Бәрін де кешіріп, тату-тәтті болайық!"- десіп құшақтасады).

Қ ы з: (Жігітке) Сен де кешір, жаным! (Екеуі құшақтасады).

Ж е ң г е й: (Манадан үндемей, оқшау тұрған Дөкейге). Дөкөйшік, тәуба де!

Д ө к е й: Тәу-пи! Тәпи, тәпәйім, қайдасың?

Т а п а л: Мен мұндамын!

Д ө к е й: Бірдемең жоқ па, ей? Ап кел!

Ж е ң г е й: Қойсаңшы енді! Бір өлімнен қалып тұрып... бұның не? Амандықты ойлайықта!

Д ө к е й: Какой амандық ей, ө? Кісінің басы быт-шыт боп, өлейін деп тұрса... Одан да... ап кел!

Ж і г і т: Ал, жүріңіздер, ауруханаға апарып, іштеріңізді, қандарыңызды тазалау керек.

Л ө к т і р: Біздің жанымызды тазалау керек!

Д ө к е й: Ішкен-жегенімді, кешеден бері жиған-тергенімді сумен шайғызып, айдалаға ағызып жіберетін суми деп пе едіңдер мені?! Одан да бірдемелерің болса... ап кел!

Ж е н г е й: Қой енді, қоя ғой, дәкөйшігім!
(Қолтықтап алады).

Д ө к е й: Сенікі жөн зәкөншігім! Ал, міне, мен
де қойдым. Қойдым!

Ж і г і т: Ал, дабай, ал дабай деп жүріп, бір ән
салмаппыз ғой! Ұят-ай! Қосылып бір ән салайықшы!

(Бәрі қосылып: "Ән дабай", "Ән дабай" дейді күліп.
Тапал бастап, бәрі қосылып ән салады).

Балалар өсе берсін,
Бақытын тілейік те.
Адамның бәрі бауыр,
Қадірін білейік те,
Өмірді уландырмай
Жақсылап сүрейік те,
Сыйласып шын көңілмен
Жарқырап күлейік те,
Тазартып жанымызды
Жарасып жүрейік те!

1997 ж.

Мазмұны

Шашу	<i>(Баянғалидың айтыстарда, жиын-тойларда айтқан кейбір сөздері)</i>	6
Әңгімелер		91
Айтыстар		201
Деген екен... ..		222
Өлеңдер		283
Сахнадан сәлем	<i>(пьесалар, скетчтер)</i>	301

Рецензенты:
Тулеген Кажыбаев
Абубакир Кайранов

Өлімжанов Б.
Ә462 Жынды Қаратайдың қасіреті. - Омбы, 2000. - 464 бет.

ISBN 5-85540-418-8

Баянғали Алимжанов

Трагедия буйного Каратая
(На казахском языке)

Редактор

Нурмухаммед Искаков

Художник

Евгений Ткачук

Технический редактор

Айнура Сайдалина

Верстка

Марина Горбачева

Корректор

Марьям Жаманова

ЛР № 010031 от 19.12.1997

Подписано в печать 09.02.00

Формат 84 x 108 ^{1/32}

Бумага офсетная № 1

Гарнитура Times

Печать офсетная

Усл.-печ. л. 24,36 Уч.-изд. л. 23,80

Тираж 2000 экз.

Заказ № 267

Омское книжное издательство 644007, г. Омск
ул. Кемеровская, 115

Отпечатано в ИПП "Омский дом печати"
644056, г. Омск, пр. К. Маркса, 39